ERI
ЕВРАЗИЙСКИЙ
ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ
ИНСТИТУТ
УНИВЕРСИТЕТ АХМЕДА ЯСАВИ

# ЕВРАЗИЙСКИЙ ОБЗОР 2021:
## ЭКОНОМИЧЕСКИЕ, СОЦИАЛЬНЫЕ И ПОЛИТИЧЕСКИЕ ПЕРСПЕКТИВЫ ЕВРАЗИИ

**Под редакцией:** Вакур СУМЕР | Женгизхан ЖАНАЛТАЙ | Суат БЕЙЛУР | Омирбек КАНАЙ



ERI
ЕВРАЗИЙСКИЙ
ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ
ИНСТИТУТ
УНИВЕРСИТЕТ АХМЕДА ЯСАВИ

# ЕВРАЗИЙСКИЙ ОБЗОР 2021:
## ЭКОНОМИЧЕСКИЕ, СОЦИАЛЬНЫЕ И ПОЛИТИЧЕСКИЕ ПЕРСПЕКТИВЫ ЕВРАЗИИ

**ПОД РЕДАКЦИЕЙ**
Вакур Сумер
Женгизхан Жаналтай
Суат Бейлур
Омирбек Канай

ЕВРАЗИЙСКИЙ ОБЗОР 2021: ЭКОНОМИЧЕСКИЕ, СОЦИАЛЬНЫЕ И ПОЛИТИЧЕСКИЕ ПЕРСПЕКТИВЫ ЕВРАЗИИ

**Под редакцией**
Вакур Сумер
Женгизхан Жаналтай
Суат Бейлур
Омирбек Канай

**ERI Books No: 28**
**ISBN 978-601-7805-40-1**

Утверждено и рекомендовано к изданию решением Сената Международного казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмета Ясави от 2 мая 2023 г. протокол №9.

Издано Евразийским научно-исследовательским институтом (ЕИИ) Международного казахско-турецкого университета им. Ходжи Ахмеда Ясави
Адрес: Алмалинский район, ул. Маметова 48, 050004, г. Алматы, КАЗАХСТАН

Тел:+7(727) 279 97 94 Факс: +7 (727) 279 24 26
http://eurasian-research.org • e-mail: info@eurasian-research.org

© Евразийский научно-исследовательский институт (ЕНИИ) Международного казахско-турецкого университета им. Ходжи Ахмеда Ясави, 2022 г.

Все права защищены. За исключением краткого обзора в рецензиях, данную книгу или любую ее часть не разрешается воспроизводить, хранить в поисковой системе или передавать в какой бы то ни было форме или каким бы то ни было способом, электронным, механическим, фотокопирующим, записывающим и (или) иным без предварительного разрешения издателя.

Реализуется Евразийским научно-исследовательским институтом
Адрес: Алмалинский район, ул. Маметовой 48, 050004, г. Алматы, КАЗАХСТАН

Компьютерный набор текста произведен
Отпечатано в Казахстане типографией

1-ое издание: Ноябрь 2022 года, г. Алматы

*Мнения, высказанные в данном издании, представляют собой точку зрения авторов и не обязательно отражают официальную позицию Института.*

**ПОСВЯЩАЕТСЯ**

***нашим любимым семьям***
***за их бесконечную поддержку***
***и понимание*.**

# СОДЕРЖАНИЕ
# МАЗМҰНЫ


ПРЕДИСЛОВИЕ / КІРІСПЕ . . . . . . . . . . 9
ВСТУПЛЕНИЕ / АЛҒЫ СӨЗ . . . . . . . . . . 11

**ГЛАВА 1. ПОЛИТИЧЕСКОЕ И ЭКОНОМИЧЕСКОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО СТРАН ЕВРАЗИИ: МЕЖДУНАРОДНЫЕ И РЕГИОНАЛЬНЫЕ АСПЕКТЫ**
**1 БӨЛІМ. ЕУРАЗИЯ ЕЛДЕРІНІҢ САЯСИ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ: ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ АЙМАҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕР** . . 15

МЕЖДУНАРОДНЫЕ ПОЛИТИЧЕСКИЕ СОБЫТИЯ И СОТРУДНИЧЕСТВО МЕЖДУ РЕГИОНАЛЬНЫМИ ВЛАСТЯМИ И МЕЖДУНАРОДНЫМИ ОРГАНИЗАЦИЯМИ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САЯСИ ОҚИҒАЛАР ЖӘНЕ АЙМАҚТЫҚ БИЛІК ПЕН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАР АРАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ. . . . . . . . . . 17

- Как будут развиваться американо-китайские отношения в эпоху Байдена?
  Байден дәуірінде АҚШ-Қытай қарым-қатынастары қалай дамиды? . . . . . . 19
- Переосмысление глобального сотрудничества в борьбе с пандемией COVID-19
  COVID-19 пандемиясына қарсы күрестегі жаһандық ынтымақтастықты қайта қарау . . . . . . . . . . 26
- Инициатива «Новая Азия» и визиты министра иностранных дел Турции в Центральную Азию
  «Жаңа Азия» бастамасы және Түркия сыртқы істер министрінің Орталық Азияға сапарлары. . . . . . . . . . 33
- Отношения Казахстана и Индии: рассмотрение основных особенностей
  Қазақстан мен Үндістан қатынастары: басты ерекшеліктерді қарастыру . . 40
- Грузия, Молдова и Украина: уже не в Содружестве Независимых Государств, и еще не в Европейском Союзе
  Грузия, Молдова және Украина: Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында да емес, әлі Еуропа Одағында да емес. . . . . . . . . . 46
- Повестка сотрудничества в Центральной Азии по общим интересам
  Орталық Азиядағы ортақ мүдделер бойынша ынтымақтастық мәселесі . . 51
- 20-летие Шанхайской организации сотрудничества: текущее положение
  Шанхай ынтымақтастық ұйымының 20 жылдығы: ағымдағы жағдай . . . . . 59
- От Азиатско-Тихоокеанского региона к Индо-Тихоокеанскому: основные тенденции и ожидания
  Азия-Тынық мұхитынан Үнді-Тынық мұхитына дейін негізгі үрдістер мен нәтижелер . . . . . . . . . . 64
- Новый поворот в интеграции тюркского мира: «Тюркское видение-2040»
  Түркі әлемі ықпалдастығындағы жаңа бетбұрыс: «Түркі әлемінің көзқарасы-2040» . . . . . . . . . . 70

СОТРУДНИЧЕСТВО В МЕЖДУНАРОДНОЙ ТОРГОВЛЕ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САУДАДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ . . . 75

- Инициативы «Новая Азия» Турции
  Түркияның «Жаңа Азия» бастамалары . . . 77
- Внешнеторговая политика и динамика торговли Турции
  Түркияның сыртқы сауда саясаты мен сауда динамикасы . . . 84
- Внешняя торговля Узбекистана
  Өзбекстанның сыртқы саудасы . . . 90

СОТРУДНИЧЕСТВО ПО ЭКОЛОГИЧЕСКИМ И ТЕХНОЛОГИЧЕСКИМ ВОПРОСАМ
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРДЕГІ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ . . . 97

- Глобальное воздействие пандемии COVID-19 на окружающую среду
  COVID-19 пандемиясының қоршаған ортаға жаһандық әсері . . . 99
- Связанные водами: Водный вопрос как фактор регионального сотрудничества в Центральной Азии
  Су ресурстары: Су мәселесі Орталық Азиядағы өңірлік ынтымақтастықтың факторы ретінде . . . 106
- Влияние Аральского моря на экологическую миграцию: на примере Кызылординской области
  Арал теңізінің экологиялық көші-қонға әсері: Қызылорда облысының мысалында . . . 111
- Новые правила кибербезопасности Китая и его потенциальные последствия
  Қытайдың жаңа киберқауіпсіздік ережелері және оның ықтимал салдары . . . 119

СОТРУДНИЧЕСТВО ПО ВОПРОСАМ МИГРАЦИИ
КӨШІ-ҚОН МӘСЕЛЕЛЕРІНДЕГІ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ . . . 125

- Иммиграционная политика Южной Кореи и конец демографического изоляционизма
  Оңтүстік Кореяның көші-қон саясаты және демографиялық оқшауланудың аяқталуы . . . 127
- Соглашение по беженцам между Турцией и Европейским союзом: запрос о продлении соглашения
  Түркия мен Еуропа Одағы арасында босқындар бойынша келісім: келісімді созу туралы өтініш . . . 133
- Пандемия COVID-19 и денежные переводы в Центральную Азию
  COVID-19 пандемиясы және Орталық Азияға жіберілген ақша аударымдары . . . 141
- Миграция из Афганистана: миграционный путь и афганцы в Турции
  Ауғанстаннан көші-қон: миграция жолы және Түркиядағы ауғандар . . . 147

СОТРУДНИЧЕСТВО В ВОПРОСАХ БЕЗОПАСНОСТИ И ВНЕШНЕЙ ПОЛИТИКИ
ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ СЫРТҚЫ САЯСАТ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ . . . 155

- Центральная Азия на перекрестке дипломатической торговой вакцины
  Дипломатиялық сауда вакцинасының тоғысындағы Орталық Азия . . . . . 157
- Европейский Союз и Таджикистан: помощь во имя процветания
  Еуропа Одағы және Тәжікстан: өркендеуге көрсетілген жәрдем . . . . . . . . 163
- Приход к власти талибов в Афганистане: региональные и глобальные последствияя
  Ауғанстанда талибтердің билікке келуі: аймақтық және жаһандық салдары. . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 169

ПОЛИТИЧЕСКИЕ ПРОЦЕССЫ В ЕВРАЗИЙСКОМ РЕГИОНЕ
ЕУРАЗИЯЛЫҚ АЙМАҚТАҒЫ САЯСИ ПРОЦЕСТЕР . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 175

- Изменения после парламентских выборов в Мажилис Казахстана
  Қазақстандағы Парламент Мәжілісі сайлауынан кейінгі өзгерістер. . . . . . 177
- Германия после Меркель: проблемы и перспективы
  Меркельден кейінгі Германия: мәселелер мен перспективалар. . . . . . . . . 184

**ГЛАВА 2. ЭКОНОМИКА СТРАН ЕВРАЗИИ**
**2-ТАРАУ. ЕУРАЗИЯ ЕЛДЕРІНІҢ ЭКОНОМИКАСЫ** . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 191

ЭКОНОМИЧЕСКОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ. . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 193

- Оценка соглашения о всеобъемлющем региональном экономическом партнерстве
  Аймақтық жан-жақты экономикалық серіктестік туралы келісімге шолу. . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 195
- Возрождение Шелкового пути и возможные выгоды для Казахстана
  Жібек жолының жаңғыруы және Қазақстан үшін мүмкін болатын пайдасы. . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 201
- Текущее развитие торговли сельскохозяйственной продукцией в Центральной Азии
  Орталық Азиядағы ауылшаруашылық өнімдері саудасының ағымдағы дамуы . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 208

РАЗВИТИЯ ЭКОНОМИКИ СТРАН ЕВРАЗИИ
ЕУРАЗИЯ ЕЛДЕРІНДЕГІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 215

- Развитие сельскохозяйственного экспорта в Узбекистане
  Өзбекстанда ауылшаруашылық экспорттың дамуы . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 217
- Новые возможности в туризме Туркестана
  Түркістан туризміндегі жаңа мүмкіндіктер . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 224
- Эпоха Садыра Жапарова в Кыргызстане: оценка внешнеполитического и экономического развития
  Қырғызстандағы Садыр Жаппаров кезеңі: сыртқы саясатқа

және экономикалық дамуға шолу . . . 229
- Текущее состояние и ожидания от туризма в Кыргызстане
  Қырғызстан туризмінің қазіргі жағдайы мен мүмкіндіктері . . . 235
- Что повышает цены на продовольственные товары: примеры из Центральной Азии
  Азық-түлік бағасының көтерілу себептері: Орталық Азиядан мысалдар . . . 240
- Показатели развития сельского хозяйства Туркестанской области
  Түркістан облысы ауыл шаруашылығының даму көрсеткіштері . . . 247

**ГЛАВА 3. ТРАНСПОРТИРОВКА И ЛОГИСТИКА ЭНЕРГИИ В ЕВРАЗИЙСКОМ РЕГИОНЕ**
**3 БӨЛІМ. ЕУРАЗИЯ АУМАҒЫНДАҒЫ ТАСЫМАЛ МЕН ЛОГИСТИКА ЭНЕРГИЯСЫ** . . . 253

ЭНЕРГЕТИЧЕСКИЕ РЫНКИ И ПРОМЫШЛЕННЫЕ СТРУКТУРЫ
ЭНЕРГИЯ НАРЫҚТАРЫ ЖӘНЕ ӨНЕРКӘСІПТІК ҚҰРЫЛЫМДАР . . . 255

- Текущие изменения газопровода турецкий поток
  Түрік ағыны табиғи газ құбырының ағымдағы даму үрдісі . . . 257
- Международная ядерная политика: почему страны хотят иметь ядерное оружие?
  Халықаралық ядролық саясат: елдер неге ядролық қаруға ие болғысы келеді? . . . 262
- Вывод туркменского газа на европейский рынок: Транскаспийский газопровод
  Түркімен газын Еуропа нарығына шығару: Транскаспий табиғи газ құбыры . . . 269
- Текущий угольный кризис в Китае и перспективы для Евразийского региона
  Қытайдағы қазіргі көмір дағдарысы және Еуразия аймағы үшін перспективалары . . . 276
- Кризис ядерного соглашения в Иране
  Ирандағы ядролық келісімнің дағдарысы . . . 282

**ГЛАВА 4. СОЦИАЛЬНО-ПОЛИТИЧЕСКИЕ И СОЦИАЛЬНО-КУЛЬТУРНЫЕ АСПЕКТЫ СТРАН ЕВРАЗИИ**
**4-БӨЛІМ. ЕУРАЗИЯ ЕЛДЕРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ АСПЕКТІЛЕРІ** . . . 289

СОЦИАЛЬНО-КУЛЬТУРНЫЕ РАЗВИТИЯ
ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ДАМУ . . . 291

- Социальный аспект в архитектуре Туркестана
  Түркістан қаласының архитектурасындағы әлеуметтік аспект . . . 293
- Гуманитарные и культурные проекты: поддержка и финансирование

Гуманитарлық және мәдени жобалар: қолдау және қаржыландыру . . . . 299
- Теневые социальные аспекты пандемии
Пандемияның көлеңкелі әлеуметтік тұстары . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 305
- Этнокультурное и духовное измерение Туркестана в интеграции тюркского мира
Түркі дүниесінің интеграциясындағы Түркістанның этномәдени және рухани рөлі . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 311
- Антикоррупционные реформы в Казахстане
Қазақстандағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы реформалар . . . . . . . . . . . . 317

БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ДАМУ
РАЗВИТИЕ В СФЕРЕ ОБРАЗОВАНИЯ. . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 325

- Управленческие практики в высшем образовании
Жоғары білім берудегі басқару тәжірибелері . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 327
- Краткий обзор молодежной политики Республики Казахстан
Қазақстан Республикасының жастар саясатына қысқаша шолу . . . . . . . . . 333
- Создание центральноазиатского высшего образовательного пространства: перспективы региональной интернационализации
Орталық Азиядағы жоғары білім кеңістігін құру: аймақтық халықаралықтандырудың перспективалары . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 340
- Уроки мировых рейтингов университетов: опыт Китая
Әлемдік университеттер рейтингтерінен алынатын сабақтар: Қытай тәжірибесі . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 346

# ПРЕДИСЛОВИЕ
# КІРІСПЕ

Когда мы смотрим на события в Евразийском регионе в 2021 году, продолжение пандемии COVID-19, несомненно, затрагивает множество различных областей, от здравоохранения до экономики, от образования до социальных отношений и много других сфер. Повышение уровня вакцинации во многих странах и достижение показателей коллективного иммунитета является благоприятным событием, немного облегчающим нашу жизнь и позволяющим снизить его смертоносный эффект. Однако появление новых вариантов также указывает на то, что мы не должны отказываться от наших мер предосторожности. В этих условиях, когда мы наблюдаем непандемические проблемы, мы видим, что производственные отрасли стран развиваются адаптивно к условиям пандемии, что позволяет оживить мировую торговлю. В дополнение к этому, есть много событий, происходящих в политической, экономической, технологической и социальной областях, а также в безопасности. Среди важных тем в 2021 году - расширение сотрудничества стран Центральной Азии со странами Европы и Азии, интеграционные усилия в тюркском мире, вакцинная дипломатия, региональные экономические соглашения и текущие события в сфере энергетики и образования.

Мы также видим, что с начала пандемии COVID-19 в некоторых секторах производства и потребления произошли экстраординарные изменения. Например, мы можем сказать, что наряду с покупательскими привычками произошли изменения в потреблении чистящих средств и продуктов питания. Если рассматривать этот вопрос конкретно в Центральной Азии, то положительные сдвиги в сельскохозяйственном секторе позволяют в достаточном объе-

2021 жылы Еуразия аймағындағы оқиғаларға қарасақ, COVID-19 індетінің жалғасуы экономикадан денсаулыққа, өндірістен психологияға дейін көптеген салаларға әсер еткені сөзсіз. Жағымды жаңалық ретінде көптеген елдерде вакцинация деңгейінің артуы және әлеуметтік иммунитетке қол жеткізу біздің өмірімізді біршама жеңілдетіп, өлімді азайтуға мүмкіндік берді. Дегенмен, жаңа нұсқалардың пайда болуы да сақтық шараларымыздан бас тартпау керектігін көрсетеді. Осы жағдайларда өмірімізде орын алып жатқан эпидемияға жатпайтын мәселелерге келсек, елдердің өндірістік секторларының эпидемиялық жағдайларға бейімді түрде дамуы әлемдік сауданың қайта жандануына серпін береді. Бұған қоса, әрине, саяси, экономикалық, қауіпсіздік, технологиялық және әлеуметтік салаларда көптеген өзгерістер бар. Олардың ішінде 2021 жылы Орталық Азия елдерінің Еуропа және Азия елдерімен ынтымақтастығын арттыру, Түркі әлеміндегі интеграциялық күш-жігер, Вакциналық дипломатия трафигі, аймақтық экономикалық келісімдер, энергетика мен білім саласындағы ағымдағы өзгерістер бар.

Жаһандық экономикалық қатынастарда COVID-19 індетінің әсерінен көптеген елдер үшін түрлі секторлардың маңыздылығы артты. Мысалы, тазалық материалдарынан бастап, негізгі қажетті азық-түлік өнімдерін өндіруге дейінгі салаларда көптеген ілгерлеушіліктер болды. Бұл мәселені Орталық Азияда арнайы қарастыратын болсақ, алдымен аграрлық сектордағы оң өзгерістер осы елдердің негізгі қажеттіліктерін қанағаттандырумен қатар, сауда желілерін кеңейтуге мүмкіндік берді. Екінші жағынан, Орталық Азия аймағының маңызды кіріс көздерінің бірі болып табылатын жер асты байлығы, әсіресе

ме обеспечить основные потребности и, кроме того, расширить торговые связи этих стран.

С другой стороны, природные ресурсы, являющиеся одним из важнейших источников доходов региона Центральной Азии, особенно экспорт нефти, природного газа и угля, пользуются большим спросом на энергетическом рынке. Кроме того, знаменательные события происходят в сферах транспортировки энергии и развития атомной энергетики. Важные события включают угольный кризис в Китае, проекты транспортировки туркменского газа в Европу и появление различных взглядов на атомную энергетику. Такие социальные вопросы, как невидимые социальные аспекты пандемии, влияние новых приложений в сфере образования, включая онлайн-образование, требуют дальнейших исследований.

Анализ событий, происходивших в течение года в Евразийском регионе, с академической точки зрения, подкрепленное аналитическим мышлением, вносит большой вклад в представление и восприятие читателей, интересующихся регионом, экспертов, лиц, принимающих решения, и исследователей, которые посвятили свои работы этому региону. Я поздравляю редакторов, авторов и всех сотрудников института, принимавших участие в подготовке этой книги, седьмая часть которой будет опубликована под названием «Евразийский обзор 2021: экономические, социальные и политические перспективы в Евразии».

Профессор, доктор Мухиттин Шимшек
Председатель Попечительского совета
Международного Турецко-Казахского
Университета Ходжа Ахмеда Ясауи

мұнай, табиғи газ және көмір экспорты энергетика нарығында жоғары сұранысқа ие. Энергия тасымалдау және атом энергетикасы салаларында қызықты оқиғалар орын алуда. Оның ішінде Қытайдағы көмір дағдарысы, түрікмен газын Еуропаға тасымалдау жобалары және атом энергетикасына қатысты түрлі көзқарастардың пайда болуы сияқты мәселелер бар. Әлеуметтік мәселелердің ішінде індеттің көрінбейтін әлеуметтік аспектілері, онлайн білім берудегі жаңа қосымшалардың білім беру саласына әсері сияқты жаңа және көбірек зерттелген мәселелер белең алып отыр.

Аймаққа қызығатын оқырмандарға, өлкетану ғылымымен айналысатын зерттеушілерге, сарапшыларға және түрлі салалардағы шешім қабылдаушыларға, аналитикалық талдау арқылы дәлелденген идеяларды ұсынуға үлкен үлес қосады. Осы орайда «Eurasia Outlook 2021: Еуразиядағы экономикалық, әлеуметтік және саяси перспективалар» атты кітаптың жетінші санын дайындауға атсалысқан редакторларға, авторларға және барлық институт қызметкерлеріне шын жүректен алғыс айтамын.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университетінің
Өкілетті кеңес төрағасы,
профессор, доктор Мұхиттин Шімшек

# ВСТУПЛЕНИЕ
# АЛҒЫ СӨЗ

От имени Евразийского научно-исследовательского института (ERI) мы представляем читателям наши еженедельные электронные бюллетени, в которых мы академически оцениваем события Евразийского региона с 2015 года. Мы обсуждаем экономику, безопасность, международные отношения, образование и другие социальные вопросы в рамках серии книг «Outlook» под названием «Eurasia Outlook 2021: экономические, социальные и политические перспективы Евразии», ставшей за эти годы одной из наших традиционных публикаций. Помимо работ исследователей института, в книгу также включены аналитические доклады различных специалистов. Мы публикуем результаты исследований, полученных по итогам анализа различных процессов внутри региона и в сопредельных регионах, которые вызывают интерес. Наши анализы предназначены для широкого круга заинтересованных читателей, включая студентов, экспертов и политических деятелей. В этом отношении, в дополнение к возможности охватить более широкую аудиторию, мы стремимся внести свой вклад в научную литературу и помочь в формулировании политических рекомендаций.

При рассмотрении важных проблем Евразийского региона мы рассматриваем также вопросы, связанные с пандемией COVID-19, которая все еще продолжается во всем мире и, так же как в 2020 году, является одной из актуальных тем. Мы являемся свидетелями того, как пандемия COVID-19 почти стала частью нашей жизни, и которая порождает новые последствия в экономике, окружающей среде, международных отношениях, социальных взаимодействиях и многих других областях. Поэтому в этом

Еуразия ғылыми-зерттеу институты (ЕҒЗИ) ретінде 2015 жылдан бері Еуразия аймағындағы мәселелерді ғылыми тұрғыдан сараптап, апта сайын электронды бюллетеньді оқырмандарымызға ұсынып келеміз. Осы жылдар ішінде дәстүрлі басылымдарымыздың біріне айналған «Eurasia Outlook 2021: Еуразиядағы экономикалық, әлеуметтік және саяси перспективалар» атты кітабымызда экономика, қауіпсіздік, халықаралық қатынастар, білім және басқа да әлеуметтік мәселелерді қозғадық. Біздің авторлар арасында ЕҒЗИ зерттеушілерінен басқа, өз салаларындағы сарапшылардың пікірлері қамтылған. Осылайша, біз аналитикалық ой сүзгісі арқылы аймақтың және әртүрлі географиялардың көзқарастарын сүзу арқылы шығарған ақпаратпен қызықты зерттеулерді жариялаймыз. Біздің талдауларымыз аймақтану пәніне қызығушылық танытатын студенттерден бастап сала мамандары мен шешім қабылдаушыларға дейін кең ауқымды ізденушілерге ұнайды. Осыған байланысты, кең аудиторияға қол жеткізу мүмкіндігінен басқа, біз ғылыми әдебиеттерге үлес қосамыз, сондай-ақ саяси ұсыныстарды қалыптастыруға көмектесеміз.

Еуразиялық аймақтағы маңызды мәселелерге қарасақ, 2020 жылғыдай әлемде әлі де жалғасып жатқан COVID-19 індетіне қатысты мәселелер тізімнің басында тұр. Біздің өміріміздің бір бөлігіне айналған COVID-19 індеті экономика, қоршаған орта, халықаралық қатынастар, психология және т.б. салаларда өзінің жаңа әсерін көрсетіп жатқанына куә болып отырмыз. Сол себепті, биыл індетке дейінгі кезеңде белсенді болған тақырыптардың көлеңкесінде қалмас үшін басқа да мәселелерге салмақты салмақ салуға тырыстық. Осы тұрғыда Орталық Азиядағы ауыл

году мы постарались сбалансировать и не оставить в тени другие темы, которые были активными и важными в допандемический период. В этом контексте были опубликованы наши статьи по новым темам, таким как внутрирегиональные торговые отношения, развитие сельскохозяйственного сектора в Центральной Азии, инновации в сфере образования, укрепление дипломатических отношений стран Центральной Азии с азиатскими и европейскими странами.

Основная цель книги, которая является седьмой в нашей серии «Outlook», состоит в том, чтобы выразить нашу особую аналитическую точку зрения на текущие проблемы и вопросы, имеющие значение в евразийском регионе. Используя преимущество присутствия в регионе, мы пытаемся быть полезными в развитии полевых исследований, публикуя наши исследования в соответствии с нашей миссией и видением.

Книга «Eurasia Outlook 2021: экономические, социальные и политические перспективы Евразии» состоит из четырех глав. Первая часть посвящена сотрудничеству евразийских стран в общих рамках и включает анализ таких вопросов, как отношения с международными организациями, торговля, безопасность, технологии, окружающая среда и политические события. Вторая часть включает статьи об экономических отношениях государств региона, текущих событиях и торговле стратегическими продуктами, выделяющимися из-за пандемии COVID-19. Третий раздел состоит из статей о событиях в энергетическом секторе, энергетической инфраструктуре и рынке, которые тесно связаны со странами региона. В последнем разделе под названием «Социокультурные вопросы» рассмотрены исследования социальных процессов в Евразии в целом и странах Центральной Азии в частности, а также нововведения в сфере образования.

шаруашылығы саласының дамуы, білім саласындағы инновациялар, Орталық Азия елдерінің Еуропа және Азия елдерімен дамып келе жатқан дипломатиялық қарым-қатынастары сияқты көптеген тақырыптарда заманауи талаптарға сай мақалаларымыз жарық көрді.

Біздің Outlook топтамасының жетінші саны болып табылатын бұл кітаптың негізгі мақсаты – Еуразиялық аймақтағы өзекті тақырыптар мен маңызды мәселелерге тән мүдделі салаларымызға қатысты өзіміздің аналитикалық көзқарасымызды білдіру. Өңірде болудың артықшылығын тиімді пайдалана отырып, өз миссиямыз бен көзқарасымызға сәйкес зерттеулерімізді жариялау арқылы арнайы зерттеулерді дамытуға пайдалы болуға тырысамыз.

«Eurasia Outlook 2021: Еуразиядағы экономикалық, әлеуметтік және саяси перспективалар» кітабы төрт бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде жалпы шеңбердегі Еуразия елдерінің ынтымақтастығына назар аудара отырып, халықаралық ұйымдармен қарым-қатынас, сауда, қауіпсіздік, технология, қоршаған орта және осы топ аясындағы саяси оқиғалар сияқты мәселелерге талдаулар жасалған. Екінші бөлімде аймақтағы мемлекеттердің экономикалық қарым-қатынастары, ағымдағы оқиғалар және COVID-19 індетіне байланысты ерекшеленетін стратегиялық өнімдердің саудасы туралы зерттеулер бар. Үшінші бөлім аймақ елдерімен тығыз байланысты энергетикалық сектордағы, энергетикалық инфрақұрылымдардағы және нарықтағы оқиғалар туралы мақалалардан тұрады. Соңғы бөлімде әлеуметтік-мәдени мәселелер тақырыбымен жалпы Еуразиядағы және оның ішінде Орталық Азия елдеріндегі әлеуметтік өзгерістер мен білім саласындағы инновациялар туралы зерттеулер берілген.

Біздің барлық жұмысымызға артқан сенімі мен көрсеткен қолдауы үшін, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықара-

Мы хотели бы выразить нашу благодарность профессору доктору Мухиттину Шимшеку, председателю попечительского совета Университета Ахмеда Ясави, за доверие и неограниченную поддержку, оказанную во всех наших начинаниях. Мы также хотели бы поблагодарить всю команду Института, которая участвовала в подготовке нашего электронного бюллетеня. Мы надеемся, что эта книга будет полезна студентам, экспертам, лицам, принимающим решения на различных уровнях, и читателям, интересующимся исследованиями в регионе.

Вакур Сумер
Женгизхан Жаналтай
Суат Бейлур
Омирбек Канай
Алматы, 2022

лық қазақ-түрік университетінің Өкілетті кеңес төрағасы, профессор, доктор Мұхиттин Шімшекке алғысымызды білдіргіміз келеді. Сондай-ақ, электронды бюллетеньді дайындауға үлес қосқан барлық институт ұжымына алғысымызды білдіреміз. Қорытындылай келе, бұл кітап студенттерге, сарапшыларға, түрлі салалардағы шешім қабылдаушыларға және салалық зерттеулерге қызығушылық танытатын оқырмандарға пайдалы болады деп үміттенеміз.

Вакур Сүмер
Женгизхан Жаналтай
Суат Бейлур
Омирбек Канай
Алматы, 2022



# ГЛАВА 1. ПОЛИТИЧЕСКОЕ И ЭКОНОМИЧЕСКОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО СТРАН ЕВРАЗИИ: МЕЖДУНАРОДНЫЕ И РЕГИОНАЛЬНЫЕ АСПЕКТЫ

# 1-ТАРАУ. ЕУРАЗИЯ ЕЛДЕРІНІҢ САЯСИ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ: ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ АЙМАҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕР

# МЕЖДУНАРОДНЫЕ ПОЛИТИЧЕСКИЕ СОБЫТИЯ И СОТРУДНИЧЕСТВО МЕЖДУ РЕГИОНАЛЬНЫМИ ВЛАСТЯМИ И МЕЖДУНАРОДНЫМИ ОРГАНИЗАЦИЯМИ

# ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САЯСИ ОҚИҒАЛАР ЖӘНЕ АЙМАҚТЫҚ БИЛІК ПЕН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАР АРАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

# КАК БУДУТ РАЗВИВАТЬСЯ АМЕРИКАНО-КИТАЙСКИЕ ОТНОШЕНИЯ В ЭПОХУ БАЙДЕНА?
# БАЙДЕН ДӘУІРІНДЕ АҚШ-ҚЫТАЙ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ ҚАЛАЙ ДАМИДЫ?

*Омирбек Канай**

Кандидат от демократов Джозеф Байден официально вступил в должность 46-го президента Соединенных Штатов Америки (США) 20 января 2021 года. Так, 78-летний Джо Байден стал самым пожилым президентом США. Камала Харрис вошла в историю как первая женщина-вице-президент. Фактически, согласно официальным результатам, объявленным Федеральной избирательной комиссией по выборам президента США 3 ноября 2020 года, кандидат от Демократической партии Джо Байден с 81,283,495 голосами (51,3%) и 306 делегатами победил 45-го президента США, Дональда Трампа, с 74,223,755 голосами (46,9%) и 232 делегатами [Федеральная Избирательная Комиссия, 2021]. Некоторые важные события, такие как дебаты Байдена и Трампа во время избирательной кампании, апелляция Трампа против результатов выборов, рейд на здание Конгресса США и расследование импичмента Трампа, привели к тому, что президентские выборы в США 2020 года были признаны самыми спорными президентскими выборами в истории страны. Приоритеты и возможные последствия внешней политики США во время правления Джо Байдена, который победил и стал президентом, - одна из повесток дня, которую с нетерпением ждал весь мир.

В этом контексте необходимо проанализировать, как будут развиваться отношения между двумя крупнейшими экономиками мира, США и Китаем в эпоху Байдена. Один из важных вопросов, который ожидает администрацию

Демократиялық партияның үміткері Жозеф Байден 2021 жылы 20 қаңтарда Америка құрама штаттарының (АҚШ) 46-шы президенті болып қызметіне ресми түрде кірісті. Осылайша, 78 жастағы Байден АҚШ-тың ең қарт президенті болды. Камала Харрис АҚШ тарихындағы алғашқы әйел вице-президент ретінде тарихқа енді. 2020 жылы 3 қарашада Федералды сайлау комиссиясы жариялаған АҚШ президенттік сайлауының ресми нәтижелеріне сәйкес, Демократиялық партияның кандидаты Байден 74,223,755 (46,9%) дауыс және 232 делегатпен, 81,283,495 дауыс (51,3%) және 306 делегатпен АҚШ-тың 45-ші президенті Дональд Трампты жеңген болатын [Федералдық сайлау комиссиясы, 2021]. Сайлау науқаны кезіндегі Байден-Трамп пікірталастары, Трамптың сайлау нәтижелеріне шағымдануы, АҚШ Конгресі ғимаратына шабуыл және Трампқа қатысты импичмент сияқты бірқатар маңызды оқиғалар 2020 жылғы АҚШ президенттік сайлауының ел тарихындағы ең қайшылықты президенттік сайлауы ретінде тіркелуіне себеп болды. Мұндай сайлауда жеңіп, президенттікке келген Байденнің билігі кезінде АҚШ-тың сыртқы саясатының басымдықтары мен ықтимал әсерлерінің қалай болатындығы бүкіл әлем көз тіккен мәселелердің бірі болып отыр.

Осы тұрғыдан алғанда, әлемнің екі ірі экономикасы саналатын АҚШ пен Қытай арасындағы қарым-қатынасының Байден дәуірінде қалай өрбитіні де талқылауға тиісті мәселе. Себебі халықаралық қатынастарда Байден билігі дүп келетін

* магистр, Евразийский научно-исследовательский институт, Казахстан.
kaztegin@hotmail.com

Байдена в международных отношениях, касается будущего американо-китайских отношений. Также очевидно, что отношения США и Китая, которые становились все более напряженными в эпоху Трампа, упали до самого низкого уровня с 1979 года – времени, когда Вашингтон и Пекин установили официальные дипломатические отношения. Даже если Пекин и Вашингтон отступят, можно прогнозировать, что для того, чтобы отношения США и Китая снова нормализовались, потребуется время.

Во-первых, с геостратегической точки зрения, постоянное усиление глобального соперничества между США и Китаем не будет случайным совпадением. Напряженность между Вашингтоном и Пекином в эпоху Трампа можно рассматривать как отражение продолжающейся глобальной конкуренции между США и Китаем, которая усилилась в последние годы. С этой точки зрения очевидно, что внешняя политика США в отношении Китая не изменится сразу после назначения Байдена на пост президента. В этом контексте можно сказать, что администрация Байдена сначала попытается укрепить отношения со своими союзниками, которые в последние годы ослабли по разным причинам. Байден, который принял множество решений в первую неделю своего правления, вновь включил свою страну в Парижское соглашение по климату и Всемирную организацию здравоохранения, снял запрет Трампа на поездки в некоторые мусульманские страны и отозвал средства, выделенные на строительство стены на границе между США и Мексикой [Агентство Анадолу, 2021]. Предпринимая вышеупомянутые шаги, Байден в краткосрочной перспективе показывает, что он придает большое значение укреплению позиции страны как глобального лидера и улучшению отношений со многими странами.

маңызды мәселелердің бірі - АҚШ пен Қытай қарым-қатынасының болашағы деп айтуға болады. Атап айтқанда, Трамп дәуірінде шиеленісе түскен АҚШ-Қытай қарым-қатынасы Вашингтон мен Пекин арасында ресми дипломатиялық қарым-қатынас орнаған 1979 жылдан бергі ең төменгі деңгейге дейін құлдырағаны анық. Бұл жағдайда тіпті Пекин де, Вашингтон да қандайда бір кері шегініс жасаса да, АҚШ-Қытай қарым-қатынасының қайта қалыпқа келуіне белгілі бір уақыт керектігін болжауға болады.

Геостратегиялық тұрғыдан алып қарағанда, АҚШ пен Қытай арасындағы жаһандық бәсекелестіктің жалғасты тереңдей беретіні кездейсоқтық емес. Ендеше, Трамп кезеңіндегі Вашингтон мен Пекиннің шиеленісін АҚШ пен Қытайдың арасында соңғы жылдары одан ары күшейе түскен жаһандық бәсекелестіктің көрінісі ретінде қарастыруға болады. Осы тұрғыдан алғанда, Байденнің президенттікке келуімен АҚШ-тың Қытайға қатысты сыртқы саясаты бірден өзгермейтіні сөзсіз. Осы тұрғыда Байден билігі ең алдымен АҚШ-тың одақтастарымен соңғы жылдары әртүрлі себептерге байланысты әлсіреген қарым-қатынастарын қайта нығайтуға тырысатын болады. Ақүйдегі бірінші аптасында көптеген шешімдер қабылдаған Байден өз елін Париж климат келісімі мен Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымына қайта қосумен қатар, Трамптың кейбір мұсылман елдеріне виза бермеу жарлығы мен АҚШ-Мексика шекарасында салынған дуалға бөлінген қаражатқа тыйым салды [Анадолы агенттігі, 2021]. Осы қадамдарымен Байден қысқа мерзімде АҚШ-тың жаһандық көшбасшылығын қайта нығайтуға және көптеген елдермен қарым-қатынасын жақсартуға мән беретіндігін көрсетті.

АҚШ-Қытай қарым-қатынасында Байден билігі дүп келетін негізгі мәселелердің бірі - екі ел арасындағы сауда-экономикалық даулар. Аталмыш

Одна из основных проблем, с которой администрация Байдена столкнется в американо-китайских отношениях заключается в наличии торгово-экономических споров между двумя странами. Эти споры также стали причиной торговой войны между США и Китаем, которая началась в марте 2018 года и длилась около 18 месяцев. Несмотря на подписание первого этапа Торгового соглашения между США и Китаем в Вашингтоне в январе 2020 года [Торговое представительство США, 2020], текущие торгово-экономические споры между двумя странами не могут быть разрешены с помощью этого соглашения [Канай, 2020]. Негативное воздействие торговой войны между США и Китаем, потрясшей мировую торговую систему, на объем торговли между двумя странами по-прежнему сохраняются. Например, в 2019 году объем торговли между США и Китаем составил 541,2 миллиарда долларов, что на 14,6% меньше, чем в 2018 году [Министерство торговли Китая, 2020], хотя в 2020 году он увеличился на 8,8% до 586,7 миллиарда долларов [Ежедневно Китай, 2021]. Объем в 633,52 миллиарда долларов в 2018 году еще не достигнут [Министерство торговли Китая, 2019]. Учитывая усиливающееся негативное воздействие пандемии коронавируса на мировую экономику, очевидно, что и Вашингтону, и Пекину необходимо разрешить свои торгово-экономические споры. Пока неясно, продолжит ли администрация Байдена разрешать торгово-экономические споры с администрацией Пекина с использованием первого этапа торгового соглашения между США и Китаем, подписанного в эпоху Трампа. Назначение президентом Байденом Кэтрин Тай, которая в течение нескольких лет была юрисконсультом по торговым спорам между США и Китаем в Торговом представительстве США [Голос Америки, 2021], на должность торгового представителя может быть признаком того, что

дау-дамай 2018 жылдың наурызында басталып шамамен 18 айға созылған АҚШ-Қытай сауда соғысын тудырған болатын. 2020 жылдың қаңтарында Вашингтонда АҚШ-Қытай сауда келісімінің бірінші кезеңіне қол қойылғанына қарамастан [АҚШ Сауда агенттігі, 2020], осы келісім екі ел арасында жалғасып келе жатқан сауда-экономикалық дауларды шеше алмады [Қанай, 2020]. Шын мәнінде, әлемдік сауда жүйесін шайқалтқан АҚШ-Қытай сауда соғысының екі ел арасындағы сыртқы сауда көлеміне кері әсері әлі де жалғасуда. Мысалы, 2019 жылы АҚШ-Қытай сауда көлемі 541,2 миллиард долларды құрап, 2018 жылмен салыстырғанда 14,6%-ға төмендесе [Қытай Сауда министрлігі, 2020], 2020 жылы 586,7 миллиард доллар болып, 8,8%-ға артса да [Ежедневно Китай, 2021], 2018 жылғы 633,52 миллиард долларлық межеге әлі жеткен жоқ [Қытай Сауда министрлігі, 2019]. Коронавирус эпидемиясының әлемдік экономикаға теріс әсерін ескере отырып, Вашингтонға да, Пекинге де араларындағы сауда-экономикалық дауларын шешу қажет екені анық. Байден билігі Пекинмен сауда-экономикалық келіспеушіліктерді шешуде Трамп дәуірінде қол қойылған бірінші кезеңі АҚШ-Қытай сауда келісімін жалғастыра ма, жоқ па әлі белгісіз. Бірақ президент Байденның бірнеше жылдан бері АҚШ-тың сауда өкілдігінің кеңсесінде АҚШ-Қытай сауда-экономикалық даулары бойынша заңгер болып жұмыс істеген Кэтрин Тайды сауда өкілі лауазымына ұсынуын [Америка дауысы, 2021], Байденнің Қытаймен сауда-экономикалық дауларға үлкен мән беретіндігінің белгісі ретінде қарастырңға болады.

Қазіргі кезде АҚШ-Қытай қарым-қатынасы сауда соғысы сияқты екіжақты сауда-экономикалық және саяси келіспеушіліктермен қатар, Оңтүстік Қытай теңізіндегі талас-тартыстар, Жапония мен Қытайдың арал таласы, Солтүстік Кореяның ядролық мәселесі, Иранның ядролық бағдарламасы, Үндістан мен

Байден придает большое значение торгово-экономическим спорам с Китаем.

Нынешнее состояние американо-китайских отношений, помимо двусторонних торговых, экономических и политических споров, особенно торговой войны, характеризуют многие другие вопросы, такие как споры по Южно-Китайскому морю, кризис японо-китайских островов, ядерная проблема Северной Кореи, ядерная программа Ирана, проблема границы Индии и Китая, Тайваньский вопрос, проблема Гонконга, Тибета и Восточного Туркестана.  В частности, вопросы Тайваня, Гонконга, Тибета и Восточного Туркестана, которые администрация Пекина определяет как «внутренние дела», являются одними из самых острых вопросов в отношениях Китая с США. Выступая на онлайн-заседании Национального комитета по американо-китайским отношениям 2 февраля 2021 года, Ян Цзечи, председатель Комитета по международным отношениям коммунистической партии Китая (КПК) и член Политбюро КПК, призвал администрацию Байдена восстановить отношения, требуя, чтобы Вашингтон не вмешивался в эти «внутренние дела» Китая [Синьхуа, 2021]. Учитывая, что демократия и права человека являются важными элементами внешней политики США, ожидается, что администрация Байдена будет продолжать критиковать нарушения прав человека в Гонконге, Тибете и Восточном Туркестане, а также поднимать тайваньский вопрос.

С геополитической точки зрения можно прогнозировать, что Азиатско-Тихоокеанский регион, на который приходится около двух третей населения мира и 40% мирового валового внутреннего продукта, будет центром притяжения для внешнеполитической деятельности администрации Байдена. Этот регион является ареной многих геополитических событий в рамках споров по Южно-Китайскому морю, Қытай арасындағы шекара мәселесі, Тайвань, Гонконг, Тибет және Шыңжаң мәселелері сияқты көптеген оқиғаларға бетпе-бет келуде. Әсіресе, ресми Пекин «ішкі істері» деп атайтын Тайвань, Гонконг, Тибет және Шыңжаң мәселелері Қытайдың АҚШ-пен қарым-қатынасындағы ең сезімтал тақырыптар болып табылады. 2021 жылы 2 ақпанда Қытай Коммунистік партиясы (ҚКП) Халықаралық қатынастар комитетінің төрағасы және ҚКП Саяси бюросының мүшесі Ян Цзечи АҚШ-Қытай қатынастары ұлттық комитетінің онлайн-отырысында сөйлеген сөзінде Байден үкіметін қарым-қатынасты қалпына келтіруге шақырып, Вашингтонның Қытайдың аталмыш «ішкі істеріне» араласпауын талап етті [Синьхуа, 2021]. Демократия мен адам құқығы риторикалық тұрғыдан болса да АҚШ-тың сыртқы саясатының негізгі элементтерінің бірі болып саналатынын ескере отырып, Байден билігінің Гонконг, Тибет және Шыңжаңдағы адам құқығының бұзылуын, сондай-ақ, Тайвань мәселесін сынай беретіндігі күтуге болады.

Геосаяси тұрғыдан алғанда, әлем халқының шамамен үштен екісін және әлемдік жалпы ішкі өнімнің 40%-ын құрайтын Азия-Тынық мұхиты аймағы Байден үкіметінің сыртқы саясатының басым бағыттарының бірі болатындығын болжауға болады. Аталмыш аймақ Оңтүстік Қытай теңізіндегі талас-тартыстар, Жапония мен Қытайдың арал таласы, Солтүстік Кореяның ядролық мәселесі, Үндістан мен Қытай арасындағы шекара мәселесі мен Тайвань мәселесі аясында көптеген геосаяси оқиғалардың сахнасы болып отыр. Сондықтан Азия-Тынық мұхиты аймағы, басқаша айтқанда Үнді-Тынық мұхиты аймағы Барак Обама және Трамп кезеңінде АҚШ-тың сыртқы саясатында өзінің стратегиялық маңыздылығын сақтап қалды. Байден вице-президент болған Обама билігі 2011 жылдан бастап «Азияға оралу» стратегиясын күн тәртібіне қойған болатын. Байден үкіметі де Трамп үкіметі

кризиса японско-китайских островов, ядерной проблемы Северной Кореи, вопросов индийско-китайской границы и тайваньской проблемы. Таким образом, Азиатско-Тихоокеанский регион, то есть Индо-Тихоокеанский регион, сохранил свое стратегическое значение во внешней политике США в период президентства Барака Обамы и Трампа. Администрация Обамы, в которой Байден был вице-президентом, внесла стратегию «Возвращение в Азию» в повестку дня с 2011 года. Можно сказать, что администрация Байдена, как и администрация Трампа, продолжит индо-тихоокеанское направление, которое в последние годы приобрело значение для США и их союзников. Ясно, что существует цель предотвратить растущее политическое и экономическое влияние Китая в регионе, сделав акцент на Индии в рамках индо-тихоокеанского подхода, который определяет обширную географию, соединяющую Индийский океан и Тихий океан как единое геополитическое и геостратегическое пространство. Кроме того, то, что Камала Харрис, которую Байден назначил вице-президентом, имеет хороший опыт, и что многие американцы индийского происхождения принимают участие в администрации Байдена, позволяет заключить, что в ближайший период администрация Байдена будет придавать большое значение развитию отношений между США и Индией, а также обсуждению приграничных споров между Индией и Китаем.

С другой стороны, в ноябре 2020 года в регионе члены Ассоциации государств Юго-Восточной Азии (АСЕАН): Бруней, Камбоджа, Индонезия, Лаос, Малайзия, Мьянма, Филиппины, Сингапур, Таиланд и Вьетнам подписали Региональный всеобъемлющий экономический Соглашение о партнерстве (RCEP) после восьми лет переговоров с Австралией, Китаем, Японией, Южной Кореей и Новой Зеландией, которые являются партнерами союза по диалогу, что в определенной сияқты, АҚШ пен оның одақтастары үшін соңғы жылдары маңыздылыққа ие болған Үнді-Тынық мұхиты ұстанымын жалғастыратынын айтуға болады. Үнді мұхиты мен Тынық мұхитын бір-бірімен байланыстыратын кең аймақты біртұтас геосаяси және геостратегиялық аймақ ретінде анықталатын Үнді-Тынық мұхиты ұстанымының астарында Үндістанға баса назар аудара отырып, Қытайдың аймақтағы саяси және экономикалық ықпалының күшеюіне жол бермеу мақсаты жатқаны анық. Сонымен қатар, Байденнің вице-президенті болып сайланған Камала Харристің Үндістанмен карым катнаста тәжіребесі мол екенін және Байден үкіметінде көптеген үнді-американдықтардың маңызды қызметке отырғанын ескергенде, Байден билігі алдағы уақытта АҚШ-Үндістан қарым-қатынасы мен Үндістан-Қытай шекарасындағы талас-тартыстарға мән беретінін оңай түсінуге болады.

Екінші жағынан, 2020 жылдың қараша айында Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің ассоциациясының (АСЕАН) мүшелері Бруней, Камбоджа, Индонезия, Лаос, Малайзия, Мьянма, Филиппин, Сингапур, Таиланд және Вьетнам мен одақтың диалогтық серіктестері Австралия, Қытай, Жапония, Оңтүстік Корея мен Жаңа Зеландияның арасындағы 8 жылдық келіссөздерден кейін Аймақтық жан-жақты экономикалық серіктестік туралы келісімге қол қойылуы АҚШ-ты белгілі бір деңгейде алаңдатты. Осы себепті Байден билігінің 2015 жылдың қазан айында Обама билігі бастаған және Трамп өкіметі 2017 жылдың қаңтарында шыққан Транс-Тынық мұхиты серіктестігіне қайта қосылатынын болжауға болады.

Қорыта айтқанда, АҚШ-тың 46-шы президенті ретінде қызметіне кіріскен Байден билігініңелдің геосаяси, геостратегиялық және геоэкономикалық мүдделері тұрғысынан Қытайды үлкен бәсекелес ретінде қарастыратыны сөзсіз.

степени обеспокоило США. Таким образом, можно констатировать, что администрация Байдена вновь присоединится к Транстихоокеанскому партнерству (ТТП), которое администрация Обамы запустила в октябре 2015 года и из которого администрация Трампа вышла в январе 2017 года.

Таким образом, администрация Байдена, вступившего в должность 46-го президента США, неизбежно будет определять Китай как крупного конкурента с точки зрения геополитических, геостратегических и геоэкономических интересов страны. Мы живем в период, когда США пытаются защитить свою глобальную гегемонию, а Китай пытается увеличить свое региональное и глобальное влияние. Внешнеполитический подход Байдена к Пекину может отличаться от подхода его предшественника Трампа, но можно предвидеть, что он будет стремиться сдерживать Китай в интересах США. Следует ожидать, что во время президентства Байдена американо-китайским отношениям будет характерно как соперничество, так и сотрудничество. В быстро меняющейся геополитической обстановке вопрос о том, выйдет ли на первый план сотрудничество или конкуренция между Вашингтоном и Пекином, тесно связан с шагами, которые стороны должны предпринять в предстоящий период.

**Источники:**

Агентство Анадолу (2021). Байден, 46-й президент США, за первую неделю своего пребывания в должности принял 43 официальных решения. Доступно по адресу: https://www.aa.com.tr/tr/dunya/abdnin-46-baskani-biden-gorevdeki-ilk-haftasinda-43-resmi-karara-imza-atti/2125622. Дата обращения: 29.01.2021.

Голос Америки (2021). Являются ли выборы торгового представителя Байдена посланием Китаю? Доступно по адресу: https://www.amerikaninsesi.com/a/bidenin-ticaret-temsilcisi-secimi-cine-mesaj-mi/5757839.html. Дата обращения: 01.02.2021.

Ежедневно Китай (2021). Американское экономическое сообщество не готово покинуть Ки-

Себебі қазіргі таңда АҚШ-тың өз гегемониясын қорғауға тырысатын, ал Қытай өзінің аймақтық және жаһандық ықпалын арттыруға күш салатын кезеңге куә болып отырмыз. Байденнің сыртқы саясатта Пекинге қатысты ұстанымы Трампқа ұқсас болмауы мүмкін, бірақ оның АҚШ-тың мүдделері тұрғысынан Қытайды шектеуді мақсат ететіндігін болжауға болады. Байден кезеңінде АҚШ-Қытай қарым-қатынасы бәсекелестік пен ынтымақтастықты қатар алып жүретін болады. Тез өзгеріп отырған ағымдағы геосаяси жағдайда Вашингтон мен Пекин арасында ынтымақтастық пен бәсекелестіктің қайсысы бірінші орынға шығатыны тараптардың алдағы кезеңдегі қадамдарымен тығыз байланысты.

**Дереккөз:**

АҚШ Сауда агенттігі (2020). АҚШ үкіметі мен Қытай үкіметі арасындағы сауда-экономикалық келісім. Сілтеме: https://ustr.gov/sites/default/files/files/agreements/phase%20one%20agreement/Economic_And_Trade_Agreement_Between_The_United_States_And_China_Text.pdf. Қаралған уақыты: 30.01.2021.

Америка дауысы (2021). Байденнің сауда өкілін сайлауы Қытайға жолдау ма? Сілтеме: https://www.amerikaninsesi.com/a/bidenin-ticaret-temsilcisi-secimi-cine-mesaj-mi/5757839.html. Қаралған уақыты: 01.02.2021.

Анадолы агенттігі (2021). АҚШ-тың 46-шы президенті Байден биліктегі алғашқы аптасында 43 ресми шешімге қол қойды. Сілтеме: https://www.aa.com.tr/tr/dunya/abdnin-46-baskani-biden-gorevdeki-ilk-haftasinda-43-resmi-karara-imza-atti/2125622. Қаралған уақыты: 29.01.2021.

Ежедневно Китай (2021). Американың экономикасы Қытайдан қол үзуге дайын емес. Сілтеме: https://cn.chinadaily.com.cn/a/202101/15/WS6001932fa3101e7ce973b129.html. Қаралған уақыты: 01.02.2021.

Қанай, Өмірбек (2020). АҚШ-Қытай сауда мәмілесі: уақытша ма, тұрақты ма. Сілтеме: https://eurasian-research.org/publication/the-u-s-china-trade-agreement-temporary-or-permanent/. Қаралған уақыты: 30.01.2021.

Қытай Сауда министрлігі (2019). 2018 жылғы Қытай-АҚШ арасындағы сауда және инвестиция жағдайы. Сілтеме: http://us.mofcom.gov.cn/article/ztdy/201905/20190502859509.shtml. Қаралған уақыты: 01.02.2021.

тай. Доступно по адресу: https://cn.chinadaily.com.cn/a/202101/15/WS6001932fa3101e7ce973b129.html. Дата обращения: 01.02.2021.

Канай, Омирбек (2020). Торговое соглашение между США и Китаем: временное или постоянное? Доступно по адресу: https://eurasian-research.org/publication/the-u-s-china-trade-agreement-temporary-or-permanent/. Дата обращения: 30.01.2021.

Министерство торговли Китая (2019). Состояние торговли и инвестиций между Китаем и США в 2018 г. Доступно по адресу: http://us.mofcom.gov.cn/article/ztdy/201905/20190502859509.shtml. Дата обращения: 01.02.2021.

Министерство торговли Китая (2020). В 2019 году внешняя торговля Китая продемонстрировала положительный рост. Доступно по адресу: http://www.mofcom.gov.cn/article/i/jyjl/l/202001/20200102930289.shtml. Дата обращения: 01.02.2021.

Синьхуа (2021). Ян Цзечи выступил на онлайн-заседании Национального комитета по американо-китайским отношениям. Доступно по адресу: http://www.xinhuanet.com/world/2021-02/02/c_1127054161.htm. Дата обращения: 02.02.2021.

Торговое представительство США (2020). Торгово-экономическое соглашение между правительствами США и Китая. Доступно по адресу: https://ustr.gov/sites/default/files/files/agreements/phase%20one%20agreement/Economic_And_Trade_Agreement_Between_The_United_States_And_China_Text.pdf. Дата обращения: 30.01.2021.

Федеральная избирательная комиссия (2021). Официальные результаты всеобщих президентских выборов 2020 года. Доступно по адресу: https://www.fec.gov/resources/cms-content/documents/2020presgeresults.pdf. Дата обращения: 28.01.2021.

Қытай Сауда министрлігі (2020). Қытайдың сыртқы саудасы 2019 жылы оң өсімге қол жеткізді. Сілтеме: http://www.mofcom.gov.cn/article/i/jyjl/l/202001/20200102930289.shtml. Қаралған уақыты: 01.02.2021.

Синьхуа (2021). Ян Цзечи АҚШ-Қытай қатынастары ұлттық комитетінің онлайн отырысында сөз сөйледі. Сілтеме: http://www.xinhuanet.com/world/2021-02/02/c_1127054161.htm. Қаралған уақыты: 02.02.2021.

Федералдық сайлау комиссиясы (2021). 2020 жылғы жалпы президенттік сайлаудың ресми нәтижелері. Сілтеме: https://www.fec.gov/resources/cms-content/documents/2020presgeresults.pdf. Қаралған уақыты: 28.01.2021.

# ПЕРЕОСМЫСЛЕНИЕ ГЛОБАЛЬНОГО СОТРУДНИЧЕСТВА В БОРЬБЕ С ПАНДЕМИЕЙ COVID-19
# COVID-19 ПАНДЕМИЯСЫНА ҚАРСЫ КҮРЕСТЕГІ ЖАҺАНДЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ ҚАЙТА ҚАРАУ

*Суат Бейлур**

Пандемия COVID-19, которая по-прежнему вызывает множество вопросов относительно ее происхождения и даты распространения, в течение последнего года продолжает оставаться глобальным кризисом с рисками, опасностями и разрушительными последствиями по всем аспектам. Хотя паника и страх, преобладавшие в начале пандемии, уменьшились с появлением вакцин, ожидается, что кризис будет продолжаться еще долгое время из-за проблем с поставками, распределением и справедливым обменом вакцинами. Более того, хотя экономически и технологически сильные страны «способны позаботиться о себе», примерно 10% населения мира, особенно общества в Африке, Азии и Южной Америке [BBC, 2019], живут за чертой бедности. Поэтому, учитывая тот факт, что эти страны не всегда могут поставлять вакцины, используя свои собственные ресурсы, было бы наивно думать о глобальном сокращении передачи или прекращении пандемии на уровне стран. Здесь возникают некоторые вопросы: во-первых, какова роль Всемирной организации здравоохранения (ВОЗ) в управлении пандемией и борьбе с ней, что часто обсуждается в обществе; во-вторых, почему не могло быть реализовано «глобальное сотрудничество» в справедливом обмене вакцинами; последний и самый важный вопрос: почему международное сотрудничество, которое наиболее ярко проявляется в международной торговле и смежных вопросах, (до сих пор) не оправдало ожиданий во время кризиса COVID-19? Этот анализ направлен на об-

COVID-19 пандемиясының шығу тегі мен шыққан күні туралы әлі де көптеген сұрақтарға ие бола отырып, бір жылдан астам уақыт бойы қауіп-қатерлерімен және барлық салалардағы жойқын әсерімен жаһандық дағдарысты жалғастыруда. Пандемияның басталуындағы дүрбелең мен қорқыныш вакцинаның ашылуымен салыстырмалы түрде азайған сияқты болғанымен, вакцинаны жеткізу, тарату және әділ бөлісу мәселелеріне байланысты дағдарыс ұзаққа созылатыны болжануда. Экономикалық және технологиялық жағынан мықты елдер «өзіне өзі қарағандықтан», екінші жағынан әлем халқының шамамен 10%-ы [BBC, 2019], әсіресе Африка, Азия және Оңтүстік Америкадағы қоғамдар аштық жағдайында өмір сүреді, сондықтан вакциналарды өз ресурстарымен қамтамасыз ету мүмкін еместігін ескере отырып, індеттің таралуын азайту немесе пандемияның өздігінен аяқталуы туралы пікір аңғалдық болады. Бұл тұрғыда бірнеше сұрақтар ойға оралады: біріншісі - қоғамдық пікірде жиі талқыланған, пандемияны басқару мен бақылаудағы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) рөлі; екіншісі, вакциналармен әділетті бөлісуде «жаһандық ынтымақтастық» неге жүзеге асырылмады; соңғы және ең маңыздысы - халықаралық сауда кедергілері мен бұзушылықтар туралы Дүниежүзілік Сауда Ұйымы (ДСҰ) сияқты ғаламдық ұйымдар немесе елдер арасындағы ынтымақтастық немесе салынған санкциялар, гуманитарлық дағдарысқа

* доктор, Евразийский научно-исследовательский институт, Казахстан.
suatbeylur@gmail.com

суждение состояния глобального сотрудничества, включая место ВОЗ в кризисе, вызванном пандемией COVID-19, в рамках этих вопросов.

Той эпохе, в которой мы живем, было дано множество названий и характерных определений. В литературе по социальным наукам наиболее часто используются определения «новый мировой порядок» и «глобализация», особенно в период после 1990 года. Хотя существует множество определений и разных точек зрения, глобализация определяется как «процесс увеличения влияния между людьми, сообществами, государствами и нациями в политике и экономике, в спорте и искусстве, в торговле и культуре» [Бюльбюль, 2005], где взаимозависимость ставится во главу угла.

В рамках дискуссий о глобализации был сделан ряд концептуализаций, таких как вторая современность, постмодерн, информационное общество и общество риска, в отношении сегодняшних обществ и международной системы. Среди них подход Ульриха Бека к обществу риска основан на аргументе о том, что существует новая модернизация, которая является непрерывным продолжением сегодняшней действительности. В своей статье «Общество риска: к новой современности», развивая свои мысли об обществе риска, Бек классифицирует существующие риски по таким категориям, как экологический, политический, несправедливый, экономический, технологический и индивидуальный. Подчеркивая, что все эти риски являются продуктом жизнедеятельности людей, Бек фокусирует внимание на рисках, вызванных неосознанными практиками в медицине и генных технологиях, а также на экологических проблемах, возникающих в результате неправильной политики и действий в наше время, особенно заостряя на этом внимание в своей работе под названием «Экологическая политика в эпоху риска» [Бек, 1995]. Описывая

айналған COVID-19 пандемиясында неліктен қолдану мүмкін болмады. Бұл талдау осы сұрақтар аясында COVID-19 пандемиясы туындаған дағдарыстағы ДДҰ-ның орнын қоса алғанда, жаһандық ынтымақтастықтың жай-күйін талқылауға бағытталған.

Біз тұрып жатқан дәуірге қатысты көптеген атаулар мен сипаттамалар жасалды. Әсіресе 1990 жылдан кейінгі кезеңде әлеуметтік ғылымдар әдебиетінде қолданылған «жаңа әлемдік тәртіп» және «жаһандану» осы анықтамалардың ішіндегі ең кең тарағаны болып табылады. Әр түрлі көзқарастарға сәйкес көптеген анықтамалар болғанымен, жалпы мағынада жаһандану, «жеке адамдар, қауымдастықтар, мемлекеттер мен ұлттар арасындағы өзара тәуелділіктің орталықта болатын саясаттан экономикаға, спорттан өнерге, саудадан мәдениетке дейін ықпалдың күшею үдерісі» ретінде анықталады [Бұлбұл, 2005].

Жаһандану пікірталастары аясында қазіргі қоғамдар мен халықаралық жүйеге қатысты екінші модернизм, постмодерн, ақпараттық қоғам және тәуекел қоғамы сияқты бірқатар тұжырымдамалар жасалды. Олардың ішінде Ульрих Бектің тәуекелді қоғамға деген көзқарасы қазіргі заманның үздіксіз жалғасы болып табылатын жаңа модернизацияның бастан кешіп жатқандығы туралы негізгі дәлелдерге негізделген. Бек өзінің «Тәуекел қоғамы: жаңа заманға қарай» атты еңбегімен тәуекел қоғамы туралы ойларын талқылай отырып, бүгінгі тәуекелдерді экологиялық, саяси, әділетсіздік, экономикалық, технологиялық және дараландыру сияқты санаттарға жіктеді. Осы тәуекелдердің барлығы адамның өндірісі екеніне назар аудара отырып, Бек әсіресе «Тәуекел дәуірінде экологиялық саясат» атты еңбегінде дәуіріміздегі дұрыс емес саясат пен тәжірибе нәтижесінде медицина мен гендік

основную причину упомянутых рисков как «организованную безответственность», Бек подчеркивает, что существует потребность в глобальной и правительственной осведомленности о снижении рисков, сильных надзорных и регулирующих институтах.

В настоящее время, когда глобализация постоянно ускоряется, пандемия COVID-19 вызвала серьезный глобальный кризис как конкретный индикатор «организованной безответственности». По состоянию на 24 февраля 2021 года количество заболевших коронавирусом приближается к 113 миллионам во всем мире. Приблизительно 2,5 миллиона человек умерли от коронавируса по сравнению с 88 миллионами выздоровевших пациентов [Worldometers, 2021]. По состоянию на декабрь 2020 года, если посмотреть на показатели вакцинации по странам, такие страны, как Израиль, Объединенные Арабские Эмираты, Англия, Соединенные Штаты Америки (США), Европейский Союз (ЕС), Китай и Россия, входят в первую десятку. Практические данные показывают, что показатели вакцинации в странах Африки, Азии и Южной Америки остаются на очень низком уровне, за некоторыми исключениями, когда показатели численности населения и заболеваемости низкие [Our World in Data, 2021]. Такое положение дел показывает, что вакцина распределялась несправедливо, и это вызвало реакцию Генерального секретаря Организации Объединенных Наций (ООН) Антониу Гутерриша. Гутерриш заявил, что «10 стран получили 75% вакцин против коронавируса в мире, в то время как 130 стран не получили даже ни одной дозы вакцины», и продемонстрировал свою реакцию на эту несправедливость, заявив, что добросовестное использование вакцин в этом кризисе является «самым большим испытанием, с которым сталкивается мировое сообщество» [BBC, 2021].

технологиядағы бейсаналық тәжірибе мен экологиялық проблемалардан туындаған тәуекелдерге назар аударады [Бек, 1995]. Аталған тәуекелдердің негізгі себебін «ұйымдасқан жауапсыздық» ретінде сипаттай отырып, Бек тәуекелдерді азайту үшін мемлекеттер мен әлемдік деңгейдегі хабардарлық, ынтымақтастық және мықты қадағалау мен бақылау институттары қажет екендігін атап көрсеткен.

Жаһандану мүмкіндігінше жеделденіп жатқан қазіргі әлемде, Қытайдан шыққаны белгілі болған COVID-19 пандемиясы «ұйымдасқан жауапсыздықтың» нақты көрсеткіші ретінде ірі әлемдік дағдарысты тудырды. 2021 жылғы 24 ақпандағы жағдай бойынша дүние жүзінде тіркелген коронавирустық жағдайлар саны 113 миллионға жақындады. Коронавирустан шамамен 2,5 миллион адам қайтыс болған болса, 88 миллион ауруынан жазылды [Worldometers, 2021]. 2020 жылғы желтоқсандағы жағдай бойынша Америка құрама штаттары (АҚШ), Германия, Англия, Ресей және Қытайда өндірілген вакциналардың елдер бойынша қолданылуын қарастырған кезде Израиль, Біріккен Араб Әмірліктері, Англия, АҚШ, Еуропалық Одақ (ЕО), Қытай және Ресей сияқты елдер алғашқы ондыққа кіреді. Практикаға негізделген мәліметтер, кейбір ерекше жағдайларды қоспағанда, халық саны мен жағдайлары төмен Африка, Азия және Оңтүстік Америка елдерінде вакцинацияның деңгейі өте төмен болып қалғанын көрсетеді [Our World in Data, 2021]. Вакцинаның жалпыға ортақ еместігін көрсететін бұл жағдай Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) Бас хатшысы Антонио Гутерриштің реакциясына себеп болды. Гутерриш мәлімдемесінде «10 мемлекет әлемдегі коронавирустық вакциналардың 75%-ын алса, ал 130 ел тіпті бір доза да ала алмады», - дей отырып, аталмыш әділетсіздікке өзінің реакциясын көрсетіп, осы дағда-

Когда мы вспоминаем дисбаланс и неравенство между Севером и Югом, возникает большой вопрос, почему ООН, ВОЗ, США и ЕС, которые «отождествляются с демократией и правами человека», хранят молчание и не реагируют на эту несправедливость, которая влияет на жизнь миллионов людей. Глобализация, увеличивая роль глобальных организаций, также открыла дискуссии относительно легитимности и обязательности этих организаций. Хотя глобализация повысила важность международных организаций и других негосударственных структур в международных отношениях, государства по-прежнему фактически сохраняют свое положение основных определяющих игроков как во внутренней политике, так и во внешних вопросах, связанных с суверенными правами [Сонмезоглу, 2000]. В контексте международных организаций, несмотря на существование разных взглядов на легитимность международного права и связанную с ним обязательность, общее мнение, поддерживаемое международными правоведами, такими как Джек Голдсмит и Эрик Познер, заключается в том, что основы международного права недостаточны и, следовательно, его легитимность является спорным вопросом [Оздан, 2018]. Проблема легитимности международного права вызывает различную критику со стороны международных организаций. Эта проблема легитимности международного права естественным образом отражается на обязательности функций и решений международных организаций. Эта проблема проявляется в позиции ВОЗ и ее отношениях с государствами, особенно с Китаем, с начала пандемии COVID-19.

Основанная в 1948 году с целью «достижения максимально возможного уровня здоровья для всех людей», ВОЗ в настоящее время насчитывает 194 члена и около 7000 сотрудников в 150 странах. Цель организации – обеспечить сотрудничество и координацию медицинских

рыс жағдайында вакциналарды әділ қолдану «әлемдік қауымдастық алдында тұрған ең үлкен сынақ» деп мәлімдеді [BBC, 2021].

Солтүстік-Оңтүстік теңгерімсіздігі мен теңсіздікті тағы да еске алған бұл сәтте БҰҰ- ын қоса алғанда ДДҰ және «Демократия мен адам құқықтарымен» байланысты АҚШ пен ЕО неге үнсіз қалып, миллиондаған адамдардың өміріне қатысты осы әділетсіздікке жауап бермейтіндігі үлкен сұрақ. Жаһандану, бір жағынан, жаһандық ұйымдардың рөлін арттыра отырып, екінші жағынан, осы ұйымдардың шешімдерінің заңдылығын және міндетті сипатын қайтадан талқылауға ашты. Жаһандану халықаралық ұйымдар мен басқа да мемлекеттік емес құрылымдардың халықаралық қатынастардағы маңыздылығын арттырғанымен, мемлекеттер өздерінің ішкі саясатында да, егемендік құқықтарымен байланысты сыртқы мәселелерде де іс жүзінде негізгі детерминант актер болу позициясын сақтайды [Сонмезоғлы, 2000]. Халықаралық ұйымдардың контекстінде халықаралық құқықтың заңдылығы және оған қатысты оның міндеттілігі туралы әр түрлі пікірлер болғанымен, Джек Голдсмит пен Эрик Познер сияқты халықаралық заңгерлер қорғаған ортақ көзқарас халықаралық құқықтың негіздері жеткіліксіз және сондықтан оның заңдылығың даулы болуы [Оздан, 2018]. Халықаралық құқықтың заңдылық проблемасы, түрлі ұйымдардың әртүрлі сын-ескертпелер алуына себеп болды. Халықаралық құқықтағы заңдылық проблемасы, халықаралық ұйымдардың функциялары мен шешімдерінің міндеттілігінде көрінеді. Бұл проблема ДДҰ-ның көзқарасы мен оның мемлекеттермен, әсіресе Қытаймен қарым-қатынасында «COVID-19» пандемиясының басталуынан бастап нақты байқалды.

исследований на международном уровне. Также ВОЗ может предоставлять правительствам консультации на высшем уровне по международным вопросам в области здравоохранения [Всемирная организация здравоохранения, 2021]. Решения ВОЗ не являются обязательными для государств. Если посмотреть на отношения ВОЗ с Китаем с целью получения точных и надежных данных о пандемии, можно заметить, что Организации не хватает сотрудничества и координации между государствами. Из-за этого и некоторых других обвинений бывший президент США Дональд Трамп резко раскритиковал ВОЗ и объявил, что США прекратили отношения с ВОЗ 29 мая 2020 г. [Агентство Анадолу, 2020a]. Помимо США, ВОЗ подверглась критике со стороны Франции и Японии по разным причинам [Агентство Анадолу, 2020b]. Однако теперь, когда работы по вакцинации близятся к завершению и развитые страны получили большинство предварительно заказанных вакцин, тот факт, что «почти 75% мировых обществ» не получили ни одной дозы вакцины систематически упоминается самим Генеральный секретарем ООН. Это заставляет задуматься как с точки зрения демонстрации раны «глобального сотрудничества», так и с точки зрения того факта, что «новая одежда императора» признана самим императором.

Вышеупомянутое признание, сделанное Генеральным секретарем ООН, также подорвало идеал девиза «Только одна Земля», который запечатлен в нашей памяти, особенно по вопросам окружающей среды и здоровья. На данный момент международное сообщество считает, что у международных организаций накопилось больше онтологических проблем, помимо проблем с правовой легитимностью, как свидетельствует пример ВОЗ. На данный момент, если не начинать новую дискуссию о гегемонии и не вырывать этот вопрос из контекста, какова была бы реакция ООН, ВОЗ, ЕС,

1948 жылы «барлық адамдар үшін мүмкін болатын денсаулық деңгейіне жету» мақсатында құрылған ДДҰ қазіргі уақытта 150 елде 194 мүше және 7,000-ға жуық қызметкерден тұрады. Ұйым өзінің жарғысында денсаулық сақтау саласындағы зерттеулерді халықаралық деңгейде үйлестіруді қамтамасыз ету мақсатын жариялаған болатын. Халықаралық денсаулық сақтау мәселелері бойынша мемлекеттерге жоғары деңгейде кеңес бере алатындығына қарамастан [Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы, 2021], ДДҰ шешімдері мемлекеттер үшін міндетті емес. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының пандемия туралы нақты және сенімді деректерге қол жеткізу үшін Қытаймен қарым-қатынасын ескере отырып, Ұйымның мемлекеттер алдында үйлестіруді қамтамасыз ете алмағандығы байқалды. Осы және басқа да кейбір айыптауларға байланысты АҚШ-тың бұрынғы президенті Дональд Трамп ДДҰ-ны қатаң сынға алып, АҚШ-тың 2020 жылғы 29 мамырдан бастап ДДҰ-мен қарым-қатынасын тоқтатқанын мәлімдеді [Анадолу агенттігі, 2020a]. АҚШ-тан басқа, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымына Франция мен Жапониядан әр түрлі себептермен сын айтылды [Анадолу агенттігі, 2020b]. Алайда вакцинациялау жұмыстары аяқталып жатқан қазіргі кезде, дамыған елдердің алдын-ала тапсырыс берілген вакциналардың басым көпшілігін артығымен сатып алғанына және «Әлемдік қоғамдардың шамамен 75%-ы» вакцинаның бір дозасына да жете алмағаны жайлы шындықты Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Бас хатшысының өзі жүйелі түрде баяндауы, «жаһандық ынтымақтастықтың» жарасын көрсету тұрғысынан да, «корольдің жалаңаштығын» корольдің өзі мойындауы тұрғысынан да ойландырады.

ДДҰ-ның Бас хатшының жоғарыдағы мойындауы, сондай-ақ, біздің

США и других государств, если страна, обвиняемая во введении в заблуждение ВОЗ путем сокрытия данных во время этого кризиса, в результате которого погибло более 2,5 миллиона человек, была не Китаем, а обычной страной? Уместно задать этот вопрос и оставить ответ читателю.

Таким образом, пандемия COVID-19, которую мы можем назвать результатом «организованной безответственности» в наше время, когда глобальное сотрудничество и глобальное управление больше не являются предметом выбора, открыла дискуссию о существовании и функциях международного права и международных организаций в обществе риска. В этот период, когда часто обсуждалась сама глобализация, произошли радикальные изменения в национальной политике государств и значительные разрывы в межстрановых отношениях. Рост ксенофобии в некоторых европейских странах в начале пандемии, «масочные войны» между государствами, связанные с поставками масок [Deutsche Welle, 2020] и эгоистичная политика, далекая от сотрудничества, когда «каждый заботится о себе», как видно из отсутствия обмена вакцинами, представляют наиболее конкретные индикаторы уязвимости. Пандемия COVID-19 требует пересмотра и преобразования международного права и глобальных организаций в соответствии с темпами глобализации. Кроме того, она показала важность повышения осведомленности в широком диапазоне вопросов, на уровне отдельных лиц, обществ, государств и международных организаций, касательно рисков, которые несет само человечество.

**Источники:**

Агентство Анадолу (2020a). Трамп объявил, что США прекращают отношения с ВОЗ. Доступно по адресу: https://www.aa.com.tr/tr/dunya/trump-abdnin-dso-ile-iliskisini-sonlandirdigini-acikladi/1858292. Дата обращения: 25.02.2021.

әсіресе экологиялық және денсаулық сақтау мәселелерінде есімізде сақталған «Бізде бір ғана әлем бар» ұранының идеалына нұқсан келтірді. Осы сәтте халықаралық қоғамдастықта Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мысалында көрсетілгендей, заңдылық мәселелерінен тыс халықаралық ұйымдарда онтологиялық мәселелер көп екендігі байқалды. ДДҰ мысалында көрсетілгендей, халықаралық ұйымдардың, заңды заңдылықтан тыс көп онтологиялық проблемалардың бар екеніне көз жеткізілді. Осы сәтте, гегемония туралы жаңа талқылауды бастамай және мәселені контексттен шығармай, 2,5 миллионнан астам адамның өмірін қиған осы дағдарыста мәліметтерді жасырып, ДДСҰ-ға дұрыс жол көрсетпеді деп айыпталған Қытай емес, қарапайым ел болса, БҰҰ, ДДҰ, ЕО, АҚШ және басқа мемлекеттердің реакциясы қандай болар еді? Сұрағын қойып, жауабын оқырманға қалдыру орынды болар еді.

Қысқаша айтқанда, «ұйымдастырылған жауапсыздықтың» нәтижесі деп айтуға болатын COVID-19 пандемиясы жаһандық ынтымақтастық пен жаһандық басқару енді таңдау бола алмайтын біздің дәуіріміздe тәуекел қоғамындағы халықаралық құқық пен халықаралық ұйымдардың болуы мен функциялары талқылауға ашылды. Жаһанданудың өзі жиі талқыланатын бұл кезеңде ұлттық саясаттағы түбегейлі өзгерістер мен мемлекеттер арасындағы қатынастардың айтарлықтай құлдырауы да орын алды. Пандемия басталған кезде кейбір еуропалық елдерде ксенофобияның күшеюі, маскаларды жеткізу нүктесіндегі мемлекеттер арасындағы «маска соғысы» [Deutsche Welle, 2020] және вакцинаны бөлісу кезінде байқалған «әркім өз өзіне» ынтымақтастықтан алыс өзімшіл саясат бұл жағымсыз жағдайлардың ең нақты көрсеткіштері. COVID-19 пандемиясы халықаралық құқықты және жаһандық ұйымдар-

Агентство Анадолу (2020b). Критика Китая из Японии в адрес ВОЗ. Доступно по адресу: https://www.aa.com.tr/tr/dunya/japonyadan-dsoye-cin-elestirisi-/1783181. Дата обращения: 24.02.2021.

BBC (2021). Вакцина против COVID: ООН объявила, что 10 стран получили 75 процентов вакцин, а 130 стран не имеют вакцин. Доступно по адресу: https://www.bbc.com/turkce/haberler-dunya-56110667. Дата обращения: 25.02.2021.

BBC (2018). Всемирный день борьбы с бедностью: действительно ли бедность сокращается? Доступно по адресу: https://www.bbc.com/turkce/haberler-dunya-50062398. Дата обращения: 23.02.2021.

Бек, Ульрих (1995). Экологическая политика в эпоху риска. Полити Пресс, с. 36-48.

Бюльбюль, Кудрет (2005). Глобализация и перемены: что нового и необычного? Muhafazakar Dusunce Dergisi. 1, (4). сс. 65-76.

Всемирная организация здравоохранения (2021). ВОЗ Конституция. Доступно по адресу: https://www.who.int/about/who-we-are/constitution. Дата обращения: 24.02.2021.

Deutsche Welle (2021). «Войны масок» в условиях эпидемии 2021. Доступно по адресу: https://www.dw.com/tr/salg%C4%B1nda-maske-sava%C5%9Flar%C4%B1/a-53010311. Дата обращения: 24.02.2021.

Йылмаз, Нежла (2004). Новый мировой порядок и окружающая среда. Sav Publications, Стамбул. с. 186-304.

Оздан, Селман (2018). О легитимности международных организаций: авторитет де-факто. Akademik Hassasiyetler. 5, (10), б. 127.

Сонмезоглу, Фарук (2000). Анализ политики и внешней политики (пересмотренное и дополненное 3-е издание), Книжный магазин Filiz, Стамбул, с. 541.

Worldometers (2021). Пандемия коронавируса COVID-19. Доступно по адресу: https://www.worldometers.info/coronavirus/. Дата обращения: 24.02.2021.

дың қайтадан талқыланып, жаһандану қарқынына сәйкес өзгеруін қажет етті. Сонымен қатар, бұл адамдардан бастап қоғамға, мемлекетке және халықаралық ұйымдарға дейін адамзаттың өзі шығаратын қауіп-қатерлерден хабардарлықты арттырудың маңыздылығын көрсетті.

**Дереккөз:**

Анадолу агенттігі (2020a). Трамп АҚШ-тың ДДҰ-мен қарым-қатынасын үзетінін жариялады. Сілтеме: https://www.aa.com.tr/tr/dunya/trump-abdnin-dso-ile-iliskisini-sonlandirdigini-acikladi/1858292. Қаралған уақыты: 25.02.2021.

Анадолу агенттігі (2020b). Жапониядан ДДҰ-ға «Қытай» сыны. Сілтеме: https://www.aa.com.tr/tr/dunya/japonyadan-dsoye-cin-elestirisi-/1783181. Қаралған уақыты: 24.02.2021.

BBC (2021). Ковидке қарсы вакцина: БҰҰ 10 ел вакциналардың 75 пайызын алғанын, 130 елде вакциналар жоқ екенін жариялады. Сілтеме: https://www.bbc.com/turkce/haberler-dunya-56110667. Қаралған уақыты: 25.02.2021.

BBC (2019). Дүниежүзілік кедейшілікке қарсы күн: кедейлік шынымен азайып бара ма? Сілтеме: https://www.bbc.com/turkce/haberler-dunya-50062398. Қаралған уақыты: 23.02.2021.

Бек, Ульрих (1995). Тәуекел дәуіріндегі экологиялық саясат. Polity Press, бб. 36-48.

Бұлбұл, Құдрет (2005). Жаһандану және өзгерістер: жаңа және айырмашылығы неде? Muhafazakar Dusunce Dergisi. 1, (4). бб. 65-76.

Deutsche Welle (2021). Эпидемиядағы «маска соғыстары». Сілтеме: https://www.dw.com/tr/salg%C4%B1nda-maske-sava%C5%9Flar%C4%B1/a-53010311. Қаралған уақыты: 23.02.2021.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (2021). Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы конституциясы. Сілтеме: https://www.who.int/about/who-we-are/constitution. Қаралған уақыты: 24.02.2021.

Йылмаз, Нежла (2004). Жаңа әлемдік тәртіп және қоршаған орта. Sav Publications, Стамбул. бб. 186-304.

Оздан, Салман (2018). Халықаралық ұйымдардың заңдылығы туралы: Де-факто авторитет. Akademik Hassasiyetler. 5, (10), б. 127.

Сонмезоғлы, Фарук (2000). Саясат және сыртқы саясатты талдау (3-ші басылым, қайта қаралған және кеңейтілген), Filiz Kitabevi, İstanbul, б. 541.

Worldometers (2021). COVID-19 коронавирус пандемиясы. Сілтеме: https://www.worldometers.info/coronavirus/. Қаралған уақыты: 24.02.2021.

# ИНИЦИАТИВА «НОВАЯ АЗИЯ» И ВИЗИТЫ МИНИСТРА ИНОСТРАННЫХ ДЕЛ ТУРЦИИ В ЦЕНТРАЛЬНУЮ АЗИЮ
# «ЖАҢА АЗИЯ» БАСТАМАСЫ ЖӘНЕ ТҮРКИЯ СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРІНІҢ ОРТАЛЫҚ АЗИЯҒА САПАРЫ

*Вакур Сүмер**

11-я конференция послов, состоявшаяся в августе 2019 года, представляет собой отправную точку инициативы «Новая Азия», объявленной министром иностранных дел Турции Мевлютом Чавушоглу [Центр стратегических разработок, 2021]. Идея о том, что центр тяжести основной экономической и политической платформы мира постепенно смещается на Восток, в Азию с центром в Китае, в последние годы получает все большее признание. Эта трансформация, которая, как считается, ускорится с инициативой «Один пояс, один путь», объявленной Китаем в 2013 году, привела к необходимости поднять интерес Турции к региону на более высокий уровень, которая стремится установить более глубокие отношения со странами региона, расширить сферу своего влияния и развивать коммерческие интересы. Хотя инициатива «Новая Азия», разработанная в соответствии с перечисленными выше целями, похоже, не достигла желаемых результатов в течение 2020 года из-за глобальной пандемии коронавируса, с начала 2021 года она снова начала приобретать важное значение. Хотя основную цель инициативы «Новая Азия» можно рассматривать как расширение торговых отношений со странами АСЕАН и ВРЭП, где Восточная Азия и Юго-Восточная Азия выделяются как ключевые регионы, фактически, большие территории, такие как Южная Азия и Центральная Азия, которые соседствуют с этими

2019 жылдың тамыз айында өткен 11-ші Елшілер конференциясы Түркияның Сыртқы істер министрі Мевлүт Чавушоглу жариялаған «Жаңадан Азия бастамасының» алғашқы қадамы болып табылады [Стратегиялық зерттеулер орталығы, 2021]. Әлемнің негізгі экономикалық және саяси платформасының ауырлық орталығы бірте-бірте шығысқа қарай, Қытайға бағытталған Азияға ауысқандығы туралы пікірлер соңғы жылдары көбірек айтыла бастады. 2013 жылы Қытай жариялаған «Белдеу және жол» бастамасы арқылы одан сайын тездей түскендігі туралы бұл ауысу аймақ елдерімен тереңірек байланыс орнату, ықпал ету аясын кеңейту, аймаққа қызығушылықтарын дамытқысы келетін Түркияның коммерциялық мүдделері жоғарғы деңгейден алып тастау қажеттілігін тудырды. Жоғарыда аталған мақсаттарға арналған Жаңадан Азия бастамасы жаһандық корона вирусының эпидемиясына байланысты 2020 жыл бойына қажетті серпінге қол жеткізе алмағанымен, 2021 жылдың басынан бастап маңызды сипатқа ие бола бастаған сияқты. Жаңадан Азия бастамасының негізгі мақсаты Шығыс Азия мен Оңтүстік-Шығыс Азия негізгі аймақтар ретінде ерекшеленетін АСЕАН және Аймақтық жан-жақты экономикалық серіктестік (RCEP) елдерімен сауда байланыстарын арттыру болып көрінсе де, шын мәнінде, осы аймақтармен көршілес елдер

* Доцент, доктор, Евразийский научно-исследовательский институт, Казахстан. vsumer@gmail.com

регионами, необходимо внимательно изучить.

В этом контексте в доступе к ориентированной на Китай Новой Азии роль стран Центральной Азии имеет для Турции решающее значение. Исторические братские узы, а также политические, экономические и культурные отношения, которые быстро развивались после обретения независимости, обещают дать возможность развивать отношения и политику на основе общих интересов между Турцией и странами региона в отношении Восточной и Юго-Восточной Азии в ближайшем будущем. Первые два направления, Туркменистан и Узбекистан, которые посетил в рамках турне по Центральной Азии в марте министр иностранных дел Турции Мевлют Чавушоглу, увенчав эти надежды конкретными событиями, показали, что это возможно и необходимо.

Министр иностранных дел Турции Мевлют Чавушоглу в рамках своего турне по Центральной Азии, в ходе визита в Туркменистан 6 марта 2021 года, был принят президентом Туркменистана Гурбангулу Бердымухамедовым. В тот же день Чавушоглу встретился с заместителем председателя Кабинета министров, министром иностранных дел Туркменистана Рашидом Мередовым. С 7 по 9 марта 2021 года он посетил Узбекистан и встретился с президентом Шавкатом Мирзиёевым, министром иностранных дел Абдулазизом Камиловым и заместителем премьер-министра и министром инвестиций и внешней торговли Сердаром Умурзаковым. Среди важных тем повестки дня были вопросы транспорта и энергетики в Туркменистане, экономика, безопасность в Узбекистане, открытие генерального консульства в Самарканде и планирование встреч на высоком уровне. Определение месторождения «Достлук» на Каспии для совместных исследований Туркменистаном и Азербайджаном вызвало интерес стран и компаний, связан-

және Оңтүстік Азия мен Орталық Азия сияқты үлкен аймақтарды мұқият зерттеу қажет.

Бұл тұрғыда Қытайға негізделген Жаңа Азияға шығуда Орталық Азия елдерінің рөлі Түркия үшін шешуші маңызға ие. Тарихи бауырластық байланыстар, тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде қарқынды дамыған саяси, экономикалық және мәдени қатынастар болсын жақын болашақта Түркияның аймақ елдерімен, Шығыс пен Оңтүстік-Шығыс Азияға деген ортақ мүдделер негізінде көзқарастар мен саясатты дамыта алуы үміт беруде. Түркия Республикасының Сыртқы істер министрі Мевлүт Чавушоглуның наурыз айындағы Түркіменстан мен Өзбекстаннан құралған Орталық Азиядағы алғашқы аялдамалары бұл үмітті дәлелдей түсті.

2021 жылы 6 наурызда Түркия Сыртқы істер министрі Мевлүт Чавушоглы Орталық Азия туры барысында Түркіменстанға келіп, Түркіменстанның Президенті Гурбангулы Бердімұхаммедовпен көрісті. Сол күні Түркіменстан Министрлер Кеңесі Төрағасының орынбасары және Сыртқы істер министрі Рашид Мередовпен кездесті. 2021 жылдың 7-9 наурызы аралығында Өзбекстанға барып, Президент Шевкет Мирзиёевпен, Сыртқы істер министрі Абдулазиз Камиловпен және Премьер-Министрдің орынбасары, Инвестициялар және сыртқы сауда министрі Сердар Умурзаковпен кездесті. Күн тәртібіндегі негізгі тақырыптардың қатарында Түркіменстандағы көлік және энергетика, Өзбекстандағы экономика мен қауіпсіздік, Самарқандта бас консулдықтың ашылуы және жоғары деңгейдегі кездесулердің жоспарлануы болды. Түркіменстан мен Әзірбайжанның бірлесіп зерттейтін Каспий теңізіндегі «Достық» кен орнын анықтауы энергетика саласындағы елдер мен компаниялардың, сондай-ақ Түркияның қызығушылығын тудырды. Бұл

ных в области энергетики, а также Турции. В этой связи Чавушоглу пригласил президента Туркменистана Гурбангулы Бердымухамедова на трехсторонний саммит Азербайджан-Турция-Туркменистан. Основываясь на новой дорожной карте экономических и политических отношений, 2-е заседание узбекско-турецкого стратегического сотрудничества на высшем уровне и определение программы сотрудничества между министерствами на 2022-2023 годы стали основными пунктами повестки дня в Узбекистане. С другой стороны, в ходе визита Узбекистан проявил интерес к оборонной технике, в том числе к турецким БПЛА и бронетехнике [Министерство иностранных дел Турции, 2021a].

Было констатировано, что в ходе его визита в Туркменистан были продуктивными встречи с Президентом Гурбангулу Бердымухамедовым и заместителем Председателя Кабинета министров, министром иностранных дел Рашидом Мередовым. Среди важных тем в ходе переговоров были новые возможности сотрудничества, особенно в области энергетики и транспорта. Что касается транспорта, Туркменистан в настоящее время закрыт для всех рейсов, но Turkish Airlines будет разрешено вылететь в Туркменабад как можно скорее, а турецким водителям грузовиков будет разрешен въезд в страну. Однако водители грузовиков должны пройти тест на COVID-19 один раз при выезде из Азербайджана и еще раз при въезде в Туркменистан. Министр Чавушоглу заявил, что Туркменистан, будучи нейтральной страной с постоянным статусом, не создает препятствий для развития отношений. В области энергетики совместное исследование и освоение Азербайджаном и Туркменистаном углеводородного месторождения «Достлук» на Каспийском море было поддержано Турцией, и было заявлено, что такие компании, как TPAO и BOTAS, готовы сотрудничать в этом направлении. Вопрос о включении Турции в этот

тұрғыда Чавушоглу Әзірбайжан-Түркия-Түрікменстан форматында өтетін үш жақты саммитке Түркіменстан Президенті Гурбангулы Бердімухамедовты шақырды. Өзбекстанда күн тәртібінің негізгі мәселелерін экономикалық және саяси қатынастардың жаңа жол картасын құру арқылы Өзбекстан-Түркия Жоғары деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің екінші отырысы және Министрліктер арасындағы 2022-2023 жылдарды қамтитын Ынтымақтастық бағдарламасын айқындау мәселелері құрады. Екінші жағынан, Өзбекстанның сапар барысында, Түркияның ұшқышсыз ұшатын аппараттары мен бронды машиналарын қосқанда қорғаныс техникасына қызығушылық танытқаны хабарланды [Түркия Сыртқы істер министрлігі, 2021a].

Мевлүт Чавушоглу Түркіменстанға сапары кезінде Президент Гурбангулу Бердімухамедов және Түркіменстан Министрлер кеңесі төрағасының орынбасары және Сыртқы істер министрі Рашид Мередовпен кездесулерінің жемісті болғандығы айтылды. Келіссөздер барысында маңызды тақырыптардың арасында энергетика және көлік саласындағы жаңа ынтымақтастық мүмкіндіктері болды. Тасымалдау тұрғысынан Түркіменстанның қазіргі уақытта барлық рейстерге жабық екендігі, алайда жақын арада Түрік әуе жолдарының (THY) Түркменабад қаласына ұшуына және түрік жүк көліктерінің жүргізушілерінің елге кіруіне рұқсат берілетіні баяндалды. Алайда жүк көлігінің жүргізушілері Әзірбайжаннан шыққан кезде бір рет және Түркіменстанға кірген кезде тағы бір рет COVID-19 тестінен өтуі керек. Сыртқы істер министрі Чавушоғлу Түркіменстанның тұрақты мәртебеге ие бейтарап ел болуы қарым-қатынастың дамуына кедергі бола алмайтынын мәлімдеді. Энергетика саласында Әзірбайжан мен Түркіменстанның Каспий теңізіндегі «Достық» көмірсутегі кен

проект будет обсуждаться на трехсторонних встречах и саммитах в ближайшие дни, и было объявлено, что с участием президента Реджепа Тайипа Эрдогана пройдут саммиты Турция-Туркменистан и Турция-Туркменистан-Азербайджан. Среди заявлений министра Чавушоглу есть также заявление: «Мы хотим как можно скорее начать переговоры о преференциальном торговом соглашении с Туркменистаном». Короче говоря, новое сотрудничество в сферах экономики, энергетики и транспорта составило основные темы визита Чавушоглу в Туркменистан [Агентство Анадолу, 2021].

Первой остановкой министра иностранных дел Турции в Узбекистане стал Самарканд. Чавушоглу при участии Министра иностранных дел Узбекистана Абдулазиза Камилова, заместителя Премьер-министра по туризму, Азиза Абдулхакимова, Посла Турции в Ташкенте, Ольги Бекар и Генерального консула Турции в Самарканде Джанер Салих, открыли Генеральное консульство Республики Турция. На церемонии Чавушоглу заявил, что Турция является первой страной, признавшей Узбекистан независимой страной, и, помимо посольства, открытого в Ташкенте 28 апреля 1992 года, открытие генерального консульства в Самарканде по случаю 30-летия независимости Узбекистана является уникальным и значимым событием. С другой стороны, рейсы Стамбул-Самарканд, запущенные в 2018 году, способствуют развитию как туризма, так и взаимоотношениям на уровне людей. В целом в рамках визита обсуждались вопросы в сфере транспорта, экономики и безопасности. В этой связи было предложено предпринять необходимые шаги для инициирования Соглашения о свободной торговле и продолжения переговоров по Соглашению о преференциальной торговле. Объем торговли между двумя странами составляет 2,3 млрд долларов, и планируется довести его до 5 млрд долларов. В прессе нашли отражение вопросы,

орнын бірлесіп зерттеуі және дамытуын Түркияның да қолдайтындығы және ТРАО және BOTAŞ сияқты компаниялар осы шеңберде ынтымақтастыққа дайын екені хабарланды. Түркияның да осы жобаға қосылуы туралы жақын күндері өтетін үш жақты кездесулер мен саммиттерде егжей-тегжейлі талқыланатыны және Президент Режеп Тайып Ердоғанның қатысуымен Түркия-Түркіменстан және Түркіменстан-Әзірбайжан-Түркия Саммиттерінің өтетіні жарияланды. Министр Чавушоглының мәлімдемелерінің арасында «Біз Түркіменстанмен жеңілдетілген сауда келісімі келіссөздерін тезірек бастағымыз келеді» орын алды. Бір сөзбен айтқанда, экономика, энергетика және көлік саласындағы жаңа ынтымақтастықтар Чавушоғлұның Түркіменстанға сапарында талқыланған мәселелердің негізгі арқауын құрады [Анадолу агенттігі, 2021].

Түркияның Сыртқы істер министрі Мевлүт Чавушоглуның Өзбекстан сапарының алғашқы аялдамасы Самарқанд болды. Чавушоглу, Өзбекстанның Сыртқы істер министрі Абдулазиз Камилов, Премьер-Министрдің туризм жөніндегі орынбасары Азиз Абдулхакимов, Ташкенттегі Түркияның Елшісі Олган Бекар және Самарқандтағы Түркияның Бас консулы Салих Жанердің қатысуымен Түркия Республикасының Бас консулдығының ашылуы өтті. Чавушоглу салтанатта Түркияның Өзбекстанның тәуелсіздігін мойындаған алғашқы мемлекет болғанын айта келе, 1992 жылы 28 сәуірде Ташкентте ашылған елшілігінен басқа Өзбекстанның тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойында Самарқанд консулдығының ашылуы ерекше мағыналы қадам екенін мәлімдеді. Екінші жағынан, салтанатта 2018 жылы басталған Стамбул-Самарқанд рейстері туризмнің де, халықтардың өзара қарым-қатынасының да дамуына ықпал еткені айтылды. Жалпы, сапар шеңберінде көлік, эко-

связанные с интересом Узбекистана к продукции оборонной промышленности Турции, особенно значительный интерес и спрос на беспилотные летательные аппараты и бронетехнику. В общих рамках, в ходе переговоров с целью улучшения отношений между Турцией и Узбекистаном прошло обсуждение подготовки ко 2-му заседанию Совета стратегического сотрудничества высокого уровня и также подписан Меморандум о взаимопонимании по сотрудничеству в области переводческих услуг и сотрудничеству между министерствами на 2022-2023 годы [Министерство иностранных дел Турции, 2021a].

В ближайшие дни тур министра иностранных дел Турецкой Республики Мевлута Чавушоглу продолжится по Таджикистану. С другой стороны, контакты с Казахстаном и Кыргызстаном в различных сферах остаются интенсивными. Министр Чавушоглу, посетивший Кыргызстан 19 марта, сделал следующие заявления: «Подписан Протокол о сотрудничестве на 2021-2022 годы между министерствами иностранных дел двух стран; началась подготовка к 5-му заседанию Совета стратегического сотрудничества высокого уровня Кыргызстан-Турция; будет открыта для обслуживания больница кыргызско-турецкой дружбы, целевой объем двусторонней торговли составляет 1 млрд долларов США, общая стоимость турецких инвестиций в Кыргызстан достигла 1 млрд долларов США, и турецкий Фонд Маариф откроет свою первую школу в регионе в Кыргызстане». Между тем, министр иностранных дел Казахстана Мухтар Тилеуберди во время визита в Турцию в марте установил важные контакты [Министерство иностранных дел Турции, 2021b].

Таким образом, Турция сохраняет свой многоуровневый интерес ко всем странам региона. Интенсивный тур министра иностранных дел Чавушоглу по Центральной Азии, организованный в

номика және қауіпсіздік салаларындағы мәселелердің талқыландығы айтылды. Олардың арасында Жеңілдікті сауда келісімі бойынша келіссөздерің жүргізілгенін және Еркін сауда келісімі келіссөздерін бастау үшін қажетті қадамдардың жасау керектігі мәлімделді. Екі ел арасындағы сауда-саттық көлемінің 2,3 миллиард долларды құрайтыны және оны 5 миллиард долларға дейін ұлғайтуға бағытталғандығы хабарланды. Қорғаныс өнеркәсібі саласында Өзбекстанның Түркияның өніміне деген қызығушылығы және әсіресе ұшқышсыз ұшу аппараттарына және бронды машиналарға деген қызығушылық пен сұраныстың болуы баспасөзде орын алған сәттердің бірі болды. Жалпы, келіссөздер барысында, қарым-қатынасты жақсарту мақсатында Түркия мен Өзбекстан Жоғары деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің екінші отырысының дайындық жұмыстарының қолға алынғандығы және Министрліктер арасындағы 2022-2023 жылдарды қамтитын ынтымақтастық бағдарламасы мен Аударма қызметтері саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумына қол қойылғандығы хабарланды [Түркия Сыртқы істер министрлігі, 2021a].

Түркия Республикасының Сыртқы істер министрі Мевлүт Чавушоглының сапары алдағы күндері Тәжікстанмен жалғасады. Екінші жағынан, Қазақстан және Қырғызстанмен түрлі салалардағы байланыстар бәсеңдемей жалғасуда. Сыртқы істер министрі Чавушоглу 19 наурызда Қырғызстанға барып, екі елдің сыртқы істер министрліктерінің 2021-2022 жылдардағы ынтымақтастық хаттамасына қол қойылғанын, Қырғызстан-Түркия Жоғары деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің бесінші отырынына дайындықтың қолға алынғанын, Қырғыз-түрік достығы ауруханасының пайдалануға берілетінін, екіжақты сауда көлемінің мақсаты-1 миллиард доллар болғанын, Қырғыз-

марте, является наиболее ярким примером этого. Основной подход Турции заключается в том, чтобы ежедневно и небольшими шагами улучшать отношения со странами Центральной Азии, которые развиваются на основе древнего закона братства, и в то же время укреплять связи с Восточной и Юго-Восточной Азией вместе со странами Центральной Азии. Как заметил Чавушоглу, в истории происходит радикальная трансформация: «Маятник истории снова качнулся в сторону Азии. XIX и XX века были соответственно европейским и американским веками. Сегодня все данные свидетельствуют о том, что XXI век будет веком Азии» [Совет по внешнеэкономическим связям Турции, 2021]. Инициатива «Новая Азия», которая была выдвинута для того, чтобы занять место в центре этой исторической трансформации и улучшить национальные интересы Турции, будет успешной постольку, поскольку она будет поддерживаться инновационными проектами и политическими инструментами. В этом контексте связи со странами Центральной Азии останутся одной из самых значимых и сильных сторон Турции.

**Источники:**

Агентство Анадолу (2021). Министр иностранных дел Чавушоглу: Мы будем решать вопросы, связанные с энергетикой, экономикой, транспортом и логистикой с Туркменистаном. Доступно по адресу: https://www.aa.com.tr/tr/politika/disisleri-bakani-cavusoglu-turkmenistanla-enerji-ekonomik-ulastirma-ve-lojistik-gibi-konulari-hayata-gecirecegiz/2166740. Дата обращения: 27.03.2021.

Министерство иностранных дел Турции (2021a). Посещение Министр иностранных дел Мевлют Чавушоглу в Узбекистан, 7-9 Март 2021. Доступно по адресу: http://www.mfa.gov.tr/sayin-bakanimizin-ozbekistan-i-ziyareti-9-3-2021.tr.mfa. Дата обращения: 27.03.2021.

Министерство иностранных дел Турции (2021b). Посещение Министр иностранных дел Мевлют Чавушоглу в Кыргызстане, 10 лет Март 2021. Доступно по адресу: http://www.mfa.gov.tr/sayin-bakanimizin-kirgizistan-i-ziyareti-10-3-2021.tr.mfa. Дата обращения: 26.03.2021.

Совет по внешнеэкономическим связям Турции (2021). DEIK снова провел встречу по Азии: «Новые

стандағы түрік инвестициясының жалпы құны 1 миллиард долларға жеткенін, Түркия Маариф қоры аймақтағы алғашқы мектебін Қырғызстанда ашатынын мәлімдеді [Түркия Сыртқы істер министрлігі, 2021b]. Сонымен қатар, Қазақстанның Сыртқы істер министрі Мұхтар Тілеубердінің де наурыз айында Түркияға сапармен барып, маңызды байланыстар жасағанын айта кеткен жөн.

Қорытындылай келе, Түркия аймақтың барлық елдеріне деген өзінің көп өлшемді қызығушылығын жалғастыруда. Сыртқы істер министрі Чавушоғлының наурыз айында ұйымдастырған қарқынды Орталық Азия турнесі - бұған ең жақын мысал. Түркияның негізгі мақсаты, Ежелгі бауырластық заңы негізінде дамып келе жатқан Орталық Азия елдерімен қарым-қатынасты күн сайын одан әрі жақсарту және сонымен бірге Орталық Азия елдерімен бірге Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Азияға қарай мықты байланыс орнату болып табылады. Чавушоглу айтқандай, тарихта түбегейлі өзгеріс болуда: « Тарихтың маятнигі тағы да бір рет негізгі континент Азияға бет бұрды. XIX және XX ғасырлар сәйкесінше европалық және американдық ғасырлар болды. Бүгінгі күні барлық деректер XXI ғасыр Азия ғасыры болатындығын көрсетеді» [Сыртқы экономикалық байланыстар кеңесі, 2021]. Осы тарихи қайта құрудың орталығынан орын алу және Түркияның ұлттық мүдделерін дамыту үшін қолға алынған «Жаңадан Азия» бастамасы, инновациялық жобалар және мақсатты саяси құралдар арқылы қолдау көрсетілген кезде сәтті болады. Орталық Азия елдерімен байланыстар да осы тұрғыда Түркияның ең құнды және қуатты байланысының бірі бола береді.

**Дереккөз:**

Анадолу агенттігі (2021). Сыртқы істер министрі Чавушоғлу: Түркіменстанмен энергетика, эконо-

перспективы развития торговли Турции с азиатскими страны». Доступно по адресу: https://www.deik.org.tr/basin-aciklamalari-deik-yeniden-asya-turkiye-nin-asya-ulkeleri-ile-ticaretinin-gelistirilmesinde-yeni-perspektifler-toplantisini-gerceklestirdi. Дата обращения: 27.03.2021.

Центр стратегических разработок (2021). Семинар «Новая Азия». Доступно по адресу: http://sam.gov.tr/yeniden-asya_calistayi.tr.mfa. Дата обращения: 27.03.2021.

мика, көлік және логистика сияқты тақырыптарды жүзеге асыратын боламыз. Сілтеме: https://www.aa.com.tr/tr/politika/disisleri-bakani-cavusoglu-turkmenistanla-enerji-ekonomik-ulastirma-ve-lojistik-gibi-konulari-hayata-gecirecegiz/2166740. Қаралған уақыты: 27.03.2021.

Сыртқы экономикалық байланыстар кеңесі (2021). DEIK, жаңадан Азия: Түркияның Азия елдерімен саудасының дамуында жаңа перспективалар кездесуін өткізді. Сілтеме: https://www.deik.org.tr/basin-aciklamalari-deik-yeniden-asya-turkiye-nin-asya-ulkeleri-ile-ticaretinin-gelistirilmesinde-yeni-perspektifler-toplantisini-gerceklestirdi. Қаралған уақыты: 27.03.2021.

Стратегиялық зерттеулер орталығы (2021). Қайтадан Азия семинары. Сілтеме: http://sam.gov.tr/yeniden-asya_calistayi.tr.mfa. Қаралған уақыты: 27.03.2021.

Түркия Сыртқы істер министрлігі (2021a). Мевлүт Чавушоғлұның 7-9 наурыз күндері Өзбекстанға сапары. Сілтеме: http://www.mfa.gov.tr/sayin-bakanimizin-ozbekistan-i-ziyareti-9-3-2021.tr.mfa. Қаралған уақыты: 27.03.2021.

Түркия Сыртқы істер министрлігі (2021b). Мевлүт Чавушоғлұның 10 наурыз күні Қырғызстанға сапары. Сілтеме: http://www.mfa.gov.tr/sayin-bakanimizin-kirgizistan-i-ziyareti-10-3-2021.tr.mfa. Қаралған уақыты: 27.03.2021.

# ОТНОШЕНИЯ КАЗАХСТАНА И ИНДИИ: РАССМОТРЕНИЕ ОСНОВНЫХ ОСОБЕННОСТЕЙ
# ҚАЗАҚСТАН МЕН ҮНДІСТАН ҚАТЫНАСТАРЫ: БАСТЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРДІ ҚАРАСТЫРУ

*Альбина Муратбекова**

На основе Декларации о стратегическом партнерстве от 2009 года Казахстан и Индия построили всеобъемлющий диалог, который в последнее десятилетие отличается динамизмом. В 2015 году визит премьер-министра Нарендры Моди в Казахстан дал дополнительный импульс к укреплению существующих связей, в то время как запланированный визит президента Казахстана Касым-Жомарта Токаева в Индию в 2021 году, как ожидается, откроет новые горизонты полноценного партнерства. Опираясь на текущее развитие индийско-казахстанского взаимодействия, мы можем определить сотрудничество в области экономики, обороны, культуры и образования в качестве ключевых областей сотрудничества.

В 1990-е годы Казахстан во внешней политике Индии не занимал особого места. С начала 2000-х годов Дели пересмотрел свою внешнюю стратегию в отношении региона Центральной Азии и теперь уделяет приоритетное внимание сотрудничеству со странами Центральной Азии, особенно с Казахстаном – крупнейшим торговым партнером в регионе. Взаимодействие Индии с Казахстаном основывается на политике Индии «Соединим Центральную Азию» (2012), которая направлена на воссоединение с регионом для укрепления политических, экономических и культурных связей, а также на рассмотрение региона как «расширенного соседства». Казахстан в своей многовекторной внешней политике, стремясь развивать отношения на прагматической и неидеологической

Қазақстан мен Үндістан арасында 2009 жылғы қол қойылған Стратегиялық серіктестік туралы келісім, екккі елдің қарым-қатынасының соңғы 10 жылда айтарлықтай динамизмге қол жеткізуіне және жан-жақты диалог құруға мүмкіндік берді. 2015 жылы Үндістан Премьер-министрі Нарендра Модидің Қазақстанға сапары ағымдағы қатынастарды нығайтуға одан әрі серпін берсе, 2021 жылы Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Үндістанға жоспарланған сапарының толық серіктестік үшін жаңа көкжиектер ашуы күтілуде. Бұл тұрғыда Үндістан мен Қазақстан арасындағы өзара әрекеттесудің қазіргі жағдайына сүйене отырып, экономика, қорғаныс, мәдениет және білім беру салаларындағы ынтымақтастықты екі ел ынтымақтастығының негізгі бағыттары ретінде қарастыруға болады.

1990 жылдары Қазақстан Үндістанның сыртқы саясатының күн тәртібінде елеусіз қалған болатын. Алайда, 2000 жылдардың басынан бастап Дели Орталық Азия аймағындағы сыртқы саяси стратегиясына шолу жасап, бүгінгі таңда Орталық Азия елдерімен, әсіресе, аймақтағы ең ірі сауда серіктесі болып табылатын Қазақстанмен ынтымақтастыққа басымдық беруде. Үндістанның Қазақстанмен қарым-қатынасы - Үндістанның «Connect Central Asia» (2012) саясаты шеңберінде жүргізіліп, аймақтағы саяси, қауіпсіздік, экономикалық және мәдени қатынастарды нығайтуда. Үндістан Орталық Азия аймағын «кеңейтілген көршілік» анықтамасы шеңберінде қабылдауда. Өзінің көпвекторлы сыртқы саясатында праг-

* доктор, Евразийский научно-исследовательский институт, Казахстан.
albina.muratbek@gmail.com

основе, стремится к построению устойчивых и многогранных отношений с Индией [Вандерхилл и др., 2020]. На региональном уровне страны работают вместе на региональных платформах, таких как Шанхайская организация сотрудничества (ШОС), Совещание по взаимодействию и мерам доверия в Азии (СВМДА), а с 2019 года встречаются на полях диалога Индия-Центральная Азия.

С институциональной точки зрения, для укрепления двусторонних связей, страны работают в рамках Межправительственной комиссии (МПК) между Индией и Казахстаном, которая обсуждает институциональные механизмы в областях торговли, экономического, научного, технологического, промышленного и культурного сотрудничества, а также отдельных совместных рабочих групп, которые были созданы в соответствующих сферах. Кроме того, Федерация торгово-промышленных палат Индии (FICCI) и Международная торговая палата Казахстана учредили Совместный деловой совет (JBC), который способствует развитию торговли и инвестиций среди бизнес-сообщества [Посольство Индии в Казахстане, 2020a].

Казахстан остается основным торговым партнером Индии в Центральной Азии с общим товарооборотом в 2,2 миллиарда долларов за 9 месяцев 2020 года, что более чем вдвое больше по сравнению с 2015 годом [Сибал, 2020]. Из них медицинские продукты, чай, телефонные аппараты и другие электронные устройства составляют большую часть индийского экспорта, в то время как 80% экспорта Казахстана составляют нефтяные масла и минералы [Посольство Индии в Казахстане, 2020b]. В Казахстане действуют более 560 предприятий с индийским капиталом, из них около 200 зарегистрированы за последние несколько лет [Сарсенбаев, 2019].

Оборонные связи традиционно входят в число приоритетных направлений

матикалық және идеологиялық негіздерден тыс қарым-қатынастарды дамытуды мақсат еткен Қазақстан Үндістанмен ұзақ мерзімді және көп қырлы қатынастар орнатуды көздейді [Вандерхилл және т.б., 2020]. Аймақтық деңгейде екі ел де Шанхай ынтымақтастық ұйымы мен Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі сияқты аймақтық платформаларға қатысып, 2019 жылдан бері Үндістан-Орталық Азия диалогының сессияларында бас қосуда.

Корпоративті салада екіжақты қатынастарды дамыту мақсатында екі ел сауда-экономикалық, ғылыми-технологиялық, өндірістік және мәдени ынтымақтастық саласындағы институционалдық тетіктерді қолға алатын Үндістан-Қазақстан Үкіметаралық комиссиясы және тиісті салаларда құрылған Бірлескен жұмыс топтары арқылы жүзеге асырады. Сонымен қатар, Үнді Сауда-өнеркәсіптік палаталарының федерациясы және Қазақстан Халықаралық сауда палатасы, бизнес арасындағы сауда мен инвестицияларды ілгерілететін Бірлескен іскерлік кеңес құрды [Үндістанның Қазақстандағы елшілігі, 2020а].

Қазақстан 2020 жылдың алғашқы 9 айында 2,2 миллиард долларды құрайтын жалпы сауда көлемімен Орталық Азиядағы Үндістанның маңызды сауда серіктесі болып қала беруде және бұл көрсеткіш 2015 жылмен салыстырғанда екі еседен астам өсті [Сибал, 2020]. Бұдан сырт, медициналық өнімдер, шай, телефон және басқа да электронды құрылғылар Үндістан экспортының басым бөлігін құраса, Қазақстан экспортының 80%-ын мұнай майлары мен минералдар құрайды [Үндістанның Қазақстандағы елшілігі, 2020б]. Қазақстанда үнділік капиталдың қатысуымен 560-тан астам ұйым жұмыс істесе, олардың 200-ге жуығы соңғы бірнеше жылда тіркелген [Сәрсенбаев, 2019].

2015 жылы, әсіресе, қорғаныс және әскери-техникалық ынтымақтастық тура-

сотрудничества между странами, которое еще больше расширилось, особенно после подписания Соглашения об обороне и военно-техническом сотрудничестве в 2015 году. В частности, ежегодные военные учения «КАЗИНД» между армиями Индии и Казахстана проводятся с 2016 года и рассматриваются как важный инструмент углубления существующих военных связей между армиями двух стран. Совместные военные учения и тактические учения проводятся для контртеррористических операций как в джунглях, так и в гористой местности. Во время двухнедельной подготовки военнослужащие, совместно обучаясь и обмениваясь упражнениями и процедурами, пытаются достичь оперативной совместимости и повысить квалификацию обоих контингентов. Кроме того, армии Индии и Казахстана взаимодействуют в миротворческой деятельности; казахстанские миротворцы присоединились к миссии Временных сил Организации Объединенных Наций в Ливане (ВСООНЛ) в составе индийского батальона в 2018 году. Тренировки казахстанского миротворческого контингента проводились при Учебном центре ООН по поддержанию мира в Нью-Дели [Оразгалиева, 2018]. В октябре 2020 года была проведена двухдневная онлайн-выставка индийско-казахстанского оборонного сотрудничества, направленная на укрепление военных связей между странами, где обсуждались возможности совместной разработки и совместного производства военной и аэрокосмической техники и план действий в вопросах отраслевого сотрудничества между Индией и Казахстаном [Вселенная авиации и обороны, 2020]. Кроме того, казахстанские студенты имеют возможность получить степень в индийских военных вузах или учиться по обмену на основании межправительственных соглашений. В рамках Соглашения об обороне и военно-техническом сотрудничестве от 2015 года Индийский национальный кадетский корпус подпи-

лы келісімге қол қойылғаннан кейін, екі ел арасындағы одан әрі кеңейген ынтымақтастықтың басым бағыттары арасында дәстүрлі түрде қорғаныс қатынастары орын алды. Мысалы, 2016 жылдан бері Үндістан мен Қазақстан армиялары арасында өткізіліп келе жатқан «KAZIND» жыл сайынғы әскери жаттығуы екі ел армиялары арасындағы ағымдағы әскери байланысты тереңдету үшін маңызды құрал болып саналады. Терроризмге қарсы операциялар үшін орманды және таулы жерлерде бірлескен әскери дайындық пен тактикалық жаттығулар жүргізілуде. Екі апталық жаттығу кезінде әскери қызметшілер, бірлескен жаттығулар, алмасу жаттығулары мен процедуралары арқылы өзара әрекеттесуді қамтамасыз етуге және екі елдің әскери бөлімшелерінің дағдыларын нығайтуға тырысады. Сонымен қатар, Қазақстан бітімгершілік күштері 2018 жылы Үндістан батальонының құрамында Ливандағы Біріккен ұлттар ұйымының (БҰҰ) уақытша күштерінің миссиясына қатысқан кезде, екі елді шетелдік әскери ынтымақтастық шеңберінде жақындастырды. Қазақстанның бітімгершілік бөлімшесінің жаттығуы Делидегі БҰҰ Бітімгершілік даярлық орталығында жүргізілді [Оразғалиева, 2018]. 2020 жылдың қазан айында екі ел арасындағы әскери қатынасты тереңдету мақсатында екі күндік онлайн Үндістан-Қазақстан Қорғаныс саласындағы ынтымақтастық жәрмеңкесі өтті. Жәрмеңкеде әскери және авиациялық техниканы бірлесіп жасау мен өндіру мүмкіндіктері, «Үндістан-Қазақстан қорғаныс өнеркәсібі ынтымақтастығы» іс-шаралар жоспары бағаланды [Авиация және қорғаныс әлемі, 2020]. Сонымен қатар, Қазақстан студенттері Үндістанның әскери мекемелерінде немесе үкіметаралық келісімдер негізінде студенттермен алмасу түрінде білім алу мүмкіндігіне ие. 2015 жылғы келісім шеңберінде Үндістанның Ұлттық кадет корпусы әскери институттар арасындағы академиялық және практикалық ынтымақтастықты дамыту мақса-

сал меморандумы о взаимопонимании с несколькими казахстанскими университетами с целью расширения академического и практического сотрудничества между военными учреждениями. Таким образом, двустороннее сотрудничество в сфере обороны между двумя сторонами в последние годы укрепляется, а 246 офицеров вооруженных сил Казахстана прошли обучение в Индии в рамках оборонной программы [Акипресс, 2020].

Что касается студентов, то медицинские университеты Казахстана пользуются популярностью среди индийских студентов, особенно в отношении самой популярной медицинской программы в Индии - бакалавра медицины и бакалавра хирургии (MBBS). В казахстанских университетах обучается более 5,300 индийских студентов, почти все из которых изучают медицину [Посольство Индии в Казахстане, 2020c]. В университетах Казахстана есть специальный отдел для индийских студентов, где для иностранных студентов созданы все необходимые условия. Казахстанские студенты также имеют возможность учиться в Индии по программе Индийского совета по культурным связям (ICCR), которая предоставляет полные стипендии для получения степени в индийских университетах по 15 различным направлениям. Кроме того, при содействии Министерства иностранных дел Индии программа индийского технического и экономического сотрудничества (ITEC) позволяет проходить краткосрочные курсы повышения квалификации в Индии для профессионалов и начинающих специалистов, которые на сегодняшний день прошли более тысячи человек из Казахстана.

Широкая публика в Казахстане близко знакома с индийской культурой благодаря фильмам Болливуда, индийским песням и танцам, а также индийскому образу жизни. С 1994 года Культурный центр Свами Вивекананды (SVCC), ранее известный как Индийский культурный

тында Қазақстанның кейбір жоғары оқу орындарымен өзара түсіністік туралы меморандумдарға қол қойды. Осылайша, соңғы жылдары екі елдің екіжақты қорғаныс саласындағы ынтымақтастығы нығайған болса, Үндістандағы қорғаныс бағдарламасы аясында қазақстандық қарулы күштердің 246 офицері оқудан өтті [Акипресс, 2020].

Университет студенттері туралы айтатын болсақ, Қазақстанның медициналық университеттері, әсіресе, Үндістандағы ең танымал «Медицина факультеті және хирургия бакалавры» (MBBS) медициналық бағдарламасы тұрғысынан үнді студенттеріне танымал. 5,300-ден астам үнділік студенттердің барлығы дерлік қазақстандық жоғары оқу орындарында медицина саласында оқиды [Үндістанның Қазақстандағы елшілігі, 2020c]. Қазақстан университеттерінде шетелдік студенттер үшін барлық қажетті жағдайлар жасалған және үнді студенттері үшін арнайы бөлім де бар. Қазақстан студенттері Үндістанның университеттерінде толық стипендия ұсынатын Үндістанның Мәдени байланыстар кеңесі (ICCR) бағдарламасы арқылы Үндістанда 15 түрлі бағытта білім алу мүмкіндігіне ие. Сонымен қатар, Үндістанның Сыртқы істер министрлігінің көмегімен Үндістанның Техникалық-экономикалық ынтымақтастығы (ITEC) бағдарламасы бүгінгі күнге дейін Қазақстанның мыңнан астам мамандар мен жас мансапкерлерге Үндістандағы әлеуетті арттыру бойынша қысқа мерзімді курстарға қатысуға мүмкіндік береді.

Екінші жағынан, Болливуд кинолары, үнді әндері мен билерінің және өмір салтының арқасында Қазақстан халқы үнді мәдениетін жақыннан тану мүмкіндігіне ие болғанын атап өткен жөн. Бұрын Үнді мәдени орталығы деп аталған, 1994 жылдан бастап Swami Vivekananda мәдени орталығы (SVCC) Нұр-Сұлтанда үнді дәстүрлері мен мәдениетін насихаттау мақсатында жұмыс істеуде. Танымал хо-

центр, пропагандирует индийские традиции и культуру среди жителей Нур-Султана. В Алматы известный хореограф и исполнительница бхаратанатьям (классический вид танца, распространенный в Индии) Акмарал Кайназарова в своем Центре индийского классического танца и йоги преподает индийский классический танец, читает лекции и проводит семинары о том, как понять духовный мир и философию Индии. Помимо этого, перспективными областями для сотрудничества являются информационные технологии, банковское дело, фармацевтика, текстильная промышленность и энергетика.

В заключение можно отметить, что во многих сферах сотрудничества происходят положительные сдвиги, однако из-за недостатка инвестиций и низкого интереса со стороны бизнес-сообщества реализация процесса развития перспективных направлений замедляется. Таким образом, можно сказать, что потенциал отношений между Индией и Казахстаном еще не полностью раскрыт, однако растущее глобальное значение Индии и геополитический вес Казахстана подталкивают стороны к поиску новых механизмов для расширения двусторонних связей, особенно в отношении развивающихся сфер, таких как киберсфера, ИТ, банковское дело и другие сферы услуг; в то же время основой партнерства остаются такие традиционные области, как оборона, торговля и образование.

**Источники:**

Акипресс (2020). Индия и Казахстан намерены подписать оборонное соглашение. Доступен по адресу: https://akipress.com/news:651186:India_and_Kazakhstan_eye_to_sign_defense_agreement/. Дата обращения: 15.01.2021.

Вандерхилл, Рэйчел, Жуарман, Сандра, и Тулепбаева, Роза (2020). Между медведем и драконом: многовекторность в Казахстане как модель стратегии второстепенных держав. International Affairs, 96, (4), сс. 975–993.

реограф және Үндістанда кең таралған классикалық би түрі Бхаратанатям орындаушысы Ақмарал Қайназарова Алматыдағы Үнді классикалық би және йога орталығында үнді классикалық билерінен басқа дәрістер мен семинарлар ұйымдастырып, үнді рухани әлемі мен философиясын насихаттауға өз үлесін қосуда. Бұлардан басқа ақпараттық технологиялар, банк, фармацевтика, текстиль және энергетика салалары екіжақты ынтымақтастықтың перспективалы бағыттары ретінде айтуға болады.

Қорта келгенде, екі ел арасындағы қатынастардың қазіргі жағдайына баға беретін болсақ, көптеген салаларда жағымды өзгерістердің болғанын, бірақ инвестицияның жеткіліксіздігі мен іскерлік әлемге деген қызығушылықтың төмендігі осы перспективалы бағыттардың даму үдерісін баяулатқанын көрудеміз. Үндістан мен Қазақстан қарым-қатынасы әлі де болса қажетті деңгейге жетпегенімен, Үндістанның жаһандық маңыздылығы мен Қазақстанның геосаяси салмағының артуы тараптардың екіжақты қатынастарын нығайтатын жаңа тетіктерді дамытатынын айта аламыз. Екі елдің көзқарасы бойынша, әсіресе, дамып келе жатқан кибер, информатика, банк қызметі және басқа да қызмет көрсету салалары, сондай-ақ қорғаныс, сауда және білім беру сияқты салалардың даму әлеуеті зор.

**Дереккөз:**

Авиация және қорғаныс әлемі (2020). Үндістан мен Қазақстанның қорғаныс өнеркәсібі бірлескен өндіріс және қорғаныс өндірісін бірлесіп дамыту. Сілтеме: https://www.aviation-defence-universe.com/indian-companies-in-talks-with-kazakhstan-defence-industries-for-co-production-and-co-development-in-defence-production-js-ministry-of-defence-goi/. Қаралған уақыты: 15.01.2021.

Акипресс (2020). Үндістан мен Қазақстан қорғаныс туралы келісімге қол қоюға ниетті. Сілтеме: https://akipress.com/news:651186:India_and_Kazakhstan_eye_to_sign_defense_agreement/. Қаралған уақыты: 15.01.2021.

Вселенная авиации и обороны (2020). Индийская и казахстанская оборонная промышленность для совместного производства и совместной разработки оборонного производства. Доступен по адресу: https://www.aviation-defence-universe.com/indian-companies-in-talks-with-kazakhstan-defence-industries-for-co-production-and-co-development-in-defence-production-js-ministry-of-defence-goi/. Дата обращения: 15.01.2021.

Оразгалиева, Малика (2018). Казахстанские миротворцы присоединяются к индийскому батальону в Ливане, Генеральный секретарь ООН приветствует эту новости. Доступен по адресу: https://astanatimes.com/2018/11/kazakh-peacekeepers-join-indian-battalion-in-lebanon-as-un-secretary-general-welcomes-news/. Дата обращения: 15.01.2021.

Посольство Индии в Казахстане (2020a). Индийско-казахстанские отношения. Доступен по адресу: https://www.mea.gov.in/Portal/ForeignRelation/Bilateral_Brief_kazaksthan_Sept.19.pdf. Дата обращения: 15.01.2021.

Посольство Индии в Казахстане (2020b). Двусторонняя торговля между Индией и Казахстаном за последние пять лет. Доступен по адресу: https://www.indembastana.gov.in/page/investment-statistics/. Дата обращения: 15.01.2021.

Посольство Индии в Казахстане (2020c). Информация для индийских студентов, обучающихся/желающих учиться в Казахстане. Доступен по адресу: https://www.indembastana.gov.in/page/education-in-kazakhstan/. Дата обращения: 15.01.2021.

Сарсенбаев, Булат (2019). Казахстан и Индия выходят на новые горизонты сотрудничества. Доступен по адресу: https://astanatimes.com/2019/07/kazakhstan-and-india-move-toward-new-horizons-of-cooperation/. Дата обращения: 15.01.2021.

Сибал, Сидхант (2020). Президент Казахстана посетит Индию в начале 2021 года. Доступен по адресу: https://www.wionews.com/india-news/kazakh-president-to-visit-india-in-early-2021-346472. Дата обращения: 15.01.2021.

Вандерхилл, Рэйчел, Эйреман, Сандра және Төлепбаева, Роза (2020). Аю мен айдаһардың арасында: Қазақстандағы мультивекторизм екінші дәрежелі державалар үшін үлгілік стратегия ретінде. International Affairs, 96, (4), бб. 975–993.

Оразғалиева, Малика (2018). Қазақстан бітімгерлері Ливандағы үнділік батальонға қосылды, БҰҰ Бас хатшысы жаңалықты құптады. Сілтеме: https://astanatimes.com/2018/11/kazakh-peacekeepers-join-indian-battalion-in-lebanon-as-un-secretary-general-welcomes-news/. Қаралған уақыты: 15.01.2021.

Сәрсенбаев, Булат (2019). Қазақстан мен Үндістан ынтымақтастықтың жаңа көкжиектеріне қадам басуда. Сілтеме: https://astanatimes.com/2019/07/kazakhstan-and-india-move-toward-new-horizons-of-cooperation/. Қаралған уақыты: 15.01.2021.

Сибал, Сидхант (2020). Қазақстан президенті Үндістанға 2021 жылдың басында келеді. Сілтеме: https://www.wionews.com/india-news/kazakh-president-to-visit-india-in-early-2021-346472. Қаралған уақыты: 15.01.2021.

Үндістанның Қазақстандағы елшілігі (2020a). Үндістан – Қазақстан қатынасы. Сілтеме: https://www.mea.gov.in/Portal/ForeignRelation/Bilateral_Brief_kazaksthan_Sept.19.pdf. Қаралған уақыты: 15.01.2021.

Үндістанның Қазақстандағы елшілігі (2020b). Соңғы бес жылдағы Үндістан мен Қазақстан арасындағы екіжақты сауда. Сілтеме: https://www.indembastana.gov.in/page/investment-statistics/. Қаралған уақыты: 15.01.2021.

Үндістанның Қазақстандағы елшілігі (2020c). Қазақстанда оқитын/оқығысы келетін үнді студенттеріне арналған ақпарат. Сілтеме: https://www.indembastana.gov.in/page/education-in-kazakhstan/. Қаралған уақыты: 15.01.2021.

# ГРУЗИЯ, МОЛДОВА И УКРАИНА: УЖЕ НЕ В СОДРУЖЕСТВЕ НЕЗАВИСИМЫХ ГОСУДАРСТВ, И ЕЩЕ НЕ В ЕВРОПЕЙСКОМ СОЮЗЕ

# ГРУЗИЯ, МОЛДОВА ЖӘНЕ УКРАИНА: ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТТЕР ДОСТАСТЫҒЫНДА ДА ЕМЕС, ЕУРОПА ОДАҒЫНДА ДА ЕМЕС

*Канат Маханов**

С недавнего времени Молдова, Украина и Грузия активно сотрудничают друг с другом в стремлении к европейской интеграции. Все три государства подписали соответствующие соглашения об ассоциации с «Европейским союзом (ЕС)» в 2014 году. 24 июня министры иностранных дел трех стран провели встречи с верховным представителем ЕС по внешней политике Жозепом Борреллом в Брюсселе в рамках нового формата сотрудничества «Ассоциированное трио» [Euractiv.com, 2021]. Это было представлено как новый формат сотрудничества во время предыдущих переговоров, состоявшихся между министерствами иностранных дел трех стран и ЕС 17 мая 2021 года [Eurointegration.com.ua, 2021]. Новые рамки допускают более интенсивную фазу экономической интеграции Молдовы, Украины и Грузии с ЕС, способствующую их интеграции во внутренний рынок ЕС. Хотя раньше эти три страны также назывались «Трио», это новый этап сотрудничества, который выводит европейскую интеграцию стран «Трио» на новый уровень.

Перед этим, в декабре 2019 года министры иностранных дел Молдовы, Украины и Грузии подписали совместное заявление о создании так называемого формата ЕС + 3, в котором подчеркнули приверженность и прогресс, которые эти страны продемонстрировали с момента присоединения к инициативе «Восточное Партнерство» (ВП), выдвинутой ЕС

Соңғы кездерде Молдова, Украина және Грузия еуропалық интеграция жолында белсенді ынтымақтастықта болды. Үш мемлекет те 2014 жылы Еуропалық одақпен (ЕО) серіктестік келісімшарттарына қол қойды. 24 маусымда Брюссельде үш елдің Сыртқы істер министрлері ЕО-ның Сыртқы саясат жөніндегі жоғары өкілі Жозеп Борреллмен «Associated Trio» атты жаңа ынтымақтастық форматы аясында кездесті [Euractiv.com, 2021]. Бұл үш елдің сыртқы істер министрліктері мен ЕО-ның 2021 жылғы 17 мамырдағы бұрынғы келіссөздерінде ынтымақтастықтың жаңа форматы ретінде ұсынылған болатын [Eurointegration.com.ua, 2021]. Жаңа формат Молдова, Украина және Грузияның ЕО-мен тығыз экономикалық интеграцияға мүмкіндік бере отырып, оларды ЕО-ның ішкі нарығына интеграциялауға бағыттайды. Үш ел бұрын Трио деп аталғанымен, бұл Трио елдерінің еуропалық интеграциясын жаңа деңгейге шығаратын ынтымақтастықтың жаңа кезеңі болып саналады.

Бұған дейін, 2019 жылдың желтоқсанында Молдова, Украина және Грузияның сыртқы істер министрлері «ЕО+3» форматын құру туралы бірлескен мәлімдемеге қол қойып, осы елдердің 2009 жылы ЕО бастаған «Шығыс серіктестігі» (ШС) бастамасына қосылғаннан бергі талпыныстары мен жетістіктерін атап өтті. Осылайша, ЕО ШС-ның алты мүшесі (Әзірбайжан, Беларусь, Грузия, Армения, Молдова және Украина) арасындағы осы

* магистр, Евразийский научно-исследовательский институт, Казахстан.
kanat.makhanov@eurasian-research.org

в 2009 году. Таким образом, ЕС признал усилия и твердую решимость трех государств в числе шести членов ВП (Азербайджана, Армении, Беларуси, Грузии, Молдовы и Украины) на пути к европейской интеграции. Другими словами, ЕС продемонстрировал готовность сотрудничать с Молдовой, Украиной и Грузией несколько в ином формате, чем с Беларусью, Азербайджаном и Арменией.

Безусловно, эти акты признания ЕС в отношении Молдовы, Украины и Грузии были восприняты правительствами и народами Ассоциированной тройки как явный успех. Следует отметить, что страны «Трио» добились заметных успехов на пути европейской интеграции по сравнению с другими странами с начала инициативы «Восточное партнерство». Например, ЕС выделил 3,4 миллиарда евро на реформы и проекты развития странам Восточного партнерства на 2014-2020 годы. Страны «Трио» получили почти 82% этой суммы отчасти потому, что распределение средств было основано на принципе заслуг [Фонд Роберта Шумана, 2021].

Следует отметить, что это произошло в результате значительных достижений в области демократизации в этих странах. Чтобы проиллюстрировать это, демократически избранные правительства и президенты в этих странах действовали в соответствии с все более проевропейскими общественными настроениями и требованиями. Кроме того, новая Конституция, вступившая в силу в декабре 2018 года, требует от властей принять все необходимые меры для обеспечения полной интеграции Грузии в ЕС и НАТО [Agenda.ge, 2018]. В Украине при Администрации Президента создано специальное структурное подразделение, которое будет заниматься европейской и евроатлантической интеграцией Украины [Interfax.com.ua, 2021]. Следовательно, европейская интеграция является принципиально важным обязательством нынешних властей стран «Трио».

үш мемлекеттің еуропалық интеграцияға деген ынтасы мен табандылығын жоғары бағалады. Басқаша айтқанда, ЕО Молдова, Украина және Грузиямен Беларусь, Әзірбайжан және Арменияға қарағанда сәл өзгеше форматта ынтымақтастыққа дайын екенін көрсетті.

ЕО-ның Молдова, Украина және Грузияға қаратқан бұл ұстанымын Associated Trio-ның үкіметтері мен халықтары айқын жетістік ретінде қабылдады. Трио елдері ШС бастамасы басталғаннан бері басқа елдермен салыстырғанда еуропалық интеграция жолында керемет жетістіктерге жеткендігін атап өткен жөн. Мысалы, ЕО 2014-2020 жылдарға арналған ШС елдеріне реформалар мен даму жобаларына 3,4 миллиард еуро қаражат бөлді. Трио елдері бұл соманың шамамен 82%-ын ішінара алды, өйткені қаражатты бөлу мериттік принципке негізделген [Роберт Шуман қоры, 2021].

Бұл даму осы елдердегі демократияландыру жолындағы маңызды жетістіктердің нәтижесі екенін атап өткен жөн. Мысал келтіретін болсақ, осы елдердегі демократиялық жолмен сайланған үкіметтер мен президенттер еуропалық пікірді қолдайтын қоғамдық пікірлер мен талаптарға сәйкес әрекет етті. Сонымен қатар, 2018 жылдың желтоқсанында күшіне енген жаңа Конституция үкіметтен Грузияның ЕО мен НАТО-ға толық интеграциясын қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қабылдауды талап етеді [Agenda.ge, 2018]. Украинаның Президент әкімшілігінде Украинаның еуропалық және еуроатлантикалық интеграциясымен айналысатын арнайы құрылымдық бөлімше құрылды [Interfax.com.ua, 2021]. Сондықтан, еуропалық интеграция - бұл Трио елдерінің қазіргі үкіметінің маңызды міндеттемесі.

Сонымен қатар Молдова, Украина және Грузияға ШС мүшелерінен басқа еуропалық интеграцияның ортақ күн тәртібін жасауға түрткі болған басқа факторлар да болды. Атап айтқанда, Молдо-

Однако были и другие факторы, которые побудили Молдову, Украину и Грузию разработать общую повестку дня европейской интеграции отдельно от остальных членов ВП. В частности, в Молдове, Украине и Грузии за последние несколько лет ухудшились отношения с Россией. У всех троих также есть нерешенные территориальные вопросы и споры с Россией, которые, похоже, не будут разрешены в ближайшее время, поскольку Россия твердо придерживается своей позиции. Это стало камнем преткновения в отношениях Россия-Грузия и Россия-Украина в 2008 году и, соответственно, после 2014 года. Таким образом, растущий политический и общественный антагонизм по отношению к антиевропейской позиции России частично стал общей основой для консолидации вокруг европейской интеграции. Более того, приоритет активной европейской интеграции и участия в европейских делах Молдовы, Украины и Грузии проявился в нежелании всех трех государств участвовать в региональных организациях на постсоветском пространстве. Грузия вышла из СНГ в 2009 году после резкого ухудшения отношений с Россией. Украина начала приостанавливать действие соглашений, подписанных в рамках Содружества Независимых Государств в 2015 году, и формально вышла из организации в 2018 году. Хотя Молдова является полноправным членом СНГ, она гораздо активнее ведет переговоры с ЕС, чем ведет дела СНГ. Принимая во внимание решимость и твердые действия Молдовы в достижении цели европейской интеграции, Молдова не будет участвовать в СНГ дальше, чем сейчас.

Несмотря на появление нового формата сотрудничества с ЕС, следует признать, что перспективы вступления в ЕС в ближайшем будущем выглядят весьма неопределенными для всех трех постсоветских государств. Во-первых, страны «Трио» играют важную роль в региональной безопасности в контексте нынешней

ва, Украина және Грузия соңғы бірнеше жылда Ресеймен қарым-қатынастарының нашарлағанын көрді. Үшеуінің де Ресеймен шешілмеген аумақтық мәселелері мен келіспеушіліктері бар және бұл мәселелер Ресейдің өз ұстанымынан қайтпағанынша шешілуі екіталай көрінеді. Бұл 2008 жылы Ресей-Грузия, 2014 жылдан кейін Ресей-Украина қатынастарында кедергі болды. Осылайша, Ресейдің Еуропаға бағытталған ұстанымына қарсы барған сайын арта түскен саяси және қоғамдық дұшпандық еуропалық интеграция төңірегінде бірігудің ортақ негізіне айналды. Сонымен қатар, белсенді еуропалық интеграцияның басымдықтары мен Молдова, Украина және Грузияның еуропалық істерге қатысуы үш мемлекеттің де посткеңестік географиядағы аймақтық ұйымдарға кіруге құлықсыздығынан көрінді. Грузия Ресеймен қарым-қатынасы күрт нашарлағаннан кейін 2009 жылы Тәуелсіз мемлекеттер достастығынан (ТМД) шықты. Украина 2015 жылы ТМД шеңберінде жасалған келісімдерді тоқтатып, ресми түрде 2018 жылы ұйымнан шықты. Молдова ТМД-ның толық мүшесі болғанымен, ЕО-мен келіссөздерде ТМД істеріне қатысудан гөрі әлдеқайда белсенді болды. Молдованың еуропалық интеграция мақсатына жету жолындағы табандылығы мен қадамдарын ескере отырып, бұл елдің ТМД-ға қазіргіден көп қатыспайтындығы түсінікті.

ЕО-мен ынтымақтастықтың жаңа форматына ие болғанына қарамастан, жақын арада ЕО-ға кіру перспективалары посткеңестік үш ел үшін айтарлықтай белгісіз болып көрінетінін мойындау керек. Ең алдымен, Трио елдері ЕО мен Ресей арасындағы қатынастардың шиеленісуі жағдайында аймақтық қауіпсіздікте маңызды рөл атқарады. Бұл ЕО-ның тым болмаса қысқа мерзімді перспективада қабылдағысы келмейтін қажетсіз геосаяси тәуекелдің маңызды факторы. Екіншіден, Молдова, Украина және Грузия экономикалық даму, тиімді басқару, заң-

растущей напряженности в отношениях между ЕС и Россией. Это значительный фактор ненужного геополитического риска, на который ЕС не захочет пойти, по крайней мере, в краткосрочной перспективе. Во-вторых, Молдова, Украина и Грузия должны провести очень обширную работу по проведению реформ в таких ключевых областях, как экономическое развитие, надлежащее управление, верховенство закона, безопасность, связь, развитие частного сектора и других. Это реформы, которые требуют многих лет для завершения и подтверждения своей эффективности в содействии устойчивому развитию. Это важный фактор, который определит степень успеха стран тройки в их проектах европейской интеграции.

Новый формат сотрудничества «Ассоциированного трио», достигнутый Молдовой, Украиной и Грузией, определенно обеспечит более эффективные пути сотрудничества с ЕС и реализацию перспектив европейской интеграции. В то же время политика отделения от России и СНГ, проводимая странами «Трио», может стать негативным фактором, ограничивающим их сотрудничество с бывшими советскими республиками. Учитывая, что согласование европейских законов и норм может быть достигнуто только в долгосрочные сроки, формат «Ассоциированного трио» должен также функционировать как платформа для тесного сотрудничества между тремя членами «Трио», что облегчило бы их европейскую интеграцию и помогло им отвечать на общие вызовы.

**Источники:**

Agenda.ge (2018). Новая Конституция Грузии вступает в силу после завершения президентской инаугурации. Доступна по адресу: https://agenda.ge/en/news/2018/2674. Дата обращения: 28.06.2021.

Euractiv.com (2021). Грузия, Молдова и Украина: более высокие амбиции ЕС. Доступна по адресу: https://www.euractiv.com/section/eastern-europe/opinion/georgia-moldova-and-ukraine-a-higher-eu-

ның үстемдігі, қауіпсіздік, байланыс және жеке секторды дамыту сияқты маңызды салаларды реформалау бойынша ауқымды жұмыстар жүргізуі керек. Олар тұрақты дамуды ілгерілетудегі тиімділікті толықтыру және дәлелдеу үшін көп жылдар қажет ететін реформалар болып табылады. Бұл Трио елдерінің еуропалық интеграциялық жобаларындағы сәттілік дәрежесін анықтайтын маңызды фактор.

Молдова, Украина және Грузияның қол жеткізген жаңа Associated Trio ынтымақтастық форматы ЕО-мен ынтымақтастықтың тиімді жолдары мен еуропалық интеграциялық талпынысты жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Трио елдерінің Ресей мен ТМД-дан бөліну саясаты бұрынғы кеңестік елдермен ынтымақтастықты шектейтін жағымсыз фактор болуы мүмкін. Еуропалық заңдар мен нормалардың сақталуына тек ұзақ мерзімді уақыт аралығында қол жеткізуге болатындығын ескере отырып, Associated Trio форматы Трионың үш мүшесінің тығыз ынтымақтастығының алаңы болуы керек. Платформа сондай-ақ үш елдің еуропалық интеграциясын жеңілдетіп, оларға ортақ қиындықтарға жауап беруге көмектеседі.

**Дереккөз:**

Agenda.ge (2018). Грузияның жаңа Конституциясы президенттің инаугурациясының аяқталуына байланысты күшіне енді. Сілтеме: https://agenda.ge/en/news/2018/2674. Қаралған уақыты: 28.06.2021.

Euractiv.com (2021). Грузия, Молдова және Украина: ЕО жоғары амбициясы. Сілтеме: https://www.euractiv.com/section/eastern-europe/opinion/georgia-moldova-and-ukraine-a-higher-eu-ambition/. Қаралған уақыты: 26.06.2021.

Eurointegration.com.ua (2021). Украина, Грузия және Молдова ЕО-дағы бірлескен қозғалыс үшін ынтымақтастықтың жаңа форматын құрды. Сілтеме: https://www.eurointegration.com.ua/rus/news/2021/05/17/7123240/. Қаралған уақыты: 24.06.2021.

Interfax.com.ua (2021). Президент аппаратының Жовквадағы офисинде бөлімше құрылды және Еуропалық, Еуро-атлантикалық интеграция мәселелерімен айналысады. Сілтеме: https://en.interfax.

ambition/. Дата обращения: 26.06.2021.

Eurointegration.com.ua (2021). Украина, Грузия и Молдова создали новый формат сотрудничества для совместного движения в ЕС. Доступна по адресу: https://www.eurointegration.com.ua/rus/news/2021/05/17/7123240/. Дата обращения: 24.06. 2021.

Interfax.com.ua (2021). В Офисе президента в Жолкве создано структурное подразделение по европейской, евроатлантической интеграции, которое будет заниматься сферой. Доступна по адресу: https://en.interfax.com.ua/news/general/747590.html. Дата обращения: 26.06.2021.

Фонд Роберта Шумана (2021). Восточное партнерство между устойчивостью и вмешательством. Доступна по адресу: https://www.robert-schuman.eu/en/european-issues/0589-the-eastern-partnership-between-resilience-and-interference. Дата обращения: 26.06.2021.

com.ua/news/general/747590.html. Қаралған уақыты: 26.06.2021.

Роберт Шуман қоры (2021). Тұрақтылық пен араласу арасындағы Шығыс серіктестігі. Сілтеме: https://www.robert-schuman.eu/en/european-issues/0589-the-eastern-partnership-between-resilience-and-interference. Қаралған уақыты: 26.06.2021.

# ПОВЕСТКА СОТРУДНИЧЕСТВА В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ ПО ОБЩИМ ИНТЕРЕСАМ
# ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ОРТАҚ МҮДДЕЛЕР БОЙЫНША ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ МӘСЕЛЕСІ

*Еркинбек Тургунов**

В то время, когда политические вопросы и проблемы безопасности в регионе становились все более важными, прошла консультативная встреча под председательством лидеров центральноазиатских государств, Президентов Казахстана - Касым-Жомарта Токаева, Кыргызстана – Садыра Жапарова, Таджикистана – Имомали Рахмона, Узбекистана – Шавката Мирзиёева и Туркменистана – Гурбангулы Бердымухамедова. Наряду с президентами стран Центральной Азии на встрече присутствовала спецпредставитель Генерального секретаря ООН в Центральной Азии Наталья Герман. Программа на будущее была сформирована путем обсуждения важных вопросов, касающихся безопасности региона и улучшения международных отношений между пятью братскими и соседними государствами. Первая консультационная встреча глав государств Центральной Азии прошла в Казахстане в 2018 году, вторая – в Узбекистане в 2019 году. Третья встреча, которую планировалось провести в Кыргызстане в августе 2020 года, была отложена из-за пандемии. Перенесенная на другие даты консультационная встреча прошла в Туркменистане 6 августа 2021 года под девизом «Пять пальцев одной руки» [Хабар, 2021].

В последние годы развитие национальных экономик стран, спрос на энергию в результате роста населения и вопросы безопасности стали частой темой в повестке дня стран региона. Когда внедрение зеленой энергии и энергоэффек-

Аймақтағы саяси және қауіпсіздік мәселесінің маңызы күн өткен сайын арта түскен кезеңде Орталық Азия елдерінің басшылары, атап айтқанда Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзияев және Түркіменстан Президенті Гурбангулы Бердімұхамедовтің төрағалығымен Президенттердің консультативтік кездесуін өткізді. Кездесуде Орталық Азия Президенттерімен қатар, Біріккен ұлттар ұйымы (БҰҰ) Бас хатшысының Орталық Азиядағы арнайы өкілі Наталья Герман да қатысты. Кездесуде аймақтың тұтас қауіпсіздігі мен бауырлас әрі көршілес бес елдің қарым-қатынасын арттыру бойынша келелі мәселелерді кеңінен талқыланып, болашаққа бағдар құрылды. Орталық Азия мемлекеттері басшыларының консультативтік кездесуі ең алғаш рет 2018 жылы Қазақстанда, екіншісі 2019 жылы Өзбекстанда өткен болатын. Үшінші кездесу 2020 жылдың тамызында Қырғызстанда өткізу жоспарланғанымен пандемия байланысты түрлі уақыттарға шегеріліп кейінге қалдырылған еді. Мезгіл сайын кейінге шегеріліп, 2021 жылдың 6-тамызында Түркіменстан Республикасында бір қолдың бес саусағындай болмақ ниетімен бас қосу өтті [Хабар, 2021].

Соңғы жылдардағы аталмыш елдердің ұлттық экономикасы мен ха-

* докторант, Евразийский научно-исследовательский институт, Казахстан.
erkinbek230388@gmail.com

тивных технологий, создание энергетических полей, борьба с засухой и решение проблемы нехватки воды рассматриваются как общие интересы, быстрое решение региональных проблем также будет способствовать процессу развития. Среди этих проблем есть общие интересы и общие вопросы безопасности, такие как растущее сотрудничество соответствующих министерств стран в области энергетики в решении энергетических проблем, постоянно растущая демографическая ситуация в регионе и недостаток продовольствия и сельскохозяйственных продуктов, которые стали более заметными из-за пандемии. На данный момент министры сельского хозяйства стран Центральной Азии заявили о необходимости создания региональной системы мониторинга безопасности пищевых продуктов для каждой страны. Решено собираться и проводить встречи каждый год для решения подобных вопросов [24.kz, 2021].

В этом контексте совместные действия и сотрудничество государств Центральной Азии напрямую касаются всех государств региона. Есть также общие точки в процессе становления и развития центральноазиатских государств, имеющих общее происхождение, как независимых государств. В результате распада Советского Союза пять центральноазиатских государств провозгласили независимость в 1991 году и установили между собой дипломатические отношения. Сначала, 13 декабря 1991 года, лидеры этих пяти братских стран внесли предложения по укреплению сотрудничества между государствами. Было даже предложено изменить название региона на Туркестан. Однако гражданская война в Таджикистане в 1992 году и предпочтение Туркменистаном статуса «нейтральной страны» помешали попыткам мобилизовать этот союз в регионе. Однако, несмотря на такие трудности, Казахстан, Кыргызстан и Узбекистан после соглашения о создании экономического союза в 1993 году создали организацию в 1994 году и

лық санының өсуіне байланысты аймақтағы негізгі мәселе энергетикалық қауіпсіздік екені жыл өткен сайын өзекті бола бастады. Жасыл энергияға көшу және энергия үнемдейтін технологияларды кеңінен қолдану арқылы энергетикалық кеңістік қалыптастыру, құрғақшылыққа қарсы әрекет ету және су тапсылығын шешуді аймақ елдерінің ортақ мүддесі ретінде қарастыру нәтижесінде аймақтағы мәселелерді барынша тез шешілудің жұмыс тәртібі орнығып, сол арқылы даму үдерісі қалыптасады. Бұл бағыт бойынша аймақ елдерінің тиісті сала министрліктері энергетика мәселелерін ортақ шешуге тырысуы заман талабы екенін аймақ елдері толық сезініп отыр. Аймақтағы ұдайы және тұрақты өсіп келе жатқан демографиямен қатар, пандемияның салдарынан азық-түлік және ауылшаруашылық өнімдерінің қажетті қорын жасақтау тағы бір маңызды мәселе болып отыр. Аймақ елдерінің ауылшаруашылық министрлері болашақта жиі кездесіп, азық-түлік нормасының мониторингінің аймақтық жүйесін енгізу жұмыстарын қолға алуы елдер үшін маңызды. Осыған орай кездесуде саладағы қордаланған мәселелерді ортақ қарастырып, бірлесіп шешу мақсатында жыл сайын кездесу туралы келісілді [24.kz, 2021].

Бұл тұрғыда Орталық Азия мемлекеттерінің ортақ әрекеті мен ынтымақтастығы аймақтағы барлық елдерге тікелей байланысты екенін көруге болады. Аймақ елдерінің тарихи тамырластығы мен мемлекеттік қалыптасу және дамуы жолдары өте ұқсас. Тәуелсіз республика ретінде 1991 жылы бесеуі де бодандықтан арылып, тең дәрежеде достық және дипломатиялық қарым-қатынас орнатты. Кеңес одағы тарағаннан кейін, 1991 жылғы 13-желтоқсанда аталған бес елдің басшылары ынтымақтастықты арттыру бойынша ұсыныстарын ортаға қойды. Тіпті, сол басқосуда аймақ атауын «Түркістан»

дали ей название «единого экономического пространства». Впоследствии название организации было изменено на «Центральноазиатский союз» в 1995 году и «Центральноазиатский экономический союз» в 1998 году. Хотя название организации позже было изменено на «Центральноазиатская организация сотрудничества», она не играла активной роли в развитии сотрудничества между странами региона на протяжении многих лет. В 2007 году Центральноазиатский союз был создан по предложению Первого Президента Казахстана Нурсултана Назарбаева с целью развития сотрудничества между странами региона [Агентство Анадолу, 2021; Айнурал и Кесижи, 2010].

Среди вопросов сотрудничества стран региона ведущее место занимают экономические и торговые отношения. Как известно, объем торговли между странами Центральной Азии составляет небольшую долю в общем экспорте стран. На этом этапе также следует принимать во внимание различия между масштабами экономик. Например, если в 2019 году общий объем торговли стран региона превысил 152 миллиарда долларов, то внутрирегиональная торговля осталась на уровне 6,1 миллиарда долларов. В обоих случаях на Казахстан приходится большая доля. В этой связи мы можем констатировать, что регион не полностью реализовал свой торговый потенциал, хотя низкая доля объема внутрирегиональной торговли в общем объеме принимается во внимание в таких вопросах, как глобальная конкуренция, совместимость экспорта и импорта [База данных Организация Объединённых Наций по торговле, 2021]. Продолжение развития экономических отношений между странами региона в различных аспектах позволит в определенной степени увеличить объем торговли.

Частое включение частных и общих интересов стран региона в политическую повестку дня подчеркивает важ-

деп атауды ұсынылған да еді. Дегенмен, 1992 жылдағы Тәжікстанда азаматтық соғыс және Түрікменстанның «Бейтарап ел» болуы аймақ елдерінің толықтай іс-әрекет етуіне біршама кедергі келтірді. Бұған қарамай Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстан 1993 жылы экономикалық одақ құру туралы келісімге келіп, 1994 жылы «біртұтас экономикалық кеңістік» жариялады. 1995 жылы ұйымның атауы Орталық Азия одағы боп өзгертілсе, 1998 жылы ұйым «Орталық Азия экономикалық одағы» атауына ие боп, кейіннен ол «Орталық Азия ынтымақтастық ұйымы» деп аталды. Ұйым аймақтағы елдер өз үшін маңыздылығын жоғалтпай, ынтымақтастықты дамыту жұмысын тоқтатпады. Уақыт өте келе, елдер арасындағы ортақ бірлік пен ортақ мүдденің маңыздылығы туындап, болашаққа нақты қадамдар жасау керектігі нақты көрінді. Содан, 2007 жылы Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың ұсынысымен Орталық Азия одағы құрылды [Анадолы Агенттігі, 2021; Айнурал және Кесижи, 2010].

Аймақ елдерінің ынтымақтастығын артыру жолында экономика мен сауда-саттық байланыстары ең маңызды қатардан көрініп отыр. Бүгінге дейін Орталық Азия елдері арасындағы сауда-саттық көлемі елдердің жалпы экспорт көлемімен салыстырғанда едәуір аз. Бұл тұрғыда экономикалық даму динамикасындағы айырмашылықтарға да мән берген жөн. Мәселен, аймақ елдерінің жалпы сауда-саттық көлемі 2019 жылы 152 миллиард АҚШ долларынан асқанымен, аймақ елдерінің арасындағы сауда 6,1 миллиард АҚШ долларында тұрақтаған. Бұл екі көрсеткіште де Қазақстанның үлесі анағұрлым жоғары. Аймақтағы ішкі сауда көлемінің жалпы үлесінің жаһандық бәсекелестік, экспорт пен импорт үйлесімі сияқты мәселелерді де негізге алғанымызда, аймақтың сауда қуаты-

ность совместной оценки и решения проблем общественного транспорта и перевозок, а также проблем экономики, торговли и инфраструктуры. В ходе последней консультационной встречи президенты призвали поделиться имеющимися возможностями и совместными усилиями устранить недостатки. Было отмечено, что есть много возможностей для увеличения объема торговли между пятью странами за счет эффективного использования возможностей инфраструктуры. Казахстан, подчеркивая важность Транскаспийского международного транспортного маршрута, заявил, что в направлении Китай-Европа-Китай имеется большой логистический и транспортный потенциал, и что он придают большое значение развитию этих возможностей. В качестве примера региональных транспортных проектов можно привести вторую ветку железной дороги «Достык-Мойынты» стоимостью 2 миллиарда долларов. Если строительство этого проекта будет завершено к 2025 году, предполагается, что транспортная мощность региона увеличится до пяти раз [Исполнительный комитет Содружество Независимых Государств, 2021].

В то же время железнодорожная линия Казахстан-Туркменистан-Иран предоставит широкие возможности странам Центральной Азии для увеличения их торговли со странами Персидского залива. С другой стороны, развитие южного коридора Трансазиатской железнодорожной линии играет большую роль. Например, железнодорожная линия Дарбаза-Мактаарал между Казахстаном и Узбекистаном сократила время перевозки грузов в полтора раза. Железнодорожная линия Мазари-Шариф-Кабул-Пешавар не только выведет страны Центральной Азии на новый уровень международных отношений с Южной Азией, но также станет одним из способов поддержки Афганистана в ускорении процесса глобальных экономических отношений. Ожидается, что автомобильная дорога «Туркменба-

ның күшін көре алмадық [Біріккен Ұлттар Ұйымы Сауда мәліметтер базасы, 2021]. Аймақ елдерінің арасындағы экономикалық байланыстарының түрлі бағыттарда артуы сауда көлемінің жоғары деңгейде дамуына оң әсер ететін болады.

Аймақ елдерінің ортақ мүдделерін жоғарғы биліктің күн тәртібіне жиі шығарумен экономика, сауда-саттық пен инфрақұрылым мәселелерімен бірге көлік тасымалдау және қарым-қатынасты ортақ талқылау арқылы шешудің маңыздылығына мән берілді. Соңғы консультативтік кездесудің аясында президенттер бар мүмкіндіктерді ортақ қарау мен кемшіліктердің бірлесе еңсеруді мақсат етіп қойған болатын. Инфрақұрылымдық мүмкіндіктерді барынша тиімді пайдалану арқылы елдер арасындағы импорт-экспорт көлемін арттыру мен ұлғайтудың жолдары көп екені айқын. Қазақстан тарапы Транскаспий халықаралық көлік дәлізінінің ерекше маңыз беріп отырғанын, Қытай-Еуропа-Қытай бағытындағы мүмкіндіктерді одан әрі жетілдіріп, бойынша көптеген жобаларды қолға алған. Құны 2 миллиард АҚШ доллары болатын «Достық-Мойынты» теміржолының екінші бағытының құрылысы 2025 жылы аяқталса, аумақтың өткізу мүмкіндігі 5 есеге артатын болады [Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Атқару комитеті, 2021].

Сондай-ақ Қазақстан-Түрікменстан-Иран теміржолы Орталық Азия елдерінің Парсы шығанағы елдерімен сауда-саттық көлемін арттыруға мол мүмкіндік береді. Трансазиялық теміржол магистралінің оңтүстік дәлізін дамытудың да пайдасы орасан. Мәселен, Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы «Дарбаза-Мақтаарал» теміржолы жүк тасымалдау уақытын 1,5 есе қысқартқан. Мазари-Шариф-Кабул-Пешавар теміржолының Орталық Азия елдерінің Оңтүстік Азия

ши-Карабогаз-граница Казахстана» увеличит грузовые и пассажирские перевозки между Казахстаном и Туркменистаном. Было отмечено, что порты Казахстана и Туркменистана имеют большой потенциал в регионе, количество контейнеров, перевозимых по Каспийскому морю, за последние три года увеличилось в 13 раз, а контейнерный центр планируется создать в порту Актау в Казахстане. Есть и другие проекты, помимо высокоскоростной железнодорожной линии Туркестан-Шымкент-Ташкент (стоимость проекта 70 миллионов долларов) между Казахстаном и Узбекистаном. Казахстан заявил, что модернизация автодороги Бейнеу-Акжигит положительно повлияет на транспортный коридор из города Курик в Узбекистане до порта Актау [Сайт Премьер-министра Казахстан, 2021].

Военная и оборонная безопасность, которая является одной из наиболее важных областей проблем безопасности, в последние месяцы привлекла внимание всего мира, а последние события в Афганистане вызывают различные опасения по поводу стабильности и будущего региона. Совместные действия и сотрудничество государств Центральной Азии имеет прямое отношение к каждому государству региона. В этом контексте важным фактором обеспечения и укрепления безопасности и стабильности в регионе является скорейшее мирное урегулирование ситуации в Афганистане. Захват талибами столицы Кабула и почти всей страны вызывает неопределенность по многим вопросам, от ведения государственных дел до отношения к местному населению, когда странам Центральной Азии необходимо обсудить множество новых проблем безопасности, от вынужденной миграции до безопасности на границах. На консультационной встрече президентов стран Центральной Азии было отмечено, что лидеры, осознающие важность совместной работы со странами Центральной Азии и международными организациями

елдерімен қатынастын жаңа сатыға шығарумен қатар, Ауғанстанның да дүниежүзілік экономикалық қатынастармен байланысқа түсу үдерісін жеделдетуге сеп болмақ. «Түрікменбашы – Гарабоғаз – Қазақстанның шекарасы» автомагистралі Қазақстан-Түрікменстан арасындағы жүк және жолаушы тасымалының артыратын болады. Аймақ елдері ішінде Қазақстан мен Түрікменстанның порттарының мүмкіндігі көп екенін, соңғы үш жылда Каспий арқылы тасымалданатын контейнерлер саны 13 есе көбейгенін, осы мүмкіндікті дұрыс пайдалануда Қазақстан Ақтау портында «контейнерлер хабын» құруы жоспарланып жатқаны белгілі. Қазақстан-Өзбекстан жоғары жылдамдықпен жүретін «Түркістан-Шымкент-Ташкент» (жоба құны 70 миллион АҚШ доллары) теміржолы жобасынан басқа да жобалардың бар екені айтылған. Сонымен қатар Қазақстан Бейнеу-Ақжігіт тасжолының жаңартылуы Өзбекстанның Құрық және Ақтау порттарына аз уақытта жетуіне оразан зор мүмкіндік беріп отыр [Қазақстан Премьер-министрінің сайты, 2021].

Қауіпсіздік мәселелерінің маңыздыларының бірі де әскери және қорғаныс қауіпсіздігі. Соңғы айлардағы бүкіл әлемнің алаңдаушылғын тудырған Ауғанстандағы соңғы жағдайлар аймақтың тұрақтылығы мен болашағы бойынша түрлі алаңдаушылықтарға жол ашып отыр. Орталық Азия елдерінің ортақ әрекеті мен ынтымақтастығы аймақтағы әрбір мемлекетке тікелей әсер етеді. Бұл тұрғыда аймақтағы қауіпсіздік пен тұрақтылықты сақтау мен нығайтудың маңызды фактор ретінде Ауғанстандағы жағдайдың тезірек реттелуімен байланысты. Бұл тұрғыда аймақтағы қауіпсіздік пен тұрақтылықтың орнауы мен реттелуінде маңызды фактор ретінде Ауғанстандағы жағдайдың мүмкіндігінше тез арада бейбітшілік тұрғысынан шешілуі керек. Талибан жасақтарының Кабул-

над миграционной волной и доставкой гуманитарной помощи в Афганистан, готовы оказать всю необходимую помощь в решении проблем, которые могут возникнуть в Афганистане, и в обеспечении стабильности в стране [Al Jazeera, 2021]. Тем не менее, как упоминалось ранее, обеспечение безопасности и стабильности в Афганистане является одним из важнейших вопросов, отвечающих интересам стран региона.

Участие Натальи Герман во встрече свидетельствует о том, что лидеры хотят подчеркнуть стремление стран Центральной Азии укреплять свое сотрудничество с другими странами и ООН на международной арене. В этой связи важно, чтобы в тексте принятой по итогам встречи декларации было много ссылок на документы ООН. Наконец, в соответствии с совместным соглашением консультационной встречи, ожидается, что создание рабочей группы из представителей Министерств иностранных дел стран Центральной Азии усилить сотрудничество между странами. Лидеры пяти стран договорились поддерживать доверие и равенство, продвигать общие интересы в развитии Центральноазиатского региона и решать общие проблемы путем переговоров и консультаций на основе уставов и принципов ООН и других международных организаций [Егемен Казахстан, 2021].

В результате важность действий с пониманием единства и солидарности в рамках сотрудничества со странами региона была прочувствована пятью странами Центральной Азии, которые обрели независимость в 1991 году и стали членами ООН 2 марта 1992 г., [Организация Объединённых Наций, 2021] после завершения государственного строительства и поиска нового пути развития стран. Понятно, что этот процесс продолжится и в будущем. Необходимо совместно решать вопросы стабильности и безопасности в регионе, чтобы чаще

ды өзіне қаратуынан соң, елді түгелдей қолына алып, мемлекеттік құрылымды басқаруға өтуі жергілікті халық арасында туындайтын жағдайлармен қоса болашағы бұлыңғыр көптеген дүниелер, Орталық Азия елдеріне қарай ағылуы мүмкін көш кезіндегі шекара қауіпсіздігімен қатар басқа да болуы ықтимал қауіпсіздік мәселелерінің ортаға шығуына себеп болып отыр. Көш ағымы және Ауғанстанға гуманитарлық көмек бойынша Орталық Азия мемлекеттерінің ортақтастығы және халықаралық ұйымдарымен бірлесе әрекет етуі Орталық Азия мемлекеттерінің президенттерінің консультативтік кездесуінде Ауғанстанда туындауы мүмкін мәселелердің шешімі және сондағы тұрақтылық үшін қажетті көмек көрсетуге дайын екендіктері мәлім болды [Al Jazeera, 2021]. Себебі бұдан бұрын да айтылғанындай Ауғанстандағы қауіпсіздік және тұрақтылықтың сақталуы аймақтағы елдердің мүдделері тұрғысынан қарастырарлық өзекті тақырыптардың арасында тұр.

Кездесуге Наталья Германның да қатысу президенттердің халықаралық деңгейде Орталық Азия елдерінің басқа мемлекеттер және БҰҰ бірлесіп жұмыс жасауға ашықтығын байқатты. Бұл тұрғыда кездесу соңында қабылданған мәлімдеме мәтінінде де БҰҰ құжаттарына көптеп сілтеме жасалуы халықаралық қатынастар мен бейбітшілік нормаларына сай маңызды кездесу өткенін байқауға болады. Нәтижесінде консультативтік кездесуінің ортақ келісімдерінің бірі де Сыртқы істер министрліктері арасында жұмысшы тобынының құрылуы елдер арасындағы ынтымақтастық байланысын артыруы күтіледі. Бес ел басшылары БҰҰ және басқа да халықаралық ұйымдардың жалпыға ортақ жарғысы мен қағидаттарын негізе ала отырып, елдер арасы сенімділік пен теңдікті сақтау, Орталық Азия аймағының дамуы ортақ мүдделер қалыптастыру және ортақ мәсе-

ставить на повестку дня новые прорывы в экономике, торговле и инвестициях. Таким образом, региональное сотрудничество будет укрепляться и продолжаться в будущем благодаря сотрудничеству в решении проблем экономики, продовольствия, обороны и аналогичных проблем безопасности. Это внесет позитивный вклад в интересы стран региона и позволит укрепить их отношения.

**Источники:**

Al Jazeera (2021). Соседи Афганистана в Центральной Азии в панике и отказываются принимать его жители. Доступно по адресу: https://www.aljazeera.com/news/2021/8/19/afghanistans-ex-soviet-neighbours-panic-reject-refugees. Дата обращения: 11.09.2021.

Агентство Анадолу (2021). Новая эра в Центральноазиатском Союзе. Доступно по адресу: https://www.aa.com.tr/tr/dunya/orta-asya-butunlesmesinde-yeni-donem/2338831. Дата обращения: 08.09.2021.

Айнурал, Салих и Кешичи, Кайюм (2010). Необходимость объединение Западно-Туркестанских республики. Доступно по адресу: https://dergipark.org.tr/tr/download/article-file/9166. Дата обращения: 15.09.2021.

База данных Организация Объединённых Наций по торговле (2021). База данных. Доступно по адресу: https://comtrade.un.org/data/. Дата обращения: 14.09.2021.

Егемен Казахстан (2021). Если пять стран держатся вместе. Доступно по адресу: https://egemen.kz/article/284166-beseu-bekem-bolsa. Дата обращения: 05.09.2021.

Исполнительный комитет Содружество Независимых Государств (2021). В Туркменистане проходит консультационная встреча лидеров стран Центральной Азии. Доступно по адресу: https://cis.minsk.by/news/19904/v_turkmenistane_proshla_konsultativnaja_vstrecha_glav_gosudarstv_centralnoj_azii#6. Дата обращения: 10.09.2021.

Организация Объединённых Наций (2021). Государства-члены ООН. Доступно по адресу: https://www.un.org/en/about-us/member-states. Дата обращения: 10.09.2021.

Сайт Премьер-министра Казахстан (2021). Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев принял участие в Консультативной встрече лидеров стран Центральной Азии. Доступно по адресу: https://primeminister.kz/kz/news/kazakstan-prezidenti-kasym-zhomart-tokaev-ortalyk-aziya-elderi-basshylarynyn-

лелерді келіссөздер мен консультациялар арқылы шешуге келісілді [Егемен Қазақстан, 2021].

Қорыта айтқанда, 1991 жылы тәуелсіздік алып, 1992 жылы 2-наурызда БҰҰ мүше болған [Біріккен Ұлттар Ұйымы, 2021] Орталық Азиядағы бес ел мемлекеттік құрылымды аяқтап, ел дамуының жаңа сатысына көтерілген тұста, ынтымақтастықтың жаңа деңгейін орнатып, бірлік қағидаттары негізінде әрекет етудің маңыздылы айқын сезілді. Бұл үдерістің алдағы уақытта да жалғасын табары анық. Аймақтағы тұрақтылық пен қауіпсіздік мәселелерін бірлесе отырып шешудің және ортақ негізде экономикалық-инвестициялық аймақ қалыптастырудың уақыты келді. Осылайша, экономика, азық-түлік, қорғаныс және басқа да қауіпсіздік мәселелерін бірге талқылап, ортақ шешімдердің нәтижесінде аймақ байланысын болашақта бұдан да жоғары дәрежеге көтеріп, мемлекеттердің мүдделеріне барынша тиімді жағдай қалыптастыру ынтымақтастығын бекемдей түседі.

**Дереккөз:**

Анадолы агенттігі (2021). Орталық Азия бірлігінің жаңа дәуірі. Сілтеме: https://www.aa.com.tr/tr/dunya/orta-asya-butunlesmesinde-yeni-donem/2338831. Қаралған уақыты: 08.09.2021.

Al Jazeera (2021). Ауғанстанның Орталық Азиядағы көршілері дүрбелеңге түсіп, босқындарды қабылдамайды. Сілтеме: https://www.aljazeera.com/news/2021/8/19/afghanistans-ex-soviet-neighbours-panic-reject-refugees. Қаралған уақыты: 11.09.2021.

Айнұрал, Салих және Кесичи, Кайюм (2010). Батыс Түркістан Республикалары одағының қажеттілігі. Сілтеме: https://dergipark.org.tr/tr/download/article-file/9166. Қаралған уақыты: 11.09.2021.

Біріккен Ұлттар Ұйымы Сауда мәліметтер базасы (2021). Дерекқор. Сілтеме: https://comtrade.un.org/data/ Қаралған уақыты: 14.09.2021.

Біріккен Ұлттар Ұйымы (2021). Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше елдер. Сілтеме: https://www.un.org/en/about-us/member-states. Қаралған уақыты: 10.09.2021.

Егемен Қазақстан (2021). Бесеу бекем болса.

konsultativtik-kezdesuine-katysty-671755. Дата обращения: 05.09.2021.

Хабар (2021). Какие темы были на повестке дня встречи президентов стран Центральной Азии? Доступно по адресу: https://khabar.kz/kk/news/sayasat/item/134981-ortalyk-aziya-elderi-prezidentterinin-baskosuynda-kandaj-maseleler-koterildi. Дата обращения: 08.09.2021.

24.kz (2021). Какова цель встречи лидеров стран Центральной Азии в Туркменистане? Доступно по адресу: https://24.kz/kz/zha-aly-tar/sayasat/item/491328-ortaly-aziya-elderini-basshylary-t-rikmenstan-a-andaj-ma-satpen-zhinaldy. Дата обращения: 11.09.2021.

Сілтеме: https://egemen.kz/article/284166-beseu-bekem-bolsa. Қаралған уақыты: 05.09.2021.

Қазақстан Премьер-министрінің сайты (2021). Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Орталық Азия елдері басшыларының ғонсультативтік кездесуіне қатысты. Сілтеме: https://primeminister.kz/kz/news/kazakstan-prezidenti-kasym-zhomart-tokaev-ortalyk-aziya-elderi-basshylarynyn-konsultativtik-kezdesuine-katysty-671755. Қаралған уақыты: 10.09.2021.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Атқару комитеті (2021). Түркіменстанда Орталық Азияның мемлекет басшыларының консультативтік кездесуі өтті. Сілтеме: https://cis.minsk.by/news/19904/v_turkmenistane_proshla_konsultativnaja_vstrecha_glav_gosudarstv_centralnoj_azii#6. Қаралған уақыты: 10.09.2021.

Хабар (2021). Орталық Азия елдері Президенттерінің басқосуында қандай мәселелер көтерілді? Сілтеме: https://khabar.kz/kk/news/sayasat/item/134981-ortalyk-aziya-elderi-prezidentterinin-baskosuynda-kandaj-maseleler-koterildi. Қаралған уақыты: 08.09.2021.

24.kz (2021). Орталық Азия елдерінің басшылары Түрікменстанға қандай мақсатпен жиналды. Сілтеме: https://24.kz/kz/zha-aly-tar/sayasat/item/491328-ortaly-aziya-elderini-basshylary-t-rikmenstan-a-andaj-ma-satpen-zhinaldy. Қаралған уақыты: 11.09.2021.

# 20-ЛЕТИЕ ШАНХАЙСКОЙ ОРГАНИЗАЦИИ СОТРУДНИЧЕСТВА: ТЕКУЩЕЕ ПОЛОЖЕНИЕ
# ШАНХАЙ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҰЙЫМЫНЫҢ 20 ЖЫЛДЫҒЫ: АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙ

*Альбина Муратбекова**

Юбилейный саммит Совета глав государств Шанхайской организации сотрудничества (ШОС) под председательством президента Таджикистана Эмомали Рахмона прошел в Душанбе 17 сентября 2020 года. В нем приняли участие президенты Казахстана, Кыргызстана, Пакистана, Узбекистана как стран-участниц, а также Беларусь и Иран в качестве государств-наблюдателей при ШОС; к саммиту удаленно присоединились главы государств-членов: Китая, Индии, России, а Монголии в качестве наблюдателя. Президент Туркменистана Гурбангулы Бердымухамедов принял участие в саммите в качестве приглашенного гостя. Несмотря на планы широко отметить двадцатую годовщину, недавние события в Афганистане и последующее отсутствие ключевых членов изменили повестку дня.

Между тем отсутствие ключевых лидеров стран-членов ШОС, таких как Россия и Китай, было интерпретировано как попытка смягчить противоречия, вызванные неспособностью найти общее решение по ситуации в Афганистане. Согласно выступлениям, президент Таджикистана Эмомали Рахмон занял жесткую позицию по отношению к правительству Талибана, заявив, что «игнорирование этнического разнообразия Афганистана» и введение «жесткого средневекового шариата» ни к чему хорошему не приведет, тогда как президенты России, Китая и Пакистан были более позитивны по отношению к Талибану. Президент Пакистана Имран Хан считает, что талибов не следует демонизировать, в то время как пре-

2021 жылы 17 қыркүйекте Душанбеде Тәжікстан президенті Имамали Рахмонның төрағалығымен Шанхай ынтымақтастық ұйымына (ШЫҰ) мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің мерейтойлық саммиті өтті. Мүше мемлекеттер ретінде Қазақстан, Қырғызстан, Пәкістан, Өзбекстан және бақылаушы мемлекеттер ретінде Беларусь пен Иран президенттері қатысқан саммитке, Қытай, Үндістан мен Ресей сияқты мүше мемлекеттер мен бақылаушы мәртебесіндегі Моңғолия президенттері қашықтан қатысты. Түркіменстан президенті Гурбангулы Бердімұхамедов саммитке қонақ ретінде шақырылды. Жиырма жылдық мерейтойды кең көлемде тойлау жоспарларына қарамастан, Ауғанстандағы соңғы оқиғалар мен негізгі мүшелердің болмауы күн тәртібін өзгертті.

Негізгі көшбасшылардың болмауы Ауғанстандағы жағдайға байланысты ортақ шешімнің болмауынан туындайтын қарама-қайшылықтарды азайту әрекеті ретінде болжанды. Тәжікстан президенті Имамали Рахмон «Ауғанстанның этникалық әртүрлілігін елемеу» және «ортағасырлық шариғаттың қатаң заңдарын» енгізу жақсы нәрсеге әкелмейтінін айта келе, Талибан үкіметіне қарсы ең қатал позицияны көрсетсе, Ресей, Қытай және Пәкістан президенттері, керісінше, Талибанға оң көзқараспен қарады. Пәкістан президенті Имран Хан Талибанды «шайтанмен салыстыруға болмайтын» жеткізсе, Путин мен Си Цзиньпин талибан-

* доктор, Евразийский научно-исследовательский институт, Казахстан.
albina.muratbek@gmail.com

зиденты Путин и Си Цзиньпин считали приход талибов к власти «бескровным» и «свершившимся фактом». Президент Путин даже предложил вести переговоры с правительством Талибана в рамках Контактной группы ШОС [Арипов, 2021]. Для поддержания региональной безопасности президент Таджикистана Рахмон призвал создать пояс безопасности вокруг Афганистана. Его решительная позиция по Афганистану была продиктована также попыткой заручиться поддержкой Пакистана в оказании давления на группы боевиков в Афганистане. Китай, опасающийся возможных связей уйгуров с боевиками Афганистана, и Индия, также опасающаяся своих северо-западных приграничных районов, заинтересованы в оказании давления на группы боевиков [Атлантический совет, 2021].

Все лидеры подчеркнули острую необходимость в гуманитарной помощи, а также необходимость формирования инклюзивного правительства Афганистана. В целях предотвращения гуманитарного кризиса в Афганистане Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев предложил создать в Алматы гуманитарный хаб для международной помощи Афганистану, а президент Узбекистана Шавкат Мирзиёев готов провести саммит ШОС-Афганистан в Ташкенте, если будет необходимость [Фергана, 2021].

По сути, Душанбинская декларация, хотя и подчеркивает события в Афганистане, не содержит никаких конструктивных и коллективных предложений [Министерство иностранных дел Индии, 2021]. Это доказывает широко распространенные опасения по поводу расширения ШОС, что, несмотря на ее обширный географический охват, вряд ли возможно достичь каких-либо коллективных решений по вопросам региональной безопасности из-за противоречивых взглядов государств-членов. Еще одна важная функция ШОС – предоставить площадку для очных переговоров региональных лидеров также не оправ-

дардың билікке келуін «қансыз» және «орындалған ақиқат» ретінде санады. Президент Путин тіпті ШЫҰ Байланыс тобының құрамында Талибан үкіметімен келіссөз жүргізуді ұсынды [Арипов, 2021]. Аймақтық қауіпсіздікті қорғау үшін Тәжікстан президенті Рахмон Ауғанстанның айналасында қауіпсіздік белдеуін құруға шақырды. Оның Ауғанстанға қатысты батыл ұстанымы Ауғанстандағы қарулы топтарды қысым астында ұстау үшін Пәкістанның қолдауын алу әрекеті ретінде де анықталды. Ұйғырлардың ауған қарулы топтарымен ықтимал байланысы туралы алаңдайтын Қытай мен сол сияқты солтүстік-батыс шекаралас аймақтарға қатысты қауіпсіздік қорқынышына ие Үндістан қарулы топтарға қысым көрсетуге мүдделі [Атлантикалық кеңес, 2021].

Барлық басшылар Ауғанстанда инклюзивті үкімет құру мен шұғыл гуманитарлық көмек көрсету қажеттілігін атап өтті. Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ауғанстандағы гуманитарлық дағдарыстың алдын алу үшін Алматыда Ауғанстанға халықаралық көмек көрсету үшін гуманитарлық орталық құруды ұсынса, Өзбекстан президенті Шавкат Мирзиёев қажет болған жағдайда Ташкентте ШЫҰ-Ауғанстан саммитін өткізуге дайындығын білдірді [Ферғана, 2021].

Душанбе Декларациясы, жалпы алғанда, Ауғанстандағы оқиғаларға баса назар аударғанымен, ешқандай конструктивті және ұжымдық ұсыныстар бере алмады [Үндістан Сыртқы істер министрлігі, 2021]. Географиялық ауқымы кең болғанына қарамастан, мүше мемлекеттердің көзқарастары қарама-қайшы болғандықтан, аймақтық қауіпсіздік мәселелері бойынша ортақ шешімге келу мүмкін емес және бұл жағдай ШЫҰ-ны кеңейтуге қатысты кең таралған алаңдаушылықтың дәлелі ретінде бағаланады. ШЫҰ-ның тағы бір

дала ожиданий в преддверии юбилейного саммита.

Тем временем участники саммита договорились о дальнейшем расширении организации, инициировав процедуру принятия Ирана в качестве полноправного государства-члена, а также предоставили Египту, Катару и Саудовской Аравии статус партнеров по диалогу. Следует помнить, что предыдущее расширение имело место в 2017 году с принятием Индии и Пакистана в качестве полноправных членов.

За двадцать лет ШОС прошла несколько этапов развития. Начав с предшествующей ШОС фазы, фазы Шанхайской пятерки, которая предприняла попытки определить границы между Китаем и Россией и государствами Центральной Азии на основе соглашений 1996 и 1997 годов, институционализация ШОС возникла в 2001–2004 годах. Принятие Узбекистана в качестве члена организации, подписание Шанхайской конвенции о борьбе с терроризмом, сепаратизмом и экстремизмом, создание Региональной антитеррористической структуры (РАТС), наряду с созданием секретариата ШОС – все это были этапы становления ШОС. Расширение членства за счет принятия Ирана, Индии, Пакистана и Монголии в качестве государств-наблюдателей, развитие сотрудничества в области энергетики и борьба с контрабандой опиума из Афганистана стали еще одним этапом ШОС (2005-2015 гг.). Решение сначала развиваться вертикально, а только потом горизонтально, которое отложило заявку Индии на полноправное членство, также произошло в данный период. Присоединение Индии и Пакистана в качестве государств-членов в 2017 году открыло новый этап расширения ШОС, который теперь включает процедуру присоединения Ирана, которая может занять до двух лет [Муратбекова, 2019]. Примечательно, что заявка Ирана на членство в ШОС была отложена на 15 лет из-за санкций и противоречий с правительством Таджи-

маңызды функциясы-аймақ басшыларының бетпе-бет келіссөздер алаңын қамтамасыз ету, бірақ мерейтойлық саммит қарсаңында күтілген бұл кездесулер болмады.

Саммитке қатысушылар Иранды толыққанды мүше мемлекет ретінде қабылдау үдерісін бастау және Египет, Катар мен Сауд Арабиясына диалог бойынша серіктес мәртебесін беру арқылы ұйымды одан әрі кеңейтуге келісті. Бұдан бұрынғы кеңею нәтижесінде 2017 жылы Үндістан мен Пәкістан толық мүше болып қабылданғанын еске сала кеткен жөн.

Жиырма жыл ішінде ШЫҰ дамудың бірнеше кезеңінен өтті. 1996 және 1997 жылдардағы келісімдер негізінде Қытай, Ресей және Орталық Азия мемлекеттері арасындағы шекараны қорғайтын Шанхай бестігінің ШЫҰ-ға дейінгі кезеңінен басталған ШЫҰ-ның институционализациясы 2001-2004 жылдары жүзеге асты. Өзбекстанды мүше мемлекет ретінде қабылдау; терроризм, сепаратизм және экстремизмге қарсы күрес туралы Шанхай конвенциясына қол қою; Терроризмге қарсы аймақтық құрылыммен бірге ШЫҰ Хатшылығын құру ШЫҰ-ның құрылу кезеңіндегі оқиғалардың бірі болып табылады. Иран, Үндістан, Пәкістан мен Моңғолияны бақылаушы мемлекеттер ретінде қабылдау арқылы мүшеліктің кеңеюі, энергетикалық ынтымақтастықтың дамуы мен Ауғанстанда апиын контрабандасымен күрес ШЫҰ-ның басқа кезеңі болып есептеледі (2005-2015 жж.). Үндістанның толыққанды мүшелік ұсынысын кейінге қалдырған алдымен тігінен, кейіннен көлденеңінен даму туралы шешім де осы кезеңде жүзеге асты. 2017 жылы Үндістан мен Пәкістанның мүше мемлекеттер ретінде қосылуы ШЫҰ-ны кеңейтудің жаңа кезеңін бастады. Бұл үдеріс енді екі жылға дейін созылуы мүмкін Иранның қосылу үдерісін қамтитын болады

кистана, которое заявило о предполагаемой поддержке Исламского движения Таджикистана правительством Ирана [Al Jazeera, 2021].

С принятием Ирана восьмым полноправным членом, ШОС как евразийский блок усиливает свой потенциал. Ожидается, что уход США из Афганистана и последующее сокращение присутствия правительства США в регионе оживят региональное сотрудничество также в рамках механизмов ШОС [Атлантический совет, 2021]. С другой стороны, некоторые эксперты считают, что ШОС достигла негласного консенсуса, где Россия обеспечивает безопасность региона, в том числе через структуры Организации Договора о коллективной безопасности (ОДКБ), а Китай обеспечивает экономическую составляющую сотрудничества [Конаровский, 2016]. Предлагаемый Банк развития ШОС и Зона свободной торговли ШОС, создание зоны развития Китай-ШОС в Циндао в 2020 году наряду с широким продвижением инициативы Пояса и Пути – все это подкрепляет усилия Китая по укреплению своей экономической составляющей. Однако создание Китаем Четырехстороннего механизма сотрудничества и координации (QCCM), который объединяет Афганистан, Пакистан и Таджикистан для борьбы с терроризмом, также рассматривается как институционализация усилий Китая в области региональной безопасности. Россия рассматривает ШОС как антизападный блок, который продвигает интересы России, а также в той или иной степени других государств-членов.

В любом случае, саммит ШОС подтвердил стремление к дальнейшему расширению масштабов организации за счет включения новых членов в целях усиления Евразийского блока. Несмотря на предсказания о том, что ШОС может стать скорее церемониальной, чем жизнеспособной как организация, потенциал объединения региональных игроков для обсуждения азиатских дел неоспо-

[Муратбекова, 2019]. Иранның ШЫҰ-на мүше болу туралы өтініші, Иран үкіметінің Тәжікстан Исламдық қозғалысын қолдау туралы талаптарын жариялаған Тәжікстан үкіметімен санкциялар мен қайшылықтарға байланысты 15 жылға кейінге қалдырылған болатын [Al Jazeera, 2021].

Иранның сегізінші толыққанды мүше ретінде қабылдануымен ШЫҰ еуразиялық блог ретінде қуатын арттыруда. АҚШ-тың Ауғанстаннан шығуы және АҚШ үкіметінің осы аймақтағы қатысуының төмендеуі ШЫҰ тетіктері шеңберіндегі аймақтық ынтымақтастықты жандандыруы күтілуде [Атлантикалық кеңес, 2021]. Екінші жағынан, кейбір сарапшылар ШЫҰ-ның Ресейдің Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымының құрылымдарымен қоса аймақтың қауіпсіздігін және Қытай ынтымақтастығының экономикалық компонентін қамтамасыз ететініне келіседі [Конаровский, 2016]. ШЫҰ Даму банкі мен ШЫҰ Еркін сауда аймағының ұсынысымен 2020 жылы Циндаода Қытай-ШЫҰ даму аймағын құру және «Белдеу және жол» бастамасын кеңінен насихаттау Қытайдың экономикалық компонентін нығайтуға бағытталған іс-шаралардың негізін құрайды. Алайда, Қытайдың терроризммен күресу үшін Ауғанстан, Пәкістан мен Тәжікстанды біріктіретін Төртжақты ынтымақтастық пен үйлестіру механизмін құруы, Қытайдың аймақтық қауіпсіздік саласындағы іс-шараларын институционализациялау ретінде қарастырылады. Ресей ШЫҰ-ны әр түрлі шараларға бірдей маңызды басқа мүше мемлекеттермен бірге, Ресейдің мүддесін қолдайтын батысқа қарсы блок ретінде санайды.

Қалай болғанда да, ШЫҰ саммиті еуразиялық блокты нығайту үшін жаңа мүшелерді қосу арқылы ұйымның ауқымын одан әрі кеңейту ниетін растады. ШЫҰ ұйым ретінде салтанатты

рим. Региональная безопасность и Афганистан как никогда нуждаются в решительной реакции членов ШОС.

**Источники:**

Al Jazeera (2021). Что означает членство Ирана в Шанхайской организации сотрудничества. Доступна по адресу: https://www.aljazeera.com/news/2021/9/19/iran-shanghai-cooperation-organisation. Дата обращения: 25.09.2021.

Арипов, Анушервон (2021). ШОС потребовала, чтобы талибы не управляли Афганистаном в одиночку: чем завершился саммит в Душанбе. Доступна по адресу: https://www.currenttime.tv/a/shos-potrebovala-ot-talibov-raznoobraziya-v-pravitelstve-afganistana-chem-zakonchilsya-sammit-v-dushanbe/31465254.html. Дата обращения: 25.09.2021.

Атлантический совет (2021). Реакция экспертов: Саммит Шанхайской организации сотрудничества (ШОС) 2021 года в Таджикистане. Доступна по адресу: https://www.atlanticcouncil.org/blogs/southasiasource/experts-react-2021-shanghai-cooperation-organisation-sco-summit-in-tajikistan/. Дата обращения: 25.09.2021.

Конаровский, Михаил (2016). Россия и Шанхайская организация сотрудничества: некоторые элементы стратегии. International Organisations Research Journal. 11, (4), сс. 149–161.

Министерство иностранных дел Индии (2021). Душанбинская декларация по случаю 20-летия Шанхайской организации сотрудничества. Доступна по адресу: https://mea.gov.in/bilateral-documents.htm?dtl/34275/Dushanbe_Declaration_on_the_Twentieth_Anniversary_of_the_Shanghai_Cooperation_Organisation. Дата обращения: 25.09.2021.

Муратбекова, Альбина (2019). Изучение кризиса идентичности Шанхайской организации сотрудничества: что дальше? International Organisations Research Journal. 14, (4), сс.138-160.

Фергана (2021). Разморозить афганские активы, простимулировать талибов, отправить гуманитарную помощь. Доступна по адресу: https://fergana.media/articles/123051/. Дата обращения: 25.09.2021.

және қолданыссыз болуы мүмкін деген болжамдарға қарамастан, азиялық мәселелерді талқылау үшін аймақтық акторларды біріктіру әлеуеті даусыз. Аймақтық қауіпсіздік пен Ауғанстан үшін ШЫҰ мүшелерінің шешуші реакциясы бұрынғыдан да қажет.

**Дереккөз:**

Al Jazeera (2021). Иранның Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше болуы нені білдіреді. Сілтеме: https://www.aljazeera.com/news/2021/9/19/iran-shanghai-cooperation-organisation. Қаралған уақыты: 25.09.2021.

Атлантикалық кеңес (2021). Сарапшылар реакциясы: 2021 жылы Тәжікстанда Шанхай ынтымақтастық ұйымының (ШЫҰ) саммиті. Сілтеме: https://www.atlanticcouncil.org/blogs/southasiasource/experts-react-2021-shanghai-cooperation-organisation-sco-summit-in-tajikistan/. Қаралған уақыты: 25.09.2021.

Әріпов, Анушервон (2021). ШЫҰ Талибаннан Ауғанстанды жалғыз басқармауды талап етті: Душанбедегі саммит қалай аяқталды. Сілтеме: https://www.currenttime.tv/a/shos-potrebovala-ot-talibov-raznoobraziya-v-pravitelstve-afganistana-chem-zakonchilsya-sammit-v-dushanbe/31465254.html. Қаралған уақыты: 25.09.2021.

Конаровский, Михаил (2016). Ресей және Шанхай ынтымақтастық ұйымы: стратегияның кейбір элементтері. International Organisations Research Journal. 11, (4), бб. 149–161.

Муратбекова, Альбина (2019). Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының сәйкестік дағдарысын зерттеу: бұдан әрі не болады? International Organisations Research Journal. 14, (4), бб.138-160.

Үндістан Сыртқы істер министрлігі (2021). Шанхай ынтымақтастық ұйымының 20 жылдығына арналған Душанбе декларациясы. Сілтеме: https://mea.gov.in/bilateral-documents.htm?dtl/34275/Dushanbe_Declaration_on_the_Twentieth_Anniversary_of_the_Shanghai_Cooperation_Organisation. Қаралған уақыты: 25.09.2021.

Ферғана (2021). Ауғанстанның активтерін босатыңыз, Талибанды ынталандырыңыз, гуманитарлық көмек жіберіңіз. Сілтеме: https://fergana.media/articles/123051/. Қаралған уақыты: 25.09.2021.

# ОТ АЗИАТСКО-ТИХООКЕАНСКОГО РЕГИОНА К ИНДО-ТИХООКЕАНСКОМУ: ОСНОВНЫЕ ТЕНДЕНЦИИ И ОЖИДАНИЯ

# АЗИЯ-ТЫНЫҚ МҰХИТЫНАН ҮНДІ-ТЫНЫҚ МҰХИТЫНА ДЕЙІН: НЕГІЗГІ ҮРДІСТЕР МЕН НӘТИЖЕЛЕР

*Канат Маханов**

С недавнего времени мы стали свидетелями того, как термин «Индо-Тихоокеанский регион» используется чаще, чем «Азиатско-Тихоокеанский регион» в контексте глобальных взаимоотношений. Часто эту новую тенденцию рассматривают как результат недавнего смещения внимания Запада во взаимодействии со странами Тихоокеанского региона и Азии. Вообще, использование нового термина отражает утверждение нового общего набора принципов и приоритетов в политике Запада по отношению к региону. Это концептуальное изменение, однако, следует немного прояснить, чтобы мы могли понять более широкий контекст и его возможные последствия.

«Азиатско-Тихоокеанский регион» и «Индо-Тихоокеанский регион» не следует воспринимать как противоположные концепты. Эти два термина сосуществуют в течение довольно долгого времени, и их даже взаимозаменяли во многих контекстах. Однако в данный момент, в глобальном контексте парадигмы отношений Востока и Запада терминологическое разграничение «Азиатско-Тихоокеанский регионa» от «Индо-Тихоокеанского» приобрело ясное геополитическое измерение. Изменение фокуса Запада от «Азиатско-Тихоокеанского» к «Индо-Тихоокеанскому региону» обусловлено во-многом ухудшением отношений между США и Китаем и усилиями США уравновесить китайское влияние в регионе благоволением к активизации Индии в делах региона.

Соңғы кездері жаһандық қарым-қатынастар аясында «Азия-Тынық мұхиты» атауының орнына «Үнді-Тынық мұхиты» терминінің қолданылып жатқанына куә болып жүрміз. Көбінесе бұл жаңа тенденция Батыстың Тынық мұхиты аймағы мен Азия елдерімен қарым-қатынастарындағы соңғы өзгерістердің нәтижесі ретінде қарастырылады. Жалпы алғанда, жаңа терминді қолдану Батыстың аймаққа қатысты саясатындағы ортақ қағидаттар мен басымдықтардың жаңа жиынтығының мақұлдануын көрсетеді. Сонымен қатар, бұл концептуалды өзгерту оның кеңірек контекстін және ықтимал салдарын түсінуіміз үшін біршама нақтылауды қажет етеді.

Азия-Тынық мұхиты мен Үнді-Тынық мұхиты терминін екі қарама-қарсы ұғым ретінде қарасатырмау керек. Екі термин біраз уақыттан бері бірге қолданылуда, тіпті көптеген контексттерде бір-бірін алмастыруда. Дегенмен, қазіргі Шығыс-Батыс қатынастары парадигмасының жаһандық жағдайында Азия-Тынық мұхитынан Үнді-Тынық мұхитына терминологиялық ауысу айқын геосаяси мағынаға ие болды. Батыстың назарын Азия-Тынық мұхит аймағынан Үндістан-Тынық мұхиты аймағына ауыстыру үдерісін негізінен АҚШ-Қытай қарым-қатынасының төмендеуі және АҚШ-тың Үндістанның аймақтық істерге белсендірек қатысуын қолдау арқылы Қытайдың аймақтағы ықпалын

* магистр, Евразийский научно-исследовательский институт, Казахстан.
kanat.makhanov@eurasian-research.org

16 ноября 2021 года Европарламент обнародовал свое видение новой стратегии ЕС в отношении Китая. Среди прочего в документе говорится о новой стратегии ЕС по сотрудничеству в Индо-Тихоокеанском регионе [Европейский парламент, 2021], которая во-многом соответствует альянсу безопасности AUKUS, созданному США, Великобританией и Австралией [Thediplomat.com, 2021]. Новая стратегия ЕС по Китаю направлена на улучшение экономических связей и решение общих проблем, связанных с изменением климата, потерей биоразнообразия и последствиями пандемии коронавируса. ЕС открыто ставит Индо-Тихоокеанский регион в повестку дня и объявляет о новой стратегии сотрудничества в регионе. Легко заметить, что местами документ весьма критичен по некоторым высокочувствительным для Китая вопросам, таким как права человека, Тайвань и морские пограничные споры. В то же время новая стратегия призывает к китайскому содействию в усилиях по соблюдению правил международной торговли, мерах борьбы и решения проблем изменения климата и потери биоразнообразия, и придании импульса сотрудничеству в области здравоохранения с наименее развитыми странами.

Вполне символично, что в настоящий момент мы наблюдаем экономический упадок Китая, когда копившиеся противоречия между Западом и Китаем достигли такой степени, что для Китая уже невозможно действовать в рамках обычной парадигмы развития без серьезного пересмотра текущей системы международного взаимодействия. Одна из важных причин, объясняющих экономический подъем Китая за последние десятилетия, заключалась в существовании мандата преференциального отношения, предоставленного Западом в надежде, что это поспособствует растущему соперничеству между Советским Союзом и Китаем в 1960-х годах, что усиливало позиции Запада. Принятая 25

теңестіру әрекеті ретінде қарастыруға болады.

2021 жылдың 16 қыркүйегінде Еуропалық парламент Еуропалық одақтың (ЕО) Қытайға қатысты жаңа стратегиясына деген көзқарасын жариялады. Құжат, басқа мәселелермен қатар, АҚШ, Ұлыбритания және Австралия құрған AUKUS қауіпсіздік альянсының ауқымына сәйкес келетін Үнді-Тынық мұхиты аймағындағы [Еуропа парламенті, 2021] ынтымақтастықтың жаңа ЕО стратегиясының іске қосылуы туралы құжат [Thediplomat.com, 2021]. ЕО-ның Қытайға қатысты жаңа стратегиясы экономикалық байланыстарды нығайтуға және климаттың өзгеруі, биоәртүрліліктің жоғалуы және коронавирустық індеттің салдарымен күресу сияқты ортақ мәселелерді шешуге бағытталған. Дегенмен, ЕО-ның жаңа стратегиясы ретінде Үнді-Тынық мұхиты концепциясы осы аймақтағы ынтымақтастықтың күн тәртібінде екені анық. Сондай-ақ құжатта адам құқықтары, Тайвань мәселесі және теңіз шекара даулары сияқты Қытай үшін өте маңызды кейбір мәселелерге қатысты дискурстар бар екенін айтуға болады. Сонымен қатар, жаңа стратегия Қытайдың халықаралық сауда ережелерін құрметтеуді нығайтуға, климаттың өзгеруіне және биоалуантүрліліктің жоғалуына қарсы күресу мен бейімделуіне және аз дамыған елдермен денсаулық сақтау саласындағы ынтымақтастықты арттыруға көмектесуін талап етеді.

Батыс пен Қытай арасындағы жиналған келіспеушіліктер, қолданыстағы халықаралық өзара іс-қимылдың жүйесін айтарлықтай өзгертпестен, Қытайдың әдеттегі даму парадигмасы аясында жұмыс істей алмайтын деңгейге жеткенде, Қытайдың экономикалық құлдырауын көріп отырғанымыз символдық жағдай. Қытайдың соңғы бірнеше онжылдықтардағы экономикалық өрлеуін түсіндіретін маңызды

октября 1971 года резолюция ООН, которая признавала Китайскую Народную Республику (КНР) как единственного законного представителя Китая в ООН [Организация Объединённых Наций, 1971] и исключила Тайвань из организации, была символическим жестом, показавшим позицию Запада по отношению к Китаю. После распада Советского Союза едва ли что поменялось, так как Китай воспринимал экономический рост посредством интеграции в международный рынок как абсолютный приоритет и оставался в рамках «приемлемых границ» нарушений общепринятых норм международной экономики, таких как нарушение права на интеллектуальную собственность, практики нечестной торговли посредством скрытных валютных интервенций и т.д. Относительный успех Китая в преодолении азиатского кризиса 1998 года способствовал улучшению имиджа Китая в западных странах. На самом деле ошеломительный экономический успех Китая перевешивал значение внешнеэкономических нарушений. За последние четыре десятка лет ВВП на душу населения в Китае рос в среднем в 2.7 раз быстрее среднемирового показателя [Всемирный банк, 2021]. Его стали называть «фабрикой мира» за огромный объем производительной мощности, накопленной, главным образом, благодаря прямым иностранным инвестициям. Низкие трудозатраты и интеграция в мировой рынок стали основными драйверами экономического роста Китая.

Однако в Китае лимиты традиционных драйверов экономического роста истощаются. Это страна с высоким и средним уровнями дохода, и поэтому она не самая дешевая для производства [Всемирный банк, 2019]. Торговые войны с США, ограничения суверенитета Гонконга, проблемы с соблюдением прав человека и ухудшение отношений с Западом несут инвестиционные риски, которые какие-то инвесторы могут не принять, что способствует оттоку капитала из Ки-

себептердің бірі 1960-жылдары Кеңес одағы мен Қытай арасындағы бәсекелестікті нығайтып, Батыстың позициясын күшейтуі үмітімен Батыстың оған берген артықшылығы болды. Қытай халық республикасын (ҚХР) Біріккен ұлттар ұйымындағы (БҰҰ) Қытайдың жалғыз заңды өкілі ретінде тану туралы БҰҰ-ның 1971 жылғы 25 қазандағы қаулысы, [Біріккен ұлттар ұйымы, 1971], және Тайваньның ұйымнан шығарылуы, Батыстың Қытайға қарсы ұстанымын айқындайтын символдық қимыл ретінде қарастырылады. Қытай әлемдік нарыққа интеграция арқылы экономикалық өсуді абсолютті басымдық ретінде қарастырған және Кеңес одағы тарағаннан бері өзгерген жоқ. Зияткерлік меншік құқықтарын бұзу, жасырын валюталық интервенциялар арқылы жосықсыз сауда тәжірибесі сияқты халықаралық экономиканың жалпы қабылданған ережелерін бұзудың «қабылданатын шегінде» қалды. Қытайдың 1998 жылғы азиялық дағдарысты жеңудегі салыстырмалы табысы оның Батыс елдеріндегі оң имиджін нығайтты. Шынында да, Қытайдың экономикалық өсудегі таңғаларлық табысы оның халықаралық экономикалық қателіктерінен асып түсті. Соңғы төрт онжылдықта Қытайдың жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнімі орташа әлемдік деңгейден 2,7 есе жылдам өсті [Дүниежүзілік банк, 2021]. Ол негізінен тікелей шетелдік инвестициялар есебінен жинақталған орасан зор өндірістік қуаттардың арқасында «Әлем фабрикасы» ретінде танылды. Арзан жұмыс күшінің құны және әлемдік нарықтармен интеграция Қытайдың экономикалық өсуінің негізгі драйверлері болды.

Алайда Қытай экономикалық өсудің дәстүрлі драйверлерінің шегіне жақындап келеді. Қытай - орташа табысы жоғары ел, сондықтан өндірісі ең арзан елдердің қатарына кірмейді [Дүниежүзілік банк, 2019]. АҚШ-пен сауда соғыстары, Гонконгтың егемен-

тая. Глубокие структурные реформы в области экономики и управления с последующим уменьшением доли государственного управления в экономике могут открыть перспективы для дальнейшего экономического роста. Однако жесткая линия Китайской коммунистической партии в условиях растущей конфронтации с Западом не дает оснований для ожидания крупных прорывов в Китае в ближайшее время.

Постепенное перемещение от Азиатско-Тихоокеанского к Индо-Тихоокеанскому региону не следует понимать как простую географическую смену фокуса Запада. Этим самым Запад заново утверждает свою приверженность фундаментальным ценностям в установлении рамок регионального и международного сотрудничества. Это попытка подчеркнуть приоритет соблюдения международных правовых норм и общих этических соображений. Само послание не ограничивается отношениями между Китаем и Западом, а экстраполируется на все отношения Запада с другими странами. В отличие от Китая, Индия – самая густонаселенная демократия в мире. Поэтому, если абстрагироваться, активные попытки Запада поддержать Индию в азиатском и тихоокеанском регионе в противовес Китаю, в определенной степени можно также рассматривать как косвенный акт выбора и поддержки демократии. Другими словами, активное высвечивание Индийско-Тихоокеанского региона следует также рассматривать как послание о том, что страны Запада будут придерживаться норм международного права и базовых ценностей, признанных и принятых, по крайней мере, номинально, подавляющим большинством стран мира.

Перенос внимания с Азиатско-Тихоокеанского к Индо-Тихоокеанскому видению со стороны Запада следует рассматривать с точки зрения более широкого контекста новых глобальных трендов. Бо-

дігін шектеу, адам құқықтары мәселелері және Батыспен қарым-қатынастың нашарлауы, кейбір инвесторлар қабылдағысы келмейтін инвестициялық тәуекелдерді тудырып, Қытайдан капиталдың кетуіне себеп болуда. Экономиканың терең құрылымдық реформалары және экономикаға мемлекеттік бақылаудың қысқаруы жағдайында басқару экономикалық өсудің одан әрі дамуына ықтимал үміттер ашуы мүмкін. Сонымен қатар, Қытай Коммунистік партиясының Батыспен күшейіп келе жатқан қарама-қайшылықтағы қаталдығы Қытай үшін жақын болашақта үлкен серпіліс күтуге негіз бермейді.

Батыстың назарының Азия-Тынық мұхиты аймағыынан Үнді-Тынық мұхиты жоспарына бірте-бірте ауысуын жай ғана географиялық тұрғыдан қарастырмау керек. Осылайша, Батыс аймақтық және халықаралық ынтымақтастық үшін негіздерді белгілеуде құндылықтардың негізгі жиынтығына деген адалдығын қайта жандандыруда. Бұл сондай-ақ халықаралық-құқықтық нормалар мен жалпы этикалық ережелерді сақтаудың басымдылығын қайталау әрекеті болып табылады. Байланыс тек Қытай мен батыс әлемі арасындағы байланыстармен шектелмейді, сонымен қатар Батыстың басқа елдермен барлық қарым-қатынастарында да көрініс таба алады. Қытайдан айырмашылығы, Үндістан әлемдегі халқы ең көп демократиялық мемлекет. Сондықтан абстракциялық деңгейде Батыстың Азия-Тынық мұхиты аймағындағы ынтымақтастықта Қытайға қарағанда Үндістанға белсенді түрде қолдау көрсету әрекетін де демократияға баса мән беретін және мадақтайтын метафоралық әрекет ретінде қарастыруға болады. Басқаша айтқанда, Үнді-Тынық мұхиты аймағының белсендірек дамуын Батыс елдерінің әлем елдерінің басым көпшілігі мойындаған және таныған халықаралық құқық нормалары мен

лее тщательное отношение Запада к соблюдению Китаем международно-правовых норм и правил будет касаться не только Китая, а всех стран, желающих тесно сотрудничать с Западом. Таким образом, правовые, моральные и этические соображения в настоящий момент становятся важными составляющими международного взаимодействия. Фокус теперь смещается с количества и размера на качество экономического роста.

Еще один формирующийся тренд – расширение концепции Запада. В обычном геополитическом понимании этот термин применяется к более или менее твердой структуре, включающей, главным образом, США и ЕС. Но растущий интерес Запада к Тихоокеанскому региону и стратегический союз между США, Великобританией и Австралией дают основания ожидать вестернизации региона. Вероятнее всего, США и ЕС будут двигаться в направлении создания новых схем сотрудничества с Тихоокеанским регионом, в котором ведущие демократии, такие как Австралия, Новая Зеландия, Япония, Южная Корея и Тайвань будут играть ведущие роли.

**Источники:**

Всемирный банк (2019). Содействие инновациям и рыночная конкуренция являются ключом к будущему росту Китая. Доступен по адресу: https://www.worldbank.org/en/news/press-release/2019/09/17/promoting-innovation-and-market-competition-are-key-to-chinas-future-growth. Дата обращения: 15. 09.2021.

Всемирного банка (2021). Рост ВВП на душу населения (годовой %). Доступен по адресу: https://data.worldbank.org/indicator/NY.GDP.PCAP.KD.ZG. Дата обращения: 15.09.2021.

Европейский парламент (2021). Резолюция Европейского парламента от 16 сентября 2021 г. о новой стратегии ЕС-Китай (2021/2037(INI)). Доступен по адресу: https://www.europarl.europa.eu/doceo/document/TA-9-2021-0382_EN.html. Дата обращения: 17.09.2021.

Thediplomat.com (2021). Что означает новый альянс AUKUS для Юго-Восточной Азии? Доступен по адресу: https://thediplomat.com/2021/09/what-

негізгі құндылықтарды ұстанатынының белгісі ретінде түсіну керек.

Батыстың Азия-Тынық мұхиты аймағынан Үнді-Тынық мұхиты аймағына өтуін жаңадан пайда болған жаһандық үрдістердің кеңірек контекстінде қарау қажет. Батыстың Қытайдың халықаралық құқық нормалары мен ережелерін сақтауына деген қатал көзқарасы Қытайға ғана емес, Батыс әлемімен тығыз ынтымақтастық жоспарларына қатысуға ниетті барлық елдерге де қатысты болады. Сондықтан құқықтық, моральдық және этикалық жағдайлар қазіргі уақытта халықаралық өзара әрекеттестіктің маңызды элементтеріне айналуда. Фокус экономикалық өсудің саны мен көлемінен сапаға ауысуда.

Анықталған тағы бір тенденция – «Батыс» ұғымының кеңеюі. Дәстүрлі геосаяси қолданыста бұл термин негізінен АҚШ пен ЕО-дан тұратын азды-көпті берік құрылымға қатысты. Дегенмен, Батыстың Тынық мұхиты аймағына қызығушылығының артуы және АҚШ, Ұлыбритания және Австралия арасындағы стратегиялық одақ аймақтың батыстандырылуынан дерек береді. АҚШ пен ЕО, Австралия, Жаңа Зеландия, Жапония, Оңтүстік Корея және Тайвань сияқты аймақтардағы лидер демократиялық елдердің жетекші рөл атқаратын Тынық мұхиты аймағымен жаңа ынтымақтастық жоспарларын құруға бет бұрады.

**Дереккөз:**

Біріккен Ұлттар Ұйымы (1971). Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 2,758 қарары. Біріккен Ұлттар Ұйымындағы Қытай Халық Республикасының заңды құқықтарын қалпына келтіру. Сілтеме: https://www.un.org/ga/search/view_doc.asp?symbol=A/RES/2758(XXVI). Қаралған уақыты: 18.09.2021.

Дүниежүзілік банк (2019). Инновацияларды және нарықтық бәсекені ілгерілету Қытайдың болашақтағы өсуінің кілті болып табылады. Сілтеме: https://www.worldbank.org/en/news/press-release/2019/09/17/promoting-innovation-

does-the-new-aukus-alliance-mean-for-southeast-asia/. Дата обращения: 20.09.2021.

Организация Объединённых Наций (1971). Резолюция 2758 Генеральной Ассамблеи Организации Объединенных Наций. Восстановление законных прав Китайской Народной Республики в Организации Объединенных Наций. Доступен по адресу: https://www.un.org/ga/search/view_doc.asp?symbol=A/RES/2758(XXVI). Дата обращения: 18. 09.2021.

and-market-competition-are-key-to-chinas-future-growth. Қаралған уақыты: 15.09.2021.

Дүниежүзілік банк (2021). Жан басына шаққандағы ЖІӨ өсімі (жылдық %). Сілтеме: https://data.worldbank.org/indicator/NY.GDP.PCAP.KD.ZG. Қаралған уақыты: 15.09.2021.

Еуропа парламенті (2021). Еуропалық парламенттің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі жаңа ЕО-Қытай стратегиясы туралы қарары (2021/2037(INI)). Сілтеме: https://www.europarl.europa.eu/doceo/document/TA-9-2021-0382_EN.html. Қаралған уақыты: 17.09.2021.

Thediplomat.com (2021). Жаңа AUKUS альянсы Оңтүстік-Шығыс Азия үшін нені білдіреді? Сілтеме: https://thediplomat.com/2021/09/what-does-the-new-aukus-alliance-mean-for-southeast-asia/. Қаралған уақыты: 20.09.2021.

# НОВЫЙ ПОВОРОТ В ИНТЕГРАЦИИ ТЮРКСКОГО МИРА: «ВИДЕНИЕ ТЮРКСКОГО МИРА 2040»

# ТҮРКІ ӘЛЕМІ ЫҚПАЛДАСТЫҒЫНДАҒЫ ЖАҢА БЕТБҰРЫС: «ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ КӨЗҚАРАСЫ-2040»

*Суат Бейлур**

8-й саммит Тюркского совета, состоявшийся в Стамбуле 12 ноября 2021 года, можно считать поворотным моментом в различных аспектах. Во-первых, Тюркский совет (Совет сотрудничества тюркоязычных стран), который в результате процесса, начатого в 1992 году, был преобразован в Организацию тюркских государств, в соответствии с решением, принятым на саммите, не только имеет символическое значение, - его следует оценивать как специфический показатель сильного желания сотрудничать в будущем. Еще одним моментом, делающим Стамбульский саммит еще более важным, является то, что он совпадает с 30-летием независимости тюркских государств Центральной Азии, не говоря об участии в нем Президента Туркменистана Гурбангулы Бердымухамедова впервые со статусом наблюдателя. Участие Туркменистана в 8-м саммите Организации тюркских государств, отойдя от своего начального статуса «постоянно нейтральной страны», подобно участию Узбекистана в качестве полноправного члена в 7-м саммите, состоявшемся в Баку в 2019 году спустя долгое время, является событием, которое необходимо рассматривать отдельно для будущего Организации.

Однако одним из важнейших результатов Саммита, который следует отметить особо, несомненно, является принятое государствами-членами «Видение тюркского мира-2040». Документ концепции, подтверждающий расширение и углубление сотрудничества и соли-

2021 жылы 12 қарашада Ыстанбұлда өткен Түркі кеңесінің 8-ші саммитін әртүрлі аспектілердегі бетбұрыс ретінде санауға болады. Ең алдымен, 1992 жылы басталған үдерістің нәтижесі болған Түркі кеңесі (Түркітілдес елдердің ынтымақтастық кеңесі) саммитте қабылданған шешімге сәйкес Түркі мемлекеттері ұйымына айналды және символдық мәнінен басқа, оны болашақта ынтымақтастыққа деген ынталылықтың нақты көрсеткіші ретінде бағалауға болады. Орталық Азиядағы түркі мемлекеттері тәуелсіздігінің 30 жылдығымен тұспа-тұс келуі және Түркіменстан президенті Гурбангулы Бердімұхамедовтың алғаш рет байқаушы мәртебесімен қатысуы – Ыстанбұл саммитінің маңыздылығын арттыратын тағы бір жайт. Ұзақ үзілістен кейін 2019 жылы Бакуде өткен 7-ші саммитке Өзбекстанның толыққанды мүше ретінде қатысуы сияқты Түркіменстанның «тұрақты бейтарап ел» мәртебесін негізге ала отырып, әуел бастан алшақ болған Түркі мемлекеттері ұйымының 8-ші саммитіне қатысуы Ұйымның болашағы үшін жеке қарастыруды қажет ететін өзгеріс ретінде саналады.

Әйтсе де, Саммиттің атап өтуге тиісті ең маңызды нәтижелерінің бірі – мүше мемлекеттер қабылдаған «Түркі әлемінің көзқарасы-2040» екені сөзсіз. Түркі халықтарының ынтымақтастығы мен ынтымағын кеңейту мен тереңдетуге бағытталған маңызды құжат төрт негізгі тақырыптан тұрады: «Саяси және қауіпсіздік саласындағы ын-

* Доктор, Евразийский научно-исследовательский институт, Казахстан.
suatbeylur@gmail.com

дарности между тюркскими народами, состоит из четырех основных разделов: «Сотрудничество в области политики и безопасности», «Экономическое и отраслевое сотрудничество», «Сотрудничество между людьми» и «Сотрудничество с внешними сторонами» [Тюрккон, 2021]. В концептуальном документе, детализированном подзаголовками, также упоминаются области сотрудничества и солидарности во многих областях, большинство из которых так или иначе начаты и продолжаются. Тем не менее, следует отметить, что в методе и тоне, использованных в документе для осуществления сотрудничества в этих областях, произошли некоторые заметные изменения. Например, с выражением «Обеспечение эффективного сотрудничества и координации с тюркскими организациями сотрудничества, такими как ТЮРКСОЙ, Тюркская академия, Турецкий фонд культуры и наследия и ТЮРКПА, с целью развития сотрудничества в культурной, академической и парламентской областях», можно сказать, что Организация тюркских государств отныне возьмет на себя «координирующую» роль в политике и деятельности этих перечисленных институтов. Еще одна поразительная цель концептуального документа — инициировать исследования по созданию необходимой инфраструктуры для свободного перемещения товаров, капитала, услуг и людей между государствами-членами.

Одним из вопросов, включенных в документ «Экономическое и отраслевое сотрудничество», является возрождение Среднего коридора с пересечением Каспийского моря, что уже давно стоит на повестке дня таких стран на маршруте, как Азербайджан, Казахстан и Турция. Включение Среднего коридора, самого короткого и безопасного коридора на маршруте Восток-Запад, в региональные и глобальные цепочки производства и поставок положительно повлияет на региональное развитие, а также повысит

тымақтастық», «Экономикалық және салалық ынтымақтастық», «Халық арасы ынтымақтастық» және «Сыртқы тараптармен ынтымақтастық» [Тюрккон, 2021]. Егжей-тегжейлі баяндалған көзқарас құжатында бұрын басталған және жалғасып келе жатқан көптеген саладағы ынтымақтастық пен кеңесу салаларына да тоқталған. Дегенмен, осы салалардағы ынтымақтастықты жүзеге асыру үшін құжатта қолданылатын әдіс пен тілде айтарлықтай өзгерістер бар екенін атап өткен жөн. Мысалы, құжаттағы «Мәдени, академиялық және парламенттік салалардағы ынтымақтастықты дамыту мақсатында ТҮРКСОЙ, Халықаралық Түркі академиясы, Түрік мәдениеті мен мұрасы қоры және ТүркПА сияқты түркі ынтымақтастығы ұйымдарымен тиімді ынтымақтастық пен үйлестіруді қамтамасыз ету» тұжырымдамасы Түркі мемлекеттері ұйымының бұдан былай аталған институттардың саясаты мен іс-әрекетінде «үйлестіруші» рөл атқаратынын айтуға болады. Көзқарас құжатындағы тағы бір маңызды мақсат - мүше мемлекеттер арасында тауарлардың, капиталдың, қызметтердің және адамдардың еркін қозғалысы үшін қажетті инфрақұрылымды құру бойынша зерттеулерді бастау.

Құжаттың «Экономикалық және салалық ынтымақтастық» деп аталатын бөліміндегі мәселелердің бірі – Әзірбайжан, Қазақстан, Түркия сияқты елдердің маршрутында көптен бері күн тәртібінен түспей келе жатқан Каспий теңізінің қиылысымен Орта дәлізді қайта жаңғырту. Шығыс-Батыс бағытындағы ең қысқа және сенімді дәліз болып табылатын Орта дәліздің өңірлік және жаһандық өндіріс пен жеткізу тізбегіне қосылуы аймақтық дамуға оң әсер етеді, сонымен қатар түркі мемлекеттері арасындағы сауда-экономикалық және адами ұтқырлықты арттырады. Дегенмен, бұл үшін көлік және кеден заңнамасындағы ин-

экономическую, коммерческую и человеческую мобильность между тюркскими государствами. Однако для этого, очевидно, необходимо устранить имеющиеся инфраструктурные недостатки, гармонизацию и имплементационные различия в транспортном и таможенном законодательстве. В этом контексте тот факт, что в документе четко прописано введение Зангезурского коридора, который обеспечит прямую связь между Турцией и Центральной Азией, на международных площадках, является конкретным показателем стремления к сотрудничеству в этой сфере. Принимая во внимание предыдущую политику и области исследований под этим названием, чтобы перевести сотрудничество между государствами-членами в институциональное измерение, можно увидеть, что были четко определены также рамки сотрудничества в таких областях, как создание Интегрированного тюркского энергетического рынка, разработка зеленой и инновационной политики для экономического роста, взаимный обмен между членами для обмена опытом в государственно-частном партнерстве также.

С другой стороны, подчеркивая общие ценности тюркских народов в документе «Видение 2040», определение принципов повышения мобильности профессионалов в таких областях, как информация, СМИ и производство, а также студентов и ученых в сфере образования, что улучшит общение и взаимодействие между людьми и обществами, также можно рассматривать в качестве дорожной карты для соответствующих учреждений, организаций и неправительственных организаций в будущем. Учитывая, что производство фильмов, в том числе документальных, сериалов и анимационных фильмов для детей, отражающих наши общие исторические и культурные ценности, является недостаточным, можно сказать, что на соответствующие организации государственного и частного секторов возложены важные обязанности.

фрақұрылымдық кемшіліктерді, үйлестіру мен жүзеге асырудағы айырмашылықтарды жою қажет екені анық. Осы тұрғыда құжатта Түркия мен Орталық Азияны тікелей байланыстыратын Зәңгезүр дәлізін халықаралық платформаларға енгізудің нақты қамтылуы осы саладағы ынтымақтастыққа деген ұмтылыстың негізгі көрсеткіші болып табылады. Осы тақырыптағы бұрынғы саясаттар мен жұмыс салаларын ескере отырып, мүше мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты құрылымдық жүйеге жеткізу үшін бірыңғай Түркі энергетикалық нарығын құру, жасыл және инновациялық экономикалық өсу саясатын дамыту, мүшелер арасында мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында тәжірибе алмасу үшін өзара ынтымақтастық шеңбері де нақты анықталғанын байқауға болады.

Екінші жағынан, Көзқарас 2040 құжаты түркі халқының ортақ құндылықтарын атап көрсете отырып, ақпарат, БАҚ және өндіріс сияқты салалардағы кәсіби мамандардың, сондай-ақ, білім беру саласындағы студенттер мен ғалымдардың ұтқырлығын арттыру қағидаттарын анықтай отырып, халықтар мен қоғамдар арасындағы байланыс пен өзара әрекеттесуді жақсартып, келешекте тиісті мекемелер, ұйымдар мен үкіметтік емес ұйымдар үшін жол картасы ретінде қарастылады. Тарихи-мәдени ортақ құндылықтарды көрсететін деректі фильмдер, фильмдер, сериялдар және балаларға арналған анимациялық фильмдер түсіру жеткіліксіз екенін ескерсек, осы тұста тиісті мемлекеттік және жеке сектор ұйымдарының алдында маңызды міндеттердің тұрғанын айтуға болады.

Ұйым анықталатын жол картасы аясында белгілі бір аспектілерімен қысқаша түйінделген Түркі әлемі 2040 көзқарасындағы мақсаттарды жүзеге асыру үшін жақын болашақта стратегиялық құжатты жариялайтынын күтуге болады. Көзқарас құжатында айтылғандай,

Можно ожидать, что в ближайшее время Организация опубликует стратегический документ по реализации целей «Видения тюркского мира – 2040», которые кратко с отдельными аспектами изложены в рамках разрабатываемой «дорожной карты». Как упоминается в концептуальном документе, важно четко определить цели и задачи в стратегической дорожной карте, которую предстоит подготовить, а также переопределить обязанности и ответственность ТЮРКСОЙ, Тюркской академии, Фонда турецкой культуры и наследия, ТЮРКПА и новых учреждений, которые должны быть созданы с точки зрения координации, эффективности и результативности. Основываясь на том факте, что документ концепции поставил целью более широкое пространство, такую как «тюркский мир» или «тюркские народы», а не тюркские государства, можно предсказать, что развитие сотрудничества между тюркскими народами и обществами в географических регионах, простирающихся от Азии до Кавказа, Средиземноморье, Ближний Восток, Балканы и Европы, также будут рассматриваться в рамках этого видения.

В результате процесс сотрудничества и интеграции между тюркскими государствами и тюркскими народами получил новый импульс с созданием Организации тюркских государств, и можно прогнозировать, что она будет играть более активную роль в региональной и глобальной политике, а для этого существующие учреждения, организации и структуры будут реструктурированы для повышения координации.

**Источники:**

Тюркконн (2021). Декларация восьмого саммита Организации тюркских государств. Доступно по адресу: https://www.turkkon.org/assets/pdf/haberler/turk-dunyasi-2040-vizyonu-2396-98.pdf. Дата обращения: 09.12.2021.

әзірленетін стратегиялық жол картасында міндеттер мен көрсеткіштерді нақты белгілей отырып, үйлестіру және тиімділік тұрғысынан ТҮРКСОЙ, Халықаралық Түркі академиясы, Түрік мәдениеті мен мұрасы қоры, ТүркПА және құрылатын жаңа мекемелердің міндеттері мен жауапкершілігін қайта анықтау маңызды. Көзқарас құжатында түркі мемлекеттерінің орнына «Түркі әлемі» немесе «түркі халықтары» сияқты кеңірек ауқымды нысана етіп алғанына сүйене отырып, Азиядан Кавказға, Жерорта теңізіне, Таяу Шығысқа, Балқанға және Еуропаға дейін созылатын географиялардағы түркі халықтары мен қоғамдары арасындағы ынтымақтастықтың дамуы да осы көзқарас аясында қарастырылатынын болжауға болады.

Нәтижесінде Түркі мемлекеттері ұйымының құрылуымен түркі мемлекеттері мен түркі халықтары арасындағы ынтымақтастық пен интеграция үдерісі жаңа қарқын алды және оның аймақтық және жаһандық саясатта белсендірек рөл атқаратынын болжауға болады және бұл үшін үйлестіруді арттыру үшін қолданыстағы институттар, ұйымдар мен мекемелер қайта құрылымдалады.

**Дереккөз:**

Тюрккон (2021). Түркі мемлекеттері ұйымының сегізінші саммитінің декларациясы. Сілтеме: https://www.turkkon.org/assets/pdf/haberler/turk-dunyasi-2040-vizyonu-2396-98.pdf. Қаралған уақыты: 09.12.2021.

# СОТРУДНИЧЕСТВО В МЕЖДУНАРОДНОЙ ТОРГОВЛЕ

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САУДАДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

# ИНИЦИАТИВЫ «НОВАЯ АЗИЯ» ТУРЦИИ
# ТҮРКИЯНЫҢ «ЖАҢА АЗИЯ» БАСТАМАЛАРЫ

*Женгизхан Жаналтай**

Когда мы смотрим на торговые балансы и тенденции по всему миру, мы видим, что центр мировой экономики смещается в сторону азиатских стран в результате устойчивого роста экономик азиатского континента. Эти тенденции показывают, что многим странам необходимо пересмотреть существующие структуры своих среднесрочных и долгосрочных торговых отношений. В этом контексте с 2010 года Турция подготовила новую экономическую и торговую политику и в соответствии со своей стратегией развития отношений со странами Азиатско-Тихоокеанского региона в августе 2019 года объявила об инициативе «Новая Азия». Этот стратегический прорыв способствует расширению торговых связей Турции со странами Азии и направлен на укрепление двусторонних экономических отношений и создание возможностей для открытия рынков в этом географическом пространстве.

В 2019 году в динамике мировой торговли Турция заняла 29 место с объемом экспорта 180 миллиардов долларов и 25 место с объемом импорта 210 миллиардов долларов [База данных Организация Объединённых Наций по торговле, 2021]. Исторически сложилось так, что объем торговли Турции регулярно увеличивался в течение последних 20 лет, а показатели экспорта за последние 10 лет развивались в положительном направлении. Видно, что это развитие положительно отразилось и на соотношении экспорта и импорта. Объем экспорта, который составлял 27 миллиардов долларов в 2000 году, увеличился до 113 миллиардов долларов в 2010 году, а затем достиг 180 миллиардов долларов в 2019 году, сни-

Дүние жүзіндегі сауда теңгерімдері мен тенденцияларына көз жүгіртсек, Азия құрлығындағы экономикалардың тұрақты өсуі нәтижесінде әлемдік экономиканың орталығы Азия елдеріне қарай ойыса бастағанын көреміз. Бұл оқиғалар көптеген елдердің орта және ұзақ мерзімді сауда қатынастарында өздерінің құрылымдарын қайта қарау қажеттілігін көрсетеді. Осы тұрғыда Түркия 2010 жылдан бастап Азия-Тынық мұхиты елдерімен қарым-қатынасты жақсарту стратегиясына сәйкес жаңа экономикалық және сауда саясатын жасау бойынша 2019 жылдың тамыз айында Азияға бет бұру бастамасын жариялады. Бұл стратегиялық қадам, Түркияның Азия елдерімен сауда байланыстарын кеңейтуге үлес қосып, аймақтағы нарықтарды көбірек ашу мүмкіндіктері мен екіжақты экономикалық қатынастарды күшейтуді мақсат етеді.

Қазіргі уақытта әлемдік сауда динамикасында Түркия, 2019 жылдан бері 180 миллиард долларлық экспортпен 29-шы орында болса, 210 миллиард долларлық импортпен 25-ші орында тұр [Біріккен Ұлттар Ұйымы Сауда мәліметтер базасы, 2021]. Түркияның сауда көрсеткіштерін тарихи тұрғыдан қарастыратын болсақ, соңғы 20 жылда сауда көлемі үнемі өсіп отырғанын, ал соңғы 10 жылда экспорт көрсеткіштерінде айтарлықтай оң өзгерістер байқалғанын айта аламыз. Бұл оқиғаның экспорт пен импорттың арақатынасында оң әсер еткендігін байқауға болады. Егер бұл үдерісті санмен көрсететін болсақ, 2000 жылы 27 миллиард долларды құраған Түркияның экс-

* магистр, Евразийский научно-исследовательский институт, Казахстан.
cengizhancnlt@gmail.com

зившись до 169,5 миллиардов долларов в 2020 году из-за воздействия пандемии COVID-19 [Министерство торговли Турции, 2021a]. Импорт увеличился с 54 миллиардов долларов в 2000 году до 185 миллиардов долларов в 2010 году и 207 миллиардов долларов в 2015 году, после чего последовало замедление роста с 210 миллиардов долларов в 2019 году и 219 миллиардов долларов в 2020 году. В период с 2000 по 2019 год соотношение экспорта к импорту увеличилось с 51% до 86%. В первые 10 лет этого периода это соотношение увеличилось на 10%, а в последующие девять лет произошло заметное увеличение на 25%, что было зарегистрировано как важное положительное изменение торгового баланса страны. В 2020 году этот показатель снизился до 77% [Министерство торговли Турции, 2021b].

В результате процессов экономического развития на азиатском континенте за последние 20 лет экономический центр мира смещается на этот континент. В этом контексте из-за поразительных достижений многих стран, таких как Южная Корея, Индия, Малайзия и Сингапур, а также таких основных игроков, как Китай и Япония, этот сдвиг экономической оси ускоряется еще больше. Турция также не остается равнодушной к этим событиям. Помимо двусторонних экономических отношений со странами Азиатско-Тихоокеанского региона, Турция укрепила свои отношения с такими организациями, как Ассоциация государств Юго-Восточной Азии (АСЕАН) на региональном уровне [Министерство иностранных дел Турции, 2021].

Инициатива Asia Anew, объявленная министром иностранных дел Турции Мевлютом Чавушоглу в августе 2019 года, направлена на улучшение экономических отношений со странами Азии, не затрагивая их отношения с Западом. Напротив, Турция рассчитывает, что эта инициатива будет способствовать укре-

порт көлемі 2010 жылы 113 миллиард долларға және жылдам қарқынмен өсе келе 2019 жылы 180 миллиард долларға жетті, содан кейін 2020 жылы COVID-19 эпидемиясының салдарынан 169,5 миллиард долларға дейін төмендеді [Туркия Сауда министрлігі, 2021a]. Импортқа келетін болсақ, 2000 жылы 54 миллиард доллардан 2010 жылы 185 миллиард долларға дейін өскен импорт көлемі уақыт өте келе баяу артып, 2015 жылы 207 миллиард доллар, 2019 жылы 210 миллиард доллар және 2020 жылы 219 миллиард доллар болды. 2000-2019 жылдар аралығында экспорттың импортқа қатынасы 51%-дан 86%-ға дейін өсіп, алғашқы 10 жылда 10% өскеннен кейін, содан кейінгі тоғыз жылда 25%-ға өсуі елдің сауда балансы тұрғысынан маңызды оқиға болды. 2020 жылы, барлық мәліметтердегідей, бұл көрсеткіш 77%-ға дейін төмендеді [Туркия Сауда министрлігі, 2021b].

Соңғы 20 жылдағы Азия құрлығында болған экономикалық даму үдерістерінің нәтижесінде әлемнің экономикалық орталығының осы аймаққа ойысқанын және осы тұрғыда, Қытай мен Жапония сияқты негізгі актерлерден басқа, Оңтүстік Корея, Үндістан, Малайзия және Сингапур сияқты көптеген елдердің керемет жетістіктерінің арқасында аталмыш экономикалық ойысуы одан сайын үдей түскенін көреміз. Бұл оқиғаларға бей-жай қарамаған Түркия да, Азия-Тынық мұхиты стратегиясын жетілдіре отырып, осы аймақтағы елдермен екіжақты экономикалық байланыстарымен қоса, Оңтүстік-Шығыс Азия елдері қауымдастығы (АСЕАН) сияқты ұйымдармен қарым-қатынасын нығайтуда [Туркия Сыртқы істер министрлігі, 2021].

Түркияның Сыртқы істер министрі Мевлют Чавушоглу 2019 жылдың тамызында жариялаған Азияға бет бұру бастамасы, Түркияның Батыспен қа-

плению этих отношений. В рамках инициативы существует множество других инициатив под руководством Министерства иностранных дел, направленных на укрепление торговых и экономических отношений со странами АСЕАН в целом и с Южной Кореей, Японией, Индонезией, Китаем, Сингапуром и Малайзией в рамках двустороннего сотрудничества [Министерство иностранных дел Турции, 2021; Тамер, 2021].

Одна из основных целей этой политики – реализация целенаправленных и применимых стратегий, учитывающих региональную динамику дипломатических подходов к различным странам. На данный момент Турция, подписав в 2010 году Соглашение о дружбе и сотрудничестве АСЕАН, сделала важный шаг к укреплению своих отношений на институциональном уровне. В последующие годы подписаны соглашения о свободной торговле (ССТ) с Малайзией в августе 2015 года, с Сингапуром в октябре 2017 года и с Южной Кореей в январе 2020 года. С другой стороны, в этот период, в рамках многоаспектных и проактивных принципов внешней политики, в 2015 году были предприняты первые шаги в отношениях между АСЕАН и Турцией. Позже в 2017 году было реализовано взаимодействие в рамках отраслевого диалога и партнерства [Министерство иностранных дел Турции, 2021; Министерство торговли Турции, 2021b]. Все эти разработки предоставляют возможность доступа на рынки упомянутых стран, а также создают хорошую возможность для представления и повышения узнаваемости турецких компаний. Таким образом, помимо коммерческих отношений, появились новые возможности для привлечения инвестиций между сторонами.

Если посмотреть на коммерческие данные, которые служат практическим свидетельством этих изменений, можно заметить, что в этих странах наблюдаются разные тенденции. Глядя на торговые

рым-қатынасына зиян тигізбестен, тіпті осы қатынастарға үлес қоса отырып, Азия елдерімен экономикалық қатынастарды дамытуға бағытталған. Бастама аясында, әсіресе, Оңтүстік Корея, Жапония, Индонезия, Қытай, Сингапур және Малайзиямен, жалпы алғанда АСЕАН елдерімен сауда-экономикалық қатынастарды күшейту мақсатында Түркияның Сыртқы істер министрлігінің басшылығымен көптеген бастамалар жүзеге асырылуда [Сыртқы істер министрлігі, 2020; Тамер, 2021].

Осы саясаттың негізгі мақсаттарының бірі - араларында айтарлықтай айырмашылықтары болған осы елдердегі дипломатиялық тәсілдердегі аймақтық динамиканы шешуге бағытталған және қолданылатын стратегияларды жүзеге асыру. Осытұрғыда Түркия ең алдымен 2010 жылы Достық пен ынтымақтастық туралы АСЕАН шартына қол қою арқылы құрылымдық қатынастардың берік қалыптасуында маңызды қадам жасады. Келесі жылдары, атап айтқанда, 2015 жылдың тамызында Малайзиямен, 2017 жылдың қазанында Сингапурмен және 2020 жылдың қаңтарында Оңтүстік Кореямен Еркін сауда туралы келісімдерге қол қойды. Екінші жағынан, осы кезеңде сыртқы саясаттың көпжақты және белсенді принциптері шеңберінде АСЕАН мен Түркия арасында 2015 жылы алғашқы қадамдары жасалған Салалық диалог бойынша серіктестік қарым-қатынасы 2017 жылы жүзеге асырылды [Сыртқы істер министрлігі, 2021; Сауда министрлігі, 2021b]. Осы оқиғалардың барлығы Түркияның аталған елдердің нарығын одан ары ашуына көбірек мүмкіндік берумен қатар, ел экономикасының және түрік фирмаларының танылуы мен көрнекіліктігін арттыруға маңызды үлес қосты.

Осылайша, сауда қатынастарымен қоса, тараптар арасындағы инвестицияларға да жаңа мүмкіндіктер ашылды.

отношения Турции с другими странами в рамках инициативы «Новая Азия» за последние 20 лет, мы можем увидеть, что до 2010 года отношения развивались медленно, переходя в восходящую тенденцию в 2010-2015 годах, а увеличение объемов экспорта Турции в эти страны произошло после 2017 года. В этот период наблюдалось снижение импорта Турции из некоторых стран. Хотя в рамках этой группы Турция в первую очередь подписала соглашение о свободной торговле с Малайзией (2015 г.), наилучшие показатели были достигнуты в торговых отношениях с Южной Кореей, Японией и Сингапуром.

Данные о торговле за период 2015-2019 годов показывают, что экспорт Турции в Южную Корею вырос с 568 миллионов долларов в 2015 году до 943 миллионов долларов в 2019 году. За тот же период импорт упал с 7 миллиардов долларов до 5,7 миллиарда долларов. Динамика торговли с Японией показывает, что экспорт увеличился с 334 миллионов долларов в 2015 году до 502 миллионов долларов в 2019 году. Что касается импорта, то тенденция к росту прекратилась в 2017 году и даже упала с 4,2 миллиарда долларов в 2017 году до 3,6 миллиарда. долларов в 2019 году. Экспорт Турции в Сингапур вырос с 432 миллионов долларов в 2015 году до 750 миллионов долларов в 2019 году, а импорт снизился с 464 миллионов долларов до 365 миллионов долларов. По сравнению с другими странами, следует отметить, что целевое увеличение торговли было наиболее успешно осуществлено с этими тремя странами [База данных Организация Объединённых Наций по торговле, 2021].

Хотя Китай является лидером по объему торговли среди стран инициативы, этот показатель не имеет сильной тенденции к росту. Экспорт Турции в Китай увеличился с 2,4 миллиарда долларов в 2015 году до 2,7 миллиарда долларов в

Егер біз осы оқиғалардың нақты дәлелі ретінде көрсетуге болатын сауда деректерін қарастыратын болсақ, онда аталмыш елдер арасында әртүрлі тенденциялардың бар екенін көруге болады. Азияға бет бұру бастамасы аясында аталған елдер мен Түркияның соңғы 20 жылдағы  сауда қатынастарын қарастырғанда, 2010 жылға дейін тұрақты өскен динамика, 2010-2015 жылдар аралығында шамалы өсуден кейін, 2017 жылдан бастап Түркияның экспортының қомақты артқанын байқаймыз. Аталған кезеңде Түркияның тиісті елдерден импортының төмендеуі байқалады. Түркия осы топта бірінші болып  Малайзиямен (2015) еркін сауда келісімәне қол қойса да, дегенмен Оңтүстік Корея, Жапония және Сингапурмен сауда қатынастарында ең жақсы серпінге қол жеткізгені байқалады.

2015-2019 сауда-саттық кезеңінің мәліметтері бойынша, Түркияның Оңтүстік Кореяға экспорты 2015 жылғы 568 миллион доллардан 2019 жылы 943 миллион долларға өссе, сол жылы импорты 7 миллиард доллардан 5,7 миллиард долларға төмендеген. Егер біз Жапониямен болған сауда динамикасын қарастыратын болсақ, Түркияның 2015 жылғы 334 миллион долларлық экспорты 2019 жылы 502 миллион долларға шыққанын, ал импортының 2017 жылдан кейін, өткен жылдардың жедел өсу тенденциясының керісінше, 4,2 миллиард доллардан 2019 жылы 3,6 миллиард долларға дейін төмендегені байқалады. Түркияның Сингапурға экспорты 2015 жылғы 432 миллион доллардан 2019 жылы 750 миллион долларға жетсе, импорты 365 миллион доллардан 286 миллион долларға төмендеді. Басқа елдермен салыстырғанда мақсатты сауданың өсуі осы үш елмен ең сәтті жүзеге асырылғанын айтуға болады [Біріккен Ұлттар Ұйымы Сауда мәліметтер базасы, 2021].

2019 году. Однако за тот же период объем импорта упал с 24,8 миллиарда долларов до 19,1 миллиарда долларов. Все эти заметные изменения в импорте из Китая, что является одной из основных причин общего торгового дефицита Турции, можно рассматривать как положительное изменение. Определенный успех был достигнут в экспорте в Индонезию; его объем увеличился с 207 миллионов долларов в 2015 году до 289 миллионов долларов в 2019 году. За тот же период импорт Турции из Индонезии снизился с 1,6 миллиарда долларов до 1,3 миллиарда долларов.

В целом упомянутые здесь события показывают, что объем экспорта Турции в шесть стран в рамках инициативы увеличился до 29%, в то время как импорт снизился до 17% с 2015 по 2019 год. Доля Турции в общем экспорте в эти страны увеличилась с 2,8% в 2015 году до 3% в 2019 году. За этот же период доля в импорте снизилась с 18% до 15% [База данных Организация Объединённых Наций по торговле, 2021]. Видение Турции на 2023 год, направленное на достижение намеченных целей в среднесрочной и долгосрочной перспективе, в соответствии с намеченными задачами на будущее, открывает новые возможности для того, чтобы играть более значительную роль на мировом рынке, исследуя новые регионы, как это показано в Инициативе «Новая Азия». В этом контексте, во-первых, когда пандемия находится под контролем во всем мире, благодаря успеху усилий по вакцинации в 2021 году, Турция добьется больших успехов. Изучая экономические прогнозы в различных отчетах, подготовленных различными организациями, можно сделать вывод, что крупные экономики Азии превзойдут многие развитые экономики Запада в среднесрочной и долгосрочной перспективе. Точно так же, согласно отчету британской международной финансовой и банковской организации Standard Chartered за 2019 год, Турция станет пя-

Арадағы сауда көлемі бойынша аталмыш елдердің ішінде Қытай алдыңғы орында болғанымен, өсу мөлшерінде ешқандай жоғары тенденциясы байқалмайды. 2015 жылдан бастап Түркия Қытайға 2,4 миллиард долларлық экспорт жасағанымен, 2019 жылы бұл көрсеткіш 2,7 миллиард долларға жетті. Сонымен қатар, импорт жағында маңызды өзгеріс байқалып, аталмыш кезеңде 24,8 миллиард доллардан 19,1 миллиард долларға дейін төмендеді. Осы тұрғыдан, Түркияның жалпы сауда тапшылығының негізгі себептерінің бірі саналатын Қытайдан келетін импорттың азаюы маңызды оң өзгеріс болып табылады. Ал, Түркияның Индонезияға экспортында белгілі бір жетістікке қол жетіп, 2015 жылғы 207 миллион доллардан 2019 жылы 289 миллион долларға жетті. Осы кезеңде Түркияның Индонезиядан импорты 1,6 миллиард доллардан 1,3 миллиард долларға төмендеді. Жалпы алғанда, аталмыш өзгерістер 2015-2019 жылдар аралығында Түркияның осы алты елге экспортының 29% көлемінде өскенін және импортының 17% төмендегенін көрсетті. Аталған елдердің Түркияның жалпы экспорттағы үлесі 2015 жылғы 2,8%-дан 2019 жылы 3%-ға дейін артқанын және импорттағы үлесі 18%-дан 15%-ға дейін төмендегенін атап өткен жөн [Біріккен Ұлттар Ұйымы Сауда мәліметтер базасы, 2021].

Түркияның 2023 стратегиясы аясындағы  алға қойған орта және ұзақ мерзімді болашақ мақсаттарына қол жеткізуі тұрғысынан, жаһандық нарықтарға одан әрі ашылуы және Азияға бет бұру бастамасы бойынша жаңа аймақтарға деген оң қадамдарының арттыруы айтарлықтай үлес қосатын болады. Бұл тұрғыда, ең алдымен, 2021 жылы вакцинациялау жұмыстары сәтті жүргізіліп, эпидемияны жаһандық бақылауға алуға болатын болса, Түркия аталмыш жаңа бастамаларының айтарлықтай жемісін көретін болады. Осыған

той по величине экономикой в мире в 2030 году с 9,1 триллиона долларов валового внутреннего продукта (ВВП). Китай занимает первое место с 64,2 триллиона долларов, Соединенные Штаты находятся на третьем месте с 31 триллионом долларов, а Германия занимает 10-е место с ВВП в 6,9 триллиона долларов [Standard Chartered, 2019].

Таким образом, мы ожидаем, что результаты инициативы Asia Anew, показывавшие рост за последние пять лет, который был остановлена в 2020 году из-за пандемии COVID-19, будут продолжать расти, и объем торговли увеличится в рамках потенциала проекта. Было бы уместно заявить, что диверсификация торговой структуры с помощью таких новых инициатив будет способствовать макроэкономическому развитию, а также положительно повлияет на другие области экономики.

**Источники:**

База данных Организация Объединённых Наций по торговле (2021). Банк данных международной торговли Организации Объединенных Наций. Доступно по адресу: https://comtrade.un.org/. Дата обращения: 29.01.2021.

Министерство иностранных дел Турции (2021). Министерство иностранных дел Турция Азиатско-Тихоокеанских отношений. Доступно по адресу: http://www.mfa.gov.tr/dogu-asya-ve-pasifik-ulkeleri-ile-iliskiler.tr.mfa. Дата обращения: 30.01.2021.

Министерство иностранных дел Турции (2020). Наша предприимчивая и гуманная внешняя политика в 2020 году. Доступно по адресу: http://www.mfa.gov.tr/site_media/html/2020-yilina-girerken-girisimci-ve-insani-dis-politikamiz.pdf. Дата обращения: 02.02.2021.

Министерство торговли Турции (2021a). Данные по внешней торговле Министерства торговли Турции. Доступно по адресу: https://ticaret.gov.tr/istatistikler/bakanlik-istatistikleri/gumruk-istatistikleri/dis-ticaret-verileri. Дата обращения: 29.01.2021.

Министерство торговли Турции (2021b). Текущие соглашения о свободной торговле. Доступно по адресу: https://ticaret.gov.tr/dis-iliskiler/serbest-ticaret-anlasmalari/yururlukte-bulunan-stalar. Дата обращения: 01.02.2021.

Standard Chartered (2019). Отчет о возможностях 2030. Доступно по адресу: https://www.sc.com/en/insights/opportunity2030/.

орай, экономикалық болжамдарды қарастырғанда, түрлі ұйымдар дайындаған болжамдарда Азиядағы ірі экономикалар орта және ұзақ мерзімді болашақта көптеген батыстық дамыған экономикалардан асып түсетіндігі айтылуда. Осыған байланысты Ұлыбританияда орналасқан Standard Chartered деп аталатын халықаралық қаржы-банк ұйымының 2019 жылы жарияланған есебінде, Түркияның 2030 жылы 9,1 триллион долларлық жалпы ішкі өнімімен (ЖІӨ) әлемнің бесінші ірі экономикасына ие болатындығы болжануда. Есепте Қытай 64,2 триллион долларлық ЖІӨ-мен бірінші орында болса, Азия елдерінен басқа Америка Құрама Штаттары 31 триллион доллармен үшінші орында, Германия 6,9 триллион доллармен 10-шы орында [Standard Chartered, 2019].

Қорытындылай келе, Түркияның соңғы бес жылдағы сыртқы сауда деректерін ескере отырып, COVID-19 індетіне байланысты 2020 жылы біраз баяулаған Азияға бет бұру бастамасының нәтижелері пайыздық тұрғыдан артумен қатар, бастама аясындағы сауда көлемі де нақты әлеуетке сай кеңейетінін болжай аламыз. Сауда құрылымын осындай жаңа бастамалармен әртараптандыру экономиканың басқа салаларына жағымды әсер ету арқылы макролық экономикалық даму үдерісіне оң ықпал ететінін айту орынды болар еді.

**Дереккөз:**

Біріккен Ұлттар Ұйымы Сауда мәліметтер базасы (2021). Біріккен Ұлттар Ұйымының Халықаралық сауда деректері банкі. Сілтеме: https://comtrade.un.org/. Қаралған уақыты: 29.01.2021.

Standard Chartered (2019). Opportunity 2030 есебі. Сілтеме: https://www.sc.com/en/insights/opportunity2030/. Қаралған уақыты: 30.01.2021.

Тамер, Дженк (2021). Сыртқы істер министрі Чавушоғлының «Жаңадан Азия бастамасының» шеңберінде Оңтүстік-Шығыс Азияға сапары. Сілтеме: https://ankasam.org/yeniden-asya-girisimi-cercevesinde-disisleri-bakani-cavusoglunun-

Тамер, Дженк (2021). «Визиты министра иностранных дел Чавушоглу в Юго-Восточную Азию в рамках инициативы «Новая Азия». Доступно по адресу: https://ankasam.org/yeniden-asya-girisimi-cercevesinde-disisleri-bakani-cavusoglunun-guneydogu-asya-ziyaretleri/. Дата обращения: 01. 02.2021.

guneydogu-asya-ziyaretleri/. Қаралған уақыты: 01. 02.2021.

Туркия Сауда министрлігі (2021a). Түркия Республикасы Сауда министрлігінің сыртқы сауда деректері. Сілтеме: https://ticaret.gov.tr/istatistikler/bakanlik-istatistikleri/gumruk-istatistikleri/dis-ticaret-verileri. Қаралған уақыты: 29.01.2021.

Туркия Сауда министрлігі (2021b). Ағымдағы еркін сауда келісімдері. Сілтеме: https://ticaret.gov.tr/dis-iliskiler/serbest-ticaret-anlasmalari/yururlukte-bulunan-stalar. Қаралған уақыты: 01.02.2021.

Туркия Сыртқы істер министрлігі (2021). Түркия Республикасы Сыртқы істер министрлігі Азия-Тынық мұхиты қатынастары. Сілтеме: http://www.mfa.gov.tr/dogu-asya-ve-pasifik-ulkeleri-ile-iliskiler.tr.mfa. Қаралған уақыты: 30.01.2021.

Туркия Сыртқы істер министрлігі (2020). 2020 жылға қадам басқан кездегі біздің кәсіпкерлік және гуманитарлық сыртқы саясатымыз. Сілтеме: http://www.mfa.gov.tr/site_media/html/2020-yilina-girerken-girisimci-ve-insani-dis-politikamiz.pdf. Қаралған уақыты: 02.02.2021.

# ВНЕШНЕ ТОРГОВАЯ ПОЛИТИКА И ДИНАМИКА ТОРГОВЛИ ТУРЦИИ
# ТҮРКИЯНЫҢ СЫРТҚЫ САУДА САЯСАТЫ ЖӘНЕ САУДА ДИНАМИКАСЫ

*Азимжан Хитахунов**

Внешняя торговля играет важную роль в экономике Турции. Экспорт остается значительным источником доходов для страны. Турция является важным поставщиком сельскохозяйственной, производственной и технологической продукции на мировой рынок. Таким образом, этот комментарий направлен на анализ динамики внешней торговли Турции, выявление ее ключевых торговых партнеров и эволюцию ее торговой политики. Все расчеты основаны на данных Центра международной торговли [Центра международной торговли, 2021].

С начала 2000-х годов внешняя торговля Турции значительно увеличилась. Ее экспорт в мире вырос с 31,3 млрд долларов в 2001 году до 169,5 млрд долларов в 2020 году. За отчетный период импорт страны вырос с 41,4 млрд долларов до 219,4 млрд долларов. Таким образом, по сравнению с данными 2001 года, экспорт в 2020 году увеличился более чем в 5,4 раза, а рост импорта составил почти 5,3 раза. Однако торговый дефицит страны увеличился с 10 млрд долларов до почти 50 млрд долларов.

Европейский союз (ЕС) остается крупнейшим торговым партнером Турции. Экспорт Турции в ЕС увеличился с 17,8 млрд долларов в 2001 году до более 82 млрд долларов в 2020 году. За отчетный период доля ЕС в общем экспорте Турции снизилась с 56,7% до 48,4%. Германия, Великобритания и Италия входят в тройку основных экспортных партнеров Турции. В 2020 году их соответствующие доли в общем экспорте Турции в страны

Халықаралық сауда Түркия экономикасында маңызды рөл атқарады. Экспорт - ел үшін маңызды кіріс көзі болып қала беруде. Түркия әлемдік нарыққа ауылшаруашылық, өндірістік және технологиялық өнімдердің маңызды жеткізушісі болып табылады. Сондықтан, бұл анализ Түркияның сыртқы сауда динамикасын талдауға, оның негізгі сауда серіктестері мен сауда саясатының эвзгерістерін көрсетуге бағытталған. Барлық есептік көрсеткіштер Халықаралық сауда орталығының мәліметтеріне негізделген [Халықаралық сауда орталығы, 2021]

2000 жылдардың басынан бастап Түркияның сыртқы саудасы едәуір өсті. Жалпы экспорты 2001 жылғы 31,3 миллиард доллардан 2020 жылы 169,5 миллиард долларға дейін жетті. Аталмыш кезеңде елдің импорты 41,4 миллиард доллардан 219,4 миллиард долларға дейін өсті. Сондықтан 2001 жылғы мәліметтермен салыстырғанда, 2020 жылы экспорт 5,4 астам есеге өсті, ал импорт өсімі 5,3 есеге жуықтады. Алайда елдің сауда тапшылығы 10 миллиард доллардан 50 миллиард долларға дейін ұлғайды.

Еуропалық Одақ (ЕО) Түркияның ең ірі сауда серіктесі болып қала беруде. Түркияның ЕО-ға экспорты 2001 жылғы 17,8 миллиард доллардан 2020 жылы 82 миллиард долларға өсті. Есепті кезеңде ЕО-ның Түркияның жалпы экспортындағы үлесі 56,7%-дан 48,4%-ға дейін төмендеді. Германия, Ұлыбритания және Италия Түркияның экс-

* доктор, Евразийский научно-исследовательский институт, Казахстан.
azimkhun@gmail.com

ЕС составили 19,5%, 13,7% и 9,8%. Существенно вырос импорт Турции из стран ЕС. Если в 2001 году он составлял 19,8 млрд долларов, то в 2020 году он составил 78,9 млрд долларов. Однако доля ЕС в общем импорте Турции значительно снизилась. За отчетный период она снизилась с 47,9% до 36%. Германия остается основным партнером страны по импорту, за ней следуют Италия и Франция. В 2020 году их соответствующие доли в общем импорте Турции из ЕС равнялись 28%, 11,6% и 8,8%. Таким образом, в 2020 году положительное сальдо торгового баланса Турции со странами ЕС составило 3,1 млрд долларов, а в 2001 году торговый дефицит равнялся 2 млрд долларов.

К другим важным торговым партнерам Турции относятся страны Ближнего Востока, региона Содружества Независимых Государств (СНГ), США (США) и Китай. Экспорт Турции в страны Ближнего Востока резко увеличился. Если в 2001 году экспорт составлял 3,3 млрд долларов, то в 2020 году он достиг почти 31 млрд долларов, увеличившись в 9,4 раза. Ирак - крупнейший целевой рынок Турции на Ближнем Востоке. В 2020 году Турция поставила в Ирак продукции на 9,1 млрд долларов. В тройку основных торговых партнеров страны также входят Израиль и Египет, где экспорт Турции составил 4,7 и 3,1 млрд долларов соответственно. Доля Ближнего Востока в общем экспорте Турции увеличилась с 10,6% в 2001 году до 18,2% в 2020 году.

За отчетный период импорт Турции из стран Ближнего Востока существенно вырос, увеличившись с 2,9 до 21,2 млрд долларов и продемонстрировав рост в 7,3 раза. Доля региона в общем импорте страны увеличилась с 7% до 9,7%. Ключевыми региональными партнерами Турции по импорту являются Ирак, Объединенные Арабские Эмираты и Египет. В 2020 году соответствующий импорт Турции из этих стран составил 8,2, 5,6 и 1,7 млрд долларов. Таким образом, по-

порттық серіктестерінің алғашқы үштігі болып саналады. 2020 жылы Түркияның ЕО елдеріне экспортының жалпы көлеміндегі олардың тиісті үлесі 19,5%, 13,7% және 9,8%-ды құрады. Түркияның ЕО елдерінен импорты да айтарлықтай өсті. Бұл көрсеткіш 2001 жылы 19,8 миллиард долларға тең болса, 2020 жылы 78,9 миллиард долларға жетті. Алайда Түркияның жалпы импортындағы ЕО-ның үлесі едәуір төмендеді. Аталмыш кезеңде ол 47,9%-дан 36%-ға дейін төмендеді. Германия елдің маңызды импорттық серіктесі болса, одан кейін Италия мен Франция келуде. 2020 жылы олардың Түркияның ЕО-дан жалпы импортындағы тиісті үлесі 28%, 11,6% және 8,8% болды. Сондықтан, 2020 жылы Түркияның ЕО елдерімен сауда балансының сальдосы 3,1 миллиард долларды құраса, ал 2001 жылы сауда тапшылығы 2 миллиард долларға тең болды.

Түркияның басқа маңызды сауда серіктестеріне Таяу Шығыс, Тәуелсіз демлекеттер достастығы (ТМД) аймағының елдері, Америка құрама штаттары (АҚШ) және Қытай кіреді. Түркияның Таяу Шығыс елдеріне экспорты артуда. 2001 жылы экспорт 3,3 миллиард долларды құраса, 2020 жылы ол 9,4 есеге өсіп, 31 миллиард долларға жетті. Ирак - Түркияның Таяу Шығыстағы ең үлкен нарығы. 2020 жылы Түркия Иракқа 9,1 миллиард долларлық өнім жеткізді. Елдің сауда серіктестерінің үштігіне сонымен қатар Израиль мен Египет кіреді, онда Түркияның экспорты сәйкесінше 4,7 және 3,1 миллиард долларды құрады. Таяу Шығыстың Түркияның жалпы экспортындағы үлесі 2001 жылғы 10,6%-дан 2020 жылы 18,2%-ға дейін өсті.

Аталмыш кезеңде Таяу Шығыс елдерінен Түркияның импорты айтарлықтай өсіп, 2,9 доллардан 7,3 есе өсу көрсетіп 21,2 миллиард долларға дейін жетті. Елдің жалпы импортындағы ай-

ложительное сальдо торгового баланса Турции с регионом в 2020 году составило 9,8 млрд долларов.

Для Турции важна торговля со странами СНГ. Экспорт страны в регион увеличился с почти 2 млрд долларов в 2001 году до 14,6 млрд долларов в 2020 году. За тот же период доля СНГ в общем экспорте Турции продемонстрировала небольшой рост, увеличившись с 6,3% до 8,6%. Основными направлениями экспорта страны в регионе являются Россия, Азербайджан и Украина. В 2020 году экспорт Турции в Россию составил 4,5 млрд долларов, в то время как поставки в Азербайджан и Украину были примерно такими же и составили 2,1 млрд долларов. За отчетный период импорт Турции из региона увеличился с 4,6 млрд долларов до 24,3 млрд долларов. Россия также занимает первое место по количеству основных партнеров по импорту из региона. В 2020 году Турция импортировала из России продукции на 17,9 млрд долларов. В тройку крупнейших партнеров по импорту также входят Украина и Казахстан, импорт из которых составил 2,6 и 1,2 млрд долларов соответственно. Таким образом, у Турции большой дефицит торгового баланса со странами СНГ. Анализ двусторонних торговых потоков между Турцией и регионом СНГ показывает важную роль энергоносителей и металлов во взаимной торговле. СНГ обеспечивает Турцию сырой нефтью, природным газом и металлами, цены на которые существенно выросли с начала 2000-х годов. Как возросшие цены, так и рост потребления в Турции могут объяснить большой торговый дефицит между Турцией и регионом СНГ, который в 2020 году составил 9,7 млрд долларов.

США также являются важным рынком для турецкой продукции. Экспорт страны в США увеличился с 3,1 млрд долларов в 2001 году до 10,2 млрд долларов в 2020 году. В то же время доля США в общем экспорте Турции снизилась с 10% до 6%.

мақтың үлесі 7%-дан 9,7%-ға дейін өсті. Түркияның негізгі аймақтық импорттық серіктестері Ирак, Біріккен Араб Әмірліктері және Египет. 2020 жылы Түркияның осы елдерден импорты сәйкесінше 8,2, 5,6 және 1,7 миллиард долларды құрады. Сондықтан Түркияның аймақтағы сауда балансынының сальдосы 2020 жылы 9,8 миллиард долларды құрады.

Бүгінде ТМД елдерімен Түркияның сауда-саттығы маңыздылығын сақтап келеді. Елдің аймақтағы экспорты 2001 жылы шамамен 2 миллиард доллардан 2020 жылы 14,6 миллиард долларға дейін өсті. Осы кезеңде ТМД-ның Түркияның жалпы экспортындағы үлесі 6,3%-дан 8,6%-ға дейін шамалы өсуді көрсетті. Ресей, Әзірбайжан және Украина аймақтағы елдің негізгі экспорттық бағыттары болып табылады. 2020 жылы Түркияның Ресейге экспорты 4,5 миллиард долларға жетсе, ал Әзірбайжан мен Украинаға жеткізілімдер шамамен бірдей болып, 2,1 миллиард долларды құрады. Есепті кезеңде Түркияның аймақтан импорты 4,6 миллиард доллардан 24,3 миллиард долларға дейін өсті. Ресей сондай-ақ аймақтың импорттық серіктестері бойынша бірінші орында. 2020 жылы Түркия Ресейден 17,9 миллиард долларлық өнімді импорттады. Импорт бойынша серіктестердің үштігіне Украина мен Қазақстан да кіреді, олардың импорты сәйкесінше 2,6 және 1,2 миллиард долларды құрады. Сондықтан Түркияның ТМД-мен үлкен сауда тапшылығы бар. Түркия мен ТМД аймағы арасындағы екіжақты сауда ағымын талдау энергетикалық өнімдер мен металдардың өзара саудасында маңызды рөл атқаратынын көрсетеді. ТМД Түркияға бағалары 2000-шы жылдардың басынан бастап айтарлықтай өскен мұнай мен табиғи газ шикізатын және металдарды жеткізеді. Түркиядағы қымбатшылық пен тұтынудың өсуі 2020 жылы Түркия мен ТМД аймағы арасын-

Импорт Турции из США также вырос с 3,3 до 11,5 млрд долларов. Доля США в общем импорте Турции также снизилась с 7,9% до 5,2%.

Турция смогла значительно увеличить экспорт в Китай. Если в 2001 году его предложение было низким и составляло 199 млн долларов, то в 2020 году оно выросло до 2,9 млрд долларов, продемонстрировав рост почти в 14,6 раза. Однако, несмотря на то, что доля Китая в общем экспорте Турции увеличилась с 0,6% до 1,7%, она осталась низкой по сравнению с другими вышеупомянутыми экспортными рынками. Однако Китай стал одним из ключевых партнеров Турции по импорту. Если в 2001 году импорт Турции из Китая составлял 926 млн долларов, то в 2020 году он превысил 23 млрд долларов, увеличившись почти в 25 раз. Доля Китая в общем импорте Турции увеличилась с 2,2% до 10,5%. В результате торговый дефицит увеличился с 727 млн долларов до рекордных 20,1 млрд долларов. Таким образом, Китай играет важную роль в вопросе торгового дефицита Турции.

Поскольку международная торговля остается ключевым фактором экономического роста Турции, страна придерживается стратегии либерализации торговли путем переговоров на многостороннем, региональном и двустороннем уровнях [Тоган, 2010]. Турция является членом Всемирной торговой организации (ВТО) с 1995 года. В то же время Турция активно заключает соглашения о свободной торговле (ССТ), из которых Таможенный союз Турция-ЕС остается ключевым для страны. Параллельно с ЕС он ведет переговоры и заключает ССТ с третьими странами. В настоящее время действует 22 ССТ. Турция продолжает переговоры о зоне свободной торговли с 17 странами и блоками стран, включая Японию, Украину, США, Канаду, Индию, Совет сотрудничества стран Персидского залива и МЕРКОСУР

дағы 9,7 миллиард долларлық үлкен сауда тапшылығын айқындауда.

Сонымен қатар, АҚШ Түркия өнімдері үшін маңызды нарық болып табылады. Елдің АҚШ-қа экспорты 2001 жылғы 3,1 миллиард доллардан 2020 жылы 10,2 миллиард долларға дейін өсті. Сонымен бірге АҚШ-тың Түркияның жалпы экспортындағы үлесі 10%-дан 6%-ға дейін төмендеді. Түркияның АҚШ-тан импорты 3,3 миллиард доллардан 11,5 миллиард долларға дейін өсті. Түркияның жалпы импортындағы АҚШ-тың үлесі де 7,9%-дан 5,2%-ға дейін төмендеді.

Түркия Қытайға экспортын едәуір арттыра алды. 2001 жылы оның жеткізілімдері төмен болып, 199 миллион долларды құраса, 2020 жылы 14,6 есеге өсіп, 2,9 миллиард долларға жетті. Алайда, Түркияның жалпы экспортындағы Қытайдың үлесі 0,6%-дан 1,7%-ға дейін өскеніне қарамастан, ол жоғарыда аталған басқа экспорттық нарықтармен салыстырғанда төмен болып қалды. Алайда, Қытай Түркияның негізгі импорттық серіктестерінің біріне айналды. 2001 жылы Түркияның Қытайдан импорты 926 миллион долларды құраса, 2020 жылы 25 есеге артып, 23 миллиард доллардан асты. Қытайдың Түркияның жалпы импортындағы үлесі 2,2%-дан 10,5%-ға дейін өсті. Сондықтан, Қытай, ЕО пен АҚШ-ты қосқанда Түркия нарығында басқа елдер мен аймақтардың орнын алды.

Халықаралық сауда Түркияның экономикалық өсуі үшін маңызды болып қала беретіндіктен, ел көпжақты, аймақтық және екі жақты деңгейдегі келіссөздер арқылы сауданы ырықтандыру стратегиясын қолданады [Тоган, 2010]. Түркия 1995 жылдан бастап Дүниежүзілік Сауда Ұйымының (ДСҰ) мүшесі болып табылады. Сонымен бірге Түркия-ЕО Кеден одағы елдері үшін маңызды болып табылатын еркін сауда келісімін (ЕСК) белсенді түрде жүргізуде. ЕО-мен

[Министерство торговли Турции, 2021]. Следует отметить, что многие из партнеров Турции по ССТ являются относительно небольшими торговыми партнерами страны. Ранее ССТ с Турцией охватывали только торговлю товарами. Однако страна начала заключать глубокие ССТ, как в случае с Республикой Корея. ССТ с Кореей включает обязательства по инвестициям и услугам. ССТ с Турцией, по которым ведутся переговоры, включают более глубокие обязательства и правила в отношении интеллектуальной собственности, конкуренции, урегулирования споров и правовой защиты в области торговли. Важно отметить, что применяемые в Турции тарифы остаются сравнительно низкими, но различаются по секторам. Более того, в соответствии со своими обязательствами перед ВТО Турция имеет право на дальнейшее повышение тарифов, поскольку 50% ее тарифной сетки не связаны [Всемирная торговая организация, 2016]. Ожидания от недавно заключенных ССТ высоки. ССТ между Турцией и Соединенным Королевством, которое вступило в силу 1 января 2021 года, признано одной из самых важных торговых сделок Турции со времени ее Таможенного союза 1995 года с ЕС. Это ССТ существенно снизит затраты для турецких производителей, поскольку в отсутствие сделки около 75% турецкого экспорта в Великобританию подлежали бы тарифам, что привело бы к убыткам в размере около 2,4 млрд долларов. ССТ устранит этот риск. Важно отметить, что помимо промышленной продукции соглашение охватывает и сельскохозяйственные товары [Daily Sabah, 2020]. Запланированное ССТ с Украиной направлено на удвоение двусторонней торговли и увеличение ее до 10 млрд долларов. По мнению официальных лиц стран, данное ССТ будет способствовать дальнейшему укреплению двусторонних экономических связей [Бичер, 2020].

Таким образом, Турция остается важным игроком в международной торгов-

параллель, ол үшінші елдермен келіссөздер жүргізіп, еркін сауда келісімдерін жасайды және қазіргі уақытта қолданыстағы 22 еркін сауда келісімдеріне ие. Түркия Жапония, Украина, АҚШ, Канада, Үндістан, Парсы шығанағы ынтымақтастық кеңесі және MERCOSUR сынды 17 елмен және елдік блоктармен келіссөздерін жалғастыруда [Түркия Сауда Министрлігі, 2021]. Түркияның көптеген сауда серіктестіктері елдің салыстырмалы түрде шағын сауда серіктестері болып табылатынын айта кеткен жөн. Бұған дейін Түркияның еркін сауда келісімдері тауарлар саудасын ғана қамтыған. Ел Оңтүстік Корея мысалындағы сияқты жан-жақты еркін сауда келісімдерін жасай бастады. Бұл тұрғыда Оңтүстік Кореямен сауда-саттық келісім-шартына инвестициялық және сервистік міндеттемелер кіреді. Түркияның еркін сауда келіссөздері зияткерлік меншік, бәсекелестік, дауларды шешу және коммерциялық шешімдерге негізделген терең міндеттемелер мен тәртіптерді қамтыды. Түркияның қолданыстағы тарифтері салыстырмалы түрде төмен болып қала беретінін, бірақ әр салада әр түрлі болатындығын ескеру маңызды. Сонымен қатар, Түркияның 50% тарифтері шексіз тарифтік бағдарламаның арқасында одан әрі жоғарылауға қабілетті [Дүниежүзілік сауда ұйымы, 2016]. Жақында жасалған еркін сауда келісім-шарттарынан үлкен үміт күтілуде. 2021 жылдың 1 қаңтарында Түркия мен Ұлыбритания арасында күшіне енген ЕСК, Түркияның ЕО-мен 1995 жылғы Кеден одағы осы кезден бастап жасалған ең маңызды сауда келісімінің бірі болып саналады. ЕСК, түрік өндірушілердің шығындарын едәуір төмендетеді, өйткені келісім болмаған жағдайда Түркияның Ұлыбританияға экспортының шамамен 75%-ы тарифтерге салынып, 2,4 миллиард долларлық шығынға ұшыраған болар еді. Келісім ауылшаруашылық өнімдерімен қатар өнеркәсіптік өнімдерді де қамтитынын атап өту маңызды [Daily Sabah,

ле. ЕС - крупнейший торговый партнер страны. Однако торговля с другими регионами и отдельными странами существенно выросла за последние два десятилетия. Турция придерживается как многосторонности, так и регионализма, и увеличение числа соглашений о свободной торговле будет и впредь вносить положительный вклад в процесс экономического роста страны в целом.

**Источники:**

Бичер, Айсу (2020). Турция и Украина намерены увеличить товарооборот до 10 миллиард миллиард доллар. Доступно по адресу: https://www.aa.com.tr/en/economy/turkey-ukraine-aim-to-boost-trade-to-10b/1961080. Дата обращения: 15.03.2021.

Всемирная торговая организация (2016). Обзор торговой политики. Турция. Доступно по адресу: https://www.wto.org/english/tratop_e/tpr_e/s331_e.pdf. Дата обращения: 10.03.2021.

Daily Sabah (2020). Турция и Великобритания подписали соглашение о свободной торговле после Brexit в качестве новогоднего подарка деловому миру. Доступно по адресу: https://www.dailysabah.com/business/economy/turkey-uk-sign-post-brexit-fta-in-new-years-gift-to-business-world. Дата обращения: 15.03.2021.

Министерство торговли Турции (2021). Соглашения о свободной торговле. Доступно по адресу: https://www.trade.gov.tr/free-trade-agreements. Дата обращения: 10.03.2021.

Тоган, Субидей (2010). Турция: Обзор торговой политики, 2007 г. Мировая экономика, 33 (11): сс. 1339-1389.

Центр международной торговли (2021). Профиль Турции. Доступно по адресу: https://www.trademap.org/Country_SelProductCountry_TS.aspx?nvpm=1%7c792%7c%7c%7c%7cTOTAL%7c%7c%7c2%7c1%7c1%7c2%7c2%7c1%7c2%7c1% 7c1%7c1. Дата обращения: 20.02.2021.

2020]. Украинамен жоспарланған ЕСК екіжақты сауданы екі есеге ұлғайтуға және оны 10 миллиард долларға дейін арттыруға бағытталған. Елдердің ресми өкілдерінің айтуынша, ЕСК екіжақты экономикалық байланыстарды одан әрі нығайта түседі [Бичер, 2020].

Осылайша, Түркия халықаралық саудадағы маңызды ойыншы болып қала береді. ЕО – бұл елдің ең ірі сауда серіктесі. Алайда соңғы жиырма жыл ішінде басқа аймақтармен және жекелеген елдермен саудасы айтарлықтай өсті. Түркия көпжақтылық және регионализм саясатын жалғастыра отырып, оның қатысуымен ЕСК-ның саны артып келеді. Сауда-саттықты арттыру келісімдері экономикалық өсудің қозғаушы күші бола алады және Түркия экономикасындағы қазіргі проблемаларды жеңе алады.

**Дереккөз:**

Бичер, Айсу (2020). Түркия мен Украина сауда айналымын 10 миллиард долларға дейін көтеруді көздеп отыр. Сілтеме: https://www.aa.com.tr/en/economy/turkey-ukraine-aim-to-boost-trade-to-10b/1961080. Қаралған уақыты: 15.03.2021.

Daily Sabah (2020). Түркия мен Ұлыбритания бизнес әлеміне жаңа жылдық сыйлық ретінде Brexit-тен кейінгі ЕСК қол қойды. Сілтеме: https://www.dailysabah.com/business/economy/turkey-uk-sign-post-brexit-fta-in-new-years-gift-to-business-world. Қаралған уақыты: 15.03.2021.

Дүниежүзілік сауда ұйымы (2016). Сауда саясатына шолу. Түркия. Сілтеме: https://www.wto.org/english/tratop_e/tpr_e/s331_e.pdf. Қаралған уақыты: 10.03.2021.

Тоған, Субедей (2010). Түркия: Сауда саясатына шолу, 2007. Әлемдік экономика, 33 (11): бб. 1339-1389.

Түркияның Сауда министрлігі (2021). Еркін сауда келісімдері. Сілтеме: https://www.trade.gov.tr/free-trade-agreements. Қаралған уақыты: 10.03.2021.

Халықаралық сауда орталығы (2021). Түркияның профилі. Сілтеме: https://www.trademap.org/Country_SelProductCountry_TS.aspx?nvpm=1%7c792%7c%7c%7c%7cTOTAL%7c%7c%7c2%7c1%7c1%7c2%7c2%7c1%7c2%7c1%7c1%7c1. Қаралған уақыты: 20.02.2021.

# ВНЕШНЯЯ ТОРГОВЛЯ УЗБЕКИСТАНА
# ӨЗБЕКСТАННЫҢ СЫРТҚЫ САУДАСЫ

*Азимжан Хитахунов**

Международная торговля играет решающую роль для Узбекистана. Страна была одним из важнейших поставщиков сельскохозяйственной продукции, включая хлопок, фрукты и овощи. С момента обретения независимости в Узбекистане начали проводиться постепенные реформы. Политика импортозамещения с сильной защитой внутреннего рынка была характерной чертой экономики страны. В то же время Узбекистан решительно поддерживал свой экспорт. Однако с новой открытой экономической политикой, которую проводит нынешний президент Шавкат Мирзиёев, страна изменила свое отношение ко многим вопросам, связанным с торговлей. Таким образом, эта статья преследует двоякую цель. Во-первых, анализируется динамика внешней торговли Узбекистана. Во-вторых, она покажет новую торговую политику страны, которая будет иметь важные последствия для региона Центральной Азии. Следует отметить, что отсутствие данных ограничивает анализ динамики торговли Узбекистана. Таким образом, в этом исследовании используются данные Центра международной торговли [Центра международной торговли, 2021] с 2017 по 2020 годы.

Общий объем внешней торговли Узбекистана увеличился с 22 миллиардов долларов в 2017 году до 36 миллиардов долларов в 2019 году. За отчетный период торговые показатели продемонстрировали положительную динамику, которая была нарушена пандемией. В 2020 году объем внешней торговли страны снизился до 33 миллиардов долларов. Например, в 2017 году страна экспортировала продукцию на 10 миллиардов

Халықаралық сауда Өзбекстан үшін өте маңызды рөл атқарады. Ел мақта, жеміс-жидек пен көкөністерді қамтыған ауылшаруашылық өнімдерін жеткізушілердің бірі болуда. Тәуелсіздік алғаннан бері Өзбекстан біртіндеп реформалар жасай бастады. Ел экономикасының ерекшелігі, импортты алмастыру саясатын жүргізіп, ішкі нарықтың қатты қорғалғандығында болды. Сонымен қатар, Өзбекстан экспортты қарқынды түрде қолдады. Алайда қазіргі президент Шавкат Мирзиёев жүзеге асырған жаңа ашық экономикалық саясат арқылы ел саудаға байланысты көптеген мәселелерге көзқарасын өзгертті. Сондықтан мақаланың мақсаты екі жақты болып келеді. Біріншіден, Өзбекстандағы сыртқы сауданың динамикасы талданса, екіншіден, елдің жаңа сауда саясаты туралы ақпаратты ұсыну арқылы оның Орталық Азия аймағы үшін маңызды әсерлері зерттеледі. Осы орайда деректердің жетіспеуі Өзбекстанның сауда динамикасын зерттеуді шектейтіндігін де айта кеткен жөн. Сондықтан бұл зерттеуде Халықаралық сауда орталығының [Халықаралық сауда орталығы, 2021] 2017 жылдан 2020 жылға дейінгі деректері қолданылады.

Өзбекстанның жалпы сыртқы саудасы 2017 жылғы 22 миллиард доллардан 2019 жылы 36 миллиард долларға дейін өсті. Есепті кезеңде сауда көрсеткіштері оң динамикаға ие болғанымен, эпидемияға байланысты бұл тенденция нашарлады. Осылайша, елдің сыртқы сауда көлемі 2020 жылы 33 миллиард долларға дейін төмендеді. Мысалы, 2017 жылы ел 10 миллиард долларлық

* доктор, Евразийский научно-исследовательский институт, Казахстан.
azimkhun@gmail.com

долларов, а импорт составил 12 миллиардов долларов. В 2020 году экспорт и импорт Узбекистана составили соответственно 13 миллиардов долларов и 20 миллиардов долларов. В результате торговый дефицит увеличился до минус 7 миллиардов долларов [Центра международной торговли, 2021].

Пандемия оказала значительное влияние на торговые потоки Узбекистана. Из-за введенных ограничений в стране произошло сокращение как экспорта, так и импорта. Экспорт сельскохозяйственной продукции страны снизился с 1,57 миллиарда долларов в 2019 году до 1,52 миллиарда долларов. За отчетный период экспорт хлопка снизился с 1,29 до 1,2 миллиарда долларов. В секторе минеральных ресурсов наблюдалось наиболее значительное сокращение. В частности, экспорт минерального топлива снизился с 2,52 до 0,64 миллиарда долларов, включая сокращение экспорта нефтяного газа и других газообразных углеводородных продуктов с 2,3 до 0,5 миллиарда долларов. Таким образом, экспорт нефтяного газа и других газообразных углеводородов сократился в 4,6 раза. Это сокращение экспорта можно объяснить двумя важными факторами, вызванными пандемией. Во-первых, в марте 2020 года Китай направил своим поставщикам уведомление о форс-мажоре, чтобы прекратить поставки [Хашимова, 2020]. Во-вторых, Узбекистан прекратил поставки природного газа в Россию [UzReport, 2020]. Таким образом, несмотря на продолжающуюся индустриализацию, минеральное топливо продолжает играть важную роль в экономике и торговле Узбекистана.

В то же время Узбекистан закупил больше сельхозпродукции. В 2020 году он импортировал сельскохозяйственных и пищевых продуктов на 2,3 миллиарда долларов, в то время как в 2019 году его импорт был равен 2,1 миллиарда долларов. Импорт минерального топлива

өнімді экспорттаған болса, оның импорты 12 миллиард долларды құрады. 2020 жылы Өзбекстанның экспорты мен импорты сәйкесінше 13 миллиард пен 20 миллиард доллар болды. Нәтижесінде сауда тапшылығы 7 миллиард долларға дейін жетті [Халықаралық сауда орталығы, 2021].

Эпидемия Өзбекстанның сауда ағымына айтарлықтай әсер етті. Қойылған шектеулерге байланысты елдің экспорты да, импорты да төмендеді. Елдің ауыл шаруашылығы экспорты 2019 жылы 1,57 миллиард доллардан 1,52 миллиард долларға дейін төмендеді. Есепті кезеңде мақта экспорты 1,29 миллиард доллардан 1,2 миллиард долларға дейін азайды. Бұлардан басқа минералды ресурстар секторы да айтарлықтай құлдырауға ұшырады. Мұнай газы мен басқа көмірсутек газы өнімдерінің экспорты 2,3 миллиард доллардан 0,5 миллиард долларға дейін, минералды ресурстардың экспорты 2,52 миллиард доллардан 0,64 миллиард долларға дейін төмендеді. Осылайша, мұнай газы мен басқа көмірсутекті газ өнімдерінің экспорты 4,6 есеге азайды. Экспорттың бұл төмендеуін эпидемия тудырған екі маңызды фактормен түсіндіруге болады. Біріншіден, Қытай 2020 жылы наурызда жеткізушілерге жеткізуді тоқтату туралы форс-мажорлық ескерту жасаған [Хашимова, 2020]. Екіншіден, Өзбекстан Ресейге табиғи газ жеткізуді тоқтатты [UzReport, 2020]. Сондықтан, жүргізіліп жатқан индустрияландыру үдерісіне қарамастан, минералды ресурстар Өзбекстан экономикасы мен саудасында маңызды рөл атқара беруде.

Сонымен қатар, Өзбекстан ауылшаруашылық өнімдерін жоғары мөлшерде сатып алды. 2020 жылы 2,3 миллиард долларлық ауылшаруашылық және азық-түлік тауарларын импорттаған болса, бұл көрсеткіш 2019 жылы 2,1 миллиард долларды құрады. Минерал-

также увеличился с 0,9 до 1,1 миллиарда долларов. Узбекистан импортировал фармацевтической продукции на 1,2 миллиарда долларов, в то время как в 2019 году закупки составили 0,9 миллиарда долларов. Импорт техники продемонстрировал снижение. В частности, он снизился с 5,6 миллиарда долларов в 2019 году до 4,8 миллиарда долларов в 2020 году.

В список основных экспортных партнеров Узбекистана входят Китай, Россия, Турция, Казахстан и Кыргызстан. В 2020 году экспорт страны на все эти рынки, за исключением Кыргызстана, снизился. Поставки в Китай и Россию существенно сократились из-за падения экспорта нефтяного газа. В частности, экспорт в Китай снизился с 1,77 миллиарда долларов в 2019 году до 1,28 миллиарда долларов в 2020 году. За отчетный период поставки в Россию снизились с 2,07 миллиарда долларов до 1,16 миллиарда долларов, в Турцию - с 1,15 миллиарда до 0,95 миллиарда долларов, а в Казахстан - с 1,24 миллиарда долларов до 0,73 миллиарда долларов. При этом экспорт в Кыргызстан увеличился с 0,64 миллиарда долларов до 0,71 миллиарда долларов. Эти торговые потоки показывают, что основные рынки Узбекистана расположены за пределами Центральной Азии. Важно отметить возрастающую роль Турции как перспективного рынка сбыта для продукции Узбекистана.

Основными партнерами Узбекистана по импорту являются Китай, Россия, Казахстан, Южная Корея и Турция. Страна также испытала сокращение импортных потоков от партнеров, за исключением России и Казахстана. Например, его импорт из Китая снизился с 5,1 миллиарда долларов в 2019 году до 4,4 миллиарда долларов в 2020 году. За отчетный период закупки Узбекистана из Южной Кореи снизились с 2,5 миллиарда долларов до 1,9 миллиарда долларов, в то время как сокращение импорта из Турции было

ды ресурстардың импорты 0,9 миллиард доллардан 1,1 миллиард долларға дейін өсті. Өзбекстан 1,2 миллиард долларға дәрі-дәрмек импорттаған болса, 2019 жылы сатып алу 0,9 миллиард долларды құрады. Көлік импорты 2019 жылғы 5,6 миллиард доллардан 2020 жылы 4,8 миллиард долларға дейін төмендеді.

Өзбекстанның ірі экспорттық серіктестері Қытай, Ресей, Түркия, Қазақстан және Қырғызстан болып табылады. Елдің 2020 жылы Қырғызстаннан басқа барлық осы нарықтарға экспорты төмендеді. Қытай мен Ресейге жөнелтілімдер мұнай газы экспорты көлемінің төмендеуіне байланысты айтарлықтай азайды. Атап айтқанда, Қытайға экспорт 2019 жылы 1,77 миллиард доллардан 2020 жылы 1,28 миллиард долларға дейін төмендеді. Есепті кезеңде мұнай газының экспорты Ресейге 2,07 миллиард доллардан 1,16 миллиард долларға дейін, Түркияға 1,15 миллиард доллардан 0,95 миллиард долларға дейін, ал Қазақстанға 1,24 миллиард доллардан 0,73 миллиард долларға дейін азайды. Сонымен бірге, Қырғызстанға экспорт 0,64 миллиард доллардан 0,71 миллиард долларға дейін өсті. Бұл сауда ағындары Өзбекстанның негізгі нарығының Орталық Азиядан тыс жерлерде орналасқандығын көрсетеді. Өзбекстан өнімдері үшін перспективалық нарық ретіндегі Түркияның рөлінің артуы да назар аудартады.

Өзбекстанның ірі импорттық серіктестері - Қытай, Ресей, Қазақстан, Оңтүстік Корея және Түркия. Елде Ресей мен Қазақстаннан тыс серіктестерінен импорт ағындарының төмендеуі байқалды. Мысалы, оның Қытайдан импорты 2019 жылы 5,1 миллиард доллардан 2020 жылы 4,4 миллиард долларға дейін төмендеді. Осы жылдары Өзбекстанның Оңтүстік Кореядан сатып алуы 2,5 миллиард доллардан 1,9

незначительным и изменилось с 1,3 миллиарда долларов до 1,1 миллиарда долларов. При этом закупки Узбекистана у России увеличились с 4 миллиардов долларов до 4,1 миллиарда долларов. Импорт страны из Казахстана также вырос с 1,9 миллиарда долларов до 2,1 миллиарда долларов. Таким образом, импорт Узбекистана демонстрировал разную динамику.

Важно отметить некоторые связанные с торговлей достижения Узбекистана, которые окажут значительное влияние на структуру его экспорта и последствия для рынков Центральной Азии. Узбекистан намерен стать новым центром производства электросамокатов. Президент страны Шавкат Мирзиёев подписал указ о предоставлении субсидий и льгот производителям электротехнической промышленности [UzReport, 2021a]. Узбекистан успешно продвигает экспорт обуви. С 2020 года количество стран, импортирующих ее обувь, увеличилось. По данным Узбекской кожевенной промышленности, страна начала поставлять свою продукцию на рынки США, Объединенных Арабских Эмиратов, Кувейта, Латвии и Молдовы. В Государственном таможенном комитете сообщили, что с 2020 года из страны было экспортировано почти 24 миллиона пар обуви на сумму 28 миллионов долларов. Экспорт обуви увеличился на 91% по сравнению с аналогичным периодом 2019 года, а импорт снизился почти на 74% [UzDaily, 2020]. Как сказано в сообщении кожевенной ассоциации Узбекистана, страна готовится к запуску производства обуви Nike и Adidas в 4 квартале 2021 года. Первоначально предприятие будет производить 3 миллиона пар спортивной обуви ежегодно, а выход на полную мощность будет достигнут в 3 квартале 2022 года. Узбекистан планирует экспортировать 50% обуви в страны Центральной Азии. Доля внутреннего рынка составит 20% [UzReport, 2021b].

миллиард долларға дейін төмендеді, ал Түркиядан импорттың төмендеуі басқа елдермен салыстырғанда 1,3 миллиард доллардан 1,1 миллиард долларға дейін азайды. Сонымен бірге Өзбекстанның Ресейден импорты 4 миллиард доллардан 4,1 миллиард долларға дейін өсті. Елдің Қазақстаннан импорты 1,9 миллиард доллардан 2,1 миллиард долларға дейін өсті. Осы себептен Өзбекстанның импорты әртүрлі динамиканы көрсетуде.

Өзбекстан экспортының құрылымы мен Орталық Азия нарықтарындағы көріністеріне айтарлықтай әсер ететін саудаға байланысты кейбір жетістіктерін атап өту қажет. Өзбекстан электр скутерлерін шығаратын жаңа орталыққа айналуды жоспарлап отыр. Ел президенті Шавкат Мирзиёев электр энергетикасы өндірушілеріне субсидиялар мен көмек беру туралы жарлыққа қол қойды [UzReport, 2021a]. Сонымен қатар, Өзбекстан аяқ киім экспортын ойдағыдай ілгерілетуде. 2020 жылдан бастап Өзбекстаннан аяқ киім импорттайтын елдердің саны артып келеді. Өзбек былғары өнеркәсібінің мәліметтері бойынша, ел өз өнімдерін Америка Құрама Штаттары, Біріккен араб әмірліктері, Кувейт, Латвия және Молдова нарықтарына жеткізе бастады. Мемлекеттік кеден комитеті 2020 жылдан бастап елдің 28 миллион долларға жуық 24 миллион жұп аяқ киім экспорттағанын хабарлады. Аяқ киімнің экспорты 2019 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 91% өсті, ал импорт шамамен 74%-ға төмендеді [UzDaily, 2020]. Өзбекстан былғары қауымдастығы елдің 2021 жылдың 4 тоқсанында Nike және Adidas аяқ киімдерін шығаруға дайындалып жатқанын хабарлады. Бастапқыда жылына 3 миллион жұп спорттық аяқ киім шығаратын бизнес 2022 жылдың үшінші тоқсанында толық қуатына шығуы күтілуде. Өзбекстан аяқ киімнің 50%-ын Орталық Азия елдеріне экспорттауды

Однако существуют разногласия по поводу торговой политики. Например, за четыре месяца 2021 года продажи узбекских автомобилей Chevrolet в Казахстане выросли почти на 5,000% по сравнению с аналогичным периодом прошлого года. В частности, казахстанцы приобрели 8923 узбекских автомобиля, тогда как в прошлом году продажи составили 186 единиц. В то же время сам Узбекистан испытывает нехватку автомобилей. Чтобы купить автомобиль, граждане должны оплатить 85% его стоимости согласно договору и ждать производства около 4-5 месяцев [UzReport, 2021c]. Следовательно, Узбекистану также необходимо удовлетворять спрос на внутреннем рынке за счет увеличения объемов производства и импорта.

В то же время Узбекистан добился значительного прогресса в реализации реформ, что также повлияет на его торговые потоки в будущем. Эти реформы включают пересмотр роли как регионализма, так и многосторонности. Узбекистан получил статус наблюдателя в Евразийском экономическом союзе, возобновил переговоры со Всемирной торговой организацией и начал активное сотрудничество с Международной организацией труда. Европейская комиссия предоставила Узбекистану статус «Всеобщая система преференций плюс». В рамках этой системы количество товаров, которые Узбекистан может экспортировать в Европейский Союз, увеличится до 6,200. Этот статус может принести значительные выгоды в сфере экспорта страны.

Важно отметить, что торговая политика Узбекистана и предлагаемые реформы могут рассматриваться как политические инструменты и инструменты содействия миру, которые очень нужны в Центральной Азии, учитывая несколько неурегулированных приграничных споров и конфликтов. В этой области Узбекистан предложил создать зоны свободной тор-

жоспарлап отыр. Ішкі нарықтың үлесі шамамен 20%-ды құрауы болжануда [UzReport, 2021b].

Дегенмен, елдің сауда саясаты туралы да пікірталастар бар. Мысалы, 2020 жылдың алғашқы төрт айында Өзбекстандағы Chevrolet автомобильдерінің Қазақстандағы сатылымы өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда шамамен 5,000% өсті. Атап айтқанда, Қазақстан азаматтары Өзбекстанда шығарылған 8,923 Chevrolet автокөлігін сатып алса, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңінде тек 186 болған. Сонымен қатар Өзбекстанның ішкі нарығы көлік тапшылығынан зардап шегіп отырғанын айта кеткен жөн. Азаматтарға автокөлік сатып алу үшін олар келісімшарт бойынша бағаның 85%-ын төлеуі және өндірісін 4-5 ай күтуі керек [UzReport, 2021c]. Осы себептен Өзбекстан ішкі нарықтағы сұранысты өндіріс көлемінің жоғарылауы және импорт арқылы қамтамасыз етуі керек.

Сонымен қатар, Өзбекстан болашақ сауда ағындарына да әсер ететін реформаларды жүзеге асыруда айтарлықтай жетістіктерге жетті. Бұл реформалар регионализм мен көпжақтылықтың рөлін қайта бағалауын қамтиды. Өзбекстан Еуразиялық экономикалық одақта бақылаушы мәртебесін алды, Дүниежүзілік сауда ұйымымен келіссөздерді қайта бастады және Халықаралық еңбек ұйымымен белсенді ынтымақтастықты бастады. Еуропалық комиссия Өзбекстанға Жалпыға бірдей преференциялар жүйесі мәртебесін берді. Осы жүйенің көмегімен Өзбекстанның Еуропалық одаққа экспорттай алатын өнімдерінің саны 6,200-ге дейін жетіп, бұл жағдай елдің экспорттаушыларына айтарлықтай пайда әкелуі күтілуде.

Өзбекстанның сауда саясаты мен ұсынылған реформаларын шешілмеген бірнеше шекара даулары мен қақтығыстарды ескере отырып, Орта-

говли с Кыргызстаном и Таджикистаном и Международный центр торговли и экономического сотрудничества «Центральная Азия» с Казахстаном в приграничных регионах. Хотя общая площадь Центра составляет 400 гектаров, а его суточная пропускная способность составит 35 тысяч человек и 5 тысяч грузовиков в обоих направлениях, двусторонний товарооборот стран через Центр планируется увеличить до 10 миллиардов долларов [UzReport, 2021d].

Таким образом, товарооборот Узбекистана продемонстрировал рост. Пандемия привела к сокращению как экспорта, так и импорта страны. Больше всего пострадали минеральные виды топлива, экспорт которых существенно снизился. Важно отметить, что в Узбекистане проводится несколько важных реформ, включая криминализацию принудительного труда, что может изменить структуру и модели торговли в евразийском регионе. Более того, предложения о создании зон свободной торговли в приграничных регионах могут принести мир и процветание в регион Центральной Азии.

**Источники:**

UzDaily (2020). Узбекистан начинает экспортировать обувь в США. Доступно по адресу: https://uzdaily.uz/ru/post/60666. Дата обращения: 10.10.2020.

UzReport (2020). Узбекистан приостановил поставки газа в Россию. Доступно по адресу: https://uzreport.news/economy/uzbekistan-priostanovil-postavki-gaza-v-rossiyu. Дата обращения: 18.05.2021.

UzReport (2021a). Ферганская область направит 8,5 миллион доллар на производство электросамокатов. Доступно по адресу: https://uzreport.news/economy/fergana-region-to-channel-85bn-towards-electric-scooter-production. Дата обращения: 05.03.2021.

UzReport (2021b). Узбекистан запустит производство обуви Nike, Adidas. Доступно по адресу: https://uzreport.news/economy/uzbekistan-to-launch-production-of-nike-adidas-footwear. Дата обращения: 20.02.2021.

UzReport (2021c). Экспорт автомобилей из Узбекистана в Казахстан вырос почти на 5,000%. Доступно по адресу: https://uzreport.news/economy/uzbekistan-

лық Азияда өте қажет саяси және бейбітшілікті қолдау құралы ретінде санауға болатындығын атап өту маңызды. Бұл салада елдің Өзбекстан, Қырғызстан және Тәжікстанмен еркін сауда аймақтарын және Қазақстанмен шекаралас облыстарда «Орталық Азия» Халықаралық сауда-экономикалық ынтымақтастық орталығын құруды ұсынды. Орталықтың жалпы аумағы 400 га құрауы және оның тәуліктік өнімділігі екі бағытта 35 мың адамға және 5 мың жүк көлігіне тең болса, Орталық арқылы екіжақты сауданы 10 миллиард долларға дейін арттыру жоспарлануда. [UzReport, 2021d].

Осылайша, Өзбекстанның тауар айналымының өскенін айтуға болады. Алайда эпидемия елдің экспорты мен импортының төмендеуіне әкелді. Елдің минералды ресурстары ең көп зардап шеккен өнімдер болса, экспорты айтарлықтай төмендеді. Өзбекстанның Еуразия аймағындағы сауда құрылымын өзгерте алатын мәжбүрлі еңбекті қылмыстық жауапкершілікке тартумен қатар, маңызды реформаларды қолданғанын атап өту маңызды. Бұл саясат Орталық Азия аймағына бейбітшілік пен өркендеу әкелуі мүмкін екенін айтуға болады.

**Дереккөз:**

UzDaily (2020). Өзбекстан АҚШ-қа аяқ киім экспорттай бастады. Сілтеме: https://uzdaily.uz/ru/post/60666. Қаралған уақыты: 10.10.2020.

UzReport (2020). Өзбекстан Ресейге газ беруді тоқтатты. Сілтеме: https://uzreport.news/economy/uzbekistan-priostanovil-postavki-gaza-v-rossiyu. Қаралған уақыты: 18.05.2021.

UzReport (2021a). Ферғана облысы электроскутер шығаруға 8,5 миллион доллар бөледі. Сілтеме: https://uzreport.news/economy/fergana-region-to-channel-85bn-towards-electric-scooter-production. Қаралған уақыты: 05.03.2021.

UzReport (2021b). Өзбекстан Nike, Adidas аяқ киімдерінің өндірісін жолға қояды. Сілтеме: https://uzreport.news/economy/uzbekistan-to-

s-car-export-to-kazakhstan-surges-by-almost-5-000-. Дата обращения: 19.05.2021.

UzReport (2021d). Узбекистан и Казахстан заложили капсулу строительства крупного торгово-логистического центра. Доступно по адресу: https://uzreport.news/economy/uzbekistan-kazakhstan-lay-capsule-at-construction-of-large-trade-and-logistic-center. Дата обращения: 12.04.2021.

Хашимова, Умида (2020). Пандемия замедляет экспорт газа из Центральной Азии в Китай. Доступно по адресу: https://thediplomat.com/2020/09/pandemic-slows-central-asias-gas-exports-to-china/. Дата обращения: 08.09.2020.

Центр международной торговли (2021). Профиль Узбекистана. Доступно по адресу: https://www.trademap.org/Country_SelProductCountry_TS.aspx?nvpm=1%7c860%7c%7c%7c%7cTOTAL%7c%7c%7c2%7c1%7c1%7c2%7c2%7c1%7c2%7c1%7c1%7c1. Дата обращения: 20.05.2021.

launch-production-of-nike-adidas-footwear. Қаралған уақыты: 20.02.2021.

UzReport (2021c). Өзбекстаннан Қазақстанға автокөлік экспорты 5,000%-ға жуық өсті. Сілтеме: https://uzreport.news/economy/uzbekistan-s-car-export-to-kazakhstan-surges-by-almost-5-000-. Қаралған уақыты: 19.05.2021.

UzReport (2021d). Өзбекстан мен Қазақстан ірі сауда-логистикалық орталықтың құрылысына капсула салды. Сілтеме: https://uzreport.news/economy/uzbekistan-kazakhstan-lay-capsule-at-construction-of-large-trade-and-logistic-center. Қаралған уақыты: 04.12.2021.

Халықаралық сауда орталығы (2021). Өзбекстан профилі. Сілтеме: https://www.trademap.org/Country_SelProductCountry_TS.aspx?nvpm=1%7c860%7c%7c%7c%7cTOTAL%7c%7c%7c2%7c1%7c1%7c2%7c2%7c1%7c2%7c1%7s1%7s1. Қаралған уақыты: 20/05/2021.

Хашимова, Умида (2020). Пандемия Орталық Азияның Қытайға газ экспортын бәсеңдетеді. Сілтеме: https://thediplomat.com/2020/09/pandemic-slows-central-asias-gas-exports-to-china/. Қаралған уақыты: 08.09.2020.

## СОТРУДНИЧЕСТВО ПО ЭКОЛОГИЧЕСКИМ И ТЕХНОЛОГИЧЕСКИМ ВОПРОСАМ

## ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРДЕГІ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

# ГЛОБАЛЬНОЕ ВОЗДЕЙСТВИЕ ПАНДЕМИИ COVID-19 НА ОКРУЖАЮЩУЮ СРЕДУ
# COVID-19 ПАНДЕМИЯСЫНЫҢ ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ЖАҺАНДЫҚ ӘСЕРІ

*Сауле Ахметкалиева**

Пандемия COVID-19 и вызванные ею локдауны и закрытие границ значительно повлияли на жизнь всех людей во всем мире, что привело к ряду негативных последствий, таких как высокие показатели смертности и инфицирования, связанные с COVID-19, экономические кризисы из-за закрытия предприятий и запретов на поездки, закрытие школ и университетов и, как следствие, более низкое качество онлайн-образования. Одним из спорных последствий пандемии является воздействие на окружающую среду, поскольку впервые с начала промышленной революции мы можем стать свидетелями некоторых положительных экологических изменений на нашей планете. Однако, говоря о воздействии COVID-19 на окружающую среду, важно уметь различать долгосрочные и краткосрочные последствия пандемии.

С начала промышленной революции в 19 веке загрязнение воздуха стало одной из основных экологических проблем. Несмотря на то, что существует некоторое загрязнение, вызванное естественными процессами, такими как вулканическая деятельность, естественные лесные пожары и разложение органических веществ, на атмосферу в значительной степени влияет деятельность человека (антропогенное воздействие). В начале 2000-х годов ежегодный прирост выбросов CO2 составлял 3%. В результате отказа от использования угля в качестве источника энергии в развитых странах это число снизилось до 0,9% в 2010-х годах [МакГрат, 2020]. К сожалению, Казах-

COVID-19 пандемиясы және одан туындайтын шектеулер, шекаралардың жабылуы бүкіл әлемде адамдардың өміріне айтарлықтай әсер етті. Вирустың салдарынан қайтыс болғандар мен науқастар санының өсуі, бизнестің жабылуы мен саяхаттауға қойылған шектеулерден туындаған экономикалық дағдарыстар, мектептер мен университеттердің жабылуына байланысты қолданылған онлайн оқыту құралдарының білім сапасын төмендетуі сияқты бірқатар жағымсыз әсерлерді тудырды. Эпидемияның экологиялық саладағы әсері талқылануға тиісті тағы бір мәселе болып табылады. Өнеркәсіптік төңкеріс басталғаннан бері бірінші рет планетамыздағы жағымды экологиялық өзгерістердің куәсі болып отырмыз. Алайда, COVID-19-дың қоршаған ортаға тигізетін әсері туралы сөз болғанда, эпидемияның ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді әсерін бөлек қарастырған жөн.

19 ғасырда өнеркәсіптік төңкеріс басталғаннан бастап ауаның ластануы негізгі экологиялық проблемалардың біріне айналды. Жанартаулардың атқылауы, орманның табиғи өртенуі және органикалық заттардың ыдырауы сияқты табиғи үдерістердің әсерінен ластану болғанымен, атмосфераға көбінесе адам әрекеті (антропогендік әсерлер) әсер етеді. 2000 жылдардың басында көмірқышқыл газының (CO2) шығарындыларының жылдық өсімі 3%-ды құрады. Дамыған елдерде көмірді энергия көзі ретінде пай-

* докторант, Манчестерский столичный университет, Казахстан.
fm11v@mail.ru

стану, как и другим странам Центральной Азии, еще предстоит совершить сдвиг.

Высказываются опасения по поводу качества воздуха из-за попадания в него различных газообразных и твердых частиц в результате антропогенной деятельности. Высокие концентрации газообразных веществ и твердых частиц в воздухе могут иметь вредные последствия как для здоровья и благополучия человека, так и для окружающей среды. Плохое качество воздуха связано с раком, сердечными и респираторными заболеваниями и инсультом [Годиш и др., 2015]. Более того, исследователи обнаружили, что плохое качество воздуха усилило последствия COVID-19, что вызывает социально-экономические проблемы.

Мелкие частицы (PM 10 и PM 2,5 обозначают твердые частицы размером менее 10 и 2,5 микрометров соответственно) могут вдыхаться и попадать в кровоток [Нуньес, 2019]. На концентрацию ТЧ влияет деятельность человека, такая как сельское хозяйство, промышленное производство, приготовление пищи и отопление в жилых помещениях. Во время первых мер изоляции в Европе концентрации PM10 были на 30% меньше, чем ожидалось в Испании, на 26% в Норвегии и на 25% в Италии [Европейское агентство по окружающей среде, 2020]. Несмотря на то, что люди проводили больше времени дома, это снижение концентраций ТЧ, скорее всего, связано с закрытием рабочих мест.

Путешествия представляют собой одну из основных причин выбросов парниковых газов (ПГ), особенно диоксида углерода ($CO2$) и диоксида азота ($NO2$). Более того, исследования показали, что уровни $NO2$ связаны с шумовым загрязнением от транспорта [Европейское агентство по окружающей среде, 2020], что является большой проблемой для городских пространств и может влиять на психическое здоровье людей, а также на дикую природу. Блокировки во время

даланудан бас тарту нәтижесінде бұл көрсеткіш 2010 жылдары 0,9%-ға дейін төмендеді [МакГрат, 2020]. Өкінішке орай, Қазақстан және басқа да Орталық Азия елдері бұл өтпелі кезеңді әлі іске асырған жоқ.

Антропогендік әрекеттердің нәтижесінде әр түрлі газдар мен бөлшектердің әсерінен ауаның сапасына деген алаңдаушылық артып келеді. Ауадағы жоғары концентрациядағы газ бен бөлшектер адамның денсаулығы үшін де, әл-ауқаты үшін де, қоршаған орта үшін де зиянды әсер етуі мүмкін. Ауа сапасының нашар болуы қатерлі ісік, жүрек ауруы, инсульт және тыныс алу органдарының ауруларымен тығыз байланысты [Годиш және т.б, 2015]. Сонымен қатар, зерттеушілер ауа сапасының төмендігі COVID-19 әсерін күшейтетіндігін анықтады, бұл әлеуметтік-экономикалық мәселелерді күшейтеді.

Шағын бөлшектер (PM 10 және PM 2,5 сәйкесінше 10 және 2,5 микрометрден кіші бөлшектер) деммен жұтылып, қанға араласады [Нуньес, 2019]. PM концентрациясына ауылшаруашылығы, өнеркәсіптік өндіріс, үйде тамақ пісіру және жылыту сияқты адамдардың әрекеті әсер етеді. Еуропадағы алғашқы шектеу шаралары кезінде PM10 концентрациясы Испанияда күтілгеннен 30%, Норвегияда 26% және Италияда 25% болды [Еуропалық қоршаған ортаны қорғау агенттігі, 2020]. Адамдар көп уақытты үйде өткізгенімен, PM концентрациясының төмендеуі бизнестің жабылуына байланысты болуы мүмкін. Саяхат-парниктік газдардың, әсіресе $CO2$ және азот диоксидінің ($NO2$) шығарындыларының басты себептерінің бірі. Сонымен қатар, зерттеулер, $NO2$ деңгейінің қалалық аймақтар үшін үлкен проблема болып табылатын және психикалық денсаулық пен жабайы табиғатқа әсер ететін жол қозғалысынан туындайтын шуылды ластанумен байланысты екендігін көрсеткен [Еуропалық қоршаған

пандемии вынудили людей работать из дома и сократить путешествия, в том числе туристические, деловые и общественные, и, как следствие, привели к повышению качества воздуха. Авиация – это один из секторов, который больше всего пострадал от мер изоляции. Хотя изоляция имела негативные экономические последствия, она также привело к сокращению выбросов ПГ, что оказалось полезным для улучшения качества воздуха.

По данным Европейского агентства по окружающей среде (EEA), уровни диоксида азота (NO2) значительно снизились по всей Европе [Европейского агентства по окружающей среде 2020]. Например, в апреле 2020 года уровни выбросов NO2 были на 61% меньше ожидаемых в Испании, 52% во Франции и 48% в Италии. В 2020 году глобальные выбросы CO2 снизились на 2,4 миллиарда тонн или 7%. Несмотря на сокращение, глобальные выбросы CO2 составили 39 миллиардов тонн, что привело к увеличению общего содержания CO2 в атмосфере [МакГрат, 2020], поскольку следует иметь в виду, что CO2 остается в атмосфере и океанах на протяжении веков. Таким образом, несмотря на снижение уровней ПГ, текущего снижения выбросов недостаточно, и мы должны стремиться к нулевым выбросам CO2.

Снижение выбросов ПГ и снижение спроса на энергию оказали положительное влияние на качество воздуха в 2020 году, что оказалось эффективным краткосрочным воздействием пандемии на окружающую среду. Однако для достижения долгосрочного эффекта необходимо принимать политические меры на глобальном уровне для сдерживания последствий изменения климата. Если политики не извлекут уроки из изменения качества воздуха во время карантина, восстановление выбросов ПГ в 2021 году неизбежно.

Пандемия также создала новую проблему, связанную с пластиковыми от-

ортаны қорғау агенттігі, 2020]. Пандемия кезіндегі шектеулер адамдарды үйде жұмыс істеуге және аз саяхаттауға (туристік саяхаттар, іскерлік сапарлар және күнделікті жұмысқа барып-келу) мәжбүр етеді, мұның нәтижесінде ауа сапасы жақсарады. Осы жағдайға байланысты авиация шектеу шараларынан көп зардап шеккен салалардың бірі болып табылады. Бұл жағымсыз экономикалық әсерлерге ие болса да, парниктік газ шығарындыларын төмендетудің ауаның сапасын жақсартуға оң әсерлері дәлелденді.

Еуропалық қоршаған ортаны қорғау агенттігі Еуропада NO2 деңгейінің айтарлықтай төмендегенін мәлімдеді [Еуропалық қоршаған ортаны қорғау агенттігі, 2020]. Мысалы, 2020 жылдың сәуірінде NO2 шығарындыларының деңгейі Испанияда күтілгеннен 61%, Францияда 52% және Италияда 48% төмен болды. 2020 жылы ғаламдық CO2 шығарындылары 2,4 миллиард тоннаға немесе 7%-ға азайды. Төмендеуіне қарамастан, CO2 шығарындылары 39 миллиард тоннаға жетуі, CO2-ның атмосферада жалпы өсуіне әкелді [МакГрат, 2020], өйткені CO2 атмосферада және мұхиттарда ғасырлар бойы сақталуы мүмкін. Демек, парниктік газдар деңгейінің төмендеуіне қарамастан, шығарындылардың қазіргі азаюы жеткіліксіз және негізінен нөлдік CO2 шығарындыларына қол жеткізілуі керек.

Парниктік газдар шығарындыларының төмендеуі және энергияға деген қажеттілік 2020 жылы ауа сапасына оң әсер етті. Осылайша, эпидемияның қоршаған ортаға қысқа мерзімді әсер ететіндігі дәлелденді. Сонымен қатар ұзақ мерзімді нәтижелерге қол жеткізу және климаттың өзгеруінің салдарын шектеу үшін әлемде саяси шаралар қабылдануы керек. Егер саясаткерлер шектеулер кезінде ауа сапасының өзгеруінен біраз сабақ алмаса, парниктік газдар шығарындылары 2021 жылы қайтадан өсетіні сөзсіз.

ходами. В 2017 году Организация Объединенных Наций объявила загрязнение пластиком мировым кризисом [Программа Организация Объединённых Наций по окружающей среде, 2017]. Более того, в 2019 году Базельская конвенция о контроле за трансграничной перевозкой опасных отходов и их удалением была изменена (в нее включили пластиковые отходы) и была ратифицирована более чем 180 странами [Программа Организация Объединённых Наций по окружающей среде, 2019]. Появление COVID-19 помешало развитию и совершенствованию управления пластиковыми отходами.

С начала пандемии существует спрос на одноразовые предметы, такие как средства индивидуальной защиты (СИЗ): перчатки, дезинфицирующие средства для рук в пластиковых бутылках и маски. Всемирная организация здравоохранения призвала к увеличению производства одноразовых СИЗ на 40% [Всемирная организация здравоохранения, 2020]. С одной стороны, использование пластика помогло предотвратить более быстрое распространение вируса. Однако, с другой стороны, использование одноразовых пластиковых предметов оказывает давление на устойчивость, обостряя проблему загрязнения пластиком. Неправильное использование СИЗ может привести к глобальному использованию 129 миллиардов масок и 65 миллиардов перчаток в месяц [Прата и др., 2020].

Более того, с закрытием ресторанов и кафе резко вырос спрос на блюда на вынос, которые обычно поставляются в одноразовых пластиковых контейнерах и обертках. Интернет-магазины также пользуются большим спросом, что требует упаковки продуктов в пластик. В этом свете обращение с отходами должно стать важной общественной услугой, которая не только поможет остановить распространение вируса, но и защитит окружающую среду. Использование од-

Екінші жағынан, эпидемия пластикалық қалдықтар сияқты жаңа проблеманың пайда болуына себеп болды. 2017 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымы пластикалық ластануды дүниежүзілік дағдарыс ретінде жариялады [Біріккен Ұлттар Ұйымының Қоршаған ортаны қорғау бағдарламасы, 2017]. Сонымен қатар, 2019 жылы қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауды және оларды аулаққа шығаруды бақылау туралы Базель конвенциясына пластикалық қалдықтар туралы бап та енгізіліп оны 180-нен астам елдер мақұлдаған [Біріккен Ұлттар Ұйымының Қоршаған ортаны қорғау бағдарламасы, 2019]. COVID-19-дың пайда болуы пластикалық қалдықтарды басқаруды дамытуға және жетілдіруге кедергі келтіруде.

Эпидемияның басталуынан бастап қолғап, пластикалық бөтелкелердегі антисептіктер және маскалар сияқты бір реттік жеке қорғаныс құралдарына сұраныс артты. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы бір рет қолданылатын пластмассадан жасалған бұйымдар өндірісінің 40% өсетіндігін жариялады [Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы, 2020]. Бір жағынан, пластикалық материалдарды қолдану вирустың тез таралуын болдырмауға көмектессе, екінші жағынан, тұрақтылыққа қысым жасау арқылы пластиктік ластану мәселесін күшейтеді. Пластикалық материалдарды пайдаланудың дұрыс басқарылмауы, айына 129 миллиард бет маскасы мен 65 миллиард қолғаптың қолдануына себеп болуда [Прата және т.б, 2020].

Алайда мейрамханалар мен кафелер жабылғаннан кейін, бір реттік пластикалық контейнерлер мен пакеттерде тамақ тапсырыс беру қызметіне сұраныстың өсуі байқалды. Өнімдерді пластикпен орауды талап ететін интернет-дүкенге де осындай үлкен сұраныс болды. Осыған байланысты қалдықтарды басқару вирустың таралуын

норазового пластика во время пандемии, скорее всего, будет иметь долгосрочный эффект, изменяя вновь возникающее восприятие вторичной переработки и выбора экологически устойчивых продуктов и сводя на нет недавние достижения в социальной осведомленности [Ванапалли и др., 2021].

Пандемия напоминает нам о том, что мы давно пренебрегаем окружающей средой. В этом свете стоит упомянуть, что COVID-19 - это зоонозное заболевание (заболевание, передающееся от животных к человеку). В настоящее время 60% существующих инфекционных заболеваний человека имеют животное происхождение [Вулхаус и Гоутаж-Секверия, 2005], а 75% новых таких болезней передаются от животных к человеку [Тейлор и др., 2001]. Более того, с 1940 года 50% этих болезней возникли из-за интенсивного домашнего животноводства [Рор и др., 2019], что подводит нас к выводу, что основной причиной распространения зоонозных заболеваний является ухудшение состояния окружающей среды, вызываемое взаимодействием между человеком и животными. Поэтому, чтобы предотвратить подобные вспышки в будущем, мы должны сосредоточиться на экологической устойчивости.

Как отметила глава ООН по окружающей среде Ингер Андерсен: «Природа посылает нам сообщение о пандемии коронавируса и продолжающемся климатическом кризисе», и, если люди не изменят свою деятельность, которая вызывает изменение климата, потерю биоразнообразия и, как мы видим, распространение патогенов, мы будем вновь сталкиваться с подобными кризисами. По мере того, как мир выходит из пандемии, правительства должны сосредоточиться на устойчивой экономике, которая наносит меньший вред для планеты. Хотя многие отрасли, такие как туризм и гостиничный бизнес, пострадали от экономических последствий пандемии, им следует в про-

тоқтатуға ғана емес, қоршаған ортаны қорғауға да көмектесетін маңызды мемлекеттік қызмет болуы керек. Эпидемия кезінде бір рет қолданылатын пластикті қолдану тәртібі ұзақ мерзімді әсер ететіндігін және енді ғана әдетке айнала бастаған қайта өңдеу туралы түсінікті өзгертуін күтуге болады. Кейіннен экологиялық тұрғыдан тұрақты өнім таңдалып, әлеуметтік хабардарлықтағы соңғы жетістіктер теңдестіріледі [Ванапалли және т.б, 2021].

Эпидемия біздің қоршаған ортаға ұзақ уақыт бойы немқұрайлы қарағанымызды еске салды. Осы тұрғыдан COVID-19 - зооноздық ауру (жануарлардан адамға жұғатын ауру) екенін ескерген жөн. Қазіргі кезде жұқпалы аурулардың 60%-ы жануарлардан шыққан [Вулхаус және Гоутейдж-Секерия, 2005] және осындай жаңа аурулардың 75% жануарлардан адамға жұғады [Тейлор және т.б, 2001]. Сонымен қатар 1940 жылдан бері пайда болған аурулардың 50% үй жануарлары фермаларында пайда болған [Рор және т.б, 2019]. Бұл зооноздық аурулардың таралуының басты себебі адам мен жануарлардың өзара әрекеттесуінен туындаған қоршаған ортаның деградациясы деген қорытындыға әкеледі. Сондықтан болашақта осындай эпидемиялардың алдын алу үшін экологиялық тұрақтылыққа назар аударуымыз керек.

Біріккен ұлттар ұйымының Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі төрағасы Ингер Андерсен атап өткендей, «табиғат бізге коронавирус пандемиясы және болып жатқан климат дағдарысы туралы хабарлама жібереді» және адамдар климаттың өзгеруіне, биоәртүрлілікке себеп болатын іс-әрекеттерін өзгертпесе, қоздырғыштардың таралуын көріп отырғанымыздай, осыған ұқсас дағдарыстармен қайта-қайта кездесуіміз мүмкін. Әлем эпидемиядан шыққан кезде үкіметтер

цессе восстановления воспользоваться возможностью перейти к устойчивому развитию.

**Источники:**

Ванапалли, Кумар, Шарма, Хари, Ранджан, Пракаш, Самал, Бисваджит, Бхаттачарья, Джаянта, Дубей, Браджеш и Гоэль, Судха (2021). Проблемы и стратегии эффективного обращения с пластиковыми отходами во время и после пандемии COVID-19. Science of the Total Environment 750, сс. 1-10.

Всемирная организация здравоохранения (2020). Нехватка средств индивидуальной защиты подвергает опасности работников здравоохранения во всем мире. Всемирная организация здоровья. Доступно по адресу: https://www.who.int/news/item/03-03-2020-shortage-of-personal-protective-equipment-endangering-health-workers-worldwide. Дата обращения: 23.02.2021.

Вулхаус, Марк и Гоутаж-Секверия, Соня (2005). Диапазон хозяев и возникающие и вновь появляющиеся патогены. Emerging Infectious Diseases 11 (12), сс. 1842-1847.

Годиш, Тэд, Дэвис, Уэйн и Фу, Джошуа (2015). Качество воздуха. Пятое издание. Доступно по адресу: https://www.taylorfrancis.com/books/mono/10.1201/b17341/airquality-thad-godish-wayne-davis-joshua-fu. Дата обращения: 15.02.2021.

Европейское агентство по окружающей среде (2020). Брифинг: COVID-19 и окружающая среда Европы: последствия глобальной пандемии. Доступно по адресу: https://www.eea.europa.eu/publications/covid-19-and-europe-s/covid-19-and-europes-environment#:~:text=In%20addition%20to%20affecting%20people's,both%20global%20and%20EU%20levels.&text=Due%20to%20the%20effect%20of,the%20EU%20compared%20to%202019. Дата обращения: 15.02.2021.

МакГрат, Мэтт (2020). Изменение климата: COVID приводит к рекордному снижению выбросов в 2020 году. Доступно по адресу: https://www.bbc.co.uk/news/science-environment-55261902. Дата обращения: 15.02.2021.

Нуньес, Кристина (2019). Климат 101: Загрязнение воздуха. Доступно по адресу: https://www.nationalgeographic.com/environment/global-warming/pollution/. Дата обращения: 09.12.2020.

Прата, Джоана, Сильва, Ана, Уокер, Тони, Дуарте, Армандо и Роча-Сантос, Тереза (2020). Последствия пандемии COVID-19 для использования и обращения с пластиком. Environ. Sci. Technol. 54 (13), сс. 7760–7765.

Программа Организация Объединённых Наций по окружающей среде (2017). ООН объявляет во-

планета үшін тиімді тұрақты экономикаға назар аударуы керек. Туризм және қонақүй сияқты көптеген салалар эпидемияның экономикалық салдарынан зардап шегіп жатқанымен, қалпына келтіру үдерісінде тұрақты дамуға көшу мүмкіндігін пайдалануы керек.

**Дереккөз:**

Біріккен Ұлттар Ұйымының Қоршаған ортаны қорғау бағдарламасы (2017). БҰҰ мұхит пластмассасына соғыс жариялады. Біріккен Ұлттар Ұйымының Қоршаған ортасы Бағдарлама. Сілтеме: https://www.unenvironment.org/news-and-stories/press-release/un-declares-war-ocean-plastic-0. Қаралған уақыты: 09.12.2020.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Қоршаған ортаны қорғау бағдарламасы (2019). Пластикалық қалдықтарды жою үшін әрекеттер: Базель конвенциясы. Сілтеме: http://www.basel.int/Implementation/Plasticwastes/Overview/tabid/6068/Default.aspx. Қаралған уақыты: 23.02.2021.

Ванапалли, Кумар, Шарма, Хари, Ранджан, Пракаш, Самал, Бисваджит, Бхаттачарья, Джаянта, Дубей, Браджеш, және Гоэль, Судха (2021). COVID-19 пандемиясы кезінде қиындықтар мен стратегиялар және одан кейінгі пластик қалдықтарын тиімді басқару. Science of the Total Environment 750, бб. 1-10.

Вулхаус, Марк және Гоутейдж-Секерия, Соня (2005). Хост ауқымы және пайда болу және қайта пайда болу патогендер. Emerging Infectious Diseases 11 (12), бб. 1842-1847.

Годиш, Тад, Дэвис, Уэйн және Фу, Джошуа (2015). Ауа сапасы. Бесінші басылым. Сілтеме: https://www.taylorfrancis.com/books/mono/10.1201/b17341/airquality-thad-godish-wayne-davis-joshua-fu. Қаралған уақыты: 15.02.2021.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (2020). Қорғаныс құралдарың жетіспеушілігі медициналық қызметкерлерге қауіп төндіреді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы. Сілтеме: https://www.who.int/news/item/03-03-2020-shortage-of-personal-protective-equipment-endangeringhealth-workers-worldwide. Қаралған уақыты: 23.02.2021.

Еуропалық қоршаған ортаны қорғау агенттігі (2020). Брифинг: COVID-19 және Еуропаның қоршаған ортасы: пандемияның жаһандық әсерлері. Сілтеме: https://www.eea.europa.eu/publications/covid-19-and-europe-s/covid-19-and-europes-environment#:~:text=In%20addition%20to%20affecting%20people's,both%20global%20and%20EU%20levels.&text=Due%20to%20the%20effect%20of,the%20EU%20compared%20to%202019. Қаралған уақыты: 15.02.2021.

йну морскому пластику. Программа ООН по окружающей среде. Доступно по адресу: https://www.unenvironment.org/news-and-stories/press-release/un-declares-war-ocean-plastic-0. Дата обращения: 23.02.2021.

Программа Организация Объединённых Наций по окружающей среде (2019). Действия по обращению с пластиковыми отходами: Базельская конвенция. Доступно по адресу: http://www.basel.int/Implementation/Plasticwastes/Overview/tabid/6068/Default.aspx. Дата обращения: 23.02.2021.

Рор, Джейсон, Баррет, Кристофер, Чивителло, Дэвид, Крафт, Меган, Делиус, Брайан, ДеЛео, Джулио, Хадсон, Питер, Жуанар, Николя, Нгуен, Карена, Остфельд, Ричард, Реме, Джастин, Риво, Жиль, Соколов, Сюзанна и Тилман, Дэвид (2019). Новые инфекционные заболевания человека и их связь с мировым производством продуктов питания. Nature Sustainabiliy 2 (6), сс. 445-456.

Тейлор, Луиза, Лэтэм, София и Вулхаус, Марк (2001). Факторы риска возникновения болезней человека. Philosophical Transactions of the Royal Society of London. Series B: Biological Sciences 356 (1411), сс. 983-989.

МакГрат, Мэтт (2020). Климаттың өзгеруі: COVID-19-ге байланысты 2020 жылы ауаның ластану деңгейі рекордтық мөлшерде төмендеді. Сілтеме: https://www.bbc.co.uk/news/science-environment-55261902. Қаралған уақыты: 15.02.2021.

Нуньес, Кристина (2019). Климат 101: Ауаның ластануы. Сілтеме: https://www.nationalgeographic.com/environment/global-warming/pollution/. Қаралған уақыты: 09.12.2020.

Прата, Джоана, Сильва, Ана, Уокер, Тони, Дуарте, Армандо және Роша-Сантос, Тереза (2020). COVID-19 пандемиясының пластмассаларды пайдалану мен басқарудағы салдары. Environ. Sci. Technol. 54 (13), бб. 7760–7765.

Рор, Джейсон, Баррет, Кристофер, Сивителло, Дэвид, Крафт, Меган, Делиус, Брайан, ДеЛео, Джулио, Хадсон, Питер, Жуанард, Николас, Нгуен, Карена, Остфельд, Ричард, Ремей, Джастин, Риво, Гиллес, Соколоу, Сюзанна және Тилман, Дэвид (2019). Адамның жаңадан пайда болған жұқпалы аурулары жаһандық азық-түлік өндірісімен байланысы. Nature Sustainability 2 (6), бб. 445-456.

Тейлор, Луиза, Лэтхэм, София және Вулхаус, Марк (2001). Адам ауруының пайда болуының қауіп факторлары. Philosophical Transactions of the Royal Society of London. Series B: Biological Sciences 356 (1411), бб. 983-989.

# СВЯЗАННЫЕ ВОДАМИ: ВОДНЫЙ ВОПРОС КАК ФАКТОР РЕГИОНАЛЬНОГО СОТРУДНИЧЕСТВА В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ

# СУ РЕСУРСТАРЫ: СУ МӘСЕЛЕСІ ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

*Канат Маханов**

Хорошо известно, что нехватка воды - одна из самых серьезных проблем, с которыми Центральная Азия столкнется в ближайшем будущем. По данным Института мировых ресурсов, Туркменистан входит в топ-17 стран, испытывающих чрезвычайно высокий дефицит воды; Узбекистан и Кыргызстан входят в список 40 стран с наибольшим дефицитом воды в этом рейтинге, в то время как Казахстан и Таджикистан находятся под угрозой от среднего до высокого уровня водного стресса [Институт мировых ресурсов, 2019]. Ожидается, что проблемы, связанные с водными ресурсами в Центральной Азии, станут более острыми в связи с изменением климата и ростом населения с нынешних 75,4 миллиона до 100 миллионов к 2050 году [Департамент по экономическим и социальным вопросам Организация Объединённых Наций, 2019]. Из-за преобладающих в регионе засушливых и полузасушливых гидротермальных условий страны Центральной Азии в значительной степени зависят от водных ресурсов в экономическом отношении. Прогнозы относительно водных проблем в регионе настолько драматичны, что вспышка вооруженных конфликтов, вызванная ужесточением конкуренции за пресную воду между странами Центральной Азии, на самом деле является одним из возможных рисков для региона [Жупанхан и др. 2018].

Следует отметить, что наиболее неизбежные водные риски в Центральной Азии связаны с двумя из пяти основных

Орталық Азияның жақын болашақта дүп келетін күрделі мәселелердің бірі – су тапшылығы болары анық. Дүниежүзілік ресурстар институтының мәліметтері бойынша, Түрікменстан өте жоғары деңгейде су тапшылығына ұшыраған 17 елдің қатарына кіреді; Өзбекстан мен Қырғызстан аталмыш тізімде су тапшылығы жоғары 40 елдің қатарына кіреді, ал Қазақстан мен Тәжікстанға су тапшылығының қаупі төніп тұр [Дүниежүзілік ресурстар институты, 2019]. Климаттың өзгеруі мен халықтың өсуі ағымдағы 75,4 миллионнан 2050 жылға қарай 100 миллионға жететіндіктен Орталық Азиядағы су ресурстары мәселелері күрделене түсетіндігі күтілуде [Біріккен Ұлттар Ұйымының Экономикалық және әлеуметтік мәселелер департаменті, 2019]. Аймақтағы құрғақ және жартылай құрғақ экологиялық жағдайларға байланысты Орталық Азия елдері экономикалық жағынан су ресурстарына өте тәуелді. Аймақтағы су мәселелерінің болжамы соншалықты күрделі, атап айтқанда Орталық Азия елдері арасында тұщы су бәсекелестігінің күшеюіне байланысты қарулы қақтығыстардың пайда болу ықтималдығы аймақ үшін жоғары қауіптердің бірі болып табылады [Жұпанхан және т.б., 2018].

Орталық Азиядағы суға байланысты ең өзекті қауіп-қатер бес ірі өзен алқабының екеуімен, яғни аймақтағы өзен суының шамамен 90%-ын құрайтын Сырдария және Амудариямен байла-

* магистр, Евразийский научно-исследовательский институт, Казахстан.
kanat.makhanov@eurasian-research.org

речных бассейнов – Сырдарьей и Амударьей, которые на сегодняшний день являются наиболее важными источниками воды в регионе, на долю которых приходится почти 90% речных вод региона. Эти два основных речных бассейна вместе соединяют все пять центральноазиатских государств и являются основным источником средств к существованию для подавляющего большинства населения Таджикистана, Узбекистана и Кыргызстана. Примерно четыре пятых населения Центральной Азии проживает в бассейнах рек Сырдарья и Амударья [Рассел, 2018]. Более того, Сырдарья и Амударья – единственные реки, питающие Аральское море, которое сократилось, потеряв почти 80% своего объема с 1960-х годов из-за деятельности человека.

Водный вопрос в Центральной Азии осложняется тем фактом, что страны, расположенные вдоль двух крупных рек, имеют разный доступ к водным ресурсам, и их интересы в отношении использования воды из рек часто противоречат друг другу. Таджикистан и Кыргызстан контролируют более 80% всей пресной воды, используемой для сельского хозяйства странами нижнего течения [Жильцов и др., 2018]. В настоящее время эти две страны крайне недостаточно используют свои гидроэнергетические мощности и имеют амбициозные планы по увеличению производства электроэнергии для экспорта и внутреннего потребления. В то же время любое изменение уровней водотока для стран, расположенных ниже по течению, таких как Туркменистан и Узбекистан, имеет решающее значение, поскольку они очень сильно зависят от орошаемого земледелия.

Теперь ясно, что водный вопрос – это общая реальность, в которой странам Центральной Азии придется жить в ближайшие десятилетия. Водную проблему можно также рассматривать как возможность создания уникальных рамок для регионального сотрудничества в регионысты екені ерекше назар аударарлық жайт. Бұл екі негізгі өзен алқабы Орталық Азияның бес мемлекетін де өзара байланыстырумен қатар, Тәжікстан, Өзбекстан және Қырғызстан халқының басым көпшілігінің негізгі тіршілік көзі болып табылады. Яғни, Орталық Азия халқының бестен төрт бөлігі Сырдария және Амудария өзендерінің алқабында қоныстанған [Рассел, 2018]. Сонымен қатар, бұл екі өзен - 60-шы жылдардан бері адами фактордың салдарынан 80%-ға жуық азайған Арал теңізіне құйылатын судың негізгі көзі.

Орталық Азиядағы су мәселесі екі үлкен өзеннің бойындағы елдердің су ресурстарына түрлі жақтан қол жеткізуіне және өзендердегі суды пайдалану мүдделерінің жиі кездесетін қайшылығына байланысты күрделене түседі. Аталмыш өзендердің төмендегі ағысында орналасқан елдердің ауыл шаруашылығына пайдаланатын тұщы судың 80%-дан астамы Тәжікстан мен Қырғызстаннан келеді [Жильцов және т.б., 2018]. Қазіргі уақытта бұл екі ел гидроэнергетикалық мүмкіндіктерін толыққанды пайдаланбайтындықтан, экспорт пен ішкі тұтыну үшін қажетті электр энергиясын өндіруді ұлғайту жоспарлары да бар. Сонымен қатар, су деңгейіндегі қандайда бір өзгеріс суармалы егіншілікке тәуелді. Түркіменстан мен Өзбекстан сияқты төменгі ағысындағы елдер үшін өте маңызды.

Алдағы онжылдықта Орталық Азия елдерінің су тапшылығымен бетпе-бет келетіні айдан анық мәселе. Су мәселесін өңірлік ынтымақтастықтың бірегей мүмкіндігі ретінде қарастыруға болады. Орталық Азияның бес мемлекетін (Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан) тарихи, саяси және әлеуметтік-мәдени аспектілері бойынша ғана емес, сонымен қатар су ресурстары бойынша да жеке аймақ ретінде қарастыруға болады. Сонымен қатар су мәселесі Орталық

не. Пять центральноазиатских государств (Казахстан, Кыргызстан, Таджикистан, Туркменистан и Узбекистан) можно объединить в отдельный регионом не только по историческим, политическим или социально-культурным причинам, но и с точки зрения водных ресурсов. Проблема водных ресурсов также показала, что пять стран Центральной Азии больше связаны друг с другом водным бассейном, чем с другими соседними странами.

Центральноазиатский регион, как известно, является фрагментированным регионом с низким уровнем регионального межгосударственного сотрудничества во многих областях. Страны региона успешно интегрировались в мировые рынки после распада Союза Советских Социалистических Республик (СССР), в первую очередь используя экспорт полезных ископаемых. Они, как правило, открыты для активного сотрудничества и даже интеграции с внешними крупными державами, такими как Россия, Китай, Турция и ЕС. Однако пять центральноазиатских государств проявили удивительную вялость в построении внутри себя схем регионального сотрудничества. Эти страны, за исключением Туркменистана, по отдельности участвуют в разных структурах сотрудничества. Однако до сих пор нет единой региональной организации, охватывающей все пять центральноазиатских государств. В 2019 году взаимная торговля между пятью странами региона составила 6,1 миллиарда долларов, а их общий товарооборот с остальным миром - 152,4 миллиарда долларов [База данных ООН по статистике торговли товарами, 2019].

Следует также отметить, что государства Центральной Азии в значительной степени воссоздали свои предыдущие схемы сотрудничества после распада СССР, в которых взаимные региональные дела в основном регулировались внешними крупными игроками, которыми была Москва в случае СССР. Запутанные

Азияның бес елі басқа көрші елдерге қарағанда су айдыны арқылы өзара байланысты екенін көрсетеді.

Әдетте, Орталық Азия елдерінің көптеген салаларда мемлекетаралық ынтымақтастықта белсенділік танытпайтыны белгілі. Бұған қарамастан, Кеңес одағы ыдырағаннан кейін аймақ елдері әлемдік нарыққа талпынып, ең алдымен минералды шикізат экспортынан пайда көрді. Сондай-ақ, Ресей, Қытай, Түркия және Еуропалық одақ (ЕО) сияқты ірі державалармен ынтымақтастыққа және тіпті ықпалдастыққа ынта танытты. Алайда, Орталық Азияның бес мемлекеті аймақтық ынтымақтастық жоспарларын құруда пейілсіз болды. Түрікменстанды қоспағанда, аталмыш елдер әр түрлі ынтымақтастық құрылымдарына жеке-жеке кіреді. Алайда, бүгінгі күнге дейін Орталық Азияның барлық бес мемлекетін қамтитын бірыңғай аймақтық ұйым жоқ. 2019 жылы аймақтың бес елі арасындағы екіжақты тауар айналымы 6,1 миллиард долларды құрады, ал олардың бүкіл әлеммен саудасы 152,4 миллиард долларға жетті [Біріккен Ұлттар Ұйымы Сауда мәліметтер базасы, 2019].

Сонымен қатар, кеңестік кезеңде аймақтық өзара ынтымақтастықты Мәскеудің ықпалымен реттеп келген Орталық Азия мемлекеттері Кеңес одағы ыдырағаннан кейін де сол жүйеден ауытқи қоймады. Орталық Азия мемлекеттері арасындағы шешілмеген күрделі қайшылықтар мен мүдделер қақтығысы Мәскеудің аймақта өз рөлін сақтап қалуына қолайлы жағдай туғызды. Дәл осындай парадигма бүгінде сақталып отыр, мысалы Орталық Азия мемлекеттері Ресейдің бастамасымен құрылған еуразиялық интеграция мен Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына немесе аймақтағы тағы бір сыртқы күш - Қытай құрған Шанхай ынтымақтастық ұйымына ықылас танытып келеді. Мәселенің шешімі бес елдің

противоречия и конфликты интересов между центральноазиатскими государствами сохранялись и разрешались, и ведущая роль центральной власти в Москве сохранялась. Примерно такая же парадигма используется и сейчас, когда государства Центральной Азии охотно реагируют на инициативы России, например, присоединением к евразийской интеграции и Организации Договора о коллективной безопасности или активно участвуя в Шанхайской организации сотрудничества, которую в первую очередь продвигает другой внешний игрок – Китай. Понятно, что масштаб проблемы требует всестороннего сотрудничества и согласованных действий пяти стран. Однако мы можем наблюдать, что у государств Центральной Азии отсутствует инициатива по запуску новых строго внутрирегиональных схем сотрудничества, которые принципиально важны для решения водной проблемы в регионе.

Однако такая парадигма внутрирегионального взаимодействия не представляется жизнеспособным вариантом решения текущих региональных и международных проблем. До сих пор государства Центральной Азии успешно участвовали в различных рамках сотрудничества региональных организаций, инициированных и продвигаемых внешними игроками. Однако, как было сказано выше, нехватка воды в Центральноазиатском регионе – это исключительно внутрирегиональная проблема, не имеющая специальных решений. Перспективы устойчивого развития всего региона в ближайшие годы будут все больше зависеть от управления водными ресурсами, и изоляционистская позиция одного из участников может разрушить совместные усилия остальных. Таким образом, проблема нехватки воды в Центральной Азии требует активного и всестороннего участия всех пяти стран в рамках устойчивого сотрудничества.

арасында жан-жақты ынтымақтастық пен өзара іс-қимылды қажет етеді. Алайда, Орталық Азия мемлекеттерінің аймақтағы су мәселесін шешуде ортақ әрі түпкілікті аймақаралық ынтымақтастық жоспарларын құру бастамасының жоқ екенін анық көре аламыз.

Бірақ, бұл аймақаралық өзара әрекеттесу парадигмасы қазіргі аймақтық және халықаралық мәселелерді шешудің оңтайлы нұсқасы емес сияқты. Әзірге Орталық Азия мемлекеттері сыртқы күштердің бастамасымен және қолдауымен құрылған әр түрлі аймақтық ұйымдар шеңберінде ынтымақтасып келеді. Жоғарыда айтылғандай, Орталық Азия аймағындағы су тапшылығы - шешімін таппаған аймақтық мәселе. Алдағы жылдары бүкіл аймақтың тұрақты даму перспективалары су ресурстарын басқаруға тәуелді болады, ал қатысушылардың бірінің бейтарап ұстанымы басқалардың бірлескен күш-жігеріне нұқсан келтіруі мүмкін. Сондықтан Орталық Азиядағы су тапшылығы мәселесі тұрақты ынтымақтастық шеңберінде барлық бес елдің белсенді және жан-жақты қатысуын талап етеді.

**Дереккөз:**


Біріккен Ұлттар Ұйымы Сауда мәліметтер базасы (2019). Сауда деректері. Сілтеме: https://comtrade.un.org/data/. Қаралған уақыты: 28.05.2021.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Экономикалық және әлеуметтік мәселелер департаменті (2019). Әлем халқының болашағы 2019. Сілтеме: https://population.un.org/wpp/Download/Standard/Population/. Қаралған уақыты: 15.09.2021.

Дүниежүзілік ресурстар институты (2019). Дүниежүзі халқының төрттен бір бөлігі тұратын 17 елде су тапшылығы. Сілтеме: https://www.wri.org/insights/17-countries-home-one-quarter-worlds-population-face-extremely-high-water-stress. Қаралған уақыты: 14.09.2021.

Жилцов, Сергей, Зонн, Игорь, Гришин, Олег, Егоров, Владимир және Рубан, Марк (2018). Орталық Азиядағы трансшекаралық өзендер: елдер арасындағы ынтымақтастық пен қақтығыстар.

**Источники:**

База данных Организация Объединённых Наций по торговле (2019). Торговые данные. Доступен по адресу: https://comtrade.un.org/data/. Дата обращения: 28.05.2021.

Департамент по экономическим и социальным вопросам Организация Объединённых Наций (2019). Перспективы народонаселения мира 2019. Доступен по адресу: https://population.un.org/wpp/Download/Standard/Population/. Дата обращения: 15.09.2021.

Жильцов, Сергей, Зонн, Игорь, Гришин, Олег, Егоров, Владимир и Рубан, Марк (2018). Трансграничные реки Центральной Азии: сотрудничество и конфликты между странами. Springer International Publishing, 2018 (85): сс. 61-80.

Жупанхан, Айбек, Тусупова, Камшат и Берндтссон, Ронни (2018). Вода в Казахстане – ключ к управлению водными ресурсами в Центральной Азии. Hydrological Sciences Journal, 2018 (63): сс. 752–762.

Институт мировых ресурсов (2019). 17 стран, в которых проживает четверть населения мира, сталкиваются с чрезвычайно высоким уровнем воды. Доступен по адресу: https://www.wri.org/insights/17-countries-home-one-quarter-worlds-population-face-extremely-high-water-stress. Дата обращения: 14.09.2021.

Рассел, Мартин (2018). Вода в Центральной Азии: Все более дефицитный ресурс. Доступен по адресу: https://www.europarl.europa.eu/RegData/etudes/BRIE/2018/625181/EPRS_BRI(2018)625181_EN.pdf. Дата обращения: 14.09.2021.

Springer International Publishing 2018 (85): бб. 61-80.

Жұпанхан, Айбек, Түсіпова, Кәмшат және Берндцсон, Ронни (2018). Қазақстандағы су, Орталық Азиядағы су шаруашылығының кілті. Гидрологиялық ғылымдар журналы, 2018 (63): бб. 752-762.

Рассел, Мартин (2018). Орталық Азиядағы су: Барған сайын тапшы ресурстар. Сілтеме: https://www.europarl.europa.eu/RegData/etudes/BRIE/2018/625181/EPRS_BRI(2018)625181_EN.pdf. Қаралған уақыты: 14.09.2021.

# ВЛИЯНИЕ АРАЛЬСКОГО МОРЯ НА ЭКОЛОГИЧЕСКУЮ МИГРАЦИЮ: НА ПРИМЕРЕ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ
# АРАЛ ТЕҢІЗІНІҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КӨШІ-ҚОНҒА ӘСЕРІ: ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ МЫСАЛЫНДА

*Жандос Кудайбергенов**

На территории Казахстана возникли различные экологические проблемы, вызвавшие разную напряженность в регионах в последние годы. Одна из них – проблема Аральского моря, возникшая в результате антропогенной деятельности. Как известно, высыхание Аральского моря превратило регион в зону крупного экологического бедствия. Проблема Аральского моря напрямую связана с чрезмерным использованием рек Сырдарья и Амударья для орошаемого земледелия с 1960-х годов. К 1990-м годам ресурсы морской воды сократились на 60%, а глубина воды уменьшилась на 16,6 метра [Международный фонд спасения Арала, 2021]. Постоянные ветры в этом регионе переносят пыль, содержащую вредные гербициды и пестициды, которые десятилетиями накапливались на морском дне, в жилые районы за сотни миль от моря. Пестициды Арала можно найти в крови антарктических пингвинов, а пыль – в скандинавских лесах [Салтыбаев, 2018]. Таким образом, высыхание Аральского моря, вызвавшее опустынивание окружающей среды и оказав непосредственное влияние на социально-экономическую ситуацию в регионе в целом, вызвало изменение экосистемы региона.

Неблагоприятная экологическая ситуация в регионе сказывается на здоровье населения (рост смертности), продолжительности жизни, региональной экономике и миграции. Приаралье и Кызылординская область считаются наиболее пострадавшими от подобных экологиче-

Соңғы жылдары Қазақстан территориясында түрлі экологиялық мәселелер орын алып, аймақтарда шиеленіскен жағдайлар қалыптасып отыр. Солардың бірі – антропогендік іс-әрекет салдарынан пайда болған Арал теңізі мәселесі. Арал теңізінің тартылуы өңірді үлкен экологиялық апат аймағына айналдырғаны баршаға мәлім. Арал мәселесі 1960 жылдардан бері Сырдария және Амудария өзендерінің суларын суармалы егіншілік үшін мөлшерден тыс пайдаланумен тікелей байланысты. 1990 жылдарға дейін теңіздің су қоры 60%-ға азайып, тереңдігі 16,6 метрге дейін төмендеген [Аралды құтқарудың халықаралық қоры, 2021]. Аймақта үнемі болып тұратын қатты жел ондаған жылдар бойы теңіз түбінде жиналған зиянды гербицидтер мен пестицидтерден тұратын шаң-тозаңды теңізден жүздеген шақырым алыста орналасқан тұрғын алқаптарына тасымалдап жатыр. Аралдың пестицидтері Антарктида пингвиндерінің қанында табылса, Аралдың шаңын Скандинавия ормандарында да кездестіруге болады [Салтыбаев, 2018]. Осылайша, Арал теңізінің құрғап кетуі қоршаған ортаның шөлейттенуіне және жалпы өңірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайына тікелей әсер ете отырып, аймақтық экожүйенің өзгеруіне әкеліп соқтырды.

Аймақтағы қолайсыз экологиялық ахуал халықтың денсаулығына (өлім-жітім көрсеткіштерінің өсуі), өмір сүру ұзақтығына, өңір экономикасы мен

* доктор, Евразийский научно-исследовательский институт, Казахстан.
jandos.kaz@gmail.com

ских проблем и эпицентром бедствия. Согласно статистике здоровья населения Кызылординской области, увеличение доли новорожденных с недостаточным весом и смертности напрямую связано со степенью ухудшения жилищных условий. Кроме того, повышенный стресс, загрязнение воды и воздуха вызывают сердечно-сосудистые заболевания и рак у местного населения. В последнее время наблюдается рост заболеваемости сердечно-сосудистыми заболеваниями в полтора раза, диабетом в три раза и бронхиальной астмой у детей почти в два раза [Министерство здравоохранения Казахстан, 2021]. С другой стороны, у подавляющего большинства детей диагностируются небольшие нарушения развития и патологические заболевания. Показатели младенческой смертности (9,75 ребенка на 1,000 человек) и мертворождаемости в регионе значительно выше, чем в других регионах Казахстана [Агентство Казахстан по статистике, 2021a]. Таким образом, видно, что существует взаимосвязь между уровнем загрязнения окружающей среды и уровнем смертности. Общественное здоровье как один из важных приоритетов государственной политики является фактором, напрямую влияющим на социально-экономическое положение населения. Однако в контексте экологического и экономического кризиса может произойти увеличение количества пациентов, резкое снижение рождаемости и значительное увеличение показателей смертности. В этом случае необходимо проводить исследования в этом направлении с учетом уровня заболеваемости и демографических показателей населения в зонах экологических катастроф.

Изменение климата и ухудшение экологических условий вынуждают местное население мигрировать добровольно или принудительно. Это называется экологической миграцией. Экологические мигранты – это люди, которые вынуждены временно или постоянно переезжать

миграцияға әсер етеді. Мұндай экологиялық мәселелерден аса зардап шегіп отырған аймақ және апаттың эпицентрі ретінде Арал маңы аудандары мен Қызылорда облысын атап айтсақ болады. Қызылорда облысы халқының денсаулық сақтау статистикасына сүйенсек, дене салмағы төмен жаңа туылған нәрестелердің үлесі және өлім-жітімнің артуы өмір сүру ортасы жағдайларының нашарлау дәрежесіне тікелей байланысты деп айтуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, стрестік жағдайлардың жиіленуі және су мен ауаның ластануы жергілікті халықтың жүрек-қан тамырлары және қатерлі ісік ауруларын тудырып отыр. Соңғы кездері жүрек-қан тамырлары аурулары бір жарым есе, қант диабеті үш есе, балалардағы бронх демікпесі екі есе дерлік өскенін байқауға болады [Қазақстан Денсаулық сақтау министрлігі, 2021]. Сонымен қатар, балалардың басым көпшілігінде дамудың шағын ауытқулары және патологиялық аурулар анықталып жатыр. Өңірде нәрестелердің өлім-жітімі (1,000 адамға шаққанда 9,75 бала) және өлі туу көрсеткіштері Қазақстанның басқа аймақтарымен салыстырғанда әлдеқайда жоғары болып тұр [Қазақстан Статистика агенттігі, 2021a]. Сонымен, қоршаған ортаның ластану деңгейі мен өлім көрсеткіштері арасында тікелей байланыстың бар екенін көруге болады. Қоғамдық денсаулық сақтау мемлекеттік саясаттың маңызды басымдықтарының бірі ретінде халықтың әлеуметтік және экономикалық жағдайына тікелей әсер етуші фактор болып есептеледі. Дегенмен, экологиялық және экономикалық дағдарыс жағдайында ауыру көрсеткіштерінің жоғарылауы, туу деңгейінің күрт төмендеуі және өлім-жітімнің едәуір артуы мүмкін. Мұндай жағдайда экологиялық апат аймақтарындағы тұрғындардың ауыру деңгейі мен демографиялық көрсеткіштерін назарға ала отырып, осы бағытта жұмыс жасау қажет.

со своего места жительства в страну или за границу из-за внезапных или постепенных изменений окружающей среды, которые негативно влияют на их жизнь или условия жизни. Кызылординскую область можно назвать регионом, подверженным такой вынужденной экологической миграции в Казахстане [Бекяшев, 2013]. Текущая ситуация в регионе ясно показывает отсутствие правового механизма регулирования экологической миграции из мест, где экологическая ситуация ухудшилась из-за необоснованного и бессистемного использования природных ресурсов. Ухудшение окружающей среды в регионе создало значительные неблагоприятные условия для занятости и доходов местного населения. Факторы окружающей среды вынудили многих местных жителей мигрировать как легально, так и нелегально.

Экологический анализ и исследования, такие как климат и экономическая миграция, легли в основу концепции экологической миграции. Экологическая миграция подразделяется на добровольную и вынужденную из-за внезапных или медленных изменений окружающей среды; она классифицируется как внутренняя или международная миграция по территориальной форме, временная и постоянная миграция по срокам. Внезапные природные явления и постепенная деградация окружающей среды часто способствуют внутренней миграции и перемещению людей из одного места в другое. В связи с этим в целях совершенствования системы регулирования миграционных процессов в стране разработана Концепция миграционной политики Республики Казахстан на 2017-2021 годы, утвержденная Постановлением Правительства Республики Казахстан No. 602 от 29 сентября 2017 г. [Система Адилет, 2017]. Казахстан разработал устойчивую миграционную стратегию для найма иностранных рабочих, временной миграции для оптимального поселения граждан в стране, а также долгосрочную устойчи-

Климаттың өзгеруі және экологиялық жағдайдың нашарлауы жергілікті тұрғындарды ерікті немесе мәжбүрлі көші-қонға итермелейді. Бұны экологиялық көші-қон деп атаймыз. Ал, экологиялық мигрант дегеніміз – өз өміріне немесе өмір сүру жағдайларына теріс әсер ететін қоршаған ортаның кенеттен немесе прогрессивті өзгерістері салдарынан тұрғылықты жерінен ел іші немесе одан тыс жерлерге уақытша немесе тұрақты негізде қоныс аударуға мәжбүр болған адамдар. Қазақстанда осындай экологиялық көші-қонға мәжбүрлі түрде бойсұнып отырған аймақ ретінде Қызылорда облысын атасақ болады [Бекяшев, 2013]. Аталмыш аймақтың қазіргі жағдайы адамзаттың табиғи ресурстарды негізсіз және жүйесіз пайдалануы салдарынан туындаған экологиялық жағдайы күрт нашарлаған аудандарынан экологиялық көші-қонды реттеудің құқықтық тетігінің жоқтығын айқын көрсетіп отыр. Осы аймақтағы қоршаған ортаның нашарлауы жергілікті халықты жұмыспен қамту мен табыс деңгейі үшін айтарлықтай қолайсыз жағдайлар туғызды. Экологиялық фактор көптеген жергілікті тұрғындарды заңды және заңсыз басқа жерлерге көшуге мәжбүр етті.

Климаттық және экономикалық негіздегі көші-қон сияқты қоршаған ортаға қатысты талдаулар мен зерттеулер экологиялық көші-қон тұжырымдамасының қалыптасуына негіз болды. Қоршаған орта экологиясының кенеттен немесе баяу өзгеруіне байланысты экологиялық көші-қон ерікті және мәжбүрлі болып бөлінсе, территориялық нысаны бойынша ішкі немесе халықаралық көші-қон, мерзімі бойынша уақытша және тұрақты негіздегі көші-қон болып жіктеледі. Кенеттен туындаған табиғи құбылыстар және қоршаған ортаның баяу деградацияға ұшырауы, көбінесе, халықтың бір жерден екінші жерге көшуі арқылы ішкі көші-қон сипатында болады. Осы

вую миграционную стратегию для репатриантов, прибывающих в Казахстан. Кроме того, два района Кызылординской области были включены в зону экологического бедствия Законом No. 1468-XII от 30 июня 1992 г. «О социальной защите граждан, пострадавших от экологических бедствий в регионе Аральского моря» [Система Адилет, 1992]. Остальная территория Кызылординской области этим законом отнесена к зоне экологического кризиса.

В последнее время в Кызылординской области наблюдается отрицательное сальдо по приведенной ниже статистике миграции. Что касается международной миграции, следует отметить, что в последние годы интенсивность внешней миграции в регионе остается на самом низком уровне в стране. Например, в 2020 году 44 человека приехали в Кызылординскую область из-за рубежа, а 52 человека выехали за границу [Агентство Казахстан по статистике, 2021b]. Однако наблюдается неуклонный рост числа людей, которые мигрируют в регион и из него из-за межрегиональной внутренней миграции. Другими словами, если в 2020 году в регион приехали 25174 человека, то количество выехавших составило 29 901 человек, а сальдо внутренней миграции - 4736 человек [Агентство Казахстан по статистике, 2021c]. Согласно статистике, за последние шесть лет международная миграция росла медленно и неуклонно, показывая обратный тренд (2015 - 45, 2016 - 51, 2017 - 27, 2018 - 35, 2019 - 38, 2020 - 8) [Агентство Казахстан по статистике, 2021d]. Однако следует отметить, что из-за бюрократических проблем и отсутствия необходимости во внутренней миграции в Казахстане мигранты часто не покидают свое прежнее место жительства и не регистрируются по новому месту жительства. Например, в Кызылординской области часть граждан на постоянной основе проживает в других регионах страны.

орайда, елдегі көші-қон үдерістерін реттеу жүйесін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қыркүйектегі No. 602 қаулысымен бекітілген ҚР Көші-қон саясатының 2017-2021 жылдарға арналған тұжырымдамасы әзірленді [Әділет жүйесі, 2017]. Қазақстан Республикасы шетелдік қызметкерлерді жұмысқа тарту, азаматтарды ел аумағы бойынша оңтайлы қоныстандыру жөніндегі уақытша көші-қон, сондай-ақ Қазақстанға келетін репатрианттарға қатысты ұзақ мерзімді тұрақты көші-қон стратегиясын қалыптастырды.

Сонымен қатар, Қызылорда облысының екі ауданы «Арал өңіріндегі экологиялық апат салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» 1992 жылғы 30 маусымдағы No. 1468-XII заңмен экологиялық апат аймағына жатқызылғандықтан экологиялық мәжбүрлі көші-қон өлшем-шарттарының біріне айналды [Әділет жүйесі, 1992]. Қызылорда облысының қалған аумағы осы аталған заңмен экологиялық дағдарыс аймағына жатқызылған. Халықтың аурушаңдығының тұрақты өсуі, қоршаған табиғи ортада ластаушы заттардың халық денсаулығы үшін қауіпті мөлшерден асып кетуі, қоршаған орта экожүйесінің бұзылуы, экожүйенің биоөнімділігінің төмендеуі және теңіз суының күрт таяздануы сияқты көрсеткіштер аймақтың экологиялық шекарасын анықтауға себеп болып отыр.

Соңғы уақытта Қызылорда облысының көші-қон статистикасы теріс сальдо көрсетіп отыр. Халықаралық көші-қонға қатысты соңғы жылдары облыстағы шетелдік көші-қон қарқындылығы бүкіл ел бойынша ең төменгі деңгейде сақталып отырғанын атап өту қажет. Мысалы, 2020 жылы Қызылорда облысына шетелден 44 адам келсе, облыстан 52 адам шетелге қоныс аударған [Қазақстан Статистика агенттігі,

Рост населения Кызылординской области в зоне экологического бедствия и экологического кризиса в основном связан с высокой рождаемостью. В 2020 году в регионе родилось 21,674 ребенка и умерло 2,859 человек [Агентство Казахстан по статистике, 2021e; 2021f]. Другими словами, демографический рост в 7,5 раз превышает уровень смертности. Несмотря на это, население региона существенно не увеличивается. Об этом свидетельствует упомянутое выше отрицательное сальдо внутренней миграции.

В результате можно сказать, что количество патологических заболеваний и последствий, таких как детская смертность, мертворождение, диабет, бронхиальная астма и сердечно-сосудистые заболевания, в регионе Аральского моря увеличивается из-за экологической катастрофы. Поэтому понятно, что человек, убежденный в том, что экология местности вредна для здоровья, не предпочтет эту местность в качестве постоянного места жительства. Таким образом, население зоны экологического бедствия предпочитает селиться в экономически продуктивной и экологически чистой зоне. Однако особое внимание следует уделить жителям, которые не покидают место проживания по экологическим причинам и продолжают проживать в районе, где произошла экологическая катастрофа или кризис. По этой причине высокий уровень государственной поддержки должен быть предоставлен не только для создания условий мигрантам, отправляющимся в другие регионы, но и для населения, проживающего в зонах экологического бедствия или кризиса. В частности, государство должно помочь населению адаптироваться к региональной экологической ситуации. Кроме того, существует необходимость в реализации комплексной программы мониторинга здоровья совместно с Министерством здравоохранения Казахстана в районах экологических катастроф и кризисов. Требуются большие усилия

2021b]. Статистикаға сүйенсек өңірде халықаралық көші-қонның соңғы алты жылда тұрақты түрде теріс сальдо (2015 жылы - 45, 2016 жылы - 51, 2017 жылы - 27, 2018 жылы - 35, 2019 жылы - 38, 2020 жылы - 8) көрсете отырып, ақырындап және сенімді түрде көші-қонның өсіп келе жатқанын байқауға болады [Қазақстан Статистика агенттігі, 2021c]. Сонымен қатар, аймақта облысаралық ішкі көші-қонға қатысты келушілер мен кетушілер санының тұрақты өсуі байқалады. Яғни, 2020 жылы өңірге келгендердің саны 25,174 адам болса, кеткендер 29,901 адамды құрап, ішкі көші-қон сальдосы – 4,736 болды [Қазақстан Статистика агенттігі, 2021d]. Дегенмен, Қазақстандағы ішкі көші-қон кезінде бюрократиялық мәселелер және қажеттіліктің болмауы себебінен көп жағдайда қоныс аударушылардың бұрынғы тұрғылықты жерінен тіркеуден шықпайтынын және жаңадан тұрақтаған мекен-жайы бойынша бойынша тіркеусіз жүретінін де ескерген жөн. Мәселен, Қызылорда облысында тұрақты тіркеуде тұрған азаматтардың кейбірі еліміздің басқа өңірлерінде өмір сүруде.

Экологиялық апат пен экологиялық дағдарыс аймағындағы Қызылорда облысы халқының өсуі, негізінен, бала туудың жоғары көрсеткіштеріне байланысты болып отыр. 2020 жылы өңірде 21,674 бала дүниеге келсе, 2,859 адам қайтыс болған [Қазақстан Статистика агенттігі, 2021e; 2021f]. Яғни, демографиялық өсім өлімге қарағанда 7,5 есе жоғары. Осыған қарамастан облыстың халық саны айтарлықтай өсіп жатқан жоқ. Бұған жоғарыда айтылғандай ішкі көші-қонның теріс сальдосы дәлел болады.

Қорытындылай келе, экологиялық апат салдарынан Арал өңірінде нәресте өлімі, өлі туу, диабет, астма және жүрек-қан тамыры аурулар сияқты патологиялық аурулардың күннен-күн-

для восстановления экологии региона с помощью государственных и негосударственных организаций в области охраны окружающей среды. Такие меры сделают регион социально и экономически привлекательным для внутренних мигрантов из других частей Казахстана и повысят интенсивность внутренней миграции в Кызылординскую область.

**Источники:**

Агентство Казахстан по статистике (2021a). Коэффициент младенческой смертности в Республике Казахстан. Доступен по адресу: https://stat.gov.kz/official/industry/61/statistic/7. Дата обращения: 12.10.2021.

Агентство Казахстан по статистике (2021b). Число прибывших в Казахстан. Доступен по адресу: https://stat.gov.kz/official/industry/61/statistic/7. Дата обращения: 14.10.2021.

Агентство Казахстан по статистике (2021c). Сальдо внешней миграции в Казахстане. Доступен по адресу: https://stat.gov.kz/official/industry/61/statistic/8. Дата обращения: 16.10.2021.

Агентство Казахстан по статистике (2021d). Число выбывших из Казахстана. Доступен по адресу: https://stat.gov.kz/official/industry/61/statistic/7. Дата обращения: 14.10.2021.

Агентство Казахстан по статистике (2021e). Число родившихся в Казахстане. Доступен по адресу: https://stat.gov.kz/official/industry/61/statistic/7. Дата обращения: 15.10.2021.

Агентство Казахстан по статистике (2021f). Число умерших в Казахстане. Доступен по адресу: https://stat.gov.kz/official/industry/61/statistic/7. Дата обращения: 15.10.2021.

Бекяшев, Дамир (2013). Экологическая миграция населения: Международно-правовые аспекты. Издательство Аспект-пресс. Москва.

Международный фонд спасения Арала (2021). Аральское море в советский период. Доступен по адресу: http://www.ifas.kz/ru/page/aralskoe-more-v-sovetskiy-period. Дата обращения: 12.10.2021.

Министерство здравоохранения Казахстан (2021). Здоровье населения Республики Казахстан и деятельность организаций здравоохранения в 2020 году. Доступен по адресу: https://pharm.reviews/images/document/2021/sbornik-2020-compressed.pdf. Дата обращения: 15.10.2021.

Салтыбаев, Ержан (2018). У моря есть будущее. Доступен по адресу: https://www.kazpravda.kz/articles/

ге белең алып көбейіп келе жатқанын айтуға болады. Сондықтан да өңір экологиясының денсаулыққа зиянды екендігіне көзі жеткен адам бұл өңірді тұрақты тұрғылықты жері ретінде таңдамайтындығы анық. Жалпы адамзат табиғатынан өзіне ыңғайлы, жанға дауа болатын «жерұйықты» іздейді. Осылайша, экологиялық апат аймағындағы халық экономикалық тиімді, әрі экологиялық таза аймаққа бас сауғалайды. Алайда, экологиялық себептерге байланысты өздерінің тұрғылықты жерін тастап кетпеген және сол экологиялық апат/дағдарыс аймағында өмір сүруін жалғастырып жатқан тұрғындарға да аса назар аудару керек. Көптеген жергілікті тұрғынның «барар жері, басар тауы» болмағандықтан экологиялық апаттың эпицентрі болса да амалсыз туған жерінен ұзап кете алмауда. Осы себепті, басқа аймаққа қоныс аударушылардың жағдайын жасап қана қоймай, экологиялық апат және экологиялық дағдарыс аймағын мекендеп қалған халыққа да жоғары деңгейде мемлекеттік қолдау көрсетілуі тиіс. Атап айтқанда, үкімет тарапынан халықтың аймақтық экологиялық жағдайға бейімделген шаруашылық жүргізуіне көмек көрсетілуі керек. Сонымен қатар, Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесе отырып, экологиялық апат және экологиялық дағдарыс аймақтарында денсаулық мониторингінің кешенді бағдарламасын енгізу қажеттілігі туындап отыр. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы үкіметтік және үкіметтік емес ұйымдардың көмегімен аймақтық экологияны қалпына келтіру бағытында қажырлы жұмыстар жасалуы қажет. Мұндай іс-шаралар өңірді Қазақстанның басқа аймақтарынан келген ішкі мигранттар үшін әлеуметтік және экономикалық жағынан тартымды етуге және Қызылорда өңіріне ішкі көші-қон қарқындылығын арттыруға мүмкіндік береді.

view/u-morya-est-budushchee. Дата обращения: 12.10.2021.

Система Адилет (1992). Закон Республики Казахстан от 30 июня 1992 года No. 1468-XII «О социальной защите граждан, пострадавших вследствие экологического бедствия в Приаралье». Доступен по адресу: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z920002600_. Дата обращения: 10.10.2021.

Система Адилет (2017). Постановление Правительства Республики Казахстан от 29 сентября 2017 года No. 602 «Об утверждении Концепции миграционной политики Республики Казахстан на 2017 - 2021 годы и Плана мероприятий по реализации Концепции миграционной политики Республики Казахстан на 2017 - 2021 годы». Доступен по адресу: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000602. Дата обращения: 11.10.2021.

**Дереккөз:**

Аралды құтқарудың халықаралық қоры (2021). Кеңес дәуіріндегі Арал теңізі. Сілтеме: http://www.ifas.kz/ru/page/aralskoe-more-v-sovetskiy-period. Қаралған уақыты: 12.10.2021.

Бекяшев, Дамир (2013). Халықтың экологиялық көші-қоны: халықаралық-құқықтық аспектілер. Аспект-пресс баспасы. Мәскеу.

Әділет жүйесі (1992). Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 30 маусымдағы No. 1468-XII Заңы. Сілтеме: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z920002600_. Қаралған уақыты: 10.10.2021.

Әділет жүйесі (2017). Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының 2017 - 2021 жылдарға арналған тұжырымдамасын және Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының 2017 - 2021 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қыркүйектегі № 602 қаулысы. Сілтеме: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000602. Қаралған уақыты: 11.10.2021.

Қазақстан Денсаулық сақтау министрлігі (2021). 2020 жылда Қазақстан Республикасы халқының денсаулығы және денсаулық сақтау ұйымдарының қызметі. Сілтеме: https://pharm.reviews/images/document/2021/sbornik-2020-compressed.pdf. Қаралған уақыты: 15.10.2021.

Қазақстан Статистика агенттігі (2021a). Қазақстан Республикасындағы нәресте өлімінің көрсеткіші. Сілтеме: https://stat.gov.kz/official/industry/61/statistic/7. Қаралған уақыты: 12.10.2021.

Қазақстан Статистика агенттігі (2021b). Қазақстан Республикасына келгендер саны. Сілтеме: https://stat.gov.kz/official/industry/61/statistic/7. Қаралған уақыты: 14.10.2021.

Қазақстан Статистика агенттігі (2021c). Қазақстан Республикасы халқының сыртқы көші-қон айырымы. Сілтеме: https://stat.gov.kz/official/industry/61/statistic/8. Қаралған уақыты: 16.10.2021.

Қазақстан Статистика агенттігі (2021d). Қазақстан Республикасынан кеткендер саны. Сілтеме: https://stat.gov.kz/official/industry/61/statistic/7. Қаралған уақыты: 14.10.2021.

Қазақстан Статистика агенттігі (2021e). Қазақстан Республикасында туғандар саны. Сілтеме: https://stat.gov.kz/official/industry/61/statistic/7. Қаралған уақыты: 15.10.2021.

Қазақстан Статистика агенттігі (2021f). Қазақстан Республикасында өлгендер саны. Сілтеме: https://stat.gov.kz/official/industry/61/statistic/7. Қа-

ралған уақыты: 15.10.2021.

Салтыбаев, Ержан (2018). Теңіздің болашағы бар. Сілтеме: https://www.kazpravda.kz/articles/view/u-morya-est-budushchee. Қаралған уақыты: 12.10.2021.

# НОВЫЕ ПРАВИЛА КИБЕРБЕЗОПАСНОСТИ КИТАЯ И ЕГО ПОТЕНЦИАЛЬНЫЕ ПОСЛЕДСТВИЯ
# ҚЫТАЙДЫҢ ЖАҢА КИБЕРҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЫҚТИМАЛ САЛДАРЫ

*Альбина Муратбекова**

Имея крупнейший в мире цифровой рынок с точки зрения цифровой оплаты, мобильных услуг с наиболее многочисленным рынком пользователей интернета, Китай предпринимает усилия по укреплению кибербезопасности [Хаур, 2021; Ци, и др., 2021]. Согласно видению Председателя Си Цзиньпина в отношении управления с помощью данных, в соответствии с чем в 2020 году данные были признаны пятым «фактором производства» наряду с трудом, технологиями, землей и капиталом, в 2021 году введен ряд новых правил управления в области хранения данных, их передачи и охраны личных данных [Киндж и Ю, 2021]. Своими усилиями по разработке правил в отношении киберсферы китайское правительство стремится к прорывам в области технологий кибербезопасности к 2023 году через содействие интеграции кибербезопасности и новых технологий.

В частности, в июле 2021 года китайское Министерство индустрии и информационных технологий издало план-проект по развитию сектора кибербезопасности на 2021-2023 годы с намерением достичь в отрасли кибербезопасности отметки 250 миллиардов юаней (38,6 миллиарда долларов) 2023 году с ожидаемым ежегодным ростом 15%. Этот план ставит в приоритет энергетический, финансовый, транспортный сектора, здравоохранение и образование, и направлен на укрепление сетевой безопасности технологий 5G, ИИ, больших данных и облачных пространств посредством проведения научных исследований приме-

Сандық төлемдер мен интернетті пайдаланушылардың ең көп санына ие ұялы байланыс қызметтері бойынша әлемдегі ең ірі цифрлық нарық болған Қытай өзінің киберқауіпсіздігін күшейтумен айналысуда [Хаур, 2021; Ци, және т.б., 2021]. Президент Си Цзиньпиннің 2020 жылы деректерді еңбек, технология, жер және капиталмен бірге бесінші «өндіріс факторы» ретінде қабылданған деректерге негізделген басқару көзқарасына сәйкес, 2021 жылы деректерді сақтау, деректерді беру және жеке деректердің құпиялылығын басқару бойынша бірқатар жаңа ережелер енгізді [Кингэ және Ю, 2021]. Қытай үкіметі киберәлемдегі ережелерді әзірлеу бойынша іс-қимылдарын күшейте отырып, киберқауіпсіздік пен дамып келе жатқан технологияларды біріктіруге жәрдемдесу арқылы 2023 жылға қарай киберқауіпсіздік технологияларында серпіліс жасауды мақсат етеді.

Атап айтқанда, 2021 жылдың шілдесінде Қытайдың Индустрия және ақпараттық технологиялар министрлігі киберқауіпсіздік саласын 2023 жылға қарай жыл сайынғы 15%-дық өсіммен 250 миллиард юаньға (38,6 миллиард доллар) жеткізу мақсатымен 2021-2023 жылдарды қамтитын киберқауіпсіздік саласы үшін жоспар жобасын жариялады. Жоспар энергетика, қаржы, көлік, денсаулық сақтау және білім бере отырып, деректерді қорғау технологияларын зерттеу және қолдану арқылы 5G, жасанды интеллект, үлкен

* доктор, Евразийский научно-исследовательский институт, Казахстан.
albina.muratbek@gmail.com

нения технологий защиты данных. Чтобы добиться этого, китайские власти стремятся нарастить инвестиции в сферу кибербезопасности и усовершенствовать технологии защиты данных [Сюн и Чжан, 2021]. Примечательно, что китайский рынок кибербезопасности превышает 170 миллиардов юаней (26,6 миллиарда долларов), что в два раза больше, чем в 2015 году, при том, что свыше 3,000 предприятий вовлечены в сферу кибербезопасности в 2020 году [Гловер, 2021].

Проект появился, когда китайские власти разрабатывали новый Закон о безопасности данных, который был принят на 29-ой сессии Постоянного комитета Всекитайского собрания народных представителей 13-го созыва в июне, и вступил в силу 1 сентября 2021 года. Новый закон признает в числе приоритетов безопасность данных и фокусируется на деятельности по обработке данных, включая хранение, использование, передачу и торговлю данными, а также на исследованиях и разработках технологий данных. Документ направлен на усиление надзора за безопасностью данных, что в первую очередь подразумевает локализацию данных, то есть все данные, созданные в Китае, должны храниться в Китае. Крупные международные компании обязаны хранить свои сгенерированные данные внутри страны и подлежать контролю со стороны соответствующих регулирующих органов, в противном случае они могут быть оштрафованы на сумму не менее 100,000 юаней (15,660 долларов), но не более одного миллиона юаней (156,934 долларов). Однако в некоторых случаях штрафы могут достигать 10 миллионов юаней (1,56 миллиарда долларов) вплоть до отзыва лицензии на ведение бизнеса [Чен, 2021].

В дополнение к Закону о безопасности данных и проекту плана для сектора кибербезопасности, в августе Постоянный комитет Всекитайского собрания народных представителей принял Закон

деректер және бұлтты есептеу технологияларының желілік қауіпсіздігін нығайтуға бағытталған. Бұған қол жеткізу үшін Қытай билігі киберқауіпсіздікке инвестицияларды көбейтуді және деректерді қорғау технологияларын жақсартуды мақсат етіп отыр [Сионг және Чжан, 2021]. Қытайдың киберқауіпсіздік нарығы 2020 жылы киберқауіпсіздікпен айналысатын 3,000-нан астам кәсіпорынның қатысуымен 170 миллиард юаньға (26,6 миллиард доллар) жетті, бұл 2015 жылмен салыстырғанда екі есе көп [Гловер, 2021].

Жоспар жобасы Қытай билігінің маусымда 13-ші Бүкілқытайлық халық өкілдері жиналысы Тұрақты комитетінің 29-шы сессиясында қабылданған және 2021 жылдың 1 қыркүйегінде күшіне енген Деректерді қорғау туралы жаңа заң жобасын әзірлеу кезінде пайда болды. Деректер қауіпсіздігі жаңа Заңдағы басты басымдықтардың бірі болып саналады. Аталмыш Заң сонымен қатар деректер технологияларын зерттеу мен әзірлеу, деректерді сақтау, пайдалану, тасымалдау және сатуға бағытталған. Құжат ең алдымен деректерді локализациялауды, яғни деректер қауіпсіздігін бақылауды күшейтуге бағытталған, бұл Қытайда өндірілген барлық деректердің Қытайда сақталуы керек екендігін білдіреді. Ірі халықаралық компаниялар өндірген деректерін ел ішінде сақтауы және тиісті реттеуші органдардың тексеруінен өтуі қажет, әйтпесе олар 100,000 юаньнан (15,660 доллар) кем емес және 1 миллион юаньнан (156,934 доллар) аспайтын айыппұл төлейді. Сонымен қатар, кейбір жағдайларда айыппұлдар 10 миллион юаньнан (1,56 миллиард доллар) асып, тіпті операциялық лицензиядан айырылулары мүмкін [Чен, 2021].

Деректерді қорғау туралы заңмен және киберқауіпсіздік индустриясы жоспарының жобасымен қатар, 2021 жылдың қарашасында күшіне енген

о защите личной информации (PIPL), который вступил в силу в ноябре 2021 года. PIPL определяет правила для защиты личной информации китайских граждан как внутри, так и за пределами Китая. Закон расширил правила обработки личной информации, включил новые положения о сборе изображений и личной идентификационной информации в ответ на возможные социальные проблемы, а также определил права и процедуры получения личной информаций. Личная информация определяется как «все виды информации, записанной электронными или другими средствами, относящейся к идентифицированным или идентифицируемым физическим лицам» [Лэтэм и Уоткинс, 2021].

Как видно, все три документа разрабатываются как часть национальной всеобъемлющей структуры для киберпространства, которая направлена на сохранение всех процессов генерации данных в Китае. Принятые рамки, помимо требования хранения данных в Китае, оставляют за собой право запрашивать любую необходимую информацию, в том числе личную информацию потребителей, которая должна быть предоставлена по запросу правоохранительных органов. Следовательно, введенные правила влияют на иностранные и местные крупные предприятия, создавая серьезные проблемы для защиты персональных данных пользователей и препятствуя их работе и финансовым рынкам в целом. Кроме того, правительство Китая опубликовало проект поправки к закону о кибербезопасности, в частности, в отношении китайских компаний, подающих заявки на первичное публичное размещение акций (IPO) на зарубежных рынках, который требует от компаний с более чем 1 миллионом пользователей пройти проверку регулирующих органов до подачи заявки на IPO за границей [Сюн и Чжан, 2021].

Оглядываясь назад, можно сказать, что

Бүкілқытайлық халық өкілдері жиналысының Тұрақты комитеті тамызда Жеке ақпаратты қорғау туралы заңын (PIPL) қабылдады. PIPL Қытайдың ішінде және одан тыс жерде Қытай азаматтары үшін жеке ақпаратты қорғау ережелерін анықтайды. Заң жеке ақпаратты өңдеу ережелерін кеңейтіп, әлеуетті әлеуметтік мәселелерге жауап ретінде кескіндерді және жеке тұлғаны анықтайтын ақпаратты жинауға және жеке ақпаратқа қатысты эксклюзивті құқықтар мен рәсімдерге қатысты жаңа ережелерді қамтиды. Жеке ақпарат «электрондық түрде немесе басқа тәсілдермен сақталған жеке тұлға туралы кез келген ақпарат» ретінде анықталады [Лэтхэм және Уоткинс, 2021].

Көріп отырғанымыздай, барлық үш құжат Қытайдағы барлық деректерді құру процестерін қорғауға бағытталған киберкеңістіктің ұлттық кешенді құрылымының бөлігі ретінде әзірленген. Қабылданған жобалар Қытайда деректерді сақтауды талап етумен қатар, құқық қорғау органдарының талабы бойынша тұтынушының жеке ақпаратымен бірге кез келген қажетті ақпаратты сұрау құқығына ие. Сондықтан енгізілген ережелер шетелдік және жергілікті ірі кәсіпорындарға әсер етіп, пайдаланушылардың жеке деректерін қорғауда елеулі қиындықтар туғызып, олардың операциялары мен жалпы қаржылық нарықтарға кедергі келтіруде. Сонымен қатар, Қытай үкіметі әсіресе сыртқы нарықтарда IPO-ға өтініш берген қытайлық компанияларға қатысты киберқауіпсіздік туралы заңның қайта қарау жобасын жариялады. Бұл 1 миллионнан астам пайдаланушысына ие компаниялардан шетелдегі IPO-ға өтінім бермес бұрын нормативтік тексеруден өтуді талап етеді [Сюн және Чжан, 2021].

Өткенге көз жүгіртсек, Қытайдың негізгі киберқауіпсіздік стратегиясы 2015 жылғы желтоқсанда Си Цзиньпиннің

большая стратегия Китая в области кибербезопасности была изложена в речи Председателя Си Цзиньпина в декабре 2015 года. Следуя техно-националистическому и техно-глобалистскому мышлению, китайское правительство представило первую «Национальную стратегию безопасности киберпространства» (NCSS) в 2016 году, которая прояснила видение Китая по управлению киберпространством. Стратегия включает меры по защите интересов Китая в киберпространстве, включая экономическую, политическую, социальную и культурную безопасность. В 2017 году Китай также выпустил «Международную стратегию сотрудничества в киберпространстве», в которой еще больше разъяснялась роль Китая в формировании глобального киберпорядка. Китай считает себя ведущей державой в глобальном киберпространстве и стремится участвовать в разработке глобальной институциональной архитектуры киберпространства [Чеунг, 2018].

Недавно представленные правила демонстрируют, что Китай работает над совершенствованием своих правил кибербезопасности за счет усиления контроля и надзора за процедурами, связанными с данными. Власти пытаются обуздать потенциальные риски для национальной безопасности, связанные с генерацией больших данных от пользователей. Основываясь на достижениях в области кибербезопасности, одни говорят, что «Китай сам становится империей данных», в то время как другие видят подтверждение становления Китая как «техно-авторитарной сверхдержавы» [Кингэ и Ю, 2021]. В любом случае, китайское правительство, ужесточая правила кибербезопасности для создания централизованных и авторитетных механизмов, продвигает и укрепляет потенциал своего киберпространства.

Можно сказать, что Китай — не единственная страна, ужесточающая свою кибербезопасность. Например, США и

сөйлеген сөзінде айтылды. Техно-ұлтшыл және техно-глобалистік ойлауды ұстана отырып, Қытай үкіметі 2016 жылы Қытайдың киберкеңістікті басқаруға деген көзқарасын нақтылаған бірінші Ұлттық киберкеңістік қауіпсіздік стратегиясын енгізді. Стратегия, экономикалық, саяси, әлеуметтік және мәдени қауіпсіздікпен қатар, Қытайдың киберкеңістіктегі мүдделерін қорғау шараларын қамтыды. 2017 жылы Қытай елдің жаһандық кибертәртіпті қалыптастырудағы рөлін одан әрі нақтылайтын Киберкеңістіктегі халықаралық ынтымақтастық стратегиясын жариялады. Қытай өзін жаһандық киберкеңістікте жетекші держава ретінде қарастырады және киберкеңістіктің жаһандық корпоративтік архитектурасын жобалауға қатысуды мақсат етеді [Чеунг, 2018].

Жақында енгізілген жаңа ережелер Қытайдың деректерге қатысты процедураларын бақылау мен қадағалауды арттыру арқылы киберқауіпсіздік ережелерін ілгерілетуге тырысатынын көрсетеді. Үкімет пайдаланушылардан үлкен деректерді өндіруден туындайтын ұлттық қауіпсіздікке ықтимал қауіптердің алдын алуға тырысуда. Киберқауіпсіздік саласындағы оқиғаларға сүйене отырып, кейбір мамандар Қытайдың дербес деректер империясына айналған десе, ал кейбір топ Қытайдың «техно-авторитарлық супердержава» ретінде расталғанын айтуда [Кингэ және Ю, 2021]. Екі жағдайда да Қытай үкіметі орталықтандырылған және беделді тетіктерді құру үшін киберқауіпсіздік ережелерін қатайта отырып, өзінің киберкеңістігінің әлеуетін ілгерілетуде және нығайтуда.

Қытай үкіметінің киберқауіпсіздікті күшейткен жалғыз ел емес екендігін айтуға болады. Мысалы, АҚШ және басқа цифрлық алпауыттар өздерінің деректер қауіпсіздігін жоғарыдан төмен үйлестіруді орнатуға тырысуда. Кибертехнологиялардың дамуымен

другие цифровые гиганты также пытаются наладить координацию безопасности своих данных сверху вниз. Наряду с развитием кибертехнологий защита от современных угроз имеет важное значение для поддержания функционирования киберпространства. Так или иначе, во времена, когда не существует универсального закона о кибербезопасности, у Китая есть все шансы стать образцом такого киберрегулирования.

**Источники:**

Гловер, Клаудия (2021). Китай хочет повысить свою кибербезопасность, но в его плане не хватает деталей. Доступна по адресу: https://techmonitor.ai/technology/china-cybersecurity-draft-policy. Дата обращения: 27.09.2021.

Кингэ, Джеймс и Ю, Сан (2021). Китай и большие технологии: план Си для цифровой диктатуры. Доступна по адресу: https://www.ft.com/content/9ef38be2-9b4d-49a4-a812-97ad6d70ea6f. Дата обращения: 27.09.2021.

Лэтэм и Уоткинс (2021). Китай представляет первое всеобъемлющее законодательство о защите личной информации. Комментарий к предупреждению клиентов Лэтэм и Уоткинс, 8 сентября 2021 г., номер 2894. Доступна по адресу: https://www.lw.com/thoughtLeadership/china-introduces-first-comprehensive-legislation-on-personal-information-protection. Дата обращения: 27.09.2021.

Сюн, Синьи и Чжан, Хунпей (2021). Китай запускает трехлетний проект плана для сектора кибербезопасности после принятия регулирующих мер. Доступна по адресу: https://www.globaltimes.cn/page/202107/1228461.shtml#:~:text=Chinese%20authorities%20released%20a%20three,of%20the%20sprawling%20platform%20economy. Дата обращения: 27.09.2021.

Хаур, Жорж (2021). Почему новый закон Китая о кибербезопасности представляет угрозу для международного бизнеса и инноваций. Доступна по адресу: https://www.imd.org/research-knowledge/articles/why-chinas-new-cybersecurity-law-is-a-threat-to-international-businesses-and-innovation/. Дата обращения: 27.09.2021.

Ци, Ван, Сыци, Цао и Хайлинь, Сю (2021). Китай вводит Закон о безопасности данных, мощную правовую поддержку развития в эпоху цифровых технологий. Доступна по адресу: https://www.globaltimes.cn/page/202106/1226001.shtml. Дата обращения: 27.09.2021.

қатар күрделі қауіптердің қауіпсіздігі киберкеңістіктің жұмысын қолдау үшін маңызды. Қалай болғанда да, киберқауіпсіздікке қатысты әмбебап заң болмаған жағдайда Қытайдың мұндай кибернұсқалардың үлгісі болуға барлық мүмкіндіктерге ие екенін айтуға болады.

**Дереккөз:**

Гловер, Клаудия (2021). Қытай өзінің киберқауіпсіздігін арттырғысы келеді, бірақ оның жоспарында егжей-тегжейлі мәліметтер жоқ. Сілтеме: https://techmonitor.ai/technology/china-cybersecurity-draft-policy. Қаралған уақыты: 27.09.2021.

Кинге, Джеймс және Ю, Күн (2021). Қытай және үлкен технология: Си цифрлық диктатураның жобасы. Сілтеме: https://www.ft.com/content/9ef38be2-9b4d-49a4-a812-97ad6d70ea6f. Қаралған уақыты: 27.09.2021.

Лэтхэм және Уоткинс (2021). Қытай жеке ақпаратты қорғау туралы алғашқы толық заңнаманы енгізді. Лэтхэм және Уоткинс Клиент ескертуі түсініктемесі, 8 қыркүйек, 2021 жыл, No. 2894. Сілтеме: https://www.lw.com/thoughtLeadership/china-introduces-first-comprehensive-legislation-on-personal-information-protection. Қаралған уақыты: 27.09.2021.

Сюн, Синьи және Чжан, Хунпэй (2021). Қытай реттеуші әрекеттерден кейін киберқауіпсіздік секторы үшін 3 жылдық жоспар жобасын бастады. Сілтеме: https://www.globaltimes.cn/page/202107/1228461.shtml#:~:text=Chinese%20authorities%20released%20a%20three,of%20the%20sprawling%20platform%20economy. Қаралған уақыты: 27.09.2021.

Хаур, Джордж (2021). Неліктен Қытайдың киберқауіпсіздік туралы жаңа заңы халықаралық бизнес пен инновацияға қауіп төндіреді. Сілтеме: https://www.imd.org/research-knowledge/articles/why-chinas-new-cybersecurity-law-is-a-threat-to-international-businesses-and-innovation/. Қаралған уақыты: 27.09.2021.

Ци, Ван, Сици, Цао және Хайлин, Сю (2021). Қытай цифрлық дәуірдегі дамуға күшті құқықтық қолдау көрсететін деректер қауіпсіздігі туралы заңын енгізеді. Сілтеме: https://www.globaltimes.cn/page/202106/1226001.shtml. Қаралған уақыты: 27.09.2021.

Чен, Эбби (2021). 2021 жылдың 1 қыркүйегінен бастап күшіне енетін Қытайдың деректер қауіпсіздігі туралы заңын мұқият оқу. Сілтеме:

Чен, Эбби (2021). Внимательное прочтение китайского закона о безопасности данных, вступившего в силу 1 сентября 2021. Доступна по адресу: https://www.china-briefing.com/news/a-close-reading-of-chinas-data-security-law-in-effect-sept-1-2021/. Дата обращения: 27.09.2021.

Чеунг, Тай Мин (2018). Становление Китая как промышленной державы в области кибербезопасности: балансирование приоритетов национальной безопасности, геополитики и развития, Journal of Cyber Policy, 2018 (3): сс. 306-326.

https://www.china-briefing.com/news/a-close-reading-of-chinas-data-security-law-in-effect-sept-1-2021/. Қаралған уақыты: 27.09.2021.

Чеунг, Тай Мин (2018): Қытайдың киберқауіпсіздік саласындағы өнеркәсіптік держава ретінде көтерілуі: ұлттық қауіпсіздікті, геосаяси және даму басымдықтарын теңестіру, Journal of Cyber Policy, 2018 (3): бб. 306-326.

# СОТРУДНИЧЕСТВО ПО ВОПРОСАМ МИГРАЦИИ

# КӨШІ-ҚОН МӘСЕЛЕЛЕРІНДЕГІ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

# ИММИГРАЦИОННАЯ ПОЛИТИКА ЮЖНОЙ КОРЕИ И КОНЕЦ ДЕМОГРАФИЧЕСКОГО ИЗОЛЯЦИОНИЗМА
# ОҢТҮСТІК КОРЕЯНЫҢ КӨШІ-ҚОН САЯСАТЫ ЖӘНЕ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ОҚШАУЛАНУДЫҢ АЯҚТАЛУЫ

*Канат Маханов**

Южная Корея находится в стороне от стран с высоким уровнем дохода по доле иммигрантов в населении. Согласно статистике Отдела народонаселения ООН, иммигранты составляли лишь 2,3% населения Республики Корея в 2019 году, что далеко не так много, как в других развитых странах (14%) [Отдел народонаселения Организация Объединённых Наций, 2019]. На протяжении десятилетий процветающей экономики Южная Корея проводила очень строгую и консервативную иммиграционную политику. Однако в последние несколько лет политика правительства Южной Кореи в отношении иммиграции постепенно меняется.

Республика Корея постепенно начала делать «левый поворот» в своей иммиграционной политике в 2000-х годах. В 2019 году численность мигрантов в стране составила 1,163,655 человек, что на 26% больше, чем в 2010 году (919,987 человек), и почти в 4,8 раза больше, чем в 2000 году (244,224 человека). В процентном отношении от общей численности населения (51,829,023) [Министерство внутренних дел Южной Кореи, 2021] численность мигрантов в Южной Корее увеличилась с 0,5% в 2000 году до 2,3% в 2019 году, что по-прежнему очень мало по сравнению с другими развитыми странами. Даже средняя в мире доля иммигрантов (3,5%) выше, чем в Южной Корее (2,3%) [Организация Объединённых Наций, 2019]. Тем не менее, иммиграция в Южную Корею в последнее время стала источником беспокойства и тревоги.

Иммигранттардың халық санындағы үлесі бойынша Оңтүстік Корея табысы жоғары елдер арасында бірінші орында тұрады. БҰҰ Халықты орналастыру қорының статистикасы бойынша, 2019 жылы иммигранттар Оңтүстік Корея халқының 2,3%-ын ғана құрады және бұл көрсеткіш басқа дамыған елдердегідей (14%) болмады [Біріккен Ұлттар Ұйымының халық бөлімі, 2019]. Экономикасы өркендеген онжылдықта Оңтүстік Корея өте қатал және консервативті иммиграция саясатын ұстанды. Алайда, соңғы бірнеше жылда Оңтүстік Корея үкіметінің иммиграцияға қатысты саясатында біртіндеп өзгеріс болды.

2000 жылдары Оңтүстік Корея өзінің иммиграциялық саясатында ақырындап «солға» қарай жылжи бастады. 2019 жылы елдегі иммигранттардың жалпы саны 1,163,655 болды. Бұл көрсеткіш 2010 жылмен салыстырғанда 26% (919,987 адам) және 2000 жылмен салыстырғанда (244,224 адам) шамамен 4,8 есе өскен. Халықтың жалпы санына (51,829,023) сәйкес [Оңтүстік Корея ішкі істер министрлігі, 2021], Оңтүстік Кореядағы иммигранттардың саны 2000 жылғы 0,5%-дан 2019 жылы 2,3%-ға дейін өсті және бұл басқа дамыған елдермен салыстырғанда өте аз иммиграция болып саналады. Тіпті әлемдегі иммигранттардың орташа үлесі (3,5%) Оңтүстік Кореяға қарағанда (2,3%) жоғары [Біріккен Ұлттар Ұйымы, 2019]. Алайда, жақында Оңтүстік Кореядағы иммиграция алаңдаушылық пен мазасыздық тудырды.

* магистр, Евразийский научно-исследовательский институт, Казахстан.
kanat.makhanov@eurasian-research.org

Единственным другим примером столь же небольшого количества мигрантов среди крупных развитых стран является Япония, где мигранты составляют лишь 2% населения. В отличие от других стран с высоким уровнем доходов, которые в целом были довольно либеральны в той или иной степени в отношении иммиграции, Южная Корея с недавнего времени неохотно начала менять свою иммиграционную политику. В течение десятилетий устойчивого экономического роста во второй половине 20 века Южная Корея следовала своему устоявшемуся подходу в отношении иммиграционной политики. Строгая и хорошо контролируемая иммиграционная политика Южной Кореи часто представлялась развитыми странами как крайний, но успешный пример в спектре миграционной политики. Однако несостоятельность такой иммиграционной политики стала очевидной в свете неоспоримых демографических факторов и тенденций глобализации.

Общественное мнение южнокорейцев остается негативным по отношению к незнакомцам в целом, в том числе даже к беженцам. Например, общественное недовольство группой из 550 просителей убежища из Йемена в июне 2018 года вызвало протесты и волну ксенофобии. Петицию против приема беженцев подписали сразу 700 тысяч человек, что стало ярким проявлением негативного отношения к чужакам в корейском обществе. В итоге правительству Южной Кореи пришлось отклонить некоторые заявления о предоставлении статуса беженца, несмотря на свои международные обязательства [Human Rights Watch, 2019]. Недавний опрос показал, что южнокорейцы в целом не поддерживают идею допуска иммигрантов в страну. При этом степень симпатии к иммигрантам во многом зависела от их этнической принадлежности. 19,46% респондентов поддержали призыв к этническим корейцам к им-

Жоғары дамыған елдердің қатарында иммиграннттар саны аз болатын тағы бір мемлекет - Жапония, онда иммигранттар халықтың тек 2%-ын құрайды. Иммиграция бойынша кірісі жоғары басқа елдерден әр түрлі дәрежеде айтарлықтай либералды Оңтүстік Корея жақында көші-қон саясатын құлықсыз өзгерте бастады. XX ғасырдың екінші жартысында бірнеше онжылдықтар бойы қарқынды экономикалық өсімге ие болған Оңтүстік Корея иммиграциялық саясатқа қатысты өзінің қалыптасқан тәсілін ұстанды. Оңтүстік Кореяның қатаң және жақсы бақыланатын иммиграциялық саясаты көбінесе дамыған экономикалар арасында көші-қон саясаты спектрінде экстремалды және сәтті мысал ретінде ұсынылды. Алайда, мұндай иммиграциялық саясаттың сәтсіздікке ұшырауы демографиялық факторлар мен жаһандану үрдістері аясында айқын болды.

Оңтүстік кореялықтардың босқындар мен шетелдіктерге қатысты қоғамдық пікірі әлі де жақсы емес. Мысалы, 2018 жылдың маусым айында Йеменнен келген 550 босқын тобы халықтың наразылығы мен ксенофобия толқынын туғызды. Осыдан кейін 700,000 адам босқындарды қабылдауға қарсы петицияға қол қоюы корей қоғамындағы шетелдіктерге деген теріс көзқарастың айқын көрінісі болды. Оңтүстік Корея үкіметі халықаралық міндеттемелеріне қарамастан, босқындар туралы кейбір талаптардан бас тартуға мәжбүр болды [Human Rights Watch, 2019]. Жақында жүргізілген зерттеу оңтүстік кореялықтардың бұл елге иммиграция идеясын негізінен қолдамайтынын көрсетті. Сонымен бірге, иммигранттарға деген жанашырлық дәрежесі олардың этникалық ерекшеліктеріне байланысты болды. Сауалнамаға қатысқандардың 19,46%-ы этникалық кәрістерді Оңтүстік Кореяға қоныс аударуға шақыруды қолдады. Бұл еуропалықтар үшін 16,58%, оңтүстік-шығыс азиялықтар үшін 8,72%, африкалықтар үшін 8,61% және таяу шығыстық

миграции в Южную Корею. Для европейцев этот процент составил 16,58%, 8,72% - для выходцев из Юго-Восточной Азии, 8,61% - для африканцев и 5,93% для жителей Ближнего Востока [Рич и др., 2020]. С другой стороны, помимо объективного демографического спада, существует фактор значительной политической силы, поддерживаемая малым бизнесом, лоббирующим иммиграцию, чтобы покрыть спрос на низкоквалифицированную рабочую силу, которой среди корейцев не хватает [Foreign Policy, 2021]. Более того, действия правительства Южной Кореи по облегчению процесса иммиграции наталкиваются на резкое неприятие со стороны общества. Поэтому, открывая иммиграционные программы, правительство Южной Кореи снимает некоторые ограничения для работодателей, негласно разрешая им нанимать иностранцев [Ким, 2016], создает условия для продления виз, вводит различные типы виз и т. д.

Для Южной Кореи иммиграция не является проблемой сама по себе. Проблема проистекает из того факта, что Южная Корея в течение длительного периода времени была очень консервативной в отношении иммиграции, практически игнорируя мировые тенденции. На протяжении десятилетий развитые западные страны занимали в основном либеральную позицию, разрабатывая различные инструменты политики для адаптации иммиграции к своим моделям экономического роста с переменным успехом. Например, в течение 1990-х годов средняя доля иммигрантов в европейских странах составляла 7,5–9,3%, в Северной Америке - 9,9–12,9%, а в Австралии иммигранты составляли почти четверть (23%) населения. С тех пор приток иммигрантов в эти развитые страны еще больше увеличился. Либеральная иммиграционная политика, которую практикуют многие западные страны представляет собой очень сложный процесс, который трансформирует

тұрғындары үшін 5,93% болды [Рич және т.б., 2020]. Екінші жағынан, объективті демографиялық құлдыраудан басқа, корейлер арасында жетіспейтін біліктілігі төмен жұмыс күшіне деген сұранысты қанағаттандыру үшін иммиграцияны лоббилейтін шағын кәсіпкерлердің қолдауындағы маңызды саяси күштің бар екенін айтқан жөн [Foreign Policy, 2021]. Сонымен қатар, Оңтүстік Корея үкіметінің иммиграция үдерісін жеңілдетуге бағытталған әрекеттері қоғамның қатты қарсылығына тап болуда. Сондықтан, көші-қон бағдарламаларын ашық бастаған Оңтүстік Корея үкіметі жұмыс берушілерге шетелдіктерді жалдауға мүмкіндік беретін кейбір шектеулерді алып тастайды [Ким, 2016], визалардың ұзартылуын жеңілдетеді және визалардың әртүрлі түрлерін енгізеді.

Көші-қон мәселесі Оңтүстік Корея үшін тек проблема емес. Мәселе Оңтүстік Кореяның иммиграцияға қатысты ұзақ уақыт бойы өте консервативті болғандығынан, әлемдік үрдістерді іс жүзінде ескермегендігінен туындайды. Онжылдықтар бойы дамыған батыстық экономикалар иммиграцияны әртүрлі экономикалық жетістіктер модельдеріне сәйкестендіру үшін әртүрлі саясат құралдарын әзірлейтін негізінен либералды ұстанымда болды. Мысалы, 1990 жылдары иммигранттардың орташа үлесі Еуропа елдерінде 7,5-9,3%-ды, Солтүстік Америкада 9,9-12,9%-ды құраса, ал Австралиядағы иммигранттар халықтың шамамен төрттен бірін (23%) құрайды. Содан бері осы дамыған елдерге иммигранттар ағымы одан сайын арта түсті. Көптеген Батыс елдері жүзеге асыратын либералды иммиграция саясаты-өмірдің барлық салаларын дерлік өзгертетін өте күрделі үдеріс және жүйенің тиімді жұмыс істеуі үшін ондаған жылдар қажет етеді. Тұрақты иммиграцияның жалғасқан барлық кезеңінде Батыс елдері иммигранттардан экономикалық және демографиялық пайда алу мен бейімдеу бойынша айтарлықтай тәжіри-

практически все сферы жизни, и для совершенствования этого процесса требуются десятилетия, чтобы он мог функционировать эффективно. На протяжении длительного периода постоянной иммиграции западные страны накопили весомый опыт адаптации и получения экономических и демографических выгод от иммигрантов. Иначе обстоит дело с Южной Кореей, которая была практически закрыта для иммигрантов около 15-20 лет назад. Хотя Южная Корея в полной мере способна создать необходимые условия для эффективной адаптации иммигрантов с технической точки зрения, потребуется много времени и ресурсов, чтобы изменить общественное восприятие и культурное отношение к иммиграции в корейском обществе.

Тем временем Южная Корея все больше страдает от демографического спада. Недавно общий коэффициент рождаемости в Южной Корее упал до 0,84, что является самым низким показателем среди всех стран мира [Ханкёре, 2020]. Официальная статистика, опубликованная в январе 2021 года, показала первое ежегодное сокращение общей численности населения почти на 21 тысячу человек за предыдущие десять лет [Министерство внутренних дел Южной Кореи, 2021]. В результате Южная Корея занимает третье место по наименьшей доле детского населения в возрасте до 14 лет (12,9%) после Японии (12,6%) и Сингапура (12,3%) [Populationpyramid.net, 2019]. Меры, принятые правительством для стимулирования естественного прироста населения, похоже, не приносят ожидаемого эффекта, не оставляя никаких вариантов, кроме иммиграции.

Поворачиваясь лицом к иммиграции, Южная Корея в основном признает неэффективность своей политики демографического изоляционизма, которой она придерживалась исторически. Правительство Южной Кореи, похоже, находится между камнем и наковальней,

бе жинақтады. Бұл шамамен 15-20 жыл бұрын иммигранттар үшін жабық болған Оңтүстік Кореяға қатысты емес. Оңтүстік Корея иммигранттардың техникалық тұрғыдан тиімді бейімделуіне жағдай жасауға толық мүмкіндігі бар болса да, Корей қоғамындағы халықтың түсінігі мен көші-қонға деген мәдени көзқарасын өзгерту үшін көп уақыт пен ресурстар қажет болады.

Сонымен қатар, Оңтүстік Кореяға демографиялық құлдырау көбірек әсер етуде. Жақында Оңтүстік Кореяның жалпы туу коэффициенті әлемдегі кез-келген елдегі ең төменгі деңгейі саналатын 0,84-ке дейін төмендеді [Ханкёре, 2020]. 2021 жылы қаңтарда жарияланған ресми статистика өткен онжылдықта халықтың жалпы санының жыл сайынғы төмендеуін шамамен 21 мың адам ретінде көрсетті [Оңтүстік Корея ішкі істер министрлігі, 2021]. Нәтижесінде Оңтүстік Корея Жапониядан (12,6%) және Сингапурдан (12,3%) кейін 14 жасқа дейінгі балалардың ең аз пайызына ие (12,9%) [Populationpyramid.net, 2019]. Халықтың табиғи өсімін ынталандыру үшін үкімет қабылдаған шаралар тиімді емес сияқты, бұл жағдайда иммиграциядан басқа таңдау қалмайды.

Оңтүстік Корея иммиграцияға оралу арқылы тарихи ұстанған демографиялық оқшаулау саясатының сәтсіздікке ұшырағанын мойындайды. Оңтүстік Корея үкіметі корей қоғамының дәстүрлі сезімдері, іскерлік мүдделері және объективті шындық арасындағы тепе-теңдікті сақтауға тырысып жатқанда екі жартастың арасында қысылып қалған сияқты. Нәтижесінде иммиграция Оңтүстік Кореядағы шиеленістің көзі болатынын күтуге болады, бұл оның мигрант елдермен қарым-қатынасы мен ынтымақтастығына да әсер етеді.

пытаясь найти баланс между традиционными настроениями корейского общества, интересами бизнеса и объективной реальностью. Следовательно, мы можем ожидать, что иммиграция станет источником напряженности в Южной Корее, что также повлияет на ее отношения и сотрудничество со странами происхождения мигрантов.

**Источники:**

Foreign Policy (2019). Мигранты делают работу, над которой насмехаются южнокорейцы. Доступна по адресу: https://foreignpolicy.com/2021/01/28/south-korea-migrant-workers/. Дата обращения: 17. 03.2021.

Human Rights Watch (2019). Южная Корея события 2018 года. Доступна по адресу: https://www.hrw.org/world-report/2019/country-chapters/south-korea#. Дата обращения: 18.03.2021.

Ким, Гьючан (2016). Пересечения миграционного режима и режима ухода: случай Южной Кореи. Кандидатская диссертация, Университет Шеффилда.

Министерство внутренних дел Южной Кореи (2021). Первая в истории убыль населения. Доступна по адресу: https://www.mois.go.kr/frt/bbs/type010/commonSelectBoardArticle.do?bbsId=BBSMSTR_000000000008&nttId=82058. Дата обращения: 18.03.2021.

Отдел народонаселения Организация Объединённых Наций (2019). Численность международных мигрантов в процентах от общей численности населения с разбивкой по полу и основным районам, регионам, странам или районам, 1990–2019 годы. Доступна по адресу: https://www.un.org/en/development/desa/population/migration/data/estimates2/data/UN_MigrantStockTotal_2019.xlsx. Дата обращения: 11.03.2021.

Populationpyramid.net (2019). Пирамиды населения мира с 1950 по 2100. Доступна по адресу: https://www.populationpyramid.net/republic-of-korea/2019/. Дата обращения: 18.03.2021.

Рич, Тимоти, Кэролайн, Брюггеманн, Кейтлин, Бизон и Майкл, Кинг (2020). Что влияет на отношение Южной Кореи к иммиграции? Доступна по адресу: https://thediplomat.com/2020/10/what-influences-south-korean-perceptions-on-immigration/. Дата обращения: 18.03.2021.

Ханкёре (2021). Уровень рождаемости в Южной Корее достиг рекордно низкого уровня в 2020 году. Доступна по адресу: http://english.hani.co.kr/arti/english_edition/e_national/984524.html. Дата обращения: 15.03.2021.

**Дереккөз:**

Біріккен Ұлттар Ұйымының халық бөлімі (2019). Жынысы бойынша және негізгі аумақ, ел немесе аумақ бойынша жалпы халық санына пайыздық қатынаста халықаралық мигранттар қоры, 1990-2019 ж. Сілтеме: https://www.un.org/en/development/desa/population/migration/data/estimates2/data/UN_MigrantStockTotal_2019.xlsx. Қаралған уақыты: 11.03.2021.

Foreign Policy (2019). Мигранттар оңтүстік кореялықтар келемеждейтін жұмыстарды істеп жатыр. Сілтеме: https://foreignpolicy.com/2021/01/28/south-korea-migrant-workers/. Қаралған уақыты: 17.03.2021.

Human Rights Watch (2019). 2018 жылғы Оңтүстік Корея оқиғалары. Сілтеме: https://www.hrw.org/world-report/2019/country-chapters/south-korea#. Қаралған уақыты: 18.03.2021.

Ким Гючан (2016). Көші-қон режимі мен қамқорлық режимінің тоғысқан жерлері: Оңтүстік Корея жағдайы. PhD диссертациясы, Шефилд университеті.

Оңтүстік Корея ішкі істер министрлігі (2021). Тұңғыш рет халық санының азаюы. Сілтеме: https://www.mois.go.kr/frt/bbs/type010/commonSelectBoardArticle.do?bbsId=BBSMSTR_000000000008&nttId=82058. Қаралған уақыты: 18.03.2021.

Рич, Тимоти, Кэролайн, Брюггеманн, Кейтлин, Бизон и Майкл, Кинг (2020). Оңтүстік Кореяның иммиграцияға деген көзқарасына не әсер етеді? Сілтеме: https://thediplomat.com/2020/10/what-influences-south-korean-perceptions-on-immigration/. Қаралған уақыты: 18.03.2021.

Populationpyramid.net (2019). 1950 жылдан 2100 жылға дейінгі дүние жүзіндегі халық саны пирамидалары. Сілтеме: https://www.populationpyramid.net/republic-of-korea/2019/. Қаралған уақыты: 18.03.2021.

Ханкёре (2021). Мигранттар оңтүстік кореялықтар келемеждейтін жұмыстарды істеп жатыр. Сілтеме: http://english.hani.co.kr/arti/english_edition/e_national/984524.html Қаралған уақыты: 15.03.2021.

# СОГЛАШЕНИЕ ПО БЕЖЕНЦАМ МЕЖДУ ТУРЦИЕЙ И ЕВРОПЕЙСКИМ СОЮЗОМ: ЗАПРОС О ПРОДЛЕНИИ СОГЛАШЕНИЯ
# ТҮРКИЯ МЕН ЕУРОПА ОДАҒЫ АРАСЫНДАҒЫ БОСҚЫНДАР ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ: КЕЛІСІМДІ ЖАҢАРТУ ТУРАЛЫ ӨТІНІШ

*Женгизхан Жаналтай* *

Конфликт между силами режима и оппозицией, имевший место в Сирии в 2011 году, перерос в гражданскую войну, вызвав один из крупнейших миграционных потоков в современной истории. Миллионы сирийцев, которые вынуждены покинуть свои дома по соображениям безопасности, мигрируют в безопасные районы внутри страны, в соседние страны и даже в различные европейские страны. Если выразить эту миграционную волну в цифрах, то, в то время как более 6,6 миллиона человек мигрировали в другие регионы страны, по состоянию на 19 мая 2021 года в общей сложности 5,602,649 сирийцев проживают за границей, что зарегистрировано в данных Управления Верховного комиссара Организации Объединённых Наций по делам беженцев (УВКБ ООН) [Управления Верховного комиссара Организация Объединённых Наций по делам беженцев, 2021a]. Из них 3,671,625 (65%) проживают в Турции, а в Ливане и Иордании проживают 855,172 и 665,834 сирийцев, соответственно [Управления Верховного комиссара Организации Объединённых Наций по делам беженцев, 2021a]. Известно, что во время этого вынужденного переселения; более 1,2 миллиона сирийских иммигрантов попали в страны европейского континента нелегальным путем. В связи с этим Европейский Союз (ЕС) провел переговорный процесс с Турцией о создании определенной правовой системы неза-

2011 жылы Сирияда режим күштері мен оппозициясы арасында басталған қақтығыс азаматтық соғысқа ұласып, жақын тарихтағы ең үлкен көші-қон ағындарының бірін тудырды. Қауіпсіздік мақсатында үйлерін тастап кетуге мәжбүр болған миллиондаған сириялықтар ел ішіндегі қауіпсіз аймақтарға, көрші елдерге, тіпті әр түрлі Еуропа елдеріне қоныс аударуда. Егер бұл көш үдерісін сандық мәліметтер арқылы айтқанда, 6,6 миллионнан астам адам елдің басқа аймақтарына қоныс аударған болса, 2021 жылдың 19 мамырындағы жағдай бойынша, Біріккен ұлттар ұйымының (БҰҰ) босқындар ісі жөніндегі Жоғарғы комиссарының мәліметтерінде тіркелген 5,602,649 сириялық шетелде тұрады [Біріккен Ұлттар Ұйымының босқындар ісі жөніндегі Жоғарғы комиссары, 2021a]. Олардың 3,671,625-і (65%) Түркияда тұрса, ал 855,172 және 665,834-і сәйкесінше Ливан мен Иорданияда өмір сүруде [Біріккен Ұлттар Ұйымының босқындар ісі жөніндегі Жоғарғы комиссары, 2021a]. Осы мәжбүрлі көші-қон кезінде 1,2 миллионнан астам сириялық иммигранттар Еуропа елдеріне заңсыз жолдармен жеткені белгілі. Осыған байланысты Европалық одақ (ЕО) Түркиямен жүйесіз көші-қон ағымын белгілі бір құқықтық жүйемен реттеу туралы келіссөздер жүргізе отырып, 2016 жылдың 18 наурызында Босқындар туралы келісімге қол қойған болатын [Түркия Сыртқы істер министрлігі, 2021]. Аталмыш көші-

* магистр, Евразийский научно-исследовательский институт, Казахстан.
cengizhancnlt@gmail.com

конной миграции и 18 марта 2016 года подписал Соглашение о беженцах [Министерство иностранных дел Турции, 2021]. Во время этого миграционного процесса маршрут Турция-Греция использовался в качестве главной артерии до 20 марта 2016 года.

Если мы вспомним о предметах сделки, Турция предотвратит поток нелегальной миграции в ЕС через свою территорию за счет усиления пограничного контроля. Если индивидуальные просьбы о предоставлении убежища от нелегальных мигрантов, прибывающих в Грецию из Турции, не будут приняты, они будут возвращены в Турцию. Согласно индивидуальному формату для каждого сирийского мигранта, вернувшегося в Турцию, сирийский мигрант, проживающий в Турции, будет переселен в одну из стран ЕС. ЕС предоставит Турции финансовую помощь в размере 6 миллиардов евро для удовлетворения потребностей сирийских беженцев. Первые 3 миллиарда евро из этой суммы должны были быть выделены к концу 2016 года, а остальные 3 миллиарда евро должны были быть выделены в 2018 году. С другой стороны, при выполнении необходимых условий для Турции должна была быть предоставлена либерализация визового режима для граждан в плане въезда в страны ЕС с июня 2016 года. Кроме того, есть статьи, касающиеся продления соглашения о таможенном союзе между Турцией и ЕС и продолжения переговоров, касающихся членства в ЕС [BBC, 2020; Терри, 2021; Меше, 2021]. Хотя прошло пять лет с момента подписания сделки между двумя сторонами, которая в основном готовилась в этих рамках, она по-прежнему функционирует неэффективно.

Одна из самых больших проблем среди причин этого заключается в том, что продолжающиеся разногласия между двумя сторонами по определенным вопросам блокируют этот процесс. Если

қон сапарында Түркия-Грекия бағыты 2016 жылдың 20 наурызына дейін негізгі артерия ретінде қолданылды.

Егер келісімге енгізілген шарттарды еске түсіретін болсақ, Түркия шекарада бақылауды күшейтіп өз аумағы арқылы ЕО-ға қарай жүйесіз көші-қонның алдын алады. Түркиядан Грекияға келген жүйесіз мигранттардың жеке баспана сұрауы қабылданбаған адамдар Түркияға қайтарылады. Осы сәтте бірге-бір форматы арқылы Түркияға оралған әрбір сириялық мигрант үшін Түркиядағы сириялық мигрант ЕО елдерінің біріне орналастырылады. Еуропалық одақ Түркияға сириялық босқындардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жалпы сомасы 6 миллиард еуро көлемінде қаржылық көмек көрсетеді. Бұл соманың алғашқы 3 миллиард еуросын 2016 жылдың соңына дейін, ал қалған 3 миллиард еуроны 2018 жылы бөлу керек. Екінші жағынан, егер қажетті шарттар орындалса, 2016 жылдың маусым айынан бастап ЕО елдеріне кіру кезінде Түркия азаматтарына визаны ырықтандыру қамтамасыз етілуі қажет. Сонымен қатар, Түркия мен ЕО арасындағы кедендік одақ туралы келісімді жаңарту және мүшелік үдерісінде қалған келіссөздерді жалғастыру туралы шарттар орын алған [BBC, 2020; Терри, 2021; Меше, 2021]. Әдетте осы шеңберде дайындалған екі тарап арасындағы келісімнен бес жыл өтсе де, ол әлі де тиімді жұмыс істемейді.

Мұның себептерінің ішіндегі ең үлкен мәселелердің бірі - екі тараптың белгілі бір мәселелер бойынша жалғасып келе жатқан келіспеушіліктері үдерісті баяулатуда. Егер келісім шеңберіндегі екі жақтың шараларын қарастыратын болсақ, келісімге сәйкес, түрік жағының өз шекараларында бақылауды күшейту арқылы жүйесіз көші-қон ағындарын едәуір дәрежеде тоқтата алғанын көруге болады. Осылайша, Түркия арқылы Грекияға өткен мигранттардың саны 2016 жылғы қаңтарда келісімге дейін күн сайын 1,700 адамнан 2017 жылғы

мы посмотрим на действия обеих сторон в рамках сделки, турецкой стороне удалось в значительной степени остановить поток нелегальной миграции за счет усиления контроля на своих границах в соответствии с соглашением. Таким образом, количество мигрантов, прибывающих в Грецию через Турцию в январе 2016 года, до заключения сделки, снизилось с 1700 человек в день до 45 человек в январе 2017 года и оставалось на низком уровне в последующие годы [Управления Верховного комиссара Организация Объединённых Наций по делам беженцев, 2021b]. Таким образом, количество людей, прибывших в Европу по маршруту Турция-Греция в 2015 году, снизилось с 856,723 до 9,714 в 2020 году [Управления Верховного комиссара Организация Объединённых Наций по делам беженцев, 2021b]. В связи с продолжением гражданской войны продолжающийся приток миграции сместился на маршруты Ливия-Италия и через Гибралтар в Испанию, которые являются более опасными.

Несмотря на готовность Турции подготовить 72 статьи, которые должны быть выполнены ЕС по либерализации визового режима, выдвинув дополнительные требования, ЕС зашел в тупик, и пока вопрос либерализации визового режима еще не решен [Окутан, 2021]. Что касается финансовой помощи, которая должна быть предоставлена ЕС, между Турцией и ЕС сохраняются определенные разногласия в отношении времени, суммы и стиля работы. Согласно уведомлениям турецкой стороны, из 6 миллиардов евро, запланированных к отправке до конца 2018 года, на данный момент отправлено примерно 3,6 миллиарда евро [Окутан, 2021]. Однако, когда мы смотрим на заявления, сделанные со стороны ЕС, говорится, что было выделено 6 миллиардов евро, из которых 4,1 миллиарда евро были переведены, а 2 миллиарда евро выделены на бумаге для использования в рамках

қаңтарда 45 адамға дейін қысқара отырып, келесі жылдары осындай төмен деңгейлерде қалды [Біріккен Ұлттар Ұйымының босқындар ісі жөніндегі Жоғарғы комиссары, 2021b]. Осылайша, 2015 жылы Түркия-Грекия жолынан Еуропаға келушілердің саны 856,723-тен 2020 жылы 9,714-ке дейін төмендеді [Біріккен Ұлттар Ұйымының босқындар ісі жөніндегі Жоғарғы комиссары, 2021b]. Азаматтық соғыстың жалғасуына байланысты иммиграцияның үздіксіз ағыны Гибралтар арқылы аса қауіпті Ливия-Италия және Испания бағыттарына ауысты.

ЕО-ның визаны ырықтандыруы бойынша орындауы қажет 72 бабына Түркияның дайындығына қарамастан, ЕО қосымша талаптар қоя отырып, үдерістің ілгерілеуін тығырыққа тіреді және визаны ырықтандыру мәселесі әлі шешілген жоқ [Окутан, 2021]. ЕО-да қарастырылған қаржылық көмекке қатысты уақыт пен мөлшерде және жұмыс стилінде Түркия мен ЕО арасында белгілі бір келіспеушіліктер жалғасуда. Түрік тарапының хабарламаларына сәйкес, 2018 жылдың соңына дейін жоспарланған жалпы 6 миллиард еуродан осы уақытқа дейін шамамен 3,6 миллиард еуро жіберілген [Окутан, 2021]. Алайда, ЕО тарапының мәлімдемелеріне қарасақ, жобалар аясында бөлінген 6 миллиард еуроның 4,1 миллиард еуросының аударылғаны және 2 миллиард еуроның да жобалар аясындағы жұмсалғаны жайлы айтылған [Европалық комиссия, 2020]. Бұл мәселе бойынша, екі тарап арасындағы сомадағы келіспеушіліктің ЕО-ның үдерісті басқару тәсілінен туындағанын айтуға болады. Түрік жағы Сирияда азаматтық соғыс басталғаннан бері Түркияға паналаған сириялықтарға шамамен 40 миллиард долларлық гуманитарлық көмек бергенін хабарлады [Hurriyet, 2019]. Бұл көмек құралдарының барлығын Қызылай бастаған елдегі түрлі ұйымдар ұсынуда. ЕО жағы, Түркиядағы сириялықтарға бөлінген қаржылық ре-

проектов [Европейская комиссия, 2020]. По этому поводу мы можем сказать, что разногласия между двумя сторонами по поводу суммы проистекают из того, как ЕС управляет этим процессом. Турецкая сторона сообщает, что с начала гражданской войны в Сирии она предоставила примерно 40 миллиардов долларов гуманитарной помощи сирийцам, укрывшимся в Турции [Hurriyet, 2019]. Вся эта помощь предоставляется различными организациями в стране, особенно Красным Полумесяцем Турции. Сторона ЕС осуществляет финансирование проектов, в основном через аффилированные с ЕС учреждения, действующие в стране, вместо того, чтобы передавать финансовые ресурсы, выделенные для сирийцев в Турции, правительству и учреждениям Турции [Акгун, 2021].

Такой стиль управления создает впечатление, что турецкому правительству, местным учреждениям и организациям, работающим в сфере гуманитарной помощи, не доверяют. С другой стороны, исполнение денежных переводов по проектам значительно замедляет процесс. Кроме того, уровень участия местных организаций остается на низком уровне, поскольку координаторы проектов обычно предпочитают организации, близкие к ЕС или работающие в странах-членах, ссылаясь на различные критерии [Акгун, 2021]. Эти две основные причины помогают нам понять как временную задержку, так и спор по поводу количества. В то время как цифра, указанная турецкой стороной, относится к деньгам, перечисленным на проекты в стране, сумма, указанная ЕС, указывает на сумму, которую планируется перечислить на проекты на бумаге. Короче говоря, подход ЕС к этому вопросу в стиле фонда развития, а не гуманитарной помощи, и избирательное поведение руководителей проектов затрудняют быстрое и эффективное выполнение процесса.

сурстарды түрік үкіметі мен мекемелеріне берудің орнына, елде жұмыс істейтін ЕО елдеріне тәуелді мекемелер арқылы жүзеге асыруда [Ақгүн, 2021].

Бұл басқару тәсілі Түркия үкіметі мен гуманитарлық көмек саласында жұмыс істейтін жергілікті мекемелер мен ұйымдарға деген сенімсіздікті көрсетеді. Екінші жағынан, жобалық негізде ақша аударымдарын жүзеге асыру үдерісті едәуір баяулатады. Сонымен қатар, жоба үйлестірушілерінің ЕО-ға жақын немесе мүше елдерде әртүрлі критерийлер арқылы жұмыс істейтін ұйымдарды таңдауына байланысты отандық ұйымдардың қатысу деңгейі төмен деңгейде қалып отыр [Ақгүн, 2021]. Бұл екі негізгі себеп уақыттың кешігуін де, сан дауын да түсінуге көмектеседі. Түрік жағы көрсеткен сан елдегі жобаларға аударылған ақшаға қатысты болса, ЕО жағындағы сома жобаларға қағаз жүзінде аударылуға жоспарланған соманы көрсетеді. Қысқаша айтқанда, ЕО мәселеге гуманитарлық көмек логикасынан гөрі даму қорының стилімен қарауы және жоба басшыларының таңдамалы тәсілі үдерісті жылдам әрі тиімді жүргізуді қиындатады.

Реадмиссия үдерісінде 2016-2019 жылдар аралығында Грекиядан Түркияға барлығы 3,892 адам жіберілді. Тағы бір назар аударарлық мәселе, Түркия 2019 жылы тек 86 адамды қайта қабылдауы, 2020 жылы содан кейін бұл үдерісті одан әрі бәсеңдеткеннен кейін тоқтатты [Конгар, 2019; Deutsche Welle, 2021]. Осы оқиғалардың барлығына сәйкес Түркия ЕО міндеттемелерін орындамағанын білдіре отырып, Грекиядан сириялық тұрақты емес мигранттарды қайта қабылдау шарттарына сәйкес қабылдау үдерісін тоқтатуына байланысты Түркияның келісімді сақтамағаны туралы пікірлер туындай бастады. Бұл жағдай, қазірдің өзінде әлсіз құрылымда жұмыс істеп тұрған келісімнің қалған шарттары бойынша келіспеушіліктің көбеюіне се-

В процессе реадмиссии в общей сложности 3,892 человека были отправлены из Греции в Турцию в период с 2016 по 2019 год. Еще одна примечательная проблема заключается в том, что Турция повторно приняла только 86 человек в 2019 году и приостановила этот процесс в 2020 году после его дальнейшего замедления [Конгар, 2019; Deutsche Welle, 2021]. В свете всех этих событий Турция заявила, что ЕС не выполняет свои обязательства по соглашению, поэтому решила приостановить процесс приема сирийских нелегальных мигрантов из Греции, что породило дискурс о том, что Турция не соблюдает соглашение. Эта ситуация усложнила характер сотрудничества, вызвав рост разногласий по остальным элементам соглашения, которое уже действует в хрупкой структуре, достигшей сегодняшнего дня.

В целом для улучшения отношений между Турцией и ЕС очень важно, чтобы обе стороны выполнили обещания, данные друг другу в рамках Соглашения о беженцах. На данный момент Турция заявляет, что План действий в области прав человека, который охватывает 9 целей и 50 задач, был подготовлен для удовлетворения остальных критериев, касающихся либерализации визового режима, и в то же время требует ускорения заключения соглашения о таможенном союзе и переговоров о членстве в ЕС, а также выполнения других условий соглашения со стороны ЕС [Окутан, 2021].

Со стороны ЕС известно, что внутрисоюзные переговоры о продлении Соглашения о беженцах продолжаются. После встречи стран ЕС по этому вопросу в декабре 2020 года было решено выделить Турции 485 миллионов евро до конца 2021 года [Deutsche Welle, 2021]. Согласно разделу о миграции в отчете Верховного представителя ЕС по международным отношениям и политике без-

беп болып, бүгінгі күнге дейін сақталды.

Жалпы Түркия мен ЕО арасындағы қатынастарды жақсарту мақсатында, екі жақтың Босқындар келісімі аясында бір-біріне берген уәделерін орындауы өте маңызды. Түркия 9 мақсат пен 50 мақсатты қамтитын Адам құқықтары жөніндегі іс-қимыл жоспарының визаны ырықтандыруға қатысты қалған критерийлерді орындау үшін дайындалғанын мәлімдеп қана қоймай, сонымен бірге, кедендік одақ келісімі мен ЕО мүшелік келіссөздерінің жылдамдатылуын және келісімнің басқа шарттарының орындалуын талап етеді [Окутан, 2021].

ЕО жағынан Босқындар туралы келісімді жаңарту туралы одақ ішіндегі келіссөздердің жалғасқаны белгілі және ЕО елдерінің 2020 жылғы желтоқсанда өткен мәселе бойынша бірінші кездесуінен кейін 2021 жылдың соңына дейін Түркияға 485 миллион еуро бөлу туралы шешім қабылданды [Deutsche Welle, 2021]. ЕО Сыртқы қатынастар және қауіпсіздік саясаты жоғары өкілі Джозеп Борреллдің ЕО-ның 25-26 наурызындағы саммитінің Түркиямен қарым-қатынасы туралы есебінің көші-қон бөліміне көз жүгіртетін болсақ, кейбір таңдаулы бағыттар бойынша ынтымақтастықты жақсарту керектігін қолдайтынын көреміз. Олардың арасында Боррелл Түркия мен ЕО арасындағы қолданыстағы Кедендік одақ туралы келісімді екі тарапқа да тиімді етіп жаңартылуын, әсіресе ауылшаруашылығы, қызмет көрсету, цифрлық экономика және тендерлік жүйелерде ЕО-дан рұқсат күтетінін баяндаған. Екі жақтың экономика, энергетика, саяси оқиғалар, сыртқы және қауіпсіздік саясат пен жасыл экономика сияқты салалардағы жоғары деңгейдегі кездесулері мен диалогтарын жандандыруға және және Erasmus+, Horizon Europe сияқты жобаларды тиімді қолдана отырып, қауымдастықтар арасындағы қатынастарды нығайтуға кеңес берген. Реадмиссия үдерісі аясында Түркияның

опасности Джозепа Боррелла, который был представлен на саммите ЕС 25-26 марта 2021 года, мы видим, что он выступает за улучшение сотрудничества в некоторых отдельных областях. В числе прочего Боррелл заявляет, что ожидает от ЕС разрешения на продление действующего соглашения о Таможенном союзе между Турцией и ЕС таким образом, чтобы это принесло пользу обеим сторонам и, в частности, для развития сельского хозяйства, услуг, цифровой экономики и системы закупок. Рекомендуется возобновить встречи и диалоги на высоком уровне между двумя сторонами в таких областях, как экономика, энергетика, политические вопросы, внешняя политика и политика безопасности, зеленая экономика, а также укрепление межобщинных отношений с эффективным использованием таких проектов, как Erasmus + и Горизонт Европы. В рамках процесса реадмиссии предусматривается, что Турция повторно примет 1,450 беженцев из Греции и что процедуры возвращения сирийцев из Турции будут ускорены [BBC, 2021]. Однако во всех этих заявлениях Боррелла не усматривается важная нота или шаг по вопросу либерализации визового режима. Переговорный процесс по соглашению о беженцах, который планируется возобновить, планируется завершить в 2022 году [Ульгер, 2021].

Таким образом, когда мы смотрим на ожидания сторон от Соглашения о беженцах, турецкая сторона подходит к этому событию с точки зрения выполнения обязательств ЕС по первоначальной сделке. С другой стороны, примечательно, что ЕС воздерживается от комментариев по поводу либерализации визового режима, но с нетерпением ожидает возобновления таможенного соглашения, эффективного выполнения процесса реадмиссии и улучшения отношений в целом. С другой стороны, отсутствие какого-либо упоминания о регулировании использования фондов помощи

Грекиядан келген 1,450 босқынды қайта қабылдауы және оның орнына Түркиядан алынатын сириялықтардың рәсімдерінің жеделдетілуі көзделеді [BBC, 2021]. Алайда, Борреллдің барлық осы мәлімдемелерінде визаны ырықтандыру мәселесіне қатысты маңызды ескерту немесе қадам көрінбейді. Жаңартылуы жоспарланған Босқындар келісімінің келіссөздер үдерісін 2022 жылы аяқтау жоспарланған [Үльгер, 2021].

Қысқаша айтқанда, тараптардың Босқындар туралы келісімінен күткен үміттерін қарастырған кезде, түрік жағының іс-шараға ЕО-ның бастапқы келісімдегі міндеттемелерін орындауына негізделгенін көруге болады. ЕО-ның кедендік келісімді жаңартуға, реадмиссия рәсімін тиімді жүргізуге және жалпы қарым-қатынасты жақсартуға оң көзқараспен қараса, визаны ырықтандыру туралы сөз етпеуі назар аудартады. Екінші жағынан, көмек қорларын пайдалану туралы да айтылмауы және аудару жоспарланған қаражаттың алдыңғы көрсеткіштен әлдеқайда төмендігі ЕО-ның визаларды ырықтандыру және көмек қорларына қатысты көзқарасында өзгерістің жоқтығын көрсетеді. Осы жағдайларды ескере отырып, жаңа келіссөздер үдерісінің қалай жүретіні тараптардың әртүрлі мәселелерде қаншалықты жеңілдіктер жасайтындығына байланысты болатындығын білдіре отырып, алдағы уақытта осы үдерістің барысын бірге бақылайтын боламыз.

**Дереккөз:**

Ақгүн, Тұғченур (2021). ЕО алдымен «еуропалық құндылықтар» дискурсын орындауы керек. Сілтеме: https://www.aa.com.tr/tr/analiz/-avrupa-degerleri-soyleminin-geregini-once-ab-yerine-getirmeli/2203172. Қаралған уақыты: 28.05.2021.

BBC (2020). Босқындар дағдарысы: Түркия мен ЕО арасындағы «Мигранттық келісім» нені қамтыды? Сілтеме: https://www.bbc.com/turkce/haberler-dunya-51724776. Қаралған уақыты: 27.05.2021.

BBC (2021). ЕО саммитінде Түркиямен Кедендік одақ және Көші-қон келісімі шешімі шығады ма? Сілтеме: https://www.bbc.com/turkce/haberler-

и тот факт, что сумма средств, которые должны быть переведены, намного ниже предыдущей суммы, показывает, что нет никаких изменений во взглядах ЕС на либерализацию визового режима и фонды помощи. В свете всех этих событий, заявляя, что развитие нового переговорного процесса зависит от того, насколько стороны сделают уступки по различным вопросам, мы будем вместе следить за ходом этого процесса в предстоящий период.

**Источники:**

Акгун, Тугсенур (2021). ЕС должен сначала выполнить дискурс «европейских ценностей». Доступно по адресу: https://www.aa.com.tr/tr/analiz/-avrupa-degerleri-soyleminin-geregini-once-ab-yerine-getirmeli/2203172. Дата обращения: 28.05.2021.

BBC (2020). Кризис с беженцами: что охватывает «соглашение о мигрантах» между Турцией и ЕС? Доступно по адресу: https://www.bbc.com/turkce/haberler-dunya-51724776. Дата обращения: 27.05.2021.

BBC (2021). Будет ли решение о Таможенном союзе и миграционном соглашении с Турцией обнародовано на саммите ЕС? Доступно по адресу: https://www.bbc.com/turkce/haberler-dunya-56519027. Дата обращения: 28.05.2021.

Верховный комиссар Организации Объединенных Наций по делам беженцев (2021a). Ситуация в Сирии. Доступно по адресу: https://data2.unhcr.org/en/situations/syria. Дата обращения: 26.05.2021.

Верховный комиссар Организации Объединенных Наций по делам беженцев (2021b). Статус беженцев на морском и наземном транспорте. Доступно по адресу: https://data2.unhcr.org/en/situations/mediterranean/location/5179. Дата обращения: 27.05.2021.

Deutsche Welle (2021). Боррелл сказал, что соглашение между ЕС и Турцией о беженцах необходимо обновить. Доступно по адресу: https://www.dw.com/tr/borrell-ab-t%C3%BCrkiye-m%C3%BClteci-anla%C5%9Fmas%C4%B1n%C4%B1n-yenilenmesi-gerekti%C4%9Fini-s%C3%B6yledi/a-56883188. Дата обращения: 28.05.2021.

Европейская комиссия (2020). ЕС подписывает окончательные контракты в рамках бюджета Фонда для беженцев в Турции в размере 6 миллиардов евро. Доступно по адресу: https://ec.europa.eu/commission/presscorner/detail/en/IP_20_2487. Дата обращения: 28.05.2021.

dunya-56519027. Қаралған уақыты: 28.05.2021.

Біріккен Ұлттар Ұйымының босқындар ісі жөніндегі Жоғарғы комиссары (2021a). Сириядағы жағдай. Сілтеме: https://data2.unhcr.org/en/situations/syria. Қаралған уақыты: 26.05.2021.

Біріккен Ұлттар Ұйымының босқындар ісі жөніндегі Жоғарғы комиссары (2021b). Босқындардың теңіз және құрлықтағы тасымалдау жағдайы. Сілтеме: https://data2.unhcr.org/en/situations/mediterranean/location/5179. Қаралған уақыты: 27.05.2021.

Deutsche Welle (2021). Боррел ЕО пен Түркия босқындар келісімінің жаңартылуы керектігін айтты. Сілтеме: https://www.dw.com/tr/borrell-ab-t%C3%BCrkiye-m%C3%BClteci-anla%C5%9Fmas%C4%B1n%C4%B1n-yenilenmesi-gerekti%C4%9Fini-s%C3%B6yledi/a-56883188. Қаралған уақыты: 28.05.2021.

Еуропа комиссиясы (2020). ЕО Түркиядағы босқындарға арналған мекеменің 6 миллиард еуро бюджеті бойынша қорытынды келісімдерге қол қойды. Сілтеме: https://ec.europa.eu/commission/presscorner/detail/en/IP_20_2487. Қаралған уақыты: 28.05.2021.

Hurriyet (2019). Фуат Октай: Сириялық босқындарға жұмсаған шығынымыз 40 миллиард доллардан асты. Сілтеме: https://www.hurriyet.com.tr/gundem/son-dakika-cumhurbaskani-yardimcisi-oktaydan-guvenli-bolge-aciklamasi-41382767. Қаралған уақыты: 28.05.2021.

Конгар, Керем (2019). ЕО-мен Реадмиссия келісімінен кейін Грекиядан Түркияға қанша босқын жіберілді? Сілтеме: https://tr.euronews.com/2019/08/06/ab-ile-yapilan-geri-kabul-anlasmasinin-ardindan-yunanistandan-turkiyeye-kac-multeci-gonder. Қаралған уақыты: 28.05.2021.

Меше, Зафер (2021). Түркия-ЕО қарым-қатынастарының барысы 18 наурыздағы келісімнің міндеттемелерімен анықталады. Сілтеме: https://www.setav.org/turkiye-ab-iliskilerinin-seyrini-18-mart-mutabakatinin-yukumlulukleri-belirleyecek/. Қаралған уақыты: 27.05.2021.

Окутан, Буржу (2021). Адам құқықтары жөніндегі іс-қимыл жоспары ЕО шарттарының орындалғанын, бірақ Одақтың көзқарасы бекітілгенін көрсетеді. Сілтеме: https://tr.sputniknews.com/columnists/202103051043960780-insan-haklari-eylem-plani-abnin-sartlarinin-yerine-getirildigini-gosteriyor-ancak-birligin-tavri/. Қаралған уақыты: 27.05.2021.

Терри, Кила (2021). ЕО-Түркия мәмілесі, бес жыл: тозған және даулы, бірақ тұрақты жоспар. Сілтеме: https://www.migrationpolicy.org/article/eu-turkey-deal-five-years-on#:~:text=The%20promise%20of%20one%2Dto,72%2C000%20outlined%20in%20the%20deal. Қаралған уақыты: 27.05.2021.

Түркия Сыртқы істер министрлігі (2021). Түркия мен ЕО арасындағы 18 наурыздағы келісім бойын-

Hurriyet (2019). Фуат Октай: Наши расходы на сирийских беженцев превысили 40 миллиардов долларов. Доступно по адресу: https://www.hurriyet.com.tr/gundem/son-dakika-cumhurbaskani-yardimcisi-oktaydan-guvenli-bolge-aciklamasi-41382767. Дата обращения: 28.05.2021.

Конгар, Керем (2019). Сколько беженцев было отправлено из Греции в Турцию после заключения соглашения о реадмиссии с ЕС? Доступно по адресу: https://tr.euronews.com/2019/08/06/ab-ile-yapilan-geri-kabul-anlasmasinin-ardindan-yunanistandan-turkiyeye-kac-multeci-gonder. Дата обращения: 28.05.2021.

Меше, Зафер (2021). Курс отношений Турция-ЕС будет определяться обязательствами по Соглашению от 18 марта. Доступно по адресу: https://www.setav.org/turkiye-ab-iliskilerinin-seyrini-18-mart-mutabakatinin-yukumlulukleri-belirleyecek/. Дата обращения: 27.05.2021.

Министерство иностранных дел Турции (2021). Вопросы и ответы по соглашению между Турцией и ЕС от 18 марта. Доступно по адресу: https://www.mfa.gov.tr/turkiye-ab-arasinda-18-mart_ta-varilan-mutabakata-iliskin-soru-cevaplar.tr.mfa. Дата обращения: 27.05.2021.

Терри, Кайла (2021). Сделка между ЕС и Турцией, пять лет спустя: изношенный и противоречивый, но прочный план. Доступно по адресу: https://www.migrationpolicy.org/article/eu-turkey-deal-five-years-on#:~:text=The%20promise%20of%20one%2Dto,72%2C000%20outlined%20in%20the%20deal. Дата обращения: 27.05.2021.

Окутан, Буржу (2021). План действий по правам человека показывает, что условия ЕС выполнены, но позиция Союза воплощена». Доступно по адресу: https://tr.sputniknews.com/columnists/202103051043960780-insan-haklari-eylem-plani-abnin-sartlarinin-yerine-getirildigini-gosteriyor-ancak-birligin-tavri/. Дата обращения: 27.05.2021.

Ульгер, Ирфан Кая (2021). Место Турции в сценариях будущего ЕС. Доступно по адресу: https://www.aa.com.tr/tr/analiz/ab-gelecek-senaryolarinda-turkiye-nin-yeri/2203220. Дата обращения: 28.05.2021.

ша сұрақтар мен жауаптар. Сілтеме: https://www.mfa.gov.tr/turkiye-ab-arasinda-18-mart_ta-varilan-mutabakata-iliskin-soru-cevaplar.tr.mfa. Қаралған уақыты: 27.05.2021.

Улгер, Ирфан Кая (2021). Түркияның ЕО болашақ сценарийлеріндегі орны. Сілтеме: https://www.aa.com.tr/tr/analiz/ab-gelecek-senaryolarinda-turkiye-nin-yeri/2203220. Қаралған уақыты: 28.05.2021.

# ПАНДЕМИЯ COVID-19 И ДЕНЕЖНЫЕ ПЕРЕВОДЫ В ЦЕНТРАЛЬНУЮ АЗИЮ

# COVID-19 ПАНДЕМИЯСЫ ЖӘНЕ ОРТАЛЫҚ АЗИЯҒА ЖІБЕРІЛГЕН АҚША АУДАРЫМДАРЫ

*Жармухамед Зардыхан* *

С самого начала негативное влияние нынешней пандемии COVID-19 на международную мобильность людей, особенно трудовую миграцию, из-за закрытых границ и ограничений на поездки казалось бы неизбежным, как предполагалось в отчете Организации Объединенных Наций; только в период с июля 2019 года по июнь 2020 года миграция снизилась примерно на 27 процентов, при этом общее количество мигрантов достигло 280,5 миллиона [Департамент Организации Объединенных Нацийпо экономическим и социальным вопросам, 2020]. Из них международные рабочие-мигранты составили около 169 миллионов, или около 5 процентов мировой рабочей силы [Организации Объединенных Наций Новости, 2021], и, следовательно, их занятость, благосостояние, социальные переводы и даже экономика стран их происхождения ожидаемо должны были пострадать от глобальной пандемии. Уже в апреле 2020 года в отчете Международной организации по миграции (МОМ) будет изложен довольно пессимистический сценарий для рабочих-мигрантов в Центральной Азии и Российской Федерации, где они были названы «одними из наиболее пострадавших от пандемии COVID-19», поскольку сокращение денежных переводов примерно 7,6 миллиона мигрантов из Центральной Азии серьезно повлияет на экономику стран Центральной Азии, что приведет, например, к потере около 5 процентов ВВП или 361 миллиона долларов США только для Кыргызстана [Международная организация по миграции, 2020].

COVID-19 пандемиясының басынан бастап, халықаралық көші-қон, әсіресе жабық шекаралар мен саяхаттар шектеулеріне байланысты еңбек көші-қонына кері әсері сөзсіз. Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) есебіне сәйкес, тек 2019 жылдың шілдесінен бастап 2020 жылдың маусымына дейінгі аралықта халықаралық көші-қон шамамен 27%-ға төмендеп, 280,5 миллионға түскені болжанды [Біріккен Ұлттар Ұйымының Экономикалық және әлеуметтік департаменті, 2020]. Олардың ішінен халықаралық еңбек мигранттары шамамен 169 миллионды немесе әлемдік жұмыс күшінің шамамен 5%-ын құрады [Біріккен Ұлттар Ұйымының жаңалықтары, 2021], содан кейін ғаламдық пандемияның жұмыспен қамту, әл-ауқат, әлеуметтік ақша аударымдары және тіпті олардың шыққан елдерінің экономикаларына ықпал етуі күтілуде. 2020 жылдың сәуірінде Халықаралық көші-қон ұйымының есебінде Орталық Азия мен Ресей Федерациясындағы еңбекші-мигранттарға қатысты өте пессимистік сценарий ұсынылатын болады. Өйткені оларды «COVID-19 пандемиясынан қатты зардап шеккендердің қатарына» жатқыза отырып, бүкіл әлем бойынша шамамен 7,6 миллион ортаазиялық иммигранттардың азайған ақша аударымдары Орталық Азия экономикасына қатты әсер еткен болар еді. Мысалы, тек Қырғызстан үшін бұл жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) шамамен 5%-ын немесе 361 миллион долларды жоғалтуға әкеп соқтырады [Халықаралық көші-қон ұйымы, 2020].

* доктор, Евразийский научно-исследовательский институт, Казахстан.
zardykhan@gmail.com

Недавние оценки Всемирного банка показали относительно меньшее снижение на 1,6 процента официально зарегистрированных потоков денежных переводов в так называемые страны с низким и средним уровнем доходов (СНСД) в 2020 году (540 миллиардов долларов США) по сравнению с 2019 годом (548 миллиардов долларов США), однако денежные переводы в Европу и Центральную Азию снизились на 9,7 процента, что намного выше среднемирового показателя [Всемирный банк, 2021]. Следует также отметить, что даже до глобальной пандемии ежегодные денежные переводы в Центральную Азию неуклонно сокращались, поскольку в период с 2013 по 2016 год они снизились на 46 процентов из-за возвращения миллионов рабочих из-за границы, что привело к заметному снижению роста ВВП в Центральной Азии [Международная организация по миграции, 2020]. Частично это, по всей видимости, было связано с ухудшающимся состоянием российской экономики, где, в основным, осуществляется деятельность трудовых мигрантов из Центральной Азии, что, в свою очередь, привело к безработице и экономическим трудностям в регионе [Бернс, 2021]. Это особенно тревожно, поскольку отчеты Всемирного банка не очень оптимистичны в отношении оживления российской экономики и прогнозируют умеренное восстановление только к 2022 году [Всемирный банк, 2020a].

Однако в апреле 2020 года, когда началась глобальная пандемия, в отчете Всемирного банка прогнозировалось, что денежные переводы в СНСД упадут на 19,7 процента в мире и на 27,5 процента в Европе и Центральной Азии, что станет самым высоким спадом среди глобальных субрегионов [Всемирный банк, 2020b]. Хотя относительно небольшое сокращение глобальных денежных переводов было частично связано с необходимостью перевода денежных

Дүниежүзілік банктің соңғы деректері 2020 жылы (540 миллиард доллар) 2019 жылмен (548 миллиард доллар) салыстырғанда, төмен және орта табысы бар елдерге (LMIC) ресми тіркелген ақша аударымы ағындарының салыстырмалы түрде аз, яғни 1,6% төмендеуін анықтады. Еуропа мен Орталық Азияға ақша аударымдары әлемдік орташа азаюдан да төмен болып, 9,7%-ға құлдарады [Дүниежүзілік банк, 2021]. Сонымен қатар, жаһандық пандемияға дейін де 2013-2016 жылдар аралығында шетелдерден миллиондаған жұмысшылардың оралуына байланысты Орталық Азияға жыл сайынғы ақша аударымдары 46%-ға төмендегенін және соның салдарынан Орталық Азия ЖІӨ өсімінің белгілі мөлшерде төмендеуін айта кеткен жөн [Халықаралық көші-қон ұйымы, 2020]. Бұл ішінара Орталық Азиядағы еңбекші-мигранттардың негізгі бағыты болып табылатын Ресей экономикасындағы құлдырауға байланысты аймақтағы жұмыссыздық пен экономикалық қиындықтарды тудырғанын айтуға болады [Бернс, 2021]. Бұл өте алаңдаушылық туғызады, өйткені Дүниежүзілік банктің есептері Ресей экономикасының қалпына келуіне оптимистік түрде қарамауда және 2022 жылы ғана орташа қалпына келуін болжайды [Дүниежүзілік банк, 2020a].

Дүниежүзілік банктің баяндамасында 2020 жылдың сәуірінде жаһандық пандемия басталған кезде LMIC-ке ақша аударымдары әлемде 19,7%-ға және Еуропа мен Орталық Азияда 27,5%-ға төмендегенін болжаған және бұл көрсеткіш оны әлемдік субаймақтар арасындағы ең жоғары құлдырауға ұшыраған аймаққа айналдырады [Дүниежүзілік банк, 2020b]. Жаһандық ақша аударымдарының салыстырмалы түрде төмендеуі ішінара туристік шектеулерге байланысты ресми арналар арқылы ақша аудару қажеттілігімен байланысты болса да, кейбіреулері бай елдердегі үкіметтің кең қолдауын ақша аударымдарының қозғаушы күші ретінде санайды [Чон, 2021].

переводов через официальные каналы из-за глобальных ограничений на поездки, некоторые видят широкую государственную поддержку в богатых странах как движущую силу неожиданно сильных потоков денежных переводов [Чон, 2021], которые могут быть причиной относительно высокого сокращения потоков денежных переводов в Центральную Азию, поскольку Россия, основной пункт назначения для трудовых мигрантов из Центральной Азии, не оказывала заметной государственной поддержки. Причина значительных потоков денежных переводов может быть несколько мрачнее, согласно посланию Генерального секретаря Организации Объединенных Наций Антониу Гутерришу по случаю Международного дня денежных переводов семьям, поскольку он отмечает, что «мигранты ставят на первое место потребности своих семей, сокращая личное потребление и стараясь накопить сбережения» [Генеральный секретарь Организации Объединенных Наций, 2021].

Тем не менее, несмотря на падение в 25 процентов в первой половине 2020 года, денежные переводы, отправленные из России миллионами работников из Центральной Азии, которые иногда составляли до 30 процентов ВВП некоторых стран региона, оказались жизненно важными для смягчения экономической и социальной политики. Влияние пандемии COVID-19 на всю Центральную Азию [Астрашевская, 2021]. Некоторые, однако, считают зависимый от денежных переводов характер экономики стран Центральной Азии уязвимой не полностью устойчивой моделью, которая стала особенно уязвимой во время пандемии COVID-19, поскольку, согласно данным за 2019 год, 28,6 процента ВВП Таджикистана, 28,5 процента ВВП Кыргызстана и 14,8 процента ВВП Узбекистана зависели от денежных переводов, особенно из России [Секута и др., 2021]. Более того, в 2019 году Таджи-

Орталық Азиядағы еңбекші-мигранттардың негізгі бағыты Ресей айтарлықтай мемлекеттік қолдау көрсетпегендіктен, бұл Орталық Азияға ақша аударымдарының салыстырмалы түрде жоғары дәрежеде төмендеуіне себеп болуы мүмкін. Біріккен ұлттар ұйымының Бас хатшысы Антонио Гутерриштің Халықаралық отбасылық ақша аудару күніне орай жолдаған хабарламасына сәйкес, ақша аударымдарының айтарлықтай ағындарының себебі сәл пессимистік болуы мүмкін. Себебі Бас хатшы көбірек ақша аударуды иммигранттардың отбасыларының қажеттіліктеріне басымдық беру, жеке тұтыну шығындарын азайту және үнемдеуді пайдалану арқылы көбірек ақша аударуға болатындығын мәлімдейді [Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы, 2021].

Сонымен қатар, 2020 жылдың бірінші жартыжылдығында 25%-дық төмендеуге қарамастан, Ресейден миллиондаған Орталық Азия жұмысшылары жіберген және кейде кейбір аймақтық елдердің ЖІӨ-нің 30%-ын құраған ақша аударымдары, Орталық Азиядағы COVID-19 эпидемиясының экономикалық және әлеуметтік әсерін төмендетуде өмірлік маңызы бар екендігі дәлелденді [Астрашеуская, 2021]. Алайда, кейбір мамандар Орталық Азия экономикасының ақша аударымына тәуелді сипатын осал және толық емес модель ретінде санайды. 2019 жылғы мәліметтер бойынша Тәжікстанның ЖІӨ-нің 28,6%-ы, Қырғызстанның 28,5% ы және Өзбекстанның 14,8%-ы әсіресе Ресейден ақша аударымдарына негізделген және COVID-19 эпидемиясы кезінде қиындықтарға тап болды [Секута және т.б., 2021]. Сондай-ақ, 2019 жылы Тәжікстан мен Қырғызстан, Непал, Гаити және Тонгадан кейін, ЖІӨ бойынша әлемдегі ақша аударымына тәуелді төртінші және бесінші экономика болды [Бернс, 2021].

Ақша аударымдары ЖІӨ-нің 0,3%-ын ғана құрайтындықтан, Қазақстан Орталық Азия жұмысшыларының барғысы

кистан и Кыргызстан заняли четвертое и пятое место в мире по степени зависимости от денежных переводов в процентах от ВВП после Непала, Гаити и Тонги [Бернс, 2021].

Поскольку на денежные переводы приходится всего 0,3 процента ВВП, Казахстан является скорее страной назначения для работников из Центральной Азии, тем не менее, официальные денежные переводы в Казахстан увеличились в период с 2012 по 2019 год с 276 миллионов долларов США до 614 миллионов долларов США, причем денежные переводы из Южной Кореи увеличились в шестьдесят раз с 1,7 миллиона долларов США в 2012 году до 105 миллионов долларов США в 2019 году [Казинформ, 2021a]. В то же время, несмотря на глобальную пандемию, денежные переводы из Казахстана увеличились на 20 процентов до 787,7 миллиарда тенге (примерно 1,89 миллиарда долларов США) по сравнению с 2019 годом, с Россией (27,1 процента), Кыргызстаном (21 процент), Узбекистаном (19,5 процента) и Турцией (17,4 процента), являющимися основными направлениями [Казинформ, 2021b].

Что касается стран региона, зависящих от денежных переводов, чье благосостояние, занятость и определенные секторы экономики серьезно пострадали от пандемии COVID-19 и нарушения трудовой миграции и потоков денежных переводов, осуществление внутренних экономических реформ и содействие стабильной бизнес среде представляется важным шагом на пути к снижению сильной зависимости от зарубежных стран [Шералиев, 2021]. Кроме того, помимо денежных переводов, сильная и постоянная зависимость от денежных переводов часто сопровождается так называемыми «социальными переводами», которые вносят изменения в идеи, практики и идентичности [Лакруас и др., 2016], что может потенциально привести к социально-политической розни.

келетін ел болып табылады. Сонымен қатар, Қазақстанға ресми аударымдар 2012-2019 жылдар аралығында 276 миллион доллардан 614 миллион долларға дейін өскен болатын. Мысалы, Оңтүстік Кореядан ақша аударымдары 2012 жылы 1,7 миллион доллардан 2019 жылы 105 миллион долларға дейін 60 есеге өсті [ҚазАқпарат, 2021a]. Сонымен қатар, әлемдік эпидемияға қарамастан, Қазақстаннан ақша аударымдары 2019 жылмен салыстырғанда 20% өсіп, 787,7 миллиард теңгеге жетті (шамамен 1,89 миллиард доллар). Ресей (27,1%), Қырғызстан (21%), Өзбекстан (19,5%) және Түркия (17,4%) Қазақстанның ақша аударған негізгі елдері болды [ҚазАқпарат, 2021b].

Әл-ауқаты, жұмыспен қамту денсаулығы және экономиканың жекелеген салалары COVID-19 пандемиясы мен еңбек көші-қонының және ақша аударымдарының ақауларының бұзылуынан қатты зардап шеккен аймақтағы ақша аударымына тәуелді елдерді қарастырсақ, ішкі экономикалық реформаларды жүзеге асыру және тұрақты іскерлік жағдайды жеңілдету шетелдерге деген тәуелділікті төмендетуге бағытталған маңызды қадам болып көрінеді [Шералиев, 2021]. Сонымен қатар, ақша аударымдарынан басқа, ақша аударымдарына қатты және тұрақты тәуелділік көбінесе идеяларды, тәжірибелер мен жеке тұлғаны өзгертетін «әлеуметтік ақша аударымдарымен» бірге жүреді [Лакруа және т.б, 2016]. Бұл да әлеуметтік-саяси диссонансқа әкелуі мүмкін.

**Дереккөз:**

Астрашеуская, Анастасия (2021). Ақша аударымдары Орталық Азияны пандемиядан қорғауға көмектеседі. Сілтеме: https://www.ft.com/content/79ccf363-942a-4be9-8a18-df0e91bcee5b. Қаралған уақыты: 12.07.2021.

Бернс, Эван (2021). Жаһандық пандемия кезінде Ақша аударымына тәуелді экономикалардың тағдыры. Сілтеме: www.globalpolicyjournal.com/blog/08/03/2021/fate-remittance-dependent-economies-global-pandemic. Қаралған уақыты: 12.07.2021.

**Источники:**

Астрашевская, Анастасия (2021). Денежные переводы помогают смягчить последствия пандемии в Центральной Азии. Доступно по адресу: https://www.ft.com/content/79ccf363-942a-4be9-8a18-df0e91bcee5b. Дата обращения: 12.07.2021.

Бернс, Эван (2021). Судьба экономики, зависящей от денежных переводов, в условиях глобальной пандемии. Доступно по адресу: https://www.globalpolicyjournal.com/blog/08/03/2021/fate-remittance-dependent-economies-global-pandemic. Дата обращения: 12.07.2021.

Всемирный банк (2021). Вопреки прогнозам, денежный перевод потоки остаются высокими во время кризиса COVID-19. Доступно по адресу: https://www.worldbank.org/en/news/press-release/2021/05/12/defying-predictions-remittanceflows-remain-strong-during-covid-19-crisis. Дата обращения: 12.07.2021.

Всемирный банк (2020a). Россия: рецессия и рост в тени пандемии. Доступно по адресу: https://openknowledge.worldbank.org/bitstream/handle/10986/34219/Russia-Recession-and-Growth-Under-the-Shadow-of-a-Pandemic.pdf?sequence=4&isAllowed=y. Дата обращения: 12.07.2021.

Всемирный банк (2020b). Всемирный банк прогнозирует самое резкое сокращение денежных переводов в новейшей истории. Доступно по адресу: https://www.worldbank.org/en/news/press-release/2020/04/22/world-bank-predicts-sharpest-decline-of-remittances-in-recent-history. Дата обращения: 12.07.2021.

Генеральный секретарь Организации Объединенных Наций (2021). Послание Генерального секретаря по случаю Международного дня семейные денежные переводы. Доступно по адресу: https://www.un.org/sg/en/content/sg/statement/2021-06-16/secretary-generals-message-the-international-day-of-family-remittances-scroll-down-for-french-version. Дата обращения: 12.07.2021.

Департамент Организации Объединенных Наций по экономическим и социальным вопросам (2020). Основные моменты международной миграции 2020. Доступно по адресу: https://www.un.org/development/desa/pd/sites/www.un.org.development.desa.pd/files/undesa_pd_2020_international_migration_highlights.pdf. Дата обращения: 12.07.2021.

Казинформ (2021a). Депутаты просят работать решить вопрос об упрощении получения рабочая виза в Южную Корею для казахстанцев. Доступно по адресу: https://www.inform.kz/ru/prorabotat-

Біріккен Ұлттар Ұйымының Экономикалық және әлеуметтік департаменті (2020). Халықаралық көші-қон 2020 маңызды сәттері. Сілтеме: https://www.un.org/development/desa/pd/sites/www.un.org.development.desa.pd/files/undesa_pd_2020_international_migration_highlights.pdf. Қаралған уақыты: 12.07.2021.

Біріккен Ұлттар Ұйымының (2021). Мигрант жұмысшы саны бес миллионға өсті. Сілтеме: https://news.un.org/en/story/2021/06/1095082. Қаралған уақыты: 12.07.2021.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы (2021). Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысының халықаралық отбасылық ақша аударымдары күніне арналған жолдауы. Сілтеме: https://www.un.org/sg/en/content/sg/statement/2021-06-16/secretary-generals-message-the-international-day-of-family-remittances-scroll-down-for-french-version. Қаралған уақыты: 12.07.2021.

Дүниежүзілік банк (2021). COVID-19 дағдарысы кезінде ақша аударымдары болжамдарды жоққа шығарып, аударымдар кушін жоғалтпады. Сілтеме: https://www.worldbank.org/en/news/press-release/2021/05/12/defying-predictions-remittanceflows-remain-strong-during-covid-19-crisis. Қаралған уақыты: 12.07.2021.

Дүниежүзілік банк (2020a). Ресейде пандемияның көлеңкесінде құлдырау және өсу динамикалары. Сілтеме: https://openknowledge.worldbank.org/bitstream/handle/10986/34219/Russia-Recession-and-Growth-Under-the-Shadow-of-a-Pandemic.pdf?sequence=4&isAllowed=y. Қаралған уақыты: 12.07.2021.

Дүниежүзілік банк (2020b). Дүниежүзілік банк ақша аударымдары тарихындағы ен үлкен денгейде төмендейтінін болжайды. Сілтеме: https://www.worldbank.org/en/news/press-release/2020/04/22/world-bank-predicts-sharpest-decline-of-remittances-in-recent-history. Қаралған уақыты: 12.07.2021.

ҚазАқпарат (2021a). Депутаттар Оңтүстік Кореяға еңбек визасын алуды жеңілдету мәселесін қазақстандықтар үшін колға алуды сұрайды. Сілтеме: https://www.inform.kz/ru/prorabotat-vopros-uproscheniya-polucheniya-trudovoy-vizy-v-yuzhnuyu-koreyu-dlya-kazahstancev-prosyat-deputaty_a3770287. Қаралған уақыты: 12.07.2021.

ҚазАқпарат (2021b). Қазақстаннан басқа елдерге ақша аударымдары 20%-ға өсті. Сілтеме: https://www.inform.kz/ru/denezhnye-perevody-iz-kazahstana-v-drugie-strany-uvelichilis-na-20_a3751977. Қаралған уақыты: 12.07.2021.

Лакруа, Томас, Левитт, Пегги және Илька, Вари-Лавуазье (2016). Әлеуметтік аударымдар және өзгермелі трансұлттық саяси пейзаж. Comparative Migration Studies, 4 (16), бб. 1-5.

Секута, Роберт, Данте, Шульц және Джереми,

vopros-uproscheniya-polucheniya-trudovoy-vizy-v-yuzhnuyu-koreyu-dlya-kazahstancev-prosyat-deputaty_a3770287. Дата обращения: 12.07.2021.

Казинформ (2021б). Денежные переводы от Казахстан в другие страны увеличился на 20%. Доступно по адресу: https://www.inform.kz/ru/denezhnye-perevody-iz-kazahstana-v-drugie-strany-uvelichilis-na-20_a3751977. Дата обращения: 12.07.2021.

Лакруас, Томас, Левитт, Пегги и Илька, Вари-Лавуазье (2016). Социальные денежные переводы и меняющийся транснациональный политический ландшафт. Сравнительные миграционные исследования, 4 (16), сс. 1-5.

Международная организация по миграции (2020). Международная организация по миграции Центральная Азия и Российская Федерация стратегические план готовности и реагирования. Доступно по адресу: https://www.crisisresponse.iom.int/sites/default/files/appeal/documents/Central%20Asia%20and%20Russia%20appeal%2008.05-FINAL.pdf. Дата обращения: 12.07.2021.

Организации Объединенных Наций (2021). Рабочий-мигрант число увеличилось на пять миллионов. Доступно по адресу: https://news.un.org/en/story/2021/06/1095082. Дата обращения: 12.07.2021.

Секута, Роберт, Данте, Шульц и Джереми, Коэн (2021). Трудовые мигранты и пандемия. Необходимость для Центральной Азии ослабить зависимость от денежных переводов из России. Доступно по адресу: https://www.caspianpolicy.org/research/energy-and-economy-program-eep/migrantworkers-and-the-pandemic-the-need-for-central-asia-to-ease-dependence-on-remittancesfrom-russia-12708. Дата обращения: 12.07.2021.

Чон, Ын Ён (2021). Мигранты отправляет деньги домой по мере того, как богатые экономики возвращается в норму. Доступно по адресу: https://www.wsj.com/articles/migrants-keep-money-flowing-homeas-rich-economies-bounce-back-11622198699. Дата обращения: 12.07.2021.

Шералиев, Хирадманд (2021). Важный урок для Таджикистана: положение трудовых мигрантов в 2020 году. Доступно по адресу: https://thediplomat.com/2021/01/a-critical-lessonfor-tajikistan-the-plight-of-migrant-workers-in-2020/. Дата обращения: 12.07.2021.

Коэн (2021). Еңбек мигранттары және пандемия. Орталық Азияға тәуелділікті жеңілдету қажеттілігі Ресейден ақша аударымдары бойынша. Сілтеме: https://www.caspianpolicy.org/research/energy-and-economy-program-eep/migrantworkers-and-the-pandemic-the-need-for-central-asia-to-ease-dependence-on-remittancesfrom-russia-12708. Қаралған уақыты: 12.07.2021.

Халықаралық көші-қон ұйымы (2020). Халықаралық көші-қон ұйымы Орталық Азия және Ресей Федерациясы стратегиялық дайындық және әрекет ету жоспары. Сілтеме: https://www.crisisresponse.iom.int/sites/default/files/appeal/documents/Central%20Asia%20and%20Russia%20appeal%2008.05-FINAL.pdf. Қаралған уақыты: 12.07.2021.

Чон, Юн Ян (2021). Дамыған экономикаларда жағдай жақсара бастаған соң мигранттар өз мемлекеттеріне ақша аударымдыны жалғастырып жатыр. Сілтеме: https://www.wsj.com/articles/migrants-keep-money-flowing-homeas-rich-economies-bounce-back-11622198699. Қаралған уақыты: 12.07.2021.

Шералиев, Хирадманд (2021). Тәжікстан үшін маңызды сабақ: 2020 жылғы еңбек мигранттарының жағдайы. Сілтеме: https://thediplomat.com/2021/01/a-critical-lessonfor-tajikistan-the-plight-of-migrant-workers-in-2020/. Қаралған уақыты: 12.07.2021.

# МИГРАЦИЯ ИЗ АФГАНИСТАНА: МИГРАЦИОННЫЙ ПУТЬ И АФГАНЦЫ В ТУРЦИИ
# АУҒАНСТАННАН КӨШІ-ҚОН: МИГРАЦИЯ ЖОЛЫ ЖӘНЕ ТҮРКИЯДАҒЫ АУҒАНДАР

*Женгизхан Жаналтай* *

Если посмотреть на недавнюю политическую историю Афганистана, то можно увидеть, что в стране в течение последних почти 40 лет происходят события, которые далеки от состояния мира и стабильности. Если посмотреть на историческую последовательность этих событий, то процесс дестабилизации начался после того, как в Афганистан с военной операцией вторгся в 1979 году Союз Советских Социалистических Республик (СССР), и продолжился после вывода войск СССР в 1989 году. В 1991 году СССР распался. Затем в 1994 году сформировался Талибан, который захватил Кабул в 1995 году и доминировал на большей территории страны до 1998 года. Афганистан находился под управлением Талибана по строгим законам шариата до 2001 года. После того как в Афганистан, где под защитой Талибана находилась Аль-Каеда, обвиненная в развязывании терактов 11 сентября 2001 года, вошли Соединенные Штаты Америки (США), Талибан покинул столицу, Кабул, а для Афганистана началась новая эра [Iramcenter.org, 2021; Курсун и Ахмет, 2021].

В этом новом процессе, несмотря на снижение угроз безопасности на охраняемых территориях при поддержке вооруженных сил США и государств Организации Североатлантического договора (НАТО), за последние 20 лет не были в достаточной степени достигнуты важные прорывы в развитии страны. Кроме того, процесс восстановления господства талибов, набравший силу с 2006

Ауғанстанның соңғы саяси тарихына көз жүгіртсек, кейінгі 40 жылға жуық уақыт ішінде бейбітшілік пен тұрақтылықтан алшақ оқиғалар тізбегі болғанын көреміз. Оқиғалардың тарихи ретін қарастыратын болсақ, Кеңестік социалистік республикалар одағы (КСРО) Ауғанстанға 1979 жылы әскери операциямен кіргеннен кейін басталған тұрақсыздық үдерісі 1989 жылы КСРО әскерін шығарғаннан кейін де жалғасты. 1994 жылы құрылған Талибан 1995 жылы Кабулды басып алып, 1998 жылға дейін елдің басым бөлігіне үстемдік етті. Талибан 2001 жылға дейін Ауғанстанды қатаң шариғат заңдарымен басқарды. Америка құрама штаттары (АҚШ) «Әл-Қаиданы» 2001 жылы 11 қыркүйектегі шабуылдардың орындаушысы ретінде көрсетіп, Ауғанстандағы Талибандар тарапынан қорғалуы себебіне байланысты әскери операциялармен Ауғанстанға кіргеннен кейін Талибан ел астанасынан қуылып, Ауғанстан үшін жаңа дәуір басталған болатын [Iramcenter.org, 2021; Курсун және Ахмет, 2021].

Бұл жаңа үдерісте АҚШ пен Солтүстік атлантикалық шарт одағы (НАТО) мемлекеттерінің әскери күштерінің қолдауымен қорғалатын аумақтардағы қауіпсіздік қатерлерінің төмендеуіне қарамастан, соңғы 20 жылда елдің даму үдерісіне қатысты маңызды серпілістерге жеткілікті түрде қол жеткізілмеді. Сонымен қатар, 2006 жылдан бері күшейген Талибанның үстемдігін қалпына келтіру үдерісі Жорж Буш пен Барак Обама кезінде АҚШ сарбаздары санының ар-

* магистр, Евразийский научно-исследовательский институт, Казахстан.
cengizhancnlt@gmail.com

года, был отложен из-за увеличения числа солдат США в периоды правления Джорджа Буша и Барака Обамы, но он, в основном, завершился захватом Кабула талибами 15 августа 2021 [Кокчам, 2021]. Так, спустя почти 20 лет, Талибан вновь захватил власть в Афганистане и установил господство практически по всей стране, кроме провинции Панджшер [Гулер, 2021].

Миллионы афганцев, с беспокойством следившие за всеми этими событиями, начали покидать страну легально или нелегально, чтобы не жить под властью талибов. По оценкам, этот процесс может привести к результатам, аналогичным крупным потокам вынужденной миграции, которые произошли в результате гражданской войны в Сирии [Хамсичи, 2021]. В этом контексте Иран, Пакистан и Таджикистан являются одними из первых пунктов назначения афганцев. Однако, если посмотреть на основные маршруты назначения, становится понятно, что афганцы, бежавшие из страны, хотят мигрировать в Турцию и страны Западной Европы. Эта волна миграции в настоящее время осуществляется по двум основным маршрутам. По первому маршруту, проходя через Иран в Турцию, а затем в Европу через Грецию или Италию, чтобы добраться до стран назначения. По второму маршруту, пройдя из Афганистана в Пакистан, они попадают в Иран из южных регионов, оттуда проходят через Турцию, а затем достигают целевых стран через Грецию или Италию [Iramcenter.org, 2021; Бозарслан, 2021].

Хотя утверждалось, что закрытие границ страны талибами привело к тому, что афганцы, которые хотят покинуть страну, прибегли к незаконным путям, интервью с различными СМИ предоставляют нам интересную информацию о маршруте миграции и процессе работы сети контрабандистов и стоимости их услуг. При сравнении двух маршрутов в

туына байланысты кешіктірілгенімен, 2021 жылдың 15 тамызында Талибанның Кабулды басып алуымен аяқталды [Көкчам, 2021]. Осылайша, 20 жылға жуық уақыттан кейін Талибан Ауғанстандағы билікті тағы да қолына алып, Панжшир провинциясынан басқа елдің барлығында дерлік үстемдік орнатты [Гүлер, 2021].

Осы оқиғалардың барлығын алаңдаушылықпен бақылаған миллиондаған ауғандықтар Талибан билігінде өмір сүрмеу үшін елден заңды немесе заңсыз қоныс аудара бастады. Бұл үдеріс Сириядағы азаматтық соғыс нәтижесінде пайда болған үлкен мәжбүрлі көші-қон ағындарына ұқсас нәтижелерге әкелуі мүмкін екендігі болжануда [Хамсичи, 2021]. Осы тұрғыда Иран, Пәкістан және Тәжікстан ауғандықтардың алғашқы баратын елдерінің қатарында. Дегенмен, негізгі баратын бағыттарға қарасақ, елден қашқан ауғандықтардың Түркия мен Батыс Еуропа елдеріне қоныс аударғысы келетіні аңғарылады. Көші-қонның бұл толқыны қазіргі таңда екі негізгі бағыт бойынша жүзеге асуда. Бірінші бағыт бойынша Иран арқылы Түркияға өтіп, одан кейін Грекия немесе Италия арқылы Еуропаға кіріп, межелі елдерге жетуге болады. Екінші бағыт бойынша Ауғанстаннан Пәкістанға өтіп, Иранның оңтүстігінен кіріп, Түркия арқылы өтіп, одан кейін Грекия немесе Италия арқылы мақсатты елдерге жету [Iramcenter.org, 2021; Бозарслан, 2021].

Талибанның ел шекарасын жабуы елден кеткісі келетін ауғандықтарды заңсыз жолдарға баруға итермелеуіне қатысты пікір айтылса да, әртүрлі БАҚ өкілдеріне берген сұхбаттар бізге көші-қон жолы, контрабанда желісінің жұмыс барысы және оның бағалары туралы қызықты мәліметтер береді. Екі бағытты салыстырған кезде, біріншісінде Нимруз, Фарах және Герат провинцияларынан Иранға және одан Ван арқылы Түркияға өтетін транзит уақыт пен жол жүру қашықтығы тұрғысынан анағұрлым

первом из них транзит в Иран из провинций Нимруз, Фарах и Герат, а оттуда в Турцию через Ван оказывается более разумным с точки зрения времени и расстояния [Башар, 2021]. Тем не менее, утверждается, что в 2020 году этот маршрут не пользуется особой популярностью из-за отношения иранских сил безопасности к нелегальным иммигрантам в стране, что привело к некоторым смертельным случаям, и был разработан новый альтернативный маршрут. По этой причине маршрут Афганистан-Пакистан-Иран стал использоваться более широко. Известно, что по этому маршруту иммигранты, войдя в пакистанскую провинцию Белуджистан, проходят через горный регион Тафтан в Иран, а затем попадают в Турцию через Ван [Iramcenter.org, 2021; Бозарслан, 2021].

Если посмотреть на детали процесса нелегальной иммиграции, то стоимость незаконной перевозки иммигрантов в Стамбул на пути иммиграции из Афганистана обычно составляет 600-800 долларов; утверждается, что в наши дни из-за захвата страны талибами и усиления безопасности границ Турции, она увеличилась до 1,500 долларов. Путешествие начинается после того, как деньги остаются в обменных пунктах для передачи поручителям методом «хавалы». Гаранты, с другой стороны, выплачивают свою долю различным группам контрабандистов в каждой стране после того, как они доставят мигрантов в следующий пункт доставки. Таким образом, на протяжении всего путешествия разные группы перевозят нелегальных иммигрантов в города, которых они хотят достичь в рамках этой сети незаконного провоза [Бозарслан, 2021].

В качестве первого пункта назначения группы нелегальных иммигрантов численностью 30-40 человек проходят через границу в пакистанскую провинцию Белуджистан, и их передают другим контрабандистам. Также указывается,

орынды көрінуде [Башар, 2021]. Алайда 2020 жылы Иран қауіпсіздік күштерінің елдегі заңсыз иммигранттарға қарсы қауіпті қарым-қатынастары, кейбірінің өліммен аяқталуы себепті бұл бағытқа көп артықшылық берілмегені және жаңа балама жолдың әзірленгені айтылады. Осы себепті Ауғанстан-Пәкістан-Иран бағыты кеңінен қолданыла бастады. Бұл жолда Пәкістанның Белужистан провинциясына кіргеннен кейін иммигранттар Тафтан тауы аймағы арқылы Иранға өтіп, одан кейін Ван арқылы Түркияға кіргені белгілі [Iramcenter.org, 2021; Бозарслан, 2021].

Осы заңсыз иммиграциялық үдерістің егжей-тегжейіне қарасақ, Ауғанстаннан басталатын иммиграциялық сапарда иммигранттарды Ыстанбұлға заңсыз тасымалдау құны әдетте 600-800 доллар арасында болса, бұл күндері Талибанның елді басып алуына және Түркияның шекара қауіпсіздігін арттыруына байланысты 1,500 долларға дейін өскені айтылады. Жол, айырбастау орындарында ақшаны кепілгерлерге жеткізу үшін қалдырғаннан кейін «хавала» әдісін қолдану арқылы басталады. Кепілгерлер, өз кезегінде мигранттарды келесі жеткізу орнына жеткізгеннен кейін әр елдегі әртүрлі контрабанда топтарына өз үлесін төлейді. Осылайша, бүкіл сапар барысында әртүрлі топтар заңсыз иммигранттарды осы контрабанда желісінің ішінде қол жеткізгісі келетін қалаларға тасымалдайды [Бозарслан, 2021].

Бірінші бағыт ретінде 30-40 адамнан тұратын тұрақты емес иммигранттар топтары шекара арқылы Пәкістанның Белужистан провинциясына өтіп, басқа контрабандашыларға тапсырылады. Сондай-ақ, әртүрлі контрабандашылардың шекарадан өтуінің айтарлықтай өскені айтылады [Эллис-Петерсен ж.б., 2021]. Белужистаннан Иран шекарасына дейін әртүрлі контрабандашылар тобымен бірге келген иммигранттар Тафтан тауының төңірегіне қоса әртүрлі нүктелерден

что наблюдается значительный рост количества пересечений границы различными контрабандистами [Эллис-Петерсен и др., 2021]. Иммигранты в сопровождении различных групп контрабандистов из Белуджистана до иранской границы въезжают в Иран из разных точек, кроме горы Тафтан, и расселяются в некоторых деревнях на границе с Пакистаном. Иммигранты, собранные отсюда на автобусах, сначала доставляются в Тегеран, а затем в города Хой и Маку на севере Ирана, и их перевозят небольшими группами из Хоя в Ван и из Маку в Восточный Беязит. В целом сообщается, что для пересечения границы Турции широко используются пять различных маршрутов и не менее 10 деревень. Достигнув Вана, путешествие иммигрантов продолжается через Малатья и Диярбакыр к месту назначения в западных провинциях Турции [Бозарслан, 2021].

Тот факт, что Турция – это основной пункт назначения или транзита, как в период миграционного кризиса в Сирии, вынуждает правительство Турции предпринять различные шаги. Президент Турции Реджеп Тайип Эрдоган отметил, что, в отличие от ситуации с миграционном кризисом в Сирии, Турция не справится со второй волной миграции, и по многим вопросам предприняты меры, особенно в отношении безопасности [BBC, 2021]. В числе этих мер – строительство 560-километровой стены на турецко-иранской границе. Согласно информации, опубликованной Министерством внутренних дел, продолжаются работы по оставшимся частям стены, 155,5 километров которой были завершены начиная с 2015 года. С завершением строительства стены в Ване, которая растянулась на 295 километров границы, как предполагается, что эта стена будет протянута до Хаккари и завершится на участке ирано-иракской границы. В этой связи для обеспечения безопасности границ с соседними странами ведутся различные работы. Например, Ми-

Иранға кіргеннен кейін Пәкістанмен шекаралас кейбір ауылдарға қоныстанады. Бұл жерден автобустармен жиналған иммигранттар алдымен Теһранға, одан кейін Иранның солтүстігіндегі Хой және Маку қалаларына жеткізіліп, Хойдан Ванға және Макудан Шығыс Беязитке шағын топтармен тасымалданады. Жалпы Түркияда өткелдер үшін бес түрлі бағыт пен кемінде 10 ауылдың кеңінен пайдаланылғаны хабарланады. Ванға жеткеннен кейін иммигранттардың сапары Малатия мен Диярбакыр арқылы Түркияның батыс провинцияларындағы тағайындалған жерлеріне жалғасады [Бозарслан, 2021].

Осы орайда Сириядағы көші-қон дағдарысындағыдай Түркияның негізгі баратын немесе транзиттік ел болуы үкіметтің түрлі қадамдар жасауына себеп болуда. Түркия президенті Режеп Тайып Ердоған, Сириядағы көші-қон дағдарысындағы жағдайдан басқа, Түркияның екінші көші-қон толқынын көтере алмайтынын және әртүрлі мәселелер, әсіресе қауіпсіздік бойынша дайындық пен дипломатиялық қадамдар жасалғанын мәлімдеді [BBC, 2021]. Бұл шаралардың ішінде Түркияның Иранмен 560 шақырымдық шекарасында қабырға тұрғызу жұмыстары орын алады. Ішкі істер министрлігі жариялаған ақпаратқа сәйкес, қабырға құрылысының қалған бөліктерінде жұмыстар жалғасуда, оның 155,5 шақырымы 2015 жылдан бері аяқталды. Осы шеңберде шекараның 295 шақырымын қамтитын Вандағы қабырға құрылысының аяқталуымен қабырғаның Хаккариге дейін ұзартылып, Иран-Ирактың түйіскен жеріне дейін қабырғамен жабылуы қарастырылуда. Осыған орай басқа көршілес мемлекеттердің шекарасының қауіпсіздігін арттыру мақсатында түрлі жұмыстар атқарылуда. Мәселен, Түркияның Ішкі істер министрі Сүлейман Сойлу Сириямен 911 шақырымдық шекараның 837 шақырымында қабырға тұрғызу және бұл аумақты жарықтандыру, талшықты-оптикалық жүйелер, сен-

нистр внутренних дел Турции Сулейман Сойлу объявил, что завершено строительство 837 из 911 километров стены на границе с Сирией, а также прокладка на этом участке освещения, оптоволоконных систем, оснащение сенсорами и камерами ночного видения. Более того, по его словам, продолжаются работы по строительству стены вдоль границы между Грузией и Арменией [Ahaber.com, 2021]. С точки зрения дипломатических усилий, продолжаются переговоры по линии границы с Ираном и контакты с Европейским Союзом и разными странами Европы по вопросам миграционных потоков [Четинкая и Тархан, 2021].

Хотя проблема афганцев в Турции не является новой, известно, что она существует с 1979 года. Согласно данным Генерального управления миграцией за последние годы, 58,647 нелегальных мигрантов было задержано в стране в 2014 году, а афганцы в количестве 12,248 человек находились на втором месте после сирийцев. В последующие годы число задержанных нелегальных мигрантов выросло и достигло 174466 в 2016 году, показав стремительное ускорение и достигнув количества 454,662 в 2019 году. Это число, значительно снизившись в 2020 и 2021 годах из-за пандемии COVID-19, уменьшилось до 106,222 человек по данным на 23 сентября 2021 года. Основным фактором такого роста является число граждан Афганистана, превышающее количество сирийцев [Главное управление миграционного управления, 2021].

Число нелегальных афганских иммигрантов, которое составляло 31,360 в 2016 году, увеличилось до 201,437 в 2019 году, снизилось до 44,565 по данным на 23 сентября 2021 года, что составляет почти половину от общего количества [Главное управление миграционного управления, 2021]. Что касается общего количества афганцев в Турции, Президент Реджеп Тайип Эрдоган отметил

сорлар және түнгі көру камераларымен жабдықтау жұмыстарының аяқталғанын хабарлады. Сонымен қатар, ол Грузия мен Армения шекарасында қабырға салу жұмыстары жалғасып жатқанын айтты [Ahaber.com, 2021]. Дипломатиялық оқиғаларға қарасақ, Иранмен шекара сызығы бойынша келіссөздер және Еуропалық одақпен және әртүрлі Еуропа елдерімен көші-қон ағынына қатысты мәселелер бойынша байланыстар жалғасуда [Четинкая және Тархан, 2021].

Түркиядағы ауғандар мәселесіне келетін болсақ, бұл көші-қон ағыны жаңа құбылыс емес, 1979 жылдан бері жалғасып келе жатқаны белгілі. Осы тұрғыда Көші-қон бас басқармасының соңғы жылдардағы мәліметтеріне сәйкес, 2014 жылы елде барлығы 58,647 заңсыз мигрант ұсталса, 12,248 адаммен ауғандықтар сириялықтардан кейін екінші орында тұр. Одан кейінгі жылдары ұсталған тұрақсыз мигранттардың жалпы саны артып, 2016 жылы 174,466-ға жетіп, өсу қарқынының орасан жоғары деңгейіне қол жеткізіп, 2019 жылы ең жоғары саны 454,662-ге жетті. COVID-19 пандемиясына байланысты 2020 және 2021 жылдары айтарлықтай азайған бұл сан 2021 жылдың 23 қыркүйегіндегі жағдай бойынша 106,222 адамға азайды. Бұл айтарлықтай өсудің ең үлкен факторы - сириялықтардан асып түсетін Ауғанстан азаматтарының саны [Көші-қон бас басқармасы, 2021].

2016 жылы 31,360 болған тұрақсыз ауған иммигранттарының саны 2019 жылы 201,437-ге өскенімен, 2021 жылдың 23 қыркүйегінде 44,565-ке азайғанымен, олардың жалпы санының жартысына жуығын құрайтыны байқалады [Көші-қон бас басқармасы, 2021]. Түркиядағы ауғандардың жалпы санына қатысты президент Режеп Тайып Ердоған 2021 жылдың 20 тамызында сөйлеген сөзінде олардың 300 мыңға жуықтағанын мәлімдеді [Euronews, 2021]. Бұл санның жалпы таралуына қарасақ, Түркияда

в своей речи 20 августа 2021 года, что оно близко к 300,000 [Euronews, 2021]. Если взглянуть на общее распределение этого числа, то большинство афганцев, проживающих в Турции на законных основаниях, имеют различные виды на жительство. В их числе, на 23 сентября 2021 года, общее количество афганцев в Турции, имеющих вид на жительство, разрешение на краткосрочное пребывание и студенческую визу, составило 100,778 [Главное управление миграционного управления, 2021]. Кроме того, 22,606 афганцев подали заявление о международной защите к концу 2020 года [Главное управление миграционного управления, 2021]. На данный момент афганцы, которые въехали в Турцию незаконно, имеют право на международную протекцию в случае задержания. Обеспечение статуса международной защиты тем, чьи заявки были приняты, может быть выгодно с разных точек зрения. Один из важных моментов – то, что люди, получившие статус защиты, должны проживать в городах, которые они отметили в заявках. Поэтому, как известно, некоторые афганцы со статусом защиты также проживают в других городах нелегально [Хамсичи, 2021].

Афганцы в Турции, главным образом, проживают в крупных городах, таких как Стамбул и Анкара, а также в населенных пунктах на западе страны. Среди причин отмечается большее количество возможностей трудоустройства в крупных городах, а те, кто планируют мигрировать в Европу, предпочитают селиться в западных городах по причине географической близости. Если посмотреть на трудоустройство в разрезе отраслей, то, помимо разных вариантов трудоустройства в сфере строительства, кафе, ресторанов и дневной работы на фабриках, как сообщается, нелегальные работники, в особенности, выказывают интерес к работе пастухами или другие сферы, где не требуется разрешение на работу [Хамсичи, 2021].

заңды түрде ауғандықтардың көпшілігінде әртүрлі тұру рұқсаттары бар. Олардың ішінде 2021 жылдың 23 қыркүйегіндегі жағдай бойынша Түркияда қысқа мерзімді және студенттік тұруға рұқсаты бар ауғандардың жалпы саны 100,778 [Көші-қон бас басқармасы, 2021]. Бұған қоса, 2020 жылдың соңына қарай 22,606 ауғандық халықаралық қорғауға өтініш берді [Көші-қон бас басқармасы, 2021]. Осы кезде Түркияға заңсыз кірген ауғандықтар ұсталған жағдайда халықаралық қорғауға жүгінуге құқылы екенін айта кеткен жөн. Өтініштері қабылданғандарға халықаралық қорғау мәртебесін беру арқылы әртүрлі құқықтарды пайдалана алады. Осыған байланысты маңызды мәселелердің бірі - қорғау мәртебесін алған адамдар өтініш берген қалаларда тұруы керек. Сондықтан кейбір қорғау мәртебесіне ие ауғандықтар басқа қалаларда заңсыз өмір сүретіні белгілі [Хамсичи, 2021].

Түркиядағы ауғандықтар негізінен Стамбул, Анкара сияқты үлкен қалаларда және елдің батысындағы елді мекендерде тұрады. Себептердің ішінде басқа қалаларға қарағанда үлкен қалаларда жұмыс табу және Еуропаға көшу мүмкіндігі көбірек екендігі көрсетілген. Жұмыс бойынша салалық бөлуді қарастыратын болсақ, құрылыс секторындағы әртүрлі жұмыс орындарынан басқа, кафелер мен мейрамханалардағы және зауыттардағы күнделікті жұмыстармен қатар, әсіресе жұмысқа рұқсат қажет етпейтін заңсыз жұмысшылар шопандық және басқа да жұмыстарға қызығушылық танытады [Хамсичи, 2021].

Талибанның Ауғанстандағы елді басқаруға қатысты қандай қадамдар жасайтыны басқа елдердің Талибанға деген көзқарасын анықтауға және көші-қон толқынының барысына үлкен әсер етеді. Дегенмен, Талибанның елді басқаруында айтарлықтай өзгеріс күтілмейтінін ескерсек, көші-қон ағыны әлі де арта түсуіне қатысты болжам бар. Осыған

То, как Талибан предпримет шаги в управлении страной в Афганистане, будет сильно влиять на отношение соседних стран к Талибану и направление миграционной волны. Однако, учитывая отсутствие каких-либо существенных изменений в действиях Талибана, предрекается, что миграционные потоки будут только увеличиваться. То,как широко будет использоваться маршрут Афганистан-Пакистан-Иран, также поможет понять важные тренды в миграционных потоках в Турцию. Если принять во внимание продолжительность путешествия во время миграции, приезд людей, которым удалось покинуть Афганистан и приехать в Турцию в течение 1-1,5 месяцев, предоставит нам более конкретную информацию размере миграционной волны и эффективности предпринимаемых мер.

**Источники:**

Ahaber.com (2021). Борьба Турции с нелегальной миграцией продолжается быстрыми темпами: линии границы были укреплены. Доступно по адресу: https://www.ahaber.com.tr/gundem/2021/08/15/turkiyenin-duzensiz-goce-karsi-mucadelesi-hizla-suruyor-sinir-hatlari-guclendirildi?paging=12. Дата обращения: 27.09.2021.

Башар, Умут (2021). Нелегальных миграция Афганцев в Турцию через Иран. Доступно по адресу: https://www.aa.com.tr/tr/analiz/iran-uzerinden-turkiye-ye-duzensiz-afganistanli-gocu/2338828. Дата обращения: 01.10.2021.

BBC (2021). Эрдоган выступил на Генассамблее ООН: Мы планируем представить Парижское соглашение по климату на утверждение парламента в следующем месяце. Доступно по адресу: https://www.bbc.com/turkce/haberler-dunya-58643157. Дата обращения: 27.09.2021.

Бозарслан, Ферхат (2021). Пошаговая дорожная карта миграции из Афганистана в Европу. Доступно по адресу: https://www.dw.com/tr/afganistandan-avrupaya-g%C3%B6%C3%A7%C3%BCn-ad%C4%B1m-ad%C4%B1m-yol-haritas%C4%B1/a-58962662. Дата обращения: 27.09.2021.

Главное управление миграции Министерства внутренних дел Турецкой Республики (2021). Нелегальных миграция. Доступно по адресу: https://www.goc.gov.tr/duzensiz-goc-istatistikler#. Дата обраще-

байланысты Ауғанстан-Пәкістан-Иран бағытының қаншалықты кең қолданылатыны Түркияға көші-қон ағынындағы маңызды үрдістерді түсінуге де көмектеседі. Көші-қон сапарының ұзақтығы ескерілгенде, Ауғанстаннан шығып үлгерген адамдардың Түркияға шамамен 1-1,5 айда жетуі біздің қаншалықты үлкен көші-қон толқынымен бетпе-бет келгенімізді және қабылданып жатқан шаралардың тиімділігі туралы нақтырақ ақпарат береді.

**Дереккөз**

Ahaber.com (2021). Түркияның заңсыз миграциямен күресі қарқынды түрде жалғасуда: Шекара сызығы күшейтілді. Сілтеме: https://www.ahaber.com.tr/gundem/2021/08/15/turkiyenin-duzensiz-goce-karsi-mucadelesi-hizla-suruyor-sinir-hatlari-guclendirildi?paging=12. Қаралған уақыты: 27.09.2021.

Башар, Үмут (2021). Иран арқылы Түркияға ауғандардың заңсыз миграциясы. Сілтеме: https://www.aa.com.tr/tr/analiz/iran-uzerinden-turkiye-ye-duzensiz-afganistanli-gocu/2338828. Қаралған уақыты: 01.10.2021.

BBC (2021). Ердоған БҰҰ Бас ассамблеясында сөйлеген сөзінде: Біз Париж климат келісімін келесі айда Парламенттің бекітуіне беруді жоспарлап отырмыз. Сілтеме: https://www.bbc.com/turkce/haberler-dunya-58643157. Қаралған уақыты: 27.09.2021.

Бозарслан, Ферхат (2021). Ауғанстаннан Еуропаға көшудің қадамдық жол картасы. Сілтеме: https://www.dw.com/tr/afganistandan-avrupaya-g%C3%B6%C3%A7%C3%BCn-ad%C4%B1m-ad%C4%B1m-yol-haritas%C4%B1/a-58962662. Қаралған уақыты: 27.09.2021.

Гүлер, Біләл (2021). Тәжікстан басшысы Ахмед Масуд тәліптерді Пенджширдегі ұрысты тоқтатуға шақырды. Сілтеме: https://www.aa.com.tr/tr/dunya/tacik-lider-ahmed-mesud-pencsirdeki-catismalarin-sonlanmasi-icin-talibana-cagri-yapti/2356318. Қаралған уақыты: 27.09.2021.

Euronews (2021). Ердоған: Оппозицияның мәліметі жалған, Түркияда 300 мың ауған иммигранттары бар. Сілтеме: https://tr.euronews.com/2021/08/20/erdogan-muhalefetin-soyledigi-rakamlar-yalan-turkiye-de-300-bin-afgan-gocmen-var. Қаралған уақыты: 27.09.2021.

Иранды зерттеу орталығы (2021). Заңсыз Ауған иммиграциясы. Сілтеме: https://iramcenter.org/duzensiz-afgan-gocu/?send_cookie_permissions=OK.

ния: 27.09.2021.

Гюлер Билал (2021). Ахмад Масуд призывает талибов прекратить боевые действия в Панджшере. Доступно по адресу: https://www.aa.com.tr/tr/dunya/tacik-lider-ahmed-mesud-pencsirdeki-catismalarin-sonlanmasi-icin-talibana-cagri-yapti/2356318. Дата обращения: 27.09.2021.

Euronews (2021). Эрдоган: Цифры, которые оппозиция называет ложными, в Турции 300,000 Афганских иммигрантов. Доступно по адресу: https://tr.euronews.com/2021/08/20/erdogan-muhalefetin-soyledigi-rakamlar-yalan-turkiye-de-300-bin-afgan-gocmen-var. Дата обращения: 27.09.2021.

Куршун, Мухаммет и Дурсун Ахмет (2021). Иран, изменивший свою политику в отношении афганской иммиграции, не пускает в страну новых беженцев. Доступно по адресу: https://www.aa.com.tr/tr/dunya/afgan-gocuyle-ilgili-politikasini-degistiren-iran-yeni-multecilere-ulkeye-giris-izni-vermedi/2341071. Дата обращения: 26.09.2021.

Кокчам, Селами (2021). Видные политические и военные деятели в Афганистане. Доступно по адресу: https://www.trthaber.com/haber/dunya/afganistanda-one-cikan-siyasi-ve-askeri-aktorler-575371.html. Дата обращения: 26.09.2021.

Хамсичи, Махмут (2021). Афганские мигранты: Турция сталкивается с новой волной? Доступно по адресу: https://www.bbc.com/turkce/haberler-turkiye-57913874. Дата обращения: 27.09.2021.

Центр иранских исследований (2021). Нелегальных миграция афганцев. Доступно по адресу: https://iramcenter.org/duzensiz-afgan-gocu/?send_cookie_permissions=OK. Дата обращения: 26.09.2021.

Четинкая, Бехлюл и Тархан, Мухаммет (2021). Министр иностранных дел Чавушоглу: Мы вносим свой вклад в обеспечение мира, стабильности и спокойствия в Афганистане. Доступно по адресу: https://www.aa.com.tr/tr/politika/disisleri-bakani-cavusoglu-afganistanda-baris-istikrar-ve-huzur-icin-uzerimize-duseni-yapiyoruz/2351789. Дата обращения: 27.09.2021.

Эллис-Петерсен, Ханна, Лоренцо, Кветта, Белудж и Меер, Шах (2021). Путь к свободе: афганцев, спасающихся от талибов, ждет враждебное путешествие. Доступно по адресу: https://www.theguardian.com/world/2021/aug/26/hostile-journey-awaits-afghans-fleeing-taliban-treacherous-route-people-smugglers. Дата обращения: 01.10.2021.

Қаралған уақыты: 26.09.2021.

Куршун, Мұхаммет және Дурсун, Ахмет (2021). Ауғанстанның иммиграциясына қатысты саясатын өзгерткен Иран елге жаңа босқындарды жібермеді. Сілтеме: https://www.aa.com.tr/tr/dunya/afgan-gocuyle-ilgili-politikasini-degistiren-iran-yeni-multecilere-ulkeye-giris-izni-vermedi/2341071. Қаралған уақыты: 26.09.2021.

Көкчам, Селами (2021). Ауғанстандағы көрнекті саяси және әскери тұлғалар. Сілтеме: https://www.trthaber.com/haber/dunya/afganistanda-one-cikan-siyasi-ve-askeri-aktorler-575371.html. Қаралған уақыты: 26.09.2021.

Түркия Республикасы Ішкі істер министрлігі Көші-қон басқармасының бас басқармасы (2021). Заңсыз иммиграция. Сілтеме: https://www.goc.gov.tr/duzensiz-goc-istatistikler#. Қаралған уақыты: 27.09.2021.

Хамсичи, Махмут (2021). Ауғанстандық мигранттар: Түркия жаңа толқынмен бетпе-бет келе ме? Сілтеме: https://www.bbc.com/turkce/haberler-turkiye-57913874. Қаралған уақыты: 27.09.2021.

Четинкая, Бехлул және Тархан, Мұхаммет (2021). Сыртқы істер министрі Чавушоғлу: Ауғанстандағы бейбітшілік, тұрақтылық және тыныштық үшін өз үлесімізді қосып жатырмыз. Сілтеме: https://www.aa.com.tr/tr/politika/disisleri-bakani-cavusoglu-afganistanda-baris-istikrar-ve-huzur-icin-uzerimize-duseni-yapiyoruz/2351789. Қаралған уақыты: 27.09.2021.

Эллис-Петерсен, Ханна, Лоренцо, Кветта және Балуч, Меер, Шах (2021). Бостандыққа апаратын жол: Талибаннан қашқан ауғандықтарды дұшпандық сапар күтіп тұр. Сілтеме: https://www.theguardian.com/world/2021/aug/26/hostile-journey-awaits-afghans-fleeing-taliban-treacherous-route-people-smugglers. Қаралған уақыты: 01.10.2021.

# СОТРУДНИЧЕСТВО В ВОПРОСАХ БЕЗОПАСНОСТИ И ВНЕШНЕЙ ПОЛИТИКИ

# ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ СЫРТҚЫ САЯСАТ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

# ЦЕНТРАЛЬНАЯ АЗИЯ НА ПЕРЕКРЕСТКЕ ДИПЛОМАТИЧЕСКОЙ ТОРГОВОЙ ВАКЦИНЫ
# ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ САУДА ВАКЦИНАСЫ ТОҒЫСЫНДАҒЫ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ

*Жармухамед Зардыхан **

Как выясняется, политический и экономический потенциал вакцины, особенно ее инструментальная роль во внешней политике, были должным образом отмечены с первых дней ее изобретения в конце 18 века. Однако более поразительным на протяжении всей истории был миротворческий, а не конфронтационный эффект так называемой «вакцинной дипломатии» - термина, придуманного несколько десятилетий назад, задолго до нынешней пандемии COVID-19, которая снова, но более живо внесла этот термин в наш политический лексикон. Как отмечает Питер Дж. Хотез, один из выдающихся экспертов по вакцинной дипломатии, вакцины стали эффективным политическим инструментом для прекращения текущих войн, наращивания политического влияния и преодоления боевых действий, как мы могли видеть во время наполеоновских войн, Плана Маршалла и американо-советского научного сотрудничества во время холодной войны [Хотес, 2001]. Нынешняя беспрецедентная вспышка пандемии COVID-19 и ее текущие и предполагаемые экономические, социальные и политические последствия выявили гораздо более сложную динамику мира в эпоху глобализации, поскольку «вакцинная дипломатия» в ее нынешнем состоянии означает не только открытое сотрудничество всех государств, отложивших в сторону национальные и утилитарные интересы, но также и тщательно просчитанные усилия для получения предполагаемых репутационных, политических и экономических выгод.

Тұңғыш рет 18 ғасырдың аяғында тапқырланған алғашқы күндерінен бастап-ақ Вакцинаның саяси және экономикалық әлеуеті, әсіресе оның сыртқы саясаттағы рөлі айқын байқала бастаған болатын. Тарих бойы қақтығыстардан гөрі бейбітшілікті сақтау маңызды болып келсе, осыдан оншақты жыл бұрын, қазіргі COVID-19 пандемиясынан әлдеқайда бұрын пайда болған «вакцина дипломатиясы» термині тағы да біздің саяси сөздік қорымызда тіпті де айқынырақ орын ала бастады. Вакцина дипломатиясының көрнекті сарапшыларының бірі Питер Ж.Хотестің айтуынша, вакциналар - Наполеон соғысы мен Маршалл жоспары кезінде және Қырғи қабақ соғыс кезіндегі АҚШ-Кеңес ғылыми ынтымақтастығы сияқты қазіргі соғыстарды тоқтату, саяси ықпал ету және жаулықты қою үшін тиімді саяси құрал болды [Хотес, 2001]. COVID-19 пандемиясының бұрын-соңды болмаған әсері, оның болып жатқан және болашақтағы экономикалық, әлеуметтік және саяси салдары жаһанданған әлемнің анағұрлым күрделі динамикасының пайда болуына себепкер болды. Өйткені өзінің қазіргі күйінде «вакцина дипломатиясы» ұлттық және пайда қуған мүдделерді біржола қоя отырып, барлық мемлекеттердің ашық ынтымақтастығын ғана емес, сонымен бірге болашаққа деген беделге, саяси және экономикалық жетістіктерге жетуге бағытталған ынталарды білдіреді. Бұл вакцинаны әзірлеу мен жабдықтауды сыртқы саясат құралы ретінде қолданатын мемлекеттер үшін ғана емес, сонымен қатар осы вакциналарды

* доктор, Евразийский научно-исследовательский институт, Казахстан.
zardykhan@gmail.com

Это справедливо не только для государств, которые используют свои разработки и поставки вакцин в качестве инструментов внешней политики, но также и для получателей этих вакцин, поскольку эксклюзивная покупка определенной вакцины может быть представлена как жест политической лояльности или благосклонности. Кроме того, вакцинная дипломатия может являться не только вопросом внешней политики, но и решающей прерогативой во внутриполитической борьбе, о чем свидетельствовали недавние президентские выборы в США, поскольку один из первых указов администрации Байдена касался восстановления связей со Всемирной организацией здравоохранения (ВОЗ), что отменило решение президента Трампа о прекращении сотрудничества, и увеличения присутствия США в COVAX, глобальной инициативе по обмену вакцинами, с 2 миллиардов долларов до 4 миллиардов [BBC, 2021].

Эти соображения имеют еще больший смысл в контексте политики Центральной Азии, поскольку в регионе, который традиционно считался зоной политического господства России, наблюдается стремительный рост экономического влияния Китая, в то время как эти две державы, Россия и Китай, представляют собой двух самых влиятельных игроков в глобальной битве за вакцинальную дипломатию. Этот сдвигающийся баланс и геополитический переход, наряду с разными и уникальными внешнеполитическими условиями каждого государства Центральной Азии, определяют различные варианты вакцинной дипломатии и предпочтений во всем регионе, на основании их политических, экономических и социальных предпочтений.

В некоторой степени и Китай, и Россия воспользовались возможностью удовлетворить насущную и жизненно важную глобальную потребность в эф-

алушылар үшін де белгілі бір вакцинаны бір рет сатып алуды саяси адалдық немесе адамгершілік ретінде көрсетуге болады. Вакцина дипломатиясы - тек сыртқы саясат мәселесі емес, сонымен қатар АҚШ-тағы соңғы президенттік сайлауда айқын көрінгендей Байден әкімшілігінің алғашқы әрекеттерінің бірі президент Трамптың Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымынан (ДДСҰ) кету туралы шешімінен бас тартып, қайтадан ұйымға кіруі, АҚШ-тың COVAX вакциналарды бөлудің әлемдік бастамасына қосқан үлесін 2 миллиард доллардан 4 миллиард долларға дейін өсіруі ішкі саяси күрестегі нақты ұстанымды көрсетеді [BBC, 2021].

Бұл пікірлер Орталық Азия саясатының контекстінде өте үлкен мағынаға ие, өйткені дәстүрлі түрде Ресейдің саяси ықпалындағы аймақ ретінде қарастырылған Орталық Азияда Қытайдың экономикалық ықпалы да тез өсуде, ал Ресей мен Қытай сынды бұл екі держава жаһандық вакцина дипломатиясының шайқасында да ең ықпалды екі ойыншы болды. Бұл өзгермелі тепе-теңдік және геосаяси ауысу Орталық Азиядағы әр мемлекеттің әртүрлі және ерекше сыртқы саяси ұстанымдарымен бірге, саяси, экономикалық және әлеуметтік негіздерге сүйене отырып, бүкіл аймақта вакцинациялаудың әртүрлі дипломатиялық нұсқалары мен артықшылықтарын ұсынады.

Белгілі бір дәрежеде Қытай да, Ресей де тиімді COVID-19 вакцинасына деген шұғыл және өмірлік қажеттілікке жауап беру мүмкіндігіне ие болды, бірақ көптеген басқа елдерден айырмашылығы, қазіргі кезде қол жетімді ресейлік және қытайлық вакциналарды мемлекет бақылайтын агенттіктердің жүзеге асыруы болды. Бұл үкіметтерге оларды қандай елдер қандай жағдайда сатып алатындығы туралы шешім қабылдау кезінде оларды сыртқы саяси құралға айналдыруды жеңілдетті. Әсіре-

фективной вакцине против COVID-19, но, в отличие от большинства других стран, имеющиеся в настоящее время российские и китайские вакцины были разработаны контролируемыми государством учреждениями, что облегчило их использование в качестве инструмента внешней политики в руках правительств, когда они сами могли решать, какие страны получат их и на каких условиях. Эта возможность получить приоритетный доступ к китайским или российским вакцинам, особенно с учетом благоприятной цены, объемов или времени предоставления, предоставила правительствам Китая и России исключительные рычаги влияния в мировой политике при условии, что выгоды от их политики могут быть получены в течение длительного времени. Кроме того, готовность китайских и российских производителей вакцин передавать технологии и делиться лицензиями на производство, в отличие от колебаний западных компаний, сделали их заявку более выгодной для ряда стран.

В сложившихся условиях Казахстан, номинально самая богатая страна Центральной Азии, выбрал российскую вакцину против коронавируса Sputnik V, более 20,000 из которых уже были импортированы, и к 12 февраля были вакцинированы 14,000 медицинских работников, а страна также согласилась производить российскую вакцину по лицензии в Караганде, в Центральном Казахстане [Куменов, 2021]. На сегодняшний день, согласно сообщениям, Казахстан заказал 2 миллиона доз Sputnik V для импорта из России или ее партнеров-производителей, а еще 2 миллиона доз должны быть произведены внутри страны [Statista, 2021]. Несмотря на то, что Казахстан является крупнейшим китайским партнером в регионе по инициативе «Один пояс, один путь», он, в отличие от других государств Центральной Азии, решил пока не размещать заказы на китайские вакцины, хотя

се, қолайлы баға, көлем немесе уақыт бойынша ерекше артықшылықтардан басқа, қытайлық немесе ресейлік вакциналардың қол жетімділігі Қытай мен Ресей үкіметтерінің әлемдік саясатта өз саяси пайдаларын ұзақ уақыт бойы қолында ұстап тұруына ерекше септігін тигізді. Сонымен қатар, батыстық компаниялардан айырмашылығы, қытайлық және ресейлік вакцина өндірушілердің технологиялар трансферті мен өндіріс лицензияларын бөлісуге дайын болуы бұл екі өндірушінің ұсыныстарын кейбір елдердің тиімді қабылдауын әсер етті.

Осы жағдайда Орталық Азияның ең бай елі болып табылатын Қазақстан импорты қазір 20,000-нан асатын ресейлік Sputnik V коронавирустық вакцинасын таңдады. Осылайша, 12 ақпанға дейін Қазақстанда 14,000 медицина қызметкері вакцинациядан өткен болса, Ресей Орталық Қазақстанның Қарағанды қаласында вакцинаның лицензияланған өндірісін мақұлдады [Куменов, 2021]. Қазіргі мәліметтерге сәйкес, Қазақстан 2 миллион доза Sputnik V-ді Ресейден немесе оның серіктес өндірушілерінен импорттаса, 2 миллион доза ел ішінде өндіріледі [Statista, 2021]. «Белдеу және жол» бастамасы аясында Қытайдың аймақтағы ең ірі серіктесі болғанына қарамастан, Қазақстан басқа Орталық Азия мемлекеттерінен айырмашылығы Қытайдан ешқандай вакцинаға тапсырыс бермегенімен, үкімет Қытайдың Sinopharm және Sinovac вакцина алпауыттарымен келіссөздер жүргізгені баяндалды [Путз, 2021]. Сонымен қатар, вакциналық дипломатия бағытындағы Қазақстан үкіметінің патриоттық ұстанымы QazCovid деп аталатын ұлттық вакцинаны әзірлеу және шығаруға күш салу арқылы көрінеді. Сондықтан елдің президенті де, денсаулық сақтау министрі де Ресей вакцинасын алудың орнына оның аяқталуын күтуге өз еріктерін білдірді [Куменов, 2021].

Екінші жағынан, аймақтағы ең көп

сообщалось, что правительство в определенный момент вело переговоры с китайскими гигантами-производителями вакцин Sinopharm и Sinovac [Путц, 2021]. Более того, патриотическая позиция казахстанского правительства в духе вакцинной дипломатии выражается в усилиях по разработке и производству национальной вакцины, известной как QazCovid, так что и президент страны, и министр здравоохранения выразили желание дождаться ее появления для собственной вакцинации вместо получения российской вакцины [Куменов, 2021].

С другой стороны, Узбекистан, самая густонаселенная страна региона, склонялась к сотрудничеству с Китаем в их усилиях по получению доступа к вакцине COVID-19, поскольку страна решила участвовать в Фазе 3 испытаний двух китайских вакцин, разработанных Sinopharm и Anhui Zhifei Longcom Biopharmaceutical [Вишник, 2021]. В феврале 2021 года специальная правительственная комиссия объявила, что Узбекистан поддержит местное производство вакцины против COVID-19, разработанной китайской компанией Anhui Zhifei Longcom под названием ZF-UZ-VAC 2001, что патриотически называлось китайско-узбекской «со-разработкой» [Газета.uz, 2021]. Тем не менее, в отличие от Казахстана, который активно участвовал в производстве и закупках вакцин в основном с Россией, Узбекистан разместил заказ на 35 миллионов доз российской вакцины Sputnik V в сентябре прошлого года, прежде чем перейти к более тесному сотрудничеству с Китаем [Бартлетт, 2021]. Однако с тех пор не было никаких заметных поставок от этого огромного заказа, который намного превышает все население страны.

Несмотря на то, что президент с гордостью объявил о победе над COVID-19 в своем новогоднем обращении к нации, Таджикистан запросил 1,8 милли-

қоныстанған Өзбекстан, COVID-19 вакцинасына қол жеткізу үшін Қытаймен ынтымақтастыққа ұмтылды, өйткені ел Sinopharm және Anhui Zhifei Longcom биофармацевтикалық компаниясы жасаған екі қытайлық вакциналардың 3-ші кезеңіндегі сынақтарына қатысуға шешім қабылдады [Вишник, 2021]. 2021 жылдың ақпанында Арнайы үкіметтік комиссия, патриоттық тұрғыдан қытай-өзбек «бірлесіп дамуы» деп аталған Өзбекстан «ZF-UZ-VAC 2001» деген атпен қытайлық Anhui Zhifei Longcom жасаған COVID-19 вакцинасының жергілікті өндірісіне қатысатындығын хабарлады [Газета.uz, 2021]. Алайда, негізінен Ресеймен вакцина өндіру және сатып алумен айналысатын Қазақстаннан айырмашылығы, Өзбекстан Қытайға жақындағанға дейін өткен жылдың қыркүйек айында ресейлік Sputnik V вакцинасына 35 миллион доза вакцина тапсырыс берді [Бартлетт, 2021]. Бірақ содан бері, елдің бүкіл тұрғындарынан асып түскен осы тапсырыстан басқа көзше көрінетін жеткізілім болған жоқ.

Президент өзінің жаңа жылдық халыққа Жолдауында COVID-19-ты жеңгенін мақтанышпен жариялағанымен, Тәжікстан COVAX бастамасы арқылы Оксфорд-AstraZeneca вакцинасынан 1,8 миллион доза сұрады. Бірақ ел оны 2023 жылға дейін ала алмауы мүмкін деген болжаммен Sputnik V вакцинасын алу үшін ресейлік шенеуніктермен байланысқа шықты [Вишник, 2021]. Осы арада Түркіменстан Ресейдің Sputnik V вакцинасын сертификаттаған бірінші Орта Азия елі болды, дегенмен ел өзін ресми түрде COVID-19-дан арынғанын жариялады және вакцинация науқанының басталуына дейін «көп мөлшерде» вакцина алды [Бартлетт, 2021].

Өңірдегі ең шағын экономикаға ие Қырғызстанға келетін болсақ, елдің COVID-19 вакциналарына қол жетімділігін арттырудағы экономикалық кедергілер былтыр да айтылған болатын. Қы-

она доз вакцины Oxford-AstraZeneca в рамках инициативы COVAX, которую страна может не получить до 2023 года, и связался с российскими чиновниками по поводу возможности получения вакцины Sputnik V [Вишник, 2021]. Тем временем Туркменистан стал первой страной в Центральной Азии, сертифицировавшей российскую вакцину Sputnik V, хотя страна официально объявила себя свободной от COVID-19 и уже получила «большое количество» вакцин до запуска кампании вакцинации [Бартлетт, 2021].

Что касается Кыргызстана, самой маленькой экономики в регионе, экономические препятствия для облегчения доступа страны к вакцинам COVID-19 уже были озвучены в прошлом году. Во время визита министра иностранных дел Китая Ван И в Бишкек в сентябре тогдашний президент Кыргызстана Сооронбай Жээнбеков обратился не только с просьбой о предоставлении китайской медицинской помощи в борьбе с COVID-19, включая предполагаемые поставки вакцины, но и о реструктуризации и продлении срока выплаты долга Китаю [Риклтон, 2020]. Что касается вакцины, то из-за экономических трудностей, вызванных пандемией, Кыргызстан, похоже, чрезмерно полагается на внешние пожертвования из России, Китая, а также других донорских организаций, поскольку Россия уже согласилась бесплатно предоставить 500,000 доз вакцины Sputnik V, а в феврале посол Китая подтвердил передачу Кыргызстану китайских вакцин [Абдуллаева, 2021]. Страна также подала заявку на инициативу COVAX и рассчитывает получить бесплатно еще 500,000 доз вакцины Oxford-AstraZeneca.

**Источники:**

Абдуллаева, Анара (2021). Как «вакцинная дипломатия» повлияет на Кыргызстан? Доступно по адресу: https://cabar.asia/ru/kak-vaktsinnaya-diplomatiya-povliyaet-na-kyrgyzstan. Дата обращения: 06.03.2021.

тайдың Сыртқы істер министрі Ван Идің қыркүйек айында Бішкекке жасаған сапары кезінде Қырғызстанның сол кездегі президенті Сооронбай Жеенбеков COVID-19-қа қарсы күресте қытайлық медициналық көмек, әсіресе вакцинаны жеткізуге, сондай-ақ Қытайға қарызды өтеуді қайта құрылымдауға және ұзартуға өтініш білдірді [Риклтон, 2020]. Вакцинацияға келетін болсақ, пандемия туындаған экономикалық қиындықтарға байланысты, Қырғызстан Ресей, Қытай және басқа да донорлық ұйымдардың сыртқы қайырмалдықтарына көп сенім артатын сияқты, өйткені Ресей қазірдің өзінде 500,000 доза Sputnik V вакцинасын ақысыз беруге міндеттеме алды, ал ақпанда Қытайдың Бішкек елшісі қытай вакциналарының Қырғызстанға грант ретінде жеткізілетінін мәлімдеген болатын [Абдуллаева, 2021]. Сондай-ақ, ел COVAX бастамасына жүгінді және тағы 500,000 доза Oxford-AstraZeneca вакцинасын ақысыз алуы күтілуде.

**Дереккөз:**

Абдуллаева, Анара (2021). «Вакциналық дипломатия» Қырғызстанға қалай әсер етеді? Сілтеме: https://cabar.asia/ru/kak-vaktsinnaya-diplomatiya-povliyaet-na-kyrgyzstan. Қаралған уақыты: 06.03.2021.

BBC (2021). Ковидке қарсы вакциналар: G7 Covax схемасын қолдауды арттырды. Сілтеме: https://www.bbc.com/news/world-56130419. Қаралған уақыты: 09.03.2021.

Бартлетт, Пол (2021). Ресей Орталық Азиядағы вакцина дипломатиясы бойынша Қытайдан озып кетті. Сілтеме: https://asia.nikkei.com/Spotlight/Coronavirus/Russia-pulls-ahead-of-China-in-Central-Asia-vaccine-diplomacy. Қаралған уақыты: 06.03.2021.

Вишник, Элизабет (2021). Қытай мен Ресей: вакцинаның бәсекелестері немесе серіктестері? Сілтеме: https://thediplomat.com/2021/02/china-and-russia-vaccine-competitors-or-partners/. Қаралған уақыты: 07.03.2021.

Газета.uz (2021). Өзбекстанда қытайлық вакцина өндіру бойынша серіктес Jurabek Laboratories болады. Сілтеме: https://www.gazeta.uz/ru/2021/02/17/co-partner/. Қаралған уақыты: 07.03.2021.

Куменов, Алмаз (2021). Қазақстандағы вакцинация науқаны скептицизммен байланысты кедер-

BBC (2021). Вакцины против COVID-19: G7 увеличивает поддержку схемы Covax. Доступно по адресу: https://www.bbc.com/news/world-56130419. Дата обращения: 09.03.2021.

Бартлетт, Пол (2021). Россия опережает Китай в области вакцинной дипломатии в Центральной Азии. Доступно по адресу: https://asia.nikkei.com/Spotlight/Coronavirus/Russia-pulls-ahead-of-China-in-Central-Asia-vaccine-diplomacy. Дата обращения: 06.03.2021.

Вишник, Элизабет (2021). Китай и Россия: вакцинные конкуренты или партнеры? Доступно по адресу: https://thediplomat.com/2021/02/china-and-russia-vaccine-competitors-or-partners/. Дата обращения: 07.03.2021.

Газета.uz (2021). Партнёром по выпуску китайской вакцины в Узбекистане станет Jurabek Laboratories. Доступно по адресу: https://www.gazeta.uz/ru/2021/02/17/co-partner/. Дата обращения: 07.03.2021.

Куменов, Алмаз (2021). Кампания по вакцинации в Казахстане натолкнулась на скептицизм. Доступно по адресу: https://eurasianet.org/kazakhstans-vaccination-campaign-faces-skepticism-roadblock. Дата обращения: 07.03.2021.

Путц, Екатерина (2021). Вакцинная дипломатия в Центральной Азии: Россия против Китая? Доступно по адресу: https://thediplomat.com/2021/03/vaccine-diplomacy-in-central-asia-russia-vs-china. Дата обращения: 07.03.2021.

Риклтон, Крис (2020). Центральная Азия: «Один пояс, один путь» занимает второе место в турне китайского посланника. Доступно по адресу: https://eurasianet.org/central-asia-belt-and-road-takes-back-seat-in-chinese-envoys-tour. Дата обращения: 06.03.2021.

Statista (2021). Количество доз вакцины от COVID-19 «Спутник V», заказанной в России или согласованной с производством за рубежом. Доступно по адресу: https://www.statista.com/statistics/1123927/sputnik-v-exports-from-russia-by-country/. Дата обращения: 09.03.2021.

Хотес, Питер (2001). Вакцины как инструмент внешней политики. EMBO отчеты, 2 (10), сс. 862-868.

гілерге тап болды. Сілтеме: https://eurasianet.org/kazakhstans-vaccination-campaign-faces-skepticism-roadblock. Қаралған уақыты: 07.03.2021.

Путз, Кэтрин (2021). Орталық Азиядағы вакцина дипломатиясы: Ресей Қытайға қарсы ма? Сілтеме: https://thediplomat.com/2021/03/vaccine-diplomacy-in-central-asia-russia-vs-china. Қаралған уақыты: 07.03.2021.

Риклтон, Крис (2020). Орталық Азия: Бір белдеу мен жол Қытай елшісінің турында қайта оралды. Сілтеме: https://eurasianet.org/central-asia-belt-and-road-takes-back-seat-in-chinese-envoys-tour. Қаралған уақыты: 06.03.2021.

Statista (2021). Ресейден тапсырыс берілген немесе шетелде өндіруге келісілген Sputnik V COVID-19 вакцинасының дозаларының саны. Сілтеме: https://www.statista.com/statistics/1123927/sputnik-v-exports-from-russia-by-country/. Қаралған уақыты: 09.03.2021.

Хотес, Питер (2001). Вакциналар сыртқы саясаттың құралдары ретінде. EMBO Есептері, 2 (10), бб. 862-868.

# ЕВРОПЕЙСКИЙ СОЮЗ И ТАДЖИКИСТАН: ПОМОЩЬ ВО ИМЯ ПРОЦВЕТАНИЯ
# ЕУРОПА ОДАҒЫ ЖӘНЕ ТӘЖІКСТАН: ӨРКЕНДЕУГЕ КӨРСЕТІЛГЕН ЖӘРДЕМ

*Альбина Муратбекова* *

Таджикистан занимает особое место в политике Европейского Союза (ЕС) в Центральной Азии. Будучи страной с низким уровнем доходов, склонной к изменению климата и стихийным бедствиям, Таджикистан является крупнейшим получателем помощи в целях развития от стран ЕС в регионе, на долю которого, по оценкам, приходится более 40% от общего объема глобальной помощи развитию, оказываемой странами-членами ЕС [Европейская комиссия, 2021]. В данной статье основное внимание уделяется взаимодействию ЕС с Таджикистаном с учетом того факта, что ЕС играет стратегическую роль в Центральной Азии в поддержании как двусторонних, так и многосторонних связей.

Политика ЕС в отношении Таджикистана основана на стратегии ЕС по Центральной Азии, которая была обновлена в 2019 году, заменив стратегию 2007 года. На основе стратегии, Таджикистан, вместе с другими странами Центральной Азии продвинул свои позиции во внешней политике ЕС, в то время как участие ЕС в регион стал более инструментальным и прогрессивным. Двусторонние отношения между ЕС и Таджикистаном регулируются Соглашением о партнерстве и сотрудничестве (СПС), которое действует с 2010 года. Хотя Таджикистан подал заявку на начало переговоров по Соглашению о расширенном партнерстве и сотрудничестве (СРПС) как и другие государства Центральной Азии в соответствии со стратегией ЕС, обсуждения еще не начались. Что касается эко-

Тәжікстан Еуропалық одақтың (ЕО) Орталық Азиядағы саясатында ерекше орын алады. Климаттың өзгеруіне және табиғи апаттарға бейім, экономикалық жағдайы төмен Тәжікстан аймақтағы елдер арасында ЕО-дан ең көп көмек алады, бұл көрсеткіш ЕО-ға мүше мемлекеттердің бүкіл әлемдік дамуға көмегінің 40%-дан астамын құрайды [Еуропалық комиссия, 2021]. Бұл зерттеу ЕО-ның Орталық Азия аймағында екіжақты және көпжақты байланыстарды сақтаудағы стратегиялық рөлін таныстыра отырып, оның Тәжікстанмен қарым-қатынасына бағытталған.

ЕО-ның Тәжікстандағы саясаты 2019 жылы ЕО-ның Орталық Азия стратегиясы аясында құрылды. Аталмыш стратегияның арқасында Орталық Азияның басқа мемлекеттерімен қатар, Тәжікстанның ЕО-ның сыртқы саясатындағы орны арта отырып, екі тараптың қарым-қатынасы дамуға бет бұрды. ЕО мен Тәжікстан арасындағы екіжақты қатынастар 2010 жылдан бастап күшіне енген Серіктестік және ынтымақтастық туралы келісім (PCA) арқылы жүзеге асырылуда. Тәжікстан басқа Орталық Азия елдері сияқты ЕО стратегиясына сәйкес Кеңейтілген серіктестік және ынтымақтастық туралы келіссөздерін (EPCA) бастау туралы ұсыныс жасағанымен, келіссөздер әлі басталған жоқ. Экономикалық ынтымақтастық тұрғысынан алғанда, Тәжікстан ЕО-мен сыртқы саудасын, әсіресе, ЕО-ға төмен тарифтермен экспорт жасауға мүмкіндік беретін «Жалпыға ортақ преференциялар жүй-

* доктор, Евразийский научно-исследовательский институт, Казахстан.
albina.muratbek@gmail.com

номического сотрудничества, Таджикистан ведет торговлю с ЕС через схему Всеобщей системы преференций (ВСП), которая позволяет экспортировать в ЕС по сниженным тарифам, в то же время переговоры о получении статуса ВСП+ с более льготными тарифами продолжаются. Последнее (девятое) заседание Совета сотрудничества ЕС-Таджикистан, состоявшееся 19 февраля 2021 года, подчеркнуло позитивное развитие двусторонних отношений, которое будет способствовать укреплению существующих связей между ЕС и Таджикистаном, включая запланированные переговоры.

Что касается практического сотрудничества, несмотря на существенный прогресс в сокращении бедности, Таджикистан остается самой бедной страной в регионе Центральной Азии и Европы. Кроме того, из-за последствий пандемии, которая снизила общий рост и объемы денежных переводов вместе с повышением цен, Таджикистан сталкивается со значительными рисками для своей экономики [Всемирный банк, 2019]. Таджикистан также по-прежнему сильно зависит от денежных переводов, которые в некоторые годы превышали 40% ВВП, что составляет один из самых высоких показателей в мире [Европейская служба внешних связей, 2020]. Причина кроется в ограниченных экономических возможностях страны, бедности и безработице, которые вынуждали искать возможности для выживания в соседних странах. Например, в 2017 году, согласно отчету ЕС, ВВП Таджикистана на 30,73% состоял из взносов от денежных переводов, 29,09% государственных доходов и 5,24% официальной помощи развитию (ОПР), включая 0,72% ОПР только от стран-членов ЕС [Европейский союз, 2017]. Таким образом, основной интерес ЕС в Таджикистане заключается в содействии социально-экономическому развитию страны с помощью его инструментов сотрудничества в целях развития (DCI), что оказывает существенное

есі» (GSP) бағдарламасы арқылы жүргізсе, неғұрлым жеңілдетілген тарифтер GSP+ мәртебесін алу үшін келіссөздер жалғасуда. 2021 жылы 19 ақпанда өткен ЕО-Тәжікстан ынтымақтастық кеңесінің соңғы (тоғызыншы) отырысында мақсатты келіссөздермен қатар, екіжақты қатынастардың дамуы ЕО мен Тәжікстан арасындағы қалыптасқан байланыстарды нығайтуға ықпал етеді.

Қазіргі ынтымақтастық туралы айтатын болсақ, кедейлікті азайту бойынша айтарлықтай ілгерлеушіліктерге қарамастан, Тәжікстан Орталық Азия мен Еуропадағы ең кедей ел болып саналуда. Сонымен қатар, эпидемия салдарынан бағаның шарықтауы, ақша аударымдарының және жалпы экономикалық өсудің төмендеуі, Тәжікстан экономикасы алдында тұрған негізгі қиншылықтардың бірі болып табылады [Дүниежүзілік банк, 2019]. Тәжікстанның ақша аударымдарына қатты тәуелді екендігі белгілі және бұл көрсеткіш кейбір жылдары елдің жалпы ішкі өнімінің (ЖІӨ) 40%-дан астамын құрайды [Европаның сыртқы әрекет қызметі, 2020]. Мұның себептері қатарында елдің экономикалық мүмкіндіктерінің шектеулілігі, кедейлік пен жұмыссыздық сияқты себептерге байланысты өмір күресін жалғастыру оны көрші елдерден жұмыс іздеуге мәжбүр етеді. Мысалы, ЕО баяндамасына сәйкес, 2017 жылы Тәжікстанның ақша аударымдарынынң ЖІӨ-ге қосқан үлесі 30,73%, мемлекеттік кірістер 29,09% және Дамуға ресми көмек (ODA) 5,24%-ды құрады, оның ішінде ЕС мүше-мемлекеттерінің үлесі 0,72% болды [Европа одағы, 2017]. Сондықтан ЕО-ның Тәжікстандағы басты қызығушылығы Тәжікстан экономикасына айтарлықтай әсер ететін Даму жөніндегі ынтымақтастық құралы (DCI) арқылы елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына көмек көрсету болып табылады. ЕО институттары 2018-2019 жылдар аралығында 38,85 миллион долларды құрайтын ODA қаражаттарымен Тәжікстанның үшінші ірі доноры болды.

влияние на экономику Таджикистана. Фактически, институты ЕС были третьим по величине донором Таджикистана с 38,85 млн долларов США расходов на ОПР в течение 2018-2019 гг. 28% этих расходов были потрачены на улучшение экономической инфраструктуры страны, 27% на социальную инфраструктуру, 17% на здравоохранение, 11% на образование и другие цели [Организация экономического сотрудничества и развития, 2021].

Помощь ЕС развитию Таджикистана изложена главным образом в Многолетней индикативной программе (МИП) на 2014–2020 годы, в которой предусмотрены три основных направления поддержки: здравоохранение, образование и развитие сельских районов на сумму 251 миллион евро. МИП направлен на снижение уровня бедности и улучшение качества социально-экономических условий в Таджикистане путем институционализации политического цикла и усиления государственных инициатив, а также поддержки развития инфраструктуры в социально значимых объектах.

В частности, здравоохранение определено как важный сектор поддержки с 62,2 млн евро, на долю которого приходится 24,5% общего бюджета программы МИП. Из-за высоких темпов роста населения и плохой инфраструктуры здравоохранения Таджикистан отстает от других стран Центральной Азии в обеспечении достойного здравоохранения, в то время как расходы на общественное здравоохранение являются самыми низкими в регионе. ЕС через DCI пытается укрепить управление и лидерство в секторе здравоохранения, что способствовало бы сокращению бедности и улучшению инфраструктуры здравоохранения. В целом, институты ЕС уже оказали поддержку примерно 63% всех учреждений первичной медико-санитарной помощи в Таджикистане [Европейская комиссия, 2021].

Бұл шығыстардың 28%-ы елдің экономикалық инфрақұрылымын жақсартуға, 27%-ы әлеуметтік инфрақұрылымға, 17%-ы денсаулық сақтау саласына, 11%-ы білім беруге және басқа мақсаттарға жұмсалды [Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымы, 2021].

Жалпы алғанда, ЕО-ның Тәжікстанға көрсететін көмегі 251 миллион еуро шамасында денсаулық сақтау, білім беру және ауылдық аумақтарды дамыту сияқты үш негізгі салаға бағытталған болып, 2014-2020 жылдарға арналған Көпжылдық индикативті бағдарламада (MIP) анық көрсетілген. MIP әлеуметтік маңызды секторлардағы инфрақұрылымды дамытуға қолдау көрсетумен қатар, саясат циклын институттандыру және үкіметтің ынтасын күшейту арқылы Тәжікстанның кедейлік деңгейін төмендетуге және оның әлеуметтік-экономикалық жағдайларының сапасын жақсартуға бағытталған.

Атап айтқанда, денсаулық сақтау саласы 62,2 миллион еуролық қолдаумен негізгі сектор болып, MIP бюджетінің жалпы көлемінің 24,5%-ын құрайды. Халық санының өсу қарқыны мен денсаулық сақтау инфрақұрылымының толық болмауына байланысты Тәжікстан басқа Орталық Азия елдерімен салыстырғанда тиісті медициналық көмек көрсету бойынша артта қалып отыр, ал халықтың денсаулығына жұмсалатын қаражат аймақтағы ең төменгі деңгейде. ЕО DCI арқылы кедейліктің төмендеуіне және денсаулық сақтау инфрақұрылымының жақсаруына ықпал ететін денсаулық сақтау саласындағы менеджмент пен көшбасшылықты күшейту бойынша жұмыс істейді. Жалпы алғанда, ЕО институттары Тәжікстандағы барлық негізгі медициналық-санитарлық көмек мекемелерінің шамамен 63% жақсартуға қолдау көрсетті [Еуропалық Комиссия, 2021].

Білім беру мен кәсіптік білім беруді (КББ) қолдау үшін ЕО институттары

Для поддержки среднего образования и профессионального образования и обучения (ПОО) учреждения ЕС предоставили 75 миллионов евро на этапах реализации МИП. За счет финансирования ЕС стремится улучшить качество образования и ПОО, а его взаимодействие с Министерством образования и науки и Министерством труда, миграции и занятости населения направлено на изменение общего качества образования и профессионального обучения путем проведения реформ. Это также способствует повышению потенциала молодежи на рынке труда, поскольку более 50% населения Таджикистана моложе 24 лет, а темпы создания рабочих мест не поспевают за темпами роста населения [Фонд Евразия, б.д.].

Поскольку Таджикистан является аграрной страной, в которой более 73% населения проживает в сельской местности, развитие сельских районов имеет важное значение для социального благополучия Таджикистана. Однако сельская экономика страдает от плохо развитой инфраструктуры, недостаточных инвестиций, ограниченного доступа к финансам и цепочкам поставок и многих других проблем, поэтому уровень бедности среди сельского населения по-прежнему остается значительным. Для устранения бедности в сельских районах были разработаны инструменты DCI ЕС, в частности, в области управления водными ресурсами, производительности сельского хозяйства и рыночной эффективности, развития сельскохозяйственных услуг, цепочки поставок, а также горизонтальных мероприятий, таких как создание потенциала и институциональное развитие на различных уровнях, которые нацелены на общее развитие сельских районов. ЕС также помогает смягчить причины деградации окружающей среды, а также последствия изменения климата, поскольку Таджикистан является страной, наиболее уязвимой в регионе к воздействиям

MIP-ді іске асыру кезеңінде 75 миллион еуро бөлді. Қаржыландыру арқылы ЕО білім беру және КББ сапасын жақсартуды, Білім және ғылым министрлігінің, халықтың Еңбек, иммиграция және байланыс министрліктерімен қарым-қатынасын жақсарту арқылы білім беру мен кәсіптік білім берудің жалпы сапасын реформалар арқылы өзгертуді мақсат етеді. Бұл сондай-ақ еңбек нарығындағы жастардың әлеуетін жақсартуға ықпал етеді, өйткені Тәжікстан халқының 50%-дан астамы 24 жастан төмен, ал жұмыс орындарын құру қарқыны халық санының өсуіне сәйкес келмейді [Еуразия қоры, т.ж.].

Халықтың 73%-дан астамы ауылда тұратын ауылшаруашылық елі болғандықтан, ауылды дамыту Тәжікстанның әлеуметтік әл-ауқаты үшін өте маңызды. Алайда, ауылдың дамуы алдында нашар дамыған инфрақұрылым, аз инвестиция, қаржыландыру мен жеткізілім желісіне қол жетімділіктің шектеулілігі және басқа да көптеген мәселелер бар. Сондықтан ауылдық жерлердегі кедейлік деңгейі әлі де маңызды әлеуметтік мәселе болып қала береді. Ауылдық жерлерде кедейлікті жою үшін ЕО-ның DCI құралдары, атап айтқанда суды басқару, ауылшаруашылық өнімділігі және нарықтың тиімділігі, ауылшаруашылық қызметтерін дамыту, жабдықтау тізбегі, сонымен қатар ауылдық жерлерді жанжақты дамытуға үлес қосуды көздейтін әр түрлі деңгейдегі әлеуетті арттыру және институционалды дамыту сияқты көлденең қызметті көздейді. Тәжікстан аймақтағы климаттың өзгеруіне, оның ішінде табиғи апаттарға ең осал ел болғандықтан, ЕО экологиялық проблемалардың себептерін және климаттың өзгеру салдарын жоюға көмектеседі. Осы мақсатта ЕО 110 миллион еуро бөлді, бұл барлық MIP бюджетінің 43,8%-ын құрайды [Еуропаның сыртқы әрекет қызметі, 2020].

MIP-тен басқа, еуропалық серіктестер негізгі секторлардағы іс-шараларды

изменения климата, включая стихийные бедствия. На эти цели ЕС выделил 110 млн евро, что составляет 43,8% от всего бюджета МИП [Европейская служба внешних связей, 2020].

Помимо МИП, европейские партнеры провели совместный анализ, чтобы синхронизировать усилия в ключевых секторах и согласовать свою позицию с Национальной стратегией развития (НСР) и ее среднесрочными отчетами, начиная с 2021 года [Европейский союз, б.д.]. Таджикистан также работает в рамках дорожных карт ЕС по взаимодействию с гражданским обществом на 2018-2020 годы, в которых основное внимание уделяется повышению роли ОГО, сокращению разрыва между городскими и сельскими ОГО, а также расширению сотрудничества в области прав человека [Европейская комиссия, 2020].

В то же время ЕС вносит свой вклад через свои региональные программы, такие как Программа управления границами в Центральной Азии (BOMCA), Программа действий по борьбе с наркотиками в Центральной Азии, программа «Вода в Центральной Азии» (CAWa), Erasmus+ и другие.

Граница с Афганистаном влечет за собой дополнительные последствия для безопасности Таджикистана. Согласно стратегии ЕС по Центральной Азии, тесное сотрудничество между Центральной Азией и Афганистаном было определено как новый параметр для продвижения мира в регионе, в то время как Афганистан был включен в программы и проекты, ориентированные на Центральную Азию. Углубляя диалог между Центральной Азией и Афганистаном, а также координируя совместные проекты, ЕС намеревается внести свой вклад в поддержание мира в Афганистане и его приграничных районах. Роль Таджикистана в этом процессе жизненно важна.

В целом, политика ЕС в Таджикистане, хотя и считается скромной по сравне-

синхрондау және олардың позицияларын Ұлттық даму стратегиясы (ҰДС) мен 2021 жылдан бастап оның орта мерзімді есептері бойынша сәйкестендіру мақсатында бірлескен талдау жүргізді [Еуропа одағы, т.ж.]. Тәжікстан, үкіметтік емес ұйымдардың (ҮЕҰ) рөлін жақсартуға үлес қосу, қалалық және ауылдық ҮЕҰ арасындағы алшақтықты азайту және адам құқықтары саласындағы ынтымақтастықты кеңейтуге назар аудара отырып, ЕО-ның азаматтық қоғаммен байланысы жөніндегі 2018-2020 жылдарға арналған жол карталары аясында жұмыс істейді [Еуропалық Комиссия, 2020]. Сонымен бірге, ЕО Тәжікстанға Орталық Азиядағы шекараларды басқару бағдарламасы (BOMCA), Орталық Азиядағы есірткіге қарсы іс-қимыл бағдарламасы, Орталық Азиядағы су (CAWa) бағдарламасы, Эрасмус+ мүмкіндіктері және басқа да бірқатар аймақтық бағдарламалар арқылы өз үлесін қосады. Оның Ауғанстанмен шекарасы Тәжікстанға қосымша қауіпсіздік шараларын қабылдауға және орындауға міндеттейді. ЕО-ның Орталық Азия стратегиясына сәйкес, Орталық Азия мен Ауғанстан арасындағы мықты ынтымақтастық аймақтағы бейбітшілікті ілгерілетудің жаңа параметрі ретінде анықталды. Осы себепті Ауғанстан Орталық Азияға бағытталған бағдарламалар мен жобаларға қосылды. Бірлескен жобаларды үйлестіруден басқа, ЕО Орталық Азия мен Ауғанстан арасындағы диалогты тереңдету арқылы Ауғанстанда және оның шекараларында бейбітшілікті сақтауға үлес қосуды мақсат етеді. Тәжікстанның бұл үдерістегі рөлі өте маңызды.

Жалпы алғанда, ЕО-ның Тәжікстандағы саясаты Орта Азияның басқа мемлекеттерімен салыстырғанда қарапайым болып саналғанымен, ЕО-ың Тәжікстанға көрсеткен көмегі өте зор. ЕО Тәжікстандағы реформалар үдерісін қолдай отырып, Тәжікстанның сауда-инвестициялық мүмкіндіктерінің барлық әлеуетін ашуға, сондай-ақ, халықтың

нию с другими центральноазиатскими партнерами, оказывает существенное влияние на ситуацию в Таджикистане. Поддерживая процессы реформ в Таджикистане, ЕС способствует улучшению социально-экономических условий жизни людей, а также стремится раскрыть имеющийся потенциал торговых и инвестиционных возможностей Таджикистана.

**Источники:**

Всемирный банк (2019). Рамочная программа партнерства с Республикой Таджикистан на период 2019–23 ФГ. Отчет No. 135875-TJ. Доступна по адресу: https://www.worldbank.org/en/country/tajikistan/publication/cpf-2019-2023. Дата обращения: 05.03.2021.

Европейская служба внешних действий (2020). Таджикистан. Многолетняя ориентировочная программа на 2014–2020 годы и документ о страновой стратегии на 2014–2020 годы. Доступна по адресу: https://eeas.europa.eu/archives/delegations/tajikistan/documents/eu_tajikistan/tajikistan_country_mip_and_strategy_paper_2014-2020_en.pdf. Дата обращения: 05.03.2021.

Европейская комиссия (2020). Дорожные карты Евросоюз по взаимодействию с гражданским обществом на 2018-2020 гг. Доступна по адресу: https://europa.eu/capacity4dev/file/102563/download?token=FZ8xRE19. Дата обращения: 05.03.2021.

Европейская комиссия (2021). Таджикистан. Доступна по адресу: https://ec.europa.eu/international-partnerships/where-we-work/tajikistan_en. Дата обращения: 05.03.2021.

Евросоюз (2017). Картирование финансовых взносов европейских доноров в Таджикистане. Доступен по адресу: https://europa.eu/capacity4dev/file/96693/download?token=mT2aK2Jd. Дата обращения: 05.03.2021.

Евросоюз (б.д.). Таджикистан. Азия – Центральная. Доступна по адресу: https://europa.eu/capacity4dev/joint-programming-tracker/tajikistan. Дата обращения: 05.03.2021.

Организация экономического сотрудничества и развития (2021). Десять крупнейших доноров валовой ОПР для Таджикистана. Доступна по адресу: www.oecd.org/dac/financing-sustainable-development/development-finance-data/aid-at-a-glance.htm. Дата обращения: 05.03.2021.

Фонд Евразия (б.д.) Расширение прав и возможностей молодежи и образование. Доступна по адресу: http://ef-ca.tj/youth.php#:~:text=Over%2050%25%20of%20the%20population,under%20the%20age%20of%2024. Дата обращения: 05.03.2021.



әлеуметтік-экономикалық жағдайларын жақсартуға үлес қосуға тырысады.

**Дереккөз:**

Дүниежүзілік банк (2019). Тәжікстан Республикасы үшін 2019-2023 КЖ. кезеңіне арналған ел әріптестік негізі. Есеп No. 135875-TJ. Сілтеме: https://www.worldbank.org/en/country/tajikistan/publication/cpf-2019-2023. Қаралған уақыты: 05.03.2021.

Еуропаның сыртқы әрекет қызметі (2020). Тәжікстан. 2014 – 2020 жылдарға арналған көпжылдық индикативті бағдарлама және 2014 – 2020 жылдарға арналған елдік стратегиялық құжат. Сілтеме: https://eeas.europa.eu/archives/delegations/tajikistan/documents/eu_tajikistan/tajikistan_country_mip_and_strategy_paper_2014-2020_en.pdf. Қаралған уақыты: 05.03.2021.

Еуропа одағы (2017). Тәжікстандағы еуропалық донорлардың қаржылық жарналарының картасы. Сілтеме: https://europa.eu/capacity4dev/file/96693/download?token=mT2aK2Jd. Қаралған уақыты: 05.03.2021.

Еуропа одағы (т.ж.). Тәжікстан. Азия – Орталық. Сілтеме: https://europa.eu/capacity4dev/joint-programming-tracker/tajikistan. Қаралған уақыты: 05.03.2021.

Еуразия қоры (т.ж.) Жастардың мүмкіндіктерін кеңейту және білім беру. Сілтеме: http://ef-ca.tj/youth.php#:~:text= Over%2050%25%20of%20the%20population,under%20the%20age%20of%2024. Қаралған уақыты: 05.03.2021.

Еуропалық комиссия (2020). 2018-2020 жж. азаматтық қоғаммен әрекеттесу бойынша ЕО жол карталары. Сілтеме: https://europa.eu/capacity4dev/file/102563/download?token=FZ8xRE19. Қаралған уақыты: 05.03.2021.

Еуропалық комиссия (2021). Тәжікстан. Сілтеме: https://ec.europa.eu/international-partnerships/where-we-work/tajikistan_en. Қаралған уақыты: 05.03.2021.

Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымы (2021). Тәжікстан үшін жалпы ОДА-ның үздік он доноры. Сілтеме: www.oecd.org/dac/financing-sustainable-development/development-finance-data/aid-at-a-glance.htm. Қаралған уақыты: 05.03.2021.

# ПРИХОД К ВЛАСТИ ТАЛИБОВ В АФГАНИСТАНЕ: РЕГИОНАЛЬНЫЕ И ГЛОБАЛЬНЫЕ ПОСЛЕДСТВИЯ
# АУҒАНСТАНДА ТАЛИБТЕРДІҢ БИЛІККЕ КЕЛУІ: АЙМАҚТЫҚ ЖӘНЕ ЖАҺАНДЫҚ САЛДАРЫ

*Омирбек Канай* *

С выводом войск США и НАТО из Афганистана, шаг за шагом продвигавшийся вперед Талибан 15 августа 2021 года без войны с неожиданной скоростью взял столицу Кабул, в очередной раз ошеломив весь мир. В Афганистане царит серьезный хаос из-за падения афганского правительства и почти полного контроля Талибана над страной. Восстановив власть в Афганистане через 20 лет, Талибан вызывает много вопросов. В этой статье будут обсуждаться вопросы, касающиеся того, как будет формироваться будущее Афганистана и какова будет его региональная и глобальная политика.

Так почему США ушли из Афганистана? Во-первых, можно сказать, что Вашингтон давно принял решение покинуть Афганистан, хотя США, похоже, покинули Афганистан в спешке. Фактически, подписание США с талибами Соглашения о мире в Афганистане в феврале 2020 года в Дохе показало, что теперь они решили оставить будущее и судьбу Афганистана в руках афганцев [Федеральное правительство США, 2020]. Президент США Джо Байден, который дополнительно разъяснил позицию Вашингтона, сообщил в своем заявлении от 14 апреля 2021 года, что все американские солдаты полностью покинут Афганистан к 11 сентября 2021 года [Белый Дом, 2021]. Как уже заявил Байден в своем заявлении, Вашингтон согласился с тем, что 20 лет спустя держать войска в Афганистане бессмысленно. Потому что Вашингтон, вошедший в Афганистан

АҚШ пен НАТО әскерлері Ауғанстаннан шегіне бастағанда күшейе түскен «Талибан» қозғалысы (Қазақстанда тыйым салынған ұйым) 2021 жылы 15 тамызда күтпеген жылдамдықпен Ауған астанасы Кабулды соғыссыз басып алып, бүкіл әлемді тағы да тіксіндірді. Ауғанстан үкіметі құлап, Талибан елдің басым бөлігін бақылауға алған соң Ауғанстанда күрделі хаос орнады. Талибанның тура 20 жылдан кейін Ауғанстанда билікті қайта басып алуы көптеген сұрақ туғызуда. Бұл тұрғыда Ауғанстанның болашағы мен оның аймақтық және жаһандық салдары қандай болатыны талқылауға тиісті мәселе болып отыр.

Ендеше, АҚШ неліктен Ауғанстаннан шегінді? Ең алдымен, АҚШ Ауғанстаннан асығыс-үсігіс шегінген сияқты көрінгенімен, шынтуайтында Вашингтон Ауғанстаннан кетуге әлде қашан шешім қабылдаған болатын. Әсілінде АҚШ-тың 2020 жылдың ақпанында Катардың астанасы Дохада Талибанмен Ауғанстанда бейбітшілік орнату туралы келісімге қол қоюы, Ауғанстанның болашағы мен тағдырын ауғандықтардың өз еркіне беруге шешім қабылдағанын көрсеткен еді [АҚШ федералды үкіметі, 2020]. Вашингтонның аталмыш ұстанымын нақтылай түскен АҚШ президенті Жо Байден 2021 жылы 14 сәуірде АҚШ-тың әскерінің 2021 жылдың 11 қыркүйегіне дейін Ауғанстаннан толығымен кететіндігін мәлімдеген болатын [Ақ үй, 2021]. Байденнің мәлімдемесінде айтылғандай, Вашингтон 20 жылдан кейін де Ауғанстанда жалғасты әскер ұстаудың

* магистр, Евразийский научно-исследовательский институт, Казахстан.
kaztegin@hotmail.com

под лозунгом войны с терроризмом, в последние годы столкнулся с нарастающей реакцией как в Афганистане, так и в США. Кроме того, для США, которые потеряли 2,352 человека и потратили 2,313 триллионов долларов на 20-летнюю войну в Афганистане, было бы дорого продолжать держать там свои войска [Министерство обороны США, 2021; Университет Брауна, 2021].

По сути, уход США из Афганистана можно рассматривать как геостратегический шаг. Очевидно, что США, которые уходят из Афганистана, в ближайшее время уйдут и из Ирака и Сирии. Таким образом, можно прогнозировать, что США, сократившие свои военные расходы на Ближнем Востоке, в значительной степени перенесут свою мощь в Индо-Тихоокеанский регион. Это может быть связано с тем, что США и их союзники, обеспокоенные усиливающимися геополитическими и геоэкономическими движениями растущего Китая в Индо-Тихоокеанском регионе, теперь начали уделять внимание этому региону. Уже на фоне торговой войны между США и Китаем, в то время как альянс США, Австралии, Японии и Индии против Китая усилился в Индо-Тихоокеанском регионе, Германия и Франция также присоединились к альянсу. В этом контексте администрация Байдена, которая преследовала более глубокую стратегию против Китая по сравнению с администрацией Трампа, начала укреплять свое всеобъемлющее политическое, торгово-экономическое и военное сотрудничество с Тайванем и другими странами региона, у которых были конфликты с Китаем из-за острова на долгие годы, а также дальнейшее укрепление отношений с союзниками США. Учитывая, что США, которые ушли из Афганистана и начали уход из Ирака и Сирии, могут «сэкономить» миллиарды долларов на военных расходах, можно прогнозировать, что Вашингтон усилит свою военную позицию в Индо-Тихоо-

еш қажеті жоқ деп түйді. Өйткені Ауғанстанға терроризммен соғыс ұранымен кірген Вашингтонға қарсы соңғы жылдары Ауғанстанда да, АҚШ-та да қарсылық күшейе түсті. Сонымен қатар, 20 жылға созылған Ауған соғысында 2,352 әскері өліп, 2,313 триллион доллар жұмсаған АҚШ-қа Ауғанстанда жалғасты әскер ұстап отыра беру «қымбатқа» түсер еді [АҚШ Қорғаныс министрлігі, 2021; Браун университеті, 2021].

Шынын қуғанда, АҚШ-тың Ауғанстаннан шегінуін геостратегиялық қадам ретінде бағалауға болады. Ауғанстаннан шегініп шыққан АҚШ-тың көп ұзамай Ирак пен Сириядан да толықтай шегінетіні анық. Осылайша, Таяу Шығыстағы әскери шығындарын қысқартқан АҚШ-тың бар күш-жігерін Үнді-Тынық мұхиты аймағына бұратынын болжауға болады. Өйткені Қытайдың аймақтағы геосаяси және геоэкономикалық әрекеттерінің күшеюіне алаңдаған АҚШ пен оның одақтастары, әсіресе, соңғы жылдары Үнді-Тынық мұхиты аймағына баса назар аудара бастады. Онсыз да АҚШ-Қытай сауда соғысының көлеңкесінде Үнді-Тынық мұхиты аймағында АҚШ, Австралия, Жапония және Үндістанның Қытайға қарсы ынтымақтастығы күшейген кезде Германия мен Франция да одаққа қосылған болатын. Бұл тұрғыда Трамп билігімен салыстырғанда Қытайға қарсы анағұрлым терең стратегия ұстанған Байден билігі АҚШ-тың одақтастарымен қарым-қатынасты одан әрі бекемдеумен бірге, Тайваньмен және жылдар бойы аралдарға байланысты Қытаймен талас-тартысқа түсіп келген басқа да аймақ елдерімен жан-жақты саяси, сауда-экономикалық және әскери ынтымақтастықты нығайта бастады. Ауғанстаннан шығып, Ирак пен Сириядан да шегіне бастағанын АҚШ-тың миллиардтаған долларлық әскери шығындарын «үнемдейтінін» ескергенде, алдағы кезеңде Үнді-Тынық мұхиты аймағында Пекиннің ықпалын тежеу үшін Вашингтонның аймақтағы әскери позициясын

кеанском регионе, чтобы снизить влияние Пекина в регионе в ближайший период. В этом отношении Индо-Тихоокеанский регион, который в последние годы был ареной ожесточенного соперничества между США и Китаем, может выйти на первый план в следующих геополитических играх Вашингтона.

Можно сказать, что США хотят покинуть Афганистан, который стал более нестабильным после их ухода, своим конкурентам в регионе, России, Китаю и Ирану, со всеми его текущими и потенциальными проблемами. США уже знали, что в случае серьезного хаоса после захвата Афганистана талибами все возможные угрозы, которые могут возникнуть, будут беспокоить страны региона, особенно Россию, Китай и Иран. Видно, что Россия, Китай и Иран, которые обеспокоены тем, что Афганистан, захваченный талибами, станет сложной проблемой для соседних стран в предстоящий период, будут уделять больше внимания Афганистану. В то время как эти страны сосредоточены на Афганистане, США могут стремиться укрепить свои позиции в других регионах, особенно в Индо-Тихоокеанском регионе.

Однако Китай выказывает большой интерес к Афганистану, который покинули США. В этом контексте 28 июля 2021 года администрация Пекина принимала высокопоставленную делегацию Талибана во главе с муллой Абдулгани Барадаром и сообщила о своей готовности сотрудничать с Талибаном [Министерство иностранных дел Китая, 2021]. Подход Китая к талибам можно объяснить несколькими причинами. Прежде всего, Китай, который обеспокоен стабильностью и безопасностью Синьцзян-Уйгурского автономного района, в прошлом вел различные диалоги с талибами. Таким образом, цель обеспечения стабильности и безопасности в регионе Восточного Туркестана лежит в основе отношений Китая с талибами. По данным Китая, в то время как объем

күшейтетінін болжау қиын емес. Осыған байланысты, соңғы жылдары АҚШ пен Қытай арасындағы шиеленіскен бәсекелестік сахнасына айнала бастаған Үнді-Тынық мұхиты аймағы Вашингтонның келесі геосаяси ойындарының басты алаңы болуы мүмкін.

Сондай-ақ, АҚШ-тың өзі шегінген соң тіпті де тұрақсыз күйге түскен Ауғанстанның ағымдағы және ықтимал барлық мәселелерін аймақтағы өз бәсекелестері Ресей, Қытай және Иранға қалдырғысы келгені анық. Ауғанстанда Талибан билікті басып алғаннан кейін күрделі хаос болған жағдайда туындайтын барлық ықтимал қауіп-қатерлердің Ресей, Қытай және Иран бастаған аймақ елдерін қатты алаңдататынын АҚШ жақсы білді. Талибан басып алған Ауғанстанның көршілес елдер үшін қиын мәселеге айналуынан алаңдаған Ресей, Қытай және Иранның алдағы кезеңде Ауғанстанға көбірек көңіл бөлетіні айтпаса да түсінікті. Аталмыш елдер Ауғанстанмен әлек болған кезде АҚШ басқа аймақтарда, әсіресе, Үнді-Тынық мұхиты аймағында өз ықпалын нығайтуға ұмтылатын болады.

Алайда АҚШ тастап шыққап Ауғанстанға Қытай үлкен қызығушылық танытып отыр. Бұл тұрғыда 2021 жылы 28 шілдеде Қытай билігі Пекинде Молла Абдулгани Барадар бастаған Талибанның жоғары деңгейдегі делегациясын қабылдап, Талибанмен ынтымақтастыққа дайын екенін білдірді [Қытай Сыртқы істер министрлігі, 2021]. Қытайдың Талибанға деген аталмыш ұстанымын бірнеше себептермен байланыстыруға болады. Біріншіден, Шыңжаң ұйғыр автономиялық ауданының тұрақтылығы мен қауіпсіздігіне алаңдаған Қытай бұрын да Талибанмен түрлі диалогтар жүргізген. Сондықтан Қытайдың Талибанмен байланысының астарында Шыңжаң аймағының тұрақтылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсаты жатыр. Екіншіден, АҚШ-тың Ауғанстаннан шығуы Қытайдың бұл елдегі сауда-экономикалық

двусторонней торговли между Китаем и Афганистаном составил 550 миллионов долларов в 2020 году, прямые иностранные инвестиции Китая в Афганистан достигли 630 миллионов долларов по состоянию на декабрь 2020 года [Посольство Китая в Афганистане, 2021]. Однако можно прогнозировать, что Китай будет осторожнее относиться к признанию администрации талибов.

Афганский народ в очередной раз проиграл в войне в Афганистане, победитель которой неизвестен. Удастся ли Талибану, добившемуся власти в Афганистане, добиться мира является большим вопросом. США приходили и уходили, но текущие политические, социальные, экономические, религиозные и этнические проблемы в Афганистане оставались нерешенными. Пока неясно, какой подход к управлению будет применять в будущем Талибан, который пока пытается демонстрировать умеренный подход. Можно констатировать, что эти проблемы будут усугубляться в Афганистане, который пребывает в хаосе и неопределенности. Страна уже на пороге кровавой гражданской войны. Даже афганской молодежи, родившейся в 2001 году, когда шла война в Афганистане, сейчас 20 лет. С одной стороны, есть молодые люди, чьи семьи и родственники подвергались притеснениям со стороны талибов в прошлом или которые выросли, став свидетелями взрывов бомб, с другой стороны, есть молодые люди, воспитанные талибами. К тому же, учитывая этнические и религиозные различия в Афганистане, кажется трудным достичь мира в стране. Более того, нельзя игнорировать тот факт, что группы интересов внутри и за пределами страны будут подпитывать политические, социальные, экономические, религиозные и этнические проблемы в Афганистане в соответствии со своими собственными интересами.

Таким образом, кажется маловеро-

және инвестициялық мүмкіндіктерін арттырады деуге болады. Қытай деректеріне сәйкес, 2020 жылы Қытай мен Ауғанстан арасындағы екіжақты сауда көлемі 550 миллион долларды құраса, 2020 жылдың желтоқсанындағы есеп бойынша Қытайдың Ауғанстанға тікелей шетелдік инвестициясы 630 миллион долларға жетті [Қытайдың Ауғанстандағы елшілігі, 2021]. Дегенмен, Қытайдың Талибан билігін мойындауда аса сақ болатындығы мәлім.

Қалай болса да, жеңімпазы белгісіз Ауған соғысында Ауған халқы тағы да тығырыққа тірелді. Өйткені Ауғанстанда билікті басып Талибан бейбітшілікті қолдай ма, жоқ па деген үлкен сұрақ туындайды. АҚШ келді, кетті. Бірақ Ауғанстанда жалғасып келе жатқан саяси, әлеуметтік, экономикалық, діни және этникалық мәселелер сол бойы қалды. Әзірге оң өзгерістер көрсетуге тырысып жатқан Талибанның болашақта қандай басқару тәсілін қолданатыны әлі белгісіз. Хаос пен белгісіздік жайлаған Ауғанстанда жоғарыда аталған мәселелер тіпті де тереңдей түсетіні мәлім. Ел қазірдің өзінде сұрапыл азамат соғысының алдында тұр. Ауған соғысы басталған 2001 жылы туған ауған балалары бүгінгі таңда 20 жастағы азамат болды. Бір тарапта, бұрындары отбасы мен туыстары Талибанның қысымына ұшыраған немесе бомба шабуылдарын көзімен көріп өскен жастар болса, екінші тарапта Талибан тәрбиелеген қарулы жастар бар. Бұған қоса, Ауғанстандағы этникалық және діни айырмашылықтарды ескерсек, елде бейбітшілікке қол жеткізу қиын сияқты. Сонымен қатар, ішкі және сыртқы мүдделі топтардың Ауғанстандағы саяси, әлеуметтік, экономикалық, діни және этникалық мәселелерді өз мүдделеріне қарай өршітетінін де ескермеуге болмайды.

Қорыта айтқанда, алдағы бір неше жылда Ауғанстанда бейбітшілік пен ішкі тұрақтылықтың орнай қоюы екіталай.

ятным, что мир и стабильность в Афганистане будут достигнуты, по крайней мере, в ближайшие несколько лет. Неясно, как долго продержится власть талибов, которые пытаются создать Исламский Эмират Афганистан. Дестабилизация Афганистана также влечет серьезные экономические проблемы. С точки зрения соседних с Афганистаном стран Центральной Азии, возвращение талибов к власти в Афганистане можно рассматривать как большую проблему для этих стран. Поэтому страны Центральной Азии должны внимательно следить за ситуацией в Афганистане и быть готовыми к разного рода угрозам. Учитывая, что Талибан попытается укрепить свою власть и стабилизировать свою власть в Афганистане в ближайшие несколько лет, можно прогнозировать, что он не будет вступать в какие-либо конфликты с соседними странами. Поэтому странам Центральной Азии жизненно важно более тесно сотрудничать по Афганистану.

**Источники:**

Белый дом (2021). Замечания президента Байдена о продвижении вперед в Афганистане. Доступно по адресу: https://www.whitehouse.gov/briefing-room/speeches-remarks/2021/04/14/remarks-by-president-biden-on-the-way-forward-in-afghanistan/. Дата обращения: 01.09.2021.

Министерство обороны США (2021). Талибы захватывают Кабул. США Войска прибывают, чтобы облегчить отъезд. Доступно по адресу: https://www.defense.gov/Explore/News/Article/Article/2732900/taliban-take-kabul-us-troops-arrive-to-facilitate-departures/. Дата обращения: 02.09.2021.

Министерство иностранных дел Китая (2021). Ван И встретился с Барадаром - председателем Политического комитета Талибана в Афганистане. Доступно по адресу: https://www.fmprc.gov.cn/mfa_eng/zxxx_662805/t1895950.shtml. Дата обращения: 03.09.2021.

Посольство Китая в Афганистане (2021). Китайско-афганские торгово-экономические отношения. Доступно по адресу: http://af.china-embassy.org/chn/zagx/ztgk/t1097560.htm. Дата обращения: 04.09.2021.

Федеральное правительство США (2020). Соглашение о мире в Афганистане. Доступ-

Сондай-ақ, Ауғанстан ислам әмірлігін құруға тырысқан Талибанның билігі де қанша уақытқа созылатыны белгісіз. Тұрақсыздық жайлаған Ауғанстан үлкен экономикалық дағдарысқа да дүп келуде. Ауғанстанмен көршілес орналасқан Орталық Азия елдері тұрғысынан алып қарағанда, Ауғанстанда радикалды Талибан билігінің оралуы аталмыш елдері үшін айқын мәселе деуге болады. Ендеше Орталық Азия елдері Ауғанстандағы жағдайды мұқият қадағалап, барлық қауіп-қатерге дайын болуы керек. Әрине, алдағы бірнеше жылда Талибан өзінің билігін нығайтуға және Ауғанстанды тұрақтылықты қалпына келтіруге барынша тырысатынын ескерсек, оның көрші елдермен ешқандай жанжалға түсе қоймайтынын да болжауға болады. Қалай болмасын, Орталық Азия елдері үшін Ауғанстан бойынша тығыз ынтымақтастықта болу өте маңызды.

**Дереккөз:**

АҚШ федералды үкіметі (2020) Ауғанстанда бейбітшілік орнату туралы келісім. Сілтеме: https://www.state.gov/wp-content/uploads/2020/02/Agreement-For-Bringing-Peace-to-Afghanistan-02.29.20.pdf. Қаралған уақыты: 01.09.2021.

АҚШ Қорғаныс министрлігі (2021). Талибан Кабулды алады, АҚШ Әскерлер шегінуді жеделдетті. Сілтеме: https://www.defense.gov/Explore/News/Article/Article/2732900/taliban-take-kabul-us-troops-arrive-to-facilitate-departures/. Қаралған уақыты: 02.09.2021.

Ақ үй (2021). Президент Байденнің Ауғанстандағы жағдай бойынша мәлімдемесі. Сілтеме: https://www.whitehouse.gov/briefing-room/speeches-remarks/2021/04/14/remarks-by-president-biden-on-the-way-forward-in-afghanistan/. Қаралған уақыты: 01.09.2021.

Браун университеті (2021). АҚШ-тың Ауғанстандағы соғысқа кеткен шығындары. Сілтеме: https://watson.brown.edu/costsofwar/figures/2021/human-and-budgetary-costs-date-us-war-afghanistan-2001-2022. Қаралған уақыты: 02.09.2021.

Қытай Сыртқы істер министрлігі (2021). Ван И Ауғанстандағы Талибан саяси комитетінің төрағасы Барадармен кездесті. Сілтеме: https://www.fmprc.gov.cn/mfa_eng/zxxx_662805/t1895950.shtml. Қаралған уақыты: 03.09.2021.

но по адресу: https://www.state.gov/wp-content/uploads/2020/02/Agreement-For-Bringing-Peace-to-Afghanistan-02.29.20.pdf. Дата обращения: 01.09. 2021.

Университет Брауна (2021). Расходы США на войну в Афганистане на сегодняшний день. Доступно по адресу: https://watson.brown.edu/costsofwar/figures/2021/human-and-budgetary-costs-date-us-war-afghanistan-2001-2022. Дата обращения: 02.09. 2021.

Қытайдың Ауғанстандағы елшілігі (2021). Қытай-Ауғанстан сауда-экономикалық байланыстары. Сілтеме: http://af.china-embassy.org/chn/zagx/ztgk/t1097560.htm. Қаралған уақыты: 04.09.2021.

# ПОЛИТИЧЕСКИЕ ПРОЦЕССЫ В ЕВРАЗИЙСКОМ РЕГИОНЕ

## ЕУРАЗИЯЛЫҚ АЙМАҚТАҒЫ САЯСИ ПРОЦЕСТЕР

# ИЗМЕНЕНИЯ ПОСЛЕ ПАРЛАМЕНТСКИХ ВЫБОРОВ В МАЖИЛИС КАЗАХСТАНА
# ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПАРЛАМЕНТ МӘЖІЛІСІ САЙЛАУЫНАН КЕЙІНГІ ӨЗГЕРІСТЕР

*Еркинбек Тургунов* *

Параллельно с Мажилисом, нижней палатой Парламента Республики Казахстан, одновременно прошли выборы депутатов областных, городских и районных местных представительных органов - маслихатов. В своем послании к народу 21 октября 2020 года Президент Республики Казахстан Касым-Жомарт Токаев объявил об издании указа о назначении очередных парламентских выборов в Мажилис на 10 января 2021 года. Предыдущие парламентские выборы в Мажилис проходили в 1995, 1999, 2004, 2007, 2012 и 2016 годы, три из которых были проведены досрочно.

С момента обретения независимости в Казахстане были предприняты многочисленные меры по совершенствованию законодательного процесса, поскольку перед этими выборами в работу мажилиса и маслихатов были внесены определенные изменения. Как заявил Президент Казахстана 21 октября 2020 года, работа Мажилиса 7-го созыва будет ориентирована на демократию и прозрачность. С момента объявления выборов и до дня проведения выборов между политическими партиями наблюдалась заметная активность, так что политическая жизнь в стране не отстает от современных трендов в мире. Многопартийность способствует участию населения в политической жизни, а недавние изменения правовых процедур улучшили работу государственных органов. Конституционный закон «О Парламенте Республики Казахстан и статусе его депутатов», а также закон

Қазақстан Республикасы Парламентінің төменгі палатасы Мәжіліспен қатар, облыстық, қалалық және аудандық маслихат депутаттарының сайлауы өтті. Қазақстан Республикасының (ҚР) Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылдың 21 қазандағы халыққа жасаған үндеуінде 2021 жылдың 10 қаңтарында Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезекті сайлауын өткізу туралы Жарлыққа қол қойды. Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісінің сайлаулары бұған дейін 1995 жылы, 1999 жылы, 2004 жылы, 2007 жылы, 2012 жылы және 2016 жылы өтті. Бұған дейінгі Мәжілістің алты сайлауының 3-еуі кезектен тыс өткізілген болатын.

Қазақстан Тәуелсіздік алғаннан бері заң шығарушы органның жұмысын жетілдіріп келеді. Бұл жолғы сайлау алдында да мәжіліс және маслихат құрылымдарымен жұмыс үдерісіне біршама өзгерістер жасалды. Қазақстан Президентінің 2020 жылы 21 қазанындағы үндеуінде көрсетілгендей 7-шақырылымдағы Мәжіліс те алдыңғы құрамға қарағанда жұмыс тәртібінде демократия мен ашықтық көбірек болмақ. Сайлау күні жария етілгеннен бастап Қазақстанның қоғамында саяси белсенділік артты. Әлемдік озық үлгілерді біртіндеп енгізу арқылы Қазақстанда саяси жаңғыру үдерісі, көппартиялы парламент соның ішінде саяси сындар мен азаматтардың саяси өмірге араласуына заңдық мүмкіндіктер қарастырылды. «ҚР Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» конституциялық заңға және

* докторант, Евразийский научно-исследовательский институт, Казахстан.
erkinbek230388@gmail.com

«О комитетах и комиссиях Парламента Республики Казахстан» расширяет возможности оппозиционных партий, что усиливает общественное доверие к политическим институтам. В результате один из председателей и два секретаря постоянных комиссий Мажилиса будут избраны из числа депутатов парламентской оппозиции. Кроме того, положения конституционного закона «О выборах в Республике Казахстан» и закона «О политических партиях» впервые в Казахстане создали обязательную 30-процентную квоту для молодежи и женщин, расширив представительство женщин и молодежи в парламенте [Егемен Казахстан, 2021a].

По данным Центральной избирательной комиссии (ЦИК), 63,3% из 11,915,903 имеющих право голоса избирателей в Казахстане проголосовали на 10,060 избирательных участках [Центральной избирательной комиссии, 2021a]. По данным Министерства иностранных дел Республики Казахстан, для граждан Казахстана, проживающих за рубежом, открыто 66 избирательных участков в 53 странах [Министерства иностранных дел Казахстан, 2021]. Председатель ЦИК Берик Имашев отметил важность выборов для демократии и общественной жизни в стране. Имашев поблагодарил местных и международных наблюдателей за их поддержку в организации выборов, а также за их вклад в проведение прозрачных и справедливых выборов. По данным ЦИК, всего в выборах приняли участие 398 наблюдателей от 10 международных организаций, в том числе от Содружества Независимых Государств (СНГ) - 179; Межпарламентской ассамблеи СНГ - 48; Бюро ОБСЕ по демократическим институтам и правам человека - 42; Шанхайской организации сотрудничества - 15; Парламентской ассамблеи тюркоязычных стран - 9; Парламентской ассамблеи ОБСЕ - 9; Парламентской ассамблеи Организации Договора о коллективной безопасности - 7; Тюркского

«ҚР Парламентінің комитеттері мен комиссиялары туралы» заңға түзетулер енгізу арқылы парламенттік оппозиция институтын құру мәселесі қарастырылды. Соңғы өзгерістер халықтың заң шығарушы органға деген сенім одан сайын арттыра түсетін болады. Соның арқасында Парламент Мәжілісі тұрақты комитеттерінің бір төрағасы мен екі хатшысы парламенттік оппозиция депутаттары арасынан сайланады. Сонымен қатар, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» конституциялық заңда және «Саяси партиялар туралы» заңдағы ережелер Қазақстанда тұңғыш рет партиялық тізімге жастар мен  әйелдер үшін 30% квота енгізіліп, әйелдер мен жастардың парламентке келуіне мол мүмкіндік жасалды [Егемен Қазақстан, 2021a].

ҚР Орталық сайлау комиссиясының (ОСК) дерегі бойынша, Қазақстандағы дауыс беру құқығына ие 11,915,903 сайлаушының 63,3%-ы жалпы 10,060 сайлау учаскесіне барып өз таңдауларын жасаған [Қазақстан Орталық сайлау комиссиясы, 2021a]. ҚР Сыртқы істер министрлігінің дерегі бойынша, шетелдегі қазақстандық азаматтары үшін 53 шет мемлекетте 66 сайлау учаскесі ашылды [Қазақстан Сыртқы істер министрлігі, 2021]. ОСК төрағасы Берік Имашев сайлаудың ел және қоғам өміріндегі орнының маңызды екенін атап өтті. ҚР ОСК осы сайлауды өткізу және ұйымдастыру шараларына қолдау білдіріген, сайлаудың ашық және әділ өтуіне көмектескені үшін отандық және халықаралық бақылаушылар алғысын білдірді. ОСК дерегі бойынша жалпы саны 398 байқаушы, 10 халықаралық ұйымнан, атап айтқанда Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) – 179; ТМД Парламентаралық Ассамблеясы – 48; ЕҚЫҰ – ның демократиялық институттар және адам құқықтары жөніндегі бюросы – 42; Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы – 15; Түркітілдес елдердің Парламенттік Ассамблеясы – 9; ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясы – 9; Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт Ұйы-

совета - 7; Организации исламского сотрудничества - 4; Делегации ЕС в Казахстане - 2, или всего 322 наблюдателя из 31 страны, а также 76 независимых наблюдателей на индивидуальном уровне. [Центральной избирательной комиссии, 2021a].

12 января 2021 года ЦИК Республики Казахстан огласил результаты выборов. По последним официальным результатам, 5 партий, участвовавших в выборах, получили следующие голоса: партия «Нур Отан» - 5,148,074 голоса (71,09%), партия «Ак Жол» - 792,828 голосов (10,95%), Народная партия Казахстана - 659,019 голосов. (9,10%), партия «Ауыл» - 383,023 голоса (5,29%), партия «Адал» - 258,618 голоса (3,57%). Согласно статье 97/1 Закона «О выборах в Республике Казахстан» следующие партии, преодолевшие избирательный порог в 7%, получили право представительства в Мажилисе 7-го созыва: 76 депутатов от партии «Нур Отан», 12 депутатов от партии «Ак Жол» и 10 депутатов от Народной партии Казахстана [Центральной избирательной комиссии, 2021b].

11 января 2021 года в Ассамблее народа Казахстана (АНК) прошли выборы кандидатов в Мажилис 7 созыва. Соответственно, на 28-м заседании АНК, прошедшем в Нур-Султане, 351 из 504 членов АНК приняли участие в голосовании и избрали 9 депутатов [Центральной избирательной комиссии, 2021c].

У этих выборов было много особенностей. Во-первых, они совпадают с 30-летием независимости Казахстана. Во-вторых, выборы прошли в период правления второго в истории страны президента, избранного 10 июня 2019 года. В-третьих, и правящая политическая партия, и оппозиционные партии были хорошо подготовлены к выборам. Кроме того, Коммунистическая партия Казахстана, которая была представлена в Мажилисе шестого созыва, незадолго до выборов сменила название на На-

мының Парламенттік Ассамблеясы – 7; Түркі Кеңесі – 7; Ислам Ынтымақтастық Ұйымы – 4; ЕО – ның Қазақстандағы өкілдігі-2 жалпы саны – 322 байқаушы халықаралық ұйым атынан және 31 шет елден – 76 жекелеген бақылаушылар да сайлау барысын қадағалаған [Қазақстан Орталық сайлау комиссиясы, 2021a].

2021 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасы ОСК сайлау қорытындысын жариялады. Соңғы ресми нәтижесі бойынша, сайлауға қатысқан 5 партия төмендегідей: «Nur Otan» партиясы 5,148,074 дауыс – 71,09%, «Ақ жол» партиясы 792,828 дауыс – 10,95%, Қазақстан Халық партиясы 659,019 дауыс – 9,10% «Ауыл» партиясы 383,023 дауыс – 5,29%, «Adal» партиясы 258,618 дауыс – 3,57% дауыс алған. Қазақстанның Сайлау туралы Конституциялық заңының 97-1-бабына сәйкес, депутаттық мандаттарды бөлу бойынша яғни 7% межеден асқан «Nur Otan» партиясынан 76 депутат, «Ақ жол» партиясынан 12 депутат және Қазақстан Халық партиясынан 10 депутат 7-ші шақырылым Мәжілісті жасақтады [Қазақстан Орталық сайлау комиссиясы, 2021b].

Ал, 2021 жылдың 11-қаңтарында 7-шақырылған Мәжіліске Қазақстан халқы Ассамблеясы тарапынан сайланатын үміткерлердің сайлауы өтті. Ол бойынша Нұр-Сұлтан қаласында ҚХА-ның XXVIII сессиясы аясында ҚХА-ның 504 мүшесінің 351-і дауыс беруге қатысып, 9 депутатты сайлады [Қазақстан Орталық сайлау комиссиясы, 2021c].

Бұл сайлаудың ерекшеліктері көп болды. Қазақстан тәуелсіздігінің 30 жылдығында өтіп отыр. Қазақстан сайлаушылары 2019 жылдың 10 маусымында ел тарихында екінші президенттерін сайлаған еді. Арада 18 айдан кейін маңыздылығы Президент сайлауынан кейінгі Парламент Мәжілісі сайлауына қатысты. Бұл сайлауға Қазақстанның саяси партиялары өте мықты дайындалды. 6-шақырылым Мәжіліс құрамында болған «Қа-

родную партию Казахстана. На этих выборах партия получила 7,19% голосов и вошла в Мажилис с 7 депутатами. Эти выборы прошли не особенно гладко для партии «Ак Жол», входившей в состав Мажилиса 5-го и 6-го созывов. Из-за жесткой конкуренции партии «Ак Жол» пришлось развернуть активную избирательную кампанию, чтобы не потерять доверие электората. Тем не менее, эта политическая организация, представленная в Мажилисе в течение 10 лет, 10 января 2021 года набрала 10,18% голосов, что является самым высоким показателем в истории партии, благодаря ее опыту на предыдущих выборах. Роль партии «Нур Отан» под руководством Первого Президента Казахстана Нурсултана Назарбаева является решающей в политической жизни Казахстана. С момента создания развитие Казахстана в сфере экономики, социальной жизни, здравоохранения и образования было напрямую связано с программой этой партии. С момента обретения независимости, несмотря на изменения в соотношении голосов, партия «Нур Отан», которая была явным победителем на всех выборах, обладает солидными финансовыми и человеческими ресурсами. Таким образом, как и прежде, партия «Нур Отан» в очередной раз завоевала доверие и поддержку народа Казахстана [Егемен Казахстан, 2021b].

15 января Президент Казахстана Токаев принял участие в первом заседании Мажилиса 7 созыва. Выразив благодарность депутатам 6-го созыва за принятие 410 законов за последние 5 лет, Президент пожелал успехов депутатам 7-го созыва. Ссылаясь на то, что нынешний Мажилис созван накануне 30-летия независимости Казахстана и 25-летия парламентской системы, Президент подчеркнул важность для государства проведения исследований по всем направлениям, определения приоритетов, строительства правового государства и повышения доверия людей к прави-

зақстан коммунистік халық партиясы» сайлауға аз уақыт қалғанда атауын «Қазақстан халық партиясы» деп өзгертті. Өткен сайлауда аталған партия 7,19% дауыс алып, Мәжіліс құрамында партияның 7 депутаты болды. Саяси партияның сайлау алдында өз атауынан «коммунистік» деген сөзді алып тастап, «бұрынғы сайлаушыларымыздан айырылып қаламыз» деп қорықпай сайлауға қатысуы үлкен ерлік. Тіпті, 10-қаңтардағы сайлауда 9,10% дауыс алғанын ескерсек, Қазақстан қоғамында шынында комунистік идеяның азайғанын көруге болады. 5-және 6-шақырылымда Мәжіліс құрамында болған «Ақ жол» партиясы үшін бұл сайлау оңай болмады. Себебі, сайлаушылар алдындағы сенімді жоғалтпау үшін мықты сайлауалды бағдарлама дайындаған «Ақ жол» партиясына бәселестер өте көп болды. Соған қарамай, 10 жыл Мәжілісте болған саяси ұйым алдыңғы сайлаулардағы тәжірбесінің арқасында 2021 жылдың 10 қаңтар күні 10,18% дауыс алды. Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың көшбасшылығындағы «Нұр Отанның» орны Қазақстанның саяси өмірінде ерекше. Құрылған күннен бері Қазақстан халқының экономикалық, әлеуметтік, медициналық, білім беру саласының дамуы тікелей аталған партиямен байланысты. Қазақстанның Тәуелсіздік жылдарындағы әртүрлі деңгейдегі сайлаулардың барлығында тек жеңіске жеткен «Нұр Отан» партиясының қаржылық та, адами ресурстық қуаты да өте мықты. Дегенмен, сайлаудың аты сайлау. Жеңістің мол тәжірбесімен мықты ұйымдастырушылық команда ие «Нұр Отан» партия бұл жолы да Қазақстан халқының жоғарғы сеніміне қайта ие болды [Егемен Қазақстан, 2021b].

15-қаңтарда Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 7-шақырылым депутаттарының алғашқы отырысына қатысты. Соңғы 5 жыл ішінде 410 заң қабылданған 6-шақылырым депутаттарының жұмысына алғысын білдірген,

тельству накануне предстоящих начинаний. Он подчеркнул необходимость постепенных реформ, расширения компетенции местных властей, модернизации системы управления и полугосударственного сектора, расширения масштабов цифровизации и, тем самым, дальнейшего повышения прозрачности. Он отметил стремление сделать сектор образования приоритетным и ликвидировать образовательный и социальный разрыв между регионами. С другой стороны, Токаев подчеркнул постепенное введение института районных выборов как предварительное условие политических реформ и заявил, что избирательный порог может быть снижен с 7% до 5% для обеспечения активного участия политических партий в выборах [Официальный сайт Президента Казахстан, 2021].

Нурлан Нигматуллин, занимавший пост Председателя Мажилиса 5-го и 6-го созывов, был избран председателем Мажилиса 7-го созыва в результате единогласной поддержки депутатов. После приведения к присяге новых членов были определены состав и председатели постоянных комиссий Мажилиса. В ходе этого процесса председатели двух комиссий были избраны из числа членов партии «Ак Жол» и Народной партии Казахстана [КазИнформ, 2021].

По сути, пандемия COVID-19 затронула Казахстан, как и любую другую страну мира. Чтобы быстро преодолеть экономический кризис, который мог возникнуть из-за пандемии, потребовался бы ряд законодательных реформ. С другой стороны, исход этих выборов мог оправдать ожидания населения. Можно сказать, что обновленный Мажилис укрепил надежды на экономическое и социальное развитие Казахстана и еще больше расширил политическое участие. Между тем недавние выборы в Мажилис накануне 30-летия Независимости Казахстана, сформированный правящей партией и другими партиями,

Президент 7-шақырылым депутаттарға табыс тіледі. Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы және Қазақстандағы парламентаризмінің 25 жылдығы қарсаңында жасақталған Мәжіліске артылар жүк маңызды екенін атап өткен Президент, Қазақстан дамудың жаңа кезеңінің алдында барлық салаларда алдымен зерттеулер жүргізіп, басымдықтарды айқындап, құқықтық мемлекетті дамытумен азаматтардың билікке құрылымдарына сенімін артыруға жұмыс жасау керектігін айтты. Кезең-кезеңімен реформалар жүргізу, жергілікті биліктің құзіретін кеңейту, басқару жүйесін және квазимемлекеттік саланы жаңғырту, цифрландыру ауқымын кеңейту сол арқылы ашықтықты одан әрі жетілдіру қажеттігін айтты. «Білім экономикасына» басымдық беру, аймақтарарасы білімділік және әлеуметтік топтар арасындағы алшақтықты жоюға бағытталған ұлттық жоба дайындап, жүзеге асыруды айтты. ймақтарарасын дамыту, 3,500-ден астам ауылды заман талапқа сай дамытып, инфрақұрылым қалыптастыруға ерекше маңыз берді. Саяси реформаларды жетілдірудің алғы шарты ретінде кезеңімен ауылдық округтерде сайлау өткізілетінін жеткізді. Көппартиялықтың маңызды екенін айтқан Қасым-Жомарт Тоқаев Мәжіліске өту межесін 7%-дан 5%-ға дейін түсу саяси партиялардың сайлауға қатысу ынтасын арттыра түсетінін айтты. Парламенттің халыққа қызмет ету алаңы екенін айтып, жаңадан сайланған депутаттарға зор жауапкершілікпен қызмет атқаруға шақырды [Қазақстан Президентінің ресми сайты, 2021].

«Нұр Отан» партиясы депутаттарының ұсынысымен 5-ші және 6-шы шақырылымда Мәжіліс төрағасы болған Нұрлан Нығматулиннің кандидатурасы тағы да төрағалыққа ұсылынып, ол Мәжілістің депутаттарының 100% сеніміне ие боп, 7-шақырылым Мәжілістің төрағалығына қайта сайланды. Сонымен қатар, Мәжілістің тұрақты 7 комитетінің төраға-

завоевавшими общественное доверие, станут основой благополучия страны, равных возможностей и развития демократии в Казахстане.

**Источники:**

Егемен Казахстан (2021a). Шансы какой партии сошлись? Доступно по адресу: https://egemen.kz/article/257356-qay-partiyanynh-asyghy-alshysynan-tusedi. Дата обращения: 17.01.2021.

Егемен Казахстан (2021b). Обращение Главы государства к депутатам Мажилиса и Маслихата. Доступно по адресу: https://egemen.kz/article/252908-memleket-basshysynynh-madgilis-dgane-maslikhat-deputattary-saylauyn-taghayyndau-. Дата обращения: 17.01.2021.

Министерства иностранных дел Казахстан (2021). Граждане Казахстана могут участвовать в очередных выборах депутатов Мажилиса Парламента Республики Казахстан за рубежом. Доступно по адресу: https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa/press/events/details/5249?lang=kk. Дата обращения: 17.01.2021.

КазИнформ (2021). Избраны председатели комитетов Мажилиса. Доступно по адресу: https://www.inform.kz/kz/mazhilis-komitetterinin-toragalary-saylandy_a3741512?utm_campaign=recommendation&utm_source=ainews. Дата обращения: 17.01.2021.

Официальный сайт Парламента Казахстан (2021). История Мажилиса. Доступно по адресу: http://www.parlam.kz/kk/mazhilis/history?id=history. Дата обращения: 16.01.2021.

Официальный сайт Президента Казахстана (2021). Касым-Жомарт Токаев принял участие в открытии первой сессии парламента 7-го созыва. Доступно по адресу: http://www.akorda.kz/kz/events/astana_kazakhstan/participation_in_events/kasym-zhomart-tokaev-vii-shakyrylymdagy-parlamenttin-birinshi-sessiyasynyn-ashyluyna-katysty?fbclid=IwAR2gMbLUxEwuXk7ruPoPw1tgT_jtM0ydKSj428exHnAbPUQI6Q3zKAX-eKA#/upload/anounces/ceb8ad8c720348c409b9d8fb06176d23.jpg. Дата обращения: 17.01.2021.

Центральной избирательной комиссии (2021a). ЦИК завершил аккредитацию наблюдателей международных организаций и иностранных государств. Доступно по адресу: https://www.election.gov.kz/kaz/news/releases/index.php?ID=6081. Дата обращения: 17.01.2021.

Центральной избирательной комиссии (2021b). О распределении депутатов Мажилиса Парламента. Доступно по адресу: https://www.election.gov.kz/kaz/news/acts/index.php?ID=6195. Дата обращения: 17.01.2021.

лары да сайланды. Бұған дейінгі 6-шақырылымда 7 комитеттің басшысы да «Нұр Отан» партиясы депутаттары арасынан сайланған еді. Саяси жаңғырулар мен демократияға жол ашқан 7-шақырылымда, оппозициялық партиялар: «Ақ жол» партиясы мен Қазақстанның демократиялық партиясының мүшелері де бір-бір комитеттің басшылығына сайланды [ҚазАқпарат, 2021].

Қорыта айтқанда, коронавирус пандемиясы әлем елдерімен қатар, Қазақстанға да әсер еткені белгілі. Болуы мүмкін күрделі экономикалық дағдарысты шапшаң енсеру мақсатында Қазақстан жаңа заңдар мен жаңғыруларды жасауы керек. Жекелеген азаматтардың жағдайы мен ұсыныстарын ескеру үшін жаңа парламенттік құрамның керектігі айқын еді. Жаңадан жасақталған Мәжіліс Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік жақтан одан әрі дамуына үлес қосып, қоғамның саяси белсенділігін арттыра түсетін болады. Осы мақсатта Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылды қарсаңында заң шығарушы орғанның төменгі палатасы жаңадан қалыптасуы елдің жаңа деңгейде, жаңа қуатты дамуына негіз болады. Қазақстанның өркендеуі жолындағы билік партиясымен қатар, халықтың біршама деңгейде сеніміне ие басқа партияларға да мән беріліп, демократияға кең жол ашылды.

**Дереккөз:**

Егемен Қазақстан (2021a). Қай партияның асығы алшысынан түседі? Сілтеме: https://egemen.kz/article/257356-qay-partiyanynh-asyghy-alshysynan-tusedi. Қаралған уақыты: 17.01.2021.

Егемен Қазақстан (2021b). Мемлекет басшысының Мәжіліс және мәслихат депутаттары сайлауын тағайындау туралы үндеуі. Сілтеме: https://egemen.kz/article/252908-memleket-basshysynynh-madgilis-dgane-maslikhat-deputattary-saylauyn-taghayyndau-. Қаралған уақыты: 17.01.2021.

ҚазАқпарат (2021). Мәжіліс комитеттерінің төрағалары сайланды. Сілтеме: https://www.inform.kz/kz/mazhilis-komitetterinin-toragalary-saylandy_a3741512?utm_campaign=recommendation&utm_source=ainews. Қаралған уақыты: 17.01.2021.

Центральной избирательной комиссии (2021c). Выборы депутатов Парламента Республики Казахстан, избираемых Ассамблеей народа Казахстана. Доступно по адресу: https://www.election.gov.kz/kaz/news/releases/index.php?ID=6192. Дата обращения: 17.01.2021.

Қазақстан Орталық сайлау комиссиясы (2021a). Қазақстан Орталық сайлау комиссиясы халықаралық ұйымдар мен шет мемлекеттердің байқаушыларын аккредиттеуді аяқтады. Сілтеме: https://www.election.gov.kz/kaz/news/releases/index.php?ID=6081. Қаралған уақыты: 17.01.2021.

Қазақстан Орталық сайлау комиссиясы (2021b). Парламенті Мәжілісінің депутаттық мандаттарын бөлу туралы. Сілтеме: https://www.election.gov.kz/kaz/news/acts/index.php?ID=6195. Қаралған уақыты: 17.01.2021.

Қазақстан Орталық сайлау комиссиясы (2021c). Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтын Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының сайлауы өтті. Сілтеме: https://www.election.gov.kz/kaz/news/releases/index.php?ID=6192. Қаралған уақыты: 17.01.2021.

Қазақстан Парламенті Мәжілісінің ресми сайты (2021). Мәжіліс тарихы. Сілтеме: http://www.parlam.kz/kk/mazhilis/history?id=history. Қаралған уақыты: 16.01.2021.

Қазақстан Президентінің ресми сайты (2021). Қасым-Жомарт Тоқаев VII шақырылымдағы Парламенттің бірінші сессиясының ашылуына қатысты. Сілтеме: http://www.akorda.kz/kz/events/astana_kazakhstan/participation_in_events/kasym-zhomart-tokaev-vii-shakyrylymdagy-parlamenttin-birinshi-sessiyasynyn-ashyluyna-katysty?fbclid=IwAR2gMbLUxEwuXk7ruPoPw1tgT_jtM0ydKSj428exHnAbPUQI6Q3zKAX-eKA#/upload/anounces/ceb8ad8c720348c409b9d8fb06176d23.jpg. Қаралған уақыты: 17.01.2021.

Қазақстан Сыртқы істер министрлігі (2021). Қазақстан азаматтары шет елдерде Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезекті сайлауына қатыса алады. Сілтеме: https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa/press/events/details/5249?lang=kk. Қаралған уақыты: 17.01.2021.

# ГЕРМАНИЯ ПОСЛЕ МЕРКЕЛЬ: ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ
# МЕРКЕЛЬДЕН КЕЙІНГІ ГЕРМАНИЯ: МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАР

*Омирбек Канай* *

Социал-демократический политик Олаф Шольц был утвержден в качестве нового федерального канцлера страны путем голосования в Бундестаге Федеративной Республики Германии 20-го созыва 8 декабря 2021 года. Олаф Шольц, набравший 395 из 707 голосов, использованных в Бундестаге, состоящем из 736 членов, официально принял присягу в качестве канцлера Германии [Бундестаг, 2021а]. Таким образом, подошла к концу эпоха Ангелы Меркель, которая оставила важный след в политической истории как Германии, так и Европейского союза (ЕС), беспрерывно занимая пост канцлера в течение 16 лет. Как будет формироваться будущее Германии после Меркель с новым канцлером Олафом Шольцем — это тема, которую необходимо обсудить.

Фактически, на выборах в немецкий Бундестаг 2021 года, состоявшихся 26 сентября 2021 года, Социал-демократическая партия (СДПГ) превзошла правящую партию Христианско-демократический союз (ХДС). Из 45 политических партий, участвовавших в выборах в Бундестаг, которые прошли с явкой 76,6%, только 8 партий преодолели 5%-й барьер и заняли свое место в Бундестаге 20-го созыва. Согласно официальным результатам Федеральной избирательной комиссии Германии, в Бундестаге 20-го созыва Социал-демократическая партия (СДП) имеет 206 мест с 25,7% голосов, Христианско-демократический союз (ХДС) 152 места с 18,9% голосов, Партия зеленых (Bündnis 90/Die Grünen) 118 мест с 14,8% голосов, Свободная де-

2021 жылы 8 желтоқсанда Германия федеративтік республикасының 20-шы шақырылымдағы Федералды мәжілісіндегі (Бундестаг) дауыс беруде социал-демократиялық саясаткер Олаф Шольц елдің жаңа федералды канцлері болып бекітілді. Бундестагтағы 736 депутаттың дауыс беруге қатысқан 707-сінің 395-інің қолдауына ие болған Олаф Шольц ресми түрде Германия канцлері ретінде ант берді [Бундестаг, 2021а]. Осылайша Германияның да, Еуропалық Одақтың да (ЕО) саяси тарихында маңызды із қалдырып 16 жыл үзіліссіз канцлер қызметін атқарған Ангела Меркельдің дәуірі аяқталды. Ендеше, Меркельден кейінгі Германияның болашағы жаңа канцлер Олаф Шольц кезінде қалай қалыптасатыны талқылауды қажет ететін мәселенің бірі.

Шын мәнінде, 2021 жылы 26 қыркүйекте өткен Бундестаг сайлауында Социал-демократиялық партия (СДП) биліктегі Христиан-демократиялық одағынан (ХДО) асып түсті. Сайлаушылардың қатысу деңгейң 76,6% болған аталмыш Бундестаг сайлауына қатысқан 45 саяси партияның 8-і ғана 5%-дық межеден өтіп, 20-шы шақырылымдағы Бундестагта өз орнын алды. Германия Федералдық сайлау комиссиясының ресми қорытындысы бойынша, 20-шы шақырылымдағы Бундестагта СДП 25,7% дауыспен 206 орынға, Христиан-демократиялық партиясы (ХДП) 18,9% дауыспен 152 орынға ие болды. Ал, Жасылдар партиясы (Bündnis 90/Die Grünen) 14,8% дауыспен 118 орын, Еркін демократиялық партия (ЕДП) 11,5% дауыспен 92 орын, Герма-

* магистр, Евразийский научно-исследовательский институт, Казахстан.
kaztegin@hotmail.com

мократическая партия (СвДП) 92 места с 11,5% голосов, Альтернатива для Германии (АдГ) 83 места с 10,3% голосов, Христианско-социальный союз (ХСС), родственная партия ХДС, 64 места с 5,2% голосов, Партия левых (DIE LINKE) 39 мест с 4,9% голосов и Союз избирательных округов Южного Шлезвига (SSW) 1 место с 0,1% голосов [Федеральная избирательная комиссия Германии, 2021]. Несмотря на второе место на выборах в Бундестаг в Германии в 2017 году, СДП, у которой была самая большая потеря голосов в своей истории, заняла первое место в 2021 году с ростом на 5,2% по сравнению с предыдущими выборами, что можно считать большой победой, как для партии, так и для Шольца. Кроме того, важным успехом представляется тот факт, что Олаф Шольц в качестве кандидата в премьер-министры от СДПГ смог в короткие сроки завершить коалиционные переговоры с зелеными и СвДП [Bild, 2021].

Успех Шольца, победившего на выборах в Бундестаг, зависит от того, какую политику он будет проводить. В первую очередь премьер-министр Олаф Шольц может сделать приоритетом снижение негативных последствий пандемии для экономики страны за счет усиления борьбы с пандемией COVID-19, которая продолжает сотрясать весь мир. Олаф Шольц, еще будучи министром финансов страны до выборов, сыграл важную роль в создании фонда помощи ЕС в размере 750 миллиардов евро для борьбы с пандемией [Грис, 2021]. СДПГ, СвДП и Зеленые совместно представили в Бундестаг Германии закон об усилении мер вакцинации против пандемии COVID-19 и внесении поправок в другие правила, касающиеся пандемии, 7 декабря 2021 года [Бундестаг, 2021b]. И Германия, и ЕС продолжают оставаться в числе тех, кто больше всего пострадал от пандемии COVID-19. Согласно последнему отчету Всемирной организации здравоохранения (ВОЗ), общее число подтверж-

ния үшін балама (ГБ) 10,3% дауыспен 83 орын, ХДО-ның еншілес партиясы Христиан әлеуметтік одағы (ХӘО) 5,2% дауыспен 64 орын, Оның Солшылдар партиясы (СП) 4,9% дауыспен 39 орын және Оңтүстік Шлезвиг сайлаушылар одағы (ОШО) 0,1% дауыспен 1 орынға ие болды. [Германия Федералдық сайлау комиссиясы, 2021].

2017 жылғы Бундестаг сайлауында екінші орында болғанына қарамастан, өз тарихында ең көп дауыс жоғалтқан СДП-ның 2021 жылы алдыңғы сайлауға қарағанда 5,2% артық дауыс жинап бірінші орынға шығуын партия үшін де, Шольц үшін үлкен жеңіс деп санауға болады. Сонымен қатар, Олаф Шольцтің СДП атынан канцлерлікке кандидат ретінде Жасылдар және ЕДП-мен коалициялық келіссөздерді қысқа мерзімде аяқтауы маңызды жетістік болып көрінеді [Bild, 2021].

Бундестаг сайлауында жеңіске жеткен Шольцтың билікте қаншалықты табысты болатыны бұдан былай ұстанатын саясатына байланысты. Ең алдымен, Премьер-министр Олаф Шольц бүкіл әлемді әуіре-сарсаңға салып жатқан COVID-19 індетімен күресті күшейту арқылы індеттің ел экономикасына кері әсерін азайтуға басымдық беретінін атап өткен жөн. Олаф Шольц сайлауға дейін Германияның қаржы министрі ретінде ЕО-ның індетке қарсы 750 миллиард еуролық құтқару қорын құруда маңызды рөл атқарған еді [Грис, 2021]. 2021 жылдың 7 желтоқсанында СДП, ЕДП және Жасылдар бірлесіп Бундестагта COVID-19 індетіне қарсы вакцинация шараларын күшейту және індетке қатысты басқа ережелерге түзетулер енгізу туралы заңды ұсынды [Бундестаг, 2021b]. Өйткені Германия да, ЕО да COVID-19 індетінен ең көп зардап шеккендердің қатарында. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) соңғы есебіне сәйкес, 2021 жылғы 5 желтоқсандағы ЕО көлемінде індет жұқтырғандардың жалпы саны 88,925,399-ға жетіп, оның 1,569,599-ы

денных случаев в странах ЕС достигло 88,925,399, из которых 1,569,599 умерли по состоянию на 5 декабря 2021 года. Кроме того, 396,429 новых случаев были зарегистрированы в Германии, второй стране с наибольшим числом новых случаев, выявленных за последнюю неделю в мире по состоянию на 5 декабря 2021 г. [Всемирной организации здравоохранения, 2021]. С этой точки зрения Олаф Шольц будет уделять приоритетное внимание борьбе с пандемией, как в рамках освоения миллиардов евро фонда восстановления, которые он начал задействовать для борьбы с пандемией в своей стране и в ЕС, так и с учетом текущей ситуации с пандемией COVID-19 в его стране.

С точки зрения внутренней политики, еще одним приоритетом Олафа Шольца является попытка предотвратить усиление правого экстремизма в стране в последние годы. Олаф Шольц также призвал всю Германию реагировать на ультраправые провокации во время избирательной кампании [Перспектива, 2021]. Как и во многих странах ЕС, усиление правого экстремизма в Германии в последние годы продолжает представлять наибольшую угрозу безопасности и демократии в стране. Например, согласно данным Федеральной организации по защите конституции Германии (BfV), число сторонников ультраправых в стране составляло 25,350 человек в 2018 году, а в 2021 году оно достигло около 33,300 человек. Известно, что около 13,300 из них склонны к насилию, а только в 2020 году ультраправыми было совершено 22,357 преступлений [BfV, 2021]. Более того, видно, что активность крайне правых политических партий в Германии постепенно нарастает. В настоящее время в стране действуют ультраправые партии, такие как «Альтернатива для Германии» (AfD), Немецкая национал-демократическая партия (NPD), «Партия третьего пути» (III. Weg), «Правые» (Die Rechte), республиканцы

қайтыс болды. Сондай-ақ, 2021 жылы 5 желтоқсандағы жағдай бойынша, соңғы бір аптада Германияда жаңадан 396,429 адам індет жұқтырып, әлемде соңғы бір аптада індет жұқтырғандардың саны ең көп екінші ел болды [Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымы, 2021]. Осы тұрғыдан алғанда, Олаф Шольц өз еліндегі COVID-19 індетінің соңғы жағдайын ескере отырып және ЕО мен Германияда індетке қарсы жүзеге асыра бастаған миллиардтаған еуролық қалпына келтіру қорын тиімді пайдалану үшін де індетпен күреске басымдық беретінін сенімді түрде айтуға болады.

Ішкі саясатқа келетін болсақ, елде соңғы жылдары күшейіп келе жатқан оңшыл экстремизмнің алдын алу Олаф Шольц саясатының тағы бір басым бағыты болатынын болжауға болады. Онсызда Олаф Шольц сайлау науқаны кезінде бүкіл Германияны оңшыл экстремизмге қарсы әрекет етуге шақырған болатын [Перспектива, 2021]. ЕО-ның көптеген елдері сияқты, соңғы жылдары Германиядағы оңшыл экстремизмнің күшеюі елдегі қауіпсіздік пен демократияға аса үлкен қауіп төндіретін мәселелердің біріне айналды. Мысалы, Германияның Конституцияны қорғау федералдық ұйымының (КҚФҰ) деректеріне сәйкес, елдегі әсіре оңшылдардың саны 2018 жылы 25,350 болса, 2021 жылы шамамен 33,300-ге жеткен. 2020 жылдың өзінде елде әсіре оңшылдар жасаған 22,357 қылмыс тіркеліп, оның 13,300-ге жуығы зорлық-зомбылық түрінде болды [BfV, 2021]. Оның үстіне Германиядағы әсіре оңшыл саяси партиялардың белсенділігі де біртіндеп артып келе жатқаны байқалады. Қазіргі уақытта елде Германия үшін балама (ГБ), Германия ұлттық-демократиялық партиясы (ГҰДП), «Үшінші жол» партиясы (III. Weg), Оңшылдар (Die Rechte), Республикашылар (REP) және Дойче консервативтік сияқты әсіре оңшыл партиялар бар. 2021 Бундестаг сайлауына Германияға балама (ГБ), Германия ұлттық-демократиялық партиясы

(REP) и Deutsche Conservative. АдГ, НДПГ и III. Weg приняли участие в выборах в Бундестаг 2021 года. АдГ, впервые вошедшая в Бундестаг Германии с 94 местами на выборах в Бундестаг 2017 года и Европейский парламент с 11 местами на выборах в Европейский парламент 2019 года, получила 83 места в Бундестаге 20-го созыва.

С точки зрения внешней политики Олаф Шольц попытается пересмотреть отношения Германии с ЕС и, особенно с США. Потому что видно, что кризис доверия между США и ЕС в эпоху Дональда Трампа продолжается в эпоху президента США Джо Байдена. После подписания соглашения AUKUS между США, Великобританией и Австралией в сентябре 2021 года, отмены Канберрой соглашения по подводным лодкам Австралии и Франции вызвала реакцию Парижа и Брюсселя. В своем выступлении 7 декабря 2021 года Олаф Шольц сказал, что он совершит свой первый зарубежный визит во Францию, заявил, что «для ЕС важно действовать сильным и суверенным, чтобы формировать мир будущего», что Берлин попытается пересмотреть внешнеполитический подход ЕС вместе с Парижем в ближайший период. Однако в условиях, когда мировой центр тяжести смещается в Индо-Тихоокеанский регион и соперничество США и Китая становится все более очевидным, можно прогнозировать, что администрация Олафа Шольца будет пытаться как защищать интересы ЕС, так и продолжать в традиционном союзе с Вашингтоном вместе с парижской администрацией, а не действовать в одиночку.

Кроме того, несомненно, еще одним важным вопросом, с которым администрация Олафа Шольца столкнется во внешней политике, станут отношения Берлин-Пекин и Брюссель-Пекин. Потому что в последние годы растущее экономическое влияние Китая в ЕС в целом и в Восточной Европе в частности,

(ГҰДП) және «Үшінші жол» партиясы (III. Weg) қатысты. 2017 жылғы Бундестаг сайлауында 94 орын, Европа Парламентіне 2019 жылғы Европа Парламенті сайлауында 11 орын алып алғаш рет Германия Бундестагына кірген Германия үшін балама (ГБ) 20-шы мерзімді Бундестагтан 83 орын алды.

Сыртқы саясат тұрғысынан Олаф Шольц Германияда да, ЕО-мен де, әсіресе АҚШ-пен қарым-қатынастарды қайта қарауға тырысады деп айтуға болады. Өйткені Дональд Трамп дәуіріндегі АҚШ пен ЕО арасындағы сенім дағдарысы АҚШ президенті Джо Байден дәуірінде де жалғасып жатқанын көреміз. 2021 жылдың қыркүйегінде АҚШ, Ұлыбритания және Австралия арасында қол қойылған АҰАҚШ келісімінен кейін Канберраның Австралия-Франция сүңгуір қайық келісімінен бас тартуы Париж бен Брюссельдің ұарсылығын тудырды. 2021 жылы 7 желтоқсанда сөйлеген сөзінде өзінің алғашқы шетелдік сапарын Францияға жасайтынын айтқан Олаф Шольц «ЕО-ның болашақ әлемін қалыптастыру үшін күшті және егемендікпен әрекет етуі маңызды» деп мәлімдеді. Берлин алдағы кезеңде Парижбен бірге ЕО-ның сыртқы саясатына назар аударады, бұл оның көзқарасын қайта қарауға тырысатынын көрсетеді. Дегенмен, әлемнің ауырлық орталығы Үнді-Тынық мұхиты аймағына ауысқан және АҚШ-Қытай бәсекелестігі барған сайын айқын бола бастаған уақытта Олаф Шольц әкімшілігі жалғыз әрекет етуден гөрі, Париж әкімшілігімен бірге ЕО мүддесін қорғауға және Вашингтонмен дәстүрлі одақтастығын жалғастыруға тырысады деп болжауға болады.

Сонымен қатар, Олаф Шольц әкімшілігі сыртқы саясатта кездесетін тағы бір маңызды мәселе Берлин-Пекин және Брюссель-Пекин арасындағы қарым-қатынастар болатыны сөзсіз. Өйткені соңғы жылдары Қытайдың жалпы Еуроодақтағы, атап айтқанда Шығыс Европа-

с рядом инфраструктурных и инвестиционных проектов вызывает беспокойство стран ЕС, особенно Германии. Поэтому Германия в последние годы критикует Китай за проблемы Тайваня, Гонконга, Тибета и Восточного Туркестана, а также за права человека. Фактически, в мае 2019 года, когда Франция определила свою стратегию для Индо-Тихоокеанского региона под названием «Франция и безопасность Индо-Тихоокеанского региона», в сентябре 2020 года Германия приняла политические доктрины в отношении Индо-Тихоокеанского региона под названием «Германия - Европа - Азия: формируем 21 век вместе», показывая, что они придают большое значение формированию Индо-Тихоокеанского региона [Министерство обороны Франции, 2019; Министерство иностранных дел Германии, 2020].

Таким образом, в условиях, когда весь мир сотрясается от пандемии COVID-19 и усиливается глобальная геополитическая и геоэкономическая конкуренция, внутренняя и внешняя политика Олафа Шольца, избранного канцлером Германии, крупнейшей экономики в ЕС, может повлиять не только на его страну, но и на ЕС. То, как новый канцлер Германии Олаф Шольц будет формировать свою политику, будет зависеть от таких вопросов, как экономическая стабильность в стране и проблема беженцев, а также других вопросов, которые приобрели региональное и глобальное значение, в дополнение к вышеупомянутым вопросам.

**Источники:**

Бундестаг (2021a). Олаф Шольц был избран канцлером с 395 голосами. Доступно по адресу: https://www.bundestag.de/dokumente/textarchiv/2021/kw49-de-kanzlerwahl-870142. Дата обращения: 08.12.2021.

Бундестаг (2021b). Закон об усилении мер по вакцинации против эпидемии COVID-19 и изменении других правил, связанных с эпидемией. Доступно по адресу: https://dip.bundestag.de/vorgang/gesetz-zur-

дағы бірқатар инфрақұрылымдық және инвестициялық жобаларымен экономикалық ықпалының арта түсуі Еуроодақ елдерін, әсіресе Германияны алаңдатып отырған жағдай. Сондықтан соңғы жылдары Германия Қытайды Тайвань, Гонконг, Тибет және Шығыс Түркістан мәселелері мен адам құқықтары үшін сынап келеді. Айта кетейік, 2019 жылдың мамыр айында Франция Үнді-Тынық мұхиты аймағына арналған «Франция және Үнді-Тынық мұхиты қауіпсіздігі» стратегиясын анықтаса, 2020 жылдың қыркүйегінде Германия «Германия - Еуропа - Үнді-Тынық мұхиты аймағына» назар аударды Азия: 21 ғасырды бірге қалыптастырамыз». Бұл олардың саяси доктриналарын қабылдау арқылы Үнді-Тынық мұхиты аймағын қалыптастыруға үлкен мән беретінін көрсетеді [Франция Қорғаныс министрлігі, 2019; Германия Сыртқы істер министрлігі, 2020].

Қорыта айтқанда, COVID-19 індеті мен бүкіл әлем дүр сілкіндірген кезде ЕО-ның ең ірі экономикасы Германияның премьер-министрі болып сайланған Олаф Шольц ұстанатын ішкі және сыртқы саясат, жаһандық геосаяси және геоэкономикалық бәсекелестіктің күшеюі оның еліне ғана емес, сонымен бірге ЕО-на да әсер етуі мүмкін. Жоғарыда аталған мәселелерден бөлек, Германияның жаңа канцлері Олаф Шольцтің саясаты қалай қалыптасатындығы, сондай-ақ елдің экономикалық тұрақтылығы мен босқындар мәселесі, аймақтық және жаһандық мәнге ие болған басқа да мәселелерді ұстанады деп айтуға болады.

**Дереккөз:**

Бундестаг (2021a). Олаф Шольц 395 дауыспен канцлер болып сайланды. Сілтеме: https://www.bundestag.de/dokumente/textarchiv/2021/kw49-de-kanzlerwahl-870142. Қаралған уақыты: 08.12.2021.

Бундестаг (2021b). COVID-19 індетіне қарсы вакцинациялау шараларын күшейту және індетке қатысты басқа ережелерді өзгерту туралы заң. Сілтеме: https://dip.bundestag.de/vorgang/gesetz-zur-

st%C3%A4rkung-der-impfpr%C3%A4vention-gegen-covid-19-und-zur-%C3%A4nderung/283063?fld.0.0=deskriptor&fld.0.0.term=COVID-19&op.0=AND&f.typ=Vorgang&rows=25&sort=datum_ab&pos=7. Дата обращения: 10.12.2021.

Bild (2021). СДПГ, СвДП и Зеленые: финал светофорных переговоров. Доступно по адресу: https://www.bild.de/politik/inland/politik-inland/spd-fdp-und-gruene-auf-der-zielgeraden-das-finale-der-ampel-verhandlungen-im-bil-78334404.bild.html. Дата обращения: 09.12.2021.

BfV (2020). Рекламное заявление президента БфВ Томаса Хальденванга в Комитете парламентского контроля Бундестага Германии 27 октября 2021 г. Доступно по адресу: https://www.verfassungsschutz.de/SharedDocs/reden/DE/2021/statement-haldenwang-oeffentliche-anhoerung-durch-das-parlamentarische-kontrollgremium.html. Дата обращения: 10.12.2021.

Всемирная организация здравоохранения (2021). Еженедельный отчет о состоянии дел с новым коронавирусом (COVID-19) от 07.12.2021. Доступно по адресу: https://www.who.int/publications/m/item/weekly-operational-update-on-covid-19---7-december-2021. Дата обращения: 09.12.2021.

Грис, Лотар (2021). Пакет помощи в 750 миллиардов: как работает фонд Corona. Доступно по адресу: https://www.tagesschau.de/wirtschaft/konjunktur/wiederaufbaufonds-hilfspaket-eu-kommission-101.html. Дата обращения: 09.12.2021.

Министерство обороны Франции (2019). Франция и Индо-Тихоокеанская безопасность. Доступно по адресу: https://www.defense.gouv.fr/ layout/set/print/content/download/532754/9176250/version/3/file/France+and+Security+in+the+Indo-Pacific+-+2019.pdf. Дата обращения: 10.12.2021.

Министерство иностранных дел Германии (2020). Руководство Индо-Тихоокеанского региона. Германия – Европа – Азия: вместе формируем XXI век. Доступно по адресу: https://www.auswaertiges-amt.de/blob/2380514/f9784f7e3b3fa1bd7c5446d274a4169e/200901-indo-pazifik-leitlinien--1--data.pdf. Дата обращения: 10.12.2021.

Перспектива (2021). Олаф Шольц: «Нам нужно принять меры против ультраправых». Доступно по адресу: https://perspektif.eu/2021/09/03/olaf-scholz-asiri-saga-karsi-harekete-gecmemiz-gerekiyor/. Дата обращения: 10.12.2021.

Федеральная избирательная комиссия Германии (2021). Федеральные выборы 2021: окончательный результат. Доступно по адресу: https://www.bundeswahlleiter.de/info/presse/mitteilungen/bundestagswahl-2021/52_21_endgueltiges-ergebnis.html. Дата обращения: 08.12.2021.

st%C3%A4rkung-der-impfpr%C3%A4vention-gegen-covid-19-und-zur-%C3%A4nderung/283063?fld.0.0=deskriptor&fld.0.0.term=COVID-19&op.0=AND&f.typ=Vorgang&rows=25&sort=datum_ab&pos=7. Қаралған уақыты: 10.12.2021.

Bild (2021). СДП, ЕДП және Жасылдар: бағдаршам туралы келіссөздердің аяқталуы. Сілтеме: https://www.bild.de/politik/inland/politik-inland/spd-fdp-und-gruene-auf-der-zielgeraden-das-finale-der-ampel-verhandlungen-im-bil-78334404.bild.html. Қаралған уақыты: 09.12.2021.

BfV (2020). BfV президенті Томас Халденвангтың 2021 жылғы 27 қазандағы Германия Бундестагының Парламенттік бақылау комитетіндегі жариялылық мәлімдемесі. Сілтеме: https://www.verfassungsschutz.de/SharedDocs/reden/DE/2021/statement-haldenwang-oeffentliche-anhoerung-durch-das-parlamentarische-kontrollgremium.html. Қаралған уақыты: 10.12.2021.

Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымы (2021). 2021 жылы 7 желтоқсандағы жаңа коронавирус (COVID-19) апталық күйі туралы есеп. Сілтеме: https://www.who.int/publications/m/item/weekly-operational-update-on-covid-19---7-december-2021. Қаралған уақыты: 09.12.2021.

Германия Сыртқы істер министрлігі (2020). Үнді-Тынық мұхиты негізінде нұсқаулықтар. Германия – Еуропа – Азия: XXI ғасырды бірге қалыптастыру. Сілтеме: https://www.auswaertiges-amt.de/blob/2380514/f9784f7e3b3fa1bd7c5446d274a4169e/200901-indo-pazifik-leitlinien--1--data.pdf. Қаралған уақыты: 10.12.2021.

Германияның Федералдық сайлау комиссиясы (2021). Федералдық сайлау 2021: түпкілікті нәтиже. Сілтеме: https://www.bundeswahlleiter.de/info/presse/mitteilungen/bundestagswahl-2021/52_21_endgueltiges-ergebnis.html. Қаралған уақыты: 08.12.2021.

Грис, Лотар (2021). 750 миллиард көмек пакеті: Корона қоры қалай жұмыс істейді. Сілтеме: https://www.tagesschau.de/wirtschaft/konjunktur/wiederaufbaufonds-hilfspaket-eu-kommission-101.html. Қаралған уақыты: 09.12.2021.

Перспектива (2021). Олаф Шольц: «Бізге ултра оң жақтағыларға қарсы әрекет ету керек». Сілтеме: https://perspektif.eu/2021/09/03/olaf-scholz-asiri-saga-karsi-harekete-gecmemiz-gerekiyor/. Қаралған уақыты: 10.12.2021.

Франция Қорғаныс министрлігі (2019). Франция және Үнді-Тынық мұхиты қауіпсіздігі. Сілтеме: https://www.defense.gouv.fr/layout/set/print/content/download/532754/9176250/version/3/file/France+and+Security+in+the+Indo-Pacific+-+2019.pdf. Қаралған уақыты: 10.12.2021.



# ГЛАВА 2.
# ЭКОНОМИКА СТРАН ЕВРАЗИИ

# 2-ТАРАУ.
# ЕУРАЗИЯ ЕЛДЕРІНІҢ ЭКОНОМИКАСЫ

# ЭКОНОМИЧЕСКОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО

## ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

# ОЦЕНКА СОГЛАШЕНИЯ О ВСЕОБЪЕМЛЮЩЕМ РЕГИОНАЛЬНОМ ЭКОНОМИЧЕСКОМ ПАРТНЕРСТВЕ
# АЙМАҚТЫҚ ЖАН-ЖАҚТЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ СЕРІКТЕСТІК ТУРАЛЫ КЕЛІСІМГЕ ШОЛУ

*Омирбек Канай**

Соглашение о всеобъемлющем региональном экономическом партнерстве (ВРЭП) было подписано на 4-м саммите ВРЭП, проведенном между членами Ассоциации государств Юго-Восточной Азии (АСЕАН) Брунеем, Камбоджей, Индонезией, Лаосом, Малайзией, Мьянмой, Филиппинами, Сингапуром, Таиландом, Вьетнамом и странами-партнерами по диалогу АСЕАН Австралией, Китаем, Японией, Южной Кореей и Новой Зеландией 15 ноября 2020 года [АСЕАН, 2020]. Соглашение о ВРЭП, подписанное после 8 лет переговоров, примечательно тем, что является крупнейшим в мире соглашением о свободной торговле.

Прежде всего, Соглашение о ВРЭП является одним из важнейших результатов процесса экономической интеграции, который приобретает все большее значение в Азиатско-Тихоокеанском регионе. Потому что Азиатско-Тихоокеанский регион с его торгово-экономическим развитием за последние 20-30 лет стал одним из важнейших центров притяжения мировой экономики. Несмотря на глобальную и региональную геополитическую борьбу и различные споры в Азиатско-Тихоокеанском регионе, политическая и экономическая активность которого быстро растет на международной арене, региональное экономическое сотрудничество, торговля и инвестиционные вопросы, связанные с экономической регионализацией и процессом интеграции, ускоряются. Таким образом, с развитием Азиатско-Тихоокеанского региона с точки зрения политических и торгово-экономических аспектов,

2020 жылы 15 қарашада Оңтүстік-Шығыс Азия елдері қауымдастығындағы (АСЕАН) Бруней, Камбоджа, Индонезия, Лаос, Малайзия, Мьянма, Филиппин, Сингапур, Таиланд және Вьетнам, сондай-ақ, АСЕАН-ның серіктестері Австралия, Қытай, Жапония, Оңтүстік Корея және Жаңа Зеландия сынды елдер арасында өткен 4-ші кезекті Аймақтық жан-жақты экономикалық серіктестік (RCEP) саммитінде RCEP келісіміне қол қойылды [АСЕАН, 2020]. Шамамен 8 жыл бойы жалғасқан келіссөздерден кейін жасалған RCEP келісімі әлемдегі ең ірі еркін сауда келісімі болғандықтан әлем назарын аударуда.

Ең алдымен, RCEP келісімін Азия-Тынық мұхиты аймағында барған сайын маңызы арта түскен экономикалық ықпалдастық үдерісінің елеулі нәтижелерінің бірі болғанын атап өткен жөн. Себебі Азия-Тынық мұхиты аймағы соңғы 20-30 жылдағы сауда-экономикалық дамуымен қазіргі кезде әлемдік экономиканың маңызды орталықтарының біріне айналды. Халықаралық аренада саяси және экономикалық белсенділігі арта түскен Азия-Тынық мұхиты аймағында жаһандық және аймақтық геосаяси күрестер мен түрлі келіспеушіліктердің болғанына қарамастан, аймақтық экономикалық ынтымақтастық, сауда және инвестицияларды қамтитын экономикалық бірегейлену мен ықпалдастық біртіндеп жеделдеп келеді. Сондықтан, Азия-Тынық мұхиты аймағының саяси және сауда-экономикалық дамуымен қатар, аймақ елдері арасындағы эконо-

* магистр, Евразийский научно-исследовательский институт, Казахстан.
kaztegin@hotmail.com

укрепление экономических отношений между странами региона, либерализация торговли и инвестиций, содействие торговому и техническому сотрудничеству и деловым контактам становится серьезной необходимостью. С этой точки зрения 15 стран, являющихся участниками Соглашения о ВРЭП, составляют почти 30% мирового населения, более половины мировой экономики и объема мировой торговли, и важность экономической интеграции между ними является бесспорной.

С геоэкономической точки зрения фундамент такого торгового соглашения был заложен давно в Азиатско-Тихоокеанском регионе. До соглашения в регионе было несколько региональных организаций, таких как АСЕАН, АСЕАН + Three и Организация Азиатско-Тихоокеанского экономического сотрудничества (АТЭС). Приоритетными задачами таких организаций в регионе являются укрепление экономического и коммерческого сотрудничества между странами региона для обеспечения стабильного роста экономик. До сегодняшнего дня члены АСЕАН подписали отдельные соглашения о свободной торговле с Австралией, Китаем, Южной Кореей, Японией и Новой Зеландией в рамках платформ АСЕАН + One и АСЕАН + Three. Помимо этого, путем подписания двусторонних соглашений о свободной торговле между Китаем-Сингапуром, Японией-Филиппинами продолжаются переговоры по соглашениям о свободной торговле между треугольником Китай-Япония-Южная Корея и Китай-Австралия [Канай, 2020]. Такая ситуация в регионе позволила Соглашению о ВРЭП стать более всеобъемлющей моделью экономической интеграции.

С точки зрения геополитики, страны АСЕАН придают большее значение Соглашению о ВРЭП. Это упомянутое соглашение впервые появилось на 18-м саммите министров экономики и торговли АСЕАН, состоявшемся в Мьянме 26 февраля 2011 года, и было принято решение

микалық қатынастарды нығайту, сауда мен инвестицияларды ырықтандыру, сауда және техникалық ынтымақтастық пен іскерлік байланыстарды қолайластыру маңызды қажеттілік болып отыр. RCEP келісіміне қатысушы 15 мемлекет әлем халқының шамамен 30%-на және әлемдік экономика мен әлемдік сауда көлемінің жартысынан көбіне иелік етуі тұрғысынан алып қарағанда, аймақ елдері арасында өзара экономикалық ықпалдастықтың маңыздылығы даусыз ақиқат.

Геоэкономикалық тұрғыдан алғанда, Азия-Тынық мұхиты аймағында мұндай сауда келісімінің негізі де қаланып үлгерген. Аталмыш келісімге дейін де аймақта АСЕАН, АСЕАН + үш (АСЕАН Plus Three) және Азия-Тынық мұхиты экономикалық ынтымақтастық ұйымы (APEC) сияқты бірнеше аймақтық ұйымдар болған еді. Аймақтағы осындай ұйымдардың басты мақсаттары аймақ елдері арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты нығайту арқылы экономиканың тұрақты өсуін қамтамасыз ету болып табылады. Бүгінгі күні АСЕАН елдері "АСЕАН + Бір" және "АСЕАН + Үш" платформасы шеңберінде Австралия, Қытай, Оңтүстік Корея, Жапония және Жаңа Зеландиямен жеке-жеке еркін сауда келісімдеріне қол қойған болатын. Сонымен қатар, Қытай-Сингапур, Жапония-Филиппин арасында екіжақты еркін сауда келісімдеріне қол қойылса, Қытай-Жапония-Оңтүстік Корея үшгені арасында және Қытай-Австралия арасында еркін сауда келісімдері туралы келіссөздер жалғасуда [Қанай, 2020]. Аймақтағы бұл жағдай аймақтық экономикалық ықпалдастықтың анағұрлым ауқымды үлгісі ретінде RCEP келісімінің ортаға шығуына мүмкіндік берді.

Геосаяси тұрғыдан алғанда, RCEP келісіміне, әсіресе, АСЕАН елдері үлкен мән бергенін айтуға болады. RCEP келісімі алғаш рет 2011 жылдың 26 ақпанында Мьянмада өткен 18-ші АСЕ-

начать всеобъемлющие переговоры по Соглашению о ВРЭП на 19-м саммите лидеров АСЕАН, организованном в Индонезии 14-19-го ноября, 2011. Учитывая экономическую ситуацию в регионе и экономические и торговые отношения АСЕАН с другими партнерами по свободной торговле, включение соглашения о ВРЭП в повестку дня АСЕАН преследует следующие основные цели: 1) Развитие ведущей роли АСЕАН в региональном сотрудничество, помимо развития АСЕАН, чтобы позволить ей играть более активную роль в региональных и международных делах; 2) Расширение и улучшение таких соглашений со странами, у которых есть соглашения о свободной торговле АСЕАН, такими как Австралия, Китай, Южная Корея, Япония и Новая Зеландия, что позволяет упростить торговлю; 3) Дальнейшее расширение экономического сотрудничества между странами АСЕАН посредством соглашения [АСЕАН, 2012].

Однако при оценке Соглашения о ВРЭП в Азиатско-Тихоокеанском регионе следует также принимать во внимание геополитические реалии, которые могут повлиять на экономическую интеграцию в регионе. Когда на повестку дня было вынесено Соглашение о ВРЭП, Китай рассматривал его как альтернативу соглашению о Транстихоокеанском партнерстве. Поэтому китайское правительство активно участвовало в переговорах по этому вопросу. Китаю также необходимо укрепить экономические и торговые отношения со странами, являющимися участниками Соглашения о ВРЭП, для реализации проекта «Один пояс, один путь», который стоит в повестке дня с 2013 года. Например, на саммите АСЕАН-Китай в 2013 году Китайская сторона призвала к 2020 году довести объем торговли между АСЕАН и Китаем до 1 триллиона долларов [Ван, 2015]. Кроме того, разразившаяся в марте 2018 года торговая война между США и Китаем заставила Китай уделять больше внимания этому вопросу.

АН Экономика және сауда министрлер саммитінде көтеріліп, 2011 жылдың 14-19 қарашасында Индонезияда өткен АСЕАН елдері басшыларының 19-шы саммитінде RCEP келісімі бойынша жан-жақты келіссөздерді бастау туралы шешім қабылданды [АСЕАН, 2012].

Өңірдегі экономикалық жағдайды және оның басқа еркін сауда серіктестерімен сауда-экономикалық қатынастарын ескере отырып, АСЕАН-ның RCEP келісіміне баса мән берудегі негізгі мақсаттарын келесі 3 тақырып бойынша қорытындылауға болады: 1) АСЕАН-ның аймақтық ынтымақтастықтағы көшбасшылық рөлін дамыту, сондай-ақ, АСЕАН-ның аймақтық және халықаралық мәселелерде белсенді рөл атқаруын қамтамасыз ету; 2) АСЕАН-ның Австралия, Қытай, Оңтүстік Корея, Жапония және Жаңа Зеландия сияқты елдермен еркін сауда келісімдерін кеңейту және жетілдіру арқылы сауданы жеңілдетуге мүмкіндік беру; 3) Аталмыш келісім арқылы АСЕАН елдері арасындағы экономикалық ынтымақтастықты одан әрі нығайту.

Алайда, Азия-Тынық мұхиты аймағындағы RCEP келісімін сараптаған кезде аймақтағы экономикалық ықпалдастыққа әсер етуі мүмкін геосаяси жағдайларды да ескеру қажет. RCEP келісімі күн тәртібіне шыққан кезде, Қытай оны Транс-Тынық мұхиттық серіктестік келісіміне балама ретінде қарастырды. Сондықтан, Қытай үкіметі осы мәселе бойынша келіссөздерге белсенді қатысты. Әсіресе, Қытайдың 2013 жылы бастаған «Белдеу және жол» жобасын іске асыруы үшін RCEP келісіміне қатысушы елдермен сауда-экономикалық қатынастарын нығайту қажет болды. Мысалы, 2013 жылы өткен АСЕАН-Қытай саммитінде Қытай тарапы АСЕАН-Қытай арасындағы сауда көлемін 2020 жылға қарай 1 триллион долларға жеткізуге шақырды [Ваң, 2015]. Сонымен қатар, 2018 жылдың наурызында туындаған АҚШ-Қытай са-

Однако тот факт, что США, которые имеют хорошее торгово-экономическое, политическое и военное сотрудничество с другими странами-участницами Соглашения о ВРЭП, за исключением Китая, не включены в торговое соглашение, может рассматриваться как проблема. Примечательно также, что подписание соглашения совпало с периодом, когда глобальная конкуренция между США и Китаем постепенно усиливалась, и в Индо-Тихоокеанском регионе начал формироваться альянс под руководством США против Китая. Концепция Индо-Тихоокеанского региона, которая начала официально использоваться в стратегических документах упомянутых стран с инициативой «Свободный и открытый Индо-Тихоокеанский регион» четырехкратного альянса, известного как «Четверка» между США, Австралией, Японией и Индия заменяет концепцию Азиатско-Тихоокеанского региона в последние годы [Хейдук и Ваккер, 2020]. Вслед за США, Австралией, Японией и Индией, Франция и Германия начали использовать концепцию Индо-Тихоокеанского региона в своих новых внешнеполитических стратегиях [Министерство иностранных дел Германии, 2020; Министерство обороны Франции, 2019]. Очевидно, что цель предотвращения усиления политического и экономического влияния Китая в регионе подразумевает акцент на Индии на основе индо-тихоокеанского подхода этих стран. Также известно, что президент США Джо Байден, который с момента прихода к власти в январе 2021 года придает большое значение укреплению глобального лидерства своей страны и укреплению ее отношений со своими союзниками, считает Индо-Тихоокеанский регион важным центром притяжения внешней политики США. Вашингтон отправил военно-морской флот США в Южно-Китайское море, чтобы указать, что он поддержит Тайвань и других региональных союзников в любой возможной ситуации. Это также показы-

уда соғысы да Қытайдың бұл мәселеге көп көңіл бөлуіне себеп болды.

Алайда, Қытайдан басқа RCEP келісіміне қатысушы елдермен өте жақсы сауда-экономикалық, саяси және әскери ынтымақтастықта болып келген АҚШ-тың аталмыш сауда келісіміне қатыспауы да өз алдына түйткілді бір мәселе. Келісімге қол қоюдың АҚШ пен Қытай арасындағы жаһандық бәсекелестік біртіндеп күшейіп, АҚШ-тың жетекшілігімен Үнді-Тынық мұхит аймағында Қытайға қарсы одақ құрыла бастаған кезеңге сәйкес келуі де назар аударарлық жайт. Соңғы жылдары, әсіресе, АҚШ, Австралия, Жапония және Үндістан арасындағы «Quad» деп аталатын төрттік одақтың «Тәуелсіз және еркін Үнді-Тынық мұхиты» бастамасы аясында аталған елдердің стратегиялық құжаттарында ресми түрде қолданыла бастаған Үнді-Тынық мұхиты тұжырымдамасы, бұрынғы Азия-Тынық мұхиты тұжырымдамасының орынын басуда [Хейдук және Ваккер, 2020]. АҚШ, Австралия, Жапония және Үндістаннан кейін Франция мен Германия да сыртқы саясат бойынша жаңа стратегияларында Үнді-Тынық мұхиты тұжырымдамасын қолдана бастады [Германия Сыртқы істер министрлігі, 2020; Франция Қорғаныс министрлігі, 2019]. Осы елдердің Үнді-Тынық мұхитты тұжырымдамасының астарында Үндістанға баса мән беру арқылы Қытайдың аймақтағы саяси және экономикалық ықпалының артуына жол бермеу мақсаты жатқандығы анық. Сонымен қатар, 2021 жылы қаңтарда билікке келгеннен бері АҚШ-тың әлемдік көшбасшылығын нығайтуға және одақтастарымен қарым-қатынасын күшейтуге ерекше мән берген АҚШ президенті Жо Байден де өз сыртқы саясатында Үнді-Тынық мұхиты аймағына басымдылық беретіні белгілі болуда. Сондықтан Вашингтонның АҚШ әскери-теңіз күштерін Оңтүстік Қытай теңізіне жіберу арқылы Тайваньды

вает, что в предстоящий период соперничество США и Китая в регионе будет постепенно углубляться [Голос Америки, 2021]. Эта ситуация может серьезно повлиять на будущее Соглашения о ВРЭП.

Более того, исход решения таких проблем, как споры о суверенитете над Южно-Китайским морем и островами Санкаку (Дяоюй), конфликт между Китаем и Индией, проблема Тайваня и напряженность на Корейском полуострове, которые являются одними из крупнейших кризисов в регионе, может напрямую повлиять на будущее отношений сторон Соглашения о ВРЭП, а также на будущее соглашения. Время от времени возникает напряженность между такими странами, как Китай, Тайвань, Малайзия, Бруней, Филиппины и Вьетнам, которые заявляют о правах собственности на Южно-Китайское море, площадь которого составляет примерно 3,5 миллиона квадратных километров. Тот факт, что Южно-Китайское море занимает очень стратегическое положение с точки зрения глобального торгового маршрута, является одной из причин напряженности в регионе. Высокая зависимость от Южно-Китайского моря в поставках энергии и транспортировке товаров вынуждает эти прибрежные страны приобретать важные торговые и энергетические маршруты в регионе. Помимо всего этого, политическая нестабильность и неопределенность, возникшие после военного переворота в Мьянме в феврале 2021 года, которая является стороной Соглашения ВРЭП, могут негативно повлиять на ожидаемый процесс ратификации Соглашения ВРЭП.

**Источники:**

Ассоциация государств Юго-Восточной Азии (2020). Совместное заявление лидеров о всеобъемлющем региональном экономическом партнерстве (ВРЭП). Доступно по адресу: https://asean.org/joint-leaders-statement-regional-comprehensive-economic-partnership-rcep-2/?highlight=RCEP. Дата обращения: 04.02.2021.

Ассоциация государств Юго-Восточной Азии

және басқа да аймақтық одақтастарын қолдайтындығын ашық білдіруі, алдағы уақытта аймақта АҚШ пен Қытай арасындағы бәсекелестіктің біртіндеп тереңдей түсетіндігін көрсетеді [Американ дауысы, 2021]. Бұл жағдай RCEP келісімінің болашағына үлкен әсер етуі мүмкін.

Сонымен қатар, Оңтүстік Қытай теңізі мен Санкаку аралдарындағы егемендік даулары, Қытай-Үндістан шекара дауы, Тайвань мәселесі және Корея түбегіндегі шиеленіс сияқты мәселелердің қалай өрбитіні де RCEP келісімінің тараптары арасындағы қарым-қатынастардың болашағына, әсіресе, аталмыш келісімнің болашағына да тікелей әсер етуі ықтимал. Шамамен 3,5 миллион шаршы шақырым аумақты алып жатқан Оңтүстік Қытай теңізіне таласып отырған Қытай, Тайвань, Малайзия, Бруней, Филиппин және Вьетнам сияқты елдер арасында шиеленістер ешқашан біткен емес. Оңтүстік Қытай теңізінің жаһандық сауда жолы тұрғысынан стратегиялық маңызға ие болуы, аймақтағы шиеленістің басты себептерінің бірі. Жағалаудағы елдер энергия жеткізу мен тауар тасымалы бойынша Оңтүстік Қытай теңізіне өте тәуелді болғандықтан, аймақтағы маңызды сауда және энергетика дәліздерін иеленуге барынша күш салып келеді. Жоғарыда аталған мәселелермен қатар, RCEP келісімінің қатысушысы болып табылатын Мьянмада 2021 жылы ақпанда болған әскери төңкерістің салдарынан туындаған саяси тұрақсыздық пен белгісіздік, RCEP келісімінің алдағы ратификациялау үдерісіне де кері әсерін тигізуі мүмкін.

**Дереккөз:**

Американ дауысы (2021). АҚШ-тың ұшақ тасығыш кемесі Оңтүстік Қытай теңізінде. Сілтеме: https://www.amerikaninsesi.com/a/amerikan-ucak-gemisi-guney-cin-denizinde/5749709.html. Қаралған уақыты: 03.05.2021.

(2012). Рамки АСЕАН для всеобъемлющего регионального экономического партнерства. Доступно по адресу: https://asean.org/?static_post=asean-framework-for-regional-comprehensive-economic-partnership. Дата обращения: 03.05.2021.

Ван, Джинбо (2015). Создание инициативы «Один пояс, один путь» и зоны свободной торговли с АСЕАН. Китайская академия социальных наук. 60 с.

Голос Америки (2021). Авианосцы США теперь в Южно-Китайском море. Доступно по адресу: https://www.amerikaninsesi.com/a/amerikan-ucak-gemisi-guney-cin-denizinde/5749709.html. Дата обращения: 03.05.2021.

Канай, Омирбек (2020). Соглашение о свободной торговле между Китаем, Японией и Южной Кореей: вызовы и перспективы. Доступно по адресу: https://eurasian-research.org/publication/cin-japonya-guney-kore-serbest-ticaret-anlasmasi-sorunlar-ve-beklentiler/?lang=tr. Дата обращения: 04.02.2021.

Министерство иностранных дел Германии (2020). Германия – Европа – Азия: вместе формируем XXI век. Доступно по адресу: https://www.auswaertiges-amt.de/blob/2380500/33f978a9d4f511942c241eb4602086c1/200901-indo-pazifik-leitlinien--1--data.pdf. Дата обращения: 03.05.2021.

Министерство обороны Франции (2019). Безопасность Франции и в Индо-Тихоокеанском регионе. Доступно по адресу: https://www.defense.gouv.fr/%20layout/set/print/content/download/532754/9176250/version/3/file/France+and+Security+in+the+Indo-Pacific+-+2019.pdf. Дата обращения: 03.05.2021.

Хейдук, Феликс и Ваккер, Гудрун (2020). От Азиатско-Тихоокеанского региона к Индо-Тихоокеанскому региону: значение, реализация и проблемы. Доступно по адресу: https://www.swp-berlin.org/10.18449/2020RP09/. Дата обращения: 05.02.2021.

Ваң, Жинбо (2015). «Белдеу және жол» бастамасы және АСЕАН-мен еркін сауда аймағын құру. Қытай Әлеуметтік ғылымдар академиясы. б. 60.

Германия Сыртқы істер министрлігі (2020). Германия - Еуропа - Азия: XXI ғасырды бірге қалыптастыру. Сілтеме: https://www.auswaertiges-amt.de/blob/2380500/33f978a9d4f511942c241eb4602086c1/200901-indo-pazifik-leitlinien--1--data.pdf. Қаралған уақыты: 03.05.2021.

Қанай, Өмірбек (2020). Қытай-Жапония-Оңтүстік Корея арасындағы еркін сауда келісімі: мәселелері мен болашағы. Сілтеме: https:https://eurasian-research.org/publication/cin-japonya-guney-kore-serbest-ticaret-anlasmasi-sorunlar-ve-beklentiler/?lang=tr. Қаралған уақыты: 04.02.2021.

Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің қауымдастығы (2020). Аймақтық жан-жақты экономикалық серіктестік (RCEP) туралы көшбасшылардың бірлескен мәлімдемесі. Сілтеме: https://asean.org/joint-leaders-statement-regional-comprehensive-economic-partnership-rcep-2/?highlight=RCEP. Қаралған уақыты: 04.02.2021.

Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің қауымдастығы (2012). АСЕАН-ның Аймақтық жан-жақты экономикалық серіктестік негіздемесі. Сілтеме: https://asean.org/?static_post=asean-framework-for-regional-comprehensive-economic-partnership. Қаралған уақыты: 03.05.2021.

Франция Қорғаныс министрлігі (2019). Франция және Үнді-Тынық мұхиты аймағындағы қауіпсіздік. Сілтеме: https://www.defense.gouv.fr/%20layout/set/print/content/download/532754/9176250/version/3/file/France+and+Security+in+the+Indo-Pacific+-+2019.pdf. Қаралған уақыты: 03.05.2021.

Хейдук, Феликс және Ваккер, Гудрун (2020). Азия-Тынық мұхитынан Үнді-Тынық мұхитына дейін: маңызы, іске асырылуы және қиындықтар. Сілтеме: https://www.swp-berlin.org/10.18449/2020RP09/. Қаралған уақыты: 05.02.2021.

# ВОЗРОЖДЕНИЕ ШЕЛКОВОГО ПУТИ И ВОЗМОЖНЫЕ ВЫГОДЫ ДЛЯ КАЗАХСТАНА
# ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ ЖАҢҒЫРУЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН ҮШІН МҮМКІН БОЛАТЫН ПАЙДАСЫ

*Жандос Ранов**

Если сравнить наше время с эпохой две тысячи лет назад, то легко обмануть себя иллюзией превосходства современной цивилизации, технологий и коммуникации. Однако несмотря на то, что прошло много времени, одним из достижений того периода, удивившим наше воображение, стал Великий шелковый путь. Великий шелковый путь – это не только яркое историческое явление; это также важное достояние стран, которые проживают в соседних регионах.

Европейские страны посредством Великого шелкового пути имели доступ к элитным товарам Китая, шелку и фарфору. Широкий спектр предметов домашнего обихода и произведений искусства найден в древних раскопках в сегодняшних странах Центральной Азии. Как известно, важная часть Великого шелкового пути проходит по территории современного Казахстана. Богатые города древнего региона Жетысу не только были перевалочными пунктами на пути доставки товаров из Китая в Европу, но и активно участвовали в производстве и торговле, обмене культурными ценностями и знаниями [Организация Объединённых Наций по вопросам образования, науки и культуры, 2021].

Великий шелковый путь, который также проходит через Казахстан, начинается от границы с Китаем. Торговцы Китайской империи везли шелк, оружие, лекарства, рис и продукты, считавшиеся тогда экзотическими, на Запад через казахские степи. Правители степей обеспечивали охрану торговых караванов за

Заманымызды екі мың жылдан бұрынғы дәуірмен салыстырғанда, заманауи өркениет, технология және коммуникацияның артықшылығына алдану оңай болуы мүмкін. Қанша уақыт өткеніне қарамастан қиялымызға симайтын сол кезеңнің жетістіктерінің бірі - ұлы Жібек жолы. Ұлы Жібек жолы тек жарқын тарихи құбылыс қана емес, бүкіл жолындағы және айналасындағы халықтар үшін маңызды тәжірибе.

Еуропа елдері ұлы Жібек жолының арқасында Қытайдың таңдаулы бұйымдарын, жібегі мен фарфорын танып-білген болатын. Қазір де Орта Азия елдерінде археологиялық қазба жұмыстары кезінде алуан түрлі тұрмыстық заттар мен қолөнер бұйымдары табылады. Ұлы Жібек жолының маңызды бір бөлігі қазіргі Қазақстан аумағы арқылы өткен. Ежелгі Жетісудың бай қалалары Қытайдан Еуропаға тауар тасымалындағы маңызды өткелдер болып қана қоймай, өндіріс және сауда, мәдени құндылықтар мен білімнің таралуына белсене қатысқан болатын [Біріккен Ұлттар Ұйымының білім, ғылым және мәдениет Ұйымдастыру, 2021].

Қытай империясының көпестері Қазақ даласы арқылы батысқа жібек, қару-жарақ, дәрілер, күріш, сондай-ақ сол уақыттың экзотикалық тауарларын тасыды. Дала билеушілері сауда керуендерінен айырбасқа кейбір тауардың үлесін немесе монетасын талап етіп, қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша өздерінің қызметтерін ұсынды. Қазақстан

* доктор, независимый исследователь, Казахстан.
ranov.1985@mail.ru

определенный товар или плату. Основной маршрут Великого шелкового пути, проходивший по территории Казахстана, проходил через юг страны. От границы с Китаем торговые караваны проходили через города Сайрам, Яссы (Туркестан), Отрар, Тараз, затем шли в Иран и на Кавказ, а оттуда в Европу [Advantour.com, 2021].

В своей речи, произнесенной в Назарбаев Университете в Астане в 2013 году, Си Цзиньпин, председатель Китайской Народной Республики, заявил, что «Китай должен взять на себя видение поощрения мира к восстановлению исторического Шелкового пути». Этот проект также известен как Инициатива «Один пояс, один путь», направленная на развитие экономических связей и углубление сотрудничества между странами Евразийского региона [Посольство Китая в Казахстане, 2013]. 65 стран, которые в настоящее время участвуют в этой инициативе, осознают важность проекта и возможности развития, предлагаемые инвестициями в торговлю и инфраструктуру. Эта сеть соединяет Азию, Европу и Африку, способствует обмену товарами и информацией и обещает дальнейшую интеграцию 4,4 миллиарда человек в глобальную сеть контактов.

Казахстан, который является девятой по величине страной в мире по площади суши и крупнейшей страной, не имеющей выхода к морю, получил меньше выгод от роста межконтинентальной торговли и промышленной революции, чем другие страны. Тем не менее, быстрое возрождение Шелкового пути и массовые инвестиции в инфраструктуру в течение следующего десятилетия предвещают возрождение Казахстана в качестве коммерческого хаба в Центральной Азии [Pwc.kz, 2017].

Какие преимущества может принести Казахстану возрождение древнего торгового пути? Прежде всего, Шелковый путь будет способствовать слиянию вос-

аумағы бойынша Ұлы Жібек жолының негізгі бағыттары елдің оңтүстігінен өтті. Қытайдан жолға шыққан сауда керуендері Сайрам, Яссы (қазіргі Түркістан), Отырар, Тараз қалалары арқылы бұдан әрі Орталық Азияға, Персию, Кавказға және сол жерден Еуропаға дейін жетті [Advantour.com, 2021].

2013 жылы Астанада ҚХР президенті Си Цзиньпин Назарбаев университетінде сөз сөйлегенді "тарихи Жібек жолын жаңғыртуда Қытайдың бастамашы болатынын" жеткізген еді. Бұл бағдарлама, сондай-ақ «Белдеу және жол» ретінде танымал, оның мақсаты неғұрлым тығыз экономикалық байланыстарды дамыту, ынтымақтастықты тереңдету және еуразиялық өңірде дамыту нүктелерін кеңейту болып табылады [Қазақстандағы Қытай елшілігі, 2013]. Қазіргі уақытта осы бастамаға қосылған 65 мемлекет мәселенің маңыздылығын және даму үшін мүмкіндіктер ашатын сауда мен инфрақұрылымға инвестиция салуды түсінді. Желі Азия, Еуропа және Африканы тығыз байланыстырып, тауарлар мен идеялар алмасуға ықпал ете отырып, 4,4 миллиард адамды жаһандық ықпалдастық аясында біріктіруді көздейді.

Қазақстан географиялық тұрғыдан әлемнің тоғызыншы үлкен мемлекеті болғынымен, ашық теңізге шығатын жолы болмағандықтан, басқа елдерге қарағанда құрлықаралық сауда мен өнеркәсіптік төңкерістің әсерін тым кеш сезінді. Дегенмен, Ұлы Жібек жолының жылдам қайта жаңғыруы және инфрақұрылымға салынған ірі инвестициялар келесі онжылдық ішінде Қазақстанның Орталық Азияның сауда орталығы ретінде қайта жаңғыртатын болады [Pwc.kz, 2017].

Мұндай ежелгі сауда жолының жаңғыруы Қазақстанға қандай пайда әкелуі мүмкін? Ең алдымен, Жібек Жолы материалдық ауыс-күйіс арқылы Батыс пен Шығыс өркениетінің бай-

точной и западной цивилизаций посредством обмена материальными ценностями. Существует прочное понимание того, что основы глобального экономического и социального развития заложены не только в Европе, Средиземноморье или на азиатском континенте, но и были созданы усилиями всего человечества. В этом аспекте Великий шелковый путь можно назвать одной из старых интеграционных моделей развития наций [Europe-china.kz, 2021]. Если рассматривать возможные выгоды, которые получит Казахстан от возрождения Великого шелкового пути, прежде всего в рамках первой фазы программы «Нурлы-Жол» обновляется и укрепляется транспортная инфраструктура и интеграция страны в глобальные транспортные коридоры; таким образом, Казахстан восстанавливает свой исторический статус моста между Азией и Европой. Как заявил в своем выступлении 1 сентября 2020 года Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев, конкуренция между странами Центральной Азии в сфере торговли и транспорта достаточно высока. Это преимущество должно быть дополнительно усилено лидирующей ролью страны в транспортно-транзитном секторе.

Как известно, Китай занимает важное место в мировой экономике. Китай был единственной страной в мире, чьи темпы экономического роста оставались положительными во время пандемии COVID-19 [BBC, 2021]. В 2020 году ВВП Китая увеличился на 2,3%, превысив 15,66 трлн долларов. Общий объем внешней торговли страны в 2020 году увеличился на 1,5% и достиг 4,65 трлн долларов. Экспорт увеличился на 3,6% до 2,59 трлн долларов, а импорт упал на 1,1% до 2,05 трлн долларов [1Prime.ru, 2021]. Товары, произведенные в Китае, используются в разных частях света. В то же время Китай импортирует различные товары со всех концов света для удовлетворения своих потребностей. Казахстан является важной транзитной страной для внутренних

ланысын арттыратын болады. Қазргі таңда әлемде экономикалққ және әлеуметтік дамудың негіздері тек қана Еуропада, Жерорта теңізі мен Азия құрлығында қаланбаған, керісінше бүкіл адамзат күшімен құрылды деген түсінік нығайып келеді. Бұл тұрғыдан алғанда, ұлы Жібек жолы қоғамдастық дамытудың ежелгі интеграциялық модельдердің бірі болды [Europe-china.kz, 2021].

Ұлы Жібек жолын жаңғыртудың Қазақстан үшін ықтимал пайдасын қарастырсақ, Қазақстанда «Нұрлы жол» бағдарламасының бірінші кезеңі аясында көлік жүйесінің инфрақұрылымын қалыптастырып, күшейтуде, ғаламдық көлік дәліздерімен интеграциясы қамтамасыз етіліп, Қазақстанның Азия мен Еуропа арасын байланыстыратын тарихи мәртебесі қалпына келтірілуде. Алайда, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің 2020 жалындағы 1 қыркүйектегі Жолдауында атап өткеніндей, осы саладағы бәсекелестік өте жоғары. Қазақстанның көлік-транзиттік сектордағы көшбасшы рөлі бекемделіп келеді.

Қытайдың әлемдік экономикада өте маңызды орынға ие екендігі мәлім. Қытай, әлемдік COVID-19 пандемия кезеңінде экономикалық өсу қарқынын сақталған әлемдегі жалғыз ел болып табылады [BBC, 2021]. 2020 жылы Қытайдың ЖІӨ-і 2,3%-ға өсіп, 15,66 трлн. доллар шамасында артты. Елдің сыртқы саудасының жалпы көлемі 2020 жылы 1,5%-ға өсіп, 4,65 трлн. долларына жетті. Экспорты 3,6%-ға өсіп, 2,59 трлн. долларды құраса, ал импорты 1,1%-ға азалып, 2,05 трлн. доллар шамасында болды [1Prime.ru, 2021]. Қытай өндірген тауарлар, әлемнің әр түкпірінде қолданылады. Сонымен бірге, Қытай өз қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін, әлемнің түкпір-түкпірінен түрлі өнімдер импорттайды. Қытайдың сауда жолы тұрғысынан Қазақстан құр-

перевозок Китая в его торговых перевозках.

Казахстан, не имеющий выхода к морю, пытается компенсировать эту невыгодную ситуацию, развивая свой транспортный и транзитный потенциал разными способами. Первый президент Казахстана Нурсултан Назарбаев во время своего визита в город Актау два года назад отметил, что Каспийское море имеет большое геополитическое значение из-за его выгодного географического положения. В настоящее время Казахстан принимает активное участие в развитии транспорта между Европой и Азией. Эта система позволяет доставлять грузы с восточного побережья Китая через Каспийское море в любую точку Европы и в Россию в кратчайшие сроки [Index1520.com, 2020].

В этом направлении можно сказать, что Китай является одним из важнейших партнеров Казахстана. В 21 веке Казахстан играет важную роль в становлении Нового Шелкового пути. Президент Казахстана Касым Жомарт Токаев во многих своих выступлениях призывает максимально эффективно использовать стратегическое преимущество страны, поскольку все дороги в Европу проходят через Казахстан. Пять международных железных дорог и шесть автомагистралей пересекают территорию современного Казахстана, соединяя Китай и другие азиатские страны с Европой, а за ее пределами – с Ближним Востоком. Хотя эти маршруты позволяют доставлять товары из Китая в Европу через Казахстан и обратно за 15 дней, доставка по морю занимает в два-три раза больше времени [Profile.ru, 2021]. Следует отметить, что в период с января по август 2020 года объем перевозок по маршруту Китай-Европа-Китай составил 306,6 тыс. TEU (двадцатифутовый эквивалент), что на 62% больше, чем за аналогичный период 2019 года. Рост по маршруту Китай-Центральная Азия-Китай составил 149,2 тыс. TEU на уровне 29%.

лықтағы ең маңызды транзиттік ел болып табылады.

Ашық теңізге шығатын жолы жоқ Қазақстан көпжақты көліктік-транзиттік әлеуетін дамыту арқылы осы жағандағы ақтаңдақтың орынын толтырғысы келеді. Осыдан екі жыл бұрын Қазақстанның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Ақтау қаласындағы жұмыс сапары барысында Каспий теңізінің тиімді географиялық орналасуы маңызды геосаяси мәніге ие екендігін атап көрсеткен болатын. Қазіргі уақытта Қазақстан Еуропа мен Азия арасындағы жүк тасымалын дамытуда белсенді жұмыс жүргізіп отыр. Аталған жүйе Қытайдың шығыс жағалауынан Каспий арқылы Еуропа мен Ресейдің кез келген нүктесіне қысқа мерзім ішінде жүк жеткізуге мүмкіндік береді [Index1520.com, 2020].

Қазіргі кезеңде Қытай Қазақстанның маңызды ынтымақтастық серіктесінің бірі болып табылады. XXI ғасырда Қазақстан Жаңа Жібек жолының қалыптасуындағы маңызды рөл атқарады. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев көптеген баяндамасында Еуропаға баратын барлық жолдар Қазақстан арқылы өтетіндіктен, мемлекеттің стратегиялық артықшылығын тиімді пайдалану кетектігін атап өткен болатын. Қытай мен Азияның басқа да елдерін Еуропамен және Таяу Шығыспен байланыстыратын халықаралық бес теміржолы және алты автомобиль жолы қазіргі Қазақстанның аумағы арқылы өтеді. Бұл жолдар арқылы Қытайдан Еуропаға және кері бағыттағы жүк тасымалын Қазақстан арқылы 15 күнде жеткізуге мүмкіндік береді, ал теңіз жолымен жеткізу екі-үш есе көп уақытты алады [Profile.ru, 2021]. Атап айтқанда, темір жол тасымалдары бойынша 2020 жылдың қаңтар–тамыз айларына Қытай – Еуропа – Қытай бағыты бойынша тасымалдау көлемі 306,6 мың ЖФЭ (жиырма футты баламасы – жүк көлік құралдары

Казахстан получает выгоду от транзита, что напрямую отражается в таком индикаторе, как экспорт услуг. С 2013 года годовой объем экспорта услуг Казахстана увеличился с 6 млрд долларов до 7,8 млрд долларов (30%). При этом основную долю занимает экспорт транспортных услуг, на который приходится более половины общего объема, особенно грузового транспорта. Согласно Индексу эффективности логистики (LPI) Всемирного банка, в 2018 году Казахстан занял 71 место среди 160 стран. С другой стороны, то, что Казахстан занял 42-е место по своевременности доставки товаров и 21-е место по эффективности процесса таможенного оформления, можно отнести к числу важных достижений. В настоящее время в Казахстане созданы все условия для иностранных и внутренних инвестиций в сферу транспорта, логистики, туризма и торговых отношений. Участие и поддержка потенциальных инвесторов в процессе реализации Нового Шелкового пути на территории Казахстана будет способствовать дальнейшему возрождению транспортного сектора и созданию конкурентоспособной местной экономики [Kazlogistics.kz, 2018]. Представители правительства Китая заявили, что в Казахстан будет вложено в общих экономических рамках 50 млрд долларов. По состоянию на 1 апреля 2021 года совокупный объем инвестиций из Китая в Казахстан достиг 13,2 млрд долларов. Считается, что эти вложения положительно повлияют на взаимодействие с Китаем в целом в связи с распространением китайских инвестиций в различные области. Поскольку китайские инвестиции сосредоточены не только в горнодобывающей промышленности, но и рассредоточены по различным секторам, включая обрабатывающий сектор, который является приоритетным для экономики Казахстана [Казахстанская правда, 2020].

Казахстан приступил к реализации очередного пятилетнего плана государственной программы развития инфра-

сыйымдылығының шартты өлшем бірлігі) болып, бұл 2019 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 62%-ға артық. Қытай – Орталық Азия – Қытай бағыты бойынша жүк тасымалы 29%-ға өсіп, 149,2 мың ЖФЭ құрады.

Қазақстан қызмет көрсету экспорты секілді транзиттен пайда табады. 2013 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін Қазақстанның жылдық қызметтер экспорты 6 млрд. доллардан 7,8 млрд долларға дейін, яғни 30% артты. Бұл ретте, жүк тасымалын қамтитын көлік қызметтерінің экспорты жалпы көлемінің жартысын ұстайды. 2018 жылғы Дүниежүзілік банктің Логистиканың тиімділік индексі (LPI) бойынша Қазақстанның әлемдегі 160 елдің ішінде 71-ші орынды иеленгенін атап өткен жөн. Бұл ретте Қазақстанның жүктерді уақтылы жеткізу бойынша 42-ші орынға, ал кедендік рәсімдеу үдерісінің тиімділігі бойынша 21-ші орынға көтерілуін маңызды жетістік ретінде бағалауға болады.

Қазіргі уақытта Қазақстанның көлік-логистика, туристік индустрия және сауда қатынастарын дамытуда шетелдік және ішкі инвестициялар ағыны үшін барлық мүмкіндігі бар. Потенциалды инвесторлардың Қазақстан аумағында жаңа Жібек жолы жобасын іске асыруға қатысуы мен қолдауы тасымал секторының жандануын және бәсекеге қабілетті отандық экономиканы құру үрдісін жеделдетеді [Kazlogistics.kz, 2018]. жалпы экономикалық баяндамаларды Қытай өкілдері Қазақстанға 50 млрд. доллар көлемінде инвестиция салынатынын айтады. 2021 жылдың 1 сәуіріндегі жағдай бойынша, Қытайдың Қазақстандағы жалпы инвестиция көлемі 13,2 млрд. долларды құрады. Қытай инвестицияларының әртараптандырылған сипаты жалпы алғанда, аталмыш инвестициялардың Қазақстан мен Қытай арасындағы өзара іс-қимылға оң ықпал ететінін айтуға болады. Өйткені Қытайдың инвестици-

структуры «Нурлы жол». После завершения первой пятилетки госпрограммы доля хороших и удовлетворительных национальных автомобильных дорог была увеличена до 88%, а доля местных автомобильных дорог – до 71%. С появлением современных и качественных автомобильных дорог открываются новые рабочие места, увеличиваются транзитные грузопотоки, улучшается социальная инфраструктура. В ходе пятилетней реализации госпрограммы было отмечено, что программа оказывает существенное влияние на рост ВВП страны. По результатам реализации госпрограммы построено или отремонтировано около 3 тыс. километров дорог республиканского значения [Casp-geo.ru, 2020].

Подытоживая вышесказанное можно сказать, что Инициатива «Один пояс, один путь» дает Казахстану возможность стать важной страной, связывающей глобальную мировую торговлю. Современный рынок и геополитические тенденции обещают возрождение древних транспортных линий. Самыми крупными заинтересованными сторонами в стране будут не только иностранные инвесторы, но особенно национальные компании, которые готовы поддерживать большие объемы транзита через Казахстан в ближайшие годы. На данный момент возрождение Нового Шелкового пути занимает важное место в экономическом развитии Казахстана.

**Источники:**

Advantour.com (2021). Казахстан и Шёлковый Путь. Доступно по адресу: https://www.advantour.com/rus/silkroad/kazakhstan.htm. Дата обращения: 25.04.2021.

BBC (2021). Китайская экономика в процессе COVID-19. Доступно по адресу: https://www.bbc.com/russian/news-56770610. Дата обращения: 25.04.2021.

Casp-geo.ru (2020). Краткое содержание Государственной программы Казахстана «Нурли жол». Доступно по адресу: http://casp-geo.ru/kazahstan-podvodit-itogi-realizatsii-gosprogrammy-nurly-zhol-za-pyat-let/. Дата обращения: 28.04.2021.

ялары тек өана тау-кен өнеркәсібіне ғана шоғырланбастан, Қазақстан экономика үшін маңызды қайта өңдеу секторын қамтыған түрлі салаларға бағытталған [Казахстанская правда, 2020].

Қазір Қазақстан «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасының келесі бесжылдық жоспарын іске асыруға кірісті. Бағдарламаның бірінші бесжылдығының қорытындысы бойынша, жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы республикалық маңызы бар автожолдардың үлесі 88%-ға, ал жергілікті маңызы бар автожолдардың үлесі 71%-ға дейін жетті. Зманауи және сапалы автомагистральдардың пайда болуымен қатар, жаңа жұмыс орындары құрылып, транзиттік жүк тасымалы артып, әлеуметтік инфрақұрылым жақсарды. Соңғы бес жылда іске асырылған бағдарлама елдің ЖІӨ-нің өсуіне айтарлықтай ықпал етті. Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру қорытындысы бойынша, шамамен 3,000 км республикалық маңызы бар автожол жасалды және жаңартылды [Casp-geo.ru, 2020].

Қорытындылай айтқанда, «Белдеу және жол» бағдарламасы шын мәнінде Қазақстанға қайтадан жаһандық саудаңы байланыстыратын негізгі өңір болу мүмкіндігін ұсынады. Қазіргі заманғы нарықтық және геосаяси үрдістер ежелгі сауда жолдарын жаңғыртуды қажет етеді. Елдегі ірі мүдделі тараптар тек қана шетелдік инвесторлар ғана емес, әсіресе алдағы уақытта Қазақстан арқылы өтетін орасан зор транзит көлемін қолдауға дайын ұлттық компаниялар болады. Бұл тұрғыда, жаңа Жібек жолының жаңғыруы Қазақстанның экономикалық дамуы үшін өте маңызды екенін атап өткен жөн.

**Дереккөз:**

Advantour.com (2021). Қазақстан және Жібек Жолы. Сілтеме: https://www.advantour.com/rus/

Europe-china.kz (2021). Шёлковый Путь. Доступно по адресу: https://www.europe-china.kz/info/68. Дата обращения: 26.04.2021.

Index1520.com (2020). Новый Шёлковый Путь. Доступно по адресу: https://index1520.com/news/novyy-shelkovyy-put/. Дата обращения: 27.04.2021.

Kazlogistics.kz (2018). Новый Шёлковый Путь. Доступно по адресу: http://kazlogistics.kz/kz/g-global/about_project/. Дата обращения: 27.04.2021.

Казахстанская правда (2020). Проект Новый Шёлковый Путь. Доступно по адресу: https://www.kazpravda.kz/news/poslanie-prezidenta/novii-shelkovii-put2. Дата обращения: 27.04.2021.

Организация Объединённых Наций по вопросам образования, науки и культуры (2021). О Шелковом пути. Доступно по адресу: https://ru.unesco.org/silkroad/o-velikom-shelkovom-puti. Дата обращения: 25.04.2021.

Посольство Китая в Казахстане (2013). Выступление Председателя КНР Си Цзиньпина в Назарбаев Университете. Доступно по адресу: http://kz.china-embassy.org/rus/ztbd/XJPFWHSKST/t1077192.htm. Дата обращения: 26.04.2021.

Profile.ru (2021). Казахстан является транспортным центром Нового Шелкового пути. Доступно по адресу: https://profile.ru/economy/kazaxstan-stal-transportnym-centrom-novogo-shyolkovogo-puti-822911/. Дата обращения: 27.04.2021.

Pwc.kz (2017). Казахстан и новый Шелковый путь. Доступно по адресу: https://www.pwc.kz/en/publications/new-2017/silk-way-publication-rus.pdf. Дата обращения: 26.04.2021.

1Prime.ru (2021). Китай опубликовал официальный прогноз экономического развития на 2021 год. Доступно по адресу: https://1prime.ru/state_regulation/20210305/833169072.html. Дата обращения: 26.04.2021.

silkroad/kazakhstan.htm. Қаралған уақыты: 25.04.2021.

BBC (2021). COVID-19 кезеңінде Қытай экономикасы. Сілтеме: https://www.bbc.com/russian/news-56770610. Қаралған уақыты: 25.04.2021.

Біріккен Ұлттар Ұйымының білім, ғылым және мәдениет Ұйымдастыру (2021). Жібек Жолы туралы. Сілтеме: https://ru.unesco.org/silkroad/o-velikom-shelkovom-puti. Қаралған уақыты: 25.04.2021.

Casp-geo.ru (2020). Қазақстанның «Нұрлы-Жол» мемлекеттік бағдарламасының түйіндемесі. Сілтеме: http://casp-geo.ru/kazahstan-podvodit-itogi-realizatsii-gosprogrammy-nurly-zhol-za-pyat-let/. Қаралған уақыты: 28.04.2021.

Europe-china.kz (2021). Жібек Жолы. Сілтеме: https://www.europe-china.kz/info/68. Қаралған уақыты: 26.04.2021.

Index1520.com (2020). Жаңа Жібек Жолы. Сілтеме: https://index1520.com/news/novyy-shelkovyy-put/. Қаралған уақыты: 27.04.2021.

Kazlogistics.kz (2018). Жібек Жолының жаңа жобасы. Сілтеме: http://kazlogistics.kz/kz/g-global/about_project/. Қаралған уақыты: 27.04.2021.

Казахстанская правда (2020). Жаңа Жібек Жолы. Сілтеме: https://www.kazpravda.kz/news/poslanie-prezidenta/novii-shelkovii-put2. Қаралған уақыты: 27.04.2021.

Қазақстандағы Қытай елшілігі (2013). Қытай Президенті Си Цзиньпиннің Назарбаев Университетіндегі сөзі. Сілтеме: http://kz.china-embassy.org/rus/ztbd/XJPFWHSKST/t1077192.htm. Қаралған уақыты: 26.04.2021.

Profile.ru (2021). Қазақстан Жаңа Жібек Жолының көлік торабы болып табылады. Сілтеме: https://profile.ru/economy/kazaxstan-stal-transportnym-centrom-novogo-shyolkovogo-puti-822911/. Қаралған уақыты: 27.04.2021.

Pwc.kz (2017). Қазақстан және Жаңа Жібек Жолы. Сілтеме: https://www.pwc.kz/en/publications/new-2017/silk-way-publication-rus.pdf. Қаралған уақыты: 26.04.2021.

1Prime.ru (2021). Қытай 2021 жылға арналған экономикалық дамудың ресми болжамын жариялады. Сілтеме: https://1prime.ru/state_regulation/20210305/833169072.html. Қаралған уақыты: 26.04.2021.

# ТЕКУЩЕЕ РАЗВИТИЕ ТОРГОВЛИ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОЙ ПРОДУКЦИЕЙ В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ

# ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ӨНІМДЕРІ САУДАСЫНЫҢ АҒЫМДАҒЫ ДАМУЫ

*Азимжан Хитахунов* *

Сельское хозяйство остается ключевым сектором экономики стран Центральной Азии с точки зрения продовольственной безопасности, занятости и торговли. В 2019 году занятость в сельском хозяйстве (доля от общей занятости) в странах Центральной Азии оставалась высокой и варьировалась от самой низкой 15% в Казахстане до самых высоких показателей 45% в Таджикистане [Всемирный банк, 2021]. С точки зрения торговли, сельскохозяйственный сектор является важным источником экспортных доходов. В то же время импорт сельхозпродукции обеспечивает региональную продовольственную безопасность. Данная статья направлена на анализ объемов и моделей торговли сельскохозяйственной продукцией во время пандемии. Статья основана на расчетах с использованием данных Центра международной торговли [Центра международной торговли, 2021]. Он определяет сельскохозяйственные продукты как товары из 1-24 глав Гармонизированной системы.

Пандемия привела к значительным изменениям в аграрном секторе региона. Страны Центральной Азии закрыли границы и ввели ограничения на экспорт. Более того, странам региона пришлось решать региональные проблемы, такие как нарушение цен на внутреннем рынке и миграция. Негативные шоки привели к скачку цен. Все эти факторы повлияли на структуру торговли продуктами питания.

Общий объем экспорта региона сни-

Ауыл шаруашылық саласы – азық-түлік қауіпсіздігі, жұмыспен қамту және сауда тұрғысынан Орталық Азия елдерінің экономикасы үшін негізгі сектор болып қала бермек. 2019 жылы Орталық Азия елдерінде ауыл шаруашылығындағы жұмыспен қамту (жұмыспен қамтудың жалпы көлеміндегі пайызбен) жоғары деңгейде болып, ең төмені Қазақстандағы 15%-дан ең жоғары Тәжікстандағы 45% аралығында болды [Дүниежүзілік банк, 2021]. Сауда тұрғысынан ауыл шаруашылық секторы экспорттық кірістің маңызды көзі болумен қатар, ауыл шаруашылығы өнімдерінің импорты аймақтық азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Сондықтан бұл зерттеу эпидемия кезіндегі ауыл шаруашылығы өнімдерінің сауда көлемі мен заңдылықтарын талдауға бағытталған. Зерттеу Халықаралық сауда орталығының (ХСО) 2021 жылғы деректеріне негізделген [Халықаралық сауда орталығы, 2021]. Үйлестірілген жүйенің 1-24 тараулары ауыл шаруашылығы өнімдерін тауар ретінде анықтайды.

Індет кесірінен аймақтық ауыл шаруашылық саласы күрмеуі қиын мәселелерге тап болды. Орталық Азия елдері шекараларын жауып, экспортқа шектеу қойды. Сонымен қатар, аймақ елдері ішкі құн тізбегінің нашарлауы және көші-қон сияқты аймақтық мәселелерді шешуге мәжбүр болды. Жағымсыз өзгерістер бағаның көтерілуіне себеп болды. Осы факторлар-

* доктор, Евразийский научно-исследовательский институт, Казахстан.
azimkhun@gmail.com

зился с 86,1 млрд долларов в 2019 году до 71,1 млрд долларов в 2020 году. Экспорт сельскохозяйственной продукции, в свою очередь, сократился незначительно. За отчетный период показатель области снизился с 5,2 до 5,1 млрд долларов. При этом доля сельскохозяйственного экспорта в общем объеме экспорта увеличилась с 6% в 2019 году до 7,2% в 2020 году. Общий импорт региона снизился с 71,5 млрд долларов в 2019 году до 67,9 млрд долларов в 2020 году, а импорт продовольственных товаров в регионе увеличился с 7,8 млрд долларов в 2019 году до 8,1 млрд долларов в 2020 году. В результате доля импорта сельхозпродукции в общем импорте области увеличилась с 10,9% до почти 12%. Таким образом, торговля сельскохозяйственной продукцией в регионе изменилась с 13 млрд долларов в 2019 году до 13,2 млрд долларов в 2020 году. Более того, доля торговли в сельскохозяйственном экспорте выросла. Эти изменения показывают решающую роль сельскохозяйственной продукции в региональной торговле.

Казахстан остается ключевым поставщиком сельскохозяйственной продукции для остальных стран Центральной Азии. Экспорт сельскохозяйственной продукции страны за отчетный период практически не изменился. В 2019 году его экспорт составил 3,28 млрд долларов, а в 2020 году - 3,27 млрд долларов. За отчетный период доля экспорта сельскохозяйственной продукции в общем объеме экспорта увеличилась с 5,7% до 7%. Общий объем импорта сельскохозяйственной продукции в страну увеличился с 3,9 млрд долларов в 2019 году до более 4 млрд долларов в 2020 году. Следовательно, доля импорта сельскохозяйственной продукции увеличилась с 10,2% до 10,7%. Важно отметить, что торговый баланс сельхозпродукции Казахстана расширился. Если в 2019 году его торговый дефицит составлял 620 млн долларов, то в 2020 году он увеличился до 730 млн долларов.

дың барлығы азық-түлік саудасының құрылымына әсер етті.

Аймақтың жалпы экспорты 2019 жылғы 86,1 миллиард доллардан 2020 жылы 71,1 миллиард долларға дейін қысқарды. Ауыл шаруашылығы экспортының аздап төмендеуі байқалды, аймақтың экспорты аталмыш кезеңде 5,2 миллиард доллардан 5,1 миллиард долларға дейін төмендеді. Алайда жалпы экспорттағы ауыл шаруашылығының үлесі 2019 жылғы 6%-дан 2020 жылы 7,2%-ға дейін өсті. Аймақтың жалпы импорты 2019 жылғы 71,5 миллиард доллардан 2020 жылы 67,9 миллиард долларға дейін төмендеді. Жалпы импорттың төмендеуіне қарамастан, облыстағы ауыл шаруашылығы және азық-түлік тауарларының импорты 2019 жылғы 7,8 миллиард доллардан 2020 жылы 8,1 миллиард долларға дейін өсті. Есесіне, жалпы импортындағы ауыл шаруашылығы өнімдері импортының үлесі 10,9%-дан шамамен 12%-ға дейін өсті. Осылайша, аймақтағы ауыл шаруашылығы өнімдерінің саудасы 2019 жылғы 13 миллиард доллардан 2020 жылы 13,2 миллиард долларға дейін өзгерді. Сонымен қатар, ауылшаруашылық өнімдерінің экспортындағы сауданың үлесі өсті. Бұл өзгерістер ауыл шаруашылығы өнімдерінің аймақтық саудада шешуші рөл атқаратынын көрсетеді.

Қазақстан Орталық Азияның қалған елдеріне ауыл шаруашылығы өнімдерінің маңызды жеткізушісі болып қала бермек. Аталмыш кезеңде елдің ауылшаруашылық өнімдерінің экспортында айтарлықтай өзгеріс болған жоқ. 2019 жылы сектордың экспорты 3,28 миллиард доллар болса, 2020 жылы 3,27 миллиард доллар болды. Осы кезеңде ауыл шаруашылығы экспортының жалпы экспорттағы үлесі 5,7%-дан 7%-ға дейін өсті. Елдің жалпы ауыл шаруашылығы импорты 2019 жылғы 3,9 миллиард доллардан өсіп, 2020 жылы 4 миллиард доллардан асты. Нәтиже-

Экспорт сельскохозяйственной и пищевой продукции Кыргызстана практически не изменился. Он изменился с 251,1 млн долларов в 2019 году до 250,5 млн долларов в 2020 году. За отчетный период доля сельскохозяйственного экспорта в общем объеме экспорта осталась на прежнем уровне и составила 12,8%. При этом импорт сельскохозяйственной продукции в страну снизился с 655 млн долларов в 2019 году до 594 млн долларов в 2020 году. Несмотря на это сокращение, доля импорта сельскохозяйственной продукции в общем объеме импорта увеличилась с 13,4% до 16,1%. Более того, торговый дефицит сократился с 403,9 млн долларов до 343,5 млн долларов.

Экспорт сельскохозяйственной продукции Таджикистана остается самым низким в регионе Центральной Азии. В 2019 году страна экспортировала продукции на 33 млн долларов. В 2020 году экспорт сельхозпродукции превысил 35 млн долларов. Однако, несмотря на этот незначительный рост объема экспорта, доля сельскохозяйственного экспорта в общем объеме экспорта снизилась с 3% в 2019 году до 2,7% в 2020 году. Импорт сельскохозяйственной продукции в Таджикистан остается значительным. В 2019 году импорт сельскохозяйственной продукции в страну составил 757 млн долларов, а в 2020 году он превысил 818 млн долларов. Доля импорта сельскохозяйственной продукции и продовольствия в общем импорте страны существенна. Показатель был равен 22,7% в 2019 году и увеличился до 26,1% в 2020 году. Дефицит торговли сельскохозяйственной продукцией в Таджикистане остается значительным. В 2019 году он составил 724 млн долларов, а в 2020 году увеличился до 783 млн долларов.

Отсутствие данных затрудняет анализ торговых потоков Туркменистана. Например, данные ЦМТ не включают информацию об экспорте живых животных, мяса или молочных продуктов.

сінде ауыл шаруашылығы импортының үлесі 10,2%-дан 10,7%-ға өсті. Осы орайда Қазақстан үшін ауыл шаруашылығы өнімдерінің сауда балансы кеңейгенін атап өткен жөн. 2019 жылы 620 миллион доллар болған сауда тапшылығы 2020 жылы 730 миллион долларға дейін өсті.

Қырғызстанның ауыл шаруашылығы және азық-түлік тауарларының экспортында өзгеріс жоқтың қасы. 2019 жылғы 251,1 миллион доллардан 2020 жылы өте жылдам төмендеумен 250,5 миллион долларға дейін азайды. Осы кезеңде ауыл шаруашылығы экспортының жалпы экспорттағы үлесі өзгеріссіз қалды және 12,8% құрады. Бұл ретте елдің ауыл шаруашылық импорты 2019 жылғы 655 миллион доллардан 2020 жылы 594 миллион долларға дейін азайды. Осы төмендегенімен ауыл шаруашылығы импортының жалпы импорттағы үлесі 13,4%-дан 16,1%-ға дейін өсті. Сонымен қатар, сауда тапшылығы 403,9 миллион доллардан 343,5 миллион долларға дейін қысқарды.

Тәжікстанның ауылшаруашылық өнімдерінің экспорты Орталық Азия аймағында ең төменгі деңгейде. Бұл ел 2019 жылы 33 миллион долларлық өнім экспорттаса, 2020 жылы ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорты 35 миллион доллардан асты. Алайда, экспорт көлемінің мұндай елеусіз өсуіне қарамастан, ауыл шаруашылығы экспортының жалпы экспорттағы үлесі 2019 жылғы 3%-дан 2020 жылы 2,7%-ға дейін төмендеді. Тәжікстанның ауыл шаруашылығы өнімдерінің импорттық үлесі жалпы көлемде айтарлықтай деңгейде артта қалып отыр деуге болады. Елдің ауыл шаруашылығы импорты 2019 жылы 757 миллион долларды құраса, 2020 жылы 818 миллион доллардан асты. Елдің жалпы импортында ауыл шаруашылығы мен азық-түлік импортының үлесі маңызды. Деректер 2019 жылғы 22,7%-дан 2020 жылы 26,1%-ға дейін өсті. Тәжікстандағы ауылшару-

Таким образом, представленные расчеты по показателям Туркменистана могут быть необъективными из-за отсутствия достоверных данных. Однако имеющиеся данные показывают, что в 2019 году Туркменистан экспортировал сельскохозяйственной и пищевой продукции на 59,5 млн долларов. В 2020 году экспорт страны снизился до 53,5 млн долларов. Доля сельскохозяйственного экспорта в общем объеме экспорта была незначительной и составила соответственно 0,5% и 0,7% в 2019 и 2020 годах. Импорт сельскохозяйственной продукции Туркменистана в 2019 году составил 386,3 млн долларов, а в 2020 году снизился до 356,4 млн долларов. Важно отметить, что, хотя экспорт сельскохозяйственной продукции в общем объеме экспорта Туркменистана оставался незначительным, доля импорта в общем импорте страны значительна. Например, в 2019 году показатель составлял 12,5%, а в 2020 году он снизился до 11,7%. Дефицит торгового баланса страны по сельскохозяйственной продукции также является значительным. В 2019 году показатель составил 326,8 млн долларов, а в 2020 году снизился до 302,9 млн долларов.

Экспорт сельскохозяйственной продукции является одним из основных источников экспортной выручки Узбекистана. В 2019 году страна экспортировала сельхозпродукции на 1,6 млрд долларов, а в 2020 году показатель снизился до 1,5 млрд долларов. Доля экспорта сельскохозяйственной продукции в общем объеме экспорта страны составила 11% в 2019 году и увеличилась до 11,6% в 2020 году. При этом за отчетный период увеличился импорт сельскохозяйственной продукции. Если в 2019 году страна импортировала продукции на 2,1 млрд долларов, то в 2020 году ее закупки увеличились до 2,3 млрд долларов. Доля импорта сельскохозяйственной продукции в общем импорте страны увеличилась с 9,5% в 2019 году до 11,5% в 2020 году. Торговый дефицит страны увеличился с

ашылық өнімдерінің сауда тапшылығы сол деңгейден аса алмай отыр. Ол 2019 жылы 724 миллион доллардан 2020 жылы 783 миллион долларға дейін өсті.

Түркіменстанның сауда ағындары туралы сенімді деректерге қол жеткізу мүмкін болмағандықтан талдау жасауды қиындатпақ. Мысалы, ХСО-ның деректері тірі малдардың, ет немесе сүт өнімдерінің экспорты туралы ақпаратты қамтымайды. Сондықтан Түркіменстанның көрсеткіштері үшін ұсынылған есептеулер сенімді деректердің болмауына байланысты біржақты болуы мүмкін. Дегенмен, қолда бар деректер Түркіменстанның 2019 жылы 59,5 миллион долларға ауыл шаруашылығы және азық-түлік өнімдерін экспорттағанын көрсетеді. 2020 жылы елдің экспорты 53,5 миллион долларға дейін қысқарды. Ауыл шаруашылығы экспортының жалпы экспорттағы үлесі 2019 және 2020 жылдары тиісінше 0,5% және 0,7% өзгерді. 2019 жылы 386,3 миллион доллар болған Түркіменстанның ауыл шаруашылығы импорты 2020 жылы 356,4 миллион долларға дейін азайды. Ауыл шаруашылығы экспорты Түркіменстанның жалпы экспортында болмашы деңгейде қалғанымен, елдің жалпы импортындағы үлесі айтарлықтай екендігін айта кету керек. Мысалы, 2019 жылы бұл көрсеткіш 12,5% болса, 2020 жылы 11,7%-ға төмендеді. Елдің ауыл шаруашылығы өнімдерімен сауда тапшылығы тағы бір маңызды мәселе болып табылады, сондай-ақ 2019 жылғы 326,8 миллион доллардан 2020 жылы 302,9 миллион долларға дейін төмендегенін көруге болады.

Ауыл шаруашылығы экспортында Өзбекстанның экспорты маңызды кіріс көздерінің бірі болып табылады. Еліміз 2019 жылы 1,6 миллиард долларлық ауыл шаруашылығы өнімін экспорттаса, бұл көрсеткіш 2020 жылы 1,5 миллиард долларға дейін төмендеді. Ел экспортының жалпы көлеміндегі ауыл шаруашылық экспортының үлесі 2019

500 млн долларов США до 800 млн долларов США.

Важно отметить, что все центральноазиатские экономики имеют отрицательный торговый баланс в сельскохозяйственной продукции. Во время пандемии спрос на продовольствие значительно увеличился, и страны региона испытали рост потоков сельскохозяйственной торговли, тогда как экспорт таких товаров, как топливо, упал. Это показывает важность развития аграрного сектора. Более того, выросшие торговые потоки показывают взаимозависимость региональных экономик с точки зрения торговли продовольствием. Поэтому в региональной политике следует учитывать следующее. Во-первых, торговая политика отдельных стран должна учитывать интересы стран-соседей во избежание торговых войн. Экспортные ограничения или запреты могут вызвать подобную реакцию и снизить общий уровень предложения, что повлечет рост цен. Скачок цен отрицательно скажется на благосостоянии всех стран региона. Во-вторых, следует провести либерализацию торговли сельскохозяйственной продукцией. Такое изменение политики может повысить спрос и снизить цены. В-третьих, политикам следует ответить на глобальные и региональные вызовы, что повлияет на производство и торговлю сельскохозяйственной продукцией в Центральной Азии. В частности, им следует обратить внимание на изменение климата, поскольку климатические шоки способствуют значительному снижению урожайности, что вызовет снижение предложения и рост цен [Сова и Ман, 2021]. Регион испытывает отрицательные последствия климатических шоков. В 2021 году почти все регионы Казахстана испытали засуху, что привело к снижению урожая основных культур и кормов [Казах Зерно, 2021]. Эта ситуация привела к увеличению спроса на зерновые и способствовала росту цен [АПК Информ, 2021].

жылғы 11%-дан 2020 жылы 11,6%-ға дейін өсті. Сонымен бірге есепті кезеңде ауыл шаруашылығының импорты өсті. Ел 2019 жылы 2,1 миллиард доллардың өнімін импорттаса, 2020 жылы импорты 2,3 миллиард долларға дейін өсті. Елдің жалпы импортындағы ауыл шаруашылығы импортының үлесі 2019 жылы 9,5%-ды құраса, 2020 жылы 11,5%-ға өсті. Елдің сауда тапшылығы 500 миллион доллардан 800 миллион долларға дейін өрледі.

Орталық Азияның барлық елдерінде ауылшаруашылық өнімдерінің теріс сауда балансы бар екенін атап өткен жөн. Эпидемия кезінде азық-түлікке сұраныс айтарлықтай артқандықтан, аймақтағы елдерде ауылшаруашылық тауар айналымының өсуі байқалды, негізгі экспорттық баптардың қатарына жататын мұнай және басқа да өнімдердің экспорты төмендеді. Бұл жағдай елдердің ауыл шаруашылығы салаларын одан әрі дамытудың маңыздылығын көрсетеді. Сонымен қатар, сауда ағындарының жоғарылауы азық-түлік саудасы бойынша аймақтық экономикалардың өзара жоғары дәрежеде тәуелділігін көрсетеді. Сондықтан аймақтағы саясаткерлер келесі ұсыныстарды ескеруі қажет. Біріншіден, елдер жеке сауда саясатын құру кезінде сауда соғыстарын болдырмау үшін көршілес мемлекеттердің мүдделерін ескеруі керек. Экспорттық шектеулер немесе тыйымдар жиынтық ұсынысты азайтып, бағаның өсуіне әкеліп соғатын ұқсас реакцияны тудыруы мүмкін. Бағаның өсуі аймақтағы барлық елдердің әл-ауқатына кері әсерін тигізеді. Екіншіден, аймақтағы саясаткерлер ауылшаруашылық өнімдерінің саудасын ырықтандыру шараларын қабылдауы қажет. Бұл саясаттың өзгеруі ұсыныстың жоғарылауына және бағаның төмендеуіне әкелуі мүмкін. Үшіншіден, саясаткерлер Орталық Азиядағы ауыл шаруашылығы өндірісі мен саудасына әсер ететін жаһандық және аймақтық мәселелерді шешуі керек.

Помимо внутренней политики странам региона следует нарастить совместные усилия по смягчению последствий изменения климата. Поэтому торговля сельскохозяйственной продукцией остается важным источником доходов от экспорта. Более того, это стабилизирует региональные цены и значительно способствует улучшению продовольственной безопасности.

**Источники:**

АПК Информ (2021). О введении таможенных пошлин на вывоз пшеницы – ЗСК. Доступно по адресу: https://www.apk-inform.com/ru/exclusive/topic/1521343. Дата обращения: 05.09.2021.

Всемирный банк (2021). Занятость в сельском хозяйстве (% от общей занятости) (моделированная оценка МОТ) - Казахстан, Кыргызская Республика, Таджикистан, Туркменистан, Узбекистан. Доступно по адресу: https://data.worldbank.org/indicator/SL.AGR.EMPL.ZS?locations=KZ-KG-TJ-TM-UZ. Дата обращения: 08.11.2021.

Казах Зерно (2021). Казахстан на грани дефицита зерна. Доступно по адресу: https://kazakh-zerno.net/185670-kazahstan-na-poroge-deficita-zerna/. Дата обращения: 05.09.2021.

Сова, Чейз и Кристиан Ман (2021). Что стоит за недавним ростом мировых цен на продовольствие? Доступно по адресу: https://www.csis.org/analysis/what-behind-recent-rise-global-food-prices. Дата обращения: 05.09.2021.

Центр международной торговли (2021). Статистика международной торговли 2001-2020 гг. Доступно по адресу: https://www.intracen.org/itc/market-info-tools/trade-statistics/. Дата обращения: 07.11.2021.

Атап айтқанда, олар климаттың өзгеруіне назар аударуы керек, өйткені климаттық сілкіністер өндіріс пен егін шығымдылығының айтарлықтай төмендеуіне әкеледі, бұл ұсынысты азайтады және азық-түлік бағасын көтереді [Сова және Ман, 2021]. Айта кетерлігі, аймақтар климаттық дүмпулердің жағымсыз салдарын бастан кешірді. 2021 жылы Қазақстанның барлық дерлік аймақтары қуаңшылықты бастан өткерді, соның салдарынан азық-түлік және жем-шөптік негізгі дақылдардың өнімділігі төмендеді [Казах Зерно, 2021]. Бұл астық өнімдеріне сұраныстың артуына және бағаның өсуіне әкелді [АПК Информ, 2021]. Аймақ елдері ішкі саясаттан бөлек, климаттың өзгеру салдарын жақсарту мақсатында бірлескен күш-жігерін күшейтуі керек. Сондықтан ауыл шаруашылығы өнімдерінің сауда экспорты маңызды кіріс көзі болып қала береді. Сондай-ақ аймақтық бағаларды тұрақтандыру арқылы азық-түлік қауіпсіздігін жақсартуға айтарлықтай үлес қосады.

**Дереккөз:**

АПК Информ (2021). Бидай экспортына кедендік баждарды енгізу туралы – ҚАО. Сілтеме: https://www.apk-inform.com/ru/exclusive/topic/1521343. Қаралған уақыты: 05.09.2021.

Дүниежүзілік банк (2021). Ауыл шаруашылығындағы жұмыспен қамтылу (жұмыспен қамтудың жалпы көлемінің %) (ХЕҰ-ның үлгілік бағалауы) – Қазақстан, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан, Түркіменстан, Өзбекстан. Сілтеме: https://data.worldbank.org/indicator/SL.AGR.EMPL.ZS?locations=KZ-KG-TJ-TM-UZ. Қаралған уақыты: 08.11.2021.

Казах Зерно (2021). Қазақстан астық тапшылығы алдында тұр. Сілтеме: https://kazakh-zerno.net/185670-kazahstan-na-poroge-deficita-zerna/. Қаралған уақыты: 05.09.2021.

Сова, Чейз және Кристиан, Ман (2021). Жаһандық азық-түлік бағасының жақында көтерілуінің артында не тұр? Сілтеме: https://www.csis.org/analysis/what-behind-recent-rise-global-food-prices. Қаралған уақыты: 05.09.2021.

Халықаралық сауда орталығы (2021). Халықаралық сауда статистикасы 2001-2020 жж. Сілтеме: https://www.intrasen.org/itc/market-info-tools/trade-statistics/. Қаралған уақыты: 07.11.2021.

# РАЗВИТИЯ ЭКОНОМИКИ СТРАН ЕВРАЗИИ

# ЕУРАЗИЯ ЕЛДЕРІНДЕГІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ

# РАЗВИТИЕ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОГО ЭКСПОРТА В УЗБЕКИСТАНЕ
# ӨЗБЕКСТАНДА АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ЭКСПОРТЫНЫҢ ДАМУЫ

*Балжан Ешметова **

Сегодня широко признано, что сельское хозяйство и пищевая промышленность имеют стратегическое значение для любого государства. Сельскохозяйственный сектор играет важную роль, так как он создает миллионы рабочих мест и приносит миллиарды долларов дохода во многих странах. В странах с аграрной экономикой сельское хозяйство составляет значительную часть внутреннего валового продукта (ВВП) в качестве одного из основных источников экономического роста. Сельскохозяйственный сектор, состоящий из двух основных ветвей: растениеводства и скотоводства, является старейшим сектором мировой экономики и постоянно растет с точки зрения экономических показателей [Юсупов, 2019]. Однако сельскохозяйственный сектор имеет ряд проблем как на государственном уровне, так и на уровне малого предпринимательства. Несмотря на то, что современное промышленное развитие сельского хозяйства значительно отличается от предыдущих периодов, устойчивость и растущая производительность сельского хозяйства, а также обеспечение пищевой безопасности и средств к существованию остаются важными для каждой страны.

Как известно, в экономической структуре Узбекистана основное место занимает сельское хозяйство, и сельскохозяйственный сектор создает наибольшее количество рабочих мест в стране. В этом отношении сельское хозяйство остается одним из наиболее важных источников экспортных доходов страны. В последние

Бүгінгі таңда ауылшаруашылығы мен тамақ өнеркәсібінің әр ел үшін стратегиялық маңызы бар екендігі мәлім. Себебі көптеген елдер үшін миллиондаған жұмыс орындары мен миллиардтаған кіріс әкелетін ауылшаруашылық секторы үлкен маңызға ие. Экономикасы ауылшаруашылығына негізделген елдерде бұл сектор экономикалық өсудің негізгі көздерінің бірі ретінде жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) маңызды бөлігін құрайды. Егін және мал шаруашылығы сынды екі негізгі саладан тұратын ауылшаруашылық саласы экономикалық көрсеткіштер бойынша дүниежүзілік экономиканың ең ежелгі және үздіксіз өсіп келе жатқан саласы болып табылады [Юсупов, 2019]. Алайда, ауылшаруашылық секторында мемлекеттік деңгейде немесе шағын кәсіпкерлік деңгейінде шешуді қажет ететін бірқатар проблемалар да бар. Ауылшаруашылық секторының заманауи дамуы өткен кезеңдерден айтарлықтай ерекшеленіп индустрияланған болса да, ауылшаруашылық секторының тұрақтылығы мен өнімділігін арттыру, азық-түлік пен өмір сүру қауіпсіздігін қамтамасыз ету әр ел үшін маңызды болып қала береді.

Белгілі болғандай, Өзбекстанның экономикалық құрылымы негізінен ауылшаруашылығына бағытталғандықтан, ауылшаруашылығы елдегі ең көп жұмыспен қамтитын сектор болып табылады. Осыған байланысты ауылшаруашылық секторы елдің экспорттық кірістерінің маңызды көздерінің бірі болып келеді. Өзбекстан президенті

* докторант, Евразийский научно-исследовательский институт, Казахстан.
eshmetova.balzhan@gmail.com

годы сельскохозяйственный сектор, претерпевший быстрые изменения вследствие многих реформ, инициированных во время правления президента Узбекистана Шавката Мирзиеева, часто фигурирует в повестке дня. Согласно прогнозам международных финансовых институтов, в следующие 10 лет Узбекистан станет одной из самых быстро развивающихся стран в мире. Благодаря молодой рабочей силе и богатым природным ресурсам ВВП Узбекистана привлекает внимание своими темпами роста от 5% до 8% за последние 10 лет [Всемирный банк, 2020]. Только 10% земель Узбекистана пригодны для ведения сельского хозяйства, 46% из них состоят из плато и степей, 41% пустынь и подобных земель и 3% лесов и лесных массивов. Примерно 95% пахотных земель можно орошать. Благодаря этой особенности, Узбекистан является самой продуктивной страной для орошаемого земледелия среди государств Центральной Азии [Юсупов, 2019]. Тот факт, что в стране успешный аграрный сектор несмотря на то, что климатические условия страны не подходят для развития сельскохозяйственного сектора, на долгое время превратил Узбекистан в важную аграрную страну региона. Особенно в советский период в течение долгого времени сельскохозяйственный сектор был стержнем экономики Узбекистана. Поэтому экономическая политика Узбекистана после обретения независимости была в значительной степени направлена на развитие сельскохозяйственной промышленности.

В то время как администрация Ташкента сталкивается с трудностями своей односторонней экономической структуры, которая в основном связана с сельским хозяйством, она также стремится развивать экспорт промышленной продукции за счет создания новых производственных площадей. По этой причине усилия по экономическому преобразованию и совершенствованию предпринимались постепенно, с учетом базовой

Шевкет Мирзиёевтің билікке келген соң басталған көптеген реформалар аясында тез өзгеріске ұшыраған ауылшаруашылық секторы соңғы жылдары күн тәртібінен түспей келеді. Халықаралық қаржы институттарының болжамына сәйкес, Өзбекстан алдағы 10 жылда әлемде ең жылдам экономикалық өсім көрсететін елдердің қатарына кіреді. Жас жұмыс күші мен бай табиғи ресурстарға ие Өзбекстанның ЖІӨ соңғы 10 жылда 5-8% өсу қарқынымен назар аудартып келеді [Дүниежүзілік Банк, 2020]. Территориясының 46%-ы үстірттер мен далалардан, 41%-ы шөл және сол сияқты жерлерден, 3%-ы орман мен табиғи қорықтардан тұратын Өзбекстанның тек 10%-ы ғана егіншілікке жарамды. Егістік алқаптарының шамамен 95%-ын суаруға болады. Осы ерекшелігімен Өзбекстан Орталық Азия мемлекеттері арасында суармалы егіншілікте ең қолайлы ел болып табылады [Юсупов, 2019]. Елдің климаттық жағдайы қолайсыз болғанымен, ауылшаруашылық секторының дамуы Өзбекстанды ұзақ уақыт бойы аймақтағы маңызды ауылшаруашылық еліне айналдырды. Әсіресе, Кеңес Одағы кезінде ауылшаруашылық секторы ұзақ жылдар бойы Өзбекстан экономикасының тірегі болды. Сондықтан, Өзбекстанның тәуелсіздік алғаннан кейінгі экономикалық саясаты ауылшаруашылық салаларына бағытталды.

Ресми Ташкент бір жағынан ауылшаруашылық секторын негіз еткен біржақты экономикалық құрылымындағы қиындықтарды жеңе отырып, енді бір жағынан жаңа өндіріс саласын құру арқылы өнеркәсіп өнімдерінің экспортын дамытуға тырысуда. Осы себепті экономикалық қайта құру мен жетілдіру жұмыстары елдің негізгі экономикалық құрылымын ескере отырып біртіндеп жүзеге асырылды. Бірақ мұның бәрі өте қиын, тұрақсыз экономикалық жағдайда жүзеге асырылды. Алдымен, елдегі қаржылық және макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету-

экономической структуры страны. Однако все это происходило в чрезвычайно сложных, нестабильных экономических условиях. Прежде всего, следует отметить, что плоды реформ, направленных на обеспечение финансовой и макроэкономической стабильности в стране, ощущаются в постепенно улучшающемся макроэкономическом климате Узбекистана. В результате этих реформ были внесены важные изменения в структуру землепользования в стране, экономический характер сельскохозяйственных активов, реорганизацию отношений между сельхозпроизводителями и государством. При этом сельскохозяйственные площади были перераспределены по категориям [Караматов и Садыкова, 2017]. Масштабные преобразования и качественные изменения в сельском хозяйстве и сельскохозяйственной отрасли в Узбекистане на протяжении многих лет, оптимизация посевных площадей и комплексная и сбалансированная политика в отношении зонирования сельскохозяйственных культур не только повысили продуктивность сельского хозяйства, но и способствовали значительному увеличению уровня жизни общества [Зальцман, 2016].

Следует отметить, что структура населения Узбекистана, который является наиболее густонаселенной страной Центральной Азии, предоставляет прекрасные возможности для развития аграрного сектора. Например, по состоянию на июль 2020 года 50,5% населения Узбекистана, а это 34,036,800 человек, проживает в городских поселениях, а 49,5% - в сельской местности. В Узбекистане почти четверть населения трудоспособного возраста занята в сельскохозяйственном секторе. По данным на 2020 год, при общей численности занятых в сельском хозяйстве 3,7 млн человек, это число соответствует 27,2% от общего числа занятых в стране.

Помимо того, что Узбекистан является одной из самых орошаемых стран

ге бағытталған реформалардың жемісі Өзбекстанның біртіндеп жақсарып келе жатқан макроэкономикалық ортасында сезілетіндігін айту керек. Осы реформалардың нәтижесінде елдегі жерді пайдалану заңдылықтары, ауылшаруашылық активтерінің экономикалық жағдайы, ауылшаруашылық тауарларын өндірушілер мен мемлекет арасындағы қатынастарды қайта құру тұрғысынан маңызды өзгерістер жасалды, сонымен қатар ауылшаруашылық жерлері категория бойынша қайта бөлінді [Караматов және Садықова, 2017]. Өзбекстанда ұзақ жылдар бойына ауылшаруашылығы мен агроөнеркәсіп секторында жүргізілген ауқымды өзгерістер, өңделген аймақтарды оңтайландыру және ауылшаруашылық дақылдарын аудандастыруға қатысты кешенді және теңгерімді саясат ауылшаруашылық секторының өнімділігін арттырып қана қоймай, сонымен бірге қоғамның өмір сүру деңгейінің айтарлықтай өсуіне ықпал етті [Зальцман, 2016].

Орталық Азиядағы халқы ең тығыз орналасқан мемлекет - Өзбекстанның демографиялық құрылымы ауылшаруашылық секторын дамытуға үлкен мүмкіндік беріп отырғанын атап өту керек. Мысалы, 2020 жылдың шілде айындағы мәліметтер бойынша, 34,036,800-ға жеткен Өзбекстан халқының 50,5%-ы қалалық елді мекендерде, 49,5%-ы ауылдық жерлерде тұрады. Өзбекстанда еңбекке қабілетті халықтың төрттен бірі ауылшаруашылығымен айналысады. 2020 жылдың мәліметтері бойынша Өзбекстанда ауылшаруашылық саласында жалпы 3,7 миллион адам жұмыс істейтін болса, бұл көрсеткіш елдегі жұмысшылардың жалпы санының 27,2%-на сәйкес келеді.

Өзбекстан Орталық Азияның ең мықты суармалы елдерінің бірі боуымен қатар, мақта және бидай, жеміс-көкөніс және бақша өсірумен айналысады. Ауылшаруашылық өнімдерінің көп бөлігі егіншіліктен алынатын Өзбекстанда егін шаруашылығының 40%-дан аста-

Центральной Азии, он также занимается выращиванием хлопка и пшеницы, выращиванием фруктов и овощей и шелководством. В Узбекистане, где большая часть сельскохозяйственной продукции производится за счет растениеводства, более 40% этой продукции составляет производство хлопка. Несмотря на множество негативных последствий, проявляющихся сегодня, благодаря опыту советской сельскохозяйственной политики и из-за климатических условий страны, в Узбекистане существует значительная специализация, особенно в хлопковом секторе. Будучи одним из крупнейших производителей и стран-экспортеров хлопка в мире, Узбекистан производит в среднем 3 млн тонн хлопка в год и экспортирует более половины из них [Агентство Анадолу, 2017]. В производственный период 2017-2018 годов доля Узбекистана в хлопководстве, занимающем площадь 1,208 млн га, составляет 3,8% от мирового значения [Республика Турции, Министерство сельского и лесного хозяйства, 2019].

Однако в последние годы Узбекистан пытался сократить экспорт хлопка, сосредоточившись на внутренней переработке хлопка и экспортируя текстильные изделия с высокой добавленной стоимостью. Таким образом, в последние годы экспорт хлопка-сырца из Узбекистана сокращается, в то время как экспорт обработанного хлопка или текстильных изделий постепенно увеличивается. Например, в 2016 году страна экспортировала хлопка-сырца на сумму 257,196 млн долл., тогда как в 2017 году этот показатель снизился до 219,026 млн долл., а в 2018 году – до 137,493 млн долл. С другой стороны, Узбекистан заработал 477,297 млн долл. от экспорта хлопчатобумажной пряжи в 2016 году, и цифры увеличились до 608,534 млн долл. в 2017 году и 711,521 млн долл. в 2018 году [Ассоциация экспортеров Улудаг, 2019]. Узбекистан экспортировал текстильной продукции общей стоимостью 1,5 млрд

мы мақта өндірісінен тұрады. Қазіргі кездегі көптеген жағымсыз әсерлеріне қарамастан, Кеңестік ауылшаруашылық саясаттан және елдің климаттық жағдайынан алынған тәжірибенің арқасында Өзбекстанда, әсіресе мақта саласында айтарлықтай мамандандыру бар екені байқалады. Әлемдегі ең ірі мақта өндіруші және экспорттаушы елдер қатарында бола отырып, Өзбекстан жыл сайын орташа есеппен 3 миллион тонна мақта өндіреді және оның жартысынан көбін экспорттайды [Анадолу агенттігі, 2017]. 2017-2018 өндіріс кезеңінде бүкіл әлем бойынша мақта өндіретін 1,208 миллион гектар алқаптың 3,8%-ы Өзбекстанға тиеселі [Түркия Республикасы Ауыл және орман шаруашылығы министрлігі, 2019].

Алайда, соңғы жылдары Өзбекстан мақта экспортын азайтып, мақтаны ел ішінде өңдеп. қосылқы құны жоғары тоқыма өнімдерін экспорттауға бағытталуда. Сондықтан соңғы жылдары Өзбекстанның шитті мақта экспорты азайса, ал өңделген мақта немесе тоқыма өнімдерінің экспорты біртіндеп өсіп келеді. Мысалы, 2016 жылы 257,196 миллион долларлық мақта шикізатын экспорттаған Өзбекстан, 2017 жылы 219,026 миллион долларлық және 2018 жылы 137,493 миллион долларлық мақта шикізатын экспорттады. Екінші жағынан, мақта-мата жіптерінің экспортынан 2016 жылы 477,297 миллион доллар кіріс кіргізген Өзбекстан, осы салада 2017 жылы 608,534 миллион доллар, 2018 жылы 711,521 миллион доллар пайда тапты [Улудағ экспорттаушылар қауымдастығы, 2019]. Мәліметтерге сәйкес, Өзбекстан 2018 жылы жалпы сомасы 1,5 миллиард долларлық тоқыма өнімдерін экспорттады [Улудағ экспорттаушылар қауымдастығы, 2020]. Өзбекстанның ауылшаруашылық саласындағы тағы бір жаңалық - елдің мақтадан басқа ауылшаруашылық өнімдерінің экспортының соңғы жылдары едәуір өсуі болып табылады. Нәтижесінде Өзбекстанның

долл. в 2018 году [Ассоциация экспортеров Улудаг, 2020]. Еще одним событием в сельскохозяйственном секторе Узбекистана является то, что за последние годы значительно увеличился экспорт. В результате экспорт из Узбекистана свежих фруктов, таких как абрикос, вишня, персик, слива и горная слива, составил 122,949 млн долл. в 2016 году и 126,763 млн долл. в 2017 году, достигнув 238,017 млн долл. в 2018 году [Ассоциация экспортеров Улудаг, 2019].

Можно констатировать, что вышеупомянутые изменения в экспорте сельскохозяйственной продукции Узбекистана являются результатом новой социально-экономической политики президента Узбекистана Шавката Мирзиёева, пришедшего к власти в 2016 году. В частности, торгово-экономические реформы администрации Мирзиёева в последнее время, в том числе в сельскохозяйственной сфере, которые нацелены на экономический рост Узбекистана и создание дополнительных возможностей для граждан страны, привели к впечатляющим темпам развития экономики страны. Как отражение этого, вклад сельскохозяйственного сектора в ВВП Узбекистана составил 28,8% в 2018 году. В 2018 году 53,2% сельскохозяйственной продукции в стране составляли продукты растительного происхождения и 46,8% - продукты животноводства. В этом контексте следует отметить, что оптимизация сельскохозяйственных земель и развитие ирригационных систем в стране внесли значительный вклад в развитие сельского хозяйства. Реформа сельского хозяйства, которая снимает ограничения, налагаемые обществом на фермеров, и реорганизует право фермеров на владение землей, способствует развитию и диверсификации сельскохозяйственного сектора [Цели устойчивого развития, 2020]. В дополнение к этому правительство Узбекистана принимает новые постановления, регулирующие развитие сельского хозяйства, продажу сельскохо-

өрік, шие, шабдалы, алхоры және қара өрік сияқты жаңа піскен жемістердің экспорты 2016 жылы 122,949 миллион долларды құраса, ал 2017 жылы 126,763 миллион долларға және 2018 жылы 238,017 миллион долларға жетті [Улудағ экспорттаушылар қауымдастығы, 2019].

Өзбекстанның ауылшаруашылық өнімдерінің экспортындағы жоғарыда аталған өзгерістер 2016 жылы билікке келген Өзбекстан президенті Шевкет Мирзиёевтің жаңа әлеуметтік-экономикалық саясатының нәтижесі деп айтуға болады. Әсіресе, соңғы жылдары Мирзиёев билігінің Өзбекстанның экономикалық өсуіне бағытталған және ел азаматтарына қосымша мүмкіндіктер туғызған сауда-экономикалық реформалары, оның ішінде ауылшаруашылық реформалары ел экономикасын маңызды жетістіктерге жеткізді. Осының көрінісі ретінде Өзбекстанның ауылшаруашылық секторының ЖІӨ-ге қосқан үлесі 2018 жылы 28,8% құрады. 2018 жылы елдегі ауылшаруашылық өнімдерінің 53,2%-ын егін шаруашылығы, 46.8%-ын мал шаруашылығы құрады. Осы тұрғыдан алғанда, ауылшаруашылық жерлерін оңтайландыру және суландыру жүйелерінің дамуы ауылшаруашылық саласындағы елеулі өзгерістерге ықпал еткенін атап өткен жөн. Фермерлерге қойылған шектеулерін жоюға, фермерлердің жерге меншік құқығын қайта құруға мүмкіндік беретін ауылшаруашылық реформасы ауылшаруашылық секторын дамытуға және әртараптандыруға мүмкіндік беруде [Тұрақты даму мақсаттары, 2020]. Бұған қосымша, Өзбекстан үкіметі 2019-2022 жылдарға арналған жаңа мемлекеттік бағдарлама арқылы ауылшаруашылық секторының дамуын, ауылшаруашылық өнімдері мен шикізаттарын сатуды және азық-түлік нарықтарының жұмысын реттейтін жаңа ережелер шығаруда [Арифжанов, 2020]. Осы реформалар арқылы Өзбекстан 2030 жылға қарай ауылшаруашылық азық-түлік өнімдерінің орташа

зяйственной продукции и сырья, а также функционирование продовольственных рынков в рамках новой государственной программы на период 2019-2022 годов [Арифжанов, 2020]. С помощью этих мер Узбекистан нацелен на значительное повышение средней продуктивности производства сельскохозяйственных продуктов питания и доходов производителей сельскохозяйственных продуктов к 2030 году. С другой стороны, в дополнение к постепенному сокращению посевов низкодоходных культур (особенно хлопка и пшеницы) на малопродуктивных почвах планируется выделение новых сельскохозяйственных угодий под овощные и многолетние насаждения. Планируется постепенная замена существующих старых фруктовых плантаций и виноградников новыми, а также предусматривается посадка свежих фруктов и овощей на почвах, мелиорированных с использованием высоких технологий и агротехнических методов [Арифжанов, 2020].

В заключении хочется отметить, что после обретения независимости Узбекистан добился значительного прогресса в сельскохозяйственном секторе, проведя разнообразные реформы. Стабильное развитие экономики и рост занятости в Узбекистане, в экономической структуре которого преобладает сельское хозяйство, в значительной степени зависит от достижений в аграрном секторе. Можно предвидеть, что меры, предпринимаемые Узбекистаном в последние годы и направленные на увеличение экспорта сельскохозяйственной продукции, достижения стабильности на внутреннем аграрном рынке и многостороннее развитие сельских территорий, приведут к ускорению сельского хозяйства и сельскохозяйственной индустрии страны в ближайшем будущем. Однако следует отметить, что осуществление этого ожидания тесно связано с усовершенствованием прав собственности производителей и фермеров, работающих в аграрном секторе, пересмотром производствен-

өнімділігі мен ауылшаруашылық азық-түлік өндірушілерінің кірістерін едәуір арттыруды көздейді. Екінші жағынан, өнімділігі төмен топырақтарға табысы төмен дақылдарды (әсіресе мақта мен бидай) отырғызуды біртіндеп қысқарту арқылы жаңа ауылшаруашылық жерлерін көкөніс пен көпжылдық дақылдар отырғызу үшін бөлу жоспарлануда. Ескі жеміс және жүзім алқаптарын біртіндеп жаңа алқаптармен ауыстыруға бағытталғанымен, жоғары технологиялар мен агротехникалық әдістерді қолданып жақсартылған топыраққа жаңа жеміс-көкөніс дақылдарын отырғызу көзделуде [Арифжанов, 2020].

Түйіндей келе, Өзбекстан егемендік алғаннан бері ауыл шаруашылығында жүргізілген түрлі реформалар арқылы осы салада айтарлықтай жетістіктерге жетті деп айтуға болады. Экономикалық құрылымы негізінен ауылшаруашылық секторына бағытталған Өзбекстанда экономиканың тұрақты дамуы және жұмыспен қамтылудың артуы ауылшаруашылық сектордан алынатын жетістіктерге байланысты. Соңғы жылдары Өзбекстан жүзеге асырған ауылшаруашылық өнімдерінің экспорттық көлемін ұлғайтуға, ішкі ауылшаруашылық нарықтағы тұрақтылықты қамтамасыз етуге және ауылдарды көп бағытты дамытуға бағытталған саясат алдағы кезеңде елдің ауылшаруашылық секторы мен агроөнеркәсібінің дамуын одан әрі жеделдетеді деп болжауға болады. Алайда, бұның жүзеге асуы ауылшаруашылық саласында жұмыс істейтін өндірушілер мен фермерлердің меншік құқығын жақсарту, өндіріс техникасын қайта қарау және сайып келгенде ауылшаруашылық өнімдерінің нарықтарын белгілі бір стандарттарға жеткізумен тығыз байланысты болатынын айта кеткен жөн.

**Дереккөз:**

Анадолу агенттігі (2017). Өзбекстан. Сілтеме: https://www.aa.com.tr/tr/ulke-profilleri/

ных технологий и, наконец, приведением рынков сельскохозяйственной продукции к определенным стандартам.

**Источники:**

Агентство Анадолу (2017). Узбекистан. Доступен по адресу: https://www.aa.com.tr/tr/ulke-profilleri/ozbekistan/902420. Дата обращения: 05.01.2021.

Арифжанов, Гайрат (2020). Сохранение сельскохозяйственных ресурсов. Доступен по адресу: https://review.uz/post/selskoxozyaystvennoe-resursosberejenie. Дата обращения: 05.01.2021.

Ассоциация экспортеров Улудаг (2020). Узбекистан в текстильной, готовой и швейной отраслях. Доступен по адресу: https://uib.org.tr/tr/kbfile/ozbekistan-ulke-raporu. Дата обращения: 06.01.2021.

Ассоциация экспортеров Улудаг (2019). Узбекистан в текстильной, готовой и швейной отраслях. Доступен по адресу: https://uib.org.tr/tr/kbfile/ozbekistan-ulke-raporu. Дата обращения: 06.01.2021.

Всемирный банк (2020). Темпы роста ВВП Узбекистана (%). Доступен по адресу: https://data.worldbank.org/indicator/NY.GDP.MKTP.KD.ZG?end=2019&locations=UZ-KZ&start=2009. Дата обращения: 13.01.2021.

Зальцман, Александр (2016). Экономика и сельское хозяйство Узбекистана. Доступен по адресу: http://svetich.info/publikacii/opyt-mirovogo-zemledelija/yEkonomia-i-selskoe-hozjaistvo-uzbekist.html. Дата обращения: 01.04.2021.

Караматов, Озодбек и Садыкова, Гузель (2018). Почвенная и сельскохозяйственная политика Республики Узбекистан в годы независимости, Журнал азиатских исследований, 2, с.1.

Республика Турции, Министерство сельского и лесного хозяйства (2019). Рынки сельскохозяйственной продукции – хлопок. Доступен по адресу: https://arastirma.tarimorman.gov.tr/tepge/Belgeler/PDF%20Tar%C4%B1m%20%C3%9Cr%C3%BCnleri%20Piyasalar%C4%B1/2019Ocak%20Tar%C4%B1m%20%C3%9Cr%C3%BCnleri%20Raporu/2019-Ocak%20Pamuk.pdf. Дата обращения: 05.01.2021.

Цели устойчивого развития (2020). Отчет о национальном обзоре волонтеров Узбекистана за 2020 год. Доступен по адресу: https://sustainabledevelopment.un.org/content/documents/26381VNR_2020_Uzbekistan_Report_Russian.pdf. Дата обращения: 08.01.2021.

Юсупов, Юлий (2019). Аграрный сектор Узбекистана: особенности, основные проблемы, необходимость реформирования. Доступен по адресу: https://cabar.asia›agrarnyj-sektor-uzbekistana-osobennosti-kl. Дата обращения: 05.01.2021.

ozbekistan/902420. Қаралған уақыты: 05.01.2021.

Арифжанов, Қайрат (2020). Ауыл шаруашылығы ресурстарын сақтау. Сілтеме: https://review.uz/post/selskoxozyaystvennoe-resursosberejenie. Қаралған уақыты: 05.01.2021.

Дүниежүзілік банк (2020). Өзбекстанның ЖІӨ өсу қарқыны (%). Сілтеме: https://data.world bank.org/indicator/NY.GDP.MKTP.KD.ZG?end=2019&locations=UZ-KZ&start=2009. Қаралған уақыты: 13.01.2021.

Зальцман, Александр (2016). Өзбекстанның экономикасы және ауыл шаруашылығы. Сілтеме: http://svetich.info/publikacii/opyt-mirovogo-zemledelija/yekonomika-i-selskoe-hozjaistvo-uzbekist.html. Қаралған уақыты: 04.01.2021.

Қараматов, Озодбек және Садықова, Гүзел (2018). Тәуелсіздік жылдарындағы Өзбекстан Республикасының топырақ және ауыл шаруашылығы саясаты, Азия зерттеулері журналы, 2, б. 1.

Тұрақты даму мақсаттары (2020). Өзбекстан еріктілерінің ұлттық шолу есебі 2020. Сілтеме: https://sustainabledevelopment.un.org/content/documents/26381VNR_2020_Uzbekistan_Report_Russian.pdf. Қаралған уақыты: 08.01.2021.

Түркия Республикасы, Ауыл және орман шаруашылығы министрлігі (2019). Ауыл шаруашылығы өнімдерінің нарықтары – мақта. Сілтеме: https://arastirma.tarimorman.gov.tr/tepge/Belgeler/PDF%20Tar%C4%B1m%20%C3%9Cr%C3%BCnleri%20Piyasalar%C4%B1/2019Ocak%20Tar%C4%B1m%20%C3%9Cr%C3%BCnleri%20Raporu/2019-Ocak%20Pamuk.pdf. Қаралған уақыты: 05.01.2021.

Улудағ экспорттаушылар қауымдастығы (2020). Өзбекстан тоқыма және дайын және тігін секторы бойынша. Сілтеме: https://uib.org.tr/tr/kbfile/ozbekistan-ulke-raporu. Қаралған уақыты: 06.01.2021.

Улудағ экспорттаушылар қауымдастығы (2019). Өзбекстан тоқыма және дайын киім және тігін секторы бойынша. Сілтеме: https://uib.org.tr/tr/kbfile/ozbekistan-ulke-raporu. Қаралған уақыты: 06.01.2021.

Юсупов, Юлий (2019). Өзбекстанның ауыл шаруашылығы саласы: ерекшеліктері, негізгі мәселелер, реформалау қажеттілігі. Сілтеме: https://cabar.asia›agrarnyj-sektor-uzbekistana-osobennosti-kl. Қаралған уақыты: 05.01.2021.

# НОВЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ В ТУРИЗМЕ ТУРКЕСТАНА
# ТҮРКІСТАН ТУРИЗМІНДЕГІ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

*Даулет Жайлыбаев **

Туристический потенциал Туркестана напрямую связан с традициями региона. Это можно объяснить культурными и историческими памятниками, обусловленными тем, что город Туркестан находится на Великом шелковом пути. Очевидно, что эти традиционные ценности имеют большое влияние на туристический потенциал современного города. Мы можем рассматривать Туркестан как с точки зрения его текущего статуса исторического города, так и олицетворения его средневекового стиля в сегодняшних архитектурных зданиях.

В последние годы Туркестан занимает важное место в развитии туризма в стране. Сохранение средневековых памятников в городе определило место Туркестана в культурном туризме. Однако в условиях недавней глобальной пандемии количество туристов, посещающих Туркестанскую область, резко сократилось. В 2020 году Туркестанскую область посетило 102,512 местных и 1,235 иностранных туристов из общего числа 103,747 туристов. Известно, что в 2020 году количество туристов уменьшилось на 40,5% по сравнению с 2019 годом [Управление по туризму Туркестанской области, 2021].

С точки зрения возможности туристического развития современного Туркестана он имеет ряд преимуществ. Во-первых, расположение города Туркестан подходит для всех видов транспорта Казахстана. Например, город имеет железнодорожное сообщение с такими городами, как Актобе, Орал, Мангистау, Атырау на западе Казахстана, Семей на востоке и Нур-Султан, Петропавловск и Кокшетау на севере. Город также имеет железнодорожное сообщение с рос-

Түркістан қаласының келешек туристік әлеуеті көнеден қалыптасқан өзіндік дәстүрлерімен тікелей байланысты. Мұны Жібек жолы бойында орналасқан Түркістан қаласының мәдени және тарихи ескерткіштерімен түсіндіреміз. Бұл дәстүрлі құндылықтар заманауи қаланың туристік әлеуетіне көп ықпал етіп отыр. Оны ең алдымен тарихи қаланың қазіргі сақталу жағдайы мен бүгінгі архитектуралық нысандардағы ортағасырлық стильмен сабақтастығы ретінде қарастыруға болады.

Соңғы жылдардағы еліміздегі туризм саласының өркендеуінде Түркістан қаласының да маңызы жоғары екені байқалады. Себебі, қаладағы ортағасырлық ескерткіштердің сақталуы Түркістанның мәдени туризмдегі орнын анықтап берді. Алайда, кейінгі уақыттағы бүкіләлемдік пандемия жағдайында Түркістан облысына келуші туристтердің күрт азайғанын көруге болады. Мысалы, 2020 жылы Түркістан облысына 103,747 турист келген, оның 102,512 адамы ішкі турист болса, ал 1,235 адам сырттан келген. 2019 жылмен салыстырғанда туристердің толқынының 40,5% азайғанын байқауға болады [Түркістан облыстық туризм басқармасы, 2021].

Қазіргі Түркістан қаласының туристік даму мүмкіндіктерін қарастырғанда бірнеше басымдықтардың бар екенін анықтаймыз. Біріншіден, Түркістан қаласының орналасқан аймағы Қазақстан бойынша барлық көлік түрлеріне қолайлы болып табылады. Мысалы, Түркістанның Ақтөбе, Орал, Маңғыстау, Атырау сияқты Қазақстанның батысы мен шығысында Семей, ал солтүстікте Нұр-Сұлтан, Петропавл, Көкшетау қала-

* магистр, Евразийский научно-исследовательский институт, Казахстан.
daulet_87@bk.ru

сийскими городами Челябинск, Москва, Саратов и Уфа. Кроме того, были упрощены пассажирские перевозки в города Узбекистана Андижан, Ташкент и Бишкек в Кыргызстане. Также имеется железнодорожное сообщение с Туркестаном с городами Шымкент, Кызылорда, Тараз, Алматы на юге [Raspisanie.com, 2021]. Автобусы и такси для городов на юге страны также занимают важное место в этой транспортной сети. С международного аэропорта Хазрет Султан, который недавно открылся в Туркестане, выполняются внутренние рейсы и обеспечивается связь с такими странами, как Турция. Кроме того, из Туркестана во многие города Узбекистана ходят автобусы. Эти транспортные возможности показывают, что туристический потенциал Туркестана не имеет серьезных проблем с автомобильным транспортом.

Во-вторых, на сегодняшний день город Туркестан имеет определенные преимущества с точки зрения развития туристической отрасли. Например, завершение строительства многих зданий, указанных в генеральном плане города, свидетельствует о том, что в Туркестане появились новые туристические достопримечательности. Среди недавно открытых зданий – развлекательный комплекс «Керуен Сарай», «Театр Алтын Самрук», «Комплекс Сикирли Керуен», «Выставочный зал» и «Этноауыл». Открытие этих объектов поспособствует увеличению количества туристов [Tengrinews.kz, 2021].

В-третьих, учитывая туристический потенциал Туркестана, в этом городе профессионально развивается туризм. Строительство в городе многозвездочных отелей, таких как Rixos Turkistan, Karavansaray Kaganat Hotel, Karavansaray Kaganat Kun Hotel, Hampton by Hilton Turkistan и Khanaka, также может быть связано с появлением туристической инфраструктуры. Потому что эти отели предоставляют качественный и разносторонний сервис. Это позволит иностранным туристам выбрать услуги

ларына темір жол арқылы пойыз қатынасы орнаған. Сонымен қатар қаланың Ресейдің Челябинск, Москва, Саратов, Уфа қалаларына да темір жол қатынасы бар. Сондай-ақ, Өзбекстанның Әндіжан, Ташкент, Қырғызстанның Бішкек қаласына жолаушылар тасымалы қолайластырылған. Жалпы Түркістан қаласына жақын оңтүстік Шымкент, Қызылорда, Тараз, Алматы сынды қалалармен де темір жол байланысы жолға қойылған [Raspisanie.com, 2021]. Ал, еліміздің оңтүстік аймақтағы қалалар үшін автобус, таксилер арқылы қатынастар да маңызы зор. Ал жуырда ғана Түркістанда ашылған Хазірет Султан халықаралық әуежайы арқылы Қазақстан ішінде және Түркия сынды елдермен байланыс орнатылған. Бұда басқа Түркістан қаласынан Өзбекстанның бірқатар қалаларына автобус арқылы қатынайтын мүмкіндіктер бар. Бұл Түркістанның туристік әлеуетінің жол көлік қатынасында күрделі мәселенің жоқтығын көрсетеді.

Екіншіден, Түркістан қаласының қазіргі кезде туристік саланы дамытуда бірқатар басымдықтарға қол жеткізуі болып табылады. Мысалы қаланың бас жоспарында белгіленген көптеген ғимараттардың құрылысының аяқталуы, Түркістан қаласының жаңа туристік бағыттарының қалыптасып келе жатқанын көрсетеді. Жаңадан пайдалануға берілген кешендердің қатарына «Керуен сарай» ойын-сауық кешені, «Алтын самұрық театры», «Сиқырлы керуен кешені», «Шоу рум театры» және «Этноауыл жатады. Бұл нысандардың қызмет көрсете бастауы туристердің көп келуіне негіз болып отыр [Tengrinews.kz, 2021].

Үшіншіден, Түркістан қаласының туристік әлеуетін қарастырғанда Түркістандағы кәсіби туризмнің қалыптасып келе жатқанын байқауға болады. Мұны қаладағы Rixos Turkistan, Karavansaray Kaganat Hotel, Karavansaray Kaganat Kun Hotel, Hampton by Hilton Turkistan және Khanaka сынды көп жұлдызды қонақүйлердің пайда болуымен байланыстыруға

и наиболее подходящий отель. Кроме того, открытие в Туркестане Университета туризма и гостиничного менеджмента позволит городу в будущем готовить специалистов и квалифицированные кадры в сфере туризма [Otyrar.kz, 2020].

Последнее из них – это возможности безопасного туризма, который является одним из требований, вызванных пандемией во всем мире, в сфере туризма. Одно из них – обеспечение социальной дистанции и мер безопасности в туристических объектах. Большинство современных туристических объектов Туркестана представляют собой природные комплексы. Увеличение количества различных парков позволяет туристам чувствовать себя в безопасности. Кроме того, открытие полицейских участков в туристических комплексах города, установка различных камер видеонаблюдения, кнопок SOS, а также создание полицейских участков для туристов можно считать дополнительными мерами с точки зрения безопасности.

Следует отметить, что помимо упомянутого выше потенциала существует ряд проблем. Организованные туры из других регионов имеют большое значение для Туркестана, развивающегося на базе местного туризма. В частности, организуются различные туры из городов Алматы и Шымкент в Туркестан. В стоимость этих туров входят только дорожные расходы, плата за гида и входные билеты в различные исторические и культурные места и объекты. Проживание и питание оплачивает турист. На самом деле основная проблема местных туристов – это дороговизна отелей. Потому что туристы, приезжающие автомобильным транспортом, вынуждены оставаться в Туркестане 1-2 дня. В этот период у местных туристов нет возможности остановиться в упомянутых выше многозвездочных отелях. Это говорит о том, что туристы испытывают трудности с размещением. В связи с тем, что некоторые доступные отели расположены далеко от центра Туркестана,

болады. Себебі бұл отельдердегі қызмет түрлері жоғары дәрежеде және көп салалы болып табылады. Ал бұл жағдай қалаға келуші шетелдік туристердің қызмет түрлерін және өзіне қолайлы қонақүйді таңдауға жағдай жасайды. Сондай-ақ, Түркістандағы Туризм және қонақжайлылық университетінің ашылуы да келешекте қаланың туризм саласында кәсіби және білікті мамандардың қызмет етуін қамтамасыз ететін болады [Otyrar.kz, 2020].

Төртіншіден, бүкіл әлемдегі пандемия жағдайы туризм саласындағы бірқатар ұстанымдарды өзгертті. Оның бірі қауіпсіз туризмді қамтамасыз ету болып табылады. Бұл ретте туристтердің денсаулығы басты назарға алынуы тиіс. Осы жағдайға байланысты Түркістандағы туристік қызмет көрсету орындары қауіпсіздік шараларын басты назарда ұстауда. Соның бірі туристік нысандардағы әлеуметтік ара қашықтықты қамтамасыз ету және сақтық шараларын жіті бақылау болып табылады. Сонымен қатар, Түркістан қаласының қазіргі туристік бағыттарының көпшілігі табиғат аясында тамашалайтын кешендерден қалыптасып келеді. Оның қатарында әртүрлі саябақтардың көбеюі туристердің өздерін қауіпсіз ортада сезінуіне жағдай жасайды. Сонымен бірге қаладағы туристік кешендердегі полиция пунктерінің ашылуы, әр түрлі бейнебақылау камераларының, SOS батырмаларының орнатылуы және туристік полиция жасақтарының құрылуы туристтердің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Жоғарыда көрсетілген даму мүмкіндіктерден басқа бірқатар, мәселелердің де бар екенін айта кету керек. Ал жергілікті туризм негізінде дамып келе жатқан Түркістан үшін өңірлерден ұйымдастырылатын турлардың маңызы зор. Соның ішінде Алматы мен Шымкент қалалары арқылы Түркістанға әртүрлі турлар ұйымдастырылады. Бұл турлардың қызметіне жол шығыны, гид, және әртүрі тарихи және мәдени нысанға кіру

большинство индивидуальных туристов вынуждены выбирать экскурсии по городу.

В результате потенциал туристического сектора в Туркестане расширяется за счет относительно новых мест, привлекающих внимание туристов. В частности, большой интерес у туристов, посещающих город, вызывают «Керуен Сарай» и «Туркестанская Венеция». Кроме того, Туркестан занимает особое место в местном туризме, в том числе в развитии этнотуризма, который является примером для многих регионов [Massaget.kz, 2020]. Кроме того, новые тенденции в постпандемическом туризме должны продвигать городской туризм [Ведомости, 2020]. Понятно, что это позволит туристам соблюдать санитарные нормы и организовывать туры с использованием цифровых технологий. В этом контексте туристический сектор Туркестана пытается привлечь как можно больше туристов, объявляя о своих возможностях через различные туристические объекты. Кроме того, ограничение деятельности различных туристических объектов (музеев, арт-центров) из-за пандемии составляет основу для формирования новых нетрадиционных туристических направлений, таких как фототуризм, агротуризм, экотуризм в Туркестанской области.

**Источники:**

Ведомости (2020). Как коронавирус меняет мировую индустрию туризма? Доступно по адресу: https://www.vedomosti.ru/partner/articles/2020/12/20/851707-antivirus-puteshestvii. Дата обращения: 29.04.2021.

Massaget.kz (2020). Каков туристический потенциал Туркестана? Доступно по адресу: https://massaget.kz/blogs/sayahat/26312/. Дата обращения: 27.04.2021.

Otyrar.kz (2020). В Туркестане открыт Международный университет туризма. Доступно по адресу: https://otyrar-kz.turbopages.org/otyrar.kz/s/2020/06/v-turkestane-otkrylsya-mezhdunarodnyj-universitet-turizma/. Дата обращения: 28.04.2021.

Raspisanie.com (2021). Расписание поездов до станции Туркестан. Доступно по адресу: https://

ақысы ғана қамтылады. Ал, қонақүй, тамақтану туристің өзінен қарастырылуы тиіс. Нәтижесінде жергілікті туристтер үшін басты мәселе қонақүй ақысының қымбатшылығы болып отыр. Себебі, жол көлік арқылы келген туристтер Түркістанда 1-2 күн тұрақтауға мәжбүр. Осы уақыт аралығында жергілікті туристтердің жоғарыда аталған көп жұлдызды қонақүйлерге тұрақтауға мүмкіндігі бола бермейді. Бұл келуші туристтердің қонақүй мәселесінде қиындықтарға тап болатынын көрсетеді. Сонымен қатар, кейбір қолжетімді қонақүйлердің Түркістанның орталығынан қашықтықта орналасуна байланысты жеке келуші туристтердің көпшілігі қала ішінде турлардың ұйымдастырылуын қалайды.

Қорытындылай келе, Түркістан қаласындағы туристік саланың әлеуеті көптеген жана жерлермен бірге кенейіп келе жатыр. Соның ішінде соңғы уақытта қалаға келуші туристтердің назарың «Керуен сарай», «Түркістан Венециясы» сияқты ғимараттар тартып жатыр. Дегенмен Түркістанның жергілікті туризмдегі алар орны ерекше, оның ішінде этнотуризмді дамытуда көптеген аймақтарға үлгі болатын шаралардың ұйымдастырылып жатқаны көрінеді [Massaget.kz, 2020]. Сондай-ақ, пандемиядан кейінгі туризм саласындағы жаңа трендтер қала туризмінің алға шығуын жоспарлайды [Ведомости, 2020]. Бұл туристерге санитарлық нормаларды сақтауға және цифрлы технологиялар арқылы турларын рәсімдеуге мүмкіндік беретіні анық. Осы тұрғыда Түркістанның туристік саласы әртүрлі туристік сайттар арқылы өз мүмкіндіктерін жарнамалап, барынша турис тартуға тырысады. Сонымен қатар, әртүрлі туристік нысандардың (музейлердің, өнер орталықтарының) пандемияға байланысты қызметінің шектелуі Түркістан облысында фототуризм, агротуризм, экотуризм сында туризмның дәстүрлі емес жаңа бағыттарының қалыптасуына негіз болып отыр.

raspisanie24.com/poezda/turkestan/. Дата обращения: 29.04.2021.

Tengrinews.kz (2021). «Керуен Сарай»: Туркестанская сказка. Доступно по адресу: https://kaz.tengrinews.kz/fotoarchive/keruen-saray-ertegge-aynalgan-turkstan-640/. Дата обращения: 28.04.2021.

Управление по туризму Туркестанской области (2021). Информация о развитии туризма в Туркестанской области до 2020 года. Доступно по адресу: https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-turizm/documents/details/160147?lang=ru. Дата обращения: 29.04.2021.

**Дереккөз:**

Ведомости (2020). Коронавирус әлемдік туристік инсдутрияны қалай өзгертеді? Сілтеме: https://www.vedomosti.ru/partner/articles/2020/12/20/851707-antivirus-puteshestvii. Қаралған уақыты: 29.04.2021.

Massaget.kz (2020). Түркістанның туризм әлеуеті қай деңгейде? Сілтеме: https://massaget.kz/blogs/sayahat/26312/. Қаралған уақыты: 27.04.2021.

Otyrar.kz (2020). Түркістанда халықаралық туризм университеті ашылды. Сілтеме: https://otyrar-kz.turbopages.org/otyrar.kz/s/2020/06/v-turkestane-otkrylsya-mezhdunarodnyj-universitet-turizma/. Қаралған уақыты: 28.04.2021.

Raspisanie.com (2021). Түркістан станциясы пойыздарының кестес. Сілтеме: https://raspisanie24.com/poezda/turkestan/. Қаралған уақыты: 29.04.2021.

Tengrinews.kz (2021). «Керуен сарай»: Ертегіге айналған Түркістан. Сілтеме: https://kaz.tengrinews.kz/fotoarchive/keruen-saray-ertegge-aynalgan-turkstan-640/. Қаралған уақыты: 28.04.2021.

Түркістан облысы туризм басқармасы (2021). Түркістан облысы туризмінің дамуының 2020 жылғы анықтамасы. Сілтеме: https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-turizm/documents/details/160147?lang=ru. Қаралған уақыты: 29.04.2021.

# ЭПОХА САДЫРА ЖАПАРОВА В КЫРГЫЗСТАНЕ: ОЦЕНКА ВНЕШНЕПОЛИТИЧЕСКОГО И ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ
# ҚЫРҒЫЗСТАНДАҒЫ САДЫР ЖАППАРОВ КЕЗЕҢІ: СЫРТҚЫ САЯСАТҚА ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУҒА ШОЛУ

*Ешметова Балжан* *

Референдум по внесению поправок в конституцию и выборы в местные советы (кенеш) прошли в Кыргызстане 11 апреля 2021 года. По данным Центральной избирательной комиссии (ЦИК) Кыргызстана, на выборах в местные советы проголосовало 1,295,096 человек (39,09%), а на выборах в местные советы проголосовали 1,338,717 человек (37,12%) за референдум в 2,483 урнах по всей стране. В то время как 79,37% избирателей поддержали новый проект конституции, 13,67% выступили против него на референдуме. Эти цифры свидетельствуют о том, что соблюдается правило голосования не менее 30% от общего числа 3,606,201 избирателей в стране, которое необходимо для того, чтобы референдум был признан действительным [Кыргызстан Центральной избирательной комиссии, 2021a].

Поправки к Конституции, внесенные в повестку дня президентом Садыром Жапаровым, являются одной из причин проведения референдума в стране. Среди наиболее важных вопросов этих изменений – переход страны от парламентской структуры к президентской модели. 11 марта 2021 года депутаты парламента Кыргызской Республики (Жогорку Кенеш) одобрили законопроект о проведении референдума по «Закону о Конституции Кыргызской Республики» и назначили его датой 11 апреля 2021 года [Кыргызстан Центральной избирательной комиссии, 2021b]. В Кыргызстане также есть такие статьи, как создание ново-

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі демократияның дамуы мен тамырлануы тұрғысынан Орталық Азиядағы жетекші ел ретінде танылған Қырғызстанда көптеген өзгерістер болды. Соңғы рет, 2021 жылғы 11 сәуірінде Қырғызстанда конституциялық референдум мен жергілікті кенес сайлауы қатар өтті. Қырғызстанның Орталық сайлау комиссиясының (ОСК) қортынды мәліметі бойынша, елдегі 2483 сайлау учаскесінде жергілікті кенеш сайлауына 1,295,096 (39,09%) адам, ал референдумға 1,338,717 (37,12%) адам дауыс берген. Референдумға қатысқандардың 79,37%-ы жаңа конституция жобасын қолдап дауыс берсе, ал 13,67%-ы қарсы болды. Референдум заңды өту үшін елдегі жалпы 3,606,201 сайлаушының ең кемі 30%-ы дауыс беруге қатысуы керек болатын. [Қырғызстан Орталық сайлау комиссиясы, 2021a].

Конституцияға өзгеріс енгізуді ел президенті Садыр Жапаров көтерген болатын. Осы өзгерістердің ішіндегі маңызды мәселелерінің біріне елдің парламенттік құрылымнан президенттік модельге көшуі жатады. 2021 жылы 11 наурызда Қырғызстан Жоғарғы Кеңес депутаттары «Қырғыз Республикасының конституциясы туралы» Заң жобасы бойынша «референдум (бүкілхалықтық дауыс беру) өткізу туралы» заң жобасын мақұлдап, референдумды өткізу мерзімін 11 сәуірге белгілеген еді [Қырғызстан Орталық сайлау

* докторант, Евразийский научно-исследовательский институт, Казахстан.
eshmetova.balzhan@gmail.com

го института под названием «Народный Конгресс» и сокращение числа депутатов в парламенте со 120 до 90.

Оппозиция выступила с критикой того, что возвращение к президентской системе и сокращение числа депутатов в парламенте стали шагами, направленными на усиление политической власти президента [Березовский, 2021]. Это 11-й референдум в политической истории Кыргызстана и второй в 2021 году. Было отмечено, что в последние годы страна переживала неспокойный период в своей политической жизни, и протесты, которые произошли после парламентских выборов 4 октября 2020 года, привели к отмене результатов выборов и отставке действующего президента Сооронбая Жээнбекова. В целях преодоления политического кризиса в стране 10 января 2021 года были проведены досрочные президентские выборы, на которых победил Садыр Жапаров, набрав 1,110,412 (79,20%) голосов [Кыргызстан Центральной избирательной комиссии, 2021c].

Президент Жапаров выступает за переход к президентской системе через референдум о прекращении политических потрясений в стране, обеспечении стабильности и предложении решений социальных, экономических и других проблем страны. По этому поводу также обсуждается вопрос наличия дополнительных полномочий, которые позволят увеличить политическую мощь президентской администрации, а также возможность внесения изменений в положения, касающиеся срока полномочий президента. В дополнение к этому, ожидается, что будет создан новый консультативный орган Народный конгресс.

Такие вопросы, как улучшение состояния экономики страны и повышение благосостояния людей, входят в число ведущих вопросов повестки дня президента Жапарова в экономической сфере. С точки зрения обеспечения этого, Жапаров утверждал, что меры экономии

комиссиясы, 2021b]. Қырзғызстанның саяси жүйесіне Халықтық құрылтай (Халық жиналысы) институтын енгізу және парламент мүшелерінің санын 120-дан 90-ға дейін қысқарту сияқты өзгерістерді қамтитын жаңа конституциялық өзгеріс заң жүзінде президенттің өкілетін арттыруды көздейді.

Бұл өзгерістерге қатысты оппозициялық топтар президенттік жүйеге оралу мен парламенттегі депутаттар санының азаюы президенттің саяси күшін арттыруға бағытталған қадамдар екендігі туралы сын-ескертпелер де айтты [Березовский, 2021]. Бұл тәуелсіз Қырғызстан тарихындағы 11-ші, ал 2021 жылғы 2-ші референдум. 2005 және 2010 жылдары екі рет төңкеріс болған Қырғызстанда 2020 жылы қазанда тағыда төңкеріс болған еді. Негізінде, 2020 жылы 4 қазанда өткен парламенттік сайлаудан кейінгі наразылық төңкеріске ұласып, нәтижесінде сайлау нәтижелері жойылып, президент Сооронбай Жээнбековтің қызметінен кетуіне әкелген болатын. Елдегі саяси дағдарыстан шығу үшін 2021 жылдың 10 қаңтарында өткен кезектен тыс президент сайлауында Садыр Жапаров 1,110,412 (79,20%) дауыс жинап, айқын басымдылықпен жеңіске жеткен болатын [Қырғызстан Орталық сайлау комиссиясы, 2021c].

Президент Жапаров елдегі саяси аласапыранды тоқтатуда, тұрақтылықты қамтамасыз ету және елдің әлеуметтік, экономикалық және басқа мәселелерін шешуде президенттік жүйеге референдуммен көшуді қолдайды. Сондай-ақ, президенттік билікті саяси тұрғыдан арттыру үшін қадамдар жасауға мүмкіндік беретін қосымша өкілеттіктерге ие болу және президенттің өкілеттік мерзіміне қатысты ережелерге өзгертулер енгізу мүмкіндігі туралы мәселе де талқылануда. Сонымен қатар, Халықтық құрылтай – жаңа кеңесші орган ретінде құрылады деп күтілуде.

должны быть увеличены за счет сокращения финансово неэффективной работы. В качестве примера на церемонии президентской присяги он заявил, что они будут выполнять только обязательные процедуры, предусмотренные законом, а средства из государственного бюджета должны выделяться на нужды людей [Интерфакс, 2021]. Ожидается, что административные реформы в этом отношении обеспечат экономический рост и стабильность, а также позволят стране привлечь больше иностранных инвестиций и создадут более широкие возможности для реализации долгосрочных инвестиций.

Президент Жапаров стремится укрепить отношения с важными игроками в регионе, такими как соседние страны и Россия на международной арене. Поэтому 24 февраля 2021 года он совершил свой первый официальный визит в Россию и встретился со своим коллегой Владимиром Путиным. После встречи в прессе появилась информация о том, что в ближайшее время российские инвесторы будут вкладывать средства в различные сектора Кыргызстана [Карабеков; Коваленко, 2021]. На данный момент Российско-Кыргызский фонд развития объявил, что по состоянию на 1 мая 2021 года во всех регионах страны одобрено около 3,000 проектов на сумму 434 миллиона долларов. Когда мы смотрим на отраслевое распределение этих инвестиций, первое место занимает обрабатывающая промышленность с 30%, за которой следует сельскохозяйственный сектор с 23%. Кроме того, около 12% планируется инвестировать в сферу транспорта и логистики, туризма и развития инфраструктуры [Кабар, 2021].

Президент Жапаров совершил второй официальный визит в Казахстан. В ходе которого между Казахстаном и Кыргызстаном было подписано около 180 документов в области политической, экономической, гуманитарной помощи и инвестиций. Учитывая, что Казахстан вложил

Ел экономикасының жағдайын жақсарту және халықтың әл-ауқатын арттыру сияқты мәселелер президент Жапаровтың экономикалық саладағы күн тәртібіндегі басты мәселелердің бірі болып табылады. Бұған жету үшін Жапаров қаржылық ауыртпалық түсіретін іс-шаралардан бас тарту қажеттігін дәріптеді. Президент инаугурациясында заңнамада талап етілетін міндетті рәсімдерін ғана жүзеге асырып, мемлекет бюджетіндегі қаражаттың халық қажеттілігіне, мұқтаж жандарға берілу керектігін мәлімдеді [Интерфакс, 2021]. Осыған байланысты әкімшілік реформалар экономикалық өсу мен тұрақтылықты қамтамасыз етеді және елге шетелдік инвестицияларды көбірек тартуға және ұзақ мерзімді инвестицияларды жүзеге асыруға кең мүмкіндік береді деп күтілуде.

Осы бағытта Жапаров билігі сыртқы саясатта көрші елдермен қатар, Ресей сияқты аймақтағы маңызды ойыншылармен қарым-қатынасты жақсартуға басымдылық берді. Осыған байланысты, 2021 жылы 24 ақпанда Ресейге алғашқы ресми сапарын жасады және әріптесі Владимир Путинмен кездесті. Кездесу аяқталғаннан кейін, баспасөзде көрініс тапқан жаңалықтардың қатарында, алдағы уақытта ресейлік инвесторлар Қырғызстанға бірқатар тікелей инвестициялар салатын болады [Коваленко; Карабеков, 2021]. Осы кезде Ресей-Қырғыз Даму Қорының мәлімдемелерінде 2021 жылдың 1 мамырындағы жағдай бойынша елдің барлық аймақтарында жалпы құны 434 миллион доллар болатын 3,000 жоба мақұлданғаны туралы жарияланды. Осы инвестицияларды салалық бөлуге қарайтын болсақ, өңдеу өнеркәсібі 30% -бен, ал ауылшаруашылық секторы 23% -мен көш бастап келеді. Сонымен қатар, көлік және логистика, туризм және инфрақұрылымды дамыту салаларына шамамен 12% инвестиция жоспарланған [Kabar, 2021].

в экономику Кыргызстана более 1 млрд долларов за последние 15 лет, отмечается, что инвестиционные вопросы между двумя странами входят в число важных тем встреч. Стороны также подписали соглашение об активизации отношений между молодежью и обсудили возможность увеличения количества кыргызских студентов в казахстанских вузах в 10 раз, увеличения количества стипендий до 50 и открытия филиала одного из ведущих вузов. Кроме того, были рассмотрены вопросы дальнейшего развития формата консультационной встречи лидеров стран Центральной Азии, совместных действий против пандемии COVID-19 и оказания медицинской помощих [Капитал.kz, 2021].

Президент Жапаров совершил свой третий официальный визит в Узбекистан 11 марта 2021 года. В ходе него президенты двух стран обсудили вопросы сотрудничества в политической, торгово-экономической, транспортно-коммуникационной и других сферах. В ходе встречи была отмечена важность развития торгово-экономического сотрудничества, а также отмечено, что торгово-экономические отношения являются ключевыми сферами стратегического сотрудничества между двумя странами. В ходе переговоров была поставлена цель удвоить объем двусторонней торговли в ближайшие несколько лет за счет диверсификации и расширения торговли между двумя странами и снижения торговых барьеров [Сегодня.uz, 2021]. Кроме того, состоялся обмен мнениями об идее создания Кыргызско-Узбекского инвестиционного фонда [Путс, 2021].

В результате президент Жапаров добился значительных успехов на международной арене, посетив страны, которые важны в соответствии с внешней политикой его страны, как в развитии двусторонних отношений, так и в оказании поддержки во многих областях, от иностранных инвестиций до образования, здравоохранения и гуманитарной помо-

Президент Жапаров Қазақстанға екінші ресми сапарын жасады. Сапар барысында Қазақстан мен Қырғызстан арасында саяси, экономикалық, гуманитарлық және инвестициялық салаларды қамтитын 180-ге жуық құжатқа қол қойылды. Соңғы 15 жылда Қазақстанның Қырғызстан экономикасына 1 миллиард доллардан астам қаржы салғанын ескере отырып, екі ел арасындағы инвестициялық мәселелер келіссөздердің маңызды тақырыптарының бірі екендігі айтылды. Сонымен қатар, тараптардың жастар арасындағы байланысты жандандыру туралы келісімге қол қойылып, қырғызстандық студенттерге Қазақстанның жоғары оқу орындарындағы квотасын 10 есеге көбейту, білім гранттарының санын 50-ге жеткізу, сондай-ақ, жетекші университеттердің бірінің филиалын ашу мүмкіндігін қарастыру мәселелері талқыланды. Бұған қосымша, Орталық Азия көшбасшыларының консультациялық кездесу форматын одан әрі дамыту, COVID-19 эпидемиясына қарсы бірлескен іс-қимыл және медициналық көмек мәселелері қарастырылды [Капитал.kz, 2021].

11 наурыз 2021 ж. президент Жапаров өзінің үшінші ресми сапарын Өзбекстанға жасады. Сапар барысында екі елдің президенттері сауда-экономика, көлік, коммуникация, саяси және басқа да ынтымақтастық мәселелерін талқылады. Елдер арасындағы басты мәселе - сауда-экономикалық ынтымақтастықты одан әрі дамыту, және сауда-экономикалық қатынастар екі ел арасындағы стратегиялық ынтымақтастықтың маңызды бағыты екендігі атап өтілді. Келіссөздер барысында, екі ел арасындағы сауданы әртараптандыру және кеңейту арқылы алдағы бірнеше жылда екіжақты сауда көлемін екі есеге арттыру мақсаты ортаға қойылып, екі мемлекеттің нарықтарында жоғары сұранысқа ие өнімдердің өзара импорты бойынша шаралар қабылдауға

щи. Увеличение полномочий президента с одной стороны, и учреждение Народного Конгресса, с другой, показывает, что он будет управлять страной в новой политической системе и в новом понимании. Будущее покажет, какие выгоды и опыт эти изменения принесут Кыргызстану и достигнет ли президент Жапаров своих обещанных целей.

**Источники:**

Березовский, Георгий (2021). Председатель СИЗО и «Ханлик»: За что голосует Кыргызстан? Доступен по адресу: https://www.gazeta.ru/politics/2020/12/29_a_13420550.shtml. Дата обращения: 15.05.2021.

Джакыпбекова, Жамиля (2021). Что ждет кыргызскую экономику после пандемии? Прогноз на 2021 год. Доступен по адресу: https://economist.kg/2021/01/26/chto-zhdet-ekonomiku-kyrgyzstana-posle-pandemii-prognoz-na-2021-j/. Дата обращения: 15.05.2021.

Джаманкулов, Азамат (2020). Министр культуры и туризма Кыргызстана: Потребуется несколько лет, чтобы туризм в стране возродился после пандемии. Доступен по адресу: https://www.interfax.ru/interview/722563. Дата обращения: 15.05.2021.

Интерфакс (2021). Избранный президент Кыргызстана с экономит деньги на церемонии инаугурации, отменив парад и церемонию угощения. Доступен по адресу: https://www.interfax.kz/index.php?lang=kaz&int_id=21&news_id=42592. Дата обращения: 23.04.2021.

Кабар (2021). Российско-Кыргызский фонд развития одобряет около 3 тыс. проектов на сумму 434 млн долларов США. Доступен по адресу: http://en.kabar.kg/news/russian-kyrgyz-development-fund-approves-about-3-thsd-projects-worth-usd-434-mln/. Дата обращения: 24.05.2021.

Капитал.kz (2021). Казахстан инвестировал более 1 миллиарда долларов в экономику Кыргызстана за более чем 15 лет. Доступен по адресу: https://kapital.kz/economic/93842/za-15-let-kazakhstan-vlozhil-v-ekonomiku-kyrgyzstana-boleye-1-mlrd.html. Дата обращения: 15.05.2021.

Кыргызстан Центральной избирательной комиссии (2021a). Информация о выборах. Доступен по адресу: https://newess.shailoo.gov.kg/ky/. Дата обращения: 15.05.2021.

Кыргызстан Центральной избирательной комиссии (2021b). Закон Кыргызской Республики «О назначении референдума». Доступен по адресу: https://shailoo.gov.kg/kg/ReferendumReferendum/zakon-naznachenii-referenduma3/. Дата обращения: 15.05.2021.

Кыргызстан Центральной избирательной комис-

келісті [Сегодня.uz, 2021]. Сонымен қатар, Қырғыз-Өзбек инвестициялық қорын құру идеясы туралы пікір алмасты [Путц, 2021].

Қорытып айтқанда, президент Жапаров халықаралық аренада өз елінің сыртқы саясатына сәйкес маңызды елдерге жасаған сапарларымен екіжақты қатынастарды дамытуда да, сонымен қатар өз еліне шетелдік инвестицияларды тартудан бастап көптеген салаларда, оның ішінде білім беру, денсаулық сақтау және гуманитарлық көмекпен қолдау көрсетуде айтарлықтай жетістіктерге жетті. Бір жағынан президенттік биліктің өкілеттіктерін арттыра отырып, екінші жағынан, бұл оның жаңа саяси жүйеде және өзі құрған Халықтық съезмен түсіністікте елді басқаратынын көрсетеді. Бұл өзгеріс Қырғызстанға қандай жетістіктер мен тәжірибелер әкелетінін және президент Жапаров уәде еткен мақсаттарына жете ме, жоқ па, уақыт көрсетеді.

**Дереккөз:**

Березовский, Георгий (2021). Тергеу абақтысынан президент және “ханституцияға”: Қырғызстан не үшін дауыс береді. Сілтемесі: https://www.gazeta.ru/politics/2020/12/29_a_13420550.shtml. Қаралған уақыты: 15.05.2021.

Жакыпбекова, Жамиля (2021). Пандемиядан кейін қырғыз экономикасын не күтеді? 2021 жылға арналған болжам. Сілтеме: https://economist.kg/2021/01/26/chto-zhdet-ekonomiku-kyrgyzstana-posle-pandemii-prognoz-na-2021-j/. Қаралған уақыты: 15.05.2021.

Жаманкулов, Азамат (2020). Қырғызстанның мәдениет және туризм министрі: Пандемиядан кейін елдегі туризмді қалпына келтіру үшін бірнеше жыл қажет болады. Сілтеме: https://www.interfax.ru/interview/722563. Қаралған уақыты: 15.05.2021.

Интерфакс (2021). Қырғызстанның сайланған президенті шеру мен банкеттен бас тартып, инаугурацияға жұмсалатын қаражатты үнемдемек. Сілтеме: https://www.interfax.kz/index.php?lang=kaz&int_id=21&news_id=42592. Қаралған уақыты: 15.05.2021.

Кабар (2021). Ресей-Қырғыз Даму Қоры құны 434 млн. АҚШ доллары болатын шамамен 3 мың

сии (2021c). Досрочные выборы Президента Кыргызстан. Доступен по адресу: https://newess.shailoo.gov.kg/ky/election/11099/ballot-count?type=NW_ROOT. Дата обращения: 15.05.2021.

Коваленко, Марина, Карабеков, Кабай (2021). Садыр Жапаров пообещал Москве гарантии. Доступен по адресу: https://www.kommersant.ru/doc/4704733. Дата обращения: 15.05.2021.

Нурболат, Табигат (2021). Выборы и референдум в Кыргызстане. Что происходит сейчас? Доступен по адресу: https://inbusiness.kz/kz/news/kyrgyzstandagy-sajlau-men-referendum-kazir-ne-bolyp-zhatyr/. Дата обращения: 15.05.2021.

Путц, Екатерина (2021). Президент Киргизии Жапаров приземлился в Ташкенте. Доступен по адресу: https://thediplomat.com/2021/03/kyrgyz-president-japarov-touches-down-in-tashkent/. Дата обращения: 24.05.2021.

Сегодня.uz (2021). Садыр Жапаров посетил Узбекистан. Доступен по адресу: https://sng.today/tashkent/16079-sadyr-zhaparov-posetil-uzbekistan.html. Дата обращения: 15.05.2021.

жобаны мақұлдайды. Сілтеме: http://en.kabar.kg/news/russian-kyrgyz-development-fund-approves-about-3-thsd-projects-worth-usd-434-mln. Қаралған уақыты: 15.05.2021.

Капитал.kz (2021). 15 жыл ішінде Қазақстан Қырғызстан экономикасына 1 миллиард доллардан астам инвестиция құйды. Сілтеме: https://kapital.kz/economic/93842/za-15-let-kazakhstan-vlozhil-v-ekonomiku-kyrgyzstana-boleye-1-mlrd.html. Қаралған уақыты: 15.05.2021.

Қырғызстан Орталық сайлау комиссиясы (2021a). Сайлау туралы ақпарат. Сілтеме: https://newess.shailoo.gov.kg/ky/. Қаралған уақыты: 15.05.2021.

Қырғызстан Орталық сайлау комиссиясы (2021b). «Референдум тағайындау туралы» Қырғыз Республикасының заңы. Сілтеме: https://shailoo.gov.kg/kg/ReferendumReferendum/zakon-naznachenii-referenduma3/. Қаралған уақыты: 15.05.2021.

Қырғызстан Орталық сайлау комиссиясы (2021c). Қырғыз Республикасы Президентінің мерзімінен бұрын сайлауы Сілтеме: https://newess.shailoo.gov.kg/ky/election/11099/ballot-count?type=NW_ROOT. Қаралған уақыты: 15.05.2021.

Коваленко, Марина және Карабеков, Кабай (2021). Садыр Жапаров Мәскеуге кепілдіктер туралы уәде берді. Сілтеме: https://www.kommersant.ru/doc/4704733. Қаралған уақыты: 15.05.2021.

Нұрболат, Табиғат (2021). Қырғызстандағы сайлау мен референдум. Қазір не болып жатыр? Сілтеме: https://inbusiness.kz/kz/news/kyrgyzstandagy-sajlau-men-referendum-kazir-ne-bolyp-zhatyr/ Қаралған уақыты: 15.05.2021.

Путц, Екатерина (2021). Қырғызстан президенті Жапаров Ташкентке қонды. Сілтеме: https://thediplomat.com/2021/03/kyrgyz-president-japarov-touches-down-in-tashkent. Қаралған уақыты: 24.05.2021.

Сегодня.uz (2021). Садыр Жапаров Өзбекстанда болды. Сілтеме: https://sng.today/tashkent/16079-sadyr-zhaparov-posetil-uzbekistan.html. Қаралған уақыты: 15.05.2021.

# ТЕКУЩЕЕ СОСТОЯНИЕ И ОЖИДАНИЯ ОТ ТУРИЗМА В КЫРГЫЗСТАНЕ
# ҚЫРҒЫЗСТАН ТУРИЗМІНІҢ ДАМУЫ МЕН МҮМКІНДІКТЕРІ

*Еркинбек Тургунов**

Кыргызстан имеет потенциал стать одним из важных туристических центров среди стран Центральной Азии с его природными красотами, историческим и культурным богатством. Одна из таких возможностей – природный туризм. Из-за гористой местности, где горы Тянь-Шаня покрывают 65% территории Кыргызстана, его часто называют «Швейцарией Центральной Азии». Центральноазиатский регион с его многочисленными природными красотами и историческим богатством входит в число еще недостаточно изученных туристических маршрутов. В этой связи тот факт, что Всемирная туристская организация ООН включила Кыргызстан в список стран с наибольшей вероятностью увеличения количества туристов в ближайшие 10 лет, является признаком того, что туристический потенциал страны только открывается. В этом направлении правительство Кыргызстана включило сектор туризма в различные национальные стратегии развития, чтобы в полной мере использовать потенциал туристического сектора. Среди них можно выделить Стратегический план устойчивого развития Кыргызской Республики на 2013-2017 годы и Национальную стратегию развития на 2018-2040 годы [Министерство иностранных дел Кыргызстана, 2019].

По данным Национального статистического комитета Кыргызстана, по состоянию на 2014 год в туристическом секторе Кыргызстана действовало 88,6 тыс. предприятий (физических и юридических лиц). Иссык-Куль – один из самых популярных и главных туристических маршрутов страны. Иссык-Кульская область

Қырғызстан өзінің табиғи сұлулығымен, тарихи және мәдени құндылықтарымен Орта Азия елдері арасында туристік әлеуметі мен мүмкіндігін жоғары мемлекеттердің бірі. Әсіресе, табиғат туризмінің орны ерекше. Террироиясының 65%-ын Тәңір таулары алып жатқандықтан туристер тарапынан Қырғызстан «Орталық Азияның Швейцариясы» деп те аталады. Жалпы Орталық Азия аймағы қайталанбас табиғи кереметтері мен тарихи орындарымен әлі де әлемдік туризмнің назар аудармағанымен тартымды маршруттарының ортаға шыға бастауы туристтік бағыттардың артуына ықпал етіп отыр. 2017 жылы Біріккен ұлттар ұйымы (БҰҰ) жанындағы Бүкіләлемдік туризм ұйымының (БТҰ) Қырғызстанды алдағы 10 жылда туристердің арту ықтимасы жоғары мемлекеттер қатарына қосуы елдің туристтік мүмкіндіктерінің жаңа белестерінің алғышарттары екені айқын. Осыған байланысты ел үкіметі туризмді дамыту бойынша ұлттық бағдарламалар қабылдап, олар бойынша оң нәтижелерге қол жеткізе бастады. Қырғыз Республикасының 2019-2023 жылдарға және 2018-2040 жылдарға арналған ұлттық стратегиясында туристік саланы дамытуға айрықша көңіл бөлінген [Қырғызстан Сыртқы істер министрлігі, 2019].

Қырғызстан Ұлттық статистика комитетінің мәліметтеріне қарағанда, 2014 жылдың қорытындысы бойынша, Қырғызстанның туризм саласында 88,6 мың (жеке және заңды тұлғалар) кәсіпкерлік субъектілері жұмыс істейді. Ыстықкөл - бұл елдің ең танымал

* докторант, Евразийский научно-исследовательский институт, Казахстан.
erkinbek230388@gmail.com

считается «Жемчужиной Кыргызстана» и берет свое название от Иссык-Куля, второго по величине кратерного озера в мире. Иссык-Куль – самый известный и самый посещаемый туристический регион страны, предлагающий местным и иностранным туристам возможность расслабиться и хорошо провести время в течение летнего сезона. Управление туризма Министерства культуры, информации, спорта и молодежной политики Кыргызской Республики объявило, что количество туристов, посетивших Кыргызстан в 2018 году, составило 1,4 миллиона, из которых более 900 тысяч туристов отдыхали на Иссык-Куле [Kabar, 2019]. В том же году доходы от туризма составили 27 миллиардов сомов (319,3 миллиона долларов США) и составили 5% от валового внутреннего продукта [Rus.Azattyk.org, 2021].

По данным Всемирной туристской организации, в 2016 году количество туристов во всем мире составило 1,23 миллиарда, а доход, полученный от этого, достиг 1,5 триллиона долларов. Кроме того, 270 миллионов человек во всем мире работают в туристическом секторе. Согласно тому же отчету, с 1990 по 2017 год количество туристов во всем мире увеличилось на 576% в регионе Азии и Тихого океана [Министерство юстиции Кыргызстана, 2019]. Вся информация, представленная в этой общей структуре, показывает нам, что в туристическом секторе наблюдается глобальное расширение, и азиатские страны также в значительной степени извлекают выгоду из этого потенциала роста. Проведение многих международных мероприятий в этой области в последние годы также помогает Кыргызстану повысить свое признание в сфере туризма на международном уровне. В качестве одного из них можно сказать, что вклад Всемирных игр кочевников очень важен. В этот момент всемирно известные медиа-организации, такие как Forbes, Global Spots 2013, Всемирный совет по путешествиям и ту-

және басты туризм маршруттарының бірі. Ыстық көл аймағында «Қырғызстаннның асыл құндылығы» ретінде танылған, үлкендігі жағынан әлемдегі екінші кратер көлі Ыстық көл бар.

Ыстықкөл - жаз маусымында демалу мен жақсы уақыт өткізуге жергілікті және шетелдік саяхатшылардың қызығушылығы мен әртүрлі мүмкіндігіне сай жағдай жасалған, елдің ең танымал және туристердің ең көп келетін жерлерінің бірегейі. Қырғызстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және туризм министрлігі Туризм комитеті 2018 жылы Қырғызстанға келген 1,4 млн. туристтің 900 мыңнан астамы Ыстықкөлде демалғанын мәлімдеген [Kabar, 2019]. Сол жылғы туризмнен түскен пайданың 27 млрд. сомға (319,3 млн. АҚШ доллары) немесе елдің жалпы ішкі өнімінің 5%-ына тең келгенін байқауға болады [Rus.Azattyk.org, 2021].

БТҰ мәліметі бойынша, 2016 жылы туристер саны 1,23 млрд. Болғанын, одан түскен пайда 1,5 трлн. долларға жеткенін айтқан. Әлемде 270 млн. адам туризм саласында қызмет етсе, бұл көрсеткіш әлемдік жұмыс күшінің 8%-ын құрайды. БТҰ дерегі бойынша 1990 жылдан 2017 жыл аралығында әлемдік туристік ағын Азия және Тынық мұхит аймағы бойынша 576% артқанын жеткізді [Қырғызстан Әділет министлігі, 2019]. Жалпы осы салада қолға алынған сараптамаларға ой жүгірте отырып, әлемдік деңгейде туризмде жаңа бір қзгерістің жүріп жатқанын, тиісінше Азия елдері осындай даму мүмкіндіктерін тиімді пайдаланып жатқанын көруге болады. Бұл тұрғыда Қырғызстан соңғы жылдары туристтердің назарын аудару мақсатында көптеген халықаралық іс-шаралар ұйымдастырып жатыр. Солардың ішінде, «Дүниежүзілік көшпенділер ойыны» туризм саласының дамуына айрықша үлес қосып отыр. «Forbes», «Global Spots 2013», «World travel and tourism council», «Geographic Traveler Awards», «National Geographic

ризму, Geographic Travel Awards, National Geographic Traveler, National Geographic, Financial Times, The Guardian, уделили особое внимание Всемирным играм кочевников. Более того, Кыргызстан входит в топ-10 стран мира, рекомендованных для посещения в 2019 году журналами The Guardian и Lonely Planet [Спутник, 2018].

Изучение структуры туристического сектора в Кыргызстане показывает, что есть предприятия, которые служат в самых разных сферах. На данный момент различная ценовая практика предприятий показывает нам, что в этом секторе нет общей ценовой политики. В этой связи рассмотрение вопроса с более глубоким институциональным пониманием соответствующих учреждений будет способствовать как развитию условий конкуренции, так и улучшению услуг, предлагаемых туристам. Это положительно скажется на увеличении количества туристов, приезжающих в страну [Stanradar.com, 2017].

Все эти меры способствовали формированию положительного имиджа Кыргызстана, который определяет себя как туристическую страну в Центральной Азии. Этот многообещающий потенциал в государствах Центральной Азии, особенно с точки зрения природного и культурного туризма, не может быть использован на желаемом уровне. В связи с этим ожидается, что включение Казахстана и Узбекистана в программу «Шелковая виза» (сродни модели шенгенской визы), которую планируется внедрить во всем регионе, положительно скажется на туристическом секторе Кыргызстана. Имея текущие возможности, Кыргызстан имеет возможность увеличить туристический поток на 10%, тем самым получая доход в размере более 400 миллионов долларов. По оценкам, доход от туризма может достигать 1 миллиарда долларов благодаря развитию информационных технологий и инфраструктуры [Nisi.kg, 2017].

Traveler», «National Geographic», «Financial Times», «The Guardian» секілді әлемдік ақпарат құралдары «Дүниежүзілік көшпенділер ойынына» ерекше мән беріп, маңыздылығына тоқталды. Бұған қоса, «The Guardian» және «Lonely Planet» сияқты халықаралық басылымдар да кеңес ретінде 2019 жылы саяхаттау қажет әлемдегі ең жақсы 10 туристтік елдерінің қатарына Қырғызстанды қосқан еді [Спутник, 2018].

2019 жылдан бастап Шарж — Бішкек, Бішкек — Сеул бағытындағы авиа бағыттары саяхаттаушыларға жақсы жағдай болды. Туристік секторда заманау технологияларды қолдану бойынша да жетістіктер бар. Туристік аймақтардың басым көпшілігі жеке адамдардың меншігі болғандықтан ортақ баға мен ортақ саяса жоқ. Үкімет кәсіпкерлердің табиғатты пайданалып табыс тапқанымен қоса, табиғатты сақтау шараларына көп мән бойынша жұмыстарды бастады. Осыған байланысты Қырғыз мемлекетті ортақ мүдде қалыптастыру бойынша жұмыстар жүргізіп жатыр. Ұлттық қорықтар мен демалыс аймақтарына кіру бағасының әртүрлі болына қарсы жұмыстар қолға алынған [Stanradar.com, 2017].

Жасалып жатқан бар игіліктер Орталық Азияда мықты туристтік ел ретінде танылуды көздеген Қырғызстанның туристтік келбетінің артуына ықпал етіп отыр. Орталық Азия елдеріндегі мәдени туризм тұрғысынан және өздерінде бар туристтік база мен мүмкіндіктерді толық пайдалана алмай отырғаны жасырын емес. Ортақ мәселені бірлесіп шешу мақсатында Шенген визасы моделінде аймақтағы елдер арасындағы туристтік ынтымақтастықты арттыратын «Жібек Жолы» визасының Қазақстан және Өзбекстанмен бірге Қырғызстанның туризм саласына да оң ықпал ететіні күтілуде. Қырғызстанның қазіргі туристтік мүмкіндігімен-ақ туристік ағынды тағы да 10% арттыруға болады. Осының арқасында 400 млн.

Количество туристов, посетивших Кыргызстан в 2010 году, составило около 855 тысяч человек. В 2016 году это число достигло 2 миллиона 930 тысяч. Данные показывают, что количество туристов, посещающих страну, увеличилось более чем в 3,5 раза. Согласно отчету Национального статистического комитета Кыргызской Республики за 2017 год, чаще всего страну посещали казахстанцы (55,4%). За Казахстаном следуют туристы из Узбекистана (14,5%), России (14,2%), Таджикистана (7,5%), Турции (1,6%), Китайской Народной Республики (1,2%) и Индии (0,6%) [Статистическое агентство Кыргызстана, 2018]. В этом контексте можно констатировать, что политика, которая будет проводиться как в отношении соседних стран, откуда приезжает наибольшее количество посетителей, так и в отношении граждан зарубежных стран, с которыми страна имеет хорошие отношения, будет способствовать развитию туристического потенциала страны в краткосрочной перспективе.

В результате Кыргызстан является страной с высоким потенциалом стать одним из частых направлений иностранных туристов с ее богатыми культурными ценностями и еще не открытыми природными красотами. Однако, помимо проблем с инфраструктурой, нехватка квалифицированной рабочей силы, недостатки в области продвижения, рекламы и маркетинга еще не позволяют достичь ожидаемых результатов от туристического сектора. Учитывая проблемы, с которыми сталкивается туристический сектор в Кыргызстане, определение его в качестве одного из приоритетных отраслей среди инвестиционных планов и планов развития страны является одним из приоритетов для будущего этого сектора.

**Источники:**

Министерство иностранных дел Кыргызстана (2019). Национальная стратегия развития Кыргызской Республики на 2018-2040 годы. Доступно по адресу: https://mfa.gov.kg/ru/osnovnoe-menyu/vneshnyaya-

АҚШ долларынан астам туристтік табыс көзіне қол жеткізуге болады. Жаңа технологиялар мен инфрақұрылымды дамыту табысты 1 млрд. доллардан да жоғары шығаруға болады [Nisi.kg, 2017].

2010 жылы елге келген шетелдік туристердің саны 855 мың болса, 2016 жылы 2 млн. 930 мыңға жетті. Осы жылдар арасындағы арту көрсеткіші 3,5 еседен асуы шынымен де жақсы нәтиже. Қырғызстан Ұлттық статистика комитетінің 2017 жылғы статистикасында, сол жылы Қырғызстанға келген туристтердің 55,4%-ы Қазақстан азаматтары болған. Өзбекстандық туристтер 14,5%, ресейліктер 14,2%, тәжікстандықтар 7,5%, түріктер 1,6%, қытайлықтар 1,2% және үндістандықтар 0,6%-ға тең келген [Қырғызстанның статистикалық агенттігі, 2018]. Бұл тұрғыдан ең көп туристтер келген көрші елдерге қатысты елдің сыртқы саясатын бұдан да жоғары деңгейде жеткізумен елге келер саяхаттаушылар санын қысқа уақытта еселеп арттырудың мүмкіндігі көрініп тұр.

Қорыта айтқанда, қырғыз елі мықты тарихы мен сан ғасырлық әдеп-ғұрпы және тұмса табиғаты әлі де ашылмаған, шетелдік туристтердің қызығушылығын арттыра түсетін маршруттарының көптігін жағынан туристтік әлеуеті өте жоғары ел. Елдегі кейбір инфрақұрылымдағы мәселелерімен қатар, туризм мамандарының аздығы, әлемдік аренада таныту мен шетелдік туристерді қызықтыратын бағдарламалардың әлі де қабылданбай жатқандығы елдің туризмінің бұдан да биіктерге көтерілуіне біршама кедергі болып тұр. Ілгерілеуіне инвестиция тартылумен шұғыл дамуды қажет ететін маңызды саланың бірі ретінде қолға алынып жұмыстар жасалып жатыр. Болашақта Қырғызстан бұдан әрі дамуына туризмнің үлкен үлесі болатынын көрсетіп отыр.

politika/gosudarstvennye-programmy/nacionalnaya-strategiya-razvitiya-kyrgyzskoy-respubliki-na-2018-2040-gody. Дата обращения: 04.06.2021.

Министерство юстиции Кыргызстана (2019). Программа развития сферы туризма на 2019-2023 годы Правительства Кыргызской Республики. Доступно по адресу: http://cbd.minjust.gov.kg/act/view/ru-ru/12943. Дата обращения: 06.06.2021.

Kabar.kg (2019). В 2018 году в Кыргызстан приехало около 3 миллионов человек. Доступно по адресу: http://kabar.kg/news/kyrgyzstan-v-2018-godu-posetili-poriadka-3-mln-turistov/. Дата обращения: 06.06.2021.

Nisi.kg (2017). Усилия Кыргызстана по превращению туризма в важную движущую силу экономики. Доступно по адресу: Nisi.kg/137-novosti-nisi-na-glavnuyu-2/449-pochemu-turizm-dolzhen-stat-vedushchim-sektorom-ekonomicheskogo-razvitiya-kyrgyzstana.html. Дата обращения: 04.06.2021.

Rus.azattyk.org (2019). Ожидается, что в 2019 году Кыргызстан посетят 1,6 миллиона туристов. Доступно по адресу: https://rus.azattyk.org/a/29957840.html. Дата обращения: 04.06.2021.

Stanradar.com (2017). Кыргызстан включен в мировую туристическую карту. Доступно по адресу: https://stanradar.com/news/full/34937-kirgizija-popala-na-mirovuju-kartu-turizma.html. Дата обращения: 07.06.2021.

Спутник (2018). Кыргызстан вошел в десятку лучших стран для путешествий в 2019 году. Доступно по адресу: https://ru.sputnik.kg/society/20181024/1041689494/kyrgyzstan-lonely-planet-reyting-puteshestvie-turisty.html. Дата обращения: 16.06.2021.

Статистическое агентство Кыргызстана (2021). База данных. Доступно по адресу: http://www.stat.kg/kg/statistics/turizm/. Дата обращения: 07.06.2021.

**Дереккөз:**

Kabar.kg (2019). Қырғызстанға 2018 жылы шамамен 3 миллион адам келді. Сілтеме: http://kabar.kg/news/kyrgyzstan-v-2018-godu-posetili-poriadka-3-mln-turistov/. Қаралған уақыты: 06.06.2021.

Қырғызстан Әділет министлігі (2019). Қырғыз үкіметінің 2019-2023 жылдарға арналған туризм секторын дамыту жөніндегі бағдарламасы. Сілтеме: http://cbd.minjust.gov.kg/act/view/ru-ru/12943. Қаралған уақыты: 06.06.2021.

Қырғызстан Сыртқы істер министрлігі (2019). Қырғыз Республикасының 2018-2040 жылдарға арналған ұлттық даму стратегиясы. Сілтеме: https://mfa.gov.kg/ru/osnovnoe-menyu/vneshnyaya-politika/gosudarstvennye-programmy/nacionalnaya-strategiya-razvitiya-kyrgyzskoy-respubliki-na-2018-2040-gody. Қаралған уақыты: 04.06.2021.

Қырғызстанның статистикалық агенттігі (2021). Мәліметтер базасы. Сілтеме: http://www.stat.kg/kg/statistics/turizm/. Қаралған уақыты: 06.06.2021.

Nisi.kg (2017). Қырғызстанның туризмді экономикасының негізгі күшіне айналдыру жолындағы талпынысы. Сілтеме: Nisi.kg/137-novosti-nisi-na-glavnuyu-2/449-pochemu-turizm-dolzhen-stat-vedushchim-sektorom-ekonomicheskogo-razvitiya-kyrgyzstana.html. Қаралған уақыты: 04.06.2021.

Rus.azattyk.org (2019). Қырғызстанға 2019 жылы 1,6 млн туристің келуі күтілді. Сілтеме: https://rus.azattyk.org/a/29957840.html. Қаралған уақыты: 04.06.2021.

Stanradar.com (2017). Қырғызстан әлемдік туризм картасына енді. Сілтеме: stanradar.com/news/full/34937-kirgizija-popala-na-mirovuju-kartu-turizma.html. Қаралған уақыты: 07.06.2021.

Спутник (2018). Қырғызстан 2019 жылы саяхаттауға арналған 10 елдің қатарына енді. Сілтеме: https://ru.sputnik.kg/society/20181024/1041689494/kyrgyzstan-lonely-planet-reyting-puteshestvie-turisty.html. Қаралған уақыты: 16.06.2021.

# ЧТО ПОВЫШАЕТ ЦЕНЫ НА ПРОДОВОЛЬСТВЕННЫЕ ТОВАРЫ: ПРИМЕРЫ ИЗ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ
# АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒАСЫНЫҢ КӨТЕРІЛУІНІҢ СЕБЕПТЕРІ: ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАН МЫСАЛДАР

*Азимжан Хитахунов**

Цены на продукты питания – один из важнейших показателей, который играет важную роль в экономической и политической стабильности. Цены на продукты питания зависят от множества факторов, включая рост спроса (в основном со стороны азиатских стран), спекуляции на финансовых рынках, экспортные ограничения, климатические потрясения, снижение производительности, обесценивание валюты, рост цен на нефть, спрос на биотопливо и сокращение запасов [Хиди и Фан, 2008]. Недавняя пандемия стала одним из самых серьезных факторов для мирового рынка продуктов питания и существенно повлияла на цены на продукты питания. Как показывает индекс цен на продовольствие Продовольственной и сельскохозяйственной организации Объединенных Наций (ФАО), мы наблюдали самые высокие уровни за последнее десятилетие, которые колебались от 91,9 до 120,9 [Продовольственная и сельскохозяйственная организация Объединенных Наций, 2020] . Если вдаваться в подробности, то индекс резко вырос в 2011 году до 131,9 с 106,7 в 2010 году, затем постепенно упал до 93,1 в 2015 году, позже он не достигал 100 до 2020 года и снова взлетел до 120,9 пункта в 2021 году. Согласно данным ФАО (ФАО, 2021), индекс цен на продовольствие в августе 2021 года составил в среднем 127,4 пункта, что на 3,9 пункта (3,1%) выше, чем в июле, и на 31,5 пункта (32,9%) по сравнению с тем же периодом прошлого года. Отскок индекса в августе после двух месяцев подряд снижения был обусловлен сильным ростом субиндексов сахара, растительных масел и зерновых.

Азық-түлік бағасы – экономикалық және саяси тұрақтылықта маңызды рөл атқаратын көрсеткіштердің бірі. Азық-түлік бағасы сұраныстың артуына (негізінен Азия елдерінен), қаржы нарығының айналымына, экспорттық шектеулерге, нарықтағы жағдайлардың өзгеруіне, өндірістің баяулауына, валютаның құнсыздануына, мұнай бағасының өсуіне, биоотынға сұраныстың және қорлардың төмендеуіне қатысты әр түрлі факторларға байланысты болып келеді [Хиди және Фан, 2008]. Соңғы пандемия әлемдік азық-түлік нарығы үшін ең қиын факторлардың біріне айналып, азық-түлік бағасына айтарлықтай әсер етті. Біріккен ұлттар ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының азық-түлік бағасының индексі көрсеткендей, аталған индексте 91,9-дан 120,9-ға дейін соңғы он жылдағы ең жоғары деңгейлерді көрдік [Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы, 2021]. Индекс көрсеткіштері 2010 жылы 106,7-ден 2011 жылы 131,9-ға дейін күрт көтерілгеннен кейін 2015 жылы біртіндеп 93,1-ге дейін төмендеді. Кейіннен ол 2020 жылға дейін 100-ден аспағанымен, 2021 жылы қайтадан 120,9 баллға көтерілді. ФАО-ның 2021 жылғы мәліметтеріне сәйкес, азық-түлік бағасының индексі 2021 жылдың тамызында өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 3,9 балл (3,1%) және 31,5 балл (32,9%) өсіп, орташа 127,4 баллға шықты. Екі ай қатарынан төмендегеннен кейін тамыз айында индекстің қалпына келуіне қант, өсімдік майы және

* доктор, Евразийский научно-исследовательский институт, Казахстан.
azimkhun@gmail.com

С апреля 2020 года мировые цены на продукты питания (цены производителей) выросли на 47,2%, достигнув в мае 2021 года наивысшего (реального) уровня с 2014 года. Однако цены на продукты питания начали расти до пандемии из-за нескольких важных факторов, включая африканскую чуму свиней и торговые споры между США и Китаем. Росту цен также способствовало увеличение транспортных расходов. Например, тарифы на морские перевозки выросли примерно в 2-3 раза за последние 12 месяцев, в то время как более высокие цены на бензин и нехватка водителей грузовиков в некоторых регионах увеличивают стоимость услуг автомобильного транспорта [Богманс и др., 2021]. Важно отметить, что по причине того, что размещение судов и контейнеров проходит медленный процесс корректировки спроса и предложения, стоимость перевозки зерна между основными рынками более чем удвоилась по сравнению с уровнями, существовавшими до пандемии, что поставило под угрозу страны, зависящие от импорта продовольствия. Более того, обрывы в местных цепочках поставок, блокировки и карантинные меры затронули неформальный сектор, включая продавцов, торговцев и владельцев магазинов. По оценкам, в первом квартале 2020 года цены на продукты питания выросли более чем на 10% в 15 развивающихся странах. В то же время из-за климатических потрясений многие страны ожидают значительного сокращения производства и урожайности, что приведет к уменьшению предложения и подтолкнет цены на продукты питания вверх [Сова и Ман, 2021].

Пандемия, растущие масштабы глобальной бедности и неравенства, а также обострение кризиса климата и биоразнообразия вместе способствуют усилению голода, а также ухудшению ситуации с продовольственной и пищевой безопасностью. Эта ситуация создает значительные риски для многих разви-

астық қосалқы индекстерінің қарқынды өсуі себеп болды.

2020 жылдың сәуірінен бастап халықаралық азық-түлік (өндіруші) бағасы 47,2%-ға өсіп, 2021 жылдың мамырында 2014 жылдан бергі ең жоғары (нақты) деңгейге жетті. Алайда, азық-түлік бағасы эпидемияға дейін африкалық шошқа обасы мен АҚШ пен Қытай арасындағы сауда даулары сияқты бірнеше маңызды факторларға байланысты көтеріле бастады. Тасымалдау шығындарының өсуі бағаның өсуіне де әсер етті. Мысалы, соңғы 12 айда теңізде жүк тасымалдау тарифі 2-3 есе өссе, кейбір аймақтарда бензиннің жоғары бағасы мен жүк көлігі жүргізушілерінің жетіспеушілігі автокөлік қызметтерінің құнын арттыруда [Богманс және т.б., 2021]. Кемелер мен контейнерлердің жағдайы сұраныс пен ұсынысқа біртіндеп бейімделетіндіктен, ірі нарықтар арасында астықты тасымалдау құны азық-түлік импортына тәуелді елдерді қиын жағдайға итермелеп, эпидемияға дейінгі деңгейден екі есе өскенін айта кеткен жөн. Бұған қоса, жергілікті жеткізу тізбегінің үзілуі, жабылуы мен карантиндік шаралар сатушылар, саудагерлер мен дүкеншілерді қоса алғанда, бейресми секторға әсер етті. Болжаулар бойынша, 2020 жылдың бірінші тоқсанында 15 дамушы елдерде азық-түлік бағасы 10%-дан астамға өсті. Сонымен қатар, климаттық күйзелістерге байланысты көптеген елдер өндіріс пен егіннің өнімділігінің айтарлықтай төмендеуін күтеді, бұл азық-түлік бағасын жоғарылататын ұсыныстың төмендеуіне әкеледі [Сова және Ман, 2021].

Эпидемия жаһандық кедейліктің өсуі мен теңсіздік көрсеткіштері, климат пен биоәртүрлілік дағдарыстарының өсуімен бірге аштықтың, азық-түлік пен тамақтанудың қауіпсіздігінің жоғарылауына әкеледі. Бұл көптеген дамушы және табысы төмен елдер үшін елеулі қиыншылық туғызады. Деректер 720 миллионнан 811 миллионға

вающихся стран и стран с низкими доходами. Данные показывают, что от 720 до 811 миллионов человек, или около 10% населения мира, остаются голодными. Более того, как минимум 2,4 миллиарда человек не имеют доступа к здоровому и питательному питанию [Диксон-Деклев и др., 2021].

Центральноазиатское сельское хозяйство имеет несколько важных особенностей. Страны региона существенно зависят от импорта продуктов питания. Эта ситуация связана с более высокими макроэкономическими рисками. Например, после обесценения национальных валют цены на импортируемые сельскохозяйственные и продовольственные товары могут вырасти. Вторая особенность сельского хозяйства Центральной Азии состоит в преобладании мелких землевладельцев и натурального хозяйства. Это затрудняет распределение мер поддержки, в том числе компенсаций. Несмотря на то, что климатические риски остаются одной из важнейших угроз, реакция региональных властей недостаточна. В Центральной Азии отсутствуют стратегии управления и адаптации к климату, даже без учета текущих климатических изменений в региональном сельском хозяйстве. Например, в 2021 году почти все регионы Казахстана испытали засуху. Этот погодный шок привел к снижению урожайности основных сельскохозяйственных культур как в продовольственном, так и в кормовом сегментах. Вместо прогнозируемых 15 центнеров (1 центнер на 100 килограммов) с гектара аграрии собирают 5-7 центнеров с гектара [Казах Зерно, 2021]. Выросшие цены на производственные ресурсы также способствовали росту цен на продукты питания. В Казахстане топливо, смазочные материалы, удобрения, средства защиты растений, запчасти, сельскохозяйственная техника и другие необходимые материалы подорожали на 20-30% по сравнению с прошлым годом. Текущая ситуация, а также аналогичные засушливые условия

дейін адам немесе әлем халқының шамамен 10%-ының аштықта өмір сүріп жатқанын көрсетеді. Сонымен қатар, кем дегенде 2,4 миллиард адам сау және қоректік диетаға қол жеткізе алмайды [Диксон-Деклев және т.б., 2021].

Орталық Азия ауыл шаруашылығының бірнеше маңызды ерекшеліктері бар. Аймақ елдері азық-түлік импортына тәуелді болып келеді. Бұл жоғары макроэкономикалық қауіп-қатерлерге байланысты. Мысалы, ұлттық валюталардың құнсыздануынан кейін импорттық ауыл шаруашылығы және азық-түлік тауарларының бағасы өсуі мүмкін. Орталық Азия ауыл шаруашылығының екінші ерекшелігі ұсақ шаруашылықтар мен қосалқы шаруашылықтың таралуы. Бұл факт, өтемақылармен қоса қолдау шараларын тарату мен бөлуді қиындатады. Климаттан басқа қауіп-қатерлер маңызды қауіптердің бірі болып қалуымен бірге, аймақтық үкіметтердің қолдауы да жеткіліксіз. Климатқа бейімделу мен басқару стратегиялары болмағандықтан Орталық Азия аймақтық ауыл шаруашылығындағы климатқа байланысты болып жатқан өзгерістерді елемейді. Мысалы, 2021 жылы Қазақстанның барлық дерлік аймақтарында құрғақшылық болды. Бұл ауа соққысы азық-түлік пен жемшөп сегменттерінде негізгі дақылдардың өнімділігінің төмендеуіне әкелді. Болжам бойынша гектарына 15 центнердің орнына фермерлер 5-7 центнер жинады [Казах Зерно, 2021]. Кіріс бағасының өсуі азық-түлік бағасының өсуіне де себеп болды. Қазақстанда мазут, минералды майлар, тыңайтқыштар, өсімдіктерді қорғау құралдары, қосалқы бөлшектер, ауыл шаруашылығы техникасы және басқа да қажетті материалдар өткен жылмен салыстырғанда 20-30%-ға өсті. Қазақстандық бидай мен ұнның негізгі тұтынушылары болып табылатын Орталық Азия елдеріндегі қазіргі жағдай мен осыған ұқсас құрғақшылық астық

в странах Центральной Азии – основных потребителях казахстанской пшеницы и муки – привели к увеличению спроса на зерновые продукты. К концу июля 2021 года цена импортеров на пшеницу 3 класса выросла на 15-20 долларов за 1 тонну и сейчас составляет 260-265 долларов за тонну. Аналогичным образом выросла внутренняя цена на пшеницу - с 93-95 тысяч тенге / тонну (219-223 $) до 103-105 тысяч тенге / тонну (242-247 $) [АПК Информ, 2021].

Птицеводы прогнозируют рост цен на продукцию; чтобы пережить зиму и не потерять поголовье, казахстанским птицеводам необходимо более 600 тысяч тонн кормов. Союз птицеводов говорит о необходимости создания кормового фонда для удешевления кормов. С таким предложением предприниматели обратились к правительству. По прогнозам, при текущих ценах на корма, к зиме куриные яйца могут подорожать не менее чем на 7%. Оптовая стоимость килограмма мяса птицы превысит 1,000 тенге, где отрасль находится под высоким риском банкротства. Более того, в связи с текущими обстоятельствами четыре птицефабрики уже приостановили свою деятельность [Хабар 24, 2021].

Понимая эти вызовы, Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев в своем Послании в сентябре 2021 года посвятил значительную часть своего выступления вопросам сельского хозяйства и продовольствия. Президент предложил особые меры по развитию сельского хозяйства страны и стабилизации продовольственного рынка. В частности, Глава государства отметил важность создания сети оптовых распределительных центров и единого контроля цен по цепочке от производителя до потребителя. По словам Президента, необходимо расширить площади выращивания кормовых культур и усилить контроль за соблюдением севооборота, улучшить сферу ветеринарии. Он отметил, что около 90% техники, используемой в агропромыш-

өнімдеріне деген сұраныстың артуына әкелді. 2021 жылдың шілдесінің соңында 3-ші сортты бидайдың импорттаушыларының бағасы тоннасына 15-20 долларға өсіп, қазіргі 260-265 доллар деңгейіне дейін жетті. Сол сияқты бидайдың ішкі бағасы 93-95 мың теңге/тоннадан (219-223 доллар) 103-105 мың теңге/тоннаға (242-247 доллар) дейін ұлғайды [АПК Информ, 2021].

Құс өсірушілер қыстан аман-есен шығу және малдарын жоғалтпау үшін қажетті өнім бағаларын өсуін болжайды. Мысалы, қазақстандық құс өсірушілерге 600 мың тоннадан астам жем қажет. Құс өсірушілер қауымдастығы жемшөп құнын төмендету үшін жем қорын құру идеясын үкіметке ұсынды. Ағымдағы азық-түлік бағасымен жасалған болжауларға сәйкес, қыс мезгіліне дейін тауық жұмыртқасының бағасы кем дегенде 7%-ға өсуі мүмкін. Саланың банкрот қаупі жоғары болған кезде бір килограмм құс етінің көтерме бағасы 1,000 теңгеден (2,35 доллар) асатын болады. Сонымен қатар, қазіргі жағдайға байланысты төрт құс фабрикасы өз жұмысын тоқтатты [Хабар 24, 2021].

Бұл қиындықтарды ескерген Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2021 қыркүйек айында соңғы сөзінде өз сөзінің маңызды бөлігін ауыл шаруашылығы мен азық-түлік мәселелеріне арнады. Президент елдің ауыл шаруашылығын дамыту мен азық-түлік нарығын тұрақтандыру бойынша нақты шараларды ұсынды. Атап айтқанда, Президент көтерме сауда орталықтарының желісін құрудың және өндірушіден тұтынушыға дейінгі тізбек бойындағы бағаларға бірыңғай бақылау орнатудың маңыздылығын айтты. Президент, жемшөп дақылдарының егістік аумағын кеңейту мен ауыспалы егістің сақталуына бақылауды күшейту және ветеринария саласын жетілдіру қажеттілігін баяндады. Ол сондай-ақ агроөнеркәсіптік кешенде қолданыла-

ленном комплексе, полностью устарела и нуждается в модернизации. Президент поручил правительству пересмотреть и стабилизировать механизм субсидирования. Президент отметил, что на субсидии выделено более 2 триллионов тенге (4,71 миллиарда долларов). При этом более половины уголовных дел в агропромышленном комплексе связаны с хищениями субсидий [Акорда, 2021].

Ситуация в Казахстане создает проблемы и риски для остальных стран Центральной Азии, поскольку он остается ключевым поставщиком пшеничной продукции. Например, изменения в торговой политике Казахстана, в частности, экспортные пошлины или ограничения, могут привести к нехватке продовольствия и более высокой инфляции в других странах Центральной Азии. Страны Центральной Азии могут ответить своими ограничительными мерами. Например, Кыргызстан ввел ограничения на экспорт скота. Эта контрпродуктивная политика может еще больше ускорить рост цен. Важно отметить, что экономики стран Центральной Азии переживают один из спадов, которые имеют социальные последствия. По последним данным, около 1,7 миллиона человек (25,3% от общей численности населения) в Кыргызстане жили за чертой бедности в 2020 году, увеличившись на 5,2 процентных пункта по сравнению с предыдущим годом [Кабар, 2021]. Повышение цен на продукты питания может ухудшить существующую ситуацию и вызвать социальную нестабильность.

Следовательно, страны региона должны координировать свою политику, которая должна быть направлена на снижение торговых издержек. Им необходимо пересмотреть либерализацию торговли сельскохозяйственными и продовольственными товарами и укрепить сотрудничество в сфере транспортных и транзитных услуг. Эти меры могут увеличить объем торговли сельскохозяйственной продукцией и продуктами питания в

тын технологиялардың 90%-ға жуығының мүлде ескіргенін және жаңартуды қажет ететінін атап өтті. Президент үкіметке субсидиялау тетігін қайта қарауды және тұрақтандыруды тапсырды. Сонымен қатар, Тоқаев субсидиялауға 2 триллион теңгеден астам (4,71 миллиард доллар) қаржы бөлінгенін мәлімдеді. Сондай-ақ, агроөнеркәсіптік кешендегі қылмыстық істердің жартысынан көбі субсидияларды ұрлауға қатысты енін айта кеткен жөн [Ақорда, 2021].

Қазақстандағы жағдай, елдің бидай өнімдерінің негізгі жеткізушісі болып қала беретіндіктен, қалған Орталық Азия елдері үшін қиындықтар мен қауіп-қатер тудыруда. Мысалы, Қазақстанның сауда саясатындағы өзгерістер, әсіресе экспорттық салықтар немесе шектеулер, Орталық Азияның басқа елдерінде азық-түлік тапшылығы мен инфляцияның жоғарылауына әкелуі мүмкін. Орталық Азия елдері шектеу шараларымен жауап беруі мүмкін. Мысалы, Қырғызстан мал экспорттауға шектеу қойды. Бұл тиімсіз саясат бағаның өсуін одан әрі жеделдетуі мүмкін. Орталық Азия елдерінің экономикасы әлеуметтік салдары бар құлдыраудың бірін бастан кешкенін айта кеткен жөн. Соңғы мәліметтерге сәйкес, 2020 жылы Қырғызстанда 1,7 миллионға жуық адам (жалпы халықтың 25,3%) кедейшілік шегінен төмен өмір сүрді, бұл өткен жылмен салыстырғанда 5,2%-ға өсті [Кабар, 2021]. Азық-түлік бағасының жоғары болуы қазіргі жағдайды нашарлатып, әлеуметтік тұрақсыздықты тудыруы мүмкін.

Сондықтан аймақ елдері сауда шығындарын азайтуға бағытталған саясатын үйлестіруі керек. Олар ауылшаруашылығы мен азық-түлік тауарларының саудасын либерализациялауды қайта қарап, көлік және транзиттік қызметтер саласындағы ынтымақтастықты күшейтуі керек. Бұл шаралар аймақтағы ауыл шаруашылығы мен азық-түлік са-

регионе, стабилизировать цены и улучшить продовольственную безопасность.

**Источники:**

Акорда (2021). Послание Президента Республики Казахстан Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана. Единство народа и системные реформы – прочная основа процветания страны. Доступно по адресу: https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-183048. Дата обращения: 07.09.2021.

АПК Информ (2021). О введении таможенных пошлин на вывоз пшеницы – ЗСК. Доступно по адресу: https://www.apk-inform.com/ru/exclusive/topic/1521343. Дата обращения: 05.09.2021.

Богманс, Кристиан, Пескатори, Андреа и Эрвин Прифти (2021). Четыре факта о росте потребительских цен на продукты питания. Доступно по адресу: https://blogs.imf.org/2021/06/24/four-facts-about-soaring-consumer-food-prices/. Дата обращения: 25.08.2021.

Диксон-Деклев, Сандрин, Окампо, Хосе, Антонио и Фелия, Салим (2021). Дело о Совете по стабильности продовольственных систем. Доступно по адресу: https://www.project-syndicate.org/commentary/the-world-needs-a-food-systems-stability-board-by-sandrine-dixson-decleve-et-al-2021-08. Дата обращения: 28.08.2021.

Кабар (2021). Более 1,6 млн человек в Кыргызстане жили за чертой бедности в 2020 году. Доступно по адресу: http://en.kabar.kg/news/more-than-1.6-mln-people-in-kyrgyzstan-lived-below-poverty-line-in-2020/. Дата обращения: 07.09.2021.

Казах Зерно (2021). Казахстан на грани дефицита зерна. Доступно по адресу: https://kazakh-zerno.net/185670-kazahstan-na-poroge-deficita-zerna/. Дата обращения: 05.09.2021.

Сова, Чейз и Кристиан, Ман (2021). Что стоит за недавним ростом мировых цен на продовольствие? Доступно по адресу: https://www.csis.org/analysis/what-behind-recent-rise-global-food-prices. Дата обращения: 05.09.2021.

Продовольственная и сельскохозяйственная организация Объединенных Наций (2021). Ситуация с продовольствием в мире. В августе индекс цен на продовольствие ФАО быстро восстановился. Доступно по адресу: http://www.fao.org/worldfoodsituation/foodpricesindex/en/. Дата обращения: 09.04.2021.

Хабар 24 (2021). Казахстанским птицеводам необходимо более 600 тысяч тонн кормов. Доступно по адресу: https://24.kz/ru/news/delovye-novosti/item/496050-kazakhstanskim-ptitsevodam-neobkhodimo-svyshe-600-tysyach-tonn-kormov. Дата обращения: 05.09.2021.

удасының көлемін ұлғайтуға, бағаны тұрақтандыруға және азық-түлік қауіпсіздігін жақсартуға мүмкіндік береді.

**Дереккөз:**

Ақорда (2021). Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Халық бірлігі мен жүйелі реформалар – еліміздің өркендеуінің берік іргетасы. Сілтеме: https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-183048 сайтында қолжетімді. Қаралған уақыты: 07.09.2021.

АПК Информ (2021). Бидай экспортына кедендік баж салығын енгізу туралы – ЗСК. Сілтеме: https://www.apk-inform.com/en/exclusive/topic/1521343. Қаралған уақыты: 05.09.2021.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы (2021). Әлемдегі азық-түлік жағдайы. Тамыз айында ФАО азық-түлік бағасының индексі тез қалпына келді. Сілтеме: http://www.fao.org/worldfoodsituation/foodpricesindex/en/. Қаралған уақыты: 09.04.2021.

Богманс, Кристиан, Пескатори, Андреа және Эрвин, Прифти (2021). Тұтынушылық азық-түлік бағасының өсуі туралы төрт факт. Сілтеме: https://blogs.imf.org/2021/06/24/four-facts-about-soaring-consumer-food-prices/. Қаралған уақыты: 25.08.2021.

Диксон-Деклев, Сандрин, Окампо, Хосе, Антонио және Фелия, Салим (2021). Азық-түлік жүйелерінің тұрақтылығы жөніндегі кеңестің ісі. Сілтеме: https://www.project-syndicate.org/commentary/the-world-needs-a-food-systems-stability-board-by-sandrine-dixson-decleve-et-al-2021-08. Қаралған уақыты: 28.08.2021.

Кабар (2021). 2020 жылы Қырғызстанда 1,6 миллионнан астам адам кедейшілік шегінде өмір сүрді. Сілтеме: http://kk.kabar.kg/news/more-than-1.6-miln-people-in-kyrgyzstan-lived-below-poverty-line-in-2020/. Қаралған уақыты: 07.09.2021.

Казах Зерно (2021). Қазақстан астық тапшылығының алдында тұр. Сілтеме: https://kazakh-zerno.net/185670-kazahstan-na-poroge-deficita-zerna/. Қаралған уақыты: 05.09.2021.

Сова, Чейз және Кристиан, Ман (2021). Соңғы уақытта әлемдік азық-түлік бағасының көтерілуінің астарында не жатыр? Сілтеме: https://www.csis.org/analysis/what-behind-recent-rise-global-food-prices. Қаралған уақыты: 05.09.2021.

Хабар 24 (2021). Қазақстандық құс өсірушілерге 600 мың тоннадан астам жем қажет. Сілтеме: https://24.kz/ru/news/delovye-novosti/item/496050-kazakhstanskim-ptitsevodam-neobkhodimo-svyshe-

Хиди, Дерек и Шенген, Фан (2008). Анатомия кризиса: причины и последствия роста цен на продовольствие. Экономика сельского хозяйства, 39: сс. 375–391.

600-tysyach-tonn-kormov. Қаралған уақыты: 05.09. 2021.

Хиди, Дерек және Шенген Фан (2008). Дағдарыс анатомиясы: азық-түлік бағасының өсуінің себептері мен салдары. Ауыл шаруашылығы экономикасы, 39: бб. 375–391.

# ПОКАЗАТЕЛИ РАЗВИТИЯ СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

# ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ДАМУ КӨРСЕТКІШТЕРІ

*Даулет Жайлыбаев* *

В зависимости от природно-климатических условий в Казахстане были освоены различные области сельского хозяйства. В их числе животноводство, садоводство, сельское хозяйство и рыболовство. Около 80% общей площади земель Казахстана пригодно для сельского хозяйства, около 11% из них – это земли, предназначенные для возделывания. В целом в Казахстане 22582,3 га пашни [Knoema.ru, 2018]. В частности, в Туркестанской области под сельское хозяйство используется 847,9 тыс. га земли. Это показывает, что, поскольку Туркестанский регион расположен в южной части страны, он подходит для ведения сельского хозяйства с точки зрения естественного климата и плодородия почв. Это связано с тем, что виды сельского хозяйства в регионе развивались с древних времен и сохранились традиционные формы животноводства, земледелия и садоводства.

В настоящее время сельскохозяйственные показатели Туркестанской области достигают лучших результатов в стране. Например, в 2018 году Туркестанская область заняла первое место по мясоперерабатывающей отрасли в Казахстане. Объем производства мяса в области достиг 154,7 тыс. тонн [Inbusiness.kz, 2018]. Из них 9,6 тыс. тонн было экспортировано в Узбекистан, Иран и Объединенные Арабские Эмираты. Это составляет 54% от общего экспорта мяса в стране [Gov.kz, 2018]. Это можно объяснить ростом поголовья скота в регионе и развитой кормовой промышленностью. Если сравнить эту цифру с данными за 2020 год, то из области экспортировано 4,2 тыс. тонн

Қазақстанның табиғи және климаттық жағдайына байланысты ауыл шаруашылығының бірнеше бағыты жолға қойылған. Оның ішінде мал шаруашылығы, бау-бақша, егін шаруашылығы және балық шаруашылығы кеңінен дамыған. Қазақстанның жалпы жер көлемінің 80% жуығы ауыл шаруашылығына қолайлы болып табылады. Ал оның 11% жуығы егістікке арналған жерлер болып есептеледі. Жалпы алғанда Қазақстан Республикасының 22,582,3 мың гектар аумағы ауыл шаруашылық дақылдарын егуге арналған жер [Knoema.ru, 2018]. Оның ішінде Түркістан облысы аумағында 847,9 мың гектар жер ауыл шаруашылығы егістіктеріне пайдаланылады. Бұл Түркістан облысының еліміздің оңтүстік аймағында орналасқандықтан, табиғи климаттық жағынан және жерінің құнарлығы тұрғысынан ауыл шаруалығына қолайлы өңір екенін көрсетеді. Себебі, аталмыш аймақта шаруашылық түрлері ежелгі кезеңдерден бастап дамып, мал шаруашылығының, егіншілік, бау-бақша өсірудің дәстүрлі формасы сақталған.

Қазіргі уақыттың өзінде Түркістан облысының ауыл шаруашылық көрсеткіштері еліміз бойынша алдыңғы қатарлы нәтижеге қол жеткізіп отыр. Мысалы, Қазақстан бойынша ет өңдеу өнеркәсібі бойынша Түркістан облысы 2018 жылы алғашқы орынға шықты. Бұл облыс төңірегінде ет өндіру көлемі 154,7 мың тоннаға жетті [Inbusiness.kz, 2018]. Оның 9,6 мың тоннасы Өзбекстан, Иран, БАӘ елдеріне экспорттал-

* магистр, Евразийский научно-исследовательский институт, Казахстан.
daulet_87@bk.ru

мясной продукции. Спрос на крупный рогатый скот, овец и птицу высок [Gov.kz, 2020]. В будущем планируется построить комбикормовый комплекс, расчитанный на 21 тысячу голов в Сайрамском районе Туркестанской области [Gov.kz, 2021a].

В целом продукция животноводства, производимая в Туркестанской области, включает мясо, молочные продукты и яйца. Это осуществляется в рамках программы «Развитие агропромышленного комплекса на 2018-2021 годы» [Ernur.kz, 2018]. Кроме того, «Программа откорма крупного рогатого скота на 2018-2027 годы» является одной из важных инициатив в этой области [Agroinfo, 2018]. В рамках программы предусматривается, что количество семейных ферм в стране будет увеличено с 20 тысяч до 100 тысяч, рабочая сила – со 100 тысяч до 600 тысяч, экспорт мяса – с 30 миллионов долларов до 2,4 миллиарда долларов, и количество мясоперерабатывающих предприятий с 14 до 21 до 2027 [Agrocredit.kz, 2018].

Туркестанская область выходит на первый план по развитию сельского хозяйства. Объем продукции растениеводства в январе-июле 2021 года составил 37,8 миллиарда тенге (89 миллионов долларов). Посевы овощных культур по области увеличились на 8,1 тыс. га, масличных – на 1,9 тыс. га, посевы хлопчатника уменьшились на 16,3 тыс. га. Площадь теплиц в регионе также увеличилась на 73 га, достигнув 1,320 га, что составляет 71% теплиц в стране [Gov.kz, 2021b]. Кроме того, капельное орошение стало применяться в теплицах Туркестанской области [КазАқпарат, 2018]. Кроме того, благодаря благоприятным природно-климатическим условиям региона технология производства в теплицах применяется круглый год. Сегодня теплицы в Сайрамском и Сарыагашском районах вносят свой вклад в устойчивое развитие и высокие показатели экономики региона. Для сравнения, сельскохозяйственное производство Туркестанской области составляет 14% от общего объема производства

ды. Бұл республика бойынша жалпы ет экспортының 54% құрады [Gov.kz, 2018]. Мұны өңірдегі мал басының өскенімен және мал бордақылау кәсібінің жақсы дамығанымен түсіндіруге болады. Осы көрсеткішті 2020 жылғы деректермен салыстырсақ, облыс көлемінде шетелге 420 мың тонна ет өнімдерін экспорттalған. Оның ішінде ірі қара, қой және құс етінің сұранысы жоғары [Gov.kz, 2020]. Алдағы уақытта Түркістан облысы, Сайрам ауданында 21 мың бас малға арналған бордақылау кешені салынатын болады [Gov.kz, 2021a].

Жалпы Түркістан облысы көлемінде өндіріліп отырған мал шаруашылығы өнімдерінің қатарына еттен бөлек, сүт өнімдері мен жұмыртқа өнімдері кіреді. Бұл «Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың 2018-2021 жж. арналған бағдарламасы» аясында жолға қойылып келеді [Ernur.kz, 2018]. Сонымен қатар, бұл салада "Етті мал шаруашылығын дамытудың 2018–2027 жж. арналған бағдарламасының" да маңызы зор [Agroinfo, 2018]. Бұл бағдарлама шеңберінде 2027 жылға қарай республика бойынша отбасылық фермалардың санын 20 мыңнан - 100 мыңға, жұмыс күшін 100 мыңнан - 600 мыңға, еттің экспорт көлемін 30 млн доллардан - 2,4 млрд долларға, ет өндеу комбинаттарын 14 тен 21 ге жеткізу көзделген [Agrocredit.kz, 2018].

Түркістан облысының ауыл шаруашылығы егін шаруашылығының дамуымен де ерекшеленеді. 2021 жылдың қаңтар шілде айларында өсімдік шаруашылығындағы өндіріс көлемі 37,8 млрд теңге болды. Облыс бойынша көкөніс-бақша дақылдары 8,1 мың гектарға, майлы дақылдар 1,9 мың гектарға артып, сәйкесінше мақтаның егіс көлемі 16,3 мың гектарға кеміді. Ал облыс көлеміндегі жылыжайлар жаңадан 73 гектарға артты. Бұл жалпы көлемі 1,320 гектарды құрап, республика бойынша жылыжайлардың 71% қамтиды [Gov.kz, 2021b]. Сонымен қатар, Түркістан облысындағы жылыжайларда тамшылатып

в стране. Одним из важных условий роста аграрного сектора в Туркестанской области является развитие транспорта и логистики. В этом контексте проходящая через регион автомагистраль Западная Европа - Западный Китай позволяет без проблем перевозить сельскохозяйственную продукцию по всей стране. Кроме того, регион облегчает транспортировку сельскохозяйственной продукции в другие страны.

Однако антропогенные, природные и пандемические условия в стране в последние годы значительно повлияли на сельскохозяйственный сектор области. Во-первых, 1 мая 2020 года в результате взрыва Сардобинской плотины в Узбекистане были затоплены поля в Мактааральском районе Туркестанской области. Во-вторых, объявление в 2020 году в стране чрезвычайного положения в связи с пандемией COVID-19 сказалось на уборочных работах фермеров. В-третьих, засуха 2021 года негативно сказалась на аграрном секторе региона. Однако традиционные виды сельского хозяйства, практикуемые с древних времен, остаются ключевой отраслью экономики региона.

Сегодня в основной капитал агропромышленного комплекса Туркестанской области вложено 28,4 млрд тенге (66,9 млн долларов) в 2,2 раза больше, чем в 2020 году. В области зарегистрировано 68,7 тыс. фермерских хозяйств, что составляет 32% от их общего количества по стране. При этом в этих хозяйствах работает 177,6 тыс. человек [Gov.kz, 2021b].

Туркестанская область имеет много преимуществ в развитии сельскохозяйственной отрасли, включая природный климат, транспортные и логистические структуры. Также стоит вопрос о расширении орошаемых земель в области. Это одна из главных проблем всей отрасли. В этом контексте в регионе реализуются масштабные водосберегающие проекты, такие как «Водопадное водохранили-

суару технологиясы жолға қойылған [КазАқпарат, 2018]. Сонымен қатар облыстың табиғи климаттық жағдайының қолайлы болуына байланысты жылыжайларда жыл бойы өнім алу технологиясы іске асырылып жатыр. Қазіргі кезде Сайрам, Сарыағаш аудандарында орналасқан жылыжайлар облыс экономикасының тұрақты дамуына және жоғары көрсеткіштерге қол жеткізуіне жағдай жасап отыр. Салыстырып қарайтын болсақ Түркістан облысы ауыл шаруашылығы өнімі республика көлемінде 14% құрайды.

Түркістан облысы агросекторының алға жылжуының маңызды шартының бірі көлік және логистикалық саланың дамуы болып табылады. Бұл тұрғыда, облыс территориясынан басып өтетін Батыс Еуропа – Батыс Қытай тас жолы ауыл шаруашылық өнімдерін еліміз бойынша еркін тасымалдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, облыс ауыл шаруашылық өнімдерін басқа да елдерге тасымалдауға жағдай жасайды.

Алайда, соңғы жылдары елімізде орын алған техногенді, табиғи және пандемиялық жағдай облыстың агросекторына айтарлықтай ықпал етті. Біріншіден, 2020 жылы 1 мамырда орын алған Өзбекстандағы Сардоба су қоймасының жарылуынан Түркістан облысы Мақтаарал ауданы егістік алқаптары су астында қалды. Екіншіден, 2020 жылдағы COVID-19 пандемиясына байланысты еліміз бойынша төтенше жағдайдың енгізілуі егіншілердің науқандық жұмыстарына әсер етті. Үшіншіден, 2021 жылы орын алып отырған қуаңшылық облыс аумағы бойынша ауыл шаруашылық секторына қолайсыздық тудырып отыр. Дегенмен ерте кездерден жолға қойылған дәстүрлі шаруашылық түрлері облыс экономикасында шешуші сектор болып қала беруде.

Қазіргі кезде Түркістан облысы ауыл шаруашылығы негізгі капиталына 28,4 млрд теңге (66,9 млн доллар) инвестиция

ще», «Отвод русла от реки Сырдарья», «Модернизация озерной системы Жетыколь». При этом в рамках «Комплексного плана социально-экономического развития Туркестанской области до 2025 года» реализуются проекты по созданию продовольственного пояса площадью 11 тыс. га вокруг города Туркестан [Gov.kz, 2021b].

В результате сельскохозяйственные показатели Туркестанской области достигают больших результатов в Казахстане. Это говорит о том, что аграрный сектор в регионе развивается. Эффективное использование новых технологий, особенно в сельском хозяйстве, является важной движущей силой региональной экономики. Можно сказать, что развитие инновационных технологий в аграрном секторе будет способствовать обучению и приходу новых специалистов в этой сфере.

**Источники:**

Agroinfo (2018). Скотоводство: в чем особенность предлагаемой новой программы? Доступно по адресу: https://agroinfo.kz/etti-mal-sharuashylygy-ysynylgan-zhana-bagdarlama-nesimen-erek/. Дата обращения: 02.10.2021.

Agrocredit.kz (2018). «Развитие мясного скотоводства в 2018-2027 гг. программа для». Доступно по адресу: https://www.agrocredit.kz/upload/files/nacionalnayaprogramma.pdf. Дата обращения: 01.10. 2021.

Ernur.kz (2018). Правительство рассмотрело ход реализации госпрограммы развития агропромышленного комплекса. Доступно по адресу: http://ernur.kz/turkistan-oblysy/ukimette-agroonerkasip-keshenin-damytudyn-memlekettik-baghdarlamasyn-zhuzege-asyru-zhaiy-karaldy.1. Дата обращения: 01.10.2021.

Gov.kz (2018). Туркестанская область является лидером по увеличению поголовья четырех видов скота. Доступно по адресу: https://www.gov.kz/memleket/entities/ontustik/press/news/details/turkestanskaya-oblast-lidiruet-v-uvelichenii-chislennosti-pogolovya-chetyreh-vidov-selskohozyaystvennyh-zhivotnyh?lang=ru. Дата обращения: 29.09.2021.

Gov.kz (2020). Информация об объеме экспорта мяса и мясных продуктов из Республики Казахстан. Доступно по адресу: https://www.gov.kz/memleket/entities/moa/documents/details/27355?lang=ru. Дата обращения: 30.09.2021.

тартылып, 2020 жылмен салыстырғанда 2,2 есе артқан. Облыс көлемінде 68,7 мың шаруа қожалығы тіркелген. Бұл республикалық көрсеткіштің 32% құрайды. Аталмыш шаруа қожалықтарында 177,6 мың адам жұмыспен қамтылған. Сонымен қатар, Түркістан облысынан ауа райының қуаңшылығынан аса зардап шеккен Маңғыстау облысына 95 вагон 3,0 мың тонна шөп жеткізілді [Gov.kz, 2021b].

Түркістан облысының агро өнеркәсібін дамытуда көптеген ұтымды тұстары бар, соның ішінде табиғи климаттық, көлік-логистикалық құрылымдар болып табылады. Сонымен қатар, облыс көлемінде суармалы жерлерді кеңейту мәселесі де бар. Бұл тұтас сектордың негізгі мәселесінің бірі болып табылады. Бұл тұрғыда қазіргі кезде облыс бойынша «Сарқырама су қоймасын», «Сырдария өзенінен канал тарту», «Жетікөл көлдер жүйесін жаңғырту» сияқты кең көлемде су үнемдеуге арналған жобалар қолға алынуда. Сонымен қатар, Түркістан облысының ауыл шаруашылық секторының маңыздылығы облыстың әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2025 жылға дейінгі кешенді жоспары аясында Түркістан қаласы айналасында 11,0 мың гектар азық-түлік белдеуін құру жобалары іске асырылуда [Gov.kz, 2021b].

Қорытындылай келе, Түркістан облысы ауыл шаруашылығының көрсеткіштері Қазақстан бойынша зор нәтижелерге қол жеткізуде. Бұл облыс көлемінде агросектордың жан-жақты дамып келе жатқанын көрсетеді. Соның ішінде ауыл шаруашылық саласында жаңа технологияларды тиімді пайдалану облыс экономикасының маңызды драйвері болып табылады. Агросектордағы инновациялық технологияларды игеру жаңа маман иелерінің аталмыш салаға келуіне жағдай жасайды.

Gov.kz (2021a). В Туркестанской области строится крупнейший в стране кормовой комплекс. Доступно по адресу: https://www.gov.kz/memleket/entities/ontustik/press/news/details/v-turkestanskoy-oblasti-stroyat-krupneyshiy-v-strane-otkormochnyy-kompleks?lang=ru. Дата обращения: 28.09.2021.

Gov.kz (2021b). О развитии агропромышленного комплекса Туркестанской области. Доступно по адресу: https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-auyalzharuazhalyk/documents/details/211160?lang=kk. Дата обращения: 01.10.2021.

Inbusiness (2018). Туркестанская область – крупнейший в стране экспортер мяса. Доступно по адресу: https://inbusiness.kz/kz/last/turkistan-oblysynda-et-eksporty-el-bojynsha-aldyda-tur. Дата обращения: 29.09.2021.

КазАқпарат (2018). Туркестанская область – лидер тепличного строительства. Доступно по адресу: https://www.inform.kz/kz/turkistan-oblysy-zhylyzhay-saludan-kosh-basynda-tur_a3442095. Дата обращения: 29.09.2021.

Knoema.ru (2018). Сельскохозяйственная земля. Доступно по адресу: https://knoema.ru/atlas/Казахстан/topics/Земельныересурсы/Площадь/Сельскохозяйственная-земля-percent-от-земельной-площади.. Дата обращения: 30.09.2021.

**Дереккөз:**

Agroinfo (2018). Етті мал шаруашылығы: ұсынылған жаңа бағдарлама несімен ерекше? Сілтеме: https://agroinfo.kz/etti-mal-sharuashylygy-ysynylgan-zhana-bagdarlama-nesimen-erek/. Қаралған уақыты: 02.10.2021.

Agrocredit.kz (2018). "Етті мал шаруашылығын дамытудың 2018–2027 жж. арналған бағдарламасы". Сілтеме: https://www.agrocredit.kz/upload/files/nacionalnayaprogramma.pdf. Қаралған уақыты: 01.10.2021.

Ernur.kz (2018). Үкіметте агроөнеркәсіп кешенін дамытудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру жайы қаралды. Сілтеме: http://ernur.kz/turkistan-oblysy/ukimette-agroonerkasip-keshenin-damytudyn-memlekettik-baghdarlamasyn-zhuzege-asyru-zhaiy-karaldy. Қаралған уақыты: 01.10.2021.

Gov.kz (2018). Түркістан облысы ауыл шаруашылығы жануарларының төрт түрінің мал басының көбеюі бойынша көш бастап тұр. Сілтеме: https://www.gov.kz/memleket/entities/ontustik/press/news/details/turkestanskaya-oblast-lidiruet-v-uvelichenii-chislennosti-pogolovya-chetyreh-vidov-selskohozyaystvennyh-zhivotnyh?lang=ru. Қаралған уақыты: 29.09.2021.

Gov.kz (2020). Қазақстан Республикасынан ет және ет өнімдерін экспорттау көлемі туралы ақпарат. Сілтеме: https://www.gov.kz/memleket/entities/moa/documents/details/27355?lang=ru. Қаралған уақыты: 30.09.2021.

Gov.kz (2021a). Түркістан облысында еліміздегі ең ірі бордақылау кешені салынуда. Сілтеме: https://www.gov.kz/memleket/entities/ontustik/press/news/details/v-turkestanskoy-oblasti-stroyat-krupneyshiy-v-strane-otkormochnyy-kompleks?lang=ru. Қаралған уақыты: 28.09.2021.

Gov.kz (2021b). Түркістан облысы агроөнеркәсіп кешенінің даму барысы туралы. Сілтеме: https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-auyalzharuazhalyk/documents/details/211160?lang=kk. Қаралған уақыты: 01.10.2021.

Inbusiness (2018). Түркістан облысында ет экспорты ел бойынша алдыда тұр. Сілтеме: https://inbusiness.kz/kz/last/turkistan-oblysynda-et-eksporty-el-bojynsha-aldyda-tur. Қаралған уақыты: 29.09.2021.

КазАқпарат (2018). Түркістан облысы жылыжай салудан көш басында тұр. Сілтеме: https://www.inform.kz/kz/turkistan-oblysy-zhylyzhay-saludan-kosh-basynda-tur_a3442095. Қаралған уақыты: 29.09.2021.

Knoema.ru (2018). Ауылшаруашылығына арналған жерлер. Сілтеме: https://knoema.ru/atlas/Казахстан/topics/Земельныересурсы/Площадь/Сельскохозяйственная-земля-percent-от-земельной-площади.. Қаралған уақыты: 30.09.2021.



## ГЛАВА 3.
## ТРАНСПОРТИРОВКА И ЛОГИСТИКА ЭНЕРГИИ В ЕВРАЗИЙСКОМ РЕГИОНЕ

## 3-ТАРАУ.
## ЕУРАЗИЯ АУМАҒЫНДАҒЫ ТАСЫМАЛ МЕН ЛОГИСТИКА ЭНЕРГИЯСЫ

# ЭНЕРГЕТИЧЕСКИЕ РЫНКИ И ПРОМЫШЛЕННЫЕ СТРУКТУРЫ

# ЭНЕРГИЯ НАРЫҚТАРЫ ЖӘНЕ ӨНЕРКӘСІПТІК ҚҰРЫЛЫМДАР

# ТЕКУЩИЕ ИЗМЕНЕНИЯ ГАЗОПРОВОДА ТУРЕЦКИЙ ПОТОК
# ТҮРІК АҒЫНЫ ТАБИҒИ ГАЗ ҚҰБЫРЫНЫҢ АҒЫМДАҒЫ ДАМУ ҮРДІСІ

*Динара Талдыбаева* *

Турция – важная страна, которая выполняет роль моста в транспортировке энергоресурсов между странами-производителями и странами-потребителями. Проект газопровода «Турецкий поток», ориентированный на европейский рынок, укрепляет позиции Турции за счет транспортировки российского газа через Черное море в Турцию, а затем в Европу. Трубопровод, берущий начало в российской Анапе, пройдя 930 километров под Черным морем, от побережья Фракии, достигает Турции [TurkStream, 2021]. Проект, через прямое подключение запасов природного газа в России к газораспределительной сети Турции, направлен на создание надежного энергоснабжения Турции, Южной и Юго-Восточной Европы [TurkStream, 2021]. Морская часть линии состоит из двух линий, идущих параллельно друг другу от Черного моря. Пропускная способность каждого из трубопроводов составляет 15,75 млрд м3, всего 31,5 млрд м3; первая линия идет в Турцию, а вторая линия будет транспортировать природный газ в Европу. Общая стоимость проекта заявлена в 7 млрд долларов [Газпром, 2021].

Для реализации проекта 1 декабря 2014 года российский Газпром и турецкая компания Botas Petroleum Pipeline Corporation подписали меморандум о взаимопонимании по проекту «Турецкий поток» [Газпром, 2021]. Однако техническая, экономическая и правовая основа проекта была определена межправительственным соглашением, подписанным между Правительством Турецкой Республики и Правительством Россий-

Түркия энергия өндіруші елдер мен тұтынушы елдер арасындағы энергия тасымалында бірегей көпір қызметін атқарады. Еуропалық нарыққа бағытталған «Түрік ағыны» табиғи газ құбыры Ресейдің табиғи газын Қара теңіз арқылы Түркияға, одан ары Еуропа елдеріне жеткізуді қамтамасыз ететін жоба ретінде Түркияның позициясын одан әрі нығайта түсуде. Бұл құбыр Ресейдің Анапа жағалауынан басталып, 930 шақырымы Қара теңіз астынан өтіп, Тракия жағалауымен Түркияға жетеді [TurkStream, 2021]. Бұл жоба, Ресейдің табиғи газ қорын тікелей Түркияның табиғи газ жеткізу желісімен байланыстыру арқылы, Түркия мен Оңтүстік және Оңтүстік-шығыс Еуропа елдерін сенімді энергия көзімен қамдауға бағытталған [TurkStream, 2021]. Құбыр желісінің теңіз астындағы бөлігі Қара теңізден бір-біріне параллель екі құбырдан тұрады. Табиғи газды Түркия арқылы Еуропаға тасымалдайтын құбыр желісінің әрқайсысының сыйымдылығы жылына 15,75 миллиард текшеметр болып, жиыны 31,5 миллиард текшеметр газ жеткізе алады. Жобаның жалпы құны 7 миллиард долларды құрайды [Газпром, 2021].

Жобаны іске асыру үшін 2014 жылдың 1 желтоқсанында Ресейдің Газпром компаниясы мен Түркияның Botaş мұнай құбыры корпорациясы «Түрік ағыны» жобасы бойынша өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды [Газпром, 2021]. Алайда, жобаның техникалық, экономикалық және құқықтық негіздері 2016 жылы

* докторант, Евразийский научно-исследовательский институт, Казахстан.
dinarataldybayeva@gmail.com

ской Федерации в рамках 23-го Всемирного энергетического конгресса, состоявшегося 10 октября 2016 года в Стамбуле. [Министерство энергетики и природных ресурсов Турции, 2021]. Ожидается, что проект, который обеспечит общий поток природного газа в объеме 31,5 млрд м3 с учетом меморандума, подписанного между Газпромом и Botas, будет иметь ключевое значение для стран ЕС, а также для Турции и России с точки зрения обеспечения безопасности энергоснабжения [Ильтер, 2017].

Импорт природного газа в Турцию снизился в среднем на 8-10% с 2017 по 2019 год. Согласно отчетам Управления по регулированию энергетического рынка (EMRA), в 2019 году импорт природного газа в основном осуществлялся из России на уровне 33,61%. Также в 2018 году Россия стала крупнейшим партнером Турции по импорту природного газа с показателем 46,95%. Если сравнить это число с предыдущими годами, то соотношение долей, составлявшее 55,31% в 2015 году, с годами снижалось до 52,94% в 2016 году и 51,93% в 2017 году [Комитет по регулированию энергетического рынка, 2019]. Фактически, причиной этого сокращения стали споры по ценам на газ, которые начались в 2015 году между Россией и Турцией. Запрос Botas на скидку 10,25% от Газпрома повлиял на объемы природного газа, поставляемого в Турцию в определенный период [Eadaily, 2021]. Однако, по сообщениям СМИ, в 2018 году Газпром согласился выплатить Турции более 1 млрд долларов за газ, поставленный в Турцию в 2015 и 2016 годах.

Согласно отчету Газпрома за май 2019 года, несмотря на сокращение импорта природного газа Турцией из России, Турция является третьим по величине потребителем российского природного газа в мире после Германии и Италии. В тройку лидеров по импорту природного газа в Турцию входят Россия с 15,196 млн м3, Азербайджан с 9,585 млн м3 и Иран с 7,736 млн м3 соответственно. Турция, ко-

10 қазанда Стамбулда өткен XXIII Дүниежүзілік энергетикалық конгресс аясында Түркия мен Ресей үкіметтері арасында қол қойылған үкіметаралық келісім арқылы анықталды [Түркияның Энергетика және табиғи ресурстар министрлігі, 2021]. «Түрік ағыны» жобасының негізгі желілеріне қарағанда, Газпром мен Боташ арасында жасалған меморандум шеңберінде жалпы 31,5 миллиард текшеметр газ жеткізе алатын аталмыш жоба Түркия мен Ресей тұрғысынан ғана емес, Еуропа одағы (ЕО) елдері тұрғысынан да энергиямен қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады деп күтілуде [Ильтер, 2017].

Түркияның табиғи газ импорты 2017-2019 жылдар аралығында орта есеппен 8-10% төмендеді. Түркияның Энергия нарығын реттеу органынан (EPDK) есептеріне сәйкес, 2019 жылы Түркия ең көп, яғни 33,61% табиғи газды Ресей импорттады. 2018 жылы Ресей 46,95%-дық көрсеткішпен Түркияның табиғи газ импорты бойынша ең ірі серіктесі болды. Бұл көрсеткішті өткен жылдармен салыстырғанда, бұл үлес 2015 жылы 55,31%-ды құраған болса, 2016 жылы 52,94% және 2017 жылы 51,93% болып, жыл өткен сайын төмендеген [Энергия нарығын реттеу органы, 2019]. Түркия мен Ресей арасындағы табиғи газдың бағасы туралы 2015 жылы басталған пікірталас осы төмендеудің себебі ретінде көрсетіледі. Боташтың Газпромнан 10,25% жеңілдік талап етуі Түркияға жеткізілетін табиғи газдың мөлшеріне біраз уақыт әсер етті [Eadaily, 2021]. Алайда, 2018 жылғы баспасөзде жарияланған хабарларға қарағанда, 2015 және 2016 жылдары Түркияға жеткізілген газ үшін артық төленген 1 миллиард долларды Газпром кері қайтаруға келіскен.

Газпромның 2019 жылдың мамырында жарияланған есебіне қарағанда, Түркияның Ресейден табиғи газ импорты азайғанына қарамастан, Түркия Ресейдің Германия мен Италиядан кейінгі

торая сильно зависит от энергоресурсов, успешно продолжает сокращать долю России в этой зависимости, переходя на альтернативные трубопроводы. В этой связи важную роль сыграл запуск Азербайджаном 30 июня 2018 года поставки природного газа в Турцию по Трансанатолийскому газопроводу (TANAP) с Шах-Дениз-2. С 30 июня 2018 года по 28 февраля 2019 года по трубопроводу TANAP было транспортировано около 1,25 млрд м3 газа. К концу 2019 года этот показатель достиг 3,7 млрд м3, а к концу 2020 года - 8,4 млрд м3 [SOCAR, 2020; 2021]. В рамках проекта TANAP и Южного газового коридора Европейский Союз и Турция пытаются снизить свою газовую зависимость от России. Сосредоточение внимания Турции на Иране и Азербайджане как на альтернативе российскому природному газу беспокоит Москву и, следовательно, увеличивает ее ожидания от газопровода «Турецкий поток».

27 января 2020 года газопровод «Турецкий поток» осуществил первую поставку природного газа в объеме 1 млрд м3, 54% которого было поставлено на рынок природного газа Турции и 46% - на турецко-болгарскую границу [TurkStream, 2020]. В настоящее время Газпром поставляет природный газ в Сербию и Боснию и Герцеговину через производственную линию «Турецкого потока», а после завершения строительства трубопровода в Венгрии в последнем квартале 2021 года ожидается, что вторая линия будет введена в эксплуатацию. Тот факт, что Турция самостоятельно временно прекратила подачу природного газа для обслуживания трубопроводов, показывает значимость Турции в этом проекте.

В результате проект «Турецкий поток» укрепляет центральное положение Турции на энергетических рынках региона и укрепляет преимущественное положение влиятельной страны в международной энергетической политике в качестве моста между Россией и Европой. Для

үшінші ірі табиғи газ тұтынушысы болып отыр. Түркияның табиғи газ импортының жалпы көлеміне көз жүгіртсек, Ресей 15,196 миллион текшеметр, Әзірбайжан 9,585 миллион текшеметр және Иран 7,736 миллион текшеметр болып, алғашқы үш орынды иелейді. Шетелдік энергияға тәуелді Түркия баламалы құбырларға жүгіну арқылы Ресейдің үлесін азайтуды сәтті жалғастыруда. Осы бағытта 2018 жылы 30 маусымда Әзербайжанның Шах-Дениз-2 кен орнынан Транс Анадолы табиғи газ құбыры (TANAP) арқылы Түркияға табиғи газ тасымалдауының басталуы маңызды рөл атқарды. TANAP құбыры арқылы 2018 жылдың 30 маусымынан 2019 жылдың 28 ақпанына дейін шамамен 1,25 миллиард текшеметр газ тасымалданды. Бұл көрсеткіш 2019 жылдың соңына қарай 3,7 миллиард текшеметрге жетті. 2020 жылдың аяғында TANAP арқылы Түркияға жеткізілген табиғи газдың жалпы көлемі 8,4 миллиард текшеметрге жетті [SOCAR, 2020; 2021]. TANAP және Оңтүстік газ дәлізі жобасы аясында ЕО мен Түркия табиғи газдың Ресейге тәуелділігін төмендетуге тырысуда. Ресейдің табиғи газына балама іздеу үшін Түркияның Иран мен Әзірбайжанға бағытталуы Мәскеуді алаңдатады, сондықтан «Түрік ағыны» табиғи газ құбырынан зор үміт күтуде.

2020 жылдың 27 қаңтарында «Түрік ағыны» арқылы алғашқы бір миллиард текшеметр табиғи газ тасымалданып, оның 54%-ы түрік табиғи газ нарығына және 46%-ы Түрік-Болгар шекарасына жеткізілді [TurkStream, 2020]. Қазіргі уақытта Газпром ағымдағы «Түрік ағыны» желісімен Сербия мен Босния-Герцеговинаға табиғи газ жеткізуде, ал екінші желісі 2021 жылдың соңғы тоқсанында Мажарстандағы құбыр құрылысы аяқталғаннан кейін іске қосылады деп күтілуде. Түркияда құбырларға техникалық қызмет көрсету үшін табиғи газ ағынын уақытша

России важен скорейший запуск проекта «Турецкий поток» в условиях обеспечения поставок природного газа в Турцию и Европу в обход Украины.

**Источники:**

Газпром (2019). Квартальный отчет. Доступен по адресу: http://www.gazprom.ru/f/posts/77/885487/gazprom-emitent-report-1q-2019.pdf. Дата обращения: 10.05.2019.

Газпром (2021). Проекты. Доступен по адресу: http://www.gazprom.ru/projects/turk-stream/. Дата обращения: 25.03.2021.

Eadaily (2018). Газпром отдаст Анкаре 1 млрд за Турецкий Поток или за рынок Турции? Доступен по адресу: https://eadaily.com/ru/news/2018/05/28/gazprom-otdast-ankare-1-mlrd-za-tureckiy-potok-ili-za-rynok-turcii. Дата обращения: 28.03.2021.

Eadaily (2019). Турция может оставит Турецкий поток на четверть пустым. Доступен по адресу: https://eadaily.com/ru/news/2019/04/09/turciya-mozhet-ostavit-tureckiy-potok-na-chetvert-pustym. Дата обращения: 28.03.2021.

Ильтер, Эмель и Кынык, Хулия (2017). Энергетический баланс Турции: Трансанатолийский газопровод и Турецкий поток. Доступен по адресу: https://dergipark.org.tr/tr/download/article-file/261292. Дата обращения: 24.04.2021.

Комитет по регулированию энергетического рынка (2019). Комитет по регулированию энергетисеского рынка, рынок природного газа, годовой отчет за 2018 год. Доступен по адресу: https://www.epdk.org.tr/Detay/Icerik/3-0-94/yillik-sektor-raporu. Дата обращения: 26.03.2021.

Министерство энергетики и природных ресурсов Турции (2021). Газопроводы и проекты. Доступен по адресу: https://www.enerji.gov.tr/tr-TR/Sayfalar/Dogal-Gaz-Boru-Hatlari-ve-Projleri. Дата обращения: 27.03.2021.

SOCAR (2021). Проект Турции и Азербайджана TANAP, доставил газ Шахдениза в Европу. Доступен по адресу: http://www.socar.com.tr/kurumsal-iletisim/haberler/2021-haberler//2021/01/14/tanap-sahdeniz-gazini-avrupa-ya-ulastirdi. Дата обращения: 11.04.2021.

TurkStream (2020). Новости. Доступен по адресу: https://turkstream.info/press/news/2020/214/. Дата обращения: 25.04.2021.

TurkStream (2021). Документы. Доступен по адресу: http://turkstream.info/documents/. Дата обращения: 24.03.2021.

TurkStream (2021). О проекте. Доступен по адресу: http://turkstream.info/tr/project/. Дата обращения: 24.03.2021.

тоқтатылуы, Түркияның осы жобадағы маңыздылығын көрсетеді.

Қорытып айтқанда, «Түрік ағыны» жобасы Түркияның аймақтағы энергетик нарықтарындағы орталық позициясын нығайтумен қатар, Ресей мен Еуропа арасындағы табиғи газ тасымалында бірегей көпір ретінде халықаралық энергетикалық саясатта өз пікірін білдіретін ел болуын қамтамасыз етуде. Ал, Ресей үшін «Түрік ағыны» жобасының жедел іске қосылу, Түркия мен Еуропаға табиғи газ жеткізуді аталмыш жоба арқылы қамтамасыз етіп, Украинаны тыс қалтыру тұрғысынан маңызды болып отыр.

**Дереккөз:**

Газпром (2019). Маусымдық есеп. Сілтеме: http://www.gazprom.ru/f/posts/77/885487/gazprom-emitent-report-1q-2019.pdf. Қаралған уақыты: 10.05.2019.

Газпром (2021). Жобалар. Сілтеме: http://www.gazprom.ru/projects/turk-stream/. Қаралған уақыты: 25.03.2021.

Eadaily (2018). Газпром Түрік ағыны үшін Анкараға 1 миллиард доллар төлей ме? Немесе түрік нарығы үшін бе? Сілтеме: https://eadaily.com/ru/news/2018/05/28/gazprom-otdast-ankare-1-mlrd-za-tureckiy-potok-ili-za-rynok-turcii. Қаралған уақыты: 28.03.2021.

Eadaily (2019). Түркия түрік ағыны ширек қуатқа дейін төмендетуі мүмкін. Сілтеме: https://eadaily.com/ru/news/2019/04/09/turciya-mozhet-ostavit-tureckiy-potok-na-chetvert-pustym. Қаралған уақыты: 28.03.2021.

Ильтер, Эмель және Кынык, Хулия (2017). Түркияның энергетикалық теңдеуі: Транс Анадолы табиғи газ құбыры және түрік ағыны. Сілтеме: https://dergipark.org.tr/tr/download/article-file/261292. Қаралған уақыты: 24.04.2021.

SOCAR (2021). Түркия мен Әзірбайжанның TANAP жобасы Шахдениз газын Еуропаға жеткізді. Сілтеме: http://www.socar.com.tr/kurumsal-iletisim/haberler/2021-haberler//2021/01/14/tanap-sahdeniz-gazini-avrupa-ya-ulastirdi. Қаралған уақыты: 11.04.2021.

TurkStream (2020). News. Сілтеме: https://turkstream.info/press/news/2020/214/. Қаралған уақыты: 25.04.2021.

TurkStream (2021). Құжаттар. Сілтеме: http://turkstream.info/documents/. Қаралған уақыты: 24.03.2021.

TurkStream (2021). Жоба жайында. Сілтеме: http://turkstream.info/tr/project/. Қаралған уақыты: 24.03.2021.

Түркияның Энергетика және табиғи ресурстар министрлігі (2021). Табиғи газ құбырлары және жобалары. Сілтеме: https://www.enerji.gov.tr/tr-TR/Sayfalar/Dogal-Gaz-Boru-Hatlari-ve-Projeleri. Қаралған уақыты: 27.03.2021.

Энергия нарығын реттеу органы (2019). Энергия нарығын реттеу органы, 2018 жылғы табиғи газ саласы туралы есеп. Сілтеме: https://www.epdk.org.tr/Detay/Icerik/3-0-94/yillik-sektor-raporu. Қаралған уақыты: 26.03.2021.

# МЕЖДУНАРОДНАЯ ЯДЕРНАЯ ПОЛИТИКА: ПОЧЕМУ СТРАНЫ ХОТЯТ ИМЕТЬ ЯДЕРНОЕ ОРУЖИЕ?

# ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЯДРОЛЫҚ САЯСАТ: ЕЛДЕР НЕГЕ ЯДРОЛЫҚ ҚАРУҒА ИЕ БОЛҒЫСЫ КЕЛЕДІ?

*Жулдыз Канапиянова**

Любое оружие, которое вызывает взрыв вследствие высвобождения энергии в результате химической реакции атомных ядер посредством деления, синтеза или их смешения, обычно называют ядерным оружием. Первое применение ядерного оружия в международных отношениях было осуществлено Соединенными Штатами Америки (США) против Японии 6 и 9 августа 1945 года [Канапиянова, 2012].

В мире есть восемь суверенных государств, успешно испытавших ядерное оружие. Пять из них признаны «ядерными державами» в соответствии с Договором о нераспространении ядерного оружия (ДНЯО) [Инициатива по ядерной угрозе, 2020]. Исторически порядок приобретения ядерного оружия следующий: США, Россия (правопреемница Советского Союза), Великобритания, Франция и Китай. Вслед за США 29 августа 1949 года Советский Союз испытал 20-килотонную бомбу под названием «Джо-1» в Семипалатинской области Казахстана. Великобритания взорвала свое первое ядерное оружие из плутония в 1952 году на островах Монте-Белло (в ста двадцати километрах от северо-запада Австралии). Франция, четвертая по величине ядерная держава, провела испытания своего ядерного оружия 13 февраля 1960 года. Китай, получавший помощь от Европы и особенно Советского Союза, испытал урановое ядерное оружие в 1964 году. Таким образом, государства, которые проводят последовательные испытания ядерного оружия, согласно ДНЯО, счита-

Атом ядросының бөлінуі, бірігуі немесе екеуінің қоспасы арқылы химиялық реакциясы нәтижесінде жарылыс жасайтын қаруды ядролық қару деп атауға болады. Ядролық қаруды халықаралық қатынастарда бірінші рет Америка құрама штаттары (АҚШ) Жапонияға қарсы 1945 жылы 6 және 9 тамызда қолданды [Қанапиянова, 2012].

Әлемде ядролық қаруды сынақтан өткізген сегіз егемен мемлекет бар. Олардың бесеуі Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа (ЯҚТШ) сәйкес «ядролық қарулы мемлекеттер» деп танылды [Ядролық қауіп бастамасы, 2020]. Хронологиялық тұрғыдан алғанда аталмыш елдердің ядролық қаруға ие болу жағдайы келесідей: АҚШ, Ресей (Кеңес Одағының мұрагері), Англия, Франция және Қытай. АҚШ-тан кейін 1949 жылы 29 тамызда Кеңес одағы Қазақстанның Семей облысында «Джо 1» атты жиырма килотондық бомбаны сынақтан өткізді. Ұлыбритания 1952 жылы Монте-Белло аралдарында (Австралиядан солтүстік-батысқа қарай жүз жиырма шақырым) алғашқы плутонийдан жасалған ядролық қаруын жарды. Төртінші ядролық держава Франция өзінің ядролық қаруын 1960 жылы 13 ақпанда сынаған болса, Еуропа және әсіресе Кеңес одағынан техникалық көмек алған Қытай 1964 жылы ураннан жасалған алғашқы ядролық қаруын сынап көрді. Осылайша, ядролық қарудың кезекті сынақтарын жүргізген бұл мемлекеттерді ЯҚТШ

* доктор, Евразийский научно-исследовательский институт, Казахстан.
juldyz777@hotmail.com

ются государствами, получившими статус «ядерной державы».

ДНЯО стал доступен для подписания в целях предотвращения распространения ядерного оружия 1 июля 1968 года и был подписан большинством суверенных государств. Он вступил в силу 5 марта 1970 года. Каждое государство, подписавшее договор, подписав «Соглашение об аудите безопасности» с Международным агентством по атомной энергии (МАГАТЭ), должно согласиться с введением мер безопасности [Международное агентство по атомной энергии, б.д.]. В условиях ДНЯО, помимо признания преимуществ использования ядерной технологии в мирных целях для человечества, предусмотрена необходимость ограничения ее использования в немирных целях, поскольку та же технология может также применяться в производстве ядерного оружия. В этом контексте в новом режиме было обозначено различие между «государствами, обладающими ядерным оружием» (США, Советский Союз, Великобритания, Франция и Китайская Народная Республика) и «государствами без ядерного оружия». Согласно этому постановлению, страны, которые разработали управляемую цепную ядерную реакцию и взорвали ядерный механизм до появления этого договора, не отказываются от своих мощностей.

Прежде всего, Индия охарактеризовала эту структуру договора как дискриминацию и заявила, что она не может стать стороной договора. После этого объявления Индия провела первое испытание ядерного оружия в 1974 году. Пакистан, у которого есть проблемы с безопасностью в отношениях с Индией, сделал такое же заявление и провел свое первое испытание ядерного оружия в 1998 году. Поскольку эти две страны не являются участниками ДНЯО, они не имеют статуса «государства с ядерным оружием» и признаны «государствами де-факто с ядерным оружием» или «государствами, стремящимися стать ядерными держа-

«ядролық күш» мәртебесін алған мемлекеттер ретінде санайды.

Ядролық қарудың көбеюіне жол бермеу үшін ЯҚТШ 1968 жылдың 1 шілдесінде қол қоюға ашылып, оған егемен мемлекеттердің көпшілігі қол қойды және аталмыш шарт 1970 жылы 5 наурызда күшіне енді. Қол қойған барлық мемлекет Халықаралық атом энергиясы агенттігімен (МАГАТЭ) «Қауіпсіздік аудиті туралы келісімге» қол қою арқылы қауіпсіздік бақылауын жүзеге асыруға келісуі керек [Халықаралық атом энергиясы агенттігі, т.ж.]. ЯҚТШ, бейбіт мақсатта қолданылатын ядролық технологияның артықшылықтарын қабылдаумен қатар, дәл сол технологияны ядролық қару өндірісінде қолдануға болатындықтан, оны бейбіт мақсаттан басқа қолдану жолдарын шектеу қажеттілігін қабылдайды. Осы мақсатта жаңа қорғау режимінде «ядролық қаруға ие мемлекеттер» (АҚШ, Кеңес Одағы, Ұлыбритания, Франция және Қытай) мен «ядролық қаруға ие емес мемлекеттер» арасында айырмашылық жасалды. Осы шартқа сәйкес, келісімнің пайда болуына дейін ядролық тізбектің реакциясын дамытқан және ядролық механизмді іске қосқан елдер өз мүмкіндіктерінен бас тартпайтын болады.

Ең алдымен, Үндістан шарт құрылымындағы осы әртүрлі реттеулерді дискриминация ретінде анықтап, келісімге қатысушы бола алмайтынын мәлімдеді. Осы оппозициялық ұстанымынан кейін Үндістан 1974 жылы алғашқы ядролық қару сынағын өткізді. Үндістанмен қауіпсіздік мәселесі болған Пәкістан дәл осындай мәлімдеме жасап, 1998 жылы алғашқы ядролық қару сынағын өткізді. Бұл екі ел ЯҚТШ-қа қатысушы болмағандықтан, «ядролық қаруға ие мемлекет» мәртебесіне ие емес, «ядролық қаруға ие іс жүзіндегі мемлекет» немесе «ядролық державаға айналу жолындағы мемлекет» ретінде қабылданады. Ядролық шартқа қатыспайтын тағы бір

вами». Еще одна страна, не являющаяся участницей ДНЯО, - Израиль. Утверждается, что у Израиля около 200 наименований ядерного оружия. Израиль предпочитает проводить политику молчания, не принимая и не отрицая эти утверждения [Канапиянова, 2012].

Северная Корея, которая начала разработку ядерного оружия с целью защиты от Японии и США со своей психологией небольшого государства, получила значительную поддержку со стороны Советского Союза и Китая в этих усилиях. Известно, что по состоянию на начало 2004 года у Северной Кореи, у которой, как считается, достаточно плутония для создания как минимум двух ядерных боеголовок, есть баллистические ракеты, способные доставить эти боеголовки на расстояние до 1,350 км. Руководство Северной Кореи объявило о выходе из ДНЯО решением, принятым 10 января 2003 г., и страна была исключена из ДНЯО с 10 апреля 2003 г., и это первая страна, принявшая такое решение за всю историю действия Договора [Смит, 2016]. По состоянию на февраль 2004 года невозможно точно определить, на каком этапе находится Северная Корея в своей программе создания ядерного оружия, поскольку инспекторы МАГАТЭ покинули страну, а контрольные устройства, установленные на объектах, были удалены.

Еще одна страна, которая претендует на статус государства, которое обладает ядерным оружием или достаточным количеством материалов для производства ядерного оружия, — это Иран. Следует помнить, что Иран подписал ДНЯО 1 июля 1968 года в день его открытия для подписания и ратифицировал этот договор 2 февраля 1970 года. Затем Иран подписал Дополнительный протокол, разрешающий немедленные инспекции, в 2003 году, ратифицировал его в 2016 году, но приостановил действие протокола в 2021 году, поскольку администрация Тегерана

мемлекет - Израиль. Израильдің 200-ге жуық ядролық қаруға ие болғаны болжануда. Израиль бұл айыптауларға ешқандай жауап қатпастан үнсіздік саясатын ұстанғанды жөн көреді [Канапиянова, 2012].

Шағын мемлекеттік психологиясымен Жапония мен АҚШ-тан қорғану идеясымен ядролық қару жасай бастаған Солтүстік Корея бұл әрекеттерінде Кеңес одағы мен Қытайдан айтарлықтай қолдау алды. 2004 жылдың басынан бері кем дегенде екі ядролық оқтұмсық жасауға жеткілікті плутонийға ие Солтүстік Кореяда бұл оқтұмсықты 1,350 шақырым қашықтыққа жібере алатын баллистикалық зымырандары бар екені белгілі. Солтүстік Корея әкімшілігі 2003 жылғы 10 қаңтарда қабылданған шешіммен ЯҚТШ-тан шығатынын жариялағаннан кейін, 2003 жылы 10 сәуірден бастап ЯҚТШ-тан шығарылды. Солтүстік Корея - шарт күшіне енгеннен бері осындай шешім қабылдаған алғашқы мемлекет [Смит, 2016]. МАГАТЭ инспекторлары елден кетіп, нысандарға орнатылған бақылау құрылғылары алынып тасталғандықтан, 2004 жылдың ақпан айынан бастап Солтүстік Кореяның ядролық қару-жарақ бағдарламасы қай кезеңде екенін нақты айту мүмкін емес.

Ядролық қаруға ие немесе ядролық қару өндіруге жеткілікті материалға ие ретінде саналатын тағы бір мемлекет - Иран. Иран ЯҚТШ-ға 1968 жылы 1 шілдеде, яғни ашылған күні қол қойып, аталмыш шартты 1970 жылы 2 ақпанда ратификациялағанын айта кеткен жөн. Содан кейін Иран 2003 жылы жедел тексерулер жүргізуге мүмкіндік беретін Қосымша хаттамаға қол қойып, оны 2016 жылы ратификациялады, бірақ Тегеран әкімшілігінің банктік қатынастар мен мұнай экспортын қалыпқа келтіру үшін шаралар қолданбағандықтан 2021 жылы хаттаманы тоқтатты [Анадолу агенттігі, 2021]. Тегеран

не предприняла шагов по нормализации банковских отношений и экспорта нефти [Агентство анадолу, 2021]. Хотя ядерная программа Ирана неоднократно объявлялась правительством Тегерана мирной, Запад утверждает, что она была разработана для производства ядерного оружия. По этой причине в течение многих лет продолжают применяться санкции Запада против иранского правительства.

Так почему же эти страны стремятся иметь ядерное оружие с 1945 года? Желание государств обладать ядерным оружием исследовалось в свете различных теорий, моделей и концепций. Теоретически желание государств иметь ядерное оружие обобщено как теория выживания государства, теория национального престижа и статус великой державы [Смит, 2016]. Скотт Д. Саган и Джозеф Чиринконе представили свои модели, такие как модель безопасности, модель внутренней политики и модель нормы, а также модели безопасности, внутренней политики, технологий и экономики, соответственно [Саган, 1996-1997; Циринконе, 2007 ].

В 1945 году, когда США применили свое первое ядерное оружие против Японии, ускорение Советским Союзом ядерных исследований и проведение своих первых испытаний в 1952 году можно объяснить теорией выживания. Это также может быть определено моделью безопасности Сагана и Чиринконе. Согласно «модели безопасности» Сагана, государства хотят приобретать это оружие, чтобы повысить свою национальную безопасность на фоне внешних, особенно ядерных, угроз. Согласно определению Чиринконе, государства хотят приобрести ядерное оружие для обеспечения собственной безопасности. Позже желание Великобритании, Франции и Китая иметь ядерное оружие могло быть связано с их желанием завоевать престиж великой державы и выжить из соображений безопасности. Модель

үкіметі бірнеше рет Иранның ядролық бағдарламасын бейбіт екенін жариялағанымен, оны Батыс ядролық қару шығару үшін жасағанын болжауда. Осы себепті Батыстың Иран үкіметіне қарсы санкциялары көптеген жылдар бойы қолданылып келеді.

Сонымен, неге бұл елдер 1945 жылдан бастап ядролық қаруға ие болғысы келеді? Мемлекеттердің ядролық қаруға ие болу тілектері әртүрлі теориялар, модельдер мен тұжырымдамалар тұрғысынан зерттелді. Теориялық тұрғыдан мемлекеттердің ядролық қаруға ие болуға деген ұмтылысы мемлекеттің өмірде қалу теориясы, ұлттық бедел теориясы және ұлы күш мәртебесі сияқты тәсілдер шеңберінде зерттеуге болады [Смит, 2016]. Скотт Д. Сага мен Джозеф Циринконе «қауіпсіздік моделі», «ішкі саясат моделі» және «норма моделі» және «қауіпсіздік», «ішкі саясат», «технология» және «экономикалық» модельдер сияқты кейбір модельдерді ұсынды [Саган, 1996-1997; Циринконе, 2007].

1945 жылы АҚШ Жапонияға қарсы алғашқы ядролық қаруды қолданған кезде, 1952 жылы Кеңес одағының ядролық жұмысын жеделдетіп, алғашқы сынақтарын өмірде қалу теориясымен түсіндіруге болады. Мұны Саган мен Циринконенің қауіпсіздік моделімен де сипаттауға болады. Саганның қауіпсіздік моделіне сәйкес мемлекеттер сыртқы қауіп-қатерлерге, әсіресе ядролық қауіп-қатерлерге қарсы ұлттық қауіпсіздігін арттыру үшін осы қаруға ие болғысы келеді. Циринконенің тәсілі бойынша мемлекеттер өздерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ядролық қаруға ие болуды қалайды. Кейінірек Ұлыбритания, Франция және Қытайдың ядролық қаруға ие болуға деген ұмтылысы, олардың ұлы держава ретінде беделге ие болу және қауіпсіздік мәселелеріне байланысты өмірде қалу теориясына қатысты. «Пре-

«престиж» подчеркивает символическую ценность ядерного оружия. Согласно этой модели, государства, у которых есть это оружие, видят в нем предварительное условие для того, чтобы стать великой державой [Циринконе, 2007]. Обладание ядерным оружием стало предметом престижа для других государств, которые хотят получить статус великой державы после испытаний ядерного оружия США и Советским Союзом в качестве великих держав биполярной системы.

В то время как желание Индии разработать ядерное оружие можно объяснить теорией выживания, связанной с проблемами угрозы безопасности со стороны Китая, готовность Пакистана к ядерному оружию связана с проблемой угрозы безопасности, исходящей из Индии. На этом этапе мы можем объяснить желание разработать и приобрести ядерное оружие технологической моделью. Согласно технологической модели, если у государства есть технология для производства ядерного оружия, большинство лидеров государства не могут устоять перед соблазном обладания таким научным достижением [Циринконе, 2007]. Поскольку три страны, упомянутые выше, постоянно развиваются в области технологий, для них естественно желание объявить о своих достижениях во всех видах технологий.

Хотя стремление Израиля к ядерному оружию связано с соображениями безопасности, связанными с арабо-израильской войной, оно также соответствует модели нормы. Согласно «модели нормы», государства пытаются приобрести это оружие, потому что они видят в нем символ современности и идентичности государства [Саган, 1996-1997]. В то время как пример Северной Кореи свидетельствует о попытках завоевания национального престижа и желания владеть ядерным оружием, на переднем крае остаются проблемы безопасности. В то же время можно отметить внутриполитическую модель. Согласно «модели вну-

стиж» моделі ядролық қарудың символдық құндылығын көрсетеді. Яғни, осы қаруға ие мемлекеттер оны ұлы держава болудың алғышарты ретінде қарастырады [Циринконе, 2007]. Биполярлық жүйенің ұлы державалары ретінде АҚШ пен Кеңес одағының ядролық қаруы сыналғаннан кейін үлкен державалық мәртебеге ие болғысы келетін басқа мемлекеттер үшін ядролық қарудың болуы бедел мәселесіне айналды.

Үндістанның ядролық қару жасауға ұмтылысын Қытайдан келген қауіпсіздік мәселелерімен байланысты өмірде қалу теориясымен түсіндіруге болады, ал Пәкістанның ядролық қаруға ие болу ынтасы Үндістанға байланысты қауіпсіздік мәселесімен байланысты. Ядролық қаруды жасауға және сатып алуға деген ұмтылысты технологиялық модельмен түсіндіруге болады. Технологиялық модельге сәйкес, егер мемлекет ядролық қару өндіретін технологияға ие болса, көптеген басшылар мұндай ғылыми жетістікке жету ынтасына қарсы тұра алмайды [Циринконе, 2007]. Жоғарыда аталған осы үш мемлекет технология саласында үнемі дамып келе жатқандықтан, олардың технологияның барлық түрлеріндегі жетістіктерін жариялауын қалауы заңды.

Израильдің ядролық қаруға деген ұмтылысы араб-израиль соғысының қауіпсіздік себептерімен байланысты болғанымен, оны норма үлгісінде қарастыруға болады. Норма модельге сәйкес, мемлекеттер бұл қару-жарақты сатып алуға тырысады, өйткені олар оны мемлекеттің заманауи және өзіндік белгілері ретінде қарастырады [Саган, 1996-1997]. Солтүстік Корея мысалында ұлттық беделге ие болу ядролық қаруға ие болуға деген ұмтылыстың артында тұрса да, қауіпсіздік мәселесі алдыңғы қатарда тұрады. Сонымен қатар ішкі саясат моделінің әсер еткенін айтуға болады. Ішкі саясат моделі бой-

тренней политики», государства используют мощь ядерного оружия как инструмент защиты местных и бюрократических интересов [Саган, 1996-1997]. Хотя весь мир, особенно Запад, не хочет, чтобы у Ирана было ядерное оружие по соображениям безопасности, возможность наличия у Ирана ядерного оружия также проистекает из соображений безопасности. Потому что Иран, который в силу своего местоположения находится в центре зоны конфликта на Ближнем Востоке, также стремится защитить собственные национальные интересы и безопасность, как и другие государства.

Как видно из вышесказанного, гонка ядерных вооружений, начавшаяся в США в 1945 году, продолжается и сегодня, учитывая возможность появления у Ирана ядерного оружия. В ходе исследования было определено, что, хотя желание государств обладать ядерным оружием было изучено с точки зрения различных теорий и моделей, их общей заботой была проблема безопасности, и такие причины, как желание стать великой державой, завоевание престижа, внутренняя политика и технологии также повлияли на это обстоятельство. Выяснилось, что возможно наличие как единственной причины, которая подталкивает государства к обладанию ядерным оружием, так и нескольких причин в зависимости от местоположения, структуры и предполагаемой угрозы безопасности страны.

**Источники:**

Агентство анадолу (2021). Иран приостанавливает действие дополнительного протокола, разрешающего немедленные проверки ядерных объектов. Доступно по адресу: https://www.aa.com.tr/tr/dunya/iran-nukleer-tesislerinde-ani-denetimlere-imkan-veren-ek-protokolu-askiya-aldi/2153798. Дата обращения: 01.07.2021.

Инициатива по ядерной угрозе (2020). Обзор. Доступно по адресу: https://www.nti.org/learn/treaties-and-regimes/treaty-on-the-non-proliferation-of-nuclear-weapons/. Дата обращения: 08.06.2021.

Канапиянова, Жулдыз (2012). Дипломная работа "Глобализация и международная ядерная политика". Эгейский университет.

ынша мемлекеттер ядролық қарудың күшін жергілікті және бюрократиялық мүдделерді қорғау құралы ретінде пайдаланады [Саган, 1996-1997]. Бүкіл әлем, әсіресе Батыс, қауіпсіздік мақсатында Иранның ядролық қаруға ие болғанын қаламайды, ал Иранның ядролық қаруға ие болу мүмкіндігі қауіпсіздік мәселелерінен туындайды. Өзінің орналасқан жеріне байланысты Таяу шығыс сияқты қақтығыс аймағында орналасқан Иран басқа мемлекеттер сияқты өзінің ұлттық мүдделері мен қауіпсіздігін қорғауды мақсат етеді.

Көріп отырғанымыздай, 1945 жылы АҚШ-тан басталған ядролық қару жарысы бүгін Иранның ядролық қаруына ие болу мүмкіндігімен жалғасуда. Зерттеу барысында мемлекеттердің ядролық қаруға ие болуға деген ұмтылысы әртүрлі теориялар мен модельдер тұрғысынан қарастырылған кезде, олардың ортақ мәселесінің қауіпсіздік мәселесі екендігі анықталып, сонымен қатар ұлы державаға айналуға деген ұмтылыс, беделге ие болу, ішкі саясат пен технологиялар сияқты себептер де әсер етеді. Осы тұрғыда, мемлекеттерді ядролық қаруға итермелейтін жалғыз себеп болуымен қатар, сонымен бірге ол елдің орналасқан жеріне, құрылымына және қабылданатын қауіп-қатеріне байланысты бірнеше себептерді қамтуы мүмкін екендігі белгілі болды.

**Дереккөз:**

Анадолу агенттігі (2021). Иран ядролық нысандарды дереу тексеруге рұқсат беретін қосымша хаттаманы тоқтатты. Сілтеме: https://www.aa.com.tr/tr/dunya/iran-nukleer-tesislerinde-ani-denetimlere-imkan-veren-ek-protokolu-askiya-aldi/2153798. Қаралған уақыты: 01.07.2021.

Қанапиянова, Жулдыз (2012). Дипломдық жұмыс "Жаһандану және халықырылық ядролық саясат". Эге университеті.

Саган, Скотт (1996-1997). Неліктен мемлекеттер ядролық қару жасайды?: Бомба іздеудегі үш модель. International Security, 21, (3), бб. 54-86.

Смит, Дэвид (2016). Ядролық қаруды тарату теориялары: мемлекеттер неліктен ядролық қаруға

Международное агентство по атомной энергии (б.д.). Предпосылка. Доступно по адресу: https://www.iaea.org/publications/documents/treaties/npt. Дата обращения: 08.06.2021.

Саган, Скотт (1996). Почему государства создают ядерное оружие?: три модели в поисках бомбы. International Security, 21, (3). сс. 54-86.

Смит, Дэвид (2016). Теории ядерного распространения: почему государства стремятся к ядерному оружию? Доступно по: http://www.inquiriesjournal.com/articles/1434/theories-of-nuclear-proliferation-why-do-states-seek-nuclear-weapons. Дата обращения: 08.06.2021.

Циринконе, Джозеф (2007). Бомбардировка: история и будущее ядерного оружия, Нью Йорк: Издательство Колумбийского университета.

ұмтылады? Сілтеме: http://www.inquiriesjournal.com/articles/1434/theories-of-nuclear-proliferation-why-do-states-seek-nuclear-weapons. Қаралған уақыты: 08.06.2021.

Халықаралық атом энергиясы агенттігі (т.ж.). Жалпы мәлімет. Сілтеме: https://www.iaea.org/publications/documents/treaties/npt. Қаралған уақыты: 08.06.2021.

Циринконе, Джозеф (2007). Бомба қорқынышы: ядролық қарудың тарихы мен болашағы, Нью-Йорк: Колумбия университетінің баспасы.

Ядролық қауіп бастамасы (2020). Шолу. Сілтеме: https://www.nti.org/learn/treaties-and-regimes/treaty-on-the-non-proliferation-of-nuclear-weapons/. Қаралған уақыты: 08.06.2021.

# ВЫВОД ТУРКМЕНСКОГО ГАЗА НА ЕВРОПЕЙСКИЙ РЫНОК: ТРАНСКАСПИЙСКИЙ ГАЗОПРОВОД
# ТҮРКІМЕН ГАЗЫН ЕУРОПА НАРЫҒЫНА ШЫҒАРУ: ТРАНСКАСПИЙ ТАБИҒИ ГАЗ ҚҰБЫРЫ

*Жулдыз Канапиянова**

Согласно Статистическому обзору British Petroleum (BP), Туркменистан является четвертым по величине гигантом природного газа в мире с доказанными запасами природного газа в 19,5 трлн кубометров после России (38 трлн кубометров), Ирана (32 трлн кубометров) и Катара. (24,7 трлн кубометров). Таким образом, на Туркменистан приходится 9,8% мировых доказанных запасов природного газа [British Petroleum, 2019]. Благодаря своему географическому положению Туркменистан экспортирует свои богатые запасы природного газа в Россию по трубопроводам, построенным в советский период, в Иран для удовлетворения потребностей северной части Ирана и в Китай, который нуждается в энергии.

Как известно, Россия является важным покупателем туркменского природного газа с 1991 года и реэкспортирует этот природный газ, закупленный по низкой цене, в Европу. Поставки природного газа между Россией и Туркменистаном были консолидированы в 2003 году 25-летним контрактом, который предусматривает передачу природного газа с 5 млрд кубометров в год на первом этапе до 70-80 млрд кубометров в год в Россию [Газпром, 2003]. Но взрыв в трубопроводе природного газа, по которому туркменский газ поставлялся в Россию в 2009 году, газовый конфликт между Россией и Украиной и сокращение поставок газа в страны Западной Европы заставили Россию прекратить импорт газа из Туркменистана в 2009 году. Россия возобновила импорт газа из Туркмениста-

British Petroleum (BP) мәліметтеріне сәйкес, Түркіменстан табиғи газдың дәлелденген қоры бойынша 19,5 триллион текше метрмен Ресейден (38 триллион текше метр), Ираннан (32 триллион текше метр) және Катардан (24,7 триллион текше метр) кейін төртінші орында. Осылайша, Түркіменстан әлемдегі дәлелденген табиғи газ қорының 9,8%-на ие [British Petroleum, 2019]. Географиялық орналасуына байланысты ол бай табиғи газ қорын Кеңес өкіметі кезінде салынған құбырлар арқылы Ресейге, Иранның солтүстік бөлігінің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін Иранға және энергияға мұқтаж Қытайға экспорттайды.

Ресей 1991 жылдан бері түркімен табиғи газының маңызды сатып алушысы болып табылады және төмен бағамен сатып алған бұл табиғи газды Еуропаға экспорттайды. Ресей мен Түркіменстан арасындағы табиғи газды тасымалдау 2003 жылы Ресейге табиғи газды бірінші кезеңде жылына 5 миллиард текше метрден, содан кейін жылына 70-80 миллиард текше метрге дейін жеткізуді көздейтін 25 жылға жасалған келісімшартпен бекітілген болатын [Газпром, 2003]. Алайда, 2009 жылы түркімен газын Ресейге жеткізетін табиғи газ құбырындағы жарылыс, Ресей-Украина газ қақтығысы және Батыс Еуропа елдеріне газ берудің төмендеуі Ресейдің 2009 жылы Түркіменстаннан газ импорттауын тоқтатуына себеп болды. Ресей 2010 жылы Түркіменстаннан газ импорттауды қайта бастады, бірақ баға

* доктор, Евразийский научно-исследовательский институт, Казахстан.
juldyz777@hotmail.com

на в 2010 году, но из-за споров о ценах экспорт туркменского газа в Россию упал до нуля в 2016 г. [Гюнгор, 2020]. После трехлетнего перерыва было решено возобновить торговлю природным газом между Туркменистаном и Россией в 2019 году, и в последующие годы поток газа с небольшими закупками продолжил расти. В первом квартале 2021 года экспорт газа из Туркменистана почти удвоился до 2,2 млрд кубометров с 1,3 млрд кубометров годом ранее. Исходя из расчетов и с учетом сезонных колебаний, можно прогнозировать, что к концу 2021 года объем поставок газа из Туркменистана в Россию превысит 8,8 млрд кубометров [Кадирова, 2021]. Учитывая, что закупка природного газа между двумя странами ранее осуществлялась в диапазоне 40-50 млрд кубометров, очевидно, что нынешняя сумма не является той цифрой, которая удовлетворила бы Туркменистан.

В то время как транспортировка природного газа в Россию осуществлялась по газопроводу Средняя Азия-Центральный газопровод с годовой мощностью 45 млрд кубометров, транспортировка природного газа в Иран осуществляется по трубопроводу Корпедже-Курткую с годовой мощностью 8 млрд кубометров, газопровод Даулетабад-Сарахс-Хангиран с годовой мощностью 12,5 млрд кубометров, построенный в 2010 году. Две ветки газопровода Центральная Азия-Китай, идущие в Китай, начинаются из Туркменистана, а остальные ветки проходят через Узбекистан и Казахстан. Хотя общая годовая пропускная способность трубопровода составляет 55 млрд кубометров, общая годовая мощность двух линий, запущенных в Туркменистане, составляет 40 млрд кубометров. Кроме того, ожидается увеличение пропускной способности газопровода за счет добавления к этому газопроводу природного газа еще одной ветки с годовой пропускной способностью 25 млрд кубометров [Вегенжов, 2018].

дауларына байланысты Түрікменстанның Ресейге газ экспорты 2016 жылы нөлге дейін төмендеді [Гюнгор, 2020]. Үш жылдан кейін 2019 жылы Түркіменстан мен Ресей арасындағы табиғи газ саудасын қайта бастау туралы шешім қабылданып, шағын сатып алудан басталған газ ағыны келесі жылдары да ұлғая берді. 2021 жылдың бірінші тоқсанында Түркіменстаннан газ экспорты бір жыл бұрынғы 1,3 миллиард текше метрден екі есе көп болып, 2,2 миллиард текше метрге жетті. Есептеулер негізінде және маусымдық ауытқуларды ескере отырып, 2021 жылдың соңына қарай Түркіменстаннан Ресейге газ жеткізу көлемінің 8,8 миллиард текше метрден асатыны болжануда [Кадирова, 2021]. Екі ел арасындағы табиғи газды сатып алу бұрын 40-50 миллиард текше метр көлемінде жүргізілгенін ескерсек, қазіргі мөлшер Түркіменстанды қанағаттандыратын көрсеткіш емес екені анық.

Түркіменстаннан Ресейге табиғи газды тасымалдау жылдық қуаты 45 миллиард текше метрлік Орталық Азия-Орталық газ құбыры арқылы жүзеге асырылады. Табиғи газды Иранға тасымалдау 1997 жылы салынған жылдық қуаты 8 миллиард текше метрлік Көрпеже-Курткую және 2010 жылы салынған 12,5 миллиард текше метрлік Даулетабад-Сарахс-Хагиран құбырлары арқылы жүзеге асырылады. Қытайға созылатын Орталық Азия-Қытай газ құбырының екі тармағы Түркіменстаннан басталып, қалған тармақтар Өзбекстан мен Қазақстандағы құбырлармен жалғасады. Құбырдың жылдық жалпы қуаты 55 миллиард текше метрді құраса, Түркіменстандағы екі желінің жылдық жалпы қуаты 40 миллиард текше метрді құрайды. Бұдан басқа, бұл табиғи газ құбырына жылдық қуаты 25 миллиард текше метр болатын басқа тармақты қосу арқылы құбырдың өткізу қабілетін арттыру көзделіп отыр [Бегенжов, 2018].

Учитывая тот факт, что Китай покупает туркменский газ по заниженным ценам из-за погашения кредита в 4 млрд долларов, предоставленного Китаем Туркменистану на строительство газопровода в китайском направлении [Asiafinancial.com, 2021], можно сказать, что Газовый сектор Туркменистана не раскрывает свой потенциал в полной мере и не приносит соответствующей прибыли в бюджет страны. Транспортировка природного газа из страны в Иран была остановлена в 2017 году из-за задолженности Тегерана за природный газ [Interfax.ru, 2021].

Правительство Туркменистана, которое испытывает трудности во всех аспектах экспорта природного газа, должно рассмотреть другие способы сотрудничества в области энергетики, чтобы передать свои огромные мощности на мировые рынки и найти альтернативы ограниченным возможностям в экспорте природного газа. В этом контексте были выдвинуты проекты Туркменистан-Афганистан-Пакистан-Индия (ТАПИ) [Канапиянова, 2021], нацеленные на рынок Южной Азии, и Транскаспийский трубопровод (ТКП), нацеленный на европейский рынок. ТКП также известен как «Расширение Южно-Кавказского газопровода в будущем» из-за его соединения с Южнокавказским газопроводом. Предусмотрены два пути подключения ТКП к европейским потребителям. Согласно первому из них, трубопровод может быть добавлен к Южнокавказскому газопроводу (Баку-Тбилиси-Эрзурум), который обеспечивает доступ к Трансанатолийскому газопроводу (TANAP) в Азербайджане и Трансадриатическому газопроводу (TAP) с конечным пунктом назначения в Италии. Второй способ, предполагающий наиболее прямое соединение – это соединение ТКП из Грузии в Румынию с предлагаемым трубопроводом «Белый поток» по дну Черного моря [Катлер, 2021].

Бейжіңнің Түрікменстанға Қытай бағытында табиғи газ құбырын салуға берген 4 миллиард долларлық несиені өтеуге байланысты түрікмен газын төмен бағамен сатып алатынын ескерсек [Asiafinancial.com, 2021], Түрікменстанның газ секторы өзінің әлеуетін толық аша алмағанын және ел бюджетіне қажетті үлес қоспағанын байқауға болады. Сонымен қатар елдің Иранға табиғи газ тасымалдауы Тегеранның табиғи газ қарызына байланысты 2017 жылы тоқтатылған [Interfax.ru, 2021].

Табиғи газ экспортының барлық тармағында қиындықтарға тап болған Түркіменстан үкіметі өзінің үлкен қуатын әлемдік нарықтарға тасымалдау және табиғи газ экспортының шектеулі нұсқаларына балама табу үшін энергетикалық ынтымақтастықтың басқа жолдарын қарастыруы қажет.  Бұл тұрғыда Оңтүстік Азия нарығына бағытталған Түркіменстан-Ауғанстан-Пәкістан-Үндістан (ТАПИ) [Қанапиянова, 2021] және Еуропа нарығына бағытталған Транскаспий құбыры (TCP) ұсынылды. TCP Оңтүстік Кавказ газ құбырымен қосылуына байланысты Оңтүстік Кавказ құбырының болашақ кеңеюі ретінде де белгілі. Каспий газы мен көгілдір сутегі үшін TCP-ні еуропалық тұтынушыларға қосудың екі әдісі қарастырылған. Біріншіден, аталмын құбырды Әзірбайжандағы Трансанадолы (TANAP) және соңғы қабылдаушы Италия болатын Транс-Адриатикалық (ТАП) газ құбырларына шығуды қамтамасыз ететін Оңтүстік Кавказ газ құбырына (Баку-Тбилиси-Эрзурум) қосуға болады. Екінші жол және тікелей байланыс - бұл TCP-ні Грузиядан Румынияға Қара теңіз асты бойынша ұсынылған Ақ ағын құбырымен қосу [Катлер, 2021].

Каспий теңізі арқылы өтетін, сыйымдылығы 16 миллиард текше метр болатын 300 шақырымдық табиғи газ құбырының құрылысы 1990 жылдардан бері күн тәртібінде болған. Теңіз астына тартылатын құбыр Әзірбайжанға және

Строительство 300-километрового газопровода с пропускной способностью 16 млрд кубометров через Каспийское море стоит на повестке дня с 1990-х годов, и оно направлено на поставку газа в Азербайджан и Европу через Турцию с помощью трубопровода, который будет проложен по дну моря [Европейская комиссия, 2021]. Однако в то время оставалось много нерешенных вопросов, таких как спорное газовое месторождение между Азербайджаном и Туркменистаном в Каспийском море и нерешенный правовой вопрос территориальных границ Каспийского моря. Первым шагом было решение вопроса о статусе Каспийского моря: пять прикаспийских стран подписали «Конвенцию о правовом статусе Каспийского моря» 12 августа 2018 года в казахстанском городе Актау [Кремль, 2018], и некоторые проблемы были решены между прикаспийскими государствами.

Согласно этому документу, Каспийское море определено как закрытое море с особым статусом, и было признано, что прокладка газопроводов или телекоммуникационных кабельных линий по дну Каспийского моря потребует одобрения не всех прикаспийских стран, а только тех, которые находятся в секторах, через которые проходят эти линии. Затем Азербайджан и Туркменистан подписали межправительственный Меморандум о взаимопонимании по совместной разведке и разработке давно спорного месторождения каспийского газа под названием «Кепез» или «Сердар», переименованного в 2021 году в месторождение «Достлук» («дружба») 21 января 2021 года [Жалилов, 2021]. Главы государств двух стран заявили, что это соглашение приведет к новому этапу в энергетическом сотрудничестве. Считается, что это сотрудничество создаст возможности для реализации проекта Транскаспийского газопровода и для прибрежных прикаспийских государств реализовать свой экономический потенциал. На данный момент нет юридических или международных препятствий для строительства Транскаспийского газопровода.

Түркия арқылы Еуропаға газ жеткізуге бағытталған [Еуропалық комиссия, 2021]. Алайда, ол кезде Әзірбайжан мен Түркіменстан арасында Каспий теңізіндегі даулы газ кен орны мен Каспий теңізінің құрлық шекарасына қатысты құқықтық даулар сияқты шешілмеген көптеген мәселелер орын алған. Бұл тұрғыда бірінші қадам Каспий теңізінің мәртебесі туралы мәселені шешу болды. Каспийдің бес мемлекеті 2018 жылдың 12 тамызында Қазақстанның Ақтау қаласында «Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияға» қол қойды [Кремль, 2018] және Каспий теңізімен шекаралас мемлекеттер арасында кейбір мәселелер шешілді.

Бұл құжатқа сәйкес, Каспий теңізі ерекше мәртебесі бар жабық теңіз ретінде анықталған және Каспий теңізінің түбінде газ құбырларын немесе телекоммуникациялық кабель желілерін төсеу үшін Каспий теңізінің барлық елдерінің емес тек бұл сызықтар өтетін елдердің келісімі қажет екендігі туралы қаулы қабылданды. Содан кейін, 2021 жылы 21 қаңтарда Әзірбайжан мен Түркіменстан 2021 жылы «Достық» деп өзгертілген «Кепез» немесе «Сердар» деп аталған ұзақ уақыт бойы даулы Каспий газ кен орнын бірлесіп барлау мен игеру туралы үкіметаралық түсіністік меморандумына қол қойды [Жалилов, 2021]. Екі елдің мемлекет басшылары бұл келісімнің энергетикалық ынтымақтастықтың жаңа кезеңіне алып келетінін мәлімдеді. Бұл ынтымақтастықтың Транскаспий табиғи газ құбыры жобасын және Каспий жағалауындағы мемлекеттердің экономикалық әлеуетін іске асыру үшін мүмкіндіктер туғызуы жоспарлануда. Қазіргі уақытта Транскаспий газ құбырының құрылысына құқықтық немесе халықаралық кедергілер жоқ.

Осылайша, Транскаспий газ құбырының құрылысы мен оның Оңтүстік газ дәлізімен байланысы шынайы болып көрінуде және іс жүзінде Түркіменстан

ный момент нет никаких юридических или международных препятствий для строительства Транскаспийского газопровода.

Таким образом, строительство Транскаспийского газопровода и его дальнейшее подключение к Южному газовому коридору становится реальным и фактически необходимым проектом для Туркменистана. Сотрудничая с Азербайджаном в энергетическом секторе, Туркменистан, наконец, сможет выйти на европейский рынок и показать свою роль важного игрока в энергетической безопасности Европейского Союза (ЕС). Ашхабад понимает, что это исключительный шанс для страны развивать энергетику и увеличивать экспорт природного газа, и поэтому, выступая 11 февраля 2021 года на VII заседании министров в рамках Консультативного совета Южного газового коридора, Председатель Госконцерна «Туркменгаз» Батыр Аманов сказал, что Южный газовый коридор играет решающую роль в диверсификации энергопоставок в ЕС [Спутник, 2021]. Он подчеркнул успешное сотрудничество, связанное с Южным газовым коридором, и отметил, что этот газопровод и все его сегменты могут сыграть решающую роль в будущем в повышении энергетической безопасности Турции и европейских стран.

Единственный важный вопрос для реализации проекта после решения всех юридических аспектов состоит в финансировании. Бюджет проекта определен примерно в 2 миллиарда долларов [Европейская комиссия, 2021]. Таким образом, многие газопроводные проекты такого масштаба были реализованы при прямом финансировании одной из стран-участниц, в том числе ожидается какое-то финансовое участие в проекте Туркменистана. Ожидается, что страны ЕС, основным приоритетом которых является диверсификация энергоресурсов в области энергетической безопасности,

үшін қажетті жоба болып саналады. Түркіменстан соңында Әзірбайжанмен энергетикалық салада ынтымақтастық арқылы Европа нарығына шыға алады және Европалық одақтың (ЕО) энергетикалық қауіпсіздігінде маңызды ойыншы ретінде өз рөлін атқара алады. Ашхабад бұл жобаны елдің энергетикалық өнеркәсібін дамытуға және табиғи газ экспортын ұлғайтуға айрықша мүмкіндік ретінде санайтындықтан, 2021 жылы 11 ақпанда Оңтүстік газ дәлізінің консультативтік кеңесі VII Министрлер кездесуінде сөз сөйлеген «Түркіменгаз» төрағасы Батыр Аманов, Оңтүстік газ дәлізінің ЕО-ға энергия жеткізуді әртараптандыруда маңызды рөл атқаратынын мәлімдеді [Спутник, 2021]. Оңтүстік газ дәлізі бойынша табысты ынтымақтастыққа тоқталып, бұл газ құбыры мен оның барлық учаскелерінің болашақта Түркия мен Европа елдерінің энергетикалық қауіпсіздігін арттыруда маңызды рөл атқара алатынын атап өтті.

Барлық құқықтық аспектілер шешілгеннен кейін, жобаны жүзеге асырудың бірден-бір маңызды мәселесі-қаржыландыру. Жобаның бюджеті шамамен 2 миллиард долларға бағаланған [Европалық комиссия, 2021]. Мұндай ауқымды газ құбырының көптеген жобалары әдетте қатысушы елдердің бірінің тікелей қаржыландыруымен жүзеге асады, сондықтан Түркіменстанның жобаға қаржылық қатысуы күтілуде. Негізгі басымдығы энергетикалық қауіпсіздік саласындағы энергия ресурстарын әртараптандыру болып табылатын ЕО елдерінің де Транскаспий табиғи газ құбыры жобасына қолдау көрсетуі күтілуде.

Ресей мен Иранның Каспий теңізінің ластануына қатысты экологиялық алаңдаушылығын білдіруі және Каспий құбырының ықтимал жобасына қарсылығы - бұл жобаға тағы бір кедергі. Ресей де, Иран да олар қатыспайтын мұндай құбыр жобасына тарихи түрде

поддержат проект Транскаспийского газопровода.

То, что Россия и Иран заявили о своих экологических опасениях, связанных с загрязнением Каспийского моря и что они могут выступить против потенциального проекта Каспийского трубопровода, стало еще одним препятствием. Примечательно, что и Россия, и Иран всегда были против проекта, в котором они не участвуют. Общеизвестно, что Россия не желает лишаться своей энергетической монополии в регионе. В этом контексте Россия разработала проекты, альтернативные таким проектам, такие как «Турецкий поток», для обеспечения энергетической безопасности. Хотя ТКП, похоже, потерял свое значение с появлением на повестке дня проекта «Турецкий поток», его можно рассматривать как уникальную возможность для ЕС, который хочет диверсифицировать свои потребности в энергии. В этом контексте после решения финансовых вопросов строительство Транскаспийского газопровода считается наиболее реалистичным на данный момент и, возможно, в ближайшем будущем мы сможем наблюдать международные усилия по запуску проекта.

**Источники:**

Бегенжов, Бегенч (2018). Энергетическая политика Туркменистана. Дипломная работа. Стамбульский университет.

British Petroleum (2019). BP Статический обзор. Доступно по адресу: https://www.bp.com/content/dam/bp/business-sites/en/global/corporate/pdfs/energy-economics/statistical-review/bp-stats-review-2020-full-report.pdf. Дата обращения: 09.09.2021.

Газпром (2003). «Газпром» подписал долгосрочный контракт на закупку туркменского газа. Доступно по адресу: https://www.gazprom.ru/press/news/2003/april/article54360/. Дата обращения: 13.10.2021.

Гунгор, Гюльпери (2020). Влияние Китая на торговлю в Центральной Азии. Доступно по адресу: https://avim.org.tr/tr/Analiz/ORTA-ASYA-TICARETINDE-CIN-NUFUZU. Дата обращения: 05.10.2021.

Джалилов, Орхан (2021). Азербайджан и Туркменистан подписали меморандум о совместной развед-

қарсы болуын айта кеткен жөн. Ресейдің аймақтағы энергетикалық монополиясын ешкіммен бөлiскiсі келмейтіні белгілі. Бұл тұрғыда Ресей энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін «Түрік ағыны» сияқты баламалы жобалар жүзеге асыруда. Түрік ағыны жобасының пайда болуына байланысты ТСР маңыздылығын жоғалтқандай болса да,  жобаның алдындағы саяси мәселелердің шешілуімен бірге энергия қажеттіліктерін әртараптандырғысы келетін ЕО үшін бірегей мүмкіндік ретінде санауға болады. Осы тұрғыда қаржылық мәселелерді шешкеннен кейін Транскаспий газ құбырының құрылысы қазіргі уақытта аймақтағы газ теңдеуіндегі ең шынайы балама ретінде қабылдануда және жақын арада жобаның басталуына халықаралық қадамдарды байқай алатын боламыз.

**Дереккөз**

Бегенжов, Бегенч (2018). Түркіменстанның энергетикалық саясаты. Магистрлік диссертация. Стамбул университеті.

British Petroleum (2019). BP статистикалық шолуы. Сілтеме: https://www.bp.com/content/dam/bp/business-sites/en/global/corporate/pdfs/energy-economics/statistical-review/bp-stats-review-2020-full-report.pdf. Қаралған уақыты: 09.09.2021.

Еуропалық комиссия (2021). Оңтүстік газ дәлізі. Сілтеме: https://ec.europa.eu/energy/maps/pci_fiches/PciFiche_7.1.1.pdf. Қаралған уақыты: 05.10.2021.

Газпром (2003). Газпром түркімен газын сатып алу бойынша ұзақ мерзімді келісімшартқа қол қойды. Сілтеме: https://www.gazprom.ru/press/news/2003/april/article54360/. Қаралған уақыты: 13.10.2021.

Interfax.ru (2021). Иран Түркіменстаннан газ импортын қалпына келтіруге шақырады. Сілтеме: https://www.interfax.ru/business/790369. Қаралған уақыты: 12.10.2021.

Гунгор, Гүлпери (2020). Қытайдың Орталық Азиядағы саудаға әсері. Сілтеме: https://avim.org.tr/tr/Analiz/ORTA-ASYA-TICARETINDE-CIN-NUFUZU. Қаралған уақыты: 05.10.2021.

Джалилов, Орхан (2021). Әзірбайжан мен Түркіменстан мұнай кен орындарын бірлесіп барлау және игеру туралы меморандумға қол

ке и разработке нефтяного месторождения. Доступно по адресу: https://caspiannews.com/news-detail/azerbaijan-turkmenistan-sign-memorandum-on-joint-exploration-and-development-of-oil-field-2021-123-0/. Дата обращения: 05.10.2021.

Европейская комиссия (2021). Южный газовый коридор. Доступно по адресу: https://ec.europa.eu/energy/maps/pci_fiches/PciFiche_7.1.1.pdf. Дата обращения: 05.10.2021.

Interfax.ru (2021). Иран призывает к возобновлению импорта газа из Туркменистана. Доступно по адресу: https://www.interfax.ru/business/790369. Дата обращения: 12.10.2021.

Кадирова, Эльвира (2021). Объем поставок туркменского газа «Газпрому» к концу 2021 года может приблизиться к 9 млрд кубометров. Доступно по адресу: http://www.newscentralasia.net/2021/06/23/obyom-postavok-turkmenskogo-gaza-gazpromu-mojet-priblizitsya-k-9-mlrd-kubometrov-k-kontsu-2021-goda/. Дата обращения: 05.10.2021.

Канапиянова, Жулдыз (2021). Энергетическая политика Туркменистана: значение и перспективы газопровода ТАПИ. Доступно по адресу: https://www.eurasian-research.org/publication/asya-avrupa-no-66/. Дата обращения: 05.10.2021.

Катлер, Роберт (2021). Транскаспийский газопровод для миростроительства на Южном Кавказе. Доступно по адресу: https://behorizon.org/the-trans-caspian-gas-pipeline-for-peace-building-in-the-south-caucasus/. Дата обращения: 11.10.2021.

Кремль (2018). Конвенция о правовом статусе Каспийского моря. Доступно по адресу: http://kremlin.ru/supplement/5328. Дата обращения: 05.10.2021.

Спутник (2021). Транскаспийский газопровод – когда, если не сейчас? Доступно по адресу: https://az.sputniknews.ru/20210214/gazoprovod-transkaspijskij-turkmenistan-azerbaijan-426216228.html. Дата обращения: 05.10.2021.

қойды. Сілтеме: https://caspiannews.com/news-detail/azerbaijan-turkmenistan-sign-memorandum-on-joint-exploration-and-development-of-oil-field-2021-123-0/. Қаралған уақыты: 05.10.2021.

Қадырова, Эльвира (2021). 2021 жылдың соңына қарай Түрікменстан газының Газпромға жеткізілім көлемі 9 миллиард текше метрге жетуі мүмкін. Сілтеме: http://www.newscentralasia.net/2021/06/23/obyom-postavok-turkmenskogo-gaza-gazpromu-mojet-priblizitsya-k-9-mlrd-kubometrov-k-kontsu-2021-goda/. Қаралған уақыты: 05.10.2021.

Қанапиянова, Жулдыз (2021). Түрікменстанның энергетикалық саясаты: ТАПИ табиғи газ құбырының маңыздылығы мен болашағы. Сілтеме: https://www.eurasian-research.org/publication/asya-avrupa-no-66/. Қаралған уақыты: 05.10.2021.

Катлер, Роберт (2021). Оңтүстік Кавказда бейбітшілік орнатуға арналған Транскаспий газ құбыры. Сілтеме: https://behorizon.org/the-trans-caspian-gas-pipeline-for-peace-building-in-the-south-caucasus/. Қаралған уақыты: 11.10.2021.

Кремль (2018). Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенция. Сілтеме: http://kremlin.ru/supplement/5328. Қаралған уақыты: 05.10.2021.

Спутник (2021). Транскаспий газ құбыры – қазір болмаса, қашан? Сілтеме: https://az.sputniknews.ru/20210214/gazoprovod-transkaspijskij-turkmenistan-azerbaijan-426216228.html. Қаралған уақыты: 05.10.2021.

# ТЕКУЩИЙ УГОЛЬНЫЙ КРИЗИС В КИТАЕ И ПЕРСПЕКТИВЫ ДЛЯ ЕВРАЗИЙСКОГО РЕГИОНА
# ҚЫТАЙДАҒЫ ҚАЗІРГІ КӨМІР ДАҒДАРЫСЫ ЖӘНЕ ЕУРАЗИЯ АЙМАҒЫ ҮШІН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

*Жармухамед Зардыхан* *

Спустя почти год после впечатляющего обязательства по достижению целевых показателей климата, сделанного председателем КНР Си Цзиньпином на 75-й сессии Генеральной Ассамблеи Организации Объединенных Наций в сентябре 2020 года, в ходе которого в стремлении к «зеленому восстановлению мировой экономики в эпоху после COVID» страна нацелена на достижение углеродной нейтральности к 2060 году [Министерство иностранных дел Китая, 2020], Китай оказался в эпицентре энергетического кризиса, который привел к нехватке угля, резкому росту цен на топливо и нормированию энергоснабжения и потребления. В 17 из 30 регионов материкового Китая было введено нормирование, что привело, среди прочего, к приостановке промышленного производства и логистики, и, несмотря на меры по сдерживанию роста цен на уголь, фьючерсы на уголь выросли более чем на 200 процентов до рекордных 259,42 доллара за тонну. [Сингх, 2021]. Неожиданно более низкая средняя температура и сильные ветры, которые вынудили некоторые северные провинции начать зимнее отопление раньше, наводнения в угледобывающей провинции Шаньси и общий бум энергопотребления из-за восстановления промышленного спроса после пандемии вызвали таяние запасов на электростанциях, что вызвало рост цен на энергию на 10,7%, самый высокий показатель за последние 25 лет, и, как

Қытай президенті Си Цзиньпин 2020 жылдың қыркүйегінде Біріккен ұлттар ұйымының 75-ші Бас ассамблеясында [Қытай Сыртқы істер министрлігі, 2020] COVID-19 пандемиясындан кейінгі дәуірде әлем экономикасын жасыл түрде трансформациялау және қалпына келтіру» ізденісінде 2060 жылға қарай елдің көмірқышқыл газының шығарындыларын арттырмауға және азайтуға бағытталған баяндама жасаған болатын. Аталмыш әсерлі климаттық міндеттемесінен бір жыл өткеннен кейін Қытай көмір тапшылығына, отынның шамадан тыс бағасына және электрмен жабдықтау мен тұтынудың шектелуіне әкелген энергетикалық дағдарыстың ортасында қалды. Материктік Қытайдың 30 аймағының 17-сі өнеркәсіптік өндіріс пен логистиканың тоқтатылуына әкелетін шектеулер енгізгенуіне және көмір бағасының өсуін шектеу үшін қабылданған шараларға қарамастан, көмір фьючерстері 200%-дан астамға өсіп, тоннасына 259,42 доллар рекордтық көрсеткішке жетті [Сингх, 2021]. Орташа температураның төмендеуі және кейбір солтүстік аудандарды қысқы жылытуды ертерек бастауға мәжбүр еткен қатты жел, көмір өндіретін Шаньси ауданындағы су тасқыны және эпидемиядан кейін өнеркәсіптік сұраныстың қалпына келуіне байланысты электр энергиясын жалпы тұтынудың артуы электр станцияларындағы көмір қорының еруіне себеп болды. Бұл соңғы 25 жылдағы энергия бағасының ең жоғары 10,7%-ға өсуіне түркті болып, тұтыну тауарларының

* доктор, Евразийский научно-исследовательский институт, Казахстан.
zardykhan@gmail.com

следствие, рост цен на потребительские товары [Сингх и Мую, 2021].

Несмотря на амбициозные обещания достичь углеродной нейтральности к 2060 году и будучи крупнейшим производителем солнечных панелей и ветряных турбин, Китай по-прежнему остается крупнейшим потребителем угля в мире [Сенгупта, 2020]. Китай является хозяином крупнейшей в мире угольной электростанции (Туокетуо), и около 60 процентов производства электроэнергии в стране зависит исключительно от угля; кроме того, в настоящее время это крупнейший спонсор глобальных угольных электростанций, которые в настоящее время строятся или планируются, охватывая строительство более 70 процентов угольных электростанций [Смит, 2021].

Наряду с климатическим и сезонным контекстом текущий энергетический кризис в Китае, оказавшийся самым серьезным за многие годы, имеет неоспоримые политические причины, поскольку в 2020 году китайское правительство ввело неофициальный запрет на австралийский импорт в Китай после поддержки страной международного расследования распространения пандемии коронавируса Китаем. К октябрю 2020 года все государственные электростанции и сталелитейные заводы получили срочное уведомление о немедленном прекращении импорта австралийского угля [Ма и Ли, 2020], что вскоре привело к серьезным сбоям на рынке, поскольку Австралия поставляла 38 процентов всего китайского импорта угля в 2019 году [Чоудхури, 2021]. Однако полное закрытие китайского рынка, похоже, не сильно повлияло на экспорт австралийского угля, поскольку в настоящее время он растет [Коул, 2021] благодаря росту цен на уголь и увеличению спроса в Азии.

В рамках мер по борьбе с надвигающейся нехваткой угля и отключени-

бағасының артуына себеп болды [Сингх және Мую, 2021].

2060 жылға дейін көміртегі шығарындыларын арттырмау мақсатын жүзеге асыру және ең үлкен күн панелі мен жел турбинасын өндіруші болу жөніндегі амбициялық міндеттемелерге қарамастан, Қытай әлі де әлемдегі ең ірі көмір тұтынушы ел болып қала беруде [Сенгупта, 2020]. Дүние жүзіндегі ең ірі көмір электр станциясына (Туокетуо электр станциясы) иелік ететін Қытайдың электр қуатының шамамен 60%-ы тек қана көмірге сүйенеді. Қытай, сондай-ақ, қазір салынып жатқан немесе жоспарланған жаһандық көмір станцияларының ең ірі қаржыгері болып табылады және көмір станцияларының 70%-дан астамын салуды өз мойнына алуда [Смит, 2021].

Қытайда соңғы жылдары ең төмен көрсеткіштерге айналған энергетикалық дағдарыс климаттық және маусымдық контекспен қатар саяси себептерге де байланысты. 2020 жылы Қытай үкіметі Австралияның Қытайдың коронавирустық індеттің таралуына қатысты халықаралық тергеуді қолдағанынан кейін, Австралиядан келетін импортқа бірқатар бейресми тыйымдарды енгізді. 2020 жылдың қазан айына қарай барлық мемлекеттік электр станциялары мен болат фабрикалары Австралиядан көмір импортын дереу тоқтату туралы шұғыл хабарлама алды [Ма және Ли, 2020]. 2019 жылы Австралия Қытайдың барлық жылу көмірі экспортының 38%-ын қамтамасыз еткендіктен, бұл жағдай көп ұзамай нарықтың елеулі тапшылығына әкелді [Чоудхури, 2021]. Дегенмен, көмір бағасының өсуі мен Азиядағы сұраныстың арқасында [Коул, 2021], Қытай нарығының жабылуы Австралияның көмір экспортына айтарлықтай әсер етпеді.

Алда келе жатқан көмір тапшылығы мен электр қуатының үзілуімен күресу шаралары аясында Қытай үкіметі

ями электроэнергии китайское правительство распорядилось о расширении производства электроэнергии на угле и мощности угольных шахт, так что 153 угольные шахты должны были расширить мощность и произвести дополнительные 55 миллионов тонн угля в четвертом квартале 2021 года [Сингх и Мую, 2021]. Этот вопрос кажется жизненно важным для разрешения нынешнего энергетического кризиса, поскольку за последние пять лет правительство Китая уже закрыло в основном 5,500 частных угольных шахт, почти половину действовавших в то время угольных шахт страны, в основном из-за проблем, связанных с окружающей средой и безопасностью [Брэдшер, 2021]. Предполагалось, что выход угольных шахт на полную мощность обеспечит добычу не менее 12 миллионов тонн в сутки, что на 1,6 миллиона тонн больше, чем в сентябре, однако фактической добычи все равно будет недостаточно для удовлетворения спроса приближающегося зимнего сезона [Global Times, 2021a].

Таким образом, чтобы удовлетворить растущий местный спрос и покрыть долю австралийского импорта угля, Китаю пришлось расширить импорт угля, в первую очередь сосредоточив внимание на России, Индонезии, Монголии и Казахстане. Экспорт российского угля в Китай за первые шесть месяцев 2021 года уже достиг 24,15 миллиона тонн по сравнению с 16,2 миллиона тонн за аналогичный период 2020 года, в то время как Zhejiang Provincial Energy Group объявила об импорте 136,000 тонн угля из Казахстана, впервые в истории провинции [Global Times, 2021b]. Однако, несмотря на очевидные выгоды для Казахстана и в соответствии с амбициозными усилиями правительства по переходу от угольных электростанций к более экологически чистым альтернативам, экспорт угля в Китай затруднен бю-

көмірмен жұмыс істейтін электр қуатын өндіруді және шахталардың қуаттылығын кеңейтуді тапсырды. Осылайша, 153 көмір шахтасы қуаттылығын кеңейтіп, 2021 жылдың төртінші тоқсанында қосымша 55 миллион тонна көмір өндіруі керек [Сингх және Мую, 2021]. Соңғы бес жылда Қытай үкіметі негізінен экологиялық және қауіпсіздік мәселелеріне байланысты елдегі жұмыс істеп тұрған көмір шахталарының шамамен жартысына тең болатын 5,500 жеке меншік көмір шахталарын жапты. Олардың қайта ашылуы қазіргі энергетикалық дағдарысты шешуде маңызды болып көрінеді [Брэдшер, 2021]. Көмір шахталарының толық қуатта жұмыс істеуі, тәулігіне кемінде 12 миллион тонна өндірсе, бұл қыркүйекпен салыстырғанда 1,6 миллион тоннадан асатын болады, бұл жақындап келе жатқан қыс мезгілінің сұранысын қанағаттандыруға жеткіліксіз [Global Times, 2021a].

Сондықтан, өсіп келе жатқан ішкі сұранысты және австралиялық көмір импортының үлесін қанағаттандыру үшін Қытай, Ресей, Индонезия, Моңғолия және Қазақстан сияқты елдерден көмір импортын арттыруы қажет. Ресейдің Қытайға көмір экспорты 2021 жылдың алғашқы алты айында 2020 жылдың сәйкес кезеңіндегі 16,2 миллион тоннамен салыстырғанда 24,15 миллион тоннаға жеткен болса, Чжэцзян ауданынынң энергетикалық тобы аудан тарихында алғаш рет Қазақстаннан 136 мың тонна көмір экспорттағанын жариялады [Global Times, 2021b]. Дегенмен, Қазақстан үшін айқын артықшылықтарға қарамастан және көмір станцияларынна экологиялық таза баламаларға көшу бойынша іс-әрекеттерге сәйкес, Қытайға көмір экспорты жоғарыда аталған жөнелтілім, бюрократиялық және логистикалық шектеулерге байланысты қиындауда. Мысалы, жөнелтілім Қара теңіз порты арқылы жасалып, бір айға

рократическими и логистическими ограничениями, поскольку вышеупомянутая поставка, например, была осуществлена через порт на Черном море и заняла целый месяц и 15,000 км маршрута [Куменов, 2021].

Монголия, еще один северный сосед Китая, увеличила экспорт угля в Китай после введения запрета на австралийский уголь, который составил 11,3 миллиона тонн за девять месяцев 2021 года, причем с сентября экспорт монгольского угля в Китай вырос на впечатляющие 60 процентов [Лхааяв, 2021]. Согласно официальным данным китайской таможни за первые восемь месяцев 2021 года, Индонезия стала крупнейшим импортером угля, которому удалось увеличить импорт на 19 процентов по сравнению с прошлым годом, хотя несколько других стран, в том числе, США, Южная Африка, Канада и Филиппины, увеличили импорт угля в Китай, [Сижиа, 2021].

Таким образом, несмотря на амбициозные обещания и обнадеживающие ожидания, Китай участвует в саммите по климату COP26 в Глазго с планами построить больше угольных электростанций и пересмотреть, по крайней мере на время, свою позицию в отношении традиционных источников энергии из-за экономических проблем и нехватки электроэнергии. [Дэвис, 2021]. С другой стороны, этот вопрос сохраняет свою актуальность и неоднозначность, так как приближающаяся зима с ее отопительным сезоном, растущие потребности в электроэнергии и логистические трудности могут затруднить добычу и транспортировку угля как в Китае, так и в странах-экспортерах угля, в результате чего нынешний кризис может затянуться в ближайшие месяцы.

созылған және 15,000 км жол алған [Күменов, 2021].

Қытайдың тағы бір солтүстік көршісі Моңғолия Австралия көміріне тыйым салу басталғаннан бері Қытайға көмір экспортын арттырды. Мәселен, 2021 жылдың тоғыз айында елдің Қытайға көмір экспорты 11,3 миллион тоннаны құрады. Сонымен қатар қыркүйектен бері Моңғолияның Қытайға көмір экспорты 60%-ға өсті [Лхаажав, 2021]. 2021 жылдың алғашқы сегіз айындағы Қытайдың ресми кеден деректеріне сәйкес, Индонезия, АҚШ, Оңтүстік Африка, Канада және Филиппин Қытайға көмір экспортын арттырса, ал Индонезия 19%-ға жеткен ең жоғары өсім көрсеткен ел болды [Сижиа, 2021].

Осылайша, берілген уәделер мен әсер беретін перспективаларға қарамастан, Қытай Глазгодағы COP26 климаттық саммитіне көмірмен жұмыс істейтін электр станцияларын көбірек салу жоспарларымен және экономикалық проблемалар мен электр қуатының қысқаруына байланысты дәстүрлі энергия көздеріне қатысты ұстанымын қайта қарастыратын болады [Дэвис, 2021]. Екінші жағынан, жылыну мезгілі саналатын қыстың жақындауымен бұл мәселе өзектілігін және белгісіздігін сақтайды. Энергияға сұраныстың артуы мен логистикалық қиындықтар Қытайда да, көмір экспорттаушы елдерде де көмір өндіру мен тасымалдауға нұқсан келтіруі, бұл ағымдағы дағдарыстың алдағы айларда жалғасуына әкелуі мүмкін.

**Дереккөз:**

Брэдшер, Кит (2021). Қытай көбірек көмір қолдануға асығады және климаттық мақсаттарға қауіп төндіреді. Сілтеме: https://www.nytimes.com/2021/10/28/business/energy-environment/china-coal-climate.html. Қаралған уақыты: 01.11.2021.

Дэвис, Роб (2021). Қытайдың тағы да көмір электр станциялылары салу жоспары, Ұлыбританияның Cop26 амбицияларына соққы

**Источники:**

Брэдшер, Кит (2021). Китай спешит сжечь больше угля, что ставит под угрозу цели в области климата. Доступно по адресу: https://www.nytimes.com/2021/10/28/business/energy-environment/china-coal-climate.html. Дата обращения: 01.11.2021.

Дэвис, Роб (2021). Китай планирует построить больше угольные электростанции наносят удар по амбициям британской Cop26. Доступно по адресу: https://www.theguardian.com/environment/2021/oct/12/china-coal-fired-plants-ukcop26-climate-summit-global-phase-out. Дата обращения: 02.11.2021.

Global Times (2021a). Крупные угольные компании обещают цену шапки на фоне усилий по обеспечению поставок. Доступно по адресу: https://www.globaltimes.cn/page/202110/1236983.shtml. Дата обращения: 01.11.2021.

Global Times (2021b). Китай импортирует уголь из Россия, Индонезия поднимаются, занимая место австралийского угля. Доступно по адресу: https://www.globaltimes.cn/страница/202110/1235752.shtml. Дата обращения: 02.11.2021.

Коул, Уэйн (2021). Положительное сальдо торгового баланса Австралии удивляет рекордно высоким спросом на сырьевые товары. Доступно по адресу: https://www.reuters.com/world/asia-pacific/australias-trade-surplus-surprises-with-record-high-commodity-demand-2021-10-05/. Дата обращения: 02.11.2021.

Куменов, Алмаз (2021). Китай присматривается к казахстанскому углю на фоне энергетического кризиса. Доступно по адресу: https://eurasianet.org/china-looks-to-kazakh-coal-intimate-energy-crisis. Дата обращения: 02.11.2021.

Лхааяв, Болор (2021). Могут ли Россия и Монголия заменить поставки австралийского угля в Китай? Доступно по адресу: https://thediplomat.com/2021/10/can-russia-andmongolia-replace-australias-coal-supply-to-china/. Дата обращения: 02.11.2021.

Ма, Дженни и Ли, Джесси (2020). Китайские государственные конечные потребители устно уведомили о прекращении импорта австралийского угля. Доступно по адресу: https://insights/latest-news/coal/100920-chinese-state-owned-end-users-givenverbal-notice-to-stop-importing-australian-coal-sources. Дата обращения: 02.11.2021.

Министерство иностранных дел Китая (2020). Заявление Си Цзиньпин Председатель Китайской Народной Республики на общих прениях 75-й сессии Генеральной Ассамблеи ООН. Доступно по адресу: https://www.fmprc.gov.cn/mfa_eng/zxxx_662805/t1817098.shtml. Дата обращения: 01.11.2021.

берді. Сілтеме: https://www.theguardian.com/environment/2021/oct/12/china-coal-fired-plants-ukcop26-climate-summit-global-phase-out. Қаралған уақыты: 01.11.2021.

Global Times (2021a). Ірі көмір компаниялары жеткізуді қамтамасыз ету күш-жігері аясында бағаның шегі уәде береді. Сілтеме: https://www.globaltimes.cn/page/202110/1236983.shtml. Қаралған уақыты: 01.11.2021.

Global Times (2021b). Қытайдың Ресей мен Индонезиядан көмір импорты өсуде және Австралиялықтардың орнын басып алуда. Сілтеме: https://www.globaltimes.cn/page/202110/1235752.shtml. Қаралған уақыты: 01.11.2021.

Қытай Сыртқы істер министрлігі (2020). Мәлімдеме Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпин Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 75-сессиясының жалпы жиналысыңдағы сөзі. Сілтеме: https://www.fmprc.gov.cn/mfa_eng/zxxx_662805/t1817098.shtml. Қаралған уақыты: 01.11.2021.

Коул, Уэйн (2021). Австралияның көміріне сұраныс үлкен мөлшерде артқанына байланысты сауда профициті рекордтық көрсеткішке жетіп таң қалдырды. Сілтеме: https://www.reuters.com/world/asia-pacific/australias-trade-surplus-surprises-with-record-high-commodity-demand-2021-10-05/. Қаралған уақыты: 01.11.2021.

Күменов, Алмаз (2021). Қытай энергетикалық дағдарыс жағдайында Қазақ көмірін алуды ойластырып жатыр. Сілтеме: https://eurasianet.org/china-looks-to-kazakh-coal-amid-energy-crisis. Қаралған уақыты: 01.11.2021.

Лхаажав, Болор (2021). Ресей мен Моңғолия Австралияның Қытайға көмір жеткізуін ауыстыра ды ма? Сілтеме: https://thediplomat.com/2021/10/can-russia-andmongolia-replace-australias-coal-supply-to-china/. Қаралған уақыты: 01.11.2021.

Ма, Дженни және Ли, Джесси (2020). Қытайдың мемлекеттік мекемелеріне австралиялық көмірді импорттауды тоқтату туралы ауызша хабарлама берілді. Сілтеме: https://www.spglobal.com/platts/en/market-insights/latest-news/coal/100920-chinese-state-owned-end-users-givenverbal-notice-to-stop-importing-australian-coal-sources. Қаралған уақыты: 01.11.2021.

Сенгупта, Сомини (2020). Қытай АҚШ-қа жолдауында климаттық мақсаттарды күшейтуде. Сілтеме: https://www.nytimes.com/2020/09/22/climate/china-emissions.html. Қаралған уақыты: 01.11.2021.

Сингх, Шивани және Мую, Сю (2021). Қысқы салқын Қытайдағы көмір бағасын жоғары деңгейде ұстап тұр, электр қуатының жетіспеушілігі инфляцияны көтеріп жатыр. Сілтеме: https://www.reuters.com/world/china/cold-keeps-china-

Сенгупта, Сомини (2020). Китай в прямом послании США ужесточает свои климатические цели. Доступно по адресу: https://www.nytimes.com/2020/09/22/climate/china-emissions.html. Дата обращения: 01.11.2021.

Сингх, Шивани и Мую, Сюй (2021). Зимний холод удерживает цены на уголь в Китае на высоком уровне, инфляция. Доступно по адресу: https://www.reuters.com/world/china/cold-keeps-china-coal-prices-high-powercrunch-stokes-factory-inflation-2021-10-14/. Дата обращения: 01.11.2021.

Сингх, Шивани (2021). Цены на уголь в Китае достигли рекордного уровня максимумы, холод в начале зимы усугубляет энергетические проблемы. Доступно по адресу: https://www.reuters.com/business/energy/chinacoal-prices-hit-record-highs-early-winter-chill-adds-energy-woes-2021-10-15/. Дата обращения: 01.11.2021.

Смит, Александр (2021). Китай на COP26: Пекин угольная зависимость является ключом к климатическому саммиту. Доступно по адресу: https://www.nbcnews.com/news/world/chinacop26-beijings-coal-addiction-key-climate-summit-rcna3277. Дата обращения: 01.11.2021.

Сицзя, Куи (2021). Импорт угля в Китай из России, Индонезии растет, уступая место австралийскому каменный уголь. Глобальные времена. Доступно по адресу: https://www.globaltimes.cn/page/202110/1235752.shtml. Дата обращения: 02.11.2021.

Чоудхури, Рой (2021). Китаю нужно больше угля предотвратить кризис власти, но вряд ли он обернется Австралия на поставку. Доступно по адресу: https://www.cnbc.com/2021/10/26/china-energy-crisis-beijing-notlikely-to-lift-coal-ban-on-australia.html. Дата обращения: 01.11.2021.

coal-prices-high-powercrunch-stokes-factory-inflation-2021-10-14/. Қаралған уақыты: 01.11.2021.

Сингх, Шивани (2021). Қытайдағы көмір бағасы рекордтық көрсеткішке жетті, қыстың ертерек басталуы энергиялық қиындықтарды арттырады. Сілтеме: https://www.reuters.com/business/energy/chinacoal-prices-hit-record-highs-early-winter-chill-adds-energy-woes-2021-10-15/. Қаралған уақыты: 01.11.2021.

Смит, Александр (2021). Қытай COP26: Пекиндікі көмірге тәуелділік климаттық саммиттің кілті болып табылады. Сілтеме: https://www.nbcnews.com/news/world/china-cop26-beijings-coal-addiction-key-climate-summit-rcna3277. Қаралған уақыты: 01.11.2021.

Сижиа, Кви (2021). Қытайдың Ресей мен Индонезиядан көмір импорты, Австралияның орнын алып жатыр. Сілтеме: https://www.globaltimes.cn/page/202110/1235752.shtml. Қаралған уақыты: 01.11.2021.

Чоудхури, Рой (2021). Қытайға көмір дағдарысының алдын алу керек бірақ сол үшін Австралиядан қайтадан көмір алу ықтималды өте аз. Сілтеме: https://www.cnbc.com/2021/10/26/china-energy-crisis-beijing-notlikely-to-lift-coal-ban-on-australia.html. Қаралған уақыты: 01.11.2021.

# КРИЗИС ЯДЕРНОГО СОГЛАШЕНИЯ В ИРАНЕ
# ИРАНДАҒЫ ЯДРОЛЫҚ КЕЛІСІМНІҢ ДАҒДАРЫСЫ

*Жулдыз Канапиянова **

Соглашение «Совместный всеобъемлющий план действий» (СВПД) от 2015 года в период президентства Барака Обамы, по сообщениям, подвергалось критике со стороны Дональда Трампа, который был избран президентом Соединенных Штатов Америки (США) в 2017 году. Утверждая, что договор не затронул индийскую программу баллистических ракет, Трамп отозвался о ней как о худшем договоре в истории, несмотря на возражения других стран, объявил о выходе США из договора 8 мая 2018 года, а санкции против Ирана были заново введены в ноябре 2018 года. Решение США вызвало разочарование Ирана и стран «P5+1» (США, Россия, Великобритания, Франция, Китай и Германия), которые объявили, что будут стремиться соблюдать условия договора без участия США [Инициатива ядерного договора, 2020].

В ответ на ужесточение санкций в 2019 году Иран объявил, что Тегеран постепенно сокращает свои обязательства по соглашению, снимая ограничения на ядерные исследования, центрифуги и уровни обогащения урана, и начал обогащать уран и нарушать ограничения соглашения. Иран напомнил, что «если одна из сторон существенно не выполняет требования СВПД, другая сторона имеет право полностью или частично не выполнять свои договорные обязательства» [BBC, 2021].

Прошло почти шесть лет с момента вступления в силу СВПД по урегулированию кризиса вокруг иранской

2015 жылы Барак Обама кезінде қол қойылған «Бірлескен кешенді іс-қимыл жоспары» (JCPOA) келісімі 2017 жылы Америка құрама штаттарының (АҚШ) президенті болып сайланған Дональд Трамптың бірнеше рет сынына ұшыраған болатын. Келісімнің Иранның баллистикалық зымыран бағдарламасын қамтымайтынын білдіріп, оны тарихтағы ең нашар келісім деп бағалаған Трамп басқа елдердің қарсылығына қарамастан, 2018 жылы 8 мамырда АҚШ-тың келісімнен шыққанын, ал, қараша айында мұнай сатып алуға тыйым салумен қатар, Иранға қарсы санкциялардың қалпына келтірілгенін жариялады. АҚШ-тың бұл шешіміне наразы болған Иран мен басқа да «P5+1» (АҚШ, Ресей Федерациясы, Ұлыбритания, Франция, Қытай және Германия) мүшелері АҚШ-тың қатысуынсыз келісімді сақтауға тырысатындарын мәлімдеді [Ядролық келісімнің бастамасы, 2020].

Керісінше, 2019 жылы санкциялар күшейтілген кезде Иран келісім бойынша міндеттемелерін біртіндеп азайтатынын жариялап, ядролық зерттеулерге, центрифугаларға және уранды байыту деңгейлеріне қойылған шектеулерді алып тастап, сәйкесінше уранды молайтып, келісімнің шектеулерін бұза бастады. Иран «егер тараптардың бірі JCPOA талаптарын елеулі түрде орындамаса, екінші тарап өзінің шарттық міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамауға құқылы» екендігін еске салды [BBC, 2021]

Иранның ядролық бағдарламасы төңірегіндегі дағдарысты шешу үшін JCPOA күшіне енгеннен бері алты

* доктор, Евразийский научно-исследовательский институт, Казахстан.
juldyz777@hotmail.com

ядерной программы. В результате соглашения обе стороны нашли точку соприкосновения, а ядерная программа Ирана была замедлена и взята под контроль, как того хотел Запад, чтобы постепенно снять санкции, под которыми Иран находился годами, и не допустить Тегеран от обладания ядерным оружием. В этом контексте Иран был вынужден переконфигурировать реактор в Араке, чтобы проводить ядерные исследования в мирных целях и сохранить пределы обогащения урана на уровне не более 3,67% [Armscontrol.org, 2021]. Считается, что, если Иран превысит свои установленные мощности по обогащению урана, у него появится шанс разработать ядерное оружие, которое можно рассматривать как потенциальную угрозу стабильности и миру в регионе и на международной арене.

Джозеф Байден, избранный президентом США в ноябре 2020 года, выступает за продолжение «ядерной сделки» с Ираном и считает, что США должны вернуться к соглашению и выполнить условия соглашения [Iranprimer.usip.org, 2020]. В то время как весь мир, особенно Запад, не хочет, чтобы Иран обладал ядерным оружием из соображений безопасности, возможность наличия у Ирана ядерного оружия в первую очередь возникает из соображений безопасности. Иран, который в силу своего расположения находится в центре зоны конфликта, стремится защищать свои национальные интересы и безопасность, как и другие государства. В этом контексте развивающаяся ядерная программа укрепляет свои позиции и переговорные позиции на международной арене, выступая сдерживающим фактором.

С другой стороны, с избранием Эбрагима Раиси президентом Ирана в июне 2021 года срок полномочий Хасана Рухани, известного как «умеренный консерватор» и проводившего

жылға жуық уақыт өтті. Келісім нәтижесінде екі жақ ортақ мәселеде кездесіп, Иранға қарсы жылдар бойы салынған санкцияларды кезең-кезеңмен алып тастау және оның алдын алу үшін Батыс қалағандай Иранның ядролық бағдарламасы бәсеңдеп, бақылауға алынды. Тегеран ядролық қаруға ие болудан бас тартты. Осы тұрғыда Иран бейбіт мақсатта ядролық зерттеулер жүргізу және уранды байыту шегін ең жоғары дегенде 3,67% деңгейінде ұстау үшін Арақтағы реакторды қайта құрылымдауға мәжбүр болды [Armscontrol.org, 2021]. Өйткені, егер Иран өзінің белгіленген уран байыту мүмкіндігінен асып кетсе, ядролық қару жасау мүмкіндігіне ие болады да, аймақта және халықаралық аренада ықтимал қауіп ретінде қарастырылады.

2020 жылдың қарашасында АҚШ президенті болып сайланған Жозеф Байден Иранмен «ядролық келісімді» сақтауды жақтап, АҚШ келісімге оралып, келісім шарттарын орындауы керек деп санайды [Iranprimer.usip.org, 2020]. Бүкіл әлем, әсіресе, Батыс, қауіпсіздік мақсатында Иранның ядролық қаруға ие болуын қаламаса да, Иранның ядролық қаруға ие болу мүмкіндігі бірінші кезекте қауіпсіздік мәселелерінен туындайды. Өйткені орналасуына байланысты қақтығыс аймағының орталығында орналасқан Иран басқа мемлекеттер сияқты өзінің ұлттық мүдделері мен қауіпсіздігін қорғауды мақсат етеді. Осы тұрғыда ол әзірлеп жатқан ядролық бағдарлама тежеу құралы ретінде әрекет ете отырып, халықаралық аренада өзінің ұстанымы мен саудалық күшін нығайтады.

Екінші жағынан, Ибрагим Реиси 2021 жылы маусымда Иран президенті болып сайлануымен ол өзінің «қалыпты консервативті» тұлғасымен таныла бастады, әрі 8 жылдық билігі кезінде Батысқа қарсы қалыпты саясат жүргізген Хасан Руханидің дәуірі ресми түрде аяқталды. Осылайша, Батыстан алшақ

умеренную политику в отношении Запада в течение своего 8-летнего правления, официально подошел к концу. Таким образом, консерваторы, известные своей политикой отдаленности от Запада, через 8 лет снова пришли к власти. Похоже, Эбрагим Раиси, который известен как крайне консервативный и близкий к верховному лидеру Ирана Али Хаменеи, может приостановить переговоры, а США и Ирану будет сложно и потребуется много времени собраться и найти общие интересы. Западные официальные лица все больше обеспокоены тем, что активизация ядерной деятельности Ирана разрушит надежды на возрождение ядерной сделки 2015 года — главной внешнеполитической цели администрации Байдена.

Переговоры о сохранении СВПД и перестройке Ирана начались в мае 2021 года, после того как Джо Байден сменил Трампа на посту президента США. В то время как Байден сказал, что если Иран отменит свои нарушения, США присоединятся к соглашению и отменят санкции, его иранский коллега Эбрагим Раиси подчеркнул, что США должны сделать первый шаг [Old.iranintl.com, 2021].

Кроме того, западные дипломаты заявили, что Иран увеличил свои требования, хотел, чтобы санкции, введенные администрацией Трампа, были сняты после выхода США из соглашения в 2018 году и что Иран отказывается от шагов, которые он обязался предпринять, чтобы обуздать свою ядерную деятельность и вернуться к соблюдению соглашения. США ответили на несоблюдение Ираном ядерного соглашения попыткой усилить экономическое давление на Иран [Wall Street Journal, 2021].

В то время как администрация Байдена выразила желание восстановить соглашение, а затем использовать его

саясатымен танылған консерваторлар 8 жылдан кейін билікке қайта келді. Дегенмен, Иранның жоғарғы консервативтік жетекшісі Әли Хаменеиге жақындығымен танымал болған Иран президенті үшін келіссөздерді тоқтатып, АҚШ пен Иранның бас қосып, ортақ тіл табуы қиын әрі ұзақ уақытты қажет ететін сыңайлы. Батыс шенеуніктері Иранның ядролық іс-әрекеттерінің ілгерілеуі Байден әкімшілігінің сыртқы саясаттағы басты мақсаты – 2015 жылғы ядролық келісімді қайта жандандыру үмітін жоққа шығарады деп алаңдауда.

JCPOA-ны сақтау және Иранды қайта құру жөніндегі келіссөздер Трамптың орнына Байден АҚШ президенті болғаннан кейін 2021 жылдың мамырында басталды. Байден АҚШ келісімге қайта қосылып, егер Иран өз бұзушылықтарын жойса, санкцияларды алып тастайтынын айтқанымен, оның ирандық әріптесі Ибрагим Реиси АҚШ бірінші қадамды жасауы керек екенін атап өтті [Old.iranintl.com, 2021].

Бұған қоса, Батыс дипломаттары Иран өз талаптарын арттырып, АҚШ 2018 жылы келісімнен шыққаннан кейін Трамп әкімшілігі салған санкцияларды алып тастауды талап етіп жатқанын айтты, сондай-ақ Иранның ядролық қызметін тежеу және келісімді орындауға қайта оралу үшін қабылдаған қадамдарынан бас тартқанын мәлімдеді. Осылайша АҚШ Иранның ядролық келісімді орындамауына Иранға экономикалық қысымды күшейтуге әрекет жасау арқылы жауап береді [Wall Street Journal, 2021].

Байден әкімшілігі оны келісімді қалпына келтіру үшін платформа ретінде пайдаланғысы келетінін білдірсе де, одан кейін ұзағырақ және күшті келісім туралы келіссөздер жүргізуге ниет білдірген, дегенмен Тегеран Байден әкімшілігін келісімді қалпына келтіруге тырысса да Трамп дәуіріндегі санкцияларды қолдануды жалғастырғаны үшін

в качестве платформы для переговоров о более продолжительном и более сильном соглашении, Тегеран неоднократно критиковал администрацию Байдена за то, что она продолжает вводить санкции эпохи Трампа, даже когда она пытается восстановить соглашение. В ходе первых шести раундов переговоров, длившихся с апреля по июнь, США выразили готовность снять санкции с экономики Ирана, включая экспорт энергоносителей, большую часть его банков и морской сектор, а также устранить барьер для доступа к десяткам миллиардов долларов нефтяных доходов, застрявшим на зарубежных банковских счетах [Argusmedia.com, 2021]. Ирану следует обсудить пути сокращения имеющегося в настоящее время большого запаса ядерного топлива и количества центрифуг, производящих ядерное топливо, а также прекращения производства обогащенного урана на своем подземном ядерном объекте в Фордо. Однако известно, что позиция Ирана при новом правительстве ужесточилась и отступила от некоторых из этих обязательств. Примечательно, что ядерные переговоры между Ираном, США и другими крупными державами возобновились в Вене в ноябре 2021 года.

Иран также добивается полной отмены санкций, в том числе отмены санкций в отношении прав человека и баллистических ракет, не подпадающих под действие СВПД. Более того, требуя от США сначала снять все санкции, чтобы они могли убедиться, что договор начинает приносить экономические выгоды, настаивает на том, что Вашингтон должен дать гарантии того, что США больше не выйдут из ядерной сделки в будущем.

Согласно отчету Международного агентства по атомной энергии (МАГАТЭ) от 17 ноября 2021 года, запасы урана в Иране, обогащенного на 20% ураном-235 (U-235), что во много раз

бірнеше рет сынға алды. Сәуірден маусымға дейін созылған келіссөздердің алғашқы алты раундында Америка Құрама Штаттары Иран экономикасына, оның ішінде энергия экспортына, банктерінің көпшілігіне және теңіз секторына салынған санкцияларды, тіпті шетелдегі банктік шоттарда қамалған мұнай кірістерінің ондаған миллиард долларына дейін алып тастауға дайын екенін білдірді [Argusmedia.com, 2021]. Иран ядролық отынның қазіргі үлкен қоры мен ядролық отын өндіретін центрифугалардың санын азайту және Фордодағы жерасты ядролық нысанында байытылған уран өндірісін тоқтату жолдарын талқылауы керек. Алайда жаңа үкімет тұсында Иранның ұстанымы қатайып, осы міндеттемелердің кейбірінен шегініп кеткені белгілі. Еске сала кетейік, 2021 жылдың қарашасында Иран, АҚШ және басқа да ұлы державалар арасындағы ядролық келіссөздер Венада қайтадан басталды.

Сондай-ақ, Иран адам құқықтарына және JCPOA-дан босатылған баллистикалық зымырандарға қатысты санкцияларды алып тастаумен қоса, барлық санкцияларды толығымен алып тастауға ұмтылады. Бұған қоса, ол келісімнің экономикалық пайдасын көре бастау үшін АҚШ-тың алдымен барлық санкцияларды алып тастағанын қалайды және одан әрі Вашингтонның АҚШ-тың болашақта ядролық келісімнен қайта шықпайтынына кепілдік беруі керектігін талап етеді.

Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіктің (МАГАТЭ) 2021 жылғы 17 қарашадағы есебіне сәйкес, Иранның байытылған уран қоры рұқсат етілгеннен әлдеқайда көп екені көрінеді. Мысалы, 20% байытылған U-235 қоры МАГАТЭ-нің 2021 жылғы 7 қыркүйектегі есебімен салыстырылғанда, 85 келіден 114 келіге дейін өскен сияқты [Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік, 2021]. Хабарларға қарағанда, Иран 60% таза бай-

больше разрешенного, выросли до 114 килограммов с 85 килограммов, задокументированных в предыдущем отчете агентства, опубликованном 7 сентября [Международное агентство по атомной энергии, 2021]. По имеющимся данным, Иран накопил запасы обогащенного урана чуть ниже уровня, необходимого для создания бомбы, 60-процентного обогащенного урана, в том числе от 10 до 17,7 килограммов материала. Уран, обогащенный до этих уровней, представляет более значительный риск, поскольку его можно быстрее обогатить до уровня оружейного качества, или 90% U-235. Поэтому в соответствии с ядерным соглашением СВПД Ирану запрещено обогащать уран выше 3,67%, что является подходящим уровнем для ядерных энергетических реакторов. Хотя Иран обогатил уран до 20% до переговоров по СВПД, в апреле 2021 года он начал обогащать его до 60%. Он также возобновил деятельность по обогащению в Фордо; устанавливались все более совершенные типы центрифуг, чем разрешено; и предпринял шаги по производству обогащенного металлического урана, важного материала для ядерного оружия. Иран также значительно сократил доступ международным следователям, остановив выполнение Дополнительного протокола к Договору о гарантиях МАГАТЭ.

Если текущие переговоры не увенчаются успехом и подтвердится, что Иран нарушает соглашение, все санкции Организации Объединенных Наций будут автоматически «переброшены» на 10 лет с возможностью продления на пять лет. Это означает, что кризис на Ближнем Востоке обострится и что ядерное соглашение, достигнутое спустя годы, станет напрасной тратой усилий. Чтобы кризис в регионе не обострился дальше и не достиг международной проблемы, ожидается, что такие акторы, как Европейский союз, Россия и

ытылған уран қорын 10 келіден 17,7 келіге дейін арттырды, бұл ядролық бомбаға қажетті деңгейден сәл төмен. Осы деңгейге дейін байытылған уран көлемді қауіп тудырады, өйткені оны қару-жарақ деңгейіне дейін яғни, 90%-дық U-235 деңгейіне дейін жылдам жеткізуге болады. Сондықтан JCPOA ядролық келісімі бойынша Иранға уранды 3,67 пайыздан жоғары байытуға тыйым салынады, бұл ядролық энергетикалық реакторлар үшін тиісті деңгей. Иран JCPOA келіссөздеріне дейін уранды 20%-ға дейін байытқан болса, 2021 жылдың сәуірінде оны 60%-ға дейін байыта бастады. Ол сондай-ақ Фордодағы байыту жұмыстарын қайта бастады; центрифугалардың рұқсат етілгеннен көп жетілдірілген түрлері орнатылуда; ядролық қарудың маңызды материалы болып табылатын байытылған уран металын өндіруге қадамдар жасалды. Сонымен қатар, Иран МАГАТЭ-нің кепілдіктер туралы келісіміне қосымша хаттаманың орындалуын тоқтату арқылы халықаралық тергеушілердің қол жеткізуін айтарлықтай қысқартты.

Қазірге дейін жалғасын тапқан келіссөздер сәтсіз аяқталса және Иранның келісімді бұзғаны расталса, Біріккен Ұлттар Ұйымының барлық санкциялары 5 жылға ұзарту мүмкіндігімен 10 жылға автоматты түрде қалпына келтіріледі. Бұл Таяу Шығыстағы дағдарыстың шиеленісіп бара жатқанын және жылдар өткеннен кейін қол жеткізілген ядролық келісімнің босқа кеткенін білдіреді. Аймақтағы дағдарыстың одан әрі шиеленісіп кетпеуі және халықаралық мәселеге айналмауы үшін Еуропалық Одақ, Ресей және Қытай сияқты актерлар JCPOA-ны қайтадан сақтауға және АҚШ пен Иранды ортақ келісімге келтіруге күш салады деп күтілуде.

**Дереккөз:**

Argusmedia.com (2021). Иран АҚШ-тың мұнай мен банктік санкцияларды алып таста-

Китай, предпримут усилия, чтобы снова сохранить СВПД и сблизить США и Иран в какой-то момент.

**Источники:**

Argusmedia.com (2021). Иран заявил, что США согласились снять нефтяные и банковские санкции. Доступно по адресу: https://www.argusmedia.com/en/news/2216869-iran-says-us-has-agreed-to-lift-oil-banking-sanctions. Дата обращения: 12. 01.2022.

Armscontrol.org (2021). Краткий обзор Совместного всеобъемлющего плана действий (СВПД). Доступно по адресу: https://www.armscontrol.org/factsheets/JCPOA-at-a-glance. Дата обращения: 12. 01.2022.

BBC (2021). Иранская ядерная сделка. Доступно по адресу: https://www.bbc.com/news/world-middle-east-33521655. Дата обращения: 19. 12.2021.

Инициатива ядерного договора (2020). Хронология ядерной программы Ирана. Доступно по адресу: https://www.nti.org/learn/countries/iran/nuclear/. Дата обращения: 12.01.2022.

Международное агентство по атомной энергии (2021). Проверка и мониторинг в Исламской Республике Иран в свете резолюции 2231 (2015) Совета Безопасности Организации Объединенных Наций. Доступно по адресу: https://www.iaea.org/sites/default/files/21/11/gov2021-51.pdf. Дата обращения: 12.01.2022.

Iranprimer.usip.org (2020). Джо Байден об Иране. Доступно по адресу: https://iranprimer.usip.org/blog/2020/nov/09/joe-biden-iran. Дата обращения: 12.01.2022.

Old.iranintl.com (2021). Иран хочет ядерных переговоров, которые приведут к отмене санкций. Доступно по адресу: https://old.iranintl.com/en/iran-in-brief/iran-wants-nuclear-talks-lead-lifting-us-sanctions-raisi. Дата обращения: 12.01.2022.

Wall Street Journal (2021). Иранская ядерная сделка: что нужно знать, пока переговоры продолжаются. Доступно по адресу: https://www.wsj.com/articles/iran-nuclear-deal-explained-11610564572. Дата обращения: 19.12.2021.

уға келіскенін мәлімдеді. Сілтеме: https://www.argusmedia.com/en/news/2216869-iran-says-us-has-agreed-to-lift-oil-banking-sanctions. Қаралған уақыты: 12.01.2022.

Armscontrol.org (2021). Бірлескен кешенді іс-қимыл жоспары (JCPOA) бір көзқараста. Сілтеме: https://www.armscontrol.org/factsheets/JCPOA-at-a-glance. Қаралған уақыты: 12.01.2022.

BBC (2021). Иранның ядролық келісімі. Сілтеме: https://www.bbc.com/news/world-middle-east-33521655. Қаралған уақыты: 19.12.2021.

Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік (2021). Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің 2231 (2015) қарарына сәйкес Иран Ислам Республикасында тексеру және бақылау. Сілтеме: https://www.iaea.org/sites/default/files/21/11/gov2021-51.pdf. Қаралған уақыты: 12.01.2022.

Iranprimer.usip.org (2020). Джо Байден Иран туралы. Сілтеме: https://iranprimer.usip.org/blog/2020/nov/09/joe-biden-iran. Қаралған уақыты: 12.01.2022.

Ядролық келісімнің бастамасы (2020). Иранның ядролық бағдарламасының хронологиясы. Сілтеме: https://www.nti.org/learn/countries/iran/nuclear/. Қаралған уақыты: 12.01.2022.

Old.iranintl.com (2021). Иран санкцияларды алып тастауға әкелетін ядролық келіссөздерді қалайды. Сілтеме: https://old.iranintl.com/en/iran-in-brief/iran-wants-nuclear-talks-lead-lifting-us-sanctions-raisi. Қаралған уақыты: 12.01.2022.

Wall Street Journal (2021). Иранның ядролық келісімі: келіссөздер жалғасында нені білу керек Сілтеме: https://www.wsj.com/articles/iran-nuclear-deal-explained-11610564572. Қаралған уақыты: 19.12.2021.



# ГЛАВА 4.
# СОЦИАЛЬНО-ПОЛИТИЧЕСКИЕ И СОЦИАЛЬНО-КУЛЬТУРНЫЕ АСПЕКТЫ СТРАН ЕВРАЗИИ

# 4-ТАРАУ.
# ЕУРАЗИЯ ЕЛДЕРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ АСПЕКТІЛЕРІ

# СОЦИАЛЬНО-КУЛЬТУРНЫЕ РАЗВИТИЯ

## ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ДАМУ

# СОЦИАЛЬНЫЙ АСПЕКТ В АРХИТЕКТУРЕ ТУРКЕСТАНА
# ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫНЫҢ АРХИТЕКТУРАСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК АСПЕКТ

*Даулет Жайлыбаев**

Культура и образ жизни жителей тесно связаны с географическим расположением и архитектурными особенностями города. Формирование и развитие средневековых городов Центральной Азии и Казахстана особенно привязаны к социальной структуре и образа жизни населения. Туркестан – один из редких городов Казахстана с такой особенностью.

Архитектура древнего города Туркестана, одного из ярких образцов восточного стиля, отражает следы социальной структуры средневековья. Уникальное развитие архитектуры Туркестана также повлияло на развитие местного ремесла, резьбы по камню, торговли и культуры. Кроме того, разделение средневековых городов на цитадели (административный центр), шахристан (зона общественных зданий) и рабады (зоны проживания людей) определяет социальную структуру городского населения. [Байпаков, 1989]. В целом на архитектуру городских построек и домов оказал влияние традиционный семейный образ жизни. Например, положение и обязанности членов семьи дома, их рутинная деятельность в повседневной жизни считаются проявлением социальных отношений городских жителей. Например, большинство архитектурных произведений, сохранившихся в Туркестане со времен средневековья, состоят из религиозных комплексов. В частности, архитектурные сооружения возле мавзолея Ходжа Ахмеда Ясави являются доказательством жизни города в тот период. К таким типам архитектурных объектов относятся мечети, медресе, гробницы и надгробия. Религиозно-ритуальные комплексы в го-

Қала тұрғындарының мәдениеті мен өмір сүру дағдылары тікелей қаланың орналасқан орны мен архитектуралық ерекшелігіне байланысты. Соның ішінде Орталық Азия және Қазақстан территориясындағы ортағасырлық қалалардың қалыптасуы мен дамуы тұрғындардың әлеуметтік құрылымына және адамдардың өмір сүруіне ыңғайластырылған. Еліміздегі мұндай қаланың негізгі көрсеткіші ретінде Түркістан қаласын қарастыруға болады.

Көне Түркістан қаласының архитектурасы орта ғасырлардағы әлеуметтік құрылым мен шығыстық стильдің көрнекті үлгісінен хабар береді. Бұл Түркістан қаласының архитектурасының өзіндік ерекшелікпен дамуы жергілікті ортадағы қолөнердің, тас қашау өнерінің, сауда қатынастарының және мәдениеттің дамығанын көрсетеді. Сонымен қатар, ортағасырлық қалалардың цитадель (әкімшілік орталық), шахристан (қоғамдық ғимараттар орналасқан бөлігі) және рабадтар (қаланың қарапайым халықтар тұратын бөлігі) болып бөлінуі, қала халқының әлеуметтік құрылымын анықтайды [Байпақов, 1989]. Тұтас алғанда қала ғимараттары мен тұрғын үйлердің архитектурасына отбасындағы дәстүрлі этикеттің сақталуы әсер етті. Мысалы, отбасы мүшелерінің үйдегі орны мен қызметі, адам өміріндегі атқарылатын циклдық іс-шаралар қала тұрғындарының әлеуметтік қатынастың бір көрінісі ретінде қарастырылады. Мысалы, орта ғасырлардан бері сақталған Түркістандағы архитектуралық нысандардың негізгі бөлігі діни ғұрыптық кешендер-

* магистр, Евразийский научно-исследовательский институт, Казахстан.
daulet_87@bk.ru

роде в разное время выполняли разные политические и социальные функции. Это подтверждают артефакты, найденные при последующих археологических раскопках. Согласно сведениям исследователей, социальная структура города сохранялась до второй половины XIX века. Объекты на улицах вокруг мавзолея Хазрата Султана, рынков, чайных и т. д. важны с точки зрения отображения структуры города того периода. Поэтому российские исследователи, когда приехали в Туркестан, не скрывали, что чувствовали себя так, будто приехали в Париж [Гейнс, 1898; Массон, 1929].

Архитектурный облик Туркестана в конце XIX - начале XX веков и в советское время сформировался в результате строительства в городе железнодорожного вокзала, казарм, учебных заведений и ряда жилых домов. Из них до сих пор действует железнодорожный вокзал Туркестана, построенный в 1904 году. Опять же, одно из образовательных учреждений, оставшихся с того периода, сегодня служит Мемориальным музеем Саттара Ерубаева.

Культурное и социальное развитие Туркестана вносит много изменений в сегодняшнюю общественную жизнь. Об этом свидетельствует тот факт, что старый город развивается и расширяется за счет новых строений. В этом отношении дальнейшее культурное и социальное развитие областного центра напрямую зависит от человеческого капитала. Например, проживание в городской среде, независимо от возраста и пола, служит объединяющей силой. Это связано с тем, что многие рабочие места, досуг и вся жизнь связаны с определенными зданиями. В этой связи государство старается создать наиболее подходящие условия для улучшения культурной и общественной жизни в Туркестане. Этим объясняется, прежде всего, необходимость создания социального урбанизма. Это создает большие возможности для Туркестана по выходу на новый уровень в социокуль-

ден тұрады. Соның ішінде Қожа Ахмет Ясауи кесенесі маңындағы архитектуралық құрылыстар сол кездегі қала өмірінің куәсі болып табылады. Мұндай архитектуралық нысандардың қатарында мешіттер, медреселер, ескерткіш мазарлар мен құлпытастар кіреді. Қаладағы діни ғұрыптық кешендер әр кезеңде әртүрлі саяси және әлеуметтік қызмет атқарды. Оны кейінгі кезеңдегі археологиялық қазбалардан табылған артефактілер растайды. Сондай-ақ, қала өмірінің әлеуметтік жағдайы XIX ғасырдың екінші жартысындағы зерттеушілердің деректерінде сақталған. Онда Хазірет Сұлтан кесенесінің маңындағы көшелер, базарлардың құрылысы, шәйханалар және т.б. нысандардың қызметі беріледі және орыс зерттеушілері Түркістанға кіргенде Парижге келгендей әсер алғандарын жасырмайды [Гейнс, 1898; Массон, 1929].

Ал, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы және кеңестік кезеңдегі Түркістанның архитектуралық келбеті қаладағы темір жол вокзалы, әскери казармалардың, оқу орындарының және бір қатар тұрғын үйлердің құрылысымен сипатталады. Соның қатарында 1904 жылы салынған Түркістанның темір жол вокзалы қазіргі кезге дейін қызмет етіп келеді. Ал, сол кездегі оқу орындарының ғимараттары С. Ерубаев мемориалды музейінің ғимараты ретінде жұмыс істеп тұр.

Қазіргі кезде Түркістан қаласы тұрғындарының мәдени және әлеуметтік дамуы олардың өмір сүру дағдыларында да көптеген өзгерістер алып келуде. Бұл көне қаланың жаңа құрылыстармен толысып, кеңейе түсуінен айқын көрініс табады. Осы тұрғыда облыс орталығының әрі қарай мәдени әлеуметтік дамуы тікелей адами капиталға байланысты екенін айғақтайды. Мысалы, қала ғимаратындағы адамның өмір сүруі жас ерекшелігіне, жынысына қарамастан бір ортаға топтастырушы қызмет атқарады. Себебі, көптеген

турном контексте. В настоящее время социальную структуру Туркестана можно определить по основным направлениям строительства в городе. Так, стратегический план развития Туркестана до 2050 года предполагает два направления: первое – «Туркестан – древний туристический город», второе - «Туркестан для комфортной жизни» [Egov.kz, 2020]. Первая часть стратегического плана, реконструкция и строительные работы в древнем городе, направлена на улучшение культурной и социальной жизни городского сообщества. В городе появятся новые районы, различные деловые и торговые центры. Это свидетельствует о том, что роль человеческого капитала важна в повышении культурного потенциала города [Cyberleninka.ru, 2017]. Соответственно, в старом городе новые музеи, арт-центры, театры, дома культуры, исследовательские центры и социальные объекты, построенные в восточном стиле, должны повышать качество жизни общества. Этот вопрос является одним из приоритетов текущих городских преобразований. С другой стороны, здания, спроектированные для города в старинном восточном стиле, показывают, что Туркестан – средневековый город и поддерживает традиционные ценности. В постмодернистской архитектуре он рассматривается как перекресток местных традиций и инноваций [Дженкс, 1985]. Кроме того, увеличение количества зон отдыха, парков и фонтанов, расположенных в разных частях Туркестана, позволит жителям и гостям города эффективно организовать свой досуг. В целом основные социальные вопросы в жизни города связаны с развитием инфраструктуры. В связи с этим у города Туркестан есть проблемы. В частности, к главным проблемам древнего города относятся качество питьевой воды, загрязнение воздуха и состояние окружающей среды. Кроме того, неудобства связаны с ремонтом дорог в городе, установкой мусорных баков, устройством проездов для людей

адамдардың жұмыс орны, бос уақыты және тұтас өмірі белгілі бір ғимараттармен байланысты. Осыған байланысты мемлекет тарапынан Түркістан қаласының мәдени әлеуметтік өмірін жақсартуға барынша жағдай жасалып келеді. Бұл ең алдымен әлеуметтік урбанизмді қалыптастыру қажеттігін түсіндіреді. Бұл Түркістанның мәдени әлеуметтік тұрғыда жаңа деңгейге көтерілуіне мол мүмкіндіктер туғызады. Ал, қазіргі кезде Түркістанның әлеуметтік құрылымын қала ішіндегі құрылыс нысандарының негізгі бағыттары арқылы анықтауға болады. Мысалы, Түркістанның 2050 жылға дейінгі стратегиялық жоспары екі бөлікке бөлінген, оның алғашқысы көне «Түркістан – туризм қаласы» болса, кейінгі бөлігі «Түркістан қолайлы өмір үшін» деп аталады [Egov.kz, 2020]. Стратегиялық жоспардың алғашқы бөлігі көне қала аумағындағы құрылыс нысандарының қала тұрғындарының мәдени әлеуметтік өмірінің дамуына бағытталған. Ал, жаңа ықшам аудандар әр түрлі бизнес орталықтар, өнеркәсіп орындары және сауда үйлерімен толықтырылатын болады. Бұл, қаланың мәдени әлеуетін көтеру үшін адами капиталдың орны ерекше екенін көрсетеді [Cyberleninka.ru, 2017]. Осыған сәйкес көне қала аумағындағы жаңадан бой көтеріп жатқан музейлер, өнер орталықтары, театрлар, мәдениет үйі, ғылыми орталықтар және шығыстық үлгіде салынып жатқан әлеуметтік нысандар тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруы тиіс. Бұл қазіргі таңда қала құрылысының басты басымдықтарының бірі болып отыр. Сонымен қатар, қаладағы көне шығыстық стильдегі әрлеу жұмыстарының жүргізілуі Түркістанның ортағасырлық қала екенін көрсетіп, дәстүрлі құндылықтарды дәріптейтінін көрсетеді. Мұны постмодернистік архитектурада жергілікті дәстүр мен жаңашылдықтың тоғысатын үлгісі ретінде қарастырады [Дженкс, 1985]. Сонымен қатар, Түркістанның әр

с ограниченными возможностями, обустройством зон обслуживания на стоянках и в парках. Эти проблемы необходимо решать в процессе реструктуризации.

Современные архитектурные сооружения в городах стремятся повысить качество жизни общества. В этом контексте строящиеся здания туристического и административного центра Туркестана имеют свою уникальную функцию. Это показывает, что архитектурные сооружения в современном Туркестане выполняют многофункциональную функцию. Например, в крупных бизнес-центрах доступна не только деятельность бизнес-структур, но и обучающие курсы, магазины и кафе и прочие услуги. В отличие от современных тенденций, подобные возможности обеспечивают централизацию многопрофильных служб в городе. Впоследствии создаются условия для комфортного проживания людей в здании.

В Генеральном плане, подготовленном для развития Туркестана, прогнозируется, что к 2050 году население города достигнет 500 тысяч человек [Генеральный План, 2019]. Возникает вопрос о комплексном расширении города и увеличении жилищного строительства. В связи с этим планом предусмотрено расширение жилищного проекта в Туркестане. Например, по данным на 2019 год, 92,2% жилых домов в Туркестане одноэтажные, а их площадь составляет 3,3 миллиона квадратных метров. Согласно Генеральному плану развития Туркестана, решено увеличить площадь жилищных проектов, в основном многоэтажных, до 9,3 млн квадратных метров к 2035 году. [Генеральный План, 2019]. Кроме того, планируется быстро увеличить строительство социальных объектов, таких как школы, детские сады и поликлиники. Эти планы создадут благоприятные условия для решения социальных проблем города.

Таким образом, основной целью строительства социальных структур в Турке-

бөлігінде орналасқан демалыс орындарының, саябақтардың көбеюі мен су бұрқақтардың орнатылуы тұрғындар мен қала қонақтарының бос уақытын тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Жалпы қала өміріндегі негізгі әлеуметтік мәселелер инфрақұрылымның дамуымен байланысты. Бұл тұрғыда Түркістан қаласының да күрделі мәселелері қалыптасқан. Оның ішіне қаладағы сапалы ауыз су мәселесі, таза ауа мен экологиялық жағдайдың дұрыс болуы көне қаланың негізгі мәселесінің қатарында. Сонымен қатар, қала ішіндегі жолдардың жөнделуі, қоқыс жәшіктердің орнатылуы, мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған жолақтар, тұрақтар және саябақтардағы қызмет көрсету орындарының ретімен орналасуы қала өмірінің әлеуметтік мәселелерін қамтиды.  Бұл мәселелер қаладағы қазіргі қалыптасып отырған құрылыс нысандардың архитектуралық ерекшелігіне қарай, олардың қызметі аясында шешілуі тиіс.

Қазіргі қалалардағы заманауи архитектуралық нысандар адам өмірінің қолайлылық үдесінен шығуды көздейді. Бұл ретте Түркістан қаласының туристік және облыстың әкімшілік орталығы ретінде салынып жатқан ғимараттардың өзіндік функциясы бар. Ол қазіргі Түркістандағы архитектуралық нысандар көпфункционалды қызмет атқаратынын анықтайды. Мәселен, ірі бизнес орталықтарында тек қана бизнес құрылымдардың қызметі емес, сондай-ақ оқу курстарының, сауда орындары мен дәмханалардың және т.б. қызметтер де табылады. Заманауи үрдістерге қарағанда мұндай құбылыстар қаладағы көпсалалы қызметтердің орталықтануын қарастырады. Соның негізінде адамдардың ғимарат ішінде өзіне қолайлы өмір сүруіне жағдай жасалады.

стане является облегчение жизни горожан и организация их в соответствии с современными тенденциями. С другой стороны, жилые дома и общественные здания, построенные в разные периоды древнего Туркестана, будут и дальше раскрывать свою историю. Более того, социальные тенденции в городской архитектуре признаны основной исследовательской целью изучения городской антропологии. Это свидетельствует о необходимости символического, семиотического изучения архитектуры Туркестана в будущем.

**Источники:**

Байпаков, Карл Молдахметович и Подушкин, Александр Николаевич (1989). Памятники земледельческо-скотоводческой культуры Южного Казахстана (I тыс. н. э.). – Алма-Ата: Наука. – с. 11.

Cyberleninka.ru (2017). Елисеева Екатерина Викторовна. Роль креативных пространств в современной городской среде. Доступно по адресу: https://cyberleninka.ru/article/n/rol-kreativnyh-prostranstv-v-sovremennoy-gorodskoy-srede. Дата обращения: 15.09.2020.

Генеральный План (2019). Основные положения проекта генерального плана развития Туркестана как культурного и духовного центра тюркского мира. Доступно по адресу: http://turkistan.gov.kz/ru/generalnyy-plan. Дата обращения: 12.01.2021.

Гейнс, Александр Константинович (1898). Сборник сочинений. Путешествия в Туркестан. СПб. 2. сс. 267–268.

Дженкс, Чарльз (1985). Язык постмодернистской архитектуры. М., Стройиздат, сс. 96–98.

Egov.kz (2020). Стратегия развития Туркестана до 2050 года. Доступно по адресу: https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-kalasy/documents/details/52421?lang=ru. Дата обращения: 20.09.2020.

Массон, Михаил Евгеньевич (1929). О постройке мавзолея Ходжи Ахмета в городе Туркестане // Известия Среднеазиатского географического общества. – Ташкент. 19. сс. 39–45.

Түркістан қаласын дамытудың Бас жоспарында қала тұрғындарының саны 2050 жылға қарай 500 мың адамды құрайтынын көрсетеді [Басжоспар, 2019]. Бұл қаланың жан-жақты кеңейіп, тұрғын үйлердің көбеюін қамтамасыз ету мәселесін туындатады. Осыған орай жоспарда Түркістан қаласының тұрғын жай қорын кеңейту қарастырылған. Мысалы, 2019 жылғы көрсеткіш бойынша Түркістан қаласындағы тұрғын жайдың 92,2%-ы бір қабатты үйлер болған. Бұл 3,3 млн. шаршы метрді құрады. Аталмыш Жоспар бойынша 2035 жылға қарай тұрғын үй қорын 9,3 млн. шаршы метрге дейін көбейту бекітілген [Басжоспар, 2019]. Оның басым бөлігі көп қабатты үйлерден тұратын болады. Сонымен қатар, мектеп, балабақша және емхана сынды әлеуметтік нысандардың құрылысы қарқынды өсетіні жоспарланған. Бұл қаланың әлеуметтік мәселелерін шешуге оңтайлы жағдай жасайтын болады.

Қорытындылай келе, Түркістан қаласында орналасқан әлеуметтік нысандардың басты мақсаты қала халқының өмірін қолайлы ету, қазіргі заманауи трендтерге сай етіп ұйымдастыру болып табылады. Ал, ескі Түркістандағы әртүрлі кезеңде салынған тұрғын үйлер мен қоғамдық ғимараттар өз тарихын айшықтай беретін болады. Сонымен қатар, қала архитектурасындағы әлеуметтік үрдістер қала антропологиясының негізгі зерттеу нысаны ретінде қарастырылады. Бұл келешекте Түркістан қаласының архитектурасын символикалық, семиотикалық тұрғыда зерттеу қажеттігін түсіндіреді.

**Дереккөз:**

Байпаков, Карл Молдахметұлы және Подушкин, Александр Николаевич (1989). Оңтүстік Қазақстанның егіншілік және малшылық мәдениет ескерткіштері (б.з.б. I мыңжылдық). – Алма-Ата: Ғылым. – 11-б.

Басжоспар (2019). Түркістан қаласын түркі әлемінің мәдени және рухани орталығы ретінде дамытудың бас жоспары жобасының негізгі ережелері. Сілтеме: http://turkistan.gov.kz/ru/generalnyy-plan. Қаралған уақыты: 12.01.2021.

Cyberleninka.ru (2017). Елисеева Екатерина Викторовна. Қазіргі қалалық ортадағы шығармашылық кеңістіктердің рөлі. Сілтеме: https://cyberleninka.ru/article/n/rol-kreativnyh-prostranstv-v-sovremennoy-gorodskoy-srede. Қаралған уақыты: 15.09.2020.

Гейнс, Александр Константинович (1898). Шығармалар жинағы. Түркістанға саяхат. СПб. 2. бб. 267–268.

Дженкс, Чарльз (1985). Постмодернизм сәулет өнерінің тілі. М., Стройиздат. бб. 96–98.

Egov.kz (2020). Түркістан қаласының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы. Сілтеме: https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-kalasy/documents/details/52421?lang=ru. Қаралған уақыты: 20.09.2020.

Массон, Михаил Евгеньевич (1929). Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет кесенесінің құрылысы туралы // Орталық Азия географиялық қоғамының жаңалықтары.– Ташкент. 19. бб. 39–45.

# ГУМАНИТАРНЫЕ И КУЛЬТУРНЫЕ ПРОЕКТЫ: ПОДДЕРЖКА И ФИНАНСИРОВАНИЕ
# ГУМАНИТАРЛЫҚ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ЖОБАЛАР: ҚОЛДАУ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

*Гульнар Надирова* *

Вопрос поддержки и финансирования культурных и гуманитарных исследований, проектов и программ была и остается сложной задачей для многих стран. Суть гуманитарной и культурной деятельности заключается в том, что она не приносит значительного дохода, не поддается коммерциализации, как технологические или естественнонаучные отрасли знания. Как правило, затраты на такие проекты покрываются за счет государственного бюджета, хотя различные фонды и целевые программы могут служить дополнительными источниками финансирования [Климкович, 2015]. Во время пандемии коронавируса стало сложнее оценить актуальность многих гуманитарных областей, поскольку глобальные попытки противостоять вирусу автоматически привели к сокращению многих инициатив и программ. Таким образом, все ресурсы слабеющих экономик были направлены на спасение человечества от реальной угрозы. Но эксперты в области философии, литературы и культуры предлагают свои взгляды во время кризиса и хотят работать вместе с другими учеными в борьбе с COVID-19.

Роль гуманитарных и культурных проектов в современном мире трудно переоценить. Они нацелены на решение социальных проблем, таких как повышение культурного и образовательного уровня населения, формирование здорового образа жизни и поведения в условиях кризиса, снятие социальной и межэтнической напряженности. Однако они также помогают анализировать моральные и социальные проблемы (например,

Мәдени-гуманитарлық салалардағы зерттеулер, жобалар мен бағдарламаларды қолдау және қаржыландыру көптеген елдер үшін әрдайым қиын болған және қиын болып қала беруде. Гуманитарлық және мәдени іс-шаралардың негізінде олардың айтарлықтай табыс әкелмеуі және технологиялық немесе жаратылыстану ғылымдарындағыдай коммерцияландыру үшін қолайсыз болуы мәселесі бар. Жалпы, әр түрлі қорлар мен арнайы бағдарламалар қосымша қаржыландыру көзі болғанына қарамастан, мұндай жобалардың шығындары мемлекеттік бюджеттің есебінен жабылады [Климкович, 2015]. COVID-19 пандемиясы кезінде вирусқа қарсы жаһандық шаралар автоматтық түрде көптеген бастамалар мен бағдарламалардың азюына әкеліп, бірқатар гуманитарлық салалардың жарамдылығын бағалау қиынға соқты. Осылайша, әлсіреген экономикалардың барлық ресурстары адамзатты нақты қауіптен құтқару үшін бағытталды. Алайда философия, әдебиет және мәдениет мамандары дағдарыс кезінде өз көзқарастарын ұсыну арқылы COVID-19-ға қарсы күресте басқа пәндердің ғалымдарымен жұмыс істеуге дайын екенін білдірді.

Қазіргі әлемдегі гуманитарлық және мәдени жобалардың рөлін болжау қиын. Олар халықтың мәдени-білім деңгейін көтеру, дағдарыстар кезінде салауатты өмір салты мен іс-әрекеттерін қалыптастыру, әлеуметтік және этникалық шиеленісті азайту сияқты әлеуметтік мәселелерді шешуге бағыт-

* проф., к.и.н., Евразийский научно-исследовательский институт, Казахстан
gulnad@mail.ru

концепция справедливости или благополучия, вопросы права) и возможные последствия для государственной политики. Исторические исследования, концепции, разработанные в философии или теологии, могут помочь сформировать текущую политику, опираясь на понимание прошлого путем интерпретации множества точек зрения, моделей и влияний. Литература, искусство, психология и другие дисциплины иллюстрируют социальные и экономические проблемы, углубляя понимание сути и динамики трансформаций социальных процессов и мировоззрений, индивидуальных и коллективных, которые претерпевают стремительные изменения на наших глазах. Гуманитарные науки могут быть особенно эффективными в сотрудничестве с социальными дисциплинами при реализации государственной политики, как непосредственно в форме рекомендаций и обоснования принципов новой политики, так и косвенно, путем оценки принятых мер, действующего законодательства и т.д. [О'Брайен, 2019]. Вот почему многие политические организации и международные институты заинтересованы в поддержке гуманитарных и культурных исследований, включая, среди прочего, обучение нового персонала, создание новых программ и сохранение рабочих мест в этих областях.

В качестве положительного примера такого интереса мы можем указать на некоторые меры, объявленные в мае 2021 года президентом США Джозефом Байденом, которые были одобрены академическим сообществом в Соединенных Штатах. В частности, он предложил значительно увеличить финансирование агентства управления культурой и искусством страны в рамках бюджета в 6 триллионов долларов на 2022 финансовый год. Представитель Национального фонда искусств сказал, что «увеличение инвестиций в агентство позволит ему оказывать критически важную поддержку сектору искусства, поскольку он упорно

талған. Ол сондай-ақ моральдық және әлеуметтік мәселелер (әділеттілік, әл-ауқат және заң сияқты) мен мемлекеттік саясаттың мүмкін салдарын талдауға көмектеседі. Тарихи зерттеулерде, философияда немесе теологияда жасалған тұжырымдамалар көптеген көзқарастарды, заңдылықтар мен әсерлерін түсіндіру арқылы өткенді түсіну негізінде қазіргі саясатты қалыптастыруға көмектеседі. Әдебиет, өнер, психология және басқа пәндер, күнделікті өзгеріп отыратын әлеуметтік үдерістер мен  жеке және ұжымдық дүниетанымдардың өзгеру мәні мен динамикасын түсінуді арттыру арқылы әлеуметтік және экономикалық мәселелерді бейнелейді. Гуманитарлық ғылымдар мемлекеттік саясатты жүзеге асыруда тікелей кеңес беру түрінде де, жаңа саясат принциптерін негіздеуде де, жанама түрде қабылданған шараларды, әсіресе қолданыстағы заңнаманы бағалауда әлеуметтік пәндермен ынтымақтастықта тиімді бола алады [О'Брайан, 2019]. Осы себепті көптеген саяси ұйымдар мен халықаралық институттар, басқа да қиындықтармен қатар, жаңа кадрларды даярлау, жаңа бағдарламалар құру және осы салалардағы жұмыс орындарын сақтау және гуманитарлық және мәдени зерттеулерді қолдаумен айналысуы қажет.

Осы қызығушылықтың мысалы ретінде 2021 жылы мамырда Америка құрама штаттарының (АҚШ) Президенті Жозеф Байден жариялаған және АҚШ-тың академиялық қауымдастығы қолдаған кейбір шараларды көрсетуге болады. Атап айтқанда, Байден 2022 қаржы жылына арналған 6 триллион долларлық бюджет аясында елдің мәдениет және өнер агенттіктеріне берілетін қаржыны едәуір арттыруды ұсынды. Ұлттық өнер қорының өкілі: «Агенттікке инвестицияның көбеюі оны экономиканы ынталандыратын өнер қызметін қайта ашу, қайта жалдау және насихаттау үшін күресіп жатқан

пытается возобновить и стимулировать деятельность в области искусства, которая будет стимулировать экономику» [Боули, 2021]. Национальный фонд гуманитарных наук объявил о выделении 51,6 миллиона долларов на финансирование 56 государственных и юрисдикционных гуманитарных советов и временных партнеров для поддержки культурных групп, общественных и гуманитарных образовательных программ по всей стране [Стойлас, 2021]. По мнению экспертов, в европейских странах финансовая поддержка гуманитарных наук и искусств рассматривается как функция государства. Например, Министерство культуры Великобритании в течение многих лет ежегодно тратило более 1 миллиарда долларов на искусство. В то же время широко использовались возможности для финансирования исследований в гуманитарной и культурной областях из широкого круга источников, включая Исследовательский совет Великобритании, Британскую академию, Leverhulme Trust, Британский Красный Крест и другие [Правительство Великобритании, 2020].

В Центральной Азии подход к проектам, поддерживаемый государством, всегда был преобладающим, но есть несколько успешных примеров проектов государственно-частного партнерства в культурном секторе. В качестве примера частных проектов в Центральной Азии мы могли бы показать Международную академическую сеть PEER, финансируемую Советом по исследованиям в области искусства и гуманитарных наук (AHRC), британский исследовательский совет и вневедомственные правительственные органы, которые созданы для проведения совместных исследований некоторых из наиболее актуальных проблем глобального развития в области искусства и гуманитарных наук. Эта модель сотрудничества была разработана для поддержки исследователей и неакадемических партнеров в странах с низким и средним уровнем доходов. Ученые из

кезде оны өнер индустриясына сыни қолдау көрсетуге итермелейді» деген болатын [Боули, 2021]. Гуманитарлық ғылымдар ұлттық қоры бүкіл елдегі мәдени топтар мен қоғамдастық пен гуманитарлық білім беру бағдарламаларын қолдау үшін 56 мемлекеттік және юрисдикциялық гуманитарлық кеңестер мен уақытша серіктестерге 51,6 миллион доллар қаржыландыратынын жариялады [Стойлас, 2021]. Сарапшылардың пікірінше, Еуропа елдеріндегі гуманитарлық және өнер салаларына қаржылық қолдау көрсету үкіметтің функциясы ретінде қарастырылады. Мысалы, Ұлыбританияның Мәдениет министрлігі бірнеше жылдар бойы өнерге жылына 1 миллиард доллардан астам қаражат жұмсаған. Сонымен бірге, гуманитарлық және мәдени салалардағы зерттеулерді қаржыландыру мүмкіндіктері Ұлыбританияның зерттеу кеңесі, Британ академиясы, Leverhulme Trust және Британдық қызыл крест сияқты серіктерстіктер арқылы жүзеге асырылады [Ұлыбритания үкіметі, 2020].

Мемлекеттік қолдау моделі Орталық Азияда кең таралған және мәдени секторда мемлекеттік-жекеменшік серіктестік жобаларының сәтті мысалдарының бар екендігін айтуға болады. Жекеменшік серіктестік жобаларға мысал ретінде вВедомстволық емес мемлекеттік агенттік пен Өнер және гуманитарлық зерттеулер кеңесінің (AHRC) қаржыландыруымен PEER Халықаралық академиялық желісінің өнер және гуманитарлық ғылымдар саласындағы іс-шараларын көрсете аламыз. Осы кеңес ең маңызды жаһандық дамудың кейбір мәселелері бойынша бірлескен зерттеулер жүргізу үшін құрылды. Бұл ынтымақтастық моделі төмен және орташа табысы бар елдердегі зерттеушілер мен академиялық емес серіктестерді қолдау мақсатында жасалған. Орталық Азия ғалымдары PEER желісінен 30,000 фунт стерлингке дей-

Центральной Азии могут получить до 30,000 фунтов стерлингов в виде исследовательских грантов от сети PEER. Это сотрудничество сосредоточено на междисциплинарных целевых исследованиях и укрепляет исследовательский потенциал Великобритании и развивающихся стран. Сеть объединяет 4 ведущих университета: из Казахстана (Назарбаев Университет), ЮАР (Университет Кейптауна), Англии (Университет Сассекса) и Северной Ирландии (Университет Ольстера) [Кусаинова, 2021].

В странах Европейского Союза существует сеть европейских исследовательских университетов, объединенных в ассоциацию под названием «Гильдия», которая стремится позиционировать наукоемкие университеты как основные движущие силы европейской экономики знаний. Они активно продвигают понимание культуры, что значит быть человеком и защитником прав человека. Они также играют ведущую роль в дискуссиях о важности исследований и образования на благо общества, культуры и экономики. Именно поэтому Гильдия университетов поздравила Совет Европейского Союза, Европарламент и Европейскую Комиссию с завершением переговоров по созданию программ Horizon Europe и Erasmus + на 2021-2027 годы. По итогам переговоров бюджет Horizon Europe составил 95,5 миллиарда евро. Учреждения ЕС также достигли соглашения по следующей программе Erasmus +. С общим бюджетом в 26 миллиардов евро Erasmus + будет иметь решающее значение для поддержки сектора образования в течение следующих семи лет. Это долгожданное увеличение бюджета должно гарантировать, что большие ожидания от многоцелевой программы могут быть выполнены. В частности, Erasmus + должен поддерживать мобильность более 10 миллионов человек [Гильдия б.д.].

Европейские университеты объявили, что они будут продолжать взаимодействовать с политиками, способствовать

інгі ғылыми гранттарды ала алады. Бұл ынтымақтастық пәнаралық, мақсатты зерттеулерге бағытталған және Ұлыбритания мен дамушы елдердің зерттеу әлеуетін күшейтуде. Желі Қазақстанның (Назарбаев университеті), Оңтүстік Африканың (Кейптаун университеті), Англияның (Суссекс университеті) және Солтүстік Ирландияның (Ольстер университеті) жетекші 4 университетін біріктіреді [Кусаинова, 2021].

Еуропалық одақ (ЕО) елдерінде ғылыми бағыттағы университеттерді еуропалық білім экономикасының негізгі драйвері ретінде орналастыруға бағытталған «the Guild» атты бірлестікке біріктірілген еуропалық зерттеу университеттерінің желісі бар. Бұл желі мәдениетті түсінуге, яғни адам мен адам құқықтарын насихаттауды білдіреді, сонымен қатар қоғамға, мәдениетке және экономикаға пайда келтіру үшін зерттеулер мен білімнің маңыздылығы туралы пікірталастарда жетекші рөл атқарады. Сондықтан Гильдия университеттері ЕО-ның Кеңесінің, Еуропалық Парламенттің және Еуропалық Комиссияның 2021-2027 жылдарға арналған «Horizon Europe» және «Эразмус+» бағдарламаларын құру жөніндегі келіссөздерді аяқтауға қолдауын жоғары бағалады. Келіссөздер нәтижесінде Horizon Europe бюджеті 95,5 миллиард еуроға жетті. ЕО институттары да келесі Эразмус+ бағдарламасы туралы келісімге келді. Жалпы бюджеті 26 миллиард еуроны құрайтын Эразмус+ бағдарламасы алдағы жеті жылда білім беру саласын қолдау үшін өте маңызды болады. Бұл көптен күткен бюджеттің ұлғаюы көп мақсатты бағдарламаның үлкен үміттерін қанағаттандыруға бағытталған. Атап айтқанда, Эразмус+ бағдарламасы 10 миллионнан астам адамның ұтқырлығын қолдауға бағытталған [Гильдия, б.д.].

Еуропалық университеттер саясаткерлермен қарым-қатынас жасау,

общественным дебатам, совершенствовать высшее образование и сотрудничать с частными и государственными учреждениями для решения глобальных проблем [Гильдия, 2020]. Исследователи из университетов по всему миру работают над тем, чтобы понять, как пандемия COVID-19 влияет на нашу жизнь. Уже стало ясно, что пандемии коренным образом меняют образ жизни человеческих обществ. Социальные и гуманитарные дисциплины могут сыграть решающую роль в жизненно важных процессах принятия решений.

Академический мир видит свою миссию в создании новых форм гуманитарного и культурного диалога для смягчения угроз конфликтов, маргинализации, дислокации и других социальных катаклизмов. Это принципиально важно, особенно в условиях глобальных кризисов. В Центральноазиатском регионе чрезвычайно важна роль межкультурного диалога и уважения разнообразия культур и искусств, особенно в укреплении взаимопонимания, предотвращении культурных, языковых и этнических разделений, а также в сохранении различных идентичностей. Однако эти направления, в свою очередь, нуждаются в поддержке и развитии. Как оказалось, все в мире, включая людей, взаимосвязано и взаимозависимо.

**Источники:**

Боули, Грэм (2021). Финансирование Национального фонда искусств увеличится по плану Байдена. Доступно по адресу: https://www.nytimes.com/2021/05/28/arts/national-endowment-for-the-arts-funding.html. Дата обращения: 24.06.2021.

Гильдия (2020). Гуманитарные науки во время пандемии: поддержка обществ, борющихся с COVID-19. Доступно по адресу: https://www.the-guild.eu/news/2020/humanities-in-pandemic-times.html. Дата обращения: 24.06.2021.

Гильдия (без даты). Видение Гильдии. Доступно по адресу: https://www.the-guild.eu/about/vision. Дата обращения: 24.06.2021.

Климкович, Евгения (2015). Финансирование

қоғамдастық алмасуды ынталандыру, жоғары білімнің жақсырақ дамуына көмектесу және жаһандық қиындықтарға қарсы тұру үшін мемлекеттік және жеке ұйымдармен серіктестік қарым-қатынасты жалғастыра беретіндігін мәлімдеді [Гильдия, 2020]. Әлемдегі университеттердің зерттеушілері COVID-19 пандемиясының өмірімізге қалай әсер ететінін түсіну үшін жұмыс істейді. Індеттің қоғамдардың өмір салтын түбегейлі өзгерткені қазірдің өзінде айқын. Шешім қабылдаудың маңызды үдерістерінде әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар шешуші рөл атқара алады.

Ғылыми орта жанжал, маргиналдану, қоныс аудару және басқа да әлеуметтік апаттардың қаупін азайту үшін гуманитарлық және мәдени диалогтың жаңа түрлерін құруді көздейді. Бұл, әсіресе, жаһандық дағдарыстар жағдайында өте маңызды. Орталық Азия аймағында мәдениетаралық диалог, мәдениет және өнер әртүрлілігін құрметтеу, әсіресе, өзара түсіністікті нығайтуда, мәдени, тілдік және этникалық алауыздықтың алдын алу және әртүрлі жеке тұлғаларды сақтауда маңызды болып табылады. Алайда, бұл бағыттар да қолдау мен дамуды қажет етеді. Әлемдегі барлық нәрсе, оның ішінде адамдар да өзара байланысты және бір-біріне тәуелді.

**Дереккөз:**

Боули, Грэм (2021). Ұлттық өнер қорын қаржыландыру Байден жоспары бойынша өседі. Сілтеме: https://www.nytimes.com/2021/05/28/arts/national-endowment-for-the-arts-funding.html. Қаралған уақыты: 24.06.2021.

Климкович, Евгения (2015). Қазіргі кезеңдегі әлеуметтік-мәдени жобаларды қаржыландыру. Сілтеме: https://cyberleninka.ru/article/n/finansirovanie-sotsialno-kulturnyh-proektov-na-sovremennom-etape. Қаралған уақыты: 20.06.2021.

Кусаинова, Жамиля (2021). Орталық Азия ғалымдары PEER желісінің зерттеу гранттарын ала алады. Сілтеме: https://nu.edu.kz/news/central-

социально-культурных проектов на современном этапе. Доступно по адресу: https://cyberleninka.ru/article/n/finansirovanie-sotsialno-kulturnyh-proektov-na-sovremennom-etape. Дата обращения: 20.06.2021.

Кусаинова, Жамиля (2021). Ученые из Центральной Азии могут получить исследовательские гранты от сети PEER. Дата обращения: 07.02.2021.

О'Брайен, Карен (2019). Что гуманитарные дисциплины могут привнести в политику? Гуманитарные науки и участие в политике. Введение для исследователей. Доступно по адресу: https://torch.ox.ac.uk/sites/default/files/torch/documents/media/humanities_and_policy_engagement.pdf. Дата обращения: 24.06.2021.

Правительство Великобритании (2020). Инвестиции в размере 1,57 миллиарда фунтов стерлингов для защиты британских учреждений культуры, искусства и наследия мирового класса. Доступно по адресу: https://www.gov.uk/government/news/157-billion-investment-to-protect-britains-world-class-cultural-arts-and-heritage-institutions. Дата обращения: 01.07.2021.

Стойлас, Хелен (2021). Байден хочет увеличить финансирование культуры до исторического уровня в рамках бюджетного предложения на 6 триллионов долларов. Доступно по адресу: https://www.theartnewspaper.com/news/biden-wants-to-boost-culture-funding-to-historic-levels-as-part-of-usd6-trillion-budget-proposal. Дата обращения: 24.06.2021.

asian-scholars-can-receive-peer-network-research-grants. Қаралған уақыты: 02.07.2021.

О'Брайан, Карен (2019). Гуманитарлық пәндер саясатқа не әкелуі мүмкін? Гуманитарлық ғылымдар мен саясатқа қатысу. Зерттеушілерге арналған кіріспе. Сілтеме: https://torch.ox.ac.uk/sites/default/files/torch/documents/media/humanities_and_policy_ngagement.pdf. Қаралған уақыты: 24.06.2021.

Ұлыбритания үкіметі (2020). Ұлыбританияның әлемдік деңгейдегі мәдениет, өнер және мұра институттарын қорғауға £1,57 миллиард инвестиция. Сілтеме: https:/sitehttps://www.gov.uk/government/news/157-billion-investment-to-protect-britains-world-class-cultural-arts-and-heritage-institutions. Қаралған уақыты: 01.07.2021.

Стойлас, Хелен (2021). Байден 6 триллион долларлық бюджет ұсынысының бөлігі ретінде мәдениетті қаржыландыруды тарихи деңгейге көтергісі келеді. Сілтеме: https://www.theartnewspaper.com/news/biden-wants-to-boost-culture-funding-to-historic-levels-as-part-of-usd6-trillion-budget-proposal. Қаралған уақыты: 24.06.2021.

Гильдия (2020). Пандемия уақытындағы гуманитарлық ғылымдар: COVID-19-мен күресетін қоғамдарды қолдау. Сілтеме: https://www.the-guild.eu/news/2020/humanities-in-pandemic-times.html. Қаралған уақыты: 24.06.2021.

Гильдия (т.ж.). Гильдия көрініс. Сілтеме: https://www.the-guild.eu/about/vision. Қаралған уақыты: 24.06.2021.

# ТЕНЕВЫЕ СОЦИАЛЬНЫЕ АСПЕКТЫ ПАНДЕМИИ
# ПАНДЕМИЯНЫҢ КӨЛЕҢКЕЛІ ӘЛЕУМЕТТІК ТҰСТАРЫ

*Гульнар Надирова**

Пандемия COVID-19, как уже отмечали многие эксперты и наблюдатели, не столько породила, сколько усилила и обострила некоторые негативные тенденции, существовавшие в обществе и до ее появления. Текущая ситуация показывает, что многие полускрытые проблемы в обществе внезапно превратились в социальные болевые точки, игнорировать которые перестало быть возможным, даже учитывая наличие множества других проблем. Среди этих внезапно обострившихся проблем - явление, получившее название «теневая пандемия». Так же, как «теневая экономика», «теневое образование» и другие подобные словосочетания, этот термин несет значение чего-то неформального, скрытого от общества и государства, и фактически отражает резко возросший уровень насилия в отношении женщин и девочек в условиях пандемии COVID-19.

По данным Организации Объединённых Наций (ООН), еще до появления COVID-19 домашнее насилие было одним из самых серьезных нарушений прав человека. Например, за год до пандемии 243 миллиона женщин и девочек (в возрасте от 15 до 49) во всем мире подверглись сексуальному или физическому насилию. В контексте COVID-19, когда миллиарды людей оказались изолированы в замкнутых пространствах, и агрессия многих из них возросла, количество правонарушений в отношении женщин резко увеличилось [Организация Объединённых Наций Женщины, 2020a]. Обеспокоенность безопасностью, здоровьем, финансами, стесненными жилищными условиями, принудительной

Көптеген сарапшылар мен бақылаушылар атап өткендей, COVID-19 пандемиясы жаңа теріс тенденциялардың қалыптасуында айтарлықтай рөл атқарған жоқ, бірақ қоғамдағы кейбір жағымсыз тенденцияларды күшейтуге ықпал етті. Қазіргі жағдай қоғамдағы көптеген жартылай жасырын мәселелердің кенеттен ауыр әлеуметтік мәселелерге айналғанын, тіпті басқа да көптеген қиындықтардың арасында елеусіз қалмайтынын көрсетеді. Осы кенеттен күшейген мәселелер «көлеңкелі індет» атты құбылысты тудыратынын айтуға болады. «Көлеңкелі экономика», «көлеңкелі білім» және сондай тіркестер сияқты бұл термин де бейресми, қоғам мен мемлекеттен жасырын нәрсенің мағынасында қолданылады және іс жүзінде эпидемия кезінде әйелдер мен қыздарға қатысты зорлық-зомбылықтың күрт өсуін білдіреді.

Біріккен ұлттар ұйымының (БҰҰ) мәлімдемелеріне сәйкес, COVID-19 пайда болғанға дейін тұрмыстық зорлық-зомбылық адам құқықтарын бұзудың ең ауыр түрінің бірі болды. Мысалы, эпидемияға дейінгі бір жылда дүние жүзінде 243 миллион әйел мен қыз (15 пен 49 жас аралығындағы) жыныстық немесе физикалық зорлық-зомбылыққа ұшыраған. COVID-19 кезінде, миллиардтаған адамдар жабық кеңістікте оқшауланғандықтан көбінің агрессиясы күшейген кезде, әйелдер құқығына қарсы зорлық-зомбылық саны айтарлықтай өсті [Біріккен Ұлттар Ұйымы Әйелдер, 2020a]. Қауіпсіздікке, денсаулыққа, қаржыға, тар баспанаға, қорлаушы тұлғалар мен мәжбүрлі оқ-

* проф., к.и.н., Евразийский научно-исследовательский институт, Казахстан
gulnad@mail.ru

изоляцией с обидчиком и ограниченной мобильностью — это факторы, усугубляющие эмоциональные и экономические потрясения, с которыми женщины сталкиваются в нынешней ситуации.

Фумзиле Мламбо-Нгкука, исполнительный директор структуры «ООН-женщины», говорит в своем отчете, что широкая общественность не всегда имеет возможность узнать о насилии, происходящем за закрытыми дверями, — информация о домашнем и других формах насилия занижается, статистика показывает, что менее 40% женщин, подвергшихся насилию, сообщают о преступлении. Еще меньше женщин (менее 10%) обращаются за помощью в полицию. Условия пандемии затрудняют доступ женщин к службам помощи. Необходимость исполнения неизбежных бюрократических процедур, включая подачу заявления в полицию, медицинское обследование, следственные действия, обращение в судебные органы и социальные службы, также способствует безнаказанности преступников из-за нестабильной работы этих государственных учреждений в условиях пандемии [Мламбо-Нгкука, 2020].

Проблема усугубляется тем, что многие структуры и организации уже работают на пределе своих возможностей из-за переключения на проблемы профилактики и лечения COVID, ухода за пациентами, лекарственного обеспечения, вакцинации - всего, что кажется более важным, актуальным, и напрямую связанным с вопросом жизни и смерти людей. Более того, во многих странах закон не на стороне женщин; каждая четвертая страна не имеет законов, защищающих женщин от домашнего насилия. При этом страдают не только молодые матери, но и другие маргинализированные группы - матери-одиночки, пожилые люди и инвалиды. Например, в Великобритании количество убийств, связанных с домашним насилием, более чем удвоилось за первые два месяца карантина в

шаулануға және шектеулі ұтқырлыққа қатысты алаңдаушылық қазіргі уақытта әйелдердің эмоционалдық және экономикалық күйзелістерін күшейтетін факторлар болып табылады.

БҰҰ Әйелдер бөлімшесінің атқарушы директоры Фумзиле Мламбо-Нгкука баяндамасында жасырын зорлық-зомбылықтың әрқашан қоғамға белгілі бола бермейтінін, тұрмыстық және басқа да зорлық-зомбылық түрлері туралы ақпараттың жеткіліксіз хабарланатынын, сондай-ақ, статистикада әйелдерге жасалған зорлық-зомбылықтың 40%-дан азы ғана қылмыс ретінде тіркелгенін баяндайды. Полицейлердің көмегіне жүгінетін әйелдердің саны одан да аз (10%-дан аз). Пандемия жағдайлары әдетте кейбір әйелдердің сенім желілеріне хабарласуын да қиындатады. Індет кезінде ішкі істер органдарына жүгіну, медициналық тексеру, тергеу жүргізу, одан кейін сот және әлеуметтік қызметтерге жүгіну сияқты бұлтартпас бюрократиялық үдерістерді жүзеге асыруда аталған мемлекеттік мекемелердің жұмыс тәртібінің нашарлауы да қылмыскерлердің жазасыз қалуына себеп болуда [Мламбо-Нгкука, 2020].

Көптеген құрылымдар мен ұйымдардың адам өмірі мен өлімі тұрғысынан тіпті де маңызды болып көрінетін алдын алу, емдеу, науқастарды күту, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету және егу сияқты мәселелерге баса назар аударып, өз мүмкіндіктерінің шегінде жұмыс істеуі мәселені одан әрі ушықтыра түседі. Оның үстіне көптеген елдерде заң әйелдерді қолдауда қауқарсыз болумен қатар, тіпті әрі төрт елдің бірінде әйелдерді тұрмыстық зорлық-зомбылықтан қорғайтын заң да жоқ. Сонымен қатар, бұл мәселеге байланысты тек жас аналар ғана емес, жалғызбасты аналар, қарттар мен мүгедектер сияқты басқа топтар да зардап шегуде. Мысалы, 2020 жылы карантиннің алғашқы екі айында Ұлыбританияда тұрмыстық

2020 году [Грирсон, 2020]. В США растет не только количество случаев домашнего насилия, но и серьезность травм [Хили, 2020]. В Индии женские группы показали, что девочек принуждают к вступлению в детские браки, поскольку доступ к образованию и средствам к существованию значительно сократился [Кришнан, 2021].

Согласно отчету структуры «ООН-женщины» под названием «Измерение теневой пандемии: насилие в отношении женщин во время пандемии COVID-19», опрос, проведенный в 13 странах, показывает, что почти каждая вторая женщина сообщала о насилии, которому она подвергалась, или она знает женщину, которая подверглась насилию. Кроме того, каждая четвертая женщина чувствует себя в меньшей безопасности дома из-за физического насилия, совершенного в отношении нее (21%) или других женщин в том же домохозяйстве (19%) [Организация Объединённых Наций Женщины, 2021а]. Следует иметь в виду, что структура «ООН-женщины» рассматривает насилие не только как физический вред, такой как избиение или изнасилование. Насилие также включает постоянное наблюдение, чтение переписки, контроль расходов, обвинения в фиктивных проступках, запрет на общение с друзьями, родственниками, коллегами, словесные оскорбления и унижение, нанесение ущерба собственности, угрозы женщинам или детям и шантаж [Организация Объединённых Наций Женщины, б.д.].

Теневая пандемия имеет не только социальный аспект, но и экономический. Глобальное негативное экономическое воздействие насилия в отношении женщин в период пандемии COVID-19 оценивается экспертами примерно в 1,5 триллиона долларов, но эта цифра может только расти с каждым днем, и очевидно, что этот рост не остановится сразу же с окончанием пандемии. Прямые затраты на здравоохранение, консультации и другие сопутствующие услуги, систему правосудия, уход за детьми и социальное

зорлық-зомбылыққа байланысты кісі өлтірудің саны екі еседен астам өсті [Гриерсон, 2020]. АҚШ-тағы тұрмыстық зорлық-зомбылық тек сан жағынан ғана емес, жарақаттың ауырлығымен де артып келеді [Хили, 2020]. Үндістанда әйелдер білім алу мен өмір сүруге қолжетімділіктің айтарлықтай төмендеуіне байланысты қыздардың балалық шақта күйеуге шығуға мәжбүр болатынын көрсетті. [Кришнан, 2021].

БҰҰ Әйелдер есебі «Көлеңкелі эпидемия: COVID-19 кезінде әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық» атты 13 елде жүргізілген сауалнама әрбір 2 әйелдің 1-і зорлық-зомбылық туралы хабарлағанын немесе зорлық-зомбылық көрген әйелді танитынын көрсетеді. Сонымен қатар, әрбір төртінші әйел (21%) өзіне немесе бір үйдегі басқа әйелдерге (19%) физикалық зорлық-зомбылық көрсету салдарынан үйде өзін қауіпсіз сезіне алмйды [Біріккен Ұлттар Ұйымы Әйелдер, 2021а]. БҰҰ әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық тек ұру, соғу немесе зорлау сияқты физикалық зиян ретінде анықталмайтынын еске салады. Сонымен қатар, зорлық-зомбылыққа тұрақты бақылау, хат-хабарларды оқу, шығыстарды бақылау, жалған қорлау туралы мәлімдемелер, достарымен, туыстарымен, әріптестерімен сөйлесуге тыйым салу, ауызша қорлау және кемсіту, мүлікке зиян келтіру, әйелдер мен балаларға қарсы қорқыту және бопсалау жатады [Біріккен Ұлттар Ұйымы Әйелдер, т.ж.].

Көлеңкелі індеттің әлеуметтік жағы ғана емес, экономикалық жағы да бар екенін еске салған жөн. Сарапшылар COVID-19 кезеңінде әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың жаһандық әсерін шамамен 1,5 триллион доллар деп бағалағанымен, бұл көрсеткіш күн сайын артуы мүмкін және бұл өсім эпидемия аяқталғаннан кейін бірден тоқтамайды. Денсаулыққа, кеңес беруге және басқа да байланысты қызметтерге, әділет жүйесіне, бала күтіміне

обеспечение, а также косвенные затраты, такие как потеря заработной платы, производительности и потенциала, составляют лишь небольшую часть того, что общество платит за насилие в отношении женщин. Женщины нуждаются в экономической поддержке, возмещении ущерба, предоставлении убежища, телефонах доверия, повышении осведомленности, психосоциальной поддержке, сетевых и онлайн-инструментах поддержки, а также в финансировании женских и массовых организаций, которые работают над предотвращением дискриминации и нарушений прав женщин и детей или реагированием на них [Мламбо-Нгкука, 2020].

Однако гендерное насилие не является неизбежным. Правозащитные организации считают, что его можно и нужно предотвращать. Прекращение этого насилия начинается с устранения коренных причин, изменения вредных социальных норм и расширения прав и возможностей женщин и девочек. Это требует адекватного финансирования и поддержки сильных и самостоятельных движений за права женщин, в дополнение к специально разработанным стратегиям правоохранительных органов, системы правосудия, здравоохранения и социальной защиты для обеспечения безопасности уязвимых групп [Организация Объединённых Наций Женщины, 2021b]. Кроме того, работодателей также поощряют предоставлять жертвам домашнего насилия особые виды поддержки, такие как оплачиваемый отпуск и специальные меры безопасности; создание на рабочем месте культуры, в которой пострадавшие могут раскрывать информацию о домашнем насилии и оставаться в безопасности на своей работе; повышение осведомленности о проблеме и выделение финансирования для помощи пережившим домашнее насилие [Организация Объединённых Наций Женщины, 2020b].

және әл-ауқатқа тікелей шығындар, сондай-ақ жоғалған жалақы, өнімділік және әлеует сияқты жанама шығындар әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық үшін қоғам төлейтін ақшаның аз ғана бөлігі болып табылады. Әйелдерге экономикалық қолдау, өтемақы, баспана және сенім телефоны қызметтері, хабардарлықты арттыру, психо-әлеуметтік қолдау, онлайн құралдар мен желілер, әйелдер мен балалар құқықтарының бұзылуының және кемсітушіліктің алдын алу немесе оларға қарсы әрекет ету үшін жұмыс істейтін әйелдер мен қоғамдық ұйымдарды қаржыландыру қажет [Мламбо-Нгкука, 2020].

Дегенмен, гендерлік зорлық-зомбылық әрқашанда болатын құбылыс. Адам құқықтарын қорғау ұйымдары мұның алдын алуға болатынын және мұның қажет екенін құптайды. Бұл зорлық-зомбылықты тоқтату негізгі себептермен күресуден, зиянды әлеуметтік нормаларды өзгертуден және әйелдер мен қыздардың мүмкіндіктерін кеңейтуден басталады. Бұл әлсіз топтарды қорғауға бағытталған құқық қорғау, әділет, денсаулық және әлеуметтік қорғау стратегияларына қоса, күшті және өзін-өзі қамтамасыз ететін әйелдер құқықтарын қорғау қозғалыстарын жеткілікті қаржыландыру мен қолдауды талап етеді [Біріккен Ұлттар Ұйымы Әйелдер 2021b]. Сонымен қатар, жұмыс берушілерге тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына ақылы демалыс беру мен қауіпсіздік шаралары сияқты белгілі бір қолдау көрсету ұсынылуда. Сондай-ақ, зорлық-зомбылық құрбандары жұмыс орнында отбасындағы зорлық-зомбылықты ашып, жұмыс орындарында қауіпсіз бола алатын мәдениет қарыптастыру және зардап шеккендердің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін хабардар болу мен қаржыландыруды арттыру маңызды [Біріккен Ұлттар Ұйымы Әйелдер, 2020b].

Насилие в отношении женщин является одним из основных препятствий для участия женщин в экономической, социальной и политической сферах. Результаты исследований международных организаций показывают, что для успешного реагирования на рост числа случаев гендерного насилия во время пандемии необходимы совместные усилия законодателей, политиков, правоохранительных органов, организаций гражданского общества, врачей и средств массовой информации. Это необходимо для поддержки и предоставления помощи женщинам, которые стали жертвами или подвергаются риску насилия, вызванного нынешней пандемией.

**Источники:**

Гриерсон, Джейми (2020). Число убийств в связи с домашним насилием увеличилось более чем вдвое на фоне изоляции из-за пандемии COVID-19. Доступно по адресу: https://www.theguardian.com/society/2020/apr/15/domestic-abuse-killings-more-than-double-amid-covid-19-lockdown. Дата обращения: 16.12.2021.

Кришнан, Мурали (2021). COVID: в Индии наблюдается рост числа браков с несовершеннолетними. Доступно по адресу: https://www.dw.com/en/covid-india-sees-a-surge-in-underage-marriages/a-57992104. Дата обращения: 16.12.2021.

Мламбо-Нгкука, Пумзиле (2020). Насилие в отношении женщин и девочек: теневая пандемия. Заявление. Доступно по адресу: https://www.unwomen.org/en/news/stories/2020/4/statement-ed-phumzile-violence-against-women-during-pandemic. Дата обращения: 08.12.2021.

Организация Объединённых Наций Женщины (2020a). Теневая пандемия: насилие в отношении женщин во время пандемии COVID-19. Доступно по адресу: https://www.unwomen.org/en/news/in-focus/in-focus-gender-equality-in-covid-19-response/violence-against-women-during-covid-19. Дата обращения: 08.12.2021.

Организация Объединённых Наций Женщины (2020b). Теневая пандемия COVID-19: домашнее насилие в сфере труда - призыв к действию для частного сектора. Доступно по адресу: https://www.weps.org/resource/covid-19-shadow-pandemic-domestic-violence-world-work-call-action-private-sector. Дата обращения: 16.12.2021.

Организация Объединённых Наций Женщины (2021a). Пресс-релиз: новые данные «ООН-жен-

Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық әйелдердің экономикалық, әлеуметтік және саяси салаларға қатысуына кедергі келтіретін басты себептердің бірі болып табылады. Пандемия кезінде гендерлік зорлық-зомбылық жағдайларының көбеюіне қарсы сәтті әрекет ету үшін халықаралық ұйымдардың зерттеулерінің нәтижелері қажет. Ол үшін зорлық-зомбылық құрбаны болған немесе қазіргі індет салдарынан зорлық-зомбылық қаупі төнген әйелдерге қолдау көрсету және көмек беру үшін заң шығарушылардың, саясаткерлердің, құқық қорғау қызметкерлерінің, үкіметтік емес ұйымдардың, дәрігерлер мен БАҚ өкілдерінің бірлескен іс-қимылдары қажет.

**Дереккөз:**

Біріккен Ұлттар Ұйымы Әйелдер (2021a). Баспасөз релизі: БҰҰ әйелдерінің жаңа деректері әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың COVID-19 пандемиясына байланысты нашарлағанын растайды. Сілтеме: https://www.unwomen.org/en/news-stories/press-release/2021/11/press-release-new-un-women-data-confirms-violence-against-women-has-worsened-due-to-the-covid-19-pandemic. Қаралған күні: 08.12.2021.

Біріккен Ұлттар Ұйымы Әйелдер (2021b). Негізгі назарда: Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күндік белсенділік. Сілтеме: https://www.unwomen.org/en/news-stories/in-focus/2021/11/in-focus-16-days-of-activism-against-gender-based-violence. Қаралған күні: 08.12.2021.

Біріккен Ұлттар Ұйымы Әйелдер (2020a). Көлеңкелі пандемия: COVID-19 кезінде әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық. Сілтеме: https://www.unwomen.org/en/news/in-focus/in-focus-gender-equality-in-covid-19-response/violence-against-women-during-covid-19. Қаралған күні: 08.12.2021.

Біріккен Ұлттар Ұйымы Әйелдер (2020b). COVID-19 көлеңкелі пандемия: жұмыс әлеміндегі тұрмыстық зорлық-зомбылық - жеке секторды әрекетке шақыру. Сілтеме: https://www.weps.org/resource/covid-19-shadow-pandemic-domestic-violence-world-work-call-action-private-sector. Қаралған күні: 16.12.2021.

Біріккен Ұлттар Ұйымы Әйелдер (т.ж.). Жиі қойылатын сұрақтар: қарым-қатынасты бұзудың белгілері және қалай көмектесуге болады. Сілтеме: https://www.unwomen.org/en/what-we-do/ending-violence-against-women/faqs/signs-of-abuse.

щины» подтверждают, что насилие в отношении женщин обострилось из-за пандемии COVID-19. Доступно по адресу: https://www.unwomen.org/en/news-stories/press-release/2021/11/press-release-new-un-women-data-confirms-violence-against-women-has-worsened-due-to-the-covid-19-pandemic. Дата обращения: 08.12.2021.

Организация Объединённых Наций Женщины (2021b). В фокусе: 16 дней активизма против гендерного насилия. Доступно по адресу: https://www.unwomen.org/en/news-stories/in-focus/2021/11/in-focus-16-days-of-activism-against-gender-based-violence. Дата обращения: 08.12.2021.

Организация Объединённых Наций Женщины (б.д.). Часто задаваемые вопросы: признаки жестокого обращения в отношениях и как помочь. Доступно по адресу: https://www.unwomen.org/en/what-we-do/ending-violence-against-women/faqs/signs-of-abuse. Дата обращения: 16.12.2021.

Хили, Мелисса (2020). Согласно исследованию, насилие в семьях возросло во время изоляции, а травмы стали намного серьезнее. Доступно по адресу: https://www.latimes.com/science/story/2020-08-18/intimate-partner-violence-spiked-80-after-pandemic-lockdown-began. Дата обращения: 16.12.2021.

Қаралған күні: 16.12.2021.

Гриерсон, Джейми (2020). COVID-19 шектеулері кезінде тұрмыстық зорлық-зомбылық және өлтіру деректері екі еседен асты. Сілтеме: https://www.theguardian.com/society/2020/apr/15/domestic-abuse-killings-more-than-double-amid-covid-19-lockdown. Қаралған күні: 16.12.2021.

Мламбо-Нгкука, Пумзиле (2020). Әйелдер мен қыздарға қатысты зорлық-зомбылық: көлеңкелі пандемия. Мәлімдеме. Сілтеме: https://www.unwomen.org/en/news/stories/2020/4/statement-ed-phumzile-violence-against-women-during-pandemic. Қаралған күні: 08.12.2021.

Кришнан, Мурали (2021). COVID: Үндістанда кәмелетке толмағандардың некелерінің көбеюі байқалады. Сілтеме: https://www.dw.com/en/covid-india-sees-a-surge-in-underage-marriages/a-57992104. Қаралған күні: 16.12.2021.

Хили, Мелисса (2020). Үйдегі зорлық-зомбылық шектеулер кезінде өсті - ал жарақаттар күрт ауырырақ болды, зерттеу нәтижелері. Сілтеме: https://www.latimes.com/science/story/2020-08-18/intimate-partner-violence-spiked-80-after-pandemic-lockdown-began. Қаралған күні: 16.12.2021.

# ЭТНОКУЛЬТУРНОЕ И ДУХОВНОЕ ИЗМЕРЕНИЕ ТУРКЕСТАНА В ИНТЕГРАЦИИ ТЮРКСКОГО МИРА
# ТҮРКІ ДҮНИЕСІНІҢ ИНТЕГРАЦИЯСЫНДАҒЫ ТҮРКІСТАННЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ ЖӘНЕ РУХАНИ РӨЛІ

*Дәулет Жайлыбаев* *

Культурное возрождение в Туркестане становится основной площадкой для сближения с тюркским миром во внешней политике Казахстана. Современная политическая и экономическая ситуация в тюркоязычных странах мира требует взаимной интеграции. В связи с этим Туркестан, духовная столица тюркских государств, обладает достаточным культурным потенциалом для обеспечения интеграционных процессов тюркских стран.

В настоящее время интеграционные процессы тюркоязычных стран можно рассматривать в политических, торгово-экономических и гуманитарных связях. Однако тюркоязычным странам выгодно возрождать культурные связи и использовать общие ценности как средство взаимного сближения. В этом контексте этнокультурное пространство Туркестана можно понимать как одну из сред, являющихся основой интеграции тюркского мира.

Интеграционное влияние этнокультурного пространства Туркестана формировалось с древних времен. Исторически Туркестанский регион испытал ряд факторов взаимной идентификации тюркских народов. Например, археологические данные доказывают, что древнейшая история средневекового города была культурным, духовным и политическим центром того времени [Байпаков, 1989]. Согласно письменным источникам, культурные течения в Туркестанском крае велики. Много важных сведений о жизни и духовности Туркестана содер-

Түркістан қаласындағы мәдени жаңғырулар еліміздің сыртқы саяси бағытындағы Түркі дүниесімен жақындасуыдың негізгі платформасы ретінде қалыптасып келеді. Ал әлемдегі түркітілдес елдердің қазіргі саяси-экономикалық жағдайы өзара ықпалдастықты қажет етеді. Бұл тұрғыда Түркістан қаласының түркі мемлекеттерінің рухани астанасы ретінде түркі елдерінің ықпалдастық үрдістерін қамтамасыз етуге мәдени әлеуеті толық жеткілікті.

Қазіргі кезде түркі тілдес мемлекеттердің ықпалдастық үрдістерін жан-жақты қарастыруға болады. Оның ішінде саяси, сауда-экономикалық және гуманитарлық байланыстарды бөліп қарасақ болады. Алайда түркітілдес елдер үшін өзара мәдени байланыстарды қайта жаңғыртып, соның негізінде ортақ құндылықтарды өзара жақындықтың құралы ретінде пайдалану тиімді болып табылады. Мұнда Түркістан қаласының этномәдени кеңістігін Түркі дүниесінің ықпалдастығына негіз болатын бірден бір орта ретінде түсінуге болады.

Түркістан қаласының этномәдени кеңістігінің ықпалдастық ықпалы ерте кезден ақ, қалыптасты. Тарихи тұрғыда Түркістан аймағының түркі халықтарының өзара бірегейленуі үшін бірқатар факторлардың басынан өткергенін байқауға болады. Мысалы, археологиялық деректерде ортағасырлық қаланың көне тарихы заттай деректер арқылы сол заманның мәдени, рухани

* магистр, Евразийский научно-исследовательский институт, Казахстан.
daulet_87@bk.ru

жится в арабских источниках. Одним из таких источников является раздел «Туркестан» в книге «Китаб ал-месалик, уа-л-мемалик» арабского историка Ибн Хордадбека, жившего в IX веке. В этом истоке тюркская страна граничит с Хорасаном и Седжестаном. Туркестан и тюрки разделены на несколько народов и государств. Кроме того, автор, описывая этнокультуру и хозяйство тюркских народов, проживающих в регионе, констатировал, что тюрки пили конское молоко, ели конину и выращивали только просо [МИТТ, 1939]. Из этого факта видно, что этноним Туркестан имеет широкое понятие, придающее общегеографическое значение. Кроме того, обозначение историком Туркестана как тюркской страны сыграло важную роль в консолидации тюркских народов региона. Также рассказывается об этнокультуре и хозяйстве тюркских народов, проживающих в регионе. «Анонимный Александр» Муин ад-Дина Натанзи, относящийся к золотоордынскому периоду, описывает Туркестан как пример рая, с множеством мечетей и медресе в Отраре, Сауране, Женте и Баршинкенте [СМИЗО, 1941]. Из этого факта мы видим, что название Туркестан дано как общее название городов вдоль Сырдарьи. Точно так же в данных XV-XVI вв., в том числе в источниках «Фатх-наме», Туркестан упоминается как центр политических событий того времени [МИКХ, 1969]. В «Тарих-и Абул-Хайр-хани» Масуда-бен Усмана Кухистани Туркестан представляется как область, а Яссы упоминается как одна из важнейших крепостей в Туркестанской области [МИКХ, 1969].

Археологические и письменные источники объясняют историко-культурную жизнь Туркестана как общую ценность современных тюркских народов. Кроме того, духовная жизнь Туркестанского края находит отражение в нематериальном культурном наследии местного населения. Уровень сохранности нематериального культурного наследия

және саяси орталығы болғанын дәлелдейді [Байпаков, 1989]. Ал жазбаша деректерде Түркістан өңіріндегі мәдени үрдістердің ауқымды болғаны көрінеді. Оны араб деректеріндегі Түркістан қаласының өмірі мен тыныс тіршілігіне байланысты көптеген мәліметтерден аңғаруға болады. Сондай деректердің бірі, IX ғасырда өмір сүрген араб тарихшысы Ибн Хордадбектің «Китаб әл-месалик, уа-л-мемалик» атты шығармасында «Түркістан» деген бөлім берілген. Онда түркілер елі Хорасан мен Седжестанмен шектеседі. Ал, Түркістан мен түркілер бірнеше халықтар мен мемлекеттерге бөлінеді. Сонымен қатар, олар жылқы сүтін ішіп, етін жейді, оларда егін шаруашылығынан тек тары өсіреді деп көрсетілген [МИТТ, 1939]. Бұл деректен Түркістан атауының жалпылама географиялық түсінікті беретін кең ұғымды білдіретінін көруге болады. Сонымен қатар, тарихшының түркілер елі ретінде Түркістанды атауы аймақтың түркі халықтарының топтасуында маңызды рөл ойнағанын байқауға болады. Сондай-ақ, бұл аймақта өмір сүрген түркі халықтарының этномәдениеті мен шаруашылығынан да хабар береді. Ал, Алтын Орда заманына жататын Муин ал-дин Натанзидің «Ескендір анонимі» шығармасында Отырар, Сауран, Жент, Баршынкентте мешіттер мен медреселер көп орналасқанын және бүкіл Түркістанды жұмақтың үлгісі ретінде жазады [СМИЗО, 1941]. Бұл деректен байқайтынымыз Түркістан атауы Сыр бойындағы қалалардың жалпы атауы ретінде берілген. Сол сияқты, XV-XVI ғғ. деректерде, соның ішінде «Фатх-намеде» Түркістан атауы аталып, оның сол кездегі саяси оқиғалардың ортасы болғаны сипатталады [МИКХ, 1969]. Ал Масуд-бен Усман Кухистанидің «Тарих-и Абул-Хаир-хани» еңбегінде Түркістан өлке ретінде беріліп, Иассы Түркістан өлкесіндегі маңызды қамалдардың бірі ретінде көрсетіледі [МИКХ, 1969].

населения включает отличия от древних хозяйственных практик, духовного наследия и верований. В целом история, духовное и нематериальное культурное наследие Туркестана рассматриваются как основные факторы этнокультурного пространства средневекового города. В этом случае Туркестан можно рассматривать как сакральное место, хранящее общие ценности тюркского мира. Правда, главный его символ – сохранение святых мест в городе. Например, учение и наследие Ходжи Ахмеда Ясави являются общей ценностью для тюркского мира. Мавзолей Ходжи Ахмеда Ясави является памятником культуры, охраняемым не только тюркскими народами, но и ЮНЕСКО. Такие древние памятники, а также исследования и деятельность ученых, живших в Туркестане, стали основой для формирования общетюркской мысли. Это обусловлено естественностью того, что многолетнее духовное наследие рассматривается как основа интеграционного процесса современных тюркских народов.

Исторически Туркестанский регион был центром проживания тюркских народов. Теперь, если взглянуть на этнокультурную ситуацию в Туркестане сегодня, то существует много того, что объединяет тюркские народы в общей культуре. Прежде всего, это сакральная география Туркестана. Это духовное и культурное наследие, общее для всех тюркских народов. Во-вторых, наличие в этническом составе Туркестанского региона 28 тюркских народов создает благоприятный интеграционный процесс для общеязыкового населения. В связи с этим широкое использование казахского языка среди жителей древнего города свидетельствует о наличии общего интереса.

В дополнение к этим условиям можно видеть, что результаты деятельности, проводимой в Туркестане в последние годы, основаны на общетюркской интеграции. Прежде всего, развит туристи-

Археологиялық және жазба деректердегі Түркістанның тарихи және мәдени өмірі қазіргі түркі халықтарының ортақ құндылығы ретінде түсіндіріледі. Сонымен қатар, Түркістан өлкесіндегі рухани өмір жергілікті тұрғындардың материалдық емес мәдени мұрасынан да көрініс табады. Халықтың материалдық емес мәдени мұраны сақтау деңгейі көне шаруашылық түрлерінен, рухани мұрасынан және наным сеніміндегі ерекшеліктерді қамтиды. Тұтас алғанда Түркістан қаласының тарихы мен рухани және материалдық емес мәдени мұрасы ортағасырлық қаланың этномәдени кеңістігінің негізгі факторлары ретінде қарастырылады. Бұл жағдайда Түркістан қаласының Түркі дүниесіне ортақ құндылықтарды сақтаушы киелі мекен ретінде қарастырамыз. Оның басты символы қаладағы киелі орындардың сақталуы екені рас. Мысалы, Қожа Ахмет Ясауидің ілімі мен артында қалған мұрасы Түркі дүниесі үшін ортақ құндылық. Ал, Қожа Ахмет Яссауидің кесенесі тек түркі халықтары емес, сонымен қатар, ЮНЕСКО көлемінде қорғалатын мәдени ескерткіш болып табылады. Осы сияқты көне ескерткіштер мен Түркістанда өмір сүрген ғалымдардың шығармалары және қызметі ортақ Түркі идеясының қалыптасуына негіз болды. Себебі, ұзақ жылдар бойы қалыптасқан рухани мұра қазіргі түркі халықтарының интеграциялық үрдістерінің негізі ретінде қарастырылуы заңдылық болып табылады.

Тарихи жағынан алып қарастырғанда Түркістан аймағы түркі халықтарының орталығы болғаны екені белгілі. Ендігі жерде, қазіргі кезеңдегі Түркістанның этномәдени жағдайын қарайтын болсақ түркі халықтарының ортақ мәдениет аясында бас қосатын тұстары өте көп. Біріншіден, Түркістанның сакралды географиясы. Бұл түркі халықтарының барлығына ортақ рухани және мәдени мұра болып табыла-

ческий потенциал этого города, что, с одной стороны, отражает признаки интеграции тюркских народов. Сюда входит рассмотрение мавзолея Ходжи Ахмеда Ясави и окружающих его памятников как туристической зоны, результаты работы музея-заповедника «Хазрет Султан», использование древневосточных стилей в озеленении города, продолжение архитектурных особенностей градостроительства в традициях средневекового города и широкого использования тюркских элементов в проведении досуга. Очевидно, что сохранение многих подобных символических атрибутов рассматривается как основная платформа для интеграционных процессов тюркского мира в Туркестане.

Кроме того, многие культурные мероприятия, проводимые в Туркестане, включают меры по популяризации культуры тюркского мира. В частности, организации интеграционных процессов посвящены научные конференции и семинары. Главным итогом стало объявление Туркестана духовной столицей тюркского мира 31 марта 2021 года на неформальном саммите Организации тюркских государств в Туркестане [Ақорда, 2021]. Там было признано духовное значение Туркестана в объединении народов тюркского мира. В целом духовное и культурное единство тюркских государств продолжилось на VIII Саммите Организации тюркских государств в Стамбуле [Qazaqstan.tv, 2021]. Здесь рассматривались вопросы не только культурной интеграции тюркского мира, но и развития экономических отношений.

Таким образом, историческое этнокультурное пространство Туркестана является основным центром продвижения современной тюркской культуры. Это, в свою очередь, позволило признать Туркестан духовной столицей тюркских государств. В будущем духовный и культурный потенциал Туркестана позволит городу стать политическим и экономическим центром тюркоязычных стран.

ды. Екіншіден, Түркістан аймағындағы этникалық құрамының ішінде 28 түркі халқының болуы, ортақ тілді халық үшін қолайлы интеграциялық үрдістерді қалыптастырады. Бұл тұрғыда көне қала тұрғындары арасында ортақ қазақ тілінің кең қолданысы ортақ мүдденің бар екенін көрсетеді.

Аталмыш шарттардың сыртында кейінгі жылдары Түркістан қаласында атқарылған іс-шаралардың нәтижелері ортақ Түркі интеграциясына негізделгенін көруге болады. Біріншіден, бұл қаланың туристік әлеуетін дамыды, бұл бір шетінен түркі халықтары үшін тұтастанудың атрибуттарын әйгілейді. Мұның қатарында Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің және оның маңайындағы ескерткіштердің туристік аймақ ретінде қарастырылуы, «Хазірет сұлтан» музей-қорығы жұмысының нәтижелері, қала ішіндегі абаттандыру жұмыстарында көне шығыстық стильдерді пайдалану, қала құрылысындағы архитектуралық келбеттері ортағасырлық қаланың дәстүрінде жалғасуы, халықтың бос уақытын өткізетін орындарда түркілік элементтердің көптеп пайдалануы және т.б. Осындай көптеген символикалық атрибуттардың сақталуы Түркістан қаласының түркі дүниесінің интеграциялық үрдістерінің негізгі алаңы ретінде қаралатыны анық.

Сонымен қатар, Түркістанда өткізіліп отырған көптеген мәдени іс-шаралар Түркі дүниесінің мәдениетін насихаттайтын қызметтерден тұрады. Оның ішінде ғылыми конференциялар, семинарлар интеграциялық үрдістерді ұйымдастыруға арналады. Оның басты көрсеткіші 2021 жылдың 31 наурызында Түркістанда қаласында өткен Түркі мемлекеттерінің ұйымы бейресми саммитінде Түркістан қаласы Түркі дүниесінің рухани астанасы болып жариялануы еді [Ақорда, 2021]. Мұнда Түркі әлемі халықтарының бірігуіндегі Түркістан қаласының рухани маңыздылығы мойындалды. Жалпы, Түркі

Кроме того, будет усилена интеграционная деятельность Туркестана в рамках стратегического документа Организации тюркских государств «Перспективы тюркского мира – 2040».

**Источники:**

Ақорда (2021). Туркестанская декларация неформального саммита Совета сотрудничества тюркоязычных государств. Доступно по адресу: https://www.akorda.kz/kz/turkitildes-memleketterdin-yntymaktastyk-kenesi-beyresmi-sammitinin-turkistan-deklaraciyasy-3125748. Дата обращения: 29.12.2021.

Байпаков Карл Молдахметович, Подушкин Александр Николаевич. Памятники земледельческой и скотоводческой культуры Южного Казахстана (1 тысячелетие до н.э.). - Алма-Ата: Наука, 1989. - с. 6.

Материалы по туркменской и туркменской истории (1939), т. 1. 8-15 вв. Арабские и персидские источники. Редакция Пола С.Л. Волина, А.А. Ромаскеевич и А.Ю. Якубовский. Москва Ленинград, 1939, с. 149.

Материалы по истории казахских ханств 15-18 вв. (1969). Выдержки из персидских и турецких текстов. Подготовил: С.К. Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, К.А. Пищулина, В.П. Юдин. Алма-Ата: «Наука», 1969. с. 69; с. 102; с. 105-106; с. 162.

Сборник материалов по истории Золотой Орды (1941). В.Г. Отрывки из персидских сочинений, собранные Тизенхаузен и А.А. Ромаскеевич и С.Л. Волын. Москва Ленинград, 1941, с. 129.

Qazaqstan.tv (2021). В Стамбуле прошел VIII саммит Тюркского совета. Доступно по адресу: https://qazaqstan.tv/news/148022/. Дата обращения: 27.12.2021.

мемлекеттерінің рухани және мәдени бірлікте болуы Стамбұлда өткен Түркі мемлекеттері ұйымының VIII саммитінде жалғасын тапты [Qazaqstan.tv, 2021]. Мұнда Түркі дүниесінің тек қана мәдени нитеграциясы емес, сонымен қатар экономикалық қарым-қатынасын арттыру мәселелері қарастырылды.

Қорытындылай келе, Түркістан қаласының тарихи этномәдени кеңістігі қазіргі түркі мәдениетін насихаттайтын негізгі орталық болып табылады. Бұл өз кезегінде Түркі мемлекеттерінің рухани астанасы ретінде танылуына мүмкіндік берді. Келешекте Түркістанның рухани және мәдени әлеуеті қаланы түркі тілдес мемлекеттердің саяси және экономикалық орталығы болуына жағдай жасайды. Сонымен қатар, Түркі мемлекеттері ұйымының «Түркі әлемінің келешегі - 2040» стратегиялық құжаты аясында Түркістанның интеграциялық қызметі жетіле беретін болады.

**Дереккөз:**

Ақорда (2021). Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесі бейресми саммитінің Түркістан декларациясы. Сілтеме: https://www.akorda.kz/kz/turkitildes-memleketterdin-yntymaktastyk-kenesi-beyresmi-sammitinin-turkistan-deklaraciyasy-3125748. Қаралған уақыты: 29.12. 2021.

Алтын Орда тарихы бойынша материалдар жинағы (1941). Алтын Орда тарихына қатысты материалдар жинағы. В.Г. жинаған парсы шығармаларынан үзінділер. Тизенхаузен және өңдеген А.А. Ромаскеевич пен С.Л. Волин. М-Л., 1941. – б. 129.

Байпақов, Карл, Молдахметұлы, Подушкин және Александр, Николаевич (1989). Оңтүстік Қазақстанның егіншілік және мал шаруашылығы мәдениетінің ескерткіштері (б.з. І мыңжылдық). – Алма-Ата: Наука, 1989. – б. 6.

Түрікмен және Түркіменстан тарихы бойынша материалдар (1939). Түрікмендер мен Түрікменстан тарихы бойынша материалдар. - Т.И. VIII-XV ғасырлар. Араб және парсы деректері. Ред: С.Л. Волина, А.А. Ромаскеевич пен А.Ю. Якубовский. М-Л., 1939. – б. 149.

Qazaqstan.tv (2021). Ыстамбұлда Түркі кеңесінің VIII саммиті өтті. Сілтеме: https://qazaqstan.tv/news/148022/. Қаралған уақыты: 27.12.2021.

15-18 ғасырлардағы қазақ хандықтарының та-

рихы бойынша материалдар (1969). XV-XVIII ғасырлардағы қазақ хандықтарының тарихы бойынша материалдар. Парсы және түркі жазбаларынан үзінділер. Құрастырушы: С.Қ. Ибрагимов., Н.Н. Мингулов., Қ.А. Пищулина., В.П. Юдин. Алма-Ата: «Наука», 1969. – б. 69; б. 102; бб. 105-106; б. 162.

# АНТИКОРРУПЦИОННЫЕ РЕФОРМЫ В КАЗАХСТАНЕ
# ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ РЕФОРМАЛАР

*Жандос Ранов* *

Коррупция - это социально-экономическая проблема, распространенная в сегодняшних обществах. Принято считать, что коррупция происходит в условиях государства [Repository.apa.kz, 2016]. Борьба с коррупцией требует тщательного и системного подхода, поскольку это важная проблема, несущая угрозу демократической, моральной и этической структурам общества [Карасартова, 2015]. Коррупция, которая имеет место во всех обществах, сегодня считается одной из глобальных проблем с точки зрения ее социальных последствий. По данным организации «Transparency International», ни одна страна в мире не свободна от коррупции. При этом 68% стран мира имеют серьезные проблемы с коррупцией [Kas.de, 2017].

Проявления коррупции можно разделить на разные категории. Первый вид – это коррупция между гражданами и государственными служащими. Второе проявление характеризует коммерческую коррупцию в отношениях между государственными служащими и коммерческими предприятиями. Третий вид – политическая коррупция, проявляющаяся между ведущими политиками и высшими судами [Cabar.asia, 2021].

В «Законе о борьбе с коррупцией» Республики Казахстан коррупция определяется как «ответственное государственное должностное лицо, использующее свои полномочия и получающее выгоды и преимущества для себя или третьих лиц от гражданина, который пытается воспользоваться государственными услугами» [Repository.apa.kz, 2016]. В первые годы основания Республики

«Сыбайлас жемқорлық» - қазіргі қоғамда жиі кездесетін әлеуметтік-экономикалық проблема. Сыбайлас жемқорлық, мемлекетпен бір уақытта пайда болды деп есептеледі [Repository.apa.kz, 2016]. Сыбайлас жемқорлықты жеңу мұқият және жүйелі тәсілді қажет етеді, өйткені бұл қоғамның демократиялық, моральдық-этикалық құрылымдарына қауіп төндіретін маңызды проблема [Қарасартова, 2015]. Барлық қоғамда кездесетін сыбайлас жемқорлық бүгінде өзінің әлеуметтік көрінісі тұрғысынан жаһандық проблемалардың қатарына жатады. «Transparency International» ұйымының мәліметтері бойынша әлемдегі бірде-бір мемлекет сыбайлас жемқорлықтан таза емес. Сонымен қатар, әлем елдерінің 68%-ында сыбайлас жемқорлық проблемалары бар [Kas.de, 2017].

Сыбайлас жемқорлықты пайда болу уақыты бойынша әртүрлі санаттарға бөлуге болады. Оның біріншісі - азаматтар мен мемлекеттік қызметкерлер арасындағы сыбайлас жемқорлық. Екіншісі - мемлекеттік қызметкерлер мен кәсіпкерлік кәсіпорындар арасындағы коммерциялық сыбайлас жемқорлық. Үшіншісі - жоғарғы саясаткерлер мен жоғарғы соттар арасындағы саяси сыбайлас жемқорлық [Cabar.asia, 2021].

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңында сыбайлас жемқорлық «жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функци-

* доктор, независимый исследователь, Казахстан.
ranov.1985@mail.ru

Казахстан, в 1991 году, обсуждалось, что коррупция – очень опасное явление. Был опубликован ряд президентских указов, в том числе первое постановление о борьбе с коррупцией «Указ об усилении мер борьбы с организованной преступностью и коррупцией» от 17 марта 1992 года [Карасартова, 2015].

Мы можем рассмотреть антикоррупционный процесс в Казахстане в два основных этапа. Первый период – с 1998 по 2015 годы, когда действовал «Закон Республики Казахстан о борьбе с коррупцией» от 2 июля 1998 года No. 267-I. Второй период – с 2015 года по сегодняшний день. В первом периоде были приняты меры по устранению условий, вызывающих повседневную коррупцию, с которой граждане чаще сталкивались при использовании местных государственных услуг. Жители Казахстана сталкивались с коррупционными делами в основном при получении различных документов в учреждениях образования и здравоохранения, а также правоохранительных органах и при получении ускоренных государственных услуг. В целях предотвращения взяточничества среди государственных служащих в стране активно внедряются принципы «одного окна», благодаря которым любой гражданин может получить необходимую государственную услугу за несколько минут. Тем временем другие государственные услуги (получение документа о проживании, удостоверения личности и паспорта, регистрация бизнеса и т. д.) также были переведены в онлайн-формат в рамках программы «электронного правительства». На сегодняшний день более 80% госуслуг предоставляется через портал «egov.kz» и центры обслуживания населения [Cabar.asia, 2021].

На втором этапе (с 2015 года) были пересмотрены основные принципы и методы противодействия коррупции в Казахстане, и основным нормативным документом стал «Закон о борьбе с коррупцией» No. 410-V от 18 ноября 2015

яларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу» ретінде анықталған [Repository.apa.kz, 2016]. Қазақстан Республикасы құрылған алғашқы жылдары, 1991 жылы сыбайлас жемқорлықтың өте қауіпті құбылыс екендігі талқылана бастады. Сыбайлас жемқорлықпен күресудің алғашқы заңнамасы, 1992 жылғы 17 наурыздағы «Ұйымдасқан нысандағы қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту жөніндегі шаралар туралы» Жарлығымен қатар Президенттің бірқатар Жарлықтары жарияланған [Қарасартова, 2015].

Біз Қазақстандағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы үдерісті екі негізгі кезеңде қарастыра аламыз. Оның біріншісі - Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 2 шілдедегі No 267-I нөмірлі «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңы» қолданылған 1998-2015 жылдар кезеңі. Екінші кезең - 2015 жылдан кейінгі кезең. Бірінші кезеңде азаматтар жергілікті мемлекеттік қызметтерді пайдалану кезінде жиі кездесетін күнделікті сыбайлас жемқорлықты тудыратын жағдайларды жою бойынша шаралар қабылданды. Қазақстан халқы сыбайлас жемқорлықпен көбінесе білім беру және денсаулық сақтау мекемелерінде, сондай-ақ құқық қорғау органдары мен мемлекеттік қызметтерді жеделдету және әртүрлі құжаттарды алу кезінде бетпе-бет келген. Мемлекеттік қызметшілер арасында парақорлықтың алдын алу мақсатында елімізде кез-келген азамат бірнеше минут ішінде қажетті мемлекеттік қызметті ала алатын «бір

года. Новый закон позволил перейти от стратегии борьбы к комплексной стратегии, направленной на устранение причин и условий, приведших к коррупции. Следует отметить, что обязанности по выявлению и предупреждению коррупционных преступлений ранее входили в компетенцию Прокуратуры, Комитета национальной безопасности, Министерства внутренних дел, Министерства финансов, Военной полиции ВС Казахстана и Комитета национальной безопасности. С вступлением в силу нового закона был создан новый институт по предотвращению коррупции. Этот институт под названием «Антикоррупционное агентство» действует непосредственно при Президенте Республики Казахстан и в пределах своей ответственности. Подразделение агентства «АНТИКОР» имеет офисы практически во всех областных центрах страны. Сегодня концепции достоинства, сотрудничества и предотвращения определены как основные принципы Агентства. В соответствии с этими принципами, прежде всего, его задачей является повысить осведомленность в обществе о том, что коррупция является преступлением; во-вторых, он направлен на формирование культуры противодействия коррупции и, наконец, на активное участие граждан в борьбе с коррупцией [Cabar.asia, 2021].

В настоящее время программы и планы по реализации целей и задач антикоррупционной политики Казахстана реализуются в рамках «Антикоррупционной стратегии на 2015-2025 годы», принятой в 2014 году по инициативе Президента. Антикоррупционная стратегия коренным образом изменила концептуальные приоритеты антикоррупционной политики. В этой стратегии борьба с коррупцией и участие всех заинтересованных сторон, таких как государственные учреждения, бизнес и гражданское общество, в борьбе с коррупцией были выведены на новый уровень. 2017 год – последний год реализации первого эта-

терезе» қағидаттары белсенді түрде енгізілді. Осы уақыт аралығында «электрондық үкімет» бағдарламасы аясында басқа да мемлекеттік қызметтер (мекен-жай құжаты, жеке куәлік пен төлқұжат, кәсіпкерлікті тіркеу және т.б.) онлайн форматқа ауыстырылды. Бүгінгі күні мемлекеттік қызметтердің 80%-дан астамы «egov.kz» порталы және халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы көрсетіледі [Cabar.asia, 2021].

Екінші кезеңде (2015 жылдан бастап) Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі қағидалары мен әдістері қарастырылып, 2015 жылғы 18 қарашадағы No 410-V нөмірлі «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң» негізгі нормативтік құжат болды.  Жаңа заң сөзсіз күрес стратегиясынан сыбайлас жемқорлыққа алып келген себептер мен жағдайларды жоюға бағытталған кешенді стратегияға көшуге мүмкіндік берді. Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын анықтау және алдын-алу міндеттері бұған дейін Прокуратура, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Ішкі істер министрлігі, Қаржы министрлігі, Қазақстан Қарулы Күштерінің Әскери полициясы, Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің шекара ұйымдары болғанын айта кету керек. Жаңа заң күшіне енуімен сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға қызмет ететін жаңа институт құрылды. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі» деген атпен құрылған бұл жаңа институт тікелей Қазақстан Республикасы Президентінің жанында жұмыс істейді және оған жауап береді. «ANTIKOR», агенттіктің бөлімшесінің, елдің барлық дерлік орталықтарында кеңселері бар. Бүгінгі таңда Агенттіктің негізгі қағидалары ретінде қадір-қасиет, ынтымақтастық және алдын-алу тұжырымдамалары анықталды. Осы қағидаларға сәйкес, ең алдымен сыбайлас жемқорлықтың қоғам ішінде және әлеуметтік деңгейде қылмыс екендігі туралы пікірді жаю; екіншіден, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәде-

па антикоррупционных мер, когда будут оценены первые результаты реализации пересмотренной антикоррупционной политики в Казахстане в течение трех лет. Следует отметить, что при анализе антикоррупционной стратегии и практических результатов, таких как анализ эффективности ее реализации, для повышения объективности предлагаются механизмы внешнего аудита. С этой целью в 2017 году была создана специальная мониторинговая группа, состоящая из представителей неправительственных организаций, СМИ, общественных институтов и политических партий.

Успешные результаты в отношении Стратегии противодействия коррупции были достигнуты на первом этапе реализации Плана действий на 2015-2017 годы. К примеру, из 64 мероприятий, запланированных на 2015-2017 годы, выполнено 63 [Zgazeta.kz, 2021]. По данным Комитета по правовой статистике и специальным счетам Генерального прокурора Республики Казахстан, в период с 2009 по 2019 год наблюдалось постепенное снижение уровня коррупционной преступности в Казахстане. При том, что наибольшее количество коррупционных дел было зарегистрировано в 2009 году, который знаменовал начало анализируемого периода, видно, что уровень преступности снизился до минимума в 2015 г. Можно сказать, что резкое сокращение коррупционных дел в 2015 году напрямую связано с новыми правилами, методами и применяемыми на практике антикоррупционными подходами. Хотя были колебания в цифрах в сторону постепенного увеличения, тенденция к снижению затем стабилизировалась и достигла уровня 2015 года в 2019 году. Эксперты описывают борьбу с коррупцией в 2020 году как «эффект президента Токаева», потому что антикоррупционные усилия в Казахстане вошли в новую фазу с назначением нового президента [Cabar.asia, 2021].

ниетті қалыптастыру және азаматтармен тұтастай сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте белсенді қатысу көзделген [Cabar.asia, 2021].

Қазіргі уақытта Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының мақсаттары мен міндеттерін іске асырудың бағдарламалары мен жоспарлары Мемлекет басшысының бастамасымен 2014 жылы қабылданған «2015-2025 сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегия» аясында жүзеге асырылуда. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегия сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тұжырымдамалық басымдықтарын түбегейлі өзгертті. Бұл стратегияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға барлық мүдделі тараптардың, яғни мемлекеттік институттардың, бизнес пен азаматтық қоғамның қатысуы жаңа деңгейге көтерілді. 2017 жыл - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың бірінші кезеңін жүзеге асырудың соңғы жылы және Қазақстанда үш жылдық кезеңдегі қайта қаралған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асырудың алғашқы нәтижелерін бағалауға болады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес стратегиясы мен оны іске асырудың тиімділігін қарастыру сияқты практикалық нәтижелерді талдауда, бейтараптылықты арттыру үшін сыртқы аудиттің тетіктері енгізілгенін атап өткен жөн. Осы мақсатта 2017 жылы үкіметтік емес ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының, қоғамдық институттардың және саяси партиялардың өкілдерінен тұратын арнайы мониторинг тобы құрылды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны іске асыруға қатысты 2015-2017 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асырудың бірінші кезеңінде сәтті нәтижелерге қол жеткізілгені байқалады. Мысал келтіретін болсақ, 2015-2017 жылдарға жоспарланған 64 іс-шараның 63-і аяқталды

По информации Комитета по правовой статистике и специальным счетам Генпрокуратуры, в 2019 году было совершено 1,416 преступлений в соответствии со статьями 366, 367, 368 (дача и получение взятки, посредничество во взяточничестве) и 361 (злоупотребление служебным положением) Уголовного кодекса Республики Казахстан. Год назад этот показатель составлял 1,588 человек, что на 10% больше. В 2019 году Нур-Султан был лидером трех регионов по 198 преступлениям, за ним следуют Алматы с 152 коррупционными преступлениями и Мангистауская область с 100 уголовными делами. Помимо этих трех регионов, наблюдается снижение уровня преступности в городах Шымкент, Павлодар и Жамбыл [Курсив, 2021].

По данным организации Transparency International, Казахстан поднялся на 19 ступенек и занял 94 место с 38 баллами в 2020 году. Можно сказать, что Казахстан добился хороших результатов в борьбе с коррупцией. В октябре 2019 года Казахстан присоединился к международной организации GRECO (антикоррупционная группа государств). Организация считает увольнение коррумпированных судей важным шагом в судебной реформе Казахстана [Информбюро, 2021]. Положение Казахстана в Индексе восприятия коррупции в 2019 году также было лучшим показателем за все время. Таким образом, можно сказать, что прогресс за один год равен прогрессу за предыдущие семь лет и почти равен запланированному значению за пять лет, и, согласно Стратегическому плану развития Казахстана, показатель Индекса восприятия коррупции прогнозируется на уровне 35 пунктов в 2025 году.

Следовательно, коррупция, которая не знает национальных границ, требует глобального сотрудничества. Коррупция не только обесценивает демократию и права человека, но также подрывает доверие к государственным должностным лицам и препятствует экономическому

[Zgazeta.kz, 2021]. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының Құқықтық статистика және арнайы есеп комитетінің деректері бойынша 2009-2019 жылдар аралығында Қазақстандағы сыбайлас жемқорлық қылмыстар деңгейінің біртіндеп төмендеуі байқалды. Талданған кезеңнің басы саналатын 2009 жылы ең көп сыбайлас жемқорлық оқиғалары тіркелгенімен, 2015 жылы қылмыс деңгейі минимумға дейін төмендегені байқалады. 2015 жылы сыбайлас жемқорлық істерінің күрт төмендеуі іс жүзінде қолданысқа енгізілген жаңа ережелермен, әдістермен және сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәсілмен тікелей байланысты екендігін айтуға болады. 2015 жылдан кейін біртіндеп өсу байқалса, 2019 жылы қайтадан 2015 жылдың деңгейіне жеткен. Сарапшылар 2020 жылы сыбайлас жемқорлықпен күресті «Президент Тоқаевтың әсері» ретінде сипаттайды, өйткені Қазақстандағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жаңа президенттің тағайындалуымен басқа кезеңге өткендігі көрсетілген [Cabar.asia, 2021].

Бас Прокурордың Құқықтық статистика және арнайы есеп комитетінің ақпараты бойынша 2019 жылы Қазақстан Республикасында ҚР Қылмыстық кодексінің 366, 367, 368-баптарына сәйкес (пара беру және алу, парамен делдал болу) және 361 (қызметтік міндетін асыра пайдалану)1416 қылмыс жасалған. Бір жыл бұрын бұл сан 1,588, яғни 10% жоғары болған. 2019 жылы Нұр-Сұлтан 198 қылмыспен үш облыстың көшбасшысы болса, одан кейін 152 сыбайлас жемқорлық қылмыспен Алматы және 100 қылмыспен Маңғыстау екінші және үшінші орынды иеленген. Осы үш облыстан бөлек, Шымкент, Павлодар және Жамбыл қалаларында қылмыс деңгейінің төмендегенін айта кеткен жөн [Курсив, 2021].

«Transparency International» ұйымының мәліметтері бойынша 2020

развитию. Сегодня Казахстан усиливает необходимые меры по предотвращению коррупции и улучшению условий ведения бизнеса в стране. В заключение можно сказать, что в борьбе с коррупцией были предприняты значительные шаги в отличие от других стран бывшего Советского Союза.

**Источники:**

Cabar.asia (2021). Центральноазиатское бюро аналитической отчетности. Доступно по адресу: https://cabar.asia/ru/kak-vedetsya-borba-s-korruptsiej-v-kazahstane. Дата обращения: 06.01.2021.

Информбюро (2021). Казахстан поднялся в рейтинге стран по уровню восприятия коррупции. Доступно по адресу: https://informburo.kz/stati/kazahstan-podnyalsya-v-reytinge-stran-po-urovnyu-vospriyatiya-korrupcii-kak-my-etogo-dobilis.html. Дата обращения: 08.01.2021.

Карасартова, Мейрамбеккызы (2015). Антикоррупционное законодательство Республики Казахстан. Доступно по адресу: http://www.kstu.kz/wp-content/uploads/2015/10/11-ta-yryp-R-sybajlas-zhem-orly-a-arsy-za-namasy.pptx. Дата обращения: 07.01.2020.

Kas.de (2017). Трансформация экономики Казахстана. Доступно по адресу: https://www.kas.de/c/document_library/get_file?uuid=efa0d43e-4db0-b96d-91ee-59039bd45e5b&groupId=252038. Дата обращения: 05.01.2021.

Курсив (2021). Рейтинг регионов по уровню коррупции. Доступно по адресу: https://kursiv.kz/news/obschestvo/2020-03/v-kakikh-regionakh-chasche-vsego-berut-vzyatki. Дата обращения: 08.01.2021.

Repository.apa.kz (2016). Основы антикоррупционной культуры. Доступно по адресу: https://repository.apa.kz/bitstream/handle/123456789/331/ОСНОВЫ%20АНТИКОРРУПЦИОННОЙ%20КУЛЬТУРЫ.pdf?sequence=1&isAllowed=y. Дата обращения: 05.01.2021.

Zgazeta.kz (2021). Отчет о национальной антикоррупционной политике Казахстана. Доступно по адресу: https://zgazeta.kz/nac-doklad/. Дата обращения: 08.01.2021.

жылы Қазақстан 19 сатыға көтеріліп, 38 ұпаймен 94-орынға тұрақтады. 2019 жылмен салыстырғанда төрт ұпай артық алып, рейтингте 19 позицияға көтерілді. Қазақстан жемқорлықпен күресте жақсы нәтижелерге жеткенін айтуға болады. 2019 жылдың қазанында Қазақстан GRECO (сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттер тобы) халықаралық ұйымына қосылды. Ұйым жемқор судьяларды қызметінен босатуды Қазақстанның сот реформасындағы маңызды қадам деп санайды [Информбюро, 2021]. Қазақстанның сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі-2019 рейтингіндегі орны барлық уақыттағы ең жақсы көрсеткіш болып табылады. Бір жылдық прогресс алдыңғы жеті жылдық прогреске тең және бес жылға жоспарланған мәнге тең бола отырып, Қазақстанның стратегиялық даму жоспарына сәйкес 2025 жылы сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі 35 балл деп болжануда.

Демек, ұлттық шекараны асатын сыбайлас жемқорлық жаһандық ынтымақтастықты қажет етеді. Сыбайлас жемқорлық демократия мен адам құқығын бұзып қана қоймайды, сонымен бірге мемлекеттік шенеуніктерге деген сенімді жоғалтады және экономикалық дамуға кедергі келтіреді. Бүгінде Қазақстан сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және елдегі кәсіпкерлік жағдайды жақсарту бойынша қажетті шараларды көбейтіп жатыр. Қорытындылай келе, бұрынғы Кеңес Одағы елдерімен салыстырғанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте маңызды қадамдар жасалғанын айта аламыз.

**Дереккөз:**

Cabar.asia (2021). Орталық Азиядағы аналитикалық есеп беру бюросы. Сілтеме: https://cabar.asia/ru/kak-vedetsya-borba-s-korruptsiej-v-kazahstane. Қаралған уақыты: 06.01.2021.

Информбюро (2021).Казахстан сыбайлас жемқорлықты қабылдау деңгейі бойынша ел-

дердің рейтингінде көтеріледі. Сілтеме: https://informburo.kz/stati/kazahstan-podnyalsya-v-reytinge-stran-po-urovnyu-vospriyatiya-korrupcii-kak-my-etogo-dobilis.html. Қаралған уақыты: 08.01 .2021.

Карасартова, Мейрамбеккызы (2015). Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы. Сілтеме: http://www.kstu.kz/wp-content/uploads/2015/10/11-ta-yryp-R-sybajlas-zhem-orly-a-arsy-za-namasy.pptx. Қаралған уақыты: 07.01.2020.

Kas.de (2017). Қазақстан экономикасының өзгеруі. Сілтеме: https://www.kas.de/c/document_library/get_file?uuid=efa0d43e-4db0-b96d-91ee-59039bd45e5b&groupId=252038. Қаралған уақыты: 05.01.2021.

Курсив (2021). Сыбайлас жемқорлық деңгейі бойынша аймақтардың рейтингі. Сілтеме: https://kursiv.kz/news/obschestvo/2020-03/v-kakikh-regionakh-chasche-vsego-berut-vzyatki. Қаралған уақыты: 08.01.2021.

Repository.apa.kz (2016). Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің негіздері. Сілтеме: https://repository.apa.kz/bitstream/handle/123456789/331/ОСНОВЫ%20АНТИКОРРУПЦИОННОЙ%20КУЛЬТУРЫ.pdf?sequence=1&isAllowed=y. Қаралған уақыты: 05.01.2021.

Zgazeta.kz (2021). Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ұлттық есеп. Сілтеме: https://zgazeta.kz/nac-doklad/. Қаралған уақыты: 08.01.2021.

# РАЗВИТИЕ В СФЕРЕ ОБРАЗОВАНИЯ

## БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ДАМУ

# УПРАВЛЕНЧЕСКИЕ ПРАКТИКИ В ВЫСШЕМ ОБРАЗОВАНИИ
# ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУДЕГІ БАСҚАРУ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ

*Гульнар Надирова* *

Сегодня ни у кого не вызывает сомнений тот факт, что образование – одна из тех сфер, в которой сосредоточены самые разные острые проблемы современного мирового сообщества. Из-за множества вызовов сложно найти успешный пример развития университета даже в самых, казалось бы, благополучных странах. Среди важных вопросов: качество обучения, государственное и / или частное финансирование, соответствие новым требованиям работодателя, коммерциализация, цифровизация, и это далеко не весь список. Одна из наиболее важных тем для обсуждения - лидерство в обучении и преподавании и его роль в развитии высшего образования [Хофмайер и др., 2015].

Люди, которые руководят университетами и кафедрами, играют ключевую роль в определении стратегий развития, политики, вклада образовательных учреждений в общество, набора преподавателей и привлечения студентов. Их лидерские качества напрямую влияют на главную миссию университетов – совершенствовать обучение и преподавание. Кроме того, не следует забывать и о второй не менее важной задаче университетов – развитии научных исследований, которые также возглавляют академические лидеры, обеспечивающие качество и эффективность научных проектов. Основная полемика последних лет возникла вокруг требований к профессиональным качествам и навыкам тех, кто принимает решения на самом высоком уровне.

Все больше и больше руководителей приходят из бизнес-сообщества, чтобы руководить университетами, и часто они

Қазіргі заманауи қоғамда ең күрделі және ең маңызды мәселелер кездесетін салалардың бірі білім саласы болып табылады. Көптеген қиыншылықтарға байланысты, дамыған елдердің өзінде жақсы дамыған университеттің үлгісін табу қиын. Жоғары білім беруде білім сапасы, мемлекеттік немесе жеке қаржыландыру, жұмыс берушілердің жаңа шарттарын орындау, коммерцияландыру және цифрландыру маңызды мәселелер болып табылады. Талқыланатын маңызды мәселелердің бірі – білім алу мен білім берудегі көшбасшылық және оның жоғары білім беруді дамытудағы рөлі [Хофмейер т.б. басқалар, 2015].

Университеттер мен кафедраларды басқаратын адамдар даму стратегиясы мен саясатын анықтауда, білім беру мекемелерінің қоғамға қосқан үлесінде, оқытушылық құрамды жинақтауда және студенттерді тартуда маңызды рөл атқарады. Басқару құрамының тәжірибесі мен біліктілігі университеттердің басты мақсаты болып табылатын білім беру мен оқытудың дамуына тікелей әсер етуі мүмкін. Сонымен қатар, университеттердің екінші маңызды міндеті – ғылыми жобалардың сапасы мен тиімділігін қамтамасыз ететін ғылыми жетекшілер басқаратын ғылыми зерттеулерді дамыту. Соңғы жылдардағы пікірталастардың негізгі тақырыптарының бірі жоғары басшылық деңгейінде шешім қабылдаушылардың кәсіби біліктілігі мен дағдыларына қойылатын талаптар төңірегінде туындады.

Жалпы, университеттің әкімшілігіне білімі немесе ғылыми зерттеулері бол-

* проф., к.и.н., Евразийский научно-исследовательский институт, Казахстан
gulnad@mail.ru

не имеют преподавательского опыта или не занимались научными исследованиями. Их основные сильные стороны составляют организационные и административные навыки, а их принципом выступает нацеленность на результат, прибыльность и успех [Коли, 2020] По аналогии с бизнес-структурами, их чаще называют менеджерами, а не лидерами.

Исследования, проведенные в странах Северной Европы после реформы автономизации местных университетов, дали неожиданный результат: традиционное академическое руководство, основанное на ротационных системах, выборах между коллегами и коллегиальном принятии решений, постепенно менялось, а в некоторых местах полностью заменялось не только путем назначения менеджеров ректорами, сверху вниз, но и за счет внедрения системы измерения эффективности университетов [Гешвинд и др., 2019]. Как следствие, больше внимания уделяется роли главы университета в управлении ресурсами и эффективностью, для чего введены стандартизированные процедуры и четко определенные обязанности. Активно внедрялись различные типы систем мониторинга и подотчетности, такие как рейтинговые баллы, индикаторы, жестко оформленные планы на всех уровнях – от индивидуального до институционального.

Профессорско - преподавательский сос-тав старых университетов, особенно имеющих свою историю, традиционные ценности и культуру, даже эмоционально тяготеют к модели «лидерства», понимая ее как профессионализм, основанный на знаниях, полученных в результате воспитания и обучения в реальной профессии или академических кругах. Принятие решений в рамках этой модели сосредоточено на консенсусе, доверии и коллегиальности [Сахлин и Эрикссон-Зетерквист, 2016]. Нет сомнений в том, что развитие профессиональных академических навыков необходимо, но недоста-

маған бизнестен келген адамдар әкеліннеді. Олардың ең мықты қасиеті - ұйымдастырушылық пен басқарушылық қабілеттерінің болуы болса, ал олардың принциптері нәтижелерге, ақша табу мен табысқа бағытталған [Коли, 2020]. Сондықтан, бұл адамдар өздерінің бизнес құрылымдарына ұқсас лидерден гөрі менеджер болып саналады. Скандинавия елдеріндегі жергілікті университеттерді автономизациялау реформасынан кейін жүргізілген зерттеулерде күтпеген нәтижелер жүзеге асырылды. Дәстүрлі академиялық көшбасшылық, циклдік жүйелер, әріптестер арасындағы таңдау және әріптестерге негізделген шешім қабылдау біртіндеп өзгерді. Кейбір жерлерде жоғарыдан төмен басқару жүйесімен басқарушыларды ректор етіп тағайындау және университеттердің тиімділігін өлшеу үшін жүйенің енгізілуіне байланысты толығымен өзгеретінін айтуға болады [Гешвинд және т.б, 2019]. Нәтижесінде, университет басқарушысының ресурстар мен тиімділігін басқарудағы рөліне үлкен назар аударылып, стандартты рәсімдер мен нақты белгіленген міндеттер енгізілуде. Бағалау ұпайлары, көрсеткіштер, қатаң жазылған жоспарлар сияқты әр түрлі бақылау мен есеп беру жүйелері жеке адамдардан бастап ұйымдарға дейін барлық деңгейде белсенді түрде жүзеге асырылады.

Тарихы, дәстүрлі құндылықтары, мәдениеті бар, тіпті «көшбасшылық» моделіне бейім ескі университеттердің факультеттері, басшылықты нақты кәсіпте немесе академиялық ортада білім алу мен білім беру нәтижесінде алынған ақпаратқа негізделген кәсіпқойлық ретінде қабылдайды. Осы модель бойынша шешім қабылдау, консенсус, сенім және әріптестікке назар аударылады [Салин және Эрикссон-Зеттерквист, 2016]. Әрине, кәсіби академиялық дағдыларды дамыту қажеттілігі оқу орындарының қазіргі жоғары білім жағдайында шынымен

точно для того, чтобы учебные заведения действительно преуспели в нынешней среде высшего образования. Сильное руководство университетов необходимо для того, чтобы учебные заведения действительно процветали в сегодняшней среде высшего образования [Кано и Уитфилд, 2019].

Перед лицом конкуренции и быстрой трансформации высшие учебные заведения (ВУЗы) вынуждены брать на себя функции, которые ранее не были для них характерны, включая сбор средств, поддержание отношений с выпускниками и донорами, капитальные проекты и финансовую помощь студентам, трудоустройство и программы стажировок или постоянные беседы с правительственными чиновниками и политиками о проблемах общества, таких как жилье, транспорт или охрана окружающей среды. Тем не менее, многие в академическом сообществе по-прежнему считают, что образование не следует превращать в бизнес: университеты не нацелены на получение прибыли для акционеров, а их деятельность не ориентирована на узкий круг продуктов и услуг.

Демократия в управлении университетом важна для ученых, и они должны участвовать в решении стратегических задач, в выполнении миссии своей организации. В то же время многие тактические, административные и технические задачи составляют функциональные обязанности и ответственность главного менеджера и его отдела. Таким образом, роль яркого академического лидера, избранного коллегиально или назначаемого по результатам конкурса, пользующегося авторитетом в академических кругах вуза, по-прежнему велика, но вместе с тем существует потребность в наемном профессиональном менеджере с навыками бизнес-администрирования, ответственном за внешние вызовы и решение неотложных задач.

табысты болуы үшін жеткіліксіз. Факультеттің мықты көшбасшылығы институттардың қазіргі жоғары білім беру жағдайында шынымен жетістікке жетуі үшін өте маңызды. [Кано және Витфилд, 2019].

Бәсекелестік пен жылдам трансформация жағдайында жоғары оқу орындары қаражат жинау, түлектер және донорлармен қарым-қатынасты сақтау, студенттерге капиталды жобалар мен қаржылық көмек көрсету сияқты өзіне тән емес функцияларды міндеттенеді. Сонымен қатар, тәжірибеден өтуге арналған жұмыспен қамту бағдарламалары немесе мемлекеттік қызметкерлер және саясаткерлермен тұрғын үй, қатынау немесе қорғау сияқты проблемаларын шешу сияқты қосымша міндеттері бар.  Десе де, академиялық қауымдастықтың көпшілігі білім беруді бизнеске айналдыруға болмайтынына сенуде. Университеттер акционерлер үшін пайда табуды мақсат етпей, бастамаларын аз өнім мен қызмет ассортиментіне бағыттамауы керек.

Университет әкімшілігіндегі демократия ғалымдар үшін маңызды және олар өз ұйымдарының миссиясын орындау кезінде стратегиялық мәселелерді шешуге қатысуы керек. Сонымен бірге көптеген тактикалық, әкімшілік және техникалық тапсырмалар бөлім бастығы мен бөлімнің функционалдық міндеттері мен жауапкершілігін құрайды. Сондықтан, табысты академиялық жетекшінің рөлі таңдалғанына немесе тағайындалғанына қарамастан, жоғары оқу орнының академиялық қауымдастығын бағалайтын үдерістен өтуі өте маңызды. Сонымен қатар, іскерлік әлемде дағдылары бар, сыртқы қиындықтар мен күтпеген мәселелерді шешуге жауапты кәсіби менеджер де қажет болып табылады.

Екінші жағынан, университеттерді басқару жүйелеріне қатысты тағы бір тәсіл бар. Мысалы, американдық зерт-

Однако есть и другой подход. Например, американские исследователи Кезар и Холкомб предлагают модель «совместного лидерства», которая, по их мнению, является наиболее эффективной в сегодняшних условиях. Его особенность заключается в создании инфраструктуры, которая позволяет организациям получать выгоду от руководства нескольких человек. Для поддержки совместного лидерства необходимы программы, ориентированные не на тех людей, которые уже занимают руководящие должности, а на развитие большего числа членов команды или структур. Концепция совместного лидерства имеет такие характеристики, как большее количество людей в руководстве, чем в традиционных моделях, лидеры и последователи считаются взаимозаменяемыми, лидерство не основано на должности или авторитете, для решения проблем, инноваций и изменений используются множественные точки зрения и опыт, акцент на сотрудничестве и взаимодействии внутри организации [Кезар и Холкомб, 2017].

При этом совместное лидерство не отрицает важную роль лидеров на руководящих должностях, но делает акцент на то, как те, кто наделен властью, могут делегировать полномочия, правильно использовать опыт внутри организации и создавать инфраструктуру, так чтобы организации могли получать выгоду от лидерства нескольких человек. Лидерство, по мнению авторов концепции, — это процесс, а не один человек. Лидерство обеспечивается профессиональным развитием, доступом к информации, командной работой и стимулами. Эта децентрализация и продвижение местной автономии повышает адаптируемость организаций и позволяет им творчески и быстро реагировать на изменяющиеся внешние условия, опираясь на взаимосвязи, общее видение будущего и коллективные достижения.

Следует иметь в виду, что большинство университетов в мире, в которых

теушілер Кезар мен Холкомб, бүгінгі жоғары білім әкімшілігінде ең ықпалды деп санайтын «ортақ көшбасшылық» моделін ұсынады. Бұл модельдің ерекшелігі - оның ұйымдарға бірнеше адамның басшылығынан пайдалануына мүмкіндік беретін инфрақұрылымы. Ортақ көшбасшылықты қолдау үшін қазірдің өзінде басшылық қызметте жүрген адамдар емес, топ мүшелерін немесе құрылымдарын дамытуға бағытталған бағдарламалар қажет. Ортақ көшбасшылық тұжырымдамасы дәстүрлі модельдермен салыстырғанда көбірек адамдардың көшбасшылыққа тартылуын және көшбасшылар мен ізбасарлардың өзгере отырып әрекет ете алатындығын көздейді. Көшбасшылық лауазым немесе беделге негізделмей, көптеген көзқарастар мен тәжірибелердің арқасында мәселелерді шешуде бір-біріне үлес қосуға баса назар аудара отырып, инновациялар мен өзгерістерді жүзеге асыруына мүмкіндік береді [Кезар және Холкомб, 2017].

Ортақ көшбасшылық көшбасшылық лауазымдардағы көшбасшылардың маңызды рөлін жоққа шығармайды, бірақ билік басындағылардың билікті қалай бөліп, ұйым ішіндегі қабілетінен пайда көре алатындығына назар аударады. Сонымен қатар, осы басқару жүйесінің инфрақұрылымын құру арқылы ол ұйымдарға бірнеше адамның басшылығынан пайдалануына мүмкіндік береді. Көшбасшылық тұжырымдамасының авторлары көшбасшылықты жеке тұлға емес, үдеріс деп санайды. Көшбасшылық біліктілікті арттыру, топтық жұмыс және ынталандыру арқылы жүзеге асырылады. Орталықсыздандыру мен жергілікті автономияны ілгерілету ұйымдарға олардың бейімделуін дамытуға, қоршаған ортаның өзгеріп отырған жағдайларына креативті және жылдам жауап қайтаруға, байланысын жақсартуға және болашаққа ортақ көзқараспен ортақ

есть бизнес-программы по подготовке и обучению управленческим и лидерским навыкам, предлагают курсы для лидеров других отраслей, но очень мало для руководителей высшего образования, и этот пробел необходимо заполнить. С июля 2019 года в Узбекистане внедряется система назначения руководящего состава вузов, согласно которой ректор назначается и освобождается от должности Кабинетом Министров по согласованию с Администрацией Президента и по представлению главы профильного министерства. Что касается Кыргызстана, то это одна из первых стран Центральной Азии, где университеты применяют принцип избрания своих руководителей. В настоящее время Премьер-министр Кыргызской Республики назначает одного из трех кандидатов, набравших наибольшее количество голосов в процессе избрания [24.kg. 2018]. В первые месяцы 2021 года в Казахстане было назначено несколько новых ректоров национальных вузов, но не указами Президента, как это было до 2019 года, а на основании решений конкурсных комиссий, и это однозначный сигнал об изменении подходов к руководству в системе высшего образования страны. Это может означать переход от модели управления сверху вниз к более коллегиальной или, возможно, даже совместной форме управления.

**Источники:**

Газета.uz (2019) За один день были уволены 10 ректоров вузов Узбекистана. Доступно по: адресу: https://www.gazeta.uz/ru/2020/02/14/rector/. Дата обращения: 06.04.2021.

Гешвинд, Ларс, Ааррeваара, Тимо, Берг, Нордстранд и Линд, Крог (2019) Меняющиеся роли академических лидеров: принятие решений, власть и эффективность. Доступно по адресу: https://doi.org/10.1007/978-3-030-11738-2_6. Дата обращения: 12.02.2021.

Кано, Аннмари и Уитфилд, Кейт (2019). Требуется: обучение лидерству для профессорско-преподавательского состава и академического персонала. Доступно по адресу: https://www.insidehighered.com/advice/2019/11/22/importance-cultivating-leadership-skills-among-faculty-and-academic-staff-members. Дата обращения: 24.03.2021.

жетістіктерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Менеджмент пен көшбасшылық қабілеттерді үйрететін және оқытатын бизнес бағдарламалары бар әлемдегі университеттердің көпшілігінде басқа салалардың басшыларына арналған жоғары деңгейлі курстар ұсынылатындығын атап өткен жөн. Алайда, жоғары оқу орындарының жетекшілері үшін бұл курстар өте аз екенін ескере отырып, бұл олқылықтың орнын толтыру керек. 2019 жылдың шілдесінен бастап Өзбекстан, жоғары оқу орындарының бас қызметкерлерін тағайындау үшін Президент әкімшілігімен келісе отырып, тиісті министрлік басшысының ұсынысы бойынша оны Министрлер кеңесі тағайындайтын және босататын жүйені қолданады. Орталық Азиядағы университеттер ішінде өздерінің ректорларын таңдау принципін қолданған алғашқы елдердің бірі Қырғызстан болып табылады. Бүгінде Қырғыз Республикасының Премьер-министрі сайлауда ең көп дауыс жинаған үш үміткердің бірін тағайындайды [24.kg, 2018]. 2021 жылдың алғашқы айларында Қазақстанның кейбір жоғары оқу орындарына жаңа ректорлар тағайындалды. Алайда бұл тағайындаулар 2019 жылға дейінгі президенттің жарлықтарына емес, Білім және ғылым министрлігінің жауапкершілігімен құрылған жетістіктер мен бағалау комиссияларының шешімдеріне негізделді. Бұл жағдай елдің жоғары білім беру жүйесіндегі көшбасшылық тәсілдерінің өзгеруін көрсетеді. Бұл жаңа таңдау әдісі жоғарыдан төмен басқару моделінен өзара түсіністікке және ынтымақтастықта басқару стиліне көшуді білдіргенін айтуға болады.

**Дереккөз:**

Газета.uz (2019). Бір күнде Өзбекстан университеттерінің 10 ректоры қызметінен босатылды. Сілтеме: https://www.gazeta.uz/ru/2020/02/14/rector/. Қаралған уақыты: 06.04.2021.

Кезар, Адрианна и Элизабет, Холкомб (2017). Совместное лидерство в высшем образовании: важные уроки исследований и практики. Доступно по адресу: https://www.acenet.edu/Documents/Shared-Leadership-in-Higher-Education.pdf. Дата обращения: 29.03.2021.

Коли, Тим (2020). Измените модели и методы лидерства. Доступно по адресу: https://www.ellucian.com/insights/change-leadership-models-and-methods. Дата обращения: 24.03.2021.

Сахлин, Керстин и Эрикссон-Зеттерквист, Улла (2016). Коллегиальность в современных университетах - состав управленческих идей и практик. Северный журнал исследований политики в области образования, 2016 2–3: с. 1-10. Доступно по адресу: https://www.tandfonline.com/doi/full/10.3402/nstep.v2.33640. Дата обращения: 24.03.2021.

Хофмейер, Энн, Шейнгольд, Бренда, Клоппер, Хестер и Варланд, Джейн (2015). Лидерство в обучении и преподавании в высшем образовании: перспективы академиков в неформальных лидерских ролях. Доступно по адресу: https://files.eric.ed.gov/fulltext/EJ1069889.pdf/. Дата обращения: 12.02.2021.

24.kg (2018). Кыргызстан намерен изменить порядок избрания ректоров вузов. Доступно по адресу: https://24.kg/obschestvo/79428_izmenit_poryadok_izbraniya_rektorov_vuzov_namerenyi_vkyirgyizstane_/. Дата обращения: 06.04.2021.

Гешвинд, Ларс, Ааррevaара, Тимо, Берг, Нордстранд и Линд, Крог (2019). Академиялық жетекшілердің өзгеретін рөлдері: шешім қабылдау, билік және өнімділік. Сілтеме: https://doi.org/10.1007/978-3-030-11738-2_6. Қаралған уақыты: 12.02.2021.

Кано, Аннмари және Кейт, Витфилд (2019). Қажетті: Оқытушылар мен академиялық қызметкерлерге арналған көшбасшылық тренинг. Сілтеме: https://www.insidehighered.com/advice/2019/11/22/importance-cultivating-leadership-skills-among-faculty-and-academic-staff-members. Қаралған уақыты: 24.03.2021.

Кезар, Адрианна, және Элизабет, Холкомб (2017). Жоғары білім берудегі ортақ көшбасшылық: зерттеулер мен тәжірибенің маңызды сабақтары. Вашингтон, Колумбия округі: Американдық білім беру кеңесі. Сілтеме: https://www.acenet.edu/Documents/Shared-Leadership-in-Higher-Education.pdf. Қаралған уақыты: 29.03.2021.

Коли, Тим (2020). Көшбасшылық үлгілері мен әдістерін өзгерту. Сілтеме: https://www.ellucian.com/insights/change-leadership-models-and-methods. Қаралған уақыты: 24.03.2021.

Сахлин, Керстин, және Эрикссон-Цеттерквист, Улла (2016). Қазіргі университеттердегі алқалылық — басқару идеялары мен тәжірибелерінің құрамы. Nordic Journal of Studies in Educational Policy 2016 (2–3): 6б. 1-10. Сілтеме: https://www.tandfonline.com/doi/full/10.3402/nstep.v2.33640. Қаралған уақыты: 24.03.2021.

Хофмейер, Энн, Шейнгольд, Бренда, Клоппер, Хестер и Варланд, Джейн (2015). Жоғары білім берудегі оқу мен оқытудағы көшбасшылық: формальды емес көшбасшылық рөлдердегі академиктердің перспективалары. Сілтеме: https://files.eric.ed.gov/fulltext/EJ1069889.pdf/. Қаралған уақыты: 12.02.2021.

24.kg (2018). Қырғызстан жоғары оқу орындарының ректорларын сайлау тәртібін өзгертпек. Сілтеме: https://24.kg/obschestvo/79428_izmenit_poryadok_izbraniya_rektorov_vuzov_namerenyi_vkyirgyizstane_/. Қаралған уақыты: 06.04.2021.

# КРАТКИЙ ОБЗОР МОЛОДЕЖНОЙ ПОЛИТИКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖАСТАР САЯСАТЫНА ҚЫСҚАША ШОЛУ

*Суат Бейлур* *

На сегодняшний день население Казахстана, приближающееся к 19 миллионам, имеет средний возраст 30,7 лет, зафиксированный в 2020 году [Worldometer.info, 2021]. При этом среднем показателе почти половина населения Казахстана, занимающего 114-е место в мире, моложе 29 лет. Соотношение населения в возрасте от 14 до 29 лет, которое принято в качестве возрастного диапазона молодежи в Законе о молодежи и других соответствующие официальные документах, соответствует 22,3% от общей численности населения [Strategy 2050.kz, 2021]. В этом исследовании будет кратко рассмотрена молодежная политика Казахстана с момента обретения независимости до настоящего времени.

Как молодая нация, Казахстан имеет молодое и очень динамичное демографическое население. За 30 лет независимости Казахстан претерпел значительные изменения и преобразования во всех сферах. Несомненно, молодежь как социальная группа представляет собой как объект, так и субъект переходного периода после 1990 года. Исходя из этого важного посыла, Казахстан принял множество законодательных норм в отношении молодежи с 1990-х годов и разработал различные проекты и программы, связанные с их реализацией. В хронологическом порядке сюда входят «Стратегический план развития Казахстана до 2030 года» (1997 г.), «Государственная молодежная концепция» (1999 г.), «Молодежная программа Казахстана» (2001 г.), «Молодежная программа на 2005-2007 годы» (2005 г.), «Стратегический план

Қазіргі таңда 19 миллионға жақындап қалған Қазақстан халқының орташа жасы 2020 жылғы мәлімет бойынша 30,7-ні құрап отыр [Worldometers.info, 2021]. Осы орташа көрсеткішпен әлемде 114-ші орында тұрған Қазақстан халқының жартысына жуығы 29 жасқа толмаған. Жастар туралы заңда және басқа да ресми құжаттарда жастар ретінде қабылданған 14-29 жас аралығындағылар жалпы халықтың 22,3%-на сәйкес келеді [Strategy 2050.kz, 2021]. Сонымен осы мақаламызда Қазақстанның тәуелсіздік алғаннан бастап қазірге дейінгі жастар саясатына қысқаша шолу жасайтын боламыз.

Енді өркендеп келе жатқан тәуелсіз ел ретінде Қазақстан демографиялық тұрғыдан алғанда жас мемлекет әрі халық саны қарқынды өсуде. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі 30 жыл ішінде Қазақстан әр салада елеулі өзгерістер мен қайта құруды бастан кешірді. Жастар әлеуметтік топ ретінде 1990 жылдан кейінгі өтпелі кезеңнің объектісі де, субъектісі де болғаны сөзсіз. Осы маңыздылыққа байланысты, Қазақстан Республикасы 1990 жылдардан бастап жастар туралы көптеген құқықтық нормативтер жасады және оны жүзеге асыруға байланысты түрлі жобалар мен бағдарламалар әзірледі. Оларды хронологиялық тұрғыдан «Қазақстанның 2030» стратегиялық даму жоспары (1997), «Мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасы» (1999), «Қазақстан жастары» бағдарламасы (2001), «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты»

* доктор, Евразийский научно-исследовательский институт, Казахстан.
suatbeylur@gmail.com

развития Казахстана до 2020 года». (2010 г.), Стратегия «Казахстан 2050» (2012 г.), «Концепция молодежной политики Казахстана до 2020 г.» (2013 г.) и «Государственный закон Казахстана о молодежи» (2015 г.). Помимо этого, существуют другие соответствующие правовые нормы, касающиеся обучения молодежи и усиления ее роли в развитии страны, в числе которых законы об образовании и труде, а также институциональные структуры, такие как Совет молодежи.

Если мы посмотрим на Закон о молодежи, который является базовым нормативным документом, то, прежде всего, молодежь определена в возрасте от 14 до 29 лет в первой статье закона [Adilet.zan.kz, 2021]. Образование, наука, здоровье, занятость, предпринимательство, духовное, культурное и физическое развитие молодежи определены в качестве основных принципов в законе (статья 3), в котором подчеркивается определение научного, целостного и систематического подхода в молодежной политике. Для молодежи, которая считается основным элементом преемственности поколений, особый упор сделан на семейное воспитание с точки зрения передачи традиций, а также упоминается создание «молодежных форумов» на национальном и региональном уровнях с точки зрения гражданской позиции, участия в общественной и политической жизни, а также обязанностей [Adilet.zan.kz, 2021].

Помимо Закона о молодежи, одним из основных документов, регулирующих рост и развитие Казахстана, являются Послания Первого президента Нурсултана Назарбаева народу и Стратегии 2030 и 2050, где определены важные цели и дорожные карты для молодежи Казахстана. В этом контексте видно, что молодежи отводится особое и значимое место в Стратегии «Казахстан 2050», которая является последней из официальных речей и стратегических документов. В целом, часто подчеркивается, что Казахстан – это молодая страна с низким уровнем

(2004), «Жастар саясатының 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы» (2005), «Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары» (2010), «Қазақстан 2050» стратегиясы (2012), «Мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға арналған тұжырымдамасы» (2013) және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясаты» (2015) деп атап көрсетуге болады. Бұдан сырт, әсіресе білім туралы заң мен еңбек заңнамасы аясында жастарды оқытуға және олардың елдің дамуындағы орнын нығайтуға байланысты басқа да құқықтық нормалар қабылданып, Жастар кеңесі сияқты құрылымдық ұйымдар құрылды.

Негізгі нормативтік құжат болып табылатын Жастар туралы заңға көз жүгіртер болсақ, ең алдымен заңның бірінші бабында 14-29 жас аралығындағылар жастар ретінде анықталғанын атап көрсеткен жөн [Adilet.zan.kz, 2021]. Жастар саясатында ғылыми, біртұтас және жүйелі тұжырымдамаға баса назар аударылған аталмыш заңда (3-бап) жастардың білім беру, ғылым, денсаулық сақтау, жұмыспен қамту және кәсіпкерлік жағынан, сондай-ақ, рухани, мәдени және физикалық дамуы негізгі қағидалар ретінде көрсетілген. Ұрпақтар сабақтастығының негізгі бөлшегі ретінде қабылданған дәстүрлерді дәріптеу барысында жастар үшін отбасылық тәрбиеге ерекше назар аударылумен қатар, азаматтық, әлеуметтік және саяси белсенділік және жауапкершілік тұрғысынан ұлттық және аймақтық деңгейде ұйымдастырылған «жастар форумдарына» ерекше көңіл бөлінді [Adilet.zan.kz, 2021].

Жастар заңынан бөлек, Қазақстанның дамуы мен өркендеуінің басты құжаттық жоспарларының бірі болып табылатын Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың халыққа жолдаған жолдаулары мен «Қазақстан - 2030» және «Қазақстан - 2050» стратегияларында

среднего возраста и что инвестиции, сделанные в человеческий капитал с момента обретения независимости до настоящего времени, обеспечивают появление талантливого и молодого поколения, и что эта молодежь обеспечивает гарантию развития страны. Молодежи адресованы такие вопросы, как «Кто мы? Куда мы движемся? Где мы будем к 2050 году?», и цель «попасть в 30 наиболее развитых стран» поставлена перед молодыми людьми в качестве миссии. Что касается ценностных суждений молодежи, подчеркивается, что отход от культурных кодов и переход к крайностям представляет большой риск для национальной идентичности и, в частности, уделяется внимание опасным последствиям недавно появившейся дифференциации «настоящий казах» (нагыз) и «казах наполовину» (шала). Помимо общих тем, Стратегия 2050 также включает специальный раздел «Обращение к молодежи». В вышеупомянутом разделе говорится, что молодежь, главный элемент цепочки успеха, простирающейся от семьи до государства, выступает центральным двигателем Стратегии 2050; поэтому, особенно в рамках Молодежной концепции, создаются важные программы для молодежи, и молодежи предлагаются лучшие возможности для получения образования для лучшего будущего [Акорда, 2021].

Можно сказать, что политика, определенная в основных документах, вкратце изложенная до этого, в значительной степени реализована. Помимо этого, 2019 год был объявлен Годом молодежи [Astanatimes.com, 2021a]. Глядя на эту практику с позиций сегодняшнего дня, мы можем сказать, что многие проекты были инициированы и продолжены в области образования, занятости, предпринимательства, политического участия и представительства, повышения уровня жизни, защиты и развития национальных и духовных ценностей. Среди этих тем обращает на себя внимание область

Қазақстан жастары үшін маңызды мақсаттар мен жол карталары айқындалды. Аталмыш құжаттардың ең жаңасы болып табылатын «Қазақстан - 2050» стратегиясының басым бөлімінде жастарға ерекше әрі маңызды орын берілген. Жалпы алғанда, елбасының жолдауында Қазақстанның енді аяқтан тұрып келе жатқан жас мемлекет екендігі жиі айтылатындығы, сондай-ақ, ел тәуелсіздігінен бастап қазіргі уақытқа дейін адам капиталына салынған инвестиция талантты жастардың молаюын қамтамасыз ететіндігі айтылған, ал жас ұрпақ - ел дамуының кепілі. Дәл осы шеңбер аясында «Біз кімбіз? Біздің бағытымыз қандай? 2050 жылға дейін біз қайда боламыз?» сынды сұрақтардың да басты нысанасы жастар болып, оларға «дамыған 30 елдің қатарына кіру» борышы жүктелген. Жастардың құндылық көзқарасы тұрғысынан алғанда, ұлттық мәдени кодтардан айырылу мен әсірешілдікке бой ұру ұлттық бірегейлік үшін үлкен қауіп екенін, әсіресе, соңғы уақытта пайда болған «нағыз қазақ» және «шала қазақ» деп бөлінудің қауіпті салдарын атап өткен жөн. 2 «Қазақстан - 2050» стратегиясында жалпы тақырыптардан бөлек «Жастарға үндеу» атты арнайы тарау да бар. Аталған бөлімде «отан – отбасынан басталатын» құндылықтың маңызды бөлшегі саналатын жастардың 2050 стратегиясының негізгі күш-қуаты екендігі баса айтылып, сондықтан жастар үшін маңызды бағдарламалар мен іс-шаралар жоспарлары, әсіресе, жастар үшін тұжырымдама жасалып, жарқын болашақ үшін ең жақсы білім беру мүмкіндіктері ұсынылады [Акорда, 2021].

Жоғарыда қысқаша атап көрсетілген саясат айтарлықтай деңгейде жүзеге асырылды деуге болады. Сонымен қатар, 2019 жылы «Жастар жылы» деп жарияланды [Astanatimes.com, 2021a]. Осы тәжірибелерге негізделіп, білім беру, жұмыспен қамту, кәсіпкер-

образования. Потому что в рамках 5-летних программ развития образовательные учреждения от дошкольных до высших учебных заведений были выведены на очень высокий уровень как с точки зрения инфраструктуры, так и с точки зрения качества образования. С распространением по всей стране Назарбаев интеллектуальных школ (НИШ), которые были открыты в рамках пилотного проекта, среднее образование в Казахстане приблизилось к стандартам ОЭСР [Организация экономического сотрудничества и развития, 2016]. Аналогичный процесс реформ наблюдается и в высшем образовании. По состоянию на 2021 год более 500 тысяч студентов обучаются на разных уровнях в 129 вузах [Спутник, 2021]. С другой стороны, в рамках стипендиальной программы Болашак, инициированной в 1993 году, 13 976 молодых людей получили стипендии для обучения в ведущих университетах мира, из них 7 846 человек завершили свое образование и начали работать в различных учреждениях [Болашак, 2021].

Программа «Дорожная карта занятости 2020» была принята в рамках таких приоритетов, как обеспечение качественного образования, поощрение предпринимательства и обеспечение мобильности рабочей силы в соответствии с утверждением Первого Президента Нурсултана Назарбаева «Человеческие ресурсы – это основа модернизации» [Международная организация труда, 2015]. Профессионально-техническое обучение прошли более 20 тысяч молодых людей, около 1,500 человек получили микрокредиты для открытия собственного дела, в результате чего были созданы рабочие места для более 160 тысяч молодых людей [Акорда, 2021]. В рамках данной программы уровень безработицы среди молодежи, составлявший 5% в 2016 году, по официальным данным был снижен до 3,98% в 2021 году [О'Нил, 2021].

лік, саясатқа араласу және өкілеттілік, өмір сүру деңгейін жақсарту, ұлттық және рухани құндылықтарды сақтау және дамыту бойынша көптеген жобалар ұйымдастырылды және жалғасын тапты дей аламыз. Осы тақырыптардың ішінде білім беру саласына айтарлықтай көңіл бөлінді. Себебі дайындалған 5 жылдық даму бағдарламалары аясында білім беру мекемелері мектепалды даярлықтан бастап жоғары білімге дейін инфрақұрылым жағынан да, білім сапасы жағынан да өте жоғары деңгейге көтерілді. Үлгілі жоба ретінде басталған Назарбаев зияткерлік мектептерінің (NIS) бүкіл елге таралуымен тұтас Қазақстан бойынша орта білім беру Еуропа экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) стандарттарына жақындады [Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымы, 2016]. 2021 жылғы жағдай бойынша, 129 жоғары оқу орнында 500 мыңнан астам студент әртүрлі деңгейде білім алады [Спутник, 2021]. Енді бір жағынан, 1993 жылы басталған «Болашақ» стипендиясы бағдарламасы аясында 13,976 жасқа әлемнің беделді университеттерінде оқуға стипендия беріліп, олардың 7,846-сы өз білімін аяқтап, түрлі мекемелерде жұмыс істей бастады [Болашақ, 2021].

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Адами капитал – жаңғырудың негізі» деген тұжырымына сәйкес, сапалы білім беру, кәсіпкерлікке ынталандыру және сапалы еңбек ресурстарын қамтамасыз ету сияқты басымдықтар шеңберінде «Жұмыспен қамтудың 2020 жол картасы» бағдарламасы қабылданды [Халықаралық еңбек ұйымы, 2015]. Осыған орай 20 мыңнан астам жасқа техникалық және кәсіптік білім берілді, шамамен 1,500 адамға өз кәсібін ашуға шағын несиелер берілді, нәтижесінде 160 мыңнан астам жасқа жұмыс орындары ашылды [Акорда, 2021]. Аталған бағдарлама аясында жастар арасындағы жұмыссыздық дең-

Также были предприняты важные шаги в плане социализации молодых людей, политического участия и представительства. Важнейшим из них является создание Молодежного совета, сформированного при Парламенте (Сенате) Республики Казахстан [Senate.parlam.kz, 2021]. Помимо Молодежного совета, который был создан как консультативный совет с целью эффективного отражения ожиданий молодежи в законодательном процессе, были созданы комитеты и форумы для включения молодых людей в политические и административные механизмы на уровне различных министерств и местных администраций, особенно Министерства информации и социального развития. С другой стороны, при координации и поддержке Министерства информации и социального развития поощряется повышение уровня участия молодежи в общественной и политической жизни через неправительственные организации. В результате всех этих мер присутствие молодежи в процессах принятия решений и уровнях политики и бюрократии увеличивается с каждым годом.

Помимо этих базовых мер были реализованы различные проекты и программы, направленные на улучшение здоровья, жилищных условий и уровня жизни молодежи. Например, увеличиваются бюджеты, выделяемые на инвестиции в здравоохранение, при государственной поддержке строится жилье (более 40 тысяч) для молодежи (молодых семей) как в аренду, так и на продажу по доступным ценам [Astantimes.com, 2019b]. С другой стороны, делаются усилия чтобы создать для молодежи социальные возможности, чтобы они могли качественно общаться.

Таким образом, за короткий период 30 лет молодежная политика Казахстана, особенно в сфере образования, дала ощутимые результаты. Однако некоторые проблемы, требующие особого внимания, все еще ждут своего решения. К примеру, несмотря на официально

гейі 2016 жылы 5%-ды құраса, ресми жазбаларға сәйкес 2021 жылы 3,98%-ға дейін төмендеді [О'Нил, 2021].

Жастардың әлеуметтік тұрғыдан дамуы, қоғамдық және саяси іс-шараларға белсенді қатысуы тұрғысынан маңызды қадамдар жасалғанын көруге болады. Олардың ішіндегі ең маңыздысы - Қазақстан Республикасының парламенті Сенат) жанынан құрылған Жастар кеңесі [Senate.parlam.kz, 2021]. Екінші жағынан, Ақпараттық және әлеуметтік даму министрлігінің үйлестіруі және қолдауымен үкіметтік емес ұйымдар арқылы жастардың қоғамдық және саяси іс-шараларға қатысу деңгейін көтеру ұсынылады. Осы саясаттың нәтижесінде жастардың шешім қабылдау қаблеттері мен саяси басшылық ету деңгейлеріндегі көрінісі жыл сайын артып келе жатқанын көруге болады.

Осы негізгі саясаттан бөлек, жастардың денсаулығын сақтау, тұрғын үймен қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын көтеру мақсатында түрлі жобалар мен бағдарламалар жүзеге асырылғанын атап өткен жөн. Мәселен, денсаулық сақтау саласына бөлінетін қаржы мөлшері көбейтіліп, мемлекеттің қолдауымен 40 мыңнан астам жас мен жас отбасына арналған тұрғын үйді жалға алуға немесе сатып алуға да қол жетімді бағамен үйлер салына бастады [Astantimes.com, 2019b]. Енді бір жағынан, жастардың әлеуметтену арқылы сапалы уақыт өткізуі үшін әлеуметтік мүмкіндіктерді дамытуға күш салынуда.

Қорытындылай келе, қысқа ғана 30 жыл ішінде Қазақстанның жастар саясаты, әсіресе, білім беру саласында нақты нәтижелер бергенін айтуға болады. Дегенмен, баса назар аудару керек кейбір проблемалар әлі де шешімін күтіп тұрғанын да ескеру қажет. Олардың арасында, ресми түрде көрсетілген жастар арасындағы жұмыссыздық

заявленный уровень безработицы среди молодежи в 3,98%, 42% молодежи имеют проблемы с трудоустройством и поиском квалифицированной работы [Альшанская, 2019] кроме того, в результате других социально-экономических ожиданий 41% казахстанской молодежи рассчитывают на постоянное проживание за границей в связи с получением образования или работой [Косназаров, 2019]. Молодому Казахстану жизненно важно принять необходимые меры и обратить внимание на это явление, которое можно определить как потерю квалифицированных человеческих ресурсов и утечку мозгов. Другой вопрос, который следует упомянуть, касается разработки политики, которая устранит возможные разрушительные последствия глобализации для национальных и моральных ценностей молодежи. Здесь важно поддержать национальные проекты, такие как «духовное возрождение» (Рухани Жангыру), сравнительными научными исследованиями молодежи.

**Источники:**

Adilet.zan.kz (2021). О государственной молодежной политике. Доступно по адресу: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1500000285. Дата обращения: 14.06.2021.

Акорда (2021). Заседание Совета при Президенте по молодежной политике под председательством Государственного секретаря РК. Доступно по адресу: https://www.akorda.kz/en/secretary_of_state/secretary_of_state_news/meeting-of-the-presidential-council-on-youth-policy-chaired-by-the-state-secretary-of-kazakhstan. Дата обращения: 14.06.2021.

Альшанская, Анна (2019). Молодежный рынок труда в Казахстане: кто востребован, а кто остается в стороне? Доступно по адресу: https://cabar.asia/en/youth-labor-market-in-kazakhstan-who-is-in-demand-and-who-is-left-on-the-sidelines. Дата обращения: 14.06.2021.

Astanatimes.com (2019a). Год молодежи использует один из самых ценных активов Казахстана. Доступно по адресу: https://astanatimes.com/2019/02/year-of-youth-harnesses-one-of-kazakhstans-most-value-assets/. Дата обращения: 16.06.2021.

Astanatimes.com (2019b). Казахстанская национальная программа обеспечивает жильем 40,000 человек. Доступно по адресу: https://astanatimes.

деңгейі 3,98% болғанымен, жастардың 42%-ы жұмысқа қанағаттану мен білікті жұмыс табуда мәселелерге тап болып отырғаны [Алшанская, 2019], сонымен қатар басқада әлеуметтік-экономикалық жағдайларға байланысты қазақстандық жастардың 41%-ында шетелде оқу мен өмір сүруге деген талпыныстың жоғары екендігі байқалады [Қосназаров, 2019]. Білікті адами капиталдың сыртқа ағылуы ретінде қарастыруға болатын бұл үдеріске ерекше назар аудару және қажетті сақтық шараларын қабылдау жас Қазақстан үшін өте маңызды. Тағы бір айта кететін мәселе - жаһанданудың жастардың ұлттық мәдени құндылықтарына тигізер ықтимал әсерлерін жоятын саясат қалыптастыру керек. Осы тұрғыда «Рухани жаңғыру» сияқты ұлттық жобалар аясында жастар туралы салыстырмалы ғылыми зерттеулерге қолдау көрсету де өте маңызды.

**Дереккөз:**

Adilet.zan.kz (2021). Мемлекеттік жастар саясаты туралы. Сілтеме: https://adilet.zan.kz/eng/docs/Z1500000285. Қаралған уақыты: 14.06.2021.

Акорда (2021). Қазақстанның Мемлекеттік хатшысының төрағалығымен өткен Жастар саясаты жөніндегі Президенттік кеңестің отырысы. Сілтеме: https://www.akorda.kz/en/secretary_of_state/secretary_of_state_news/meeting-of-the-presidential-council-on-youth-policy-chaired-by-the-state-secretary-of-kazakhstan. Қаралған уақыты: 14.06.2021.

Алшанская, Анна (2019). Қазақстандағы жастардың еңбек нарығы: кімге сұраныс бар және кімдер шеттеліп қалды? Сілтеме: https://cabar.asia/en/youth-labor-market-in-kazakhstan-who-is-in-demand-and-who-is-left-on-the-sidelines. Қаралған уақыты: 14.06.2021.

Astanatimes.com (2019a). Жастар жылы, Қазақстанның ең құнды байлығының бірі болып табылады. Сілтеме: https://astanatimes.com/2019/02/year-of-youth-harnesses-one-of-kazakhstans-most-valuable-assets/. Қаралған уақыты: 16.06.2021.

Astanatimes.com (2019b). Қазақстанда ұлттық бағдарлама аясында 40,000 адамды баспанамен қамтамасыз етеді. Сілтеме: https://astanatimes.com/2019/01/kazakh-national-programme-provides-housing-for-40000-people/. Қаралған уақыты: 16.06.2021.

com/2019/01/kazakh-national-programme-provides-housing-for-40000-people/. Дата обращения: 16.06. 2021.

Болашак (2021). Международная стипендия Болашак. Доступно по адресу: https://bolashak.gov.kz/ru. Дата обращения: 15.06.2021.

Косназаров, Данияр (2019). #Хэштег-активизм: молодежь, социальные сети и политика в Казахстане. Доступно по адресу: https://www.centralasiaprogram.org/wp-content/uploads/2019/01/Kosnozarov-CAP-Paper-217-February-2019.pdf. Дата обращения: 16.06. 2021.

Международная организация труда (2015). Представлен План действий по занятости молодежи в Астане. Доступно по адресу: https://www.ilo.org/moscow/news/WCMS_381619/lang--en/index.htm. Дата обращения: 15.06.2021.

Организация экономического сотрудничества и развития (2016). Страновая записка о переходах Казахстан. Доступно по адресу: https://www.oecd.org/countries/kazakhstan/SS5-country-background-report-kazakhstan.pdf. Дата обращения: 15.06.2021.

О'Нил, Аарон (2021). Казахстан: уровень безработицы среди молодежи с 1999 по 2020 год. Доступно по адресу: https://www.statista.com/statistics/812129/youth-unemployment-rate-in-kazakhstan/. Дата обращения: 15.06.2021.

Senate.parlam.kz (2021). Сенат Парламента Республики Казахстан, 2021 г., положение о Молодежном совете при Сенате Парламента Республики Казахстан. Доступно по адресу: http://senate.parlam.kz/en-US/senate/sovetmolodezhi/polojenie. Дата обращения: 15.06.2021.

Спутник (2021). Казахстанские вузы – куда поступить в 2021 году: проходные баллы, стоимость обучения. Доступно по адресу: https://ru.sputnik.kz/education/20210515/17061980/kazakhstanskie-vuzy-stoimost.html. Дата обращения: 16.06.2021.

Стратегия 2050 (2021). Казахстан 2050 Стратегия. Доступно по адресу: https://strategy2050.kz/multilanguage/. Дата обращения: 16.06.2021.

Worldometers.info (2021). Население Казахстана. Доступно по адресу: https://www.worldometers.info/world-population/kazakhstan-population/#:~:text=The%20median%20age%20in%20Kazakhstan%20is%2030.7%20years. Дата обращения: 16.06.2021.

Болашак (2021). «Болашак» халықаралық стипендиясы. Сілтеме: https://bolashak.gov.kz/ru. Қаралған уақыты: 15.06.2021.

Қосназаров, Данияр (2019). # Хэштег белсенділігі: Қазақстандағы жастар, әлеуметтік медиа және саясат. Сілтеме: https://www.centralasiaprogram.org/wp-content/uploads/2019/01/Kosnozarov-CAP-Paper-217-February-2019.pdf. Қаралған уақыты: 16.06.2021.

О'Нил, Аарон (2021). Қазақстан: 1999 жылдан 2020 жылға дейінгі жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі. Сілтеме: https://www.statista.com/statistics/812129/youth-unemployment-rate-in-kazakhstan/. Қаралған уақыты: 15.06.2021.

Senate.parlam.kz (2021). Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты, 2021 жыл, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты жанындағы Жастар кеңесі туралы ереже. Сілтеме: http://senate.parlam.kz/en-US/senate/sovetmolodezhi/polojenie. Қаралған уақыты: 15.06.2021.

Спутник (2021). Қазақстандық жоғары оқу орындары - 2021 жылы қайсы оқу орындарына түсуге болады: оқуға түсу балдары және оқу ақысы туралы. Сілтеме: https://ru.sputnik.kz/education/20210515/17061980/kazakhstanskie-vuzy-stoimost.html. Қаралған уақыты: 16.06.2021.

Стратегия 2050 (2021). «Қазақстан 2050» стратегиясы. Сілтеме: https://strategy2050.kz/multi language/. Қаралған уақыты: 16.06.2021.

Халықаралық еңбек ұйымы (2015). Астанада жастарды жұмыспен қамту жөніндегі іс-шаралар жоспары таныстырылды. Сілтеме: https://www.ilo.org/moscow/news/WCMS_381619/lang--en/index.htm. Қаралған уақыты: 15.06.2021.

Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымы (2016). Қазақстандағы өтпелі кезең туралы ескерту. Сілтеме: https://www.oecd.org/countries/kazakhstan/SS5-country-background-report-kazakhstan.pdf. Қаралған уақыты: 15.06.2021.

Worldometers.info (2021). Қазақстан халқы. Сілтеме: https://www.worldometers.info/world-population/kazakhstan-population/#:~:text=The%20median%20age%20in%20Kazakhstan%20is%2030.7%20years. Қаралған уақыты: 16.06.2021.

# СОЗДАНИЕ ЦЕНТРАЛЬНОАЗИАТСКОГО ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ПРОСТРАНСТВА: ПЕРСПЕКТИВЫ РЕГИОНАЛЬНОЙ ИНТЕРНАЦИОНАЛИЗАЦИИ

# ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ЖОҒАРЫ БІЛІМ КЕҢІСТІГІН ҚҰРУ: АЙМАҚТЫҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚТАНДЫРУДЫҢ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

*Альбина Муратбекова**

18 июня 2021 года министры образования Казахстана, Кыргызстана, Туркменистана и Узбекистана подписали соглашение о создании единого пространства высшего образования в Центральноазиатском регионе – Туркестанскую декларацию. Создавая Центральноазиатское пространство высшего образования (CAHEA), представители Центральной Азии стремятся укрепить сотрудничество в области высшего образования путем разработки совместных образовательных программ и совместных исследовательских проектов, поддержки региональной мобильности студентов и преподавателей, признания образовательных документов и процедур, а также предоставления грантов для абитуриентов из региона. Декларация основана на принципах Болонского процесса и включает четыре основных направления сотрудничества, включая создание Альянса центральноазиатских университетов, Ассоциации организаций по признанию квалификаций, Центральноазиатской сети обеспечения качества образования и Студенческого альянса [Туркестанская декларация, 2021].

На фоне возрождения региональной интеграции в сфере высшего образования далее мы обсуждаем существующие рамки сотрудничества и его перспективы. Это общее постсоветское структурное наследие, схожий социокультурный и образовательный фон, наряду с русским как вторым языком, которым большинство хорошо владеет, и потенциал, позволя-

2021 жылы 18 маусымда Қазақстан, Қырғызстан, Түрікменстан және Өзбекстан білім министрлері Орта Азия аймағында бірыңғай жоғары білім кеңістігі - Түркістан декларациясын құру туралы келісімге қол қойды. Орталық Азия өкілдері Орталық Азия жоғары білім кеңістігін (ОАЖБК) құру, бірлескен білім беру бағдарламалары мен бірлескен ғылыми жобаларды дамыту, студенттер мен академиялық персоналдың аймақтық ұтқырлығын қолдау, білім беру құжаттары мен рәсімдерін тануды қамтамасыз ету, сондай-ақ осы саланың қатысушыларына арнайы гранттар беру арқылы жоғары білім саласындағы ынтымақтастықты дамытуды мақсат етуде. Декларация Болон үдерісінің қағидаларына негізделген және Орталық Азия университеттерінің альянсын құрумен қатар ынтымақтастықтың төрт негізгі бағытына ие; Біліктілікті тану агенттіктерінің қауымдастығы; Орталық Азия білім сапасын қамтамасыз ету желісі және Студенттер альянсы [Түркістан декларациясы, 2021].

Жоғары білім саласындағы аймақтық интеграцияны жандандырудың негіздері, сондай-ақ ағымдағы ынтымақтастықтың шеңбері мен перспективалары талқыланады. Сонымен қатар, зерттеуде посткеңестік жалпы құрылымдық мұра, ұқсас әлеуметтік-мәдени және білімдік негіздер, аймақтағы адамдардың көпшілігінің орыс тілін екінші тіл ретінде жақсы білуі, аймақ ішілік

* доктор, Евразийский научно-исследовательский институт, Казахстан.
albina.muratbek@gmail.com

ющий расширять внутрирегиональные интеграционные процессы в сфере образования.

Система высшего образования Центральной Азии стремится гармонизировать образовательные процессы в соответствии с европейскими рамками. Все государства Центральной Азии в той или иной степени интегрированы в Болонский процесс. Казахстан первым принял Болонскую декларацию в 2010 году и стал полноправным членом Европейского пространства высшего образования. Кыргызстан, Таджикистан и Узбекистан реформируют свои системы образования в соответствии с Болонскими принципами, а Туркменистан сотрудничает в программах мобильности. Все, кроме Туркменистана, переведены на трехступенчатую систему бакалавриата-магистратуры-докторантуры PhD в рамках Болонского процесса. Помимо общей системы дипломов, Болонский процесс предполагает общую систему оценок – кредитные баллы ECTS (Европейская система перевода и накопления кредитов), которая позволяет переводить студентов и предоставлять программы обмена. Чтобы участвовать в программах мобильности, поддерживаемых ЕС, университеты Центральной Азии синхронизировали свою систему оценок с кредитными баллами ECTS. Болонский процесс также предполагает соблюдение европейских стандартов и руководящих принципов по обеспечению качества в Европейском пространстве высшего образования (ESG), которые устанавливают общие стандарты и руководящие принципы для внутреннего и внешнего обеспечения качества в высшем образовании [Европейская ассоциация обеспечения качества в высшем образовании, 2015]. Центральноазиатские высшие учебные заведения (ВУЗы) работают над внедрением европейского контроля качества и в различной степени аккредитовали свои программы европейскими агентствами по аккредитации. Институциональная и

білім беру интеграциялық үдерістерін кеңейтуге мүмкіндік беретін әлеует ретінде айтылатын болады.

Орталық Азиядағы жоғары білім беру жүйесі білім беру үдерістерін еуропалық шеңберге сәйкес үйлестіруге тырысады. Барлық Орталық Азия мемлекеттері Болон үдерісіне әртүрлі дәрежеде интеграцияланған. 2010 жылы Болон декларациясын ең алғаш Қазақстан қабылдаған, сонымен қатар Еуропалық жоғары білім беру кеңістігінің толық мүшесі болды. Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан Болон қағидаттарына сәйкес білім беру жүйесін реформалап жатқан кезде, Түркіменстан ұтқырлық бағдарламалары аясында ынтымақтастық жасайды. Болон үдерісі аясында Түркіменстаннан басқа аймақтың барлық елдері бакалавриат-магистратура-PhD дәрежесінің үш сатылы жүйесіне көшті. Болон үдерісі бірлескен дәреже жүйесінен басқа студенттерді ауыстыруға және алмасу бағдарламаларын ұсынуға мүмкіндік беретін ортақ рейтингтік жүйені - ECTS несиелік баллдарын (Еуропалық несиелік аударымдар және жинақтау жүйесі) енгізуде. Орталық Азия университеттері Еуропалық одақтың (ЕО) ұтқырлық бағдарламаларына қатысу үшін бағалау жүйелерін ECTS несиелік ұпайларымен синхрондады. Болон үдерісі сонымен қатар жоғары білім берудің ішкі және сыртқы сапа кепілдігінің бірыңғай стандарттары мен нұсқауларын қамтитын Еуропалық жоғары білім беру аймағында (ESG) сапа кепілдігі үшін еуропалық стандарттар мен сапаны қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулықтарға сәйкестікті де қамтиды [Жоғары білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі Еуропалық қауымдастық, 2015]. Орталық Азияның жоғары оқу орындары (ЖОО) комитеттері еуропалық сапа кепілдігін енгізу бойынша жұмыстар жүргізуде және бағдарламаларын Еуропалық аккредиттеу органдарымен әр түрлі деңгейде ак-

программная аккредитация делает возможным признание европейских университетов и расширение возможностей мобильности. В целом соблюдение Болонских принципов является важным механизмом интернационализации образования, в то время как на региональном уровне оно позволяет осуществлять внутрирегиональную интернационализацию подобно европейским процедурам.

Центральноазиатские вузы стремятся к международному признанию и активизируют свое участие в международных рейтингах университетов. Среди самых популярных – рейтинг университетов QS EECA, в который входят лучшие университеты в странах с переходной экономикой Европы и Центральной Азии. Казахстан в рейтинге 2021 года представлен 27 университетами, что демонстрирует успешные результаты интернационализации, в то время как Казахский национальный университет имени аль-Фараби занял наивысшее 19-е место в рейтинге. Узбекистан представлен четырьмя университетами, у Кыргызстана в рейтинге два вуза, у Таджикистана - один [QS, 2021]. В рейтинге QS World University Rankings 2022 у Казахстана четырнадцать университетов входят в число ведущих университетов мира [QS, 2021]. Точно так же в рейтинге университетов мира Times Higher Education World University Rankings 2021 у Казахстана есть три университета [THE, 2021]. Активное участие центральноазиатских университетов в международных рейтингах с намного более высокими показателями, чем десять лет назад, также демонстрирует стремление к интеграции в мировое образовательное сообщество и большое намерение интернационализировать образовательные процессы. Для процессов региональной интернационализации рейтинги также являются хорошим стимулом для обучения у региональных коллег тому, как получить международное признание, а также для повышения осведомленности о регионе.

кредиттеуде. Институционалдық және бағдарламалық аккредитация ұтқырлық мүмкіндіктерін кеңейтумен қатар, Еуропа университеттерінің танылуын қамтамасыз етеді. Жалпы, Болон қағидаттарын орындау білім беруді халықаралықтандырудың іргелі тетігі болса, ал аймақтық деңгейде бұл еуропалық процедураларға ұқсас аймақішілік халықаралықтандыруды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Орталық Азияның ЖОО комитеттері халықаралық нострификацияға және университеттердің халықаралық рейтингіне де белсенді түрде қатысып келеді. Ең кеңінен таралған халықаралық рейтингтердің ішінде дамушы Еуропа және Орталық Азия аймағының ең үздік университеттерін қамтитын QS EECA Университеттер рейтингі бар. Жалпы 27 университеттің өкілдігі орын алған 2021 жылдың рейтингінде Қазақстан, халықаралықтандырудың жемісті нәтижелерін көрсетіп, Әл-Фараби Қазақ ұлттық университеті 19-орында тұрақтады. Рейтинг тізімінде Өзбекстанның 4 университеті елдің атынан өкілдік етсе, Қырғызстаннан 2 университет, ал Тәжікстаннан 1 университет бар [QS, 2021]. 2022 QS World University Rankings рейтингінде Қазақстанда әлемнің ең үздік университеттерінің қатарында он төрт университет бар [QS, 2021]. Сол сияқты 2021 Times Higher Education World University Rankings рейтингінде Қазақстанның үш университеті бар [THE, 2021]. Орталық Азия университеттерінің он жылдан астам уақыттан бері халықаралық рейтингтерге қатысқанын ескере отырып, олардың әлемдік білім беру қауымдастығына интеграциялану және білім беру үдерістерін халықаралықтандыруға деген ұмтылыстарының зор екені байқалады. Аймақтық халықаралықтандыру үдерістері үшін рейтингтер сондай-ақ, аймақтық әріптестерінен халықаралық деңгейде танылуға қалай қол жеткізуге болатынын

Интерес к обучению в ближнем зарубежье также высок среди студентов из Центральной Азии. Популярны и существующие программы обмена, позволяющие проучиться несколько семестров в вузе-партнере из региона. Например, в казахстанских университетах есть много случаев, когда студенты по обмену приезжают на один семестр, а затем продлевают обучение несколько раз, так как предпочитают получать образование в принимающем, нежели в родном вузе. Однако для того, чтобы в полной мере реализовать возможности внутрирегионального обмена, властям необходимо поощрять механизмы мобильности, потому что, несмотря на то, что все пять государств участвуют в европейских программах мобильности Erasmus +, не все страны признают механизмы мобильности региональных партнеров. В этой связи крайне важно упрощение процедур признания, в том числе признание полученных кредитов и дипломов между региональными партнерами.

Кроме того, университеты Центральной Азии имеют общую историю, которая включает в себя советское образовательное и научное наследие. Было бы полезно возродить исследовательский потенциал региональных партнеров, где в середине 1970-х годов Казахстан и Узбекистан входили в пятерку советских республик с самой высокой долей исследователей по отношению к населению [Лаумулин, 2021]. Учреждения бывшей Академии наук, которая все еще продолжает использовать советскую структурную и методологическую основу, обладают огромным потенциалом для оживления своего фундаментального исследовательского наследия. Важно углублять научную интеграцию таких исследовательских институтов, особенно в фундаментальных науках, которым в последние десятилетия в значительной степени пренебрегали в погоне за количественными исследовательскими показателями и международным признанием.

үйренуге және аймақ туралы хабардар болуға жақсы ынталандыру.

Жақын аймақта білім алуға деген қызығушылық, Орталық Азия аймағындағы студенттер арасында да көптеп кезігеді. Аймақта өздеріне серіктесі бар университеттер арасында бірнеше семестр білім алу мүмкіндігі де студенттер арасында кеңінен таралған. Мысал ретінде, Қазақстандағы университеттерде, ұтқырлық бағдарламасымен бір семестр білім алуға келген студент жастардың университетке кейіннен тағы бірнеше рет өтініш беруі көптеген жайдан хабардар етеді. Мұның басты себептерінің бірі ретінде студенттердің өздері білім алып жатқан университеттің орнына қонақ ретінде келіп оқыған университетінде білімін ары қарай жалғастыруды қалауынан деп топшылауға болады. Алайда, аймақішілік ұтқырлық мүмкіндіктерін толығымен пайдалану үшін құзыретті өкілдер ұтқырлық тетіктерін әлі де оңтайландыруы керек, себебі бес мемлекетте еуропалық Эразмус+ ұтқырлық бағдарламаларына қосылғанымен, олардың барлығы өздерінің аймақтағы серіктестерінің ұтқырлық жүйесін мойындамайды. Осыған байланысты, аймақтық серіктестер арасында алынған несиелер мен дипломдарды мойындауды қоса алғанда  тану процедураларын оңтайландыру өте маңызды.

Сонымен қатар, Орталық Азия университеттері кеңестік білім беру мен ғылыми мұраны қамтитын ортақ тарихты бөліседі. 1970-жылдардың ортасында Қазақстан мен Өзбекстанның халық саны бойынша зерттеуші саны ең жоғары бес одақтас республиканың қатарында болуы аймақтық серіктестердің зерттеу әлеуетін жандандыру пайдалы болар еді [Лаумулин, 2021]. Әлі күнге дейін кеңестік құрылым мен әдістемелік негізін қолдануды жалғастырып келе жатқан Ғылым академиясына қарасты мекемелер, негізгі

Существующие региональные партнерские сети и аналогичные траектории развития позволяют академическому сообществу Центральной Азии объединить усилия в рамках недавно созданной платформы CAHEA. Центральноазиатские вузы имеют огромные возможности для расширения своей региональной образовательной интеграции. Однако для всестороннего взаимодействия в исследованиях необходимы совместные исследовательские проекты с достаточной финансовой поддержкой, поощряющие человеческий капитал, развитую исследовательскую инфраструктуру и широкие возможности мобильности. Очень важно создать совместную исследовательскую программу, такую как, например, Программа финансирования научно-исследовательской деятельности имени Марии Склодовской-Кюри, которая позволит укрепить исследовательское сотрудничество между региональными партнерами и извлечь новые знания.

**Источники:**

Европейская ассоциация обеспечения качества в высшем образовании (2015). Стандарты и рекомендации по обеспечению качества в Европейском пространстве высшего образования (ESG). Доступна по адресу: https://www.enqa.eu/wp-content/uploads/2015/11/ESG_2015.pdf. Дата обращения: 15.07.2021.

Лаумулин, Чокан (2021). Советская наука: промышленность и мировое развитие, Viewpoint No. 122. с. 8-10.

QS (2021). Лучшие университеты развивающихся стран Европы и Центральной Азии в рейтинге QS EECA University Rankings 2021. Доступна по адресу: https://www.topuniversities.com/university-rankings/eeca-rankings/2021. Дата обращения: 15.07.2021.

QS (2021). Откройте для себя лучшие университеты мира. Ознакомьтесь с рейтингом QS World University Rankings 2022. Доступна по адресу: https://www.topuniversities.com/university-rankings/world-university-rankings/2022. Дата обращения: 15.07.2021.

THE (2021). Мировой рейтинг университетов 2021. Доступна по адресу: https://www.timeshighereducation.com/world-university-rankings/2021/world-ranking#!/page/0/length/25/locations/KZ/sort_by/rank/sort_order/asc/cols/stats. Дата обращения: 15.07.2021.

зерттеу мұраларын қайта жаңғырту үшін зор әлеуетке ие. Осы сынды ғылыми-зерттеу институттарының, әсіресе соңғы жылдарда сандық зерттеу көрсеткіштері мен халықаралық танылуға ұмтылуында көбінесе елеусіз қалатын іргелі ғылымдардың ғылыми интеграцияны тереңдетуі маңызды мәселелердің бірі.

Қолданыстағы аймақтық серіктестік желілері және осыған ұқсас даму траекториялары Орталық Азия академиялық қауымдастығының жаңадан құрылған ОАЖБК платформасында күш біріктіруіне мүмкіндік береді. Орталық Азия ЖОО комитеттерінің аймақтық білім беру интеграциясын кеңейтуге мүмкіндігі зор. Алайда, ғылыми зерттеулердің кең ауқымда өзара әрекеттестігі үшін адами капитал, озық үлгідегі зерттеу инфрақұрылымы және кең ұтқырлық мүмкіндіктерін дамытатын жеткілікті қаржылық қолдауға ие бірлескен ғылыми жобалар қажет. Мысалы, Мари Склодовска-Кюри сияқты аймақтық серіктестіктер арасында ғылыми ынтымақтастықты дамытуға және одан жаңа мәліметтер үйренуге мүмкіндік беретін бірлескен зерттеу бағдарламасын құру өте маңызды.

**Дереккөз:**

Жоғары білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі Европалық қауымдастық (2015). Европалық жоғары білім аймағында (ESG) сапаны қамтамасыз ету бойынша стандарттар мен нұсқаулықтар. Сілтеме: https://www.enqa.eu/wp-content/uploads/2015/11/ESG_2015.pdf. Қаралған уақыты: 15.07.2021.

Лаумулин, Шоқан (2021). Кеңес ғылымы: өнеркәсіп және жаһандық даму, Viewpoint No. 122. бб. 8-10.

QS (2021). QS EECA University Rankings 2021 рейтингімен дамушы Европа мен Орталық Азиядағы үздік университеттер. Сілтеме: https://www.topuniversities.com/university-rankings/eeca-rankings/2021. Қаралған уақыты: 15.07.2021.

QS (2021). Әлемнің үздік университеттерін ашыңыз. QS World University Rankings 2022 рейтингімен танысыңыз. Сілтеме: https://www.topuniversities.com/university-rankings/world-

Туркестанская декларация (2021). Декларация о создании Центральноазиатского пространства высшего образования. Доступна по адресу: https://rm.coe.int/turkestan-declaration/1680a2eac7. Дата обращения: 15.07.2021.

university-rankings/2022. Қаралған уақыты: 15.07.2021.

THE (2021). Дүниежүзілік университеттер рейтингі 2021. Сілтеме: https://www.timeshighereducation.com/world-university-rankings/2021/world-ranking#!/page/0/length/25/locations/KZ/sort_by/rank/sort_order/asc/cols/stats. Қаралған уақыты: 15.07.2021.

Түркістан декларациясы (2021). Орталық Азия жоғары білім беру аймағын құру туралы декларация. Сілтеме: https://rm.coe.int/turkestan-declaration/1680a2eac7. Қаралған уақыты: 15.07.2021.

# УРОКИ МИРОВЫХ РЕЙТИНГОВ УНИВЕРСИТЕТОВ: ОПЫТ КИТАЯ

# ӘЛЕМДІК УНИВЕРСИТЕТТЕР РЕЙТИНГТЕРІНЕН АЛЫНАТЫН САБАҚТАР: ҚЫТАЙ ТӘЖІРИБЕСІ

*Гульнар Надирова**

Осень – время подведения итогов по многим направлениям деятельности и составления ежегодных международных рейтингов как важнейшего инструмента оценки и ориентации. Уже ставший традиционным World University Rankings 2022 дает представление о статусе лучших учебных заведений мира по версии журнала Times Higher Education (THE). В этом году в него вошли 1662 вуза из 99 стран мира. Еще 452 университета имеют статус «репортеров», что означает, что они предоставили данные, но не соответствовали критериям отбора для ранжирования. [THE, 2021a]. Состав топ-10 практически не изменился, это ожидаемые два британских столпа высшего образования – Оксфорд (1-я позиция) и Кембридж (6-я позиция) и восемь американских университетов – Калифорнийский технологический институт, Гарвардский университет, Стэнфордский университет, Массачусетский технологический институт, Принстонский университет, Калифорнийский университет в Беркли, Йельский университет и Чикагский университет [THE, 2021b].

Хотя в топ-10 не было сюрпризов, в топ-20 произошли заметные изменения за счет прорыва в эту группу сразу двух китайских университетов – Пекинского университета и Университета Цинхуа, которые поделили 16-е место. Более того, Китай также входит в пятерку наиболее представленных стран в топ-200 со своими 10 университетами, выше него только США, Великобритания, Германия и Австралия. Многие эксперты задаются

Күз - қызметтің көптеген салаларындағы нәтижелерді қорытындылайтын және бағалау мен бағдарлаудың ең маңызды құралы ретінде жыл сайынғы халықаралық рейтингтерді дайындайтын уақыт. Times Higher Education (THE) журналы, дәстүрге айналған World University 2022 рейтингтері әлемдегі ең жақсы оқу орындарының мәртебесі туралы мәлімет береді. Биылғы тізімге 99 елден 1662 университет кірді. Тағы 452 университет «есеп беру» мәртебесінде, яғни олар мәліметтерді ұсынғанымен, рейтинг бойынша іріктеу критерийлеріне сәйкес келмеді [THE, 2021a]. Тізімнің алғашқы 10 позициясы өзгеріссіз қалып, оны британдық екі жоғары оқу орны - Оксфорд (1 орын) пен Кембридж (6 орын) және сегіз американдық университет - Калифорния технологиялық институты, Гарвард университеті, Стэнфорд университеті, Массачусетс технологиялық институты, Принстон университеті, Берклидегі Калифорния университеті, Йель университеті және Чикаго университеті құрды [THE, 2021b].

Үздік ондықта таңқаларлық жағдай болмаса да, екі Қытай университеттерінің – Пекин университеті мен Цинхуа  университеті – 16-шы орынды бір мезгілде бөлісу арқылы үздік жиырмаға кіруі назар аударалық жайт болып табылады. Сонымен қатар Қытай, Америка Құрама Штаттары (АҚШ), Ұлыбритания, Германия және Австралиядан кейін 10 университетімен үздік 200-дегі бес елдің қатарына кіреді. Көптеген

* проф., к.и.н., Евразийский научно-исследовательский институт, Казахстан.
gulnad@mail.ru

вопросом, войдет ли Китай в десятку лучших университетов мира с такими темпами развития в следующем году. Этот успех не в последнюю очередь связан с исследованиями вируса, проводимыми китайскими университетами: университеты, опубликовавшие медицинские исследования, связанные с COVID-19, в этом году значительно увеличили свой индекс цитируемости. Дэвид Уоткинс, глава отдела науки о данных в THE, сказал, что некоторые статьи привлекли более 20,000 ссылок в течение года после публикации [Босвелл, 2021].

Помимо этого, развитию китайских университетов способствуют и другие факторы. Правительство тратит на образование более 650 миллиардов долларов в год [Хан и  Пант, 2020]. Следует напомнить, что система образования, которая сильно пострадала во время так называемой китайской культурной революции, претерпела серьезные изменения из-за реформ свободного рынка при Дэн Сяопине. Образование рассматривалось как способ дальнейшего распространения идеологии и ценностей партии, а также достижения прогресса страны.

В настоящее время Китай придерживается двойного подхода: фокусируется на увеличении количества учреждений, регулировании и повышении их качества. В результате китайские университеты регулярно попадают в верхние эшелоны мировых рейтингов. В отличие от других стран, например Индии, где мировым рейтингам не придается никакого значения, Китай воспринял их как важнейшие ориентиры для развития системы образования и начал усердно работать над устранением ее фундаментальных недостатков и сумел эффективно проникнуть в мировые рейтинги.

При этом государство выбрало определенную иерархическую схему финансирования. Для создания нескольких первоклассных университетов международного уровня большая часть ресурсов

сарапшылар Қытайдың келесі жылы осындай қарқынды дамумен әлемдегі ең үздік 10 университеттің қатарына кіре алуын болжайды. Бұл жетістік Қытай университеттерінің вирусқа қатысты жүргізген зерттеулерінің арқасында ғана емес, сонымен қатар, COVID-19 бойынша медициналық зерттеулерді жариялайтын университеттердің осы жылы сілтемелерін едәуір арттыруына байланысты болды. THE деректер ғылымының жетекшісі Дэвид Уоткинс кейбір мақалалардың жарияланғаннан кейін бір жыл ішінде 20,000-нан астам сілтеме алғанын хабарлады [Босвелл, 2021].

Басқа да факторлар Қытай университеттерінің көтерілуіне ықпал етеді. Үкіметтің мемлекеттік білім беруге жыл сайын 650 миллиард доллардан астам қаражат жұмсауы,  бүкіл ел бойынша немесе, ең болмағанда, елдің белгілі бір бөлігінде білім сапасын жақсартуға көмектесті [Хан и  Пант, 2020]. Қытай мәдени революциясы кезінде қатты зақымдалған білім беру жүйесі Дэн Сяопин кезіндегі еркін нарық реформаларының арқасында үлкен өзгерістерге ұшырағанын есте ұстаған жөн. Білім беру - бұл партияның идеологиясы мен құндылықтарын одан әрі таратудың, сондай -ақ елдің алға жылжуын қамтамасыз етудің әдісі ретінде қарастырылды.

Қазіргі уақытта Қытай институттардың санын көбейтуге және олардың сапасын реттеуге және жақсартуға назар аудару үшін екі жақты көзқарасты қолданып жатыр. Нәтижесінде, Қытай университеттері үнемі әлемдік рейтингтің жоғарғы дәрежесіне кіреді. Жаһандық рейтингке мән берілмейтін Үндістан сияқты басқа елдерге  қарағанда Қытай, мұндай тізімдерді білім беру жүйесінің дамуының маңызды критерийі ретінде қабылдап, оның негізгі кемшіліктерін жою үшін мұқият жұмыс істей бастады және жаһандық рейтингке кіре алды.

переливается в крупные многопрофильные исследовательские университеты за счет всех остальных учебных заведений страны, общее количество которых приближается к трем тысячам. «Проект 211», который поддержал 99 университетов на сумму 2,2 миллиарда долларов США в период с 1996 по 2000 год, «Проект 985», который создал китайский эквивалент Лиги плюща из 9 университетов, и недавняя инициатива президента Си Цзиньпина «World Class 2.0» - попытка довести 42 университета до уровня мирового уровня, – все это привело к льготному финансированию около 10% элитных университетов страны, которые находятся на вершине пирамиды. Около 40% местных государственных высших учебных заведений и четырехлетних частных независимых учебных заведений находятся на среднем уровне системы. Ниже представлены оставшиеся высшие профессиональные колледжи и частные университеты. Университеты среднего и нижнего уровня не ориентированы на научные исследования [Гу и др., 2019].

С точки зрения студенчества, финансовое укрепление отечественных университетов привело к частичному отказу от чрезвычайно дорогого международного образования, которое по-прежнему считается престижным. В настоящее время высшие учебные заведения Китая выпускают 8 миллионов студентов ежегодно. Это больше, чем количество выпускников из Индии и США вместе взятых. Ожидается, что в ближайшие годы это число утроится [Хан и Пант, 2020].

Значительные инвестиции в высшее образование и научные исследования в некоторой степени стимулировали возвращение тех людей, которые покинули страну в результате утечки мозгов, чтобы продолжить свои академические исследования и их приложения в Китае. С другой стороны, ведущие университеты тратят значительные средства на набор иностранных ученых, часто игнорируя китайских исследователей. Эта политика,

Сонымен қатар мемлекет қаржыландырудың нақты иерархиялық жоспарын таңдады. Халықаралық деңгейдегі бірнеше әлемдік деңгейдегі жоғары оқу орындарын құру үшін ресурстардың көп бөлігі елдегі барлық жалпы саны үш мыңға жуық басқа оқу орындарының қаражаты есебінен ірі көпсалалы зерттеу университеттеріне берілуде. 1996-2000 жылдар аралығында 211 жобасы аясында құны 2,2 миллиард доллар болатын 99 университетке қолдау көрсетілді. 985 жобасы аясында 9 университеттен Айви Лигасының қытай баламасын құру және Президент Си Цзиньпиннің 42 университетті бірінші сынып деңгейіне көтеру World Class 2,0 бастамасы пирамиданың жоғарғы жағындағы елдің элиталық университеттерінің шамамен 10%-ындан құралған топ үшін жеңілдікпен қаржыландыруға қолайлы болды. Жергілікті мемлекеттік жоғары оқу орындары мен төрт жылдық жеке меншік білім беру ұйымдарының шамамен 40%-ы жүйенің орта деңгейінде. Төменгі деңгейде жоғары кәсіптік колледждер мен жекеменшік университеттер бар. Қытайдың ғылыми зерттеу білімінде орта және төменгі деңгейдегі университеттерге аз көңіл бөлінген [Гу және т.б., 2019].

Студенттер қауымы үшін отандық университеттердің қаржылық мүмкіндіктері белгілі бір дәрежеде беделді болып саналатын, тым қымбат халықаралық оқу орындарын таңдамауға едәуір әсер етті. Қазіргі уақытта Қытайдың жоғары оқу орындарын жыл сайын 8 миллион студент бітіреді. Бұл сан Үндістан мен АҚШ-тың түлектерінен жоғары. Алдағы жылдары бұл санның үш есеге өсуі күтілуде [Хан и Пант, 2020].

Жоғары білімге қомақты инвестициялар және зерттеулер мен дамытудың мүмкіндіктері, белгілі бір дәрежеде, жастардың білім үшін елден кетуіне байланысты Қытайда академиялық зерттеулер мен практикасын жалғастыруға ынталандырды. Екінші жағынан,

направленная на повышение признания и рейтинга этих университетов, часто подвергается критике со стороны академического сообщества.

Чтобы улучшить результаты исследований, китайских ученых поощряют денежными вознаграждениями за публикации в научных журналах – система, которая не является уникальной для Китая, но была доведена до крайности китайскими университетами. Среднее денежное вознаграждение за естественнонаучные статьи, опубликованные в западных журналах в 2016 году, составило 43,783 доллара, но в некоторых случаях вознаграждение достигает 165,000 долларов за публикации в престижных журналах, таких как Nature или Science. Кроме того, публикации в академических журналах часто требуются для приема на работу, продвижения по службе, получения исследовательских грантов и докторских степеней [Куан и др., 2017]. В период с 2016 по 2018 год в Китае было опубликовано более 900,000 исследовательских работ. По этому показателю Китай занимает первое место в списке естественнонаучных публикаций, опережая Соединенные Штаты, где за тот же период было опубликовано около 600,000 статей. Учреждениями с наибольшим ростом цитируемости с 2016 по 2021 год являются Столичный медицинский университет, Медицинский университет Вэньчжоу и Уханьский университет, расположенные на материковой части Китая. Таким образом, Китай стал мировым лидером в области научных публикаций [Босвелл, 2021].

Окончательный эффект пандемии COVID-19 выходит далеко за пределы одной только области медицины, он стал доминирующей социальной проблемой в глобальном масштабе, в том числе для сферы образования и науки. В то время как весь мир противостоит вирусу, мы одновременно наблюдаем резкое снижение социального взаимодействия и сотрудничества во многих областях и, как

жетекші университеттер қытайлық зерттеушілер мен академиктерді елемей, шетелдік ғалымдарды тартуға қомақты қаражат жұмсауда. Университеттердің танымалдығы мен рейтингісін жоғарылатуға бағытталған бұл саясатты академиялық қауым жиі сынға алады.

Зерттеу нәтижелерін жоғарылату үшін қытайлық ғалымдар ғылыми журналдардағы жарияланымдар үшін ақшалай сыйақылармен ынталандырылады, бірақ бұл жүйе тек Қытайға ғана тән емес, бірақ Қытай университеттеріннің асыра қолданатын әдісі болып табылады. Батыс елдері журналдарында 2016 жылы жарияланған жаратылыстану мақалалары үшін орташа ақшалай ақы 43,783 долларды құраса, ал Nature немесе Science сияқты беделді журналдардағы төлем 165,000 долларға жетеді. Сонымен қатар, академиялық журналдардағы жарияланымдар көбінесе жұмысқа қабылдау, жоғарылау, ғылыми гранттар мен докторлық дәрежелер алу үшін қажет [Куан және т.б., 2017]. 2016-2018 жылдар аралығында Қытайда 900,000 астам ғылыми еңбек жарияланды. Бұл көрсеткіш сол кезеңде шамамен 600,000 мақала шығарған АҚШ-тан озып, оны жаратылыстану бойынша жарияланымдар тізімінің басына қояды. 2016 жылдан 2021 жылға дейін сілтеме көрсеткіштерінің ең үлкен өсу көрсеткен, Қытайдың құрлықтағы Метрополитен медициналық университеті, Вэнчжоу медициналық университеті және Ухань университеті. Осылайша, Қытай ғылыми басылым бойынша әлемдік көшбасшыға айналды [Босвелл, 2021].

COVID-19 пандемиясының түпкілікті әсері медициналық саласынан асып түсіп, білім мен ғылымды да қамтитын жаһандық ауқымдағы басым әлеуметтік проблемаға айналды. Бүкіл әлем вируспен бетпе-бет келген кезде, көптеген салалардағы әлеуметтік өзара әрекеттестік пен ынтымақтастықтың күрт төмендеуін және нәтижесінде осы

следствие, снижение производительности и эффективности в этих областях. Тем не менее эксперты уверены, что спрос на высшее образование, несомненно, сохранится и даже будет расти, поскольку общей тенденцией развития стало постепенное продвижение к глобальной экономике знаний.

В частности, в ответ на кризис министерство образования Китая приняло новые правила о государственных стипендиях для иностранных студентов для обучения в Китае и опубликовало «Мнения об ускорении и расширении возможностей образования в новую эру». Министерство заявляет о твердой приверженности Китая дальнейшему открытому образованию для внешнего мира, включая мобильность знаний и людей через национальные границы на различных уровнях во всех направлениях [Янг, 2020]. Китай одним из первых сделал такое официальное заявление о своем отношении к глобальному участию в высшем образовании в эпоху после COVID-19. Что касается будущих разработок, которые во многом связаны с высшим образованием в Китае, очевидно, что модели смешанного обучения станут более распространенными, а онлайн-образование в Китае будет набирать обороты.

Возвращаясь к результатам Всемирного рейтинга университетов 2022 года, следует отметить, что Казахстан вошел в него с тремя университетами, хотя все они находятся в группе 1201+, это Казахский национальный университет им. Аль-Фараби, Евразийский национальный университет имени А. Л. Гумилева и Сатпаев университет. Что касается других центральноазиатских государств, то в рейтинг входят Институт связи и информатики Туркменистана и десять университетов Узбекистана, но все они являются репортерами. Если взять в качестве примера стремительное развитие китайских университетов, то для значительного роста критериев отечественных универси-

салалардағы өнімділік пен тиімділіктің төмендеуін көріп отырмыз. Сонымен қатар сарапшылар дамудың жалпы тенденциясы жаһандық білім экономикасына қарай біртіндеп ілгерілеуге айналған сайын, жоғары білімге сұраныс сөзсіз жалғасатынына және тіпті арта түсетініне сенімді.

Әсіресе, дағдарысқа байланысты Қытайдың Білім министрлігі шетелдік студенттердің Қытайда оқуы үшін мемлекеттік стипендиялар туралы жаңа ереже қабылдап, «Жаңа дәуірдегі білім беру мүмкіндіктерін жеделдету мен кеңейту туралы пікір» қаулысын шығарды. Министрлік Қытайдың білімнің және адамдардың ұлттық шекара тысында әр түрлі деңгейдегі ұтқырлығының барлық бағыттарымен қатар, сыртқы әлемге білім беруді одан әрі ашық жүргізуге берік міндеттемесін жариялады [Янг, 2020]. Қытай, COVID-19-дан кейінгі кезеңде, жоғары білімнің жаһандық қатысуға көзқарасы туралы осындай ресми мәлімдеме жасаған алғашқы елдердің бірі. Қытайдағы жоғары біліммен тығыз байланысты болашақ оқиғаларға қарасақ, аралас оқыту модельдері кеңінен тарала бастайтыны және Қытайда онлайн білім беру қарқын алатыны анық.

Дүниежүзілік университеттер рейтингінің 2022 нәтижелеріне оралсақ, Қазақстанның әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті мен Сәтбаев университеті 1201+ тобына кіретінін айта кеткен жөн. Орталық Азияның басқа елдеріне келетін болсақ, рейтингте Түрікменстанның телекоммуникация және информатика институты мен Өзбекстанның он университеті көрстеілген, бірақ олар «есеп беру» мәртебесінде. Егер Қытай университеттерінің қарқынды дамуын мысалға алатын болсақ, отандық жоғары оқу орындары критерийлерінің айтарлықтай өсуінің негізгі шарты қаржыландыру болып табылады. Бұл қаржыландыру әлемдік академиялық қоғамдастықтың университет-

тетов ключевым условием является финансирование, которое в равной степени необходимо для обучения, исследований, передачи знаний и интернационализации тех ключевых областей, которые рассматриваются мировым академическим сообществом как важнейшее направление деятельности.

**Источники:**

Босвелл, Элли (2021). Мировой рейтинг университетов 2022: сможет ли Китай войти в десятку лучших? Доступно по адресу: https://www.timeshighereducation.com/world-university-rankings/world-university-rankings-2022-can-china-make-top-10. Дата обращения: 20.09.2021.

Вэй Цюань, Бикун, Чен и Фей, Шу (2017). Опубликуй или обедней: исследование системы денежного вознаграждения в науке в Китае (1999–2016 гг.). Доступно по адресу: https://arxiv.org/pdf/1707.01162. Дата обращения: 03.10.2021.

Мини, Гу, Рэйчел, Майкл, Клэр, Чжэн и Стефан, Трины (2019). Образование в Китае. Доступно по адресу: https://wenr.wes.org/2019/12/EDUCATION-IN-CHINA-3. Дата обращения: 01.10.2021.

THE (2021a). Мировой рейтинг университетов 2022. Доступно по адресу: https://www.timeshighereducation.com/world-university-rankings/2022/world-ranking#!/page/0/length/25/sort_by/rank/sort_order/asc/cols/stats. Дата обращения: 20.09.2021.

THE (2021b). Цифровое издание Мировой рейтинг университетов 2022. Доступно по адресу: https://www.timeshighereducation.com/digital-editions/world-university-rankings-2022-digital-edition. Дата обращения: 20.09.2021.

Хан, Панджибран и Пант, Броун (2020). Возрождение высшего образования в Китае. Доступно по адресу: https://www.orfonline.org/expert-speak/chinas-higher-education-renaissance-74728/ Дата обращения: 02.10.2021.

Янг, Руи (2020) Высшее образование в Китае во время пандемии COVID-19: некоторые предварительные наблюдения. Higher Education Research & Development, (39): 7, сс. 1317-1321.

терге сұраныс пен қызметтің ең маңызды саласы ретінде қабылданатын білім беру, зерттеу, мәлімет трансферлеу және интернационализация салаларына да айтарлықтай қажет.

**Дереккөз:**

Босвелл, Элли (2021). Дүниежүзілік университеттер рейтингі 2022: Қытай үздік ондыққа кіре ала ма? Сілтеме: https://www.timeshighereducation.com/world-university-rankings/world-university-rankings-2022-can-china-make-top-10. Қаралған уақыты: 20.09.2021.

Вей, Куан, Бикун, Чен және Фей, Шу (2017). Жариялау немесе кедейлеу: Қытайдағы ғылымның ақшалай сыйақы жүйесін зерттеу (1999-2016). Сілтеме: https://arxiv.org/pdf/1707.01162. Қаралған уақыты: 03.10.2021.

Мини, Гу, Рэйчел, Майклl, Клэр, Женг, және Стефан, Трайнес (2019). Қытайдағы білім. Сілтеме: https://wenr.wes.org/2019/12/EDUCATION-IN-CHINA-3. Қаралған уақыты: 01.10.2021.

THE (2021). Әлемдік университеттер рейтингі 2022. Сілтеме: https://www.timeshighereducation.com/world-university-rankings/2022/world-ranking#!/page/0/length/25/sort_by/rank/sort_order/asc/cols/stats. Қаралған уақыты: 20.09.2021.

THE digital (2021). Әлемдік университеттер рейтингі 2022 цифрлық басылымы. Сілтеме: https://www.timeshighereducation.com/digital-editions/world-university-rankings-2022-digital-edition. Қаралған уақыты: 20.09.2021.

Хан, Пантджибран және Пант, Харш (2020). Қытайдағы жоғары білімнің ренессансы. Сілтеме: https://www.orfonline.org/expert-speak/chinas-higher-education-renaissance-74728/. Қаралған уақыты: 02.10.2021.

Янг, Руи (2020) Қытайдың COVID-19 пандемиясы кезіндегі жоғары білімі: кейбір алдын ала бақылаулар. Higher Education Research & Development, (39): 7, бб. 1317-1321.

## ВАКУР СУМЕР

Доцент, доктор Вакур Сумер, с сентября 2017 года являющийся директором Евразийского научно-исследовательского института при Международного казахско-турецкого университета им. Ходжи Ахмеда Ясави, получил докторскую степень по специальности «Международные отношения» в Ближневосточном техническом университете в г. Анкаре, Турция. Он является преподавателем кафедры международных отношений Университета Сельчук в г. Конья, Турция. Вакур Сумер был постдокторантом в Институте глобальных исследований в Университете Северной Каролины в г. Чапел-Хилл, штат Северная Каролина, США, а также приглашенным исследователем на Факультете экологических и политических наук Калифорнийского университета в г. Дэвис, США. В 2012 году он был исследователем в Институте Макса Планка в г. Гейдельберге, Германия. Вакур Сумер является автором научных публикаций в таких журналах, как «Uluslararası İlişkiler», «Water International» и «Journal of Peacebuilding and Development». Он является одним из редакторов тома «Устойчивое водопользование и управление», опубликованного издательством Springer в 2015 году. В 2016 году издательством I.B. Tauris была опубликована его книга «Вода и политика в Турции: структурные изменения и вступление в ЕС». Он является участником ряда международных и национальных научных конференций, а также работал в качестве эксперта-консультанта в Европейской комиссии в оценке многочисленных проектов. В круг его научных интересов входят водные проблемы и трансграничные реки, вопросы экологической политики, а также вступление Турции в Европейский Союзу. Доктор Сумер является членом Ассоциации международных исследований (ISA), в том числе Секции экологических исследований ISA, и Международной водной ассоциации (IWA).

Доцент, доктор Вакур Сумер, 2017 жылдың қыркүйегінен бастап Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Еуразия ғылыми-зерттеу институтының директоры болып жұмыс істейді, ол Түркияның Анкара қаласында орналасқан Таяу Шығыс Техникалық Университеті Халықаралық қатынастар факультетінен PhD ғылыми дәрежесін алды. Конья қаласындағы Сельджук университетінің Халықаралық қатынастар факультетінде оқытушы болып қызмет атқарды. Доктор Сүмер АҚШ-тың Солтүстік Каролина штатындағы Чапел-Хилл Солтүстік Каролина Университетінде пост-докторантура бағдарламасын тәмамдады. Сондай-ақ, Калифорния-Дэвис Университетінде ұсыныс етілген ғалым ретінде жұмыс атқарады. 2012 жылы Германияның Гейдельберг қаласында орналасқан Макс Планк Институтында ғылыми қызметкер болып жұмыс істеді. Uluslararası ilişkiler, Water International және Journal of Peacebuilding and Development журналдарында көптеген мақалалар жариялаған Сүмер, 2015 жылы Springer баспасынан шыққан «Су ресурстарын орнықты пайдалану және басқару» атты кітаптың редакторы болды (Уолтер Лейлмен бірге). Сонымен қатар, 2016 жылы I.B. Tauris баспасынан «Түркиядағы су және саясат: құрылымдық өзгерістер және Европа одағына кіру» атты кітабы жарыққа шықты. Ол сондай-ақ бірқатар халықаралық және республикалық ғылыми конференцияларға қатысып, Еуропалық Комиссияда көптеген жобаларды бағалауда сарапшы қызметін атқарды. Оның зерттеу салалары: трансшекаралық су саясаты, экологиялық саясат және Түркияның Еуропалық Одаққа кіруі. Доктор Сүмер Халықаралық зерттеулер қауымдастығы (ISA), ISA Экологиялық зерттеулер бөлімі мен Халықаралық су қауымдастығының (IWA) мүшесі болып табылады.

## ЖЕНГИЗХАН ЖАНАЛТАЙ

Женгизхан Жаналтай получил степень бакалавра в КИМЭП, завершив обучение на кафедре социальных наук факультета международных отношении в 2010 году. Он защитил магистерскую диссертация на тему «Интеграция оралманов в общество Казахстана: казахи из Турции» на факультете международных отношений КИМЭП в 2014 году. Женгизхан Жаналтай присоединился к команде Евразийского научно-исследовательского института в январе 2015 году, начав трудовую деятельность в долности младшего научного сотрудника. С сентября 2017 года работает в должности заместителя директора Института.

Женгизхан Жаналтай опубликовал ряд научных работ и статей в различных казахстанских, а также зарубежных журналах, таких как Bilig, Perception, и Central Asia Program. Он также выступил в качестве соавтором доклада под названием «Анализ двусторонних торговых отношений между Турцией и Российской Федерацией». В настоящее время входит в коллектив авторов, работающих на книгой «Внешняя и внутренняя миграция в Центральной Азии». Сфера его научных интересов включает вопросы миграции, рынка труда, международной миграционной политики, экономики труда, трудовой миграции, социальной и экономической интеграции этнических мигрантов, динамики денежных переводов и двусторонних торговых отношений.

Женгизхан Жаналтай 2010 жылы КИМЭП университетінде халықаралық қатынастар мамандығы бойынша бакалавр дәрежесін алған. 2014 жылы «Оралмандардың Қазақстан қоғамына интеграциясы: Түркия қазақтары» атты диссертациясын қорғап, магистратураны тәмамдайды. 2015 жылдың қаңтарында Жаналтай Еуразия ғылыми-зерттеу институтында ғылыми қызметкер ретінде жұмыс істей бастайды. 2017 жылдың қыркүйегінен бері директор орынбасары болып қызмет атқарып келеді.

Женгизхан Жаналтайдың бірнеше ғылыми мақалалары түрлі қазақстандық журналдарда, сондай-ақ Bilig, Perception және Central Asia Program сияқты шетелдік журналдарда жарияланды. Жақында шыққан «Түркия мен Ресей Федерациясы арасындағы екіжақты сауда қарым-қатынастарын талдау» атты мақаланың бірлескен авторы. Қазіргі уақытта Жаналтай «Орталық Азиядағы сыртқы және ішкі миграция» атты кітаптың авторларының бірі болып табылады. Оның ғылыми-зерттеу жұмыстарының бағыты көші-қон, еңбек нарығы, халықаралық көші-қон саясаты, еңбек экономикасы, еңбек мигранттары, этникалық мигранттардың қоғамға әлеуметтік және экономикалық интеграциясы, еңбек мигранттарының ақша аудару динамикасы және екіжақты сауда қатынастары деген тақырыптарды қамтиды.

## СУАТ БЕЙЛУР

Доктор Суат Бейлур получил докторскую степень в Университете имени Йылдырыма Беязыта в Анкаре на факультет социологии и степень магистра в Университете Хаджеттепе на факультете международных отношений. Ранее Суат Бейлур работал в качестве эксперта, директора и начальника отдела и консультативных должностей в Министерстве культуры и туризма (ҮТВ). С 2019 года работает заместителем директора в Евразийском научно-исследовательском институте Международного казахско-турецкого университета им. Ходжа Ахмета Ясави. Он имеет различные научные исследования о Центральной Азии и на Балканах, и основными направлениями его исследовании являются социальные изменения, отношения между религией и государством, диаспоры, публичная дипломатия и международные образовательные политики. В указанных областях Суат Бейлур работал менеджером проектов и участвовал в национальных и международных конференциях. Кроме того, он был назначен Организацией по безопасности и сотрудничеству в Европе (ОБСЕ) на краткосрочные должности и принимал участие в проектах Европейского союза (ЕС). Он участвовал в сертификационных программах, таких как «Подготовка инструкторов по борьбе с преступлениями на почве ненависти», выпущенных ОБСЕ, и провел множество семинаров по вопросам образования и региональным вопросам в стране и за рубежом.

Доктор Суат Бейлур, докторантураны Йылдырым Бейазыт университеті Әлеуметтану бөлімінде, магистратураны Хажеттепе университеті Халықаралық қатынастар бөлімінде оқыған. Бұған дейін Мәдениет және туризм министрлігінде (ҮТВ) маман, директор, бөлім басшысы және кеңесші қызметтерін атқарған Бейлур, 2019 жылдан бері Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Еуразия Ғылыми-зерттеу институтында директор орынбасары болып қызмет етуде. Бейлур Орталық Азия және Балқан аймақтарына қатысты ғылыми еңбектер жазумен қатар, әлеуметтік өзгеріс, дін-мемлекет қатынасы, диаспора, қоғамдық дипломатия және халықаралық білім беру саясаттары аясындағы тақырыптар бойынша да зерттеу жасайды. Атап көрсетілген салалар бойынша көптеген жобаға жетекшілік еткен Бейлур, ұлттық және халықаралық конференцияларға қатысумен қатар Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымы (ЕҚЫҰ) тарапынан қысқа мерзімге қызметке тағайындалып, Еуропа Одағы (ЕО) жобаларына қатысқан. Бейлур, ЕҚЫҰ тарапынан берілген «Өшпенділік негізінде жасалған қылмыстарға қарсы жаттықтырушыларды оқыту» сертификат бағдарламасына қатысып, ел ішінде және шет елдерде білім және аймақтық тақырыптар жөнінде көптеген семинарлар өткізген.

## ОМИРБЕК КАНАЙ

В 2009 году окончил факультет казахского языка и литературы в Центральным университете национальностей в Пекине. В 2008-2009 году учился по обмену на кафедре тюркологии в Гиссенскем университете имени Юстуса Либиха в Германии. С 2010 по 2013 год изучал тюркологию на том же факультете. С 2010 по 2012 год участвовал в проекте «Kasachisch im postsowjetischen Kasachstan» кафедры Тюркологии Гиссенского университета имени Юстуса-Либиха и в апреле-ноябре 2011 года участвовал в проекте «Weltsichten - Blick über den Tellerrand» в музее имени Линдена в Штутгарте. С ноября 2013 года по май 2016 года работал в Институте истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова Министерства образования и науки Республики Казахстан. С мая 2016 года работает старшим научным сотрудником в Евразийском научно-исследовательском институте Международного Казахско-турецкого университета им. Ходжа Ахмеда Ясави. Омирбек Канай опубликовал множество статей в различных научных журналах Казахстана. Помимо переводов глав и переводов книг, его статьи были опубликованы в таких международных научных журналах как «Ural-Altaic Studies», «Golden Horde Review», «Bölgesel Araştırmalar Dergisi» и «Altaistics, Turcology, Mongolistics» и т.д. В частности, он занимается исследованиями истории Казахстана, этнокультурных, политических и социально-экономических изменений в Синьцзяне, тюркологии, центральноазиатско-китайских отношений и внешней политики Китая.

2009 жылы Қытайдың Орталық ұлттар университеті Қазақ тіл-әдебиеті факультетін бітірді. 2008-2009 жылдар аралығында Германияның Юстус-Либиг атындағы Гиссен университетінің Түркология кафедрасына студент алмасу бағдарламасымен барып, 2010-2013 жылдар аралығында сол бөлімде түркология мамандығын оқыды. 2010-2012 жылдар аралығында Юстус-Либиг атындағы Гиссен университеті Түркология кафедрасының «Kasachisch im postsowjetischen Kasachstan» атты жобасына және 2011 жылдың сәуір-қараша айларында Штутгарт қаласындағы Линден мұражайының «Weltsichten - Blick über den Tellerrand» жобасына қатысты. 2013 жылы қарашадан 2016 жылдың мамыр айына дейін ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш.Велиханов атындағы Тарих және этнология институтында жұмыс жасады. 2016 жылдың мамыр айынан бері Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Еуразия ғылыми-зерттеу институтында аға ғылыми қызметкер болып жұмыс істеп келеді. Өмірбек Қанай Қазақстанның түрлі ғылыми журналдарында мақалалар жариялап, кітап тараулары мен кітап аудармасын жасаумен қатар, «Ural-Altaic Studies», «Golden Horde Review», «Bölgesel Araştırmalar Dergisi» және «Altaistics, Turcology, Mongolistics» сияқты халықаралық журналдарда да ғылыми мақалалар жариялады. Әсіресе, Қазақстан тарихы, Шыңжаңдағы этно-мәдени, саяси және әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, түркология, Орталық Азия-Қытай өарым-қатынастары және Қытайдың сыртқы саясаты туралы ғылыми зерттеулер жүргізеді.

## ДЛЯ ЗАМЕТОК: